

12023
4309

Нароай Тағайұлы Қожахмет немересі



Исламдағы Рухани Жаңғыру немесе

Құранды күмәндардан арашалау

Бірінші кітап



Нарбай Тағайұлы Қожахмет немересі

ИСЛАМДАҒЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕМЕСЕ ҚҰРАНДЫ КҮМӘНДАРДАН АРАШАЛАУ



Бірінші кітап

«Исламдық қауіп-қатер» деген ұғымды еріннің ұшымен айта салу оп-оңай болғанымен, оның үрейлі қанатының кеңге жайылып бара жатқаны соншалық, енді Ислам тарапынан болатын қауіп-қатер туралы емес, Исламның өзін нақтылы қорғаудың қажеттігін сөз ететін кез келді».

**Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті –
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев,
«Сындарлы он жыл» атты кітабынан.**



Алматы – 2023

ӘОЖ 28
КБЖ 86.2
Қ 56

Нарбай Тағайұлы Қожахмет немересі
Қ 56 Исламдағы Рухани жаңғыру немесе Құранды күмәндардан арашалау. Бірінші кітап. Алматы, 2023 ж. – 448 бет.

ISBN 978-601-211-630-4

*Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігі Дін комитеті мақұлдаған*

Нарбай Тағайұлы бұл кітабында оқырманын Рухани жаңғыруға шақырып, Алланың, Құранның Ғылым екенін дәлелдейді. Алла Ғылым болғандықтан күллі барлықты жаратқанын, тәуіпшілік, палшылық ілімнің барлығы Алланың ілімі екенін және Алланың бүгінгі техникаларды жасап жатқанын Аяттармен түсіндірсе және Құранның адамзатпен бірге жасай беретінін, сондай-ақ Құранның өзіміздің әрі замандастарымыздың өткен өмірі екенін Аяттармен, өмір Шындығымен нанымды сипаттаған.

ISBN 978-601-211-630-4

© Нарбай Тағайұлы Қожахмет немересі

МАЗМҰНЫ

Аяттар	6
Кіріспе	14
Біз кімбіз?	28
Құран – Ұлы Алланың әууелден Ақырға дейінгіні хабарлаған, Бейішке барар Тура Жолды көрсеткен Кәламдар жинағы, мәдениет пен ғылым атаулының қайнары	44
Тәпсірлер жәйлі тақырып	94
Құран, ұлттық тіл және қазақстандықтар	173
Алланың Жолы – Ақылдың Жолы, бас амандығының кепілі	184
Пайғамбарлар қиссасы және ХХІ ғасыр	200
Құран – мәңгілікке, барлық ғасыр адамдарына түскен амалдағы Кітап	241
Алла – Ғылым, Алла – Ғалым	288
Құран – ертегі емес, кеше мен бүгіннің Шындығы	319
Бәлкім, палшылық пен тәуіпшілік – Алланың қалаған Құлына берген мәрхаматы болар	333
Табиғилық немесе халық медицинасы	360
Ата мен анаға құрмет, Алланың белгілері және марқұмдардың суреттері хақында	368
«Әулие-әруақ жоқ», -деме, олар тірі!	376
Саусақтан сақтан	394
Айта беретіндер айта берсе	417
Сүйек пен иіснанға Құран оқудың қателігі және құрбандықтың сүйегі жәйлі жалған ырым	425
Түйін	432
Пайдаланылған әдебиеттер	447

«(Мұхаммед с.ғ.с.) сондай, саған Біз уахи еткен Құран, Ол – Хақ. Алдыңғыны растаушы. Әрине, Алла – Құлдарынан анық Хабар Алушы, тым Қырағы». «Сосын ол Кітапты Құлдарымыздан таңдағанымызға мұра қылдық. Және олардан әлде кім өзіне кесір тигізеді де кейі ортада болады. Ал, тағы біреулері, Алланың бұйрығынша жақсылықтарға ілгерілеуші болады. Міне, осы ұлы Мәрхамет».

«Фатыр» сүресінің 31-32-аяттар.

«Әй, Момындар! Сендер өздеріңді түзетулерің керек. Өздерің Тура Жолда болсаңдар, адасқан біреу сендерге кесірін тигізе алмайды. Барлықтарыңның барар жерлерің Алла жақ. Сонда Алла не істегендеріңнен хабар береді».

«Мәида» сүресінің 105-аят.

«Алладан бұйрықсыз ешбір қайғы қасірет болмайды. Ал және кім Аллаға Иман келтірсе, Алла оның жүрегін түзейді. Алла – барлық нәрсені толық Білуші».

«Тағабұн» сүресінің 11-аят.

«Әй, адамзат! Негізінде сен Раббыңа қарай шын ниетпен тырыссаң, Оған жолығасың».

«Іншиқак» сүресінің 6-аят.

«Ол сондай Алла, сендерді жер жүзінде орынбасар қылды. Кім Оның Аяттарына қарсы келсе, қарсылығының кесірі өзіне. Қарсы болушылардың қарсылығы Раббыларыңның ызасынан басқаны арттырмайды әрі қарсы болушылардың қарсылығы зиянды ғана арттырады».

«Фатыр» с. 39-аят.

«Аяттарымыздан бас тартқандарды бас тартулары себепті жаман қинаумен жазалаймыз».

«Өнғам» с. 157-аят.

«Сен қандай да бір жақсылыққа жетсең, Алладан. Ал, не жамандыққа ұшырасаң, өзіңнен. (Мұхаммед с.ғ.с.) сені адамдарға Елші етіп жібердік. Куәлікте Алла жетіп асады. «Кім Пайғамбарға бағынса, расында, Аллаға бағынған болады. Ал, кім қарсы келсе, (Мұхаммед с.ғ.с.) оларға сені андушы қылып жібермедік». «Кім жақсылықты қолдаса, оған одан несібе бар. Ал, кім жамандыққа болысса, оған да одан тиесі бар. Алланың әр нәрсеге күші басым». «Қашан сендерге сәлем берілсе, одан жақсырақ немесе соның өзін қайтарындар. Сөзсіз, Алла әр нәрседе есеп алушы».

«Ниса» с. 79-80; 85-86-аяттар.

«Алладан бұйрықсыз ешкімнің Иман келтіруі мүмкін емес. Алла азапты Ақылын жұмсамайтындарға береді». «(Мұхаммед с.ғ.с.) Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан Ақиқат келді. Енді кім Тура Жолда болса, өзі үшін Тура Жолда болады. Ал, біреу адасса, өз зиянына ғана адасады. Мен сендерге кепіл емеспін»-де».

«Жүніс» с. 100; 108-аяттар.

«Бастарыңа келген бір ауыршылық, қолекі істегендеріңнің салдарынан болады. Және де Алла көбін кешіп жібереді».

«Шура» с. 30-аят.

Қозғап отырған тақырыптарымыз, елімізде Ислам дінінің мәртебесін кәдуілге дәрежесіне көтеріп, тұғырын бекіту үшін өте маңызды тақырыптар. Құранда ап-ашық Аяттарды түсіргенін айтқан және құпия ештеңе жоғын ескертіп: «Кітапты оқисындар ойламайсындар ма?...», «Олар Сөзді (Құранды) зерттемей ме? Немесе оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келді ме?» -деп, Мұсылман жұртының өзіне міндеттер жүктеген. Осы міндеттерді адал атқару үшін, әрбір Аятқа көңіл бөлдік. Аяттар мен ғылым және өмір Шындығын салыстырдық. Нәтижеде осы еңбек өмірге келді.

Алайда, ел ішінде біздің бұл еңбегімізге сын тағатындар болатынына күмәніміз жоқ. Себебі, еңбекте Ислам тарихында, теология ғылымында осы күнге дейін сөз болмаған Шындықтар жазылған. Сондықтан, дау тұмау үшін, көңіл қойып оқыған кісіге Құранда құпия ештеңе жоқ, деген сөзімізге дәлел ретінде бізді қостайтын төмендегі Аяттарды ұсынғанды жөн көрдік.

Аяттардың ашықтығын ескерткен Аяттар:

«Бақара» сүресі 2-аят: «**Міне, осы Кітапта күдік жоқ, бұл – Тақуалар үшін Тура Жол көрсетуші.**»

44-аят: «Елді игілікке бұйырып, өздеріңді ұмытасындар ма? **Кітапты оқисындар, ойламайсындар ма?...»**

99-аят: «(Мұхаммед с.ғ.с.) **расында саған ап-ашық Аяттарды түсірдік. Оған бұзақылар ғана қарсы келеді.**»

106-аят: «**Бір Аятты ауыстырсақ немесе ұмыттырсақ одан жақсысын не сол сияқтысын келтіреміз. Әрине, Алланың әр нәрсеге күші жетуші екенін білмедің бе?**»

107-аят: «**Білмедің бе? Көктер мен жердің иелігі Аллаға тән. Сендер үшін Алладан өзге не дос, не жәрдемші жоқ.**»

118-аят: «Сондай білмегендер: «Алла бізге ауызекі айтса немесе бізге бір белгі келтірсе еді»,-деді. Бұлардан бұрынғылар да бұлардың айтқаны тәрізді айтқан болатын. Олардың жүректері ұқсас. **Расында, нақ иланатын елге Аяттарды ашық баян еттік.**»

147-аят: «(Мұхаммед с.ғ.с.) **Ақиқат Раббыңнан келген. Сондықтан сірә, күдіктенуші болма.**»

159-аят: «Негізінен **Біз ап-ашық Үкімдерді әрі Тура Жолды Кітапта** адамдарға баян еткеннен кейін жасырғандарға Алла лағнет айтады әрі барлық лағнет айтушылар лағнет айтады».

*«Әли Ғыман» сүресі 3-аят: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Алла (Т) саған алдыңғыны растаушы **Құранды Шындықпен түсірді** және Таурат пен Інжілді түсірді»;

7-аят: «Ол Алла саған Құран түсірді. **Оның ашық мағыналы Аяттары бар. Солар Кітаптың негізгі ірге тасы.** Екінші ұқсас ұғымда («Хұрұф Мұқаттағат» – бөлшек әріптер) Аяттар бар. Ал, жүректерінде қыңырлық болғандар, бұзақылық іздеп, ұқсас мағыналы Аяттардың ұғымын іздестіріп соңына түседі. Оның ұғымын Алла ғана біледі. Сондай-ақ, ғылымда озат болғандар: «Бұған сендік. Барлығы Раббымыздың қасынан», -дейді. **Бұны Ақыл иелері ғана түсінеді.**

108-аят: «**Осы Алланың Аяттары. (Мұхаммед с.ғ.с.) Оны саған Шындықпен оқимыз. Алла (Т) әлемге зұлымдық етуді қаламайды.**»

138-аят: «**Бұл Құран – адам баласы үшін ашық түсінік, Тура Жол және Тақуалар үшін насихат.**»

*«Ниса» сүресі 28-аят: «Негізінде Алла сендерге жеңілдікті қалайды. **Өйткені, адам баласы нашар (әлсіз) жаратылған.**»

105-аят: «(Мұхаммед с.ғ.с.) шын мәнінде саған Кітапты, **Алланың өзіне көрсетуі бойынша адамдардың арасына үкім қылуың үшін Шындықпен түсірдік.** Сондықтан сатқындарды қорғаушы болма».

174-аят: «Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. Сондай-ақ, сендер үшін **бір ашық Нұр түсірдік.**»

*«Мәида» сүресі 15-16аяттар: «Әй, Кітап иелері! Сендерге Кітаптан жасырған нәрселеріңнің көбін **ашық түсіндіретін** және көбірегін елемей, өтіп кететін Елшіміз келді. Расында, сендерге Алладан **бір Нұр және ашық бір Кітап (Құран) келді.** «Кім Алла Тағаланың Өз ризашылығына үйлессе, соны **Кітап арқылы есендік Жолдарына салады және Өз нұсқауымен қараңғылықтардан жарыққа шығарып, түп-Тура Жолға салады.**»

*«Әнғам» сүресі 46-аят: «Егер Алла есіту, көру сезімдерінді алып, жүректерінді мөрлесе, Алладан басқа сендерге оны әкелетін Тәңір кім? Маған білдіріңдер!»-де. **Қара! Аяттарымызды қандай айырып түсіндіреміз...»**

55-аят: «Осылайша, күнәкарлардың жолы анықталуы үшін **Аяттарымызды жан-жақты түсінікті баян етеміз».**

65-аят: «Ол сендерге үстеріңнен немесе аяқтарыңның астынан азап жіберуге не сендерді топтар түрінде ұрыстырып, біріңе біріңнің кесірінді тарттыруға күші жетеді»-де. **Қара! Олардың түсінулері үшін Аяттарымызды қалай ашық баян етеміз».**

97-аят: «Ол, құрлық және теңіздің қараңғылықтарында ... жол табуларың үшін жұлдыздарды жаратты. **Расында, Аяттарымызды білетін елге ашық баян етеміз».**

98-аят: «**Және Ол сендерді бір-ақ кісіден жаратқан. (...)** уақытынша тұрақ әрі орын бар. **Расында, ұғатын қауымға Аяттарымызды ашықтан ашық баян етеміз».**

104-105-аят: «**Расында, сендерге Раббың тарапынан ашық дәлелдер келді. Кім оны көрсе, өзі үшін; кім көрмесе, зияны өзіне...»**, «**Осылайша Аяттарды ашық түсіндіреміз... Құранды білген елге түсіндіреміз».**

115-аят: «**Раббыңның Сөзі – Шындық әрі Туралықпен тәмамдалған. Оның Сөздерін өзгертуші жоқ. Ол – толық Есітуші, аса Білуші».**

126-аят: «**(Мұхаммед с.ғ.с.) міне, осы – Раббыңның Тура Жолы. Расында, үгіт алатын елге Аяттарымызды ашық білдірдік».**

157-аяты: «Немесе: «Бізге Кітап түсірілсе, олардан көрі тағы Тура Жолда болар едік»-дерсіңдер,-деп. **Расында, сендерге Раббыларыңнан бір ашық дәлел, Тура Жол, Мәрхамет те келді.** Енді Алланың Аяттарын өтірік деп олардан жүз бұрғаннан кім залымырақ? Аяттарымыздан бас тартқандарды бас тартулары себепті жаман қинаумен жазалаймыз».

*«Ағраф» сүресі 7; 42; 52; 174; 203-аяттар: «Әрине, оларға біліп баян етеміз. **Негізінде оларға жасырын емеспіз».** «**Және Иман келтіріп, ізгі іс істегендер; негізінде біреуге шамасы келетінді ғана жүктейміз, солар Жаннаттық. Олар Онда мәңгі қалушы».** «**Расында Біз оларға, Иман келтірген қауым үшін**

Тура Жол және мәрхамет түрінде бір Кітап түсіріп, Оны білім Жолымен айырып түсіндірдік». «Олардың Тура Жолға қайтулары үшін, Аяттарымызды өстіп ашық баян етеміз». «...Осы Құран – Иман келтірген елге Раббыларың тарапынан ашық дәлелдер. Сондай-ақ, Тура Жол әрі Мархамет».

*«Әнфал» сүресі 23-аят: «Егер Алла оларда бір қайыр ба-рын байқаса еді, әрине, оларға естіртер еді...»

*«Тәубе» сүресі 11-аят: «Сонда, егер олар тәубе етіп, намазды толық орындап, зекет берсе, онда олар сендердің дін қарындастарың. Білген елге Аяттарымызды ашық-ашық баян етеміз».

*«Жүніс» сүресі 5; 24; 37; 57-аяттар: «Ол сондай Алла, күнді жарық, айды нұр етіп жаратты да оған (айға) жылдардың сандарын, есептерін білулерің үшін орындар белгіледі. Алла бұларды Шындықпен ғана жаратты. Алла білетін ел үшін, Аяттарын ашық-ашық баян етеді». «Шын мәнінде дүние тіршілігінің мысалы: Біз көктен жаудырған жаңбыр тәрізді. Ол арқылы адамдар, малдар жейтін өсімдіктер аралас өсіп, жер жүзі құлпырып ажарланған кезде, жер иесі, пайдалануға күшіміз жетеді, деп ойлаған сәтте, түнде не күндіз әміріміз келіп, тіпті, кеше болмаған тәрізді түбінен орылғанға айналдырдық. Ойланатын қауымға Аяттарымызды осылайша жан-жақты түсінікті баян етеміз». «Осы Құран Алладан өзгенікі деп жала жапсыруға болмайды. Ол алдындағына растап, Кітапты ашық баян етеді. Әлемдердің Раббы тарапынан екендігінде шәк жоқ». «Әй, адамдар! Сендерге Раббыларың тарапынан бір үгіт, жүректегілерге бір шипа, сенушілер үшін Тура Жол және Рахмет келді».

*«Жүсіп» сүресі 104; 111-аяттар: «Олардан ақы сұрамайсың. Ол Құран – бүкіл әлемге тән үгіт». «Әрине, Пайғамбарлардың қиссаларында ақыл иелері үшін өнеге бар. Құран бір жасама сөз емес. ...өзінен бұрынғыларды растайды. Сондай-ақ, Иман келтірген ел үшін әр нәрсені ашықтайтын Тура Жол және Игілік».

*«Рағыз» сүресі 1-2-аяттар: «Әлиф, Ләәм, Миим, Ра. (Мұхаммед с.ғ.с.) бұлар – саған түсірілген Құранның Аяттары – Ақиқат. Бірақ, адамдардың көбі сенбейді», «Ол сондай Алла, көктерді тірексіз көтерді, көріп тұрсындар. Сонан соң, ғаршыны меңгеріп, күн мен айды іске қосты. Олардың әрбірі бір белгілі мерзім үшін жүреді. Бүкіл істерді Ол жолға қойып, **Аяттарды ашық баян етеді**. Әрине, Раббыларыңа кездесетіндеріңе нанарсындар?!»

*«Хыжыр» сүресі 1-аят: «Алиф, Лам, Ро. Бұлар – **Кітаптың ап-ашық Аяттары**».

*«Нахыл» сүресі 64; 89-аяттар: «Саған Құранды олардың қайшылыққа түскен нәрселерін анықтауың және **Иман келтірген ел үшін Тура Жол әрі Игілік түрінде түсірдік**». «Қиямет күні әр үмбеттің ішінде, өздерінен бір айғақ әкелеміз. (Мұхаммед с.ғ.с.) сені осы үмметке айғақ қылып келтіреміз. Сондай-ақ, саған әр нәрсені **ашықтайтын және Мұсылмандар үшін Тура Жол, Игілік һәм Қуаныш түрінде Құранды түсірдік**».

*«Ісра» сүресі 9; 12; 41; 89; 106-аяттар: «Негізінде **Құран ең Тура Жолға салады**. Әрі дұрыс іс істеген Момындар үшін, әрине, зор сыйлық бар екенін сүйіншілейді». «Күн мен түнді екі белгі жасадық. Сонда түн белгісін кетіріп, күндізді, Раббыларыңның кеңшілігінен несібе іздеулерің және жылдардың санын, заманның есебін білулерің үшін жарық қылдық. **Сондай-ақ, әр нәрсені ашық баян еттік**». «Расында, **бұл Құранды насихат үшін қайта-қайта баян еттік**. Дегенмен, олардың жиреніштерін ғана арттырды». «Расында, **Біз бұл Құранда адам баласы үшін әр нәрсенің мысалын ашалап, баян еттік**. Сонда да адамдардың көбі, бас тартып, мүлде қарсы келді». «Біз Құранды адамдарға тоқырап оқуың үшін бөлімдерге айырып, аз-аздап түсірдік».

*«Кеһф» сүресі 54-аят: «Расында, осы **Құранда адам баласы үшін әр нәрсені ашық-ашық баян еттік**. Ал, Адам баласы, көп нәрселерде жанжалшыл».

*«Таһа» сүресі 113; 128-аяттар: «Осылайша Құранды арабша түсіріп, онда түрлі ескертулер баян еттік. Мүмкін олар сақтанар. Немесе оларға үгіт пайда қылар».

«Оларды жұрттарындағы, өздерінен бұрынғы, Біз жоқ еткен нәсілдер жолға салмады ма? Рас, мұнда Ақыл иелеріне өнеге бар».

*«Хаж» сүресі 16-аят: «Сөйтіп, Құранды ашық-ашық Аяттар түрінде түсірдік. Рас, Алла қалағанын Тура Жолға салады».

*«Мүминұн» сүресі 62; 68-аяттар: «Кісіге шамасы келетінді ғана міндеттендіреміз. Жанымызда Шындықты сөйлейтін бір Кітап (Лаухыл Махфуз) бар. Олар зұлымдық көрмейді». «Олар Сөзді зерттемей ме? Немесе оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келді ме?»

*«Нұр» сүресі 1; 18; 25; 34; 46-аяттар: «Бұл сүрені түсірдік те оның үкімдерін парыз қылдық. Сондай-ақ, үгіт алуларың үшін, мұнда ашық Аяттар түсірдік». «Алла сендерге Аяттарын ашық баян қылады. Әрі Алла – толық Білуші, аса Дана». «Сол күні Алла оларға лайықты жазасын толық береді. Сондай-ақ, рас, Алланың ашық Шындық екенін олар біледі». «Рас, сендерге ап-ашық Аяттарды әрі сендерден бұрынғы өткендерден мысал және Тақуалар үшін насихат түсірдік». «Расында, ашық баян етуші Аяттарды түсірдік. Сондай-ақ, Алла қалағанын Тура Жолға салады».

*«Фурқан» сүресі 1; 32-аяттар: «Бүкіл әлемге бір ескертуші болуы үшін Құлына Құранды түсірген Алла – өте Жоғары». «Тағы да кәпірлер: «Оған Құран бір-ақ жолда неге түсірілмеді?»-деді. Осылайша көкейіңе қондыру үшін Оны анықтап оқыдық».

*«Шұғара» сүресі 2-аят: «Бұл – айқын Құранның Аяттары».

*«Нәміл» сүресі 1-2; 75-79-аяттар: «Та сииин. Бұл – ап-ашық Кітап Құранның Аяттары». «Момындар үшін Тура Жол әрі қуаныш». «Жер-көкте ашық Кітапта болмаған – жасырын бір

нәрсе жоқ». «Расында бұл Құран Израил ұрпақтарына таласқан нәрселерінің көбін баян етеді». «Күдіксіз бұл Құран – Момындар үшін анық Тура Жол әрі игілік». «Расында Раббың олардың араларына үкім етеді. Ол – өте Үстем, тым Білуші», «(Мұхаммед с.ғ.с.) онда Аллаға тәуекел қыл. **Өйткені, сен ашық бір Шындық үстіндесің».**

***«Қасас» сүресі 2-аят: «Бұл – ашық баян етуші Кітаптың Аяттары».**

«Фатыр» сүресі 14-аят: «Егер оларға жалбарынсаңдар, дауыстарыңды естімейді. Мүбәда, олар естісе де сендерге жауап қайтара алмайды. Сондай-ақ, олар Қиямет күні сендердің ортақ қосқандықтарыңнан танады. **Толық хабар беруші Алладай саған ешкім түсіндірмейді».*

***«Ғанкабұт» сүресі 49-аят: «... Құран – өздеріне ғылым берілгендердің көңілдерінде айқын Аяттар. Аяттарымызға залымдар ғана қарсы келеді».**

***«Сад» сүресі 29-аят: «(Мұхаммед с.ғ.с.) саған бір Мүбәрак Кітап түсірдік; Аяттарын түсінсін әрі Ақыл иелері үгіт алысын».**

«Зүмәр» сүресі 2; 23; 27-аяттар: «(Мұхаммед с.ғ.с.) расында, саған бұл Кітапты бір Шындықпен түсірдік. Сонда Аллаға дінді нағыз арнап, құлшылық қыл». «Алла Тағала **Аяттары бір-біріне ұқсас қайталанып отыратын, Сөздің ең көркемін Кітап түрінде түсірді.** Одан Алладан қорыққандардың түктері үрпиеді. Сосын олардың терілері, жүректері Алланың зікіріне жұмсайды. **Бұл (Құран) – Алланың Тура Жолы.** Онымен кімді қаласа, Тура Жолға салады. Алла әлде кімді адастырса, сонда оған Тура Жол көрсетуші болмайды». «Расында, **Біз бұл Құранда, адам баласына әр түрлі мысалды, олар үгіт алу үшін келтірдік».*

***«Фұссилат» сүресі 3-аят: «Бұл Кітап – білген ел үшін Аяттары ашық-ашық баян етілген арабша Құран».**

***«Зүхрұф» сүресінің 2-аяты: «Ашық Кітапқа серт».**

* «Дұхан» сүресі 2-аят: **«Ашық баян етуші Құранға серт».** «Шын мәнінде, Оны құтты бір кеште түсірдік. Расында, Біз ескертушіміз».

* «Жасия» сүресі 11; 20-аяттар: **«Бұл Құран – бір жетекші.** Сондай, Раббыларының Аяттарына қарсы болғандар үшін күйзелтуші азаптың ең қоры бар». **«Бұл Құран – адамдар үшін ашық дәлелдер және нақ сенген елге жетекші әрі Рахмет».**

* «Ахқаф» сүресі 7; 27-аяттар: **«Олар – ап-ашық Аяттарымыз оқылған кезде, өздеріне келген Шындыққа қарсы болғандар:** «Мынау ашық бір сиқыр»-дейді»...«Расында, маңдарыңдағы кенттерді жоқ еттік. Райдан қайтуларың үшін Аяттарды егжей-тегжейлі түсіндірдік».

*«Қамар» сүресі 17-аят: **«Расында Құранды үгіт үшін оңайластырдық. Ал, сонда түсінуші бар ма?»** (22; 32; 40...-а).

*«Хадид» сүресі 9; 25-аяттар: **«Ол сондай Алла, сендерді қараңғылықтан жарыққа алып шығу үшін Құлына (Мұхаммедке с.ғ.с.) ап-ашық Аяттар түсірді.** Сөзсіз Алла – сендерге тым Жұмсақ». **«Расында Елшілерімізді ашық мұғжизалармен жібердік.** Және Елшілермен бірге адам баласының әділ тұруы үшін Кітапты, мизанды (әр нәрсенің өлшеуін) жібердік. Сондай-ақ, темірді пайда қылдық. Онда мықты күш әрі адамзат үшін қажеттер бар. Алла онымен дініне, Елшілеріне көрмей-ақ көмек ететін кісіні мәлім етеді. Сөзсіз Алла – өте Күшті, тым Үстем».

*«Мүжәдала» сүресі 5-аят: **«Расында Аллаға, Елшісіне қасарысқандар, бұрынғылар қорланғандай қорланады. Әлбетте, ашық Аяттарды түсірдік.** Қарсы болушылар үшін қорлаушы азап бар».

*«Қалам» сүресі 52-аят: **«Негізінде бұл Құран, әлемдерге насихаттан басқа нәрсе емес».**

Кіріспе

«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.

Оның екі қыры бар.

Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту.

Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту».

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:
Рухани жаңғыру» мақаласынан.

Сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Шын мәнінде, үмбетім адасушылықта бас қоспайды. Егер қарама-қайшылықтарға душар болсаңдар, міндетті түрде көпшілікке қосылыңдар», - деген. Біз жалғыз Аллаға Иман келтірген, Алладан шынымен қорқып, Оның жібінен мықтап ұстаған, «Әли Ғымран», «Шура» сүрелерінің бөлінбеу хақындағы (1) Аяттарын сыйлаған – Имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабындағы, Имам Матуриди ақидасындағы көп Мұсылманмен біргеміз. Олардан бөлініп кетудей, адасушылықтан Алланың Өзі сақтасын!

Ал, бұл кітапты жазуымызға, өмірдегі Шындықтар мен діндарлар уағызының арасындағы алшақтық себепші болды. Анығын айтқанда, бүгінгі діндарлар әулиелерге зиярат жасау, олардың басында түнеп, тілек тілеу; пал аштыру, қайта туылу, саусақ шошайту сияқты, өз шарифаттарында бекітілген мәселелерде, Құран Аяттарын толық түсінбей, арабтың, парсы мен түріктің арғы-бергі ғасырларда өткен ғалымдарының, өз орталары мен замандарына бейімдеп (сай) жазған еңбектері бойынша сөйлеп, олар туралы бізден жақсы білетін халықты екіұдай түсінікте, тіпті, күмәнда қалдырып келе жатыр ма?-деген ойлар (2).

Мәселен, тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың дүниеге келуі мен дүмшелердің әулиеге түнеме, әулиеден тілеме, деген насихаттарының қарама қайшылығы; Қаныш Имантайұлы Сәтбаев пен Мұхтар Омарханұлы Әуезовтерге палшының айтқанының дәлме-дәл келуі мен дүмшелердің палшыларға қарсы уағызы – осы айтқан пікірлерімізге дәлел...

Екінші бір ой, Ислам мемлекеттеріндегі тынышсыздықтар мен Мұсылмандарға жабыла беретін жалалар төңірегінде туды. Мұсылман адам, Құранды мойындаған, тағдырдың Алладан екеніне Иман келтірген – көнген адам болса, ол қалай Құранның «Бақара» сүресінің: «**Дінде зорлау жоқ...**» (256-а),-деген, «Ағраф» сүресінің: «**Жер жүзі түзелгеннен кейін бүліншілік қылмандар...**» (56-а),-деген ескертулеріне қарсы барып, өз елінде бүлік шығарып, үкіметке қарсы оқ атады? Ол қалай Ақыретінен қорықпай, мешіттерде жарылыс ұйымдастырады, тыныш елдің шырқын бұзады, адам өлтіреді?

– Алланың бір есімі – Әл-Халику. Діни сауаты бар, осы есімнің мағынасына ақылы жеткен адам, Әл-Халикудың – Халықтың («Бақара» с. 30; «Әнфал» с. 17-а) тынышын ала ма?...

– Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) сауатсыз бола тұра, 23 жылда Мекке мен Мәдинені ғана емес, бүкіл араб түбегін зұлымдықтан, Рухани сауатсыздықтан құтқарып, саңылауы барлардың жүрек көзін ашып, саңлаусыздарды тәртіпке шақырып, бейбіт, бақытты заман орнатты. Ал, бүгінгі заман адамдары сауатты бола тұра, неге бейбіт өмір сүре алмайды? Адамдар неге бұзықтықтарға бара береді?

– Әзіреті Омардың (р.а.) дәуірінде Исламды қабылдаған мемлекеттер не себепті Исламнан қайтты?

Бұл сұрақтарға көп жылдар бойы жауап іздедік. «Алпауыт мемлекеттер Құранды бекерге шығару үшін, Мұсылман елдеріне арнаулы дайындалған бұзықтарды жібереді»,-деген де ойлар болды. Бірақ, олай болғанмен де «Хаж» сүресінің 38-аяты бойынша, Аллаға шын берілген Мұсылман елдері мұншалықты азап шекпеуі керек қой?!

Соңғы жауап астарлы Аяттардың мағынасына келіп тірелді. Неге олардың кейбірі астарлы? Адамзат оларды қаншалықты толық түсінсе, Иманын арттырып, Бейіштің Жолын зарығып іздер еді, соңында адаспай табар еді, Алланың Әр-Рахман, Әр-Рахым ғана емес, Әл-Қаһар екенін де жақсы біліп, соншалықты қатты қорыққан болар еді.

Бәлкім, сол Аяттардың мағыналарын Пайғамбар (с.ғ.с.) ашық түсіндіргендіктен Сахабалары және басқалар Қияметті жақсы түсініп, олардың әрбірі Аяттардың үстемдігі үшін, нәпсісін тізгіндеп, адым сайын Ақыретін ойлап, құлшылық пен ізгі амал-

дарын үзбей жасап, сол Имандылықтың шәрапатымен өздері де, елі де бақытқа бөленген болар. Бірақ, Ямама соғысында 70 сахаба қари бірден өліп еді. Бәлкім, астарлы Аяттардың ашық мағынасы соларда кетті ме екен?

Әйтеуір, осы астарлы Аяттардың бүгінгі күннің адамдары үшін аса маңыздылығы сезіліп, ізденуді талап етті.

«Шаншар» әзіл-сықақ театрының директоры Уәлибек Әбдірейімов: «Біздің бала кезімізде әжеміз, мыстан кемпірді айтып қорқытушы еді. Біздер қорқып көрпенің астына тығыла қалатынбыз. Қазіргі балаларға мыстан кемпірді сөз етсең, олар...», бүгінгінің құбыжығын алдына тартып, өзінді қорқытатынын айтып күлдірген еді. Сол айтпақшы, бүгінгі пенделерге ескі заманның тәпсірі әсер етпейді, бұлардың Құраннан іздегені – жүрек сенетін Ақиқаттар.

Соңында он екі Құран аудармасын салыстыра отырып, діни басылымдарды, әдебиеттер мен БАҚ құралдарын пайдаланып, өмір Шындығы мен ғылым дәлелдерінен пікір түйіп, астарлы Аяттарды ашып жазуға, шынайы Имандыларды алдындағы жақсылықтармен қуантып, жамандықтардан сақтандыруға біраз бас қатырып, көз талдырдық.

Мұның бастауына сауап іздеген, ізгіліктер жасауға ынтыққан пейіліміз, Құранның «Фурқан» сүресіндегі: «Олар саған бір мысал келтірсе, әрине, **Біз саған Шындықты және көркем түсінік әкелеміз**» (33-а), – деген; «Фуссилат» сүресіндегі: «**Құранның мүлде шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріңдегі белгілерімізді жедел көрсетеміз**» (53-а), – деген Аяттарынан ойтанымыз алды. Осы Аяттарға көңіл бөлсек, өмірде астарлы Аяттар мен жалған хадистердің, тіпті, дәлелсіз тәпсірлердің ақиқатын ашып тұрған айғақтар жеткілікті екен...

Дегенмен, бұған көзсіздікпен бармадық. Ел арасында екі топ оқымыстылармен сұхбаттастық. Бірінші, Алланың Жолында жүрген, араб, түрік елдерінде оқығандармен, өз елімізде медресе бітіргендермен ашық сөйлестік және бірнеше дінтанушылар мен имамдардың 1987-2022 жылдар аралығындағы кітаптарын, «Иман», «Мұсылман» журналдары мен «Ислам және өркениет», кейін «Мұнара» газеттеріне жазған мақалалары мен кеңестерін, пікірлерін оқыдық. Бірақ бұлардың танымынан мағынасы бізге жұмбақ Аяттарға байланысты Жан тұшынар, сезім түшіркенер ештеңе таппадық. Таппағасын қолға алған жұмысымызға басы

байлы кірісуге, қостаушысы жоқ, жалғыз адам болып қалатындай шошындық.

Олардан бірі Шәкәрім Құдайбердиевтің: «Біреудің қатесін көргенше, Жамандығын тергенше, Өз ойынды мазалап, Өз бойынды тазалап, Нәпсіңмен күрес өлгенше». «Құлақ түріп әркім айтқан пікірге, Бой ұрасың бейберекет күпірге. Тау мен тасқа соға бермей басынды, Аман-есен жүргеніңе шүкір»-де», -деп бұлай ізденудің жөн емес екенін де ескертті... Алайда, «Шындық – достықтан қымбат», -демекші, Алла дәлелге тартып отырған өмір Шындықтары бұл ескертулерден салмақты еді.

Сондықтан, екінші топты таптық. Бұлар – Құранның Алланың Өз Кәламы екеніне шүбәсіз сенген, арнаулы діни білім алмаған, бірақ, жоғары білімді әдебиетші, тарихшы, философ мамандар мен лауазымды қызметтерде істеген – өмір көрген, бүгінде намаз оқып жүрген жақсылар. Бұлардың қайсы біреулерімен көпшіліктің ортасында, біреулерімен оңашада кездесіп, мазалап жүрген астарлы Аяттар туралы түсінігімізді ортаға салдық. Оларды тыңдай отырып, өзіміздің жалғыз емес – Алланы және Оның Сөздерін тереңірек танығысы келетін көптің ортасында жүргенімізді де сездік. Тіпті, олардың пікірі, өз ойымызбен біте қайнасқандай күш беріп, осы еңбекті жазуға құлшындырды.

Мақсат, кімнің зиянына болса да Шындықты айту (3) – Құранды күмәннан арашалау.

Сонда да: «Жазсақ, қате болса, Алланың қаһарына ұшырап қаламыз ба? Көз майымызды тауысып жазған осынша еңбегіміз зая кете ме? Уақытымызды айтсаңызшы!»-деп; жазбасақ – жасырған болып (4), жүректегіні (5) анық Білуші, Өзіне, Елшісіне (с.ғ.с.), Аяттарына қиянат қылмауды (6) ескерткен Алла, Қияметте: «Мен сендердің жүректеріңе осы ойларды орнықтырып едім (7), сендерге қалам да ұстатқан едім, сендер неге осыны көптің талқысына салып, дұрыс пен бұрысты айыруда жаңылып жүргендерге түрткі болмадыңдар?» - деп, тергесе (8) не айтамыз? Бәлкім, бір Құлдары арқылы басқаларын қорғайтын (9) Алла, біз арқылы замандастарымыз бен келер ұрпақты, алдынан шығар қатерлерден қорғар. Біздің тағдырымыз да осы бір нәзік түйсіктің үстінде тұрған болар. Не болса да, Аллаға тәуекел!» – деп жұмысқа кірістік.

Бір ескерер жәйт, біз де құдайсыздар қоғамында, солардың мектебінде тәлім алып өскен едік. Құранның «Сад» сүресінің 87-88-аяттарында: «**Бұл Құран – бүкіл әлем үшін бір насихат**».

«Әлбетте, Оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіңдер», – деген және басқа өмір Шындығымен тұтасқан Аяттары жүрек көзімізді ашты. Иә, УІІ ғасырда түскен Аяттар сырын, **«бір заманнан кейін»** – соңғы ғасырларда түсініп келеміз. Атап айтқанда: әуелде көк пен жердің тұтас болғанын, аспанның жеті қабаттан тұратынын, аспан мен жердегінің бәрі жалғыз Аллаға ғана құлшылық ететінін, судың астында перде барын, адамның жатырда пайда болуын, Кітаптарымыздың жазылуы мен оқылуын, өлімнен кейін өмір барын, «Жын» сүресінің 8-аятының және Қияметке байланысты Аяттардың сырын, тағы-тағы көптеген Иләәһи хабарлардың мазмұнына қанығып, Шындыққа көз жеткеріп, материализммен уланған Санамызда төңкеріс жасап, Иманға бет бұрдық.

Бет бұрып қана қоймай, өзімізден бұрынғылардың ғылымда, саясатта, өмірде жол қойған қателерін біліп, надандықтарына ашынып жүреміз. Мысалы, әуелгі ғасырлардағы еуропалық католиктер ғылымға орынсыз қарсы болды да, елді мешеулікте ұстап келді. Оның соңы мемлекет пен діннің бөлінуіне әкеп соқты. Мұның өзі үлкен қателік. Мемлекет діннен іргесін аулақ салғалы елді арамдық, бұзықтық, мейрімсіздік жайлап кетті*. Енді мұны орнына келтіру – екеуінің басын қосу қиын болып тұр.

Нақтылап айтқанда, Рим папасы Иоанн Павел II-нің католик дінінің қателіктерін мойындап, ғылым мен дінді біріктіру туралы ұсыныс жасағанына 25 жыл (1998 жыл) болса да дінбұзарлардың кесірінен діннен шошып қалған ғылым беттемей отыр...

Сол сияқты, коммунизм құрамыз деген – қиялдарына сенген (10) құдайсыз қызыл империя да, дінге тиым салды. Біз Иманнан сусындай алмадық. Олар да өздерінің не қылып жүргендерін өздері білмей, соңында – 1991 жылы, ішінен бүлініп, тарихқа маскара болып тынды.

Сондай-ақ, біз Мұсылман қауымы да сөзіміз бен ісіміздегі жетістіктеріміздің көлеңкесінде қалып бара жатқан – келешекте өзімізге сын болатын кемшілігімізді тауып түзеуіміз ләзім. Екі дүниенің Рахым Нұры – Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) айтқандай, ғылымның жаңа беттері ашылған сайын Аяттар өз-өзінен дәлелденіп, Алланың Сөздері әрбір жүрекке жету-

* Ричард Белл. «Илаһи ғажайыптар» кітабынан.

де. Шынайы ғалымдар Құранның Шындығына көз жеткеріп, жағасын ұстауда – тәубеге келуде. Тек Ислам мемлекеттері мен уағызшылары ғана баяғы бекетінде, сәлдесінің саясында, таспихын тартып, бұрын айтылғандарды қайталап айтып, қайталап жазып қалғып отыр. Бұл олардың «Бақара» сүресінің 44-аяты мен «Моминұн» сүресінің 68-аятын білмейтінінен; білсе де мағынасын түсінбейтінінен.

Мұны Иманның үш түрін айтқан, Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин былай түсіндіреді: «...**Үшінші түрі – Иман тақлиди. Бұл Иман – өз ақылымен Құдайды танымайынша** (танымай Н.Қ.) **ата-бабаларының ұстап келе жатқан жолы ғой, деп Иман келтіргендердің жолы болар...**», -дейді. Яғни, Құранды оқып, Аяттарды өзара және ғылыммен, өмір Шындығымен салыстырып, өзінше ізденбейтін, бұрынғылар айтқанды ежіктеп жүре беретін пікірсіздер мен түйсіксіздер. Бұлар кімдер? Әрине, бұлар – фанаттар – дүмшелер.

Ал, «**Иман тақлиди**» сөзінің қазақша мағынасы – **дәстүрлі Иман, әлсіз Иман**, деген сөз. Ислам діні дәстүрлі дін емес. Ол – замандарды келтіруші, дамытушы Ғылым. Исламды дәстүрлі дін қылып отырғандар – Құранды зерттеп үйренуге қарсы фанаттар. Біз бұлардан қашуымыз керек!

Ғылым бұдан әрі де дами береді. Зерделі ұрпақ талай Аяттардың сырларын ашады – Шындықтарға көз жеткереді. Сонда олар бүгінгі біздің біліміміз бен ақыл-ойымыздың қаншалықты дәрежеде болғандығының бағасын береді. Сол үшін қазірден, Исламды зерттеп үйренуде, ғасырлар бойы аяқтан тартып келген кемшіліктерімізді түземесек, жоғарыда дәлелге келтірген католиктердің кейпін киіп, ертеңгі толқынның алдында ұятқа қаларымызға дау жоқ. Абай бабамыздың сөзімен айтқанда: «Сөз түзелді...», яғни, араб тілі мамандарымыз жеткілікті, ғалымдарымыз кезкелген ғылымы озық елдің ғалымдарымен тең дәрежеде білімді, халқымыз түгелдей сауатты, бізге де Оң Жолдың ең тазасына бетбұрыс жасайтын кез келді.

Бетбұрыс жасайық: – бәлкім, біз, Аяттары ап-ашық, өте түсінікті Құранды дұрыс зерттеп үйренбей, жұртты алдап, өзімізді күнәға батырып жүрген болармыз (11);

– бәлкім, заманы гүлденген біз, бұрынғылардың Құранды өз замандарына лайықты ғана түсіндіріп, дәлелі болмаған жағына

шарасыздығынан: «...бұдан әріге баруға болмайды!» деген кесімдерімен тоқтап, қателесіп және халықты да шатастырып жүрген болармыз;

– бәлкім, бізге, Аяттардың мағынасын өткен тарихымызбен, өз заманымыздың ағысымен, ғылым жаңалықтарымен салыстырып зерделеп, халыққа Шындықты ғана айтуымыз керек шығар. Сонда өзіміз де, қоғам да жаңарар. Сонда Алланың жердегі Халифасы ретіндегі өз уәзипамызды дұрыс атқарып, Алла қаласа, сауаптарға қалармыз.

Исламды терең түсінуге ынтыққалы бері, құдайсыздар қоғамының кесірін айтып, аһ ұрып қоямыз. Бабаларымыз Алланың ашуын келтірмегенде – Алла біздің басымызға құдайсыздарды шығармаған болар еді!... Біздің небір Академик аталарымыз, ағаларымыз болды, қазір де бірсыпырасы ортамызда жүр. Егер кезінде дінге тиым салынбағанда, сол ұлыларымыз, Құранды әріппе әріп зерттеп, талдап, елді біраз Рухани биікке көтеріп тастар еді. Ұлттың намысы атанған әйелдер бүгінгідей азбас еді – ұлттың атын бүлдірмеген болар еді, әйтеуір еркек атымен жүрген намыссыздар туылмас еді. Еркек кіндікті пенденің жасы үлкені, ел ерекше атаған – Аксақал атына лайық болып, жастары: Азамат, Жігіт атауларының мағынасына түсініп, намыстарына дақ салмас еді. Дегенмен, қазір сол Академиктеріміздің шәкірттері бар. Солар бұл дүниенің атақ-даңқы үшін құрылған үстелдегі зерттеулерін бір сәт кідіртіп, оң қол жақтағы Ақыреттік пайдасы үлкен үстелге бұрылып: «Құран Аяттары және Абай поэзия-сы», «Аяттар мен қазақ ақындары», «Құран және қазақ ауыз әдебиеті», «Құрандағы Қиямет және қазақ тарихы», «Суфизм мен фанатизмнің айырмашылығы» «Құран және Конституция», «Исламдағы демократия мен гуманизм», «Құрансыз қоғам адамзатты қайда алып барады?» деген сынды тақырыптарды қолға алып, барлық ілім-білімін халықты – интелегент буынды Имандылыққа шақыруға бағыттар, деп үміттенеміз. Олар сөйтсе, дін тазарар еді – елімізде шын мәніндегі Ислам салтанат құрар еді. Бұл халық үшін, ұрпақ үшін, қоғам салауаттығы мен Тәуелсіздігіміздің Мәңгіліктігі үшін сауапты әрі баянды еңбек болар еді. Руханиятта ұтылған көп кемшілігімізді тез түзеп, асқаралы биіктерімізге жетіп алар едік.

Сонымен біз екі дүниеде де сауабы үлкен іске мұрындық болып, білгенімізше, дәлелдерімізбен осы кітапты жаздық.

Кемісін зерделі жақсылар толықтыратынына сенімдіміз. Бәлкім, сөйтіп, сөйтіп кемелденіп, Алланың ризашылығына жетерміз, Тәуелсіздігіміздің баяндылығына – еліміздің Мәңгіліктігіне негіз қалармыз, ұрпағымыздың сауабына кенелерміз, болашақтан берекет табармыз.

Мақсатымыз ағынға қарсы жүзу емес. «Хаж» сүресінің 8-аятында: **«Адамдар арасында ешбір дерексіз, ешбір жөн-жобасыз, сүйенер Нұрлы Кітабы да жоқ бола тұрып, Тәңір туралы тайталасатындар бар»**, -дейді. Біз не жазсақ, Құраннан тастығын тапқан пікірімізді ғана жаздық; мақсат, «Бақара» сүресінің 182-аятындағы: **«Кім өсиет етушінің қателескендігінен немесе кінәлі болатындығынан сезіктенсе, араларын түзелтіп қоюдың оқасы жоқ. Расында Алла – аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді»**, – деген кеңесін басшылыққа ала отырып, Исламды, Құранды күмәндардан арашалауға түрткі болу. Бұл Аятта марқұмның өсиеті сөз болған. Ал, біздің талап, Иманнан бас тартпай, шектен шықпай («Ағраф» с. 55-а), дініміздің құнсыздануы («Лұқман» с. 6-а) мен теолог ғалымдардың, имамдардың қадірсізденуінің алдын алмақ.

Бәлкім, кейбір Аяттар бойынша ащы Шындықты ашық айтқаннан күнә да, оқырмандарымыздан өкпе де арттырып алармыз. Алла: **«Олар Сөзді (Құранды) зерттемей ме? Немесе оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келді ме?»** («Мүминұн» с.) 68-а). **«(Мұхаммед с.ғ.с) саған сенен бұрынғы Елшілерге айтылған ғана айтылды...»** («Фуссилат» с. 30-а), -дейді. Иә, 7-ғасырдан бұрынғы аталар, өздеріне келген Тәурат, Забур, Інжілді терең зерттеп түсінбей күнәларға батты. Бір тобы Алладан қарғыс алды, бір тобы адастырылды («Ағраф» с. 30-а) ...Кеңес үкіметіне дейінгі діндарларымызда (12) да Құран Аяттарына құрметсіздік болды, әсіресе, кеңестіктер, өздерін Одан жоғары ұстады (13)... Соны Біліп отырған Алла бізге: **«Саған Құранды олардың қайшылыққа түскен нәрселерін анықтауың үшін және Иман келтірген елге Тура Жол әрі игілік түрінде түсірдік»** («Нахыл» с. 64-а), -дейді. Яғни, өзге діндегілер мен адасқан ағымдардың, құдайсыздардың жолымен адаспай, өтірік-өсектен Илләһи Шындықты айырып, Тура Жолда болуымыз үшін, осы Құранды түсіргенін ескертеді. Әлбетте, Алланың Сөзін мойындамағандар мен Оны бұрмалағандар көп қателесті, бүгінгілері де адасып жүр. Біздікі, сол кемшілікті қайталамау (14), Алланың Мейірімі мен Қаһарының мезгілін және олардың

бірінің тамаша, екіншісінің жан шыдамас қатты азапты екенін жетік түсіндіру және түсінгісі келгендерге көмектесу. Сондықтан ащы да болса, Шындықты сөйлеттік.

Бізбен келіскісі келмегендер, «Бақара» сүресінің: **«Әй, адам баласы! ...шайтанға ермендер. Өйткені, ол сендерге ашық дұшпан».** **«Шынайы түрде ол сендерге жамандықты, арсыздықты және Аллаға қарсы білмейтіндерінді айтуды нұсқайды»**,-деген 168-169-аяттарын немесе «Әли Ғымран» сүресіндегі **«... Екінші ұқсас ұғымда Аяттар бар. Ал, жүректерінде қыңырлық болғандар, бұзақылық іздеп, ұқсас мағыналы Аяттардың ұғымын іздестіріп соңына түседі...»**,-деген» (7-а),- деп кінәлар. Тағы қайталайық, сәттілікке орай, біз анық мағыналы және астарлы Аяттар туралы айтпағымызда да, «Ғафыр» сүресінің 35-аятын (15) ескеріп, тек түсінікті Аяттарға, өмірдегі болған оқиғаларға және ғылыми дәйектерге сүйендік. Бос қиялға ерік бермедік. Бәлкім, пікірлеріміз дұрыс та шығар – Алла жазса сауапқа да қалармыз.

Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай, барлық кемшілік білмегеннен, байқамағаннан, мән бермегеннен (16) келіп шығады. Соңғы екі ғасыр – ғылымы өте дамыған ғасырлар. Осындай ғасырларда өмір сүріп тұрып, біздің де дінімізді насихаттаудағы кемшіліктеріміз, бір нәрселерді аңламауымыз бен екінші бір нәрселерге мән бермеуімізден ұшқындап, жаһанды жайлап отырғаны рас. Біз осыны зерттеп жаздық. Төрелігін уақыты келгенде әл-Ғадилу Алла ғана айтады.

«Әй, адамзат! Негізінде сен Раббыңа қарай өте тырыссаң, Оған жолығасың» («Іншиқак» с. 6-а),-деген Субханалла Тағала: **«Әй, Момындар! Сендер өздеріңді түзетулерің керек...»** («Мәида» с. 105-а), бөлініп қайшылыққа түспеңдер (17), **«...Расында, бір қауым өзін өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді...»** (18), **«...кім Аллаға Иман келтірсе, Алла оның жүрегін түзейді...»** (19), **«Күдіксіз, Алла, Иман келтіргендерді қорғайды. Әрине, Алла бүкіл қиянатшыл, қасарысқандарды жақсы көрмейді»** (20),-деп ескертеді – сақтандырады. Біздің мақсат осыны жеткеру: Аллаға шын жүрекпен ықыластанып ынтығайық, өзімізді ХХІ ғасыр адамына сай түйсікпен түзейік – өзгерейік, Санамызды Рухани жаңғыртайық, әрқашан Алланың қамқорлығында болайық! Алла жүрегімізді Өзіне ашсын, Халифалық дәрежемізге жетіп, Бейіштен мәңгі қалатын орын алайық.

Әлхамду Лилләһи Роббил ғаламин!

*Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): «Олар Иман келтірмеді, деп өзінді жоя жаздайсың» («Шұғара» с. 3-а), «Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. ...Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...». («Бақара» с. 272-а) «Негізінде сені қуандырушы, ескертуші ғана қылып жібердік. («Фурқан» с. 56-а) «Сен бір ескертуші ғанасың» («Фатыр» с. 23-а).

(Мұхаммед с.ғ.с) «Сен қанша ынтызар болсаң да – тырыссаң да адамдардың көбі Иман келтірмейді» («Жүсіп» с. 103-а.(және де) «Сен жақсы көргеніңді Тура Жолға сала алмайсың... Алла кімді қаласа Тура Жолға салады. Ол Тура Жол табатындарды жақсы біледі» («Қасас» с. 56-а). (Сондықтан сен оларға:) «Мен шын мәнінде сендерге ескертуші ғанамын»-де» («Хыжыр» с.89-а),-деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында осы еңбекті жаздық.

Алла Тағала «Бақара» сүресінің 130-аятында: «Өзін білмеген ақылсыздан басқа кім Ибраһимнің (ғ.с.) Жолынан бет бұрады? Расында Оны дүниеде таңдадық әрі күдіксіз, Ол Ақыретте де игілерден болады», -деген. Расына келгенде, Мұсылман отбасында дүниеге келуімізді нәсіп еткен біз де Алланың таңдағанымыз. Себебі, Қолымызда Құран мен Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүндеттері, Аяттарға негізделген сахих хадистері бар. Онда игілерден болуға тырысайық.

1.«Бақара» сүресінің 256-аяты: «Дінде зорлау жоқ. Расында, Туралық азғындықтан ажыратылды. Енді кім жауыздыққа қарсы келіп, Аллаға Иман келтірсе, сонда ол, рас,үзілмейтін (берік) тұтқаны ұстады. Алла – әр нәрсені Есітуші, Білуші».

«Әли Ғымран» сүресінің 102-103-аяттары: «Әй, Момындар! Алладан шынайы қорқумен қорқындар да Мұсылман болған күйде өліңдер». «Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысындар да бөлінбеңдер. Сондай-ақ, өздеріңе Алланың берген нығыметін еске алыңдар. Өйткені, бір-біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды. Оның игілігімен туысқа айналдыңдар. Оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды. Осылайша Алла сендерге Аяттарын Тура Жолға түсулерің үшін баян етеді».

«Шура» сүресінің 13-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Алла Нұхқа (ғ.с.) нұсқау берген нәрселерді және саған уахи еткенімізді, сондай-ақ, Ібраһим, Мұса, Исаларға (ғ.с.) нұсқау берген нәрселерімізді сендерге діни Жол қылды. **Дінді мықтап ұстандар да бөлінбендер.** Сенің шақырған нәрсең, мүшіріктерге ауыр келеді. Алла оған (сен шақырған дінге) кімді қаласа, соны сайлайды. Кім оған (*өзін*) бейімдесе, оны Алла Тура Жолға салады».

2. «Мәида» сүресінің 105-аяты: «Әй, Момындар! **Сендер өздеріңді түзетулерің керек. Өздерің Тура Жолда болсаңдар, адасқан біреу сендерге кесір тигізе алмайды.** Барлықтарыңның барар жерлерің Алла жақ. Сонда Алла сендерге не істегендеріңнің хабарын береді».

3. «Ниса» сүресінің 135-аяты: **Әй, Момындар! Әділдікте мықты тұрып, егер өздеріңнің, әке-шешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да, Алла үшін айғақ болыңдар; бай немесе кедей болса да. Өйткені, Алла, екеуіне де тым жақын (олардың халін біледі). Ендеше Әділдік істеуде нәпсіге ермендер. Егер ...Шындықты бұрмаласандар, шәксіз, Алла – не істегендеріңді толық Білуші.**

4. «Бақара» сүресінің 159; 161-162-аяттары: «Негізінен Біз ап-ашық үкімдерді әрі Тура Жолды Кітапта адамдарға **баян еткеннен кейін жасырғандар, соларға Алла лағнет етеді әрі барлық лағнет етушілер лағнет етеді.** «Расында, сондай қарсы келгендерге және қарсы болған күйінде өлгендерге **Алланың лағнеті әрі Періштелердің және біртұтас адамдардың лағнеті болады.** «Олар лағнетте мәңгі қалады, олардан азап жеңілтілмейді де оларға мұрса берілмейді».

5. «Әнфәл» сүресінің 24-аяты: «Әй, Момындар! Сендерді өздеріңе тіршілік беретін нәрсеге (дінге) шақырған кезде, **Алланың әрі Елшісінің тілін алыңдар. Және де Алланың кісі мен жүрегінің арасына дейін килігетінін біліңдер. Шәксіз, Алла тарапына жиналасыңдар.**

6. «Әнфәл» сүресінің 27-аты: «Әй, Момындар! **Аллаға және Елшісіне опасыздық қылмаңдар, тағы да біле тұра аманаттарыңа қиянат жасамандар.**

7. «Шура» сүресінің 51-аяты: «**Алла (Т) бір адам баласымен көкейіне салу түрінде немесе перде артынан ғана сөйлеседі. Не**

бір Елші жіберіп, Өз бұйрығымен қалағанын уахи етеді. Күдіксіз, Ол – өте Жоғары, Хикмет Иесі».

8. «Бақара» сүресінің 42; 284-аяттары: **«Ақиқатты бұзықтыққа араластырмандар да, сондай-ақ, біле тұра Шындықты жасырмандар».** «Көктердегі және жердегі нәрселер Алланыкі. Іштеріндегілерді жарияласандар да, жасырсандар да Алла сендерден оның есебін алады. Сосын кімді қаласа жарылқайды да, кімді қаласа азапқа салады. Сондай-ақ, Алланың (Т) барлық нәрсеге күші толық жетеді».

9. «Хаж» сүресінің 40-аяты: «Олар жазықсыз: «Раббымыз Алла», -дегендіктері үшін жұрттарынан шығарылғандар. Егер Алла адамдарды бірін бірі арқылы қорғамаса, манастырлар, шіркеулер, яһудилердің құлшылық орындары және ішінде Алланың аты көбірек зікір етілетін мешіттер құлатылар еді. Кім Алла Жолында жәрдем етсе, Алла оған жәрдем етеді. Шәксіз, Алла – аса Көруші, тым Үстем».

10. «Бақара» сүресінің 111-аяты: «Олар: «Жұмаққа Яһуди немесе Христиан ғана кіреді», -деді. Бұл – олардың ойлары ғана. (Мұхаммед с.ғ.с.) «Егер сөздерің шын болса, дәлел келтіріндер», -де».

«Әнғам» сүресінің 116-аяты: «Егер сен жер жүзіндегі адамдардың көбіне көнсең, сені Алланың Жолынан адастырады. **Олар ойларына ғана ілеседі де, мүлде жорамалдайды.**»

«Фурқан» сүресінің 43-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) **ойын тәңір жасап алғанды** (қиялына сенгенді) көрдің бе? Сонда олардың (ойының адалдығына, жүзеге асарына) сен кепіл боласың ба?».

«Нәжім» сүресінің 23-24-аяттары: «Бұл, сендер және аталарың қойған кұр аттар ғана. Алла оларға байланысты бір дәлел түсірген жоқ. **Олар ойларына, көңілдерінің қалағанына ғана ереді.** Расында, оларға Раббыларынан Туралық келді». «Немесе адамзатқа көкसेгені бола бере ме?»

«Сад» сүресінің 26-аяты: «Әй, Дәуіт! Сені жер жүзіне меңгеруші қылдық. Сондықтан **адамдардың арасына Ақиқатпен үкім ет, ойға ерме.** Онда сені Алланың Жолынан адастырады. Шәксіз, Алланың Жолынан адасқандар, Есеп Күнін ұмытулары себепті оларға қатты азап бар».

11. «Нахыл» сүресінің 25-аяты: «Өстіп олар Қиямет күні өз күнәларын тұтас және білімдері болмағандықтан

адастырғандарының күнәларының бір бөлігін көтереді. Қара, арқалағандары нендей жаман (нәрсе)?!»

12. Кеңес үкіметіне дейінгі діндарларымыздың арасында са-наулы ғана Тақуа ғұламалар болғанымен, жаппай Ислам Жолы мен Құран Аяттарына құрмет болмады. Жүзге, ақ сүйекке, қараға бөліну деген надандық кең етек алды. Кедейлер мен жетім, жесірлер кемсітілді... Сондықтан Алла елімізді кәпірлердің қолына тастады.

Бани Исраилдың Пайғамбарларының бірі, Вавилонның кәпір патшасы Бухтунсурдың өздеріне қарсы шабуылына қарап: **«Ия, Алла! Бұл біздің өз қолымызбен жасаған нәрселеріміздің жа-засы ғой. Сол үшін бізге Өзінді танымайтын (бізге атеистер келді), бізге рахым етпейтін біреуді үстем етгің»,**-деген. Сол Бухтунсур Даниал Пайғамбарға: **«Мені сенің қауымыңа үстем ет-кен не нәрсе?»**-деп сұрағанда, ол: **«Ол – сенің қатеңнің зорлығы мен менің қауымымның өздеріне жасаған кесірлері»,**- деген.

Ибн Әбу Дуния Фудайл ибн Айядтан мына риуаятты жеткізді: **«Алла Тағала бағзы Пайғамбарларына былай уахи еткен: «Мені танып-білген пенде Маған қарсы шықса, оған Мені таны-майтын біреуді үстем етемін».**

«Ағраф» сүресінің 167-аяты: **«(Мұхаммед (с.ғ.с.) Раббың оларды Қиямет күніне дейін жаман қинаумен ұстайтын біреулерді әлбетте жіберетіндігін білдірді. Расында, Раббың – тез Жазалаушы әрі аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді»,**- деген.

Имам Ахмад былай дейді: **«Уәлид ибн Муслим Сафуан ибн Амрден, ол Абдуррахман ибн Жубейр ибн Нуфайрдан, ал, ол өзінің әкесінен былай дейді: «Мұсылмандар Кипр елін алды. Шайқас аяқталғансын, жеңілген елдің тұтқынға түскен халқы у-шу болып, бір-бірлерімен жылап көрісіп жатты. Осы сәтте бір шетте Әбу Дарданың (а.р.) оңаша отырғанын байқап қалдым. Ол жылап отыр екен. Мен оның қасына барып таңданғанымды жасыра ал-май: «Уа, Әбу Дарда! Саған не болған? Алланың Мұсылмандарға жеңіс сыйлап, дінінің абыройын асырған айтулы күні қайғырып отырғаның қалай?»**-деп сұрадым. Сонда ол маған: **«Әй, Жубейр-ау! Олай емес. Алла Тағаланың бұйрығына мойынсынбаудың қандай сорлылыққа апаратынын көрмейсің бе? Тіпті, олар мынадай жеңімпаз әрі қуатты ел болса да, Алланың әмірін тәрк етулерімен осындай жағдайға душар болмады ма?»**-деді

басын шайқап. (деректер С. Абдуллаев құрастырған «Күнәнің зардаптары» кітабынан алынды).

13. «Нахыл» сүресінің 23-24-аяттары: «Дау жоқ, Алла олардың жасырғандарын және жария істегендерін біледі. Расында, Алла өзін жоғары санағандарды жақсы көрмейді», «Қашан оларға: «Раббыларың не түсірді?» – делінсе: «**Бұрынғылардың ертегілері**»,– дейді».

14. «Ісра» сүресінің 8-аяты: «Мүмкін Раббыларың мәрхамат етер. **Егер қайталасандар, Біз де қайта жазалаймыз.** Сондай-ақ, жаһаннамды кәпірлерге зындан қылдық».

«Әнфал» сүресінің 38-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) сондай қарсы болғандарға: «Егер олар жамандықтан тиылса, өткен күнәлары жарылқанады. Ал, **егер қайталаса, өткендегілердің үкімі орындалады**»-де».

«Тағабұн» сүресінің 5-аяты: «**Сендерге бұрынғы қарсы болғандардың әңгімесі келмеді ме? Олар істегендерінің жазасын тартты. Олар үшін тағы күйзелтуші азап бар**».

15. «Ғафыр» сүресінің 35-аяты: «**Олар өздеріне келген ешбір дәлел болмаса да Алланың Аяттары жайында тартысады.** Бұл Алланың қасында да, Момынның қасында да зор кейіс. Өстіп Алла әрбір тәкаппар зорлықшылардың жүрегіне мөр басады (жүрек көзін байлайды)».

16. «Жүсіп» сүресінің 105-аяты: «**Көктерде және жерде қаншалаған дәлелдер бар. Адамдар оған көңіл бөлмей өтеді**».

17.«Әли Ғымран» сүресінің 105-аяты: «**Өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін бөлініп, қайшылыққа түскендер тәрізді болмандар. Міне, соларға зор азап бар**».

18. «Рағйд» сүресінің 11-аяты: «**Әркімнің алды-артынан, Алланың әмірі бойынша өкшелеп қорғаушы (Періште) бар. Расында, бір қауым өзін өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді.** Сондай-ақ, Алла бір қауымғабинет тілесе, оны ешбір қайтарушы жоқ. Әрі олар үшін Алладан өзге бір жәрдемші жоқ».

19. «Тағабұн» сүресінің 11-аяты: «**Алладан бұйрықсыз ешқандай қайғы-қасірет болмайды. Ал, кім Аллаға Иман келтірсе, Алла оның жүрегін түзейді. Алла – барлық нәрсені толық Білуші**».

20. «Хаж» сүресінің 38-аяты: «**Күдіксіз, Алла, Иман келтіргендерді қорғайды. Әрине, Алла бүкіл қиянатшыл, қасарысқандарды жақсы көрмейді**».

Біз кімбіз?

Барлық әңгімені өзімізді таныстырудан бастағанмыз жөн болар. Алла Тағала Періштелерге жерде Өзінің Орынбасарын – Халифасын жарататынын (1) айтты. Балшықтан Орынбасары – Адамның (ғ.с.) тұлғасын жаратты (2). Ол ескерткіш тәрізді бос дене еді – тұлға, бір бейне. Әрекетке кіргізу үшін Алла оған Жан салды және адал мен арамды, жақсы мен жаманды айыру үшін Ақыл мен Санадан тұратын сөз үйретіп, Рухпен (3) қамтыды. Бейішке кіргізгесін, күшке еніп тірлік ету үшін адал нәпсі (4) берді. Балшықтан жасалған ескерткіш бейне, Жан, Рух берілген соң қозғалып, адам болды, күшке енді. Демек, о баста бізді: дене, Жан мен Рух және адал нәпсіден – осы төрт негізден құрады*.

Өзімізді таныстыруды осымен доғара қойсақ болар еді. Бірақ, біз Аллаға, өзімізді Өзінің Халифасы етіп жаратқаны үшін және жүрегімізді адастырмай, Өзіне ашқан махаббаты үшін, Оған берген уәдеміз (5) бойынша қарыздармыз.

Абай бабам 38-қара сөзінде: «...Кім өзіңе махаббат қылса, сенің де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?... «...Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе?...»-деген. Сондай-ақ, бізді басқа жаратқандарының барлығынан артық және Ардақты қылып жаратқан және Өзіне Халифа етіп жаратқан Аллаға қарыздармыз, әлбетте!

Енді осы қарыздардан құтылмақ үшін не істемек керек? Өліміз келгенше соны таратып баяндайық.

Алла Тағала Періштелерге жерде Орынбасарын жарататынын жарияламастан бұрын, Орынбасарының ұрпағын қалай тарататынын Белгілеген. Ол сол іске кірісіп, Оның (ғ.с.) оң жақ қабырғасынан Науа анамызды (6) сомдады. Адам (ғ.с.) мен Науа (р.а.) анамыз екеуін некелеп қосты. Ұрпақ жалғасуынбір тамшыдан, біріккен тамшыдан (7) пайда болатын етті. Тамшы – Жан-эмбрион жатырға түскеннен ұйқыдағы жібек құрты сияқты (8) кезеңнен өтіп, ұйыған қанға айналып, оянды. Ол организмнен өзіне керектің барлығын сорып, дамып, нәтижеде жерік ас деген пайда болды. Оны бойына сіңірген ол, Алла белгілеген мерзімнен соң, етке, сүйекке (сіңірге) айналады. Сосын ет қапталып, уақыты жеткенде Рух берілді (9).

* С. Сейтбеков, «Иман негіздері» 295-бетте: «...пенде жан мен тәннен тұрады...», - деген. Рух пен нәпсі ескерілмеген.

Бұрыннан айтып жүргеніміздей, Жан хайуанда да, жәндіктерде де, өсімдікте де бар. Бірақ, Рух жоқ – тек Аллаға таспих қана бар. Ал, адамзатқа Рух берілген. Яғни, осы Рухпен ғана адамзат – адамзат, басқа жаратылыстардан артық – Ардақты (10). Егер Рух болмаса, адам хайуаннан да төмен. Онсыз өткенін де, ата-тегін де білмейді, болашақ – Ақырет туралы түк ойлана алмайды. Тек нәпсісінің айтқанын орындап жей береді.

Біздер Рухсыздықпен ауырған адамды, естеу қабілетін жоғалтқан, алжасқан деп атаймыз. Әсілінде бұл – Рухтың адамнан алыстап кетуі.

Біреулерге қайта келеді, біреулерге келмейді. Рух кеткесін тек Жанмен, нәпсімен қалады. Бұдан көрініп тұрған Шындық – Ақыл, Сана Рухпен туыс, тұтас, ал, Жанға нәпсі жақын («Иасин» с. 36; «Зәрият» с. 49-а).

Осы дәлелдерімізден көрініп тұрғандай, алдымен, біз негізі – Рухпыз. «Әнфал» сүресінің 17-аятында: «Сонда оларды сендер өлтірмедіңдер, **оларды Алла өлтірді.** (Әй, Мұхаммед с.ғ.с) **Атқан кезде сен атпадың, Алла атты...**», -дейді. Бұл деген сөз – біз не істесек те өзіміз істемейміз, біз болып, Алла істейді. «Әнғам» сүресінің 3-аятында: **«Көктердегі әрі жердегі Ол – Алла жасырғандарыңды да, жария істегендеріңді де Біледі»**, дегені де осы Періштелер арқылы Білетіні. Ал, Рух пен Періште атауы екі басқа: Рух – Нұрлы Ақыл, Сана, Сөз; Періштелер – қорғаушы, бақылаушы. Бұлар Алланың үкімімен адам кейпіне де кіре алады. Мұны Жәбрейілдің (ғ.с.) Мәриям анамызға, Ібраһим Халиулла мен Лұтқа (ғ.с.) келгендігі жайлы Аяттардан және Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) Аяттар әкелген, емтихан алған сәттерін баяндаған хадистерден жақсы білеміз.

Өзіміздің Рухтығымызды жақсы түсіну үшін, Алладан кешірім сұрай отырып, теледидарды мысалға алып, өзімізбен салыстырып талдайық. Теле – ағылшын сөзі, дене деген сөз. Дидар – қазақша бет, ажар. Демек, теледидар – денедидар. Осы «теле-денені» тоққа қоссаңыз, «дидары» ағарып, өзінің кәдеге жарарлық екенін көрсетіп тұрады. Енді антеннаға жалғасаңыз, дыбысы шығып, суреттер көрсетеді. Бұл жерде антенна – теледене мен көкті байланыстырушы. Демек, күнделікті пайдаланатын теледидарымыз – дене, ток, антенна арқылы бағалы бұйым – үлкен «мектеп». Антенна болмаса, ештеңе емес...

Адам да сол тақылетті. Дененің өзі – ет пен сүйектен жаралған дене, Жан – теледидарда ток, ал, Алла мен Жанды, денені байланыстырушы Рух – антенна. Осылармен біз құрылысы толық біткен, бірақ, тіршілікті қажетсінбейтін Адамбыз.

Байқалып тұрғандай, денедидар мен токтың алдында антенна өте маңызды мәнге ие. Адамда да дәл сондай, дене мен Жанға қарағанда Рух ғазиз. Телестансалардан алыс өңірлердегі антенна қаншалықты биік әрі сапалы бұйымдардан жасалса (мұны ғалымдар мен ауылдық жердегілер ғана жақсы біледі), денедидардың көрсетуі мен дыбысы да соншалықты жақсы бола береді. Сондай-ақ, біздің де Аллаға ойымыздағыдай жақын болуымыз үшін Рухтың кінәратсыз күшті, жалғанның жалтырағаны мен жылтырағанынан биік болуы ләзім. Рухты бұл дәрежеге көтеретін – Иманның қуаттылығы. Ал, Иманның қуатын арттыратын, Құрани ілім-білім байлығы мен алаңсыз жасалған зікір-құлшылықтар.

Алланың Құранда Рухани азық алуды тапсыратыны содан.

Ал, біздің бір негізіміз нәпсі еді ғой? Теледидардікі ше? Теледидардың нәпсісі – түсірілімдер. Ол ақша үшін адал және арамды түсіріп, көрсете береді. **Ұяты бар, Құдайдан және Ақыреттің сұрағынан қорқатындар, солардың арасынан тек адалын ғана тамашалайды, тыңдайды.** Сондай-ақ, көктен келетін Иләһи ой-пікірлер қатарлы нәпсі үрлейтін шайтәни ойлар да жағаласа қалады. Рухы мықтылар тек Иләһи ой-пікірді таңдап (11) қабылдайды. Бұл – Рухтың Алла жүрегімізге орнықтырған кездегідей кіршіксіз қалпын қорғау, деген сөз. Оны қорғағандар өзінше қиялдап ойына (12) сенбейді. Жаратушы жалғыз Алладан сұрайды (13). Сондықтан олар қателеспейді. Мұны дұрыс түсінгендер бұл жалғанның мәнісіне барып, өзінің мұнда не үшін келгенін пәмдеп, жақсылықтар істеп, «Бақара» сүресінің 38; 42–45; 110; 153; 177; 186-аяттарына сауатты амалдар қылады. Мұның есесіне Алла оларға жақсылықтар бағыштап, олар бақытты жасайды («Жүніс» с. 61-64-а).

Аллаға бірінші қарызымыз осы. Қайталап айтайық, Рухты жалған дүниенің қоқысымен кірлетпей, бұл дүниенің жалтырағаны мен жылтырағанының құмарынан, мақтаншақтық, тәкаппарлық сияқты настықтарынан арашалап, биік ұстау. Пендешіліктен қорғау.

Алла туралы ұзақ ойланамыз, Оны іздейміз. Осы іздеу – біздің екінші қарызымыз.

Барлық адамның Аллаға айтары бар, Алладан сұрары көп. Бірақ, Оны «таппайды», сөйлесе алмайды. Іздейді: Кәлиманың барлық түрін қайталап жүріп іздейді; көп іздейді: намаз оқып, ораза ұстап, зекет беріп іздейді, Пайғамбардың (с.ғ.с) туылған жері – Меккеге барып, Құран түскен – Хира үңгіріне зиярат жасап, сағынып іздейді... Бірақ, «таппайды». Сосын отырып:

– Ауасыз өмір жоқ. Бәлкім, Алла ауа ма екен?!-дегенге тоқталады. Оқи келе су асты әлемін біліп, одан әрі қиял ғарышқа қарай көтерілгенде, ол жақтарда ауа жоғын еске алып, бұл түсініктің қате екеніне көз жеткеріп, Алладан кешірім сұрап тиылғанымен және бір күндері:

– Алла уақыт па екен? Себебі, күннің шығуы, батуы; адамның жатырда пайда болуы, туылуы, өсуі, өлуі; егіннің егілуі, өніп шығуы, пісуі – бәрі-бәрі уақытқа тәуелді!-деп отырамыз да: «Сол уақытты есептеп, білу үшін (14) күн мен айды және олардың жазда ұзақ, қыста қысқа мерзімін белгілеген бір Құдырет бар; оның үстіне Тундраларда күн де, түн де болмайды, демек, бұл да (уақыт деп түсінуіміз де) қате», -дейміз де:

– Бәлкім, Әділдік, тепе-теңдік пе екен?! Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) өмірінің соңғы минөттерінде, Өзінде (с.ғ.с.) кімнің ақысы болса: соққыны соғумен; қаржы не мүліктей кеткенін, олармен алуын өтінген еді. Және бір хадисінде мал екеш малдың да бір-біріне ақылары қайтарылатынын айтқан еді;

«Мұжадәла» сүресінің 6-аятындағы: **«...Алла оны түгендеп сақтады... Алла – әр нәрсені Көріп Тұрушы»**,-деген ескертулер ойға оралып, табиғатқа жасалған қиянат та жазасыз қалдырылмағанын көз алдымыздан өткереміз: егістік жерлер аштық та, оларға су апару үшін Әмудария мен Сырдариядан жырып, қолдан каналдар қаздық, көлдер жасадық; байлығын аламыз деп жердің астын кеулеп-кеулеп Арал теңізін «өлім» ауызына дейін әкелдік. Теңіздің тартылуынан қаншалаған әлеуметтік, экологиялық, экономикалық тақсіреттер тарттық. Бұлақтың басындағы ғасырлап тұрған ағашты кесіп, бұлақтың көзін байлаған да оқиғаларға куәміз,– деп, Әділдік пен тепе-теңдікке бас қатырып отырғанымызда, жүрегіміз: «Осы Әділдікте ешкімге жамбарсымай (15), Мизам таразысының басында әл-Бадилу-Алла тұр емес пе?»-дейді...

– Бұдан да қайтып, Алланы іздеген шексіз ойдың жетегімен осы жүректің өзіне келесің. «Күні-түні дамылсыз жиырылып-жаздырылып, денеге қанды қуып тұрады. Ананың жатырына түскеніне төрт ай толғаннан жұмыс бастап, біреулердің кеудесінде 90-110, тіпті одан да көп жылдар бойы тынбай істейді», -деп отырып, адамдар жасаған әр қандай қозғалушыға Алла жаратқан желдің, күннің, судың, атомның әсері барын есіңе аласың. Жүректің де Алладан келіп тұрған бір құдыретпен ауа жұтып істейтінін ескересің;

– Өз ойыңнан өзің ұялып, кемшілігіңді үнсіз мойындап, басты сипап отырып-отырып, «Әнфал» сүресіндегі: «**...атқан кезде сен атпадың, Алла аты...**», -деген және Алланың жүреkteгіні білетініне (16) және «Ісра» сүресінің 44-ші; «Нұр» сүресінің 41-аятындағы көктер мен жердегінің және құстардың Оны пәктейтінін, Оны пәктемейтін ештеңе жоғына ой бөліп; Алланың бір есімі Әл-Халиқу екенін ескеріп: «Алла дегеніміз, Рух пен жер басып жүрген 7,3 миллиард адамға, триллиондаған жануарларға және жәндіктерге, өсімдіктерге, бүкіл жаратылғандарға берілген Жанның жалпы жиынтығы ма?» -дегенге тірелесің; қас қағым да қапы қалмай, осы тірі жанның барлығын Көріп, жүректеріндегісін Біліп, оларға ризық-несібе беріп, қалағанын өлтіріп және орнына басқасын туылдырып отырған кереметтің Иесіне тоқталасың!

Осы тоқталу ойыңды әрі жетелеп, бір экстрозеанс өткеруші мың адамды бір жерге топтап сеансын өткереді. Ал, Алла болса, оларды бір жерге жинамай-ақ, әр қайсысын өзінің тұрған не отырған жерінде* (17) Көріп, біреуді не бірдеңені себепші етіп («Бақара» с. 251; «Хаж» с. 40; «Шура» с. 51-а), жарылқағанын қуантып, жазалағанын мұңайтып тұра береді...

Мұның ізінен ауаға; күннен, айдан төгілген нұрға; Періштелер әлеміне жол тартасың. Оларды адамзатпен салыстырып, топқа бөлесің, атақты: Жәбрейіл, Микаил, Исрафил, Әзірейілдерден (ғ.с.) кейінгі Ақылды Періштелер адамдар сияқты болар; одан кейінгі топтағы Періштелер адамға жақын жануарлар ма екен? Сосынғылары адамзатқа үйір құстар; одан соңғы топтағылары: хайуанаттар, маймылдар, бауырмен жорғалаушылар; кейінгілері:

* Ананың, аналықтың жатырындағысын да, суда жүзгендер мен тауда жүргендерді де, қабырдағыларды да біледі.

гүлдер, ағаштар, өсімдіктер; бұлардан да төменгілері: тастар, көзге көрінбейтін жәндіктер мен микроэлементтер болар...

Ішіннен «Талақ» сүресінің 12-аятын оқысың: **«Ол, сондай Алла, жеті көкті жаратқан және жерді де солар сияқты жаратқан. Оның әр нәрсеге күші толық жететіндігін күмәнсіз білулерің үшін, әмірлері жер мен көктің арасына түсіп тұрады. Сондай-ақ, Алланың білімі әр нәрсені ішіне алады»**,– дейді. Аяттағы екінші Сөйлемге көңіл бөліп: күн мен айды әр күнге белгіленген кестемен жүргізіп тұрған; жоқ жерден жел пайда қылып бұлттарды қуып, найзағай ойнатып, жаңбыр жаудырып; мұхиттар мен теңіздерде адуынды толқындар тудырып отырған Ұлы Құдыретті танысың. Мұнан соң, шексіздікке сүңгіген қиялың, радио және электронды, гравитациялық толқындарды шілдеде есетін сағымдай (мұны онтүстік тұрғындары, әсіресе, малшылар мен диқандар жақсы біледі) көзге елестетіп, Құрандағы Періштелердің тізіліп тұратынын айтқан «Саффат» сүресінің 164-165-аяттарына (18) дізе бүгесің. Кезіндегі Морза әліппесімен істеген рацияны, радио мен теледидарды, қалтаңдағы сымсыз, көктегі осы толқындар арқылы байланыс жасаттырып тұрған көкүніңді ескересің; ғаламторға тоқталасың – жағанды ұстайсың, атом электр стансаларын ойыңа алып, бұлардың барлығына керегін жеткеріп беріп отырған, адамзат игілігі үшін іске қосып, басқарып тұрған бір Құдырет барына тоқталып, екінші рет тәубеңе келесің!..

Сосын: Құранның: **«Алла – көктер мен жердің Нұры. Оның Нұрының мысалы: Ішінде жарық бар қуыс* сияқты. Жарық әйнектің ішінде. Ал, әйнек, бейне інжудей бір жұлдыз. Шығыста, батыста болмаған берекетті зайтін майымен тамызылады**.** Тіпті, от тимей-ақ, оның майы жарық бергелі тұр. Нұр үстіне Нұр! Алла қалаған Кісісін Өз Нұрына бөлейді. Алла адамдарға өстіп мысал береді. Алла – әр нәрсені толық Білуші» («Нұр» с. 35-а),–деген Аяты мен «Жын» сүресінің: **«...көкке қарманғанымызда, Оны қатал күзетші және атылған жалындарға толтырылған түрде таптық»**,–деген 8-аяты және Құрбанбай ишан қызы Ақсұлудың түсінде, көкке ұшып барып

* Адамның көзінің орналасуы сияқты.

** «Тамызылады» деген жаргон монғол еліндегі қазақтарда қолданылады.

Мәшіннің моторы от алды, қуат алды, деген сөз.

көрген – аспанға от шашып, жайқалып тұрған гүлдерін (19) және жуырда неміс ғалымдары тапқан («Егемен Қазақстан» 2016 ж. 2-наурыз) бізден алты миллиард жарық жылы қашықтықтағы галактикадағы дыбысты радиожарқылдар шығаратын белгісіз нысандарды ойға алып, тіпті, басқа сезімде қаласың – біз білетін және бізге белгісіз болып келіп, кеше-бүгін таныстырылып («Сад» с. 87-88-а) жатқан дүниелердің барлығын басқарып тұрған, өзімізді жатырларда пайда еткен, жүрегіміздегіні өзімізден бұрын Білетін, көруге маңдайдағы көздердің қуаты жетпейтін, бірақ, барлық көздерді көретін (20) Ұлы Алланың барына (21) лажсыз көнесің. Құлшылыққа жығыласың.

Алланың барына сендік, дегеніне көндік. Алайда, Оған қалай жетеміз?-деген ойға шомғанда, жер бетіндегілерге Оның хабарын жеткізген Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) еске түседі. Ізінен өз-өзінен Жәбірейіл (ғ.с.)... Ол – Рух, жалғасқан Сөз («Ниса» с. 171-а). Демек, Рух арқылы, Алланың Сөздері – Аяттардың демеуі арқылы жетеміз.

Демек, Рухты таза сақтау дегеніміз, жүректі тек Алланың Сөздерімен толтыру не орап көмкеру – Алланың Сөзін ұмытпай Оның әрбір үкіміне Иманнан амал жасау және басқа сөздермен шатастырмау («Бақара» с. 42-а);

– Рухани баю дегеніміз, Аяттардың қазақшасын өз мағынасымен толық игеру және дүниәуи Ғылымды терең білу, екеуін қосып, тарихатқа, одан Ақиқатқа жету деген сөз;

– Абай бабамызша айтқанда: «...Адамшылықтың қарызына еңбек қылып, Алланың сүйген Құлына айналу» (37-қарасөзінен).

Мұхаммед (ғ.с.) те Хира үңгірінде зікірде отырған. Оның ықылас-пейіліне қарай Алланың бұйрығымен Рух Жәбрейіл (ғ.с.) Оны (с.ғ.с.) тапты.

Тапты да: **«Жаратқан Раббыңның атымен оқы!» «Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан». «Оқы! Ол Раббың аса ардақты...»** («Ғалақ» с. 1-3-а),-деп, Аланың Сөзін – Рухын жеткерді.

Ал, Мұхаммед бұл үңгірде неғып отыр еді? Бай, саудагер Хадидиша Хуайлид анамызбен жасап жатқан Оның сол үңгірге барып, оңаша отырып, Алланы іздейтініндей, Оның ғазиз Жаны неден торықты? Неден тарықты? Неге қиналды?

Иә, жеке басына, қу тамағына керек ештеңеден мұқтаждық көрген жоқ. Оны, атырабындағы кедей, әлсіз адамдар мен

карттардың, жазықсыз қыздардың тағдыры азаптады; әділетсіздіктер мен арамдықтардан, неше түрлі зұлымдықтардан, алаяқтықтар мен жалатайлықтардан, зинақорлық пен қиянаттардан, араққорлар мен өсімқорлардан Рухы жиіркеніп, тынши алмай қиналатын. Сол Рух пен таза Жанға жаһилдік дертін жұқтырып алмау үшін Оларды Рухани қуаттандырып, тыныштандыру үшін **шаралар іздеді**. Таурат, Зәбур, Інжілден жол іздейтін сауаты жоқ әрі олар бұрмаланған. Сондықтан оңашаға шығып Өзі Алла жүрегіне салған түсінікпен жалғыз, көзге көрінбейтін, Өз Санасы бар деп сенген – серігі жоқ, жалғыз Аллаға жалынатын еді. Осы – Рухын таза сақтамақ болған мақсаты және нәпсісін жеңіп, Өзін жүрегіне бағындыра алған пәктігі мен табандылығы, Оны Алланың назарына іліндірді. Содан екі таза Рух: Рух – Жәбрейіл (ғ.с.) мен Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Рухы сағынысқан ғашықтардай оңай табысты.

Алла Тағала Өзі белгілеген тап осы сәтті күн келгенде – Мұхаммед 40 жасқа толған күні, Рух пен Оны зарыға іздеген Мұхаммед екеуін Хира үңгірінде дидарластырды. Бұл Оның (с.ғ.с.) Рухының тазалығы, нәпсісінің пәктігі және жатса-тұрса Аллаға ессіз ынтығуының жемісі – жеңісі еді. Демек, Ақыретіне Иманы адал әрбір адам Аллаға осылай – Мұхаммедше (с.ғ.с.) ғашық болу арқылы (22) ғана жетеді.

Рухты пәк сақтап, Алланы іздеп таптық. Ендігі қарызымыз – осы жетістіктерден айырылып қалмау.

Осы жерде бір негізіміз – нәпсі, өз-өзінен, Аллаға ынтыққан біздің ізгі ниетіміздің аяғына оралып: «Мен жібере қояр ма екенмін?!» – деп мысқылдайды. Пәк дене мен пәк Рухтың Аллаға жететін Жолын кесетін, осы – мықтыларға құл болатын, әлсіздерді есек етіп мінетін, нәпсі деген бәле. Қызық жері, бұл болмаса, тіршілік болмайды. Жаман жері, мұны қоштап ізіне ерсең, сорға батырады. Сонда не істемек керек? Міне, Рухтың тазалығы мен байлығының ықпалы тиетін жер, Нұрлы Ақыл мен сарабал Сананың қызметінен қырағылықпен пайдаланатын жер – сабыр мен қанағаттың, шүкіршілдіктің және табандылықтың керек жері осы. Сынға түсетін жеріміз де – осы.

Қысқасы, бұл сынақ дүниесінде өмір сүру нәпсімен ғана. Тамақ талап ететін – ол, оған тойғасын Жан рахатын аңсайтын – ол, тойына келе лауазым мен даңқ-дәрежені армандайтын –

ол, бұларға жете бере ынсап пен қанағат, шүкірді, тіпті, Алланы ұмытып, күнәлар жасайтын – ол, өзі сияқты адамдарды менсінбей, тәкаппарлық ететін – ол; әйел де, перзент те оған керек. Бұл жағынан алғанда біз, бұл жалғанда Нәпсіміз. Атаған керегіміздің бәрі біздің мұқтаждарымыз ғой, нәпсінің мұқтажы!

Сондықтан бұл дүние – біз үшін сынақ дүниесі. Абай бабамыз:

Күллі мақлұқ өзгерер, Алла өзгермес,

Әһли Кітап бұл сөзді бекер демес.

Адам – нәпсі, өзімшіл мінезбенен,

бос сөзбенен қастаспай, түзу келмес,– дейді. Өлеңдегі «өзімшілдік» те, білмей «бос сөз» сөйлеу де, «қастасу» да – нәпсінің талабы.

Алланың Сөздеріне қасарысқан адам оңып па?!

Сондықтан біз, жатырға түсіп, күні толып оянуымен ақ, өз мүддесі үшін айналасын жұлып жеп дамыған, талабы көп, нәпсіміздің үстінен үстемдік ету үшін Иманымыздан дұрыс пайдаланып (Абай), Рухымызды таза күтеміз, Оны көп зікірлердің шәрапатымен, Иләәһи іліммен қуаттандырамыз. Осы амалдарымыздың қайтымына Рухымыз алтыннан соққан антенна сияқты асылданып, Алламен байланысымыз делдалсыз орнығып, дұғамыз аузымыздан шығысымен қабыл бола беріп, күмәндардан айырады, бізді алдамшы дүние бәлесінен арашалап (23), Алланың сүйген Құлдарының тобына алып барады («Фәжір» с. 27-30-а). Ауырып қиналғанда, ойлармен шаршағанда: «Рәббім, Жаныма тыныштық берші!»-деп, жалынатынымыз да, қуат тілейтініміз де осы нәпсіні жеңу үшін, нәпсіден Рухымызды қорғау үшін ғана.

Алла әрбір нәрсені жұбынан жаратты. Адам да ерлі-зайыпты – жұп. Сол адамды адам етіп тұрған Рух пен нәпсі де өзара қарама қайшылықтағы бір жұп. Құран үкімі бойынша әйел еріне бағынады. Соның мазалылығынан жанұя бақытты өмір сүреді. Осы сияқты нәпсі де Рухқа бағынуы тиіс. Абай бабамыз тәнді жүрекке бағындыруды айтпай ма? Бұл – нәпсіні Рухқа бағындыру деген сөз. Осындай ете алған адам – Толық адам (Абай бабам) – Алланың сүйген Құлы.

***Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): «Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа,**

Тура Жолға салады...». («Бақара» с. 272-а) «Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік. («Фурқан» с. 56-а) «Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың», («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: «Сен оларды зорлаушы емессің», -деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.

Құранда: «Саған қандай бір жақсылық келсе, Алладан. Ал, жамандық келсе, өзіңнен...» («Ниса» с. 79-а), -деген...

1. «Бақара» сүресінің 30-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) сол уақытта Раббың Періштелерге: «Әрине, **Мен жерде орынбасар жаратамын!**»-деген еді. (Періштелер): «Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінен біз Сені дәріптеп, мақтау мен пәктеудеміз»-деді. Алла: «Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін!»- деді».

2. «Саффат» сүресінің 11-аяты: «Енді олардан сұра: «Оларды жарату қиын ба? Басқа жаратқандарымыз қиын ба? Шын мәнінде оларды (адам баласын) бір **жабысқақ балшықтан жараттық**».

«Хыжыр» сүресінің 26; 28-аяты: «Расында, адамды **бейнеленген қара балшықтың, сыңғырлап құрғағанынан жараттық**». «(Мұхаммед с.ғ.с) сол уақытта Раббың Періштелерге: «Бейнеленген **қара балшықтың кеуіп, сыңғырлағанынан Адам жаратамын**», -деді».

«Рахман» сүресінің 14-аяты: «Ол адамзатты **құмырадай сыңғырлаған құрғақ топырақтан жаратты**».

3. «Хыжыр» сүресінің 29-аяты: «Оның жаратылысын тамамдап, оған **Рухымнан үрлеген сәтте, оған сәжде қылындар**», - делінді. («Сад» с. 72-а).

4. «Фәжір» сүресінің 27-30-аяттары: «**Әй, орныққан нәпсі!**» «Раббыңа, Ол сенен, сен Одан разы болған түрде қайт!» «Енді Құлдарымның арасына кір!» «Сондай-ақ, Жәннатыма кір!»

5. «Ағраф» сүресінің 172-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) сол уақытта Раббың адам балаларының белдерінен нәсілдерін алды да өздеріне куә етіп: «Мен, сендердің Раббыларың емеспін бе?»- (дегенде,) олар: «Әрине, куәміз»-деген. Қиямет күні: «Бұдан хабарымыз жоқ»-дегендер».

6. «Ниса» сүресінің 1-аяты: «Әй, адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адамнан ғ.с.) жаратқан және **Одан Оның жұбайын** (Һауа ананы р.а.) **жаратып**, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар. Өзара оны-мұны сұрасқанда, сұхбаттарда аты жиі аталатын Алладан және туыстардан (безуден) сақтаныңдар. Шәксіз Алла (Т.) – сендерді Бақылаушы».

7. «Мүминұн» сүресінің 13-аяты: «**Сонан кейін оны (балшықты) жатырда тұратын тамшы қылдық**».

«Тарық» сүресінің 5-7-аяттары: «Ал, енді адамзат неменеден жаратылғандығына бір қарасын». «**Бір атылып шыққан судан жаратылған**». «Ол бел сүйек пен кеуде сүйектің арасынан шығады».

«Инсан» сүресінің 2-аяты: «Шын мәнінде, **Біз Адам баласын біріккен тамшыдан жараттық**. Оны сынаймыз. Сондықтан оны еститін, көретін қылдық».

8. «Жүсіп» сүресінің 105-аятына амал қылып, **ұйқыдағы және оянғандағы жібек құртының тірлігіне қарасақ, ол жатырға түскен мәнидің – эмбрионның біз дәлел үшін көрсеткен бір сипаты** («Зәрият» с. 20-21-а).

9. «Мүминұн» сүресінің 14-аяты: «**Сосын тамшыны ұйыған қан жасадық. Ұйыған қанды кесек ет жасап, кесек етті сүйекке айналдырып, сүйектерге ет қаптадық. Содан кейін оны басқа бір жаратылыс қылып дамыттық. Жаратушылардың шебері – Ұлы Алла**».

«Сәжде» сүресінің 8-9-аяттары: «**Сосын оның нәсілін бір жайсыз судың негізінен жаратты**». «**Сосын оны бейнелеп, ішіне Өз Рухын үрледі. Сондай-ақ, сендерге есту, көру және түсіну қабілетін берді. Аз шүкір етесіндер**».

10. «Мүминұн» сүресінің 13-аяты: «**Расында, адамды нағыз балшықтан жараттық**». «**Сонан кейін оны жатырда тұратын тамшы қылдық**».

«Әли Ғымран» сүресінің 6-аяты: «Ол сондай Алла, **сендерді жатырларда қалауынша бейнелейді**. Одан басқа ешбір Тәңір жоқ. Ол – өте Үстем, Хикмет Иесі».

«Ісра» сүресінің 70-аяты: «**Расында, Адам баласын Ардақтадық**. Сондай-ақ, оларды құрлықта да, теңізде де көліктендірдік. Әрі оларды жақсы нәрселермен қоректендірдік. **Һәм оларды жаратқандарымыздың көбінен не құрлым артық жараттық**».

«Тин» сүресінің 4-аяты: «Расында, адамзатты көркем бейнеде жараттық».

11. «Фуссилат» сүресінің 36-аяты: «Ал, енді сені шайтаннан бір түлен түртсе, Аллаға сиын. Өйткені, Ол – әр нәрсені толық Есітуші, Білуші». («Ағраф» с. 200-201-а).

12. Таза Мұсылмандар, Имандылықтан туған ойға сенеді. Ойын Аллаға серік қылмайды: «Бақара» сүресінің 111; «Әнғам» с. 116; «Фурқан» с. 43; «Нәжім» с. 23; «Сад» с. 26-аяттары.

13. «Әли-Ғымран» сүресінің 35-37 аяттары: Мәриям анамыздың анасы – «Ғымыранның жұбайы (Фаузақызы Ханна): «Раббым! Ішімдегіні азат қылған түрде Саған арнадым. Менен қабыл ал! Расында, Сен Өзің – аса Есітуші, Білушісің», -деп босанғасын: «Раббым! Шынында мен қыз таптым», -деді. Алла оның не тапқанын біледі. Ұл, қыздай емес». (Ханна:) «Мен оның атын Мәриям қойдым. Оны да, ұрпағын да шайтанға емес, саған сиындырамын»...», «Сонда Раббы оны жақсы қабылдап, көркем өсірумен өсірді және оған Зәкәрияны (ғ.с.) ие қылды. Зәкәрия оның құжрасына әр кіргенде, оның қасында жеміс тұратын. «Әй, Мәриям! Осы саған қайдан келеді?» -деді. Мәриям: «Ол Алланың қасынан. Шәксіз, Алла қалаған Құлын есепсіз ризықтандырады», -деді».

«Ағраф» сүресінің 23-аяты: «(Адам ата мен Һауа ана:) «Раббымыз, біз өзімізге кесір істедік. Егер Сен бізді жарылқап, мәрхамат етпесең, әлбетте, зиян шегушілерден боламыз», -деді.

«Мүминүн» сүресінің 28-29-аяттары: «Сен қашан жолдастарыңмен бір кемеге орналассаң: «Барлық мақтау бізді залымдардан құтқарған Аллаға тән!» -де». «Раббым! Мені құтты бір қонысқа қондыр! Сен ең жақсы орналастырушысың!» -де».

«Һұд» сүресінің 47-аяты: «(Нұх ғ.с.): «Раббым! Расында, білмегенімді Сенен сұрап, Өзіңе сиынамын. Егер мені жарылқамасаң, маған мәрхамат етпесең, зиянға ұшыраушылардан болармын», -деді».

«Шұғара» сүресінің 79-83-аяттары: «Ол маған жегізеді де ішкізеді». «Ол қашан ауырсам маған шипа береді». «Ол мені өлтіреді де, сонан соң тірілтеді». «Ол сондай Алла, Қиямет

күні қателерімді жарылқауын үміт етемін». «Раббым! Маған даналық беріп, игілерге қоса гөр!»

14. «Әнғам» сүресінің 96-аяты: «(Ол) Таңды сөгуші, түнді тынығу және күн мен айды есеп үшін жаратқан. Осылар аса Үстем, толық Білуші Алланың өлшеуі».

«Ісра» сүресінің 12-аяты: «Күн мен түнді екі белгі жасадық. Сонда түн белгісін кетіріп, күндізді, Раббыларыңның кеңшілігінен несібе іздеулерің және жылдардың санын; заманның есебін білулерің үшін жарық қылдық. Сондай-ақ, әр нәрсені ашық баян еттік».

«Рахман» сүресінің 5-аяты: **«Күн ай есеппен жүреді».**

15. «Фатыр» сүресінің 41-аяты: «Рас, Алла (Т) көктер мен жерді бұлжытпай ұстайды. Егерде екеуіне бір зауал болса, одан кейін оны ешкім ұстап тұра алмайды. Шәксіз, Ол – тым Жұмсақ, аса Жарылқаушы».

«Мүминұн» сүресінің 71-аяты: «Егер Шындық олардың көңілі тартқан жаққа кетсе, әрине, көктер мен жер және онда болған әркім бұзылып кетер еді. Олай емес. Оларға үгіт келтірдік. Алайда олар өздеріне келген насихаттан бас тартты».

16. «Әнфал» сүресінің 17; 24-аяттары: «Сонда оларды сендер өлтірмедіңдер, оларды Алла өлтірді. (Әй, Мұхаммед с.ғ.с) атқан кезде сен атпадың, Алла атты. Бұл Момындарды жақсы бір сынақпен сынау үшін. Расында, Алла – толық Есітуші, өте Білуші». «Әй, Момындар! Сендерді өздеріңе тіршілік беретін нәрсеге (дінге) шақырған кезде Алланың әрі Елшісінің тілін алыңдар. Және де Алланың кісі мен жүрегінің арасына дейін килігетінін біліңдер. Шәксіз, Алла тарапына жиналасыңдар».

«Шура» сүресінің 24-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с. олар сені) «Аллаға өтірік жала жапты», -дей ме? Алла қаласа, сенің жүрегіңді де бітер еді. Алла өтірікті жойып, Өз Сөздерімен Шындықты шынға шығарады. Өйткені, Ол – жүректегілерді толық Біледі».

17. «Мүрсәлат» сүресінің 25-26-аяттары: **«Жер жүзін бір жиналыс жері қылмадық па?» «Тірілерге де, өлілерге де».**

18. «Саффат» сүресінің 164-165-аяттары: «(Періштелер... Б. Ж:) **«Бізден орны белгіленбеген ешкім жоқ».** «Шын мәнінде Біздер қатарланып тұрушыларданбыз».

«Нәбә» сүресінің 38-аяты: **«Ол күні Рух және Періштелер тізіліп тұрады. Алланың рұхсатынсыз ешкім сөйлемейді әрі дұрысын ғана сөйлейді».**

«Фәжір» сүресінің 22-аяты: **«Раббың елестеп, Періштелер сап-сап болған кезде».**

19. Ақсұлу Құрбанбай ишанқызының түсіне туған марқұм ағасы кіріп: «Ақсұлу, Аллаға барасың ба?»-дейді. Бұл Кісі асығады. Сонымен екеуі үлкен матаны жайып, сонымен ұшады. Апамның өзі: **«Қалың гүлдері жайқалған төбеге қондық. Атырабымызда әр түрлі алаулаған гүлдер. Шетіне көз жетпейді. Гүлдерден аспанға жарқылдаған қоңыраулы дыбысты жалын атылып жатыр»,-**деп, бұл сапарынан қайтып, тілек тілемеппін ғой, деп екінші рет ұшып, тағы барғанын әңгімелеген еді.

20. «Әнғам» сүресінің 103-аяты: **«Көздер Оған жете алмайды. Ол көздерді көреді. Және Ол – өте Жұмсақ, толық Білуші».**

21. «Бақара» сүресінің 163-аяты: **«Тәңірлерің бір-ақ Тәңір. Одан басқа ешбір Тәңір жоқ. Ол – аса Қамқор, ерекше Мейірімді».**

22. Мұхаммед (с.ғ.с.) сияқты ғашық болу деген, үңгірге барып отыру деген сөз емес. Қазіргі заманда Аллаға жетуді армандаған адамға Құран және Мұхаммед саллаллаһу ғалейһи уә сәлламның сүндеттері бар. Хира үңгіріне қажылық кезінде зиярат ету сүндет болғанымен, құлшылық үшін, Аллаға жету үшін, оған барып, Мұхаммедше (с.ғ.с.) отыру, сүндет ретінде бекітілмеген.

23. «Әли Ғымран» сүресінің 14; 185-186-аяттары: **«Адам баласы үшін қатындар, балалар, алтын, күмістен жиналған қазыналар, сәнделген аттар, малдар және егіндерді қызыға сую әдемі көрсетілді. Бірақ, олар дүние тіршілігінің сәні. Негізінде орынның жақсысы Алланың қасында».** «Әркім өлім та-тады. Шын мәнінде Қиямет күні ақыларың толық төленеді. Сонда кім оттан құтқарылып Жұмаққа кіргізілсе, рас құтылды. Негізінде дүние тіршілігі алданыштың ғана нәрсесі». **«Малдарың және жандарың жайында әрине сыналасындар; сондай-ақ сендерден бұрынғы кітап берілгендерден және мүшріктерден де көптеген реніш естисіңдер. Егер сабыр етсеңдер әрі сақтансаңдар; шәкіз бұл маңызды істер».**

«Әнғам» сүресінің 32-аяты: **«Дүние тіршілігі еш нәрсе емес. Ойын-сауық қана. Әрине, Ақырет жұрты Тақуалар жақсы. Сонда да түсінбейсіңдер ме?»**

«Жүсіп» сүресінің 109-аяты: «Сенен бұрында кенттердің халқынан, өздеріне уахи етіп, еркектерді ғана жібердік. Ал, енді олар, өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын жер жүзін кезіп көрмей ме? Әрине, Ақырет жұрты Тақуалар үшін қайырлы, түсінбейсіндер ме?»

«Рағыз» сүресінің 26-аяты: «Алла тағала қалаған кісісінің несібесін кеңітіп, тарылтады. Олар дүние тіршілігіне мәз болады. Негізінде дүние тіршілігі Ақыреттің жанында тек қана бір күн көріс».

«Хыжыр» сүресінің 88-аяты: «Кәпірлердің кейбіреуіне Біз пайдаландырған нәрселерге көзінді сүзбе. Оларға қамықпа. Мұсылмандарға қанатыңды жай».

«Кеһф» сүресінің 7-аяты: «Біз адам баласының қайсысы жақсы амал істейді, деп сынау үшін жер үстіндегі нәрселерді жердің көркі қылдық». Және 28; 46-аяттары.

«Таһа» сүресінің 131-аяты: «Біз олардың кейбіреуіне сынау үшін берген дүние тіршілігінің ғана сәні түріндегі нәрселерге көзінді сүзбе. Раббыңның несібесі қайырлы да тұрақты».

«Қасас» сүресінің 60-аяты: «Сендерге берілген нәрсе, дүние тіршілігінің бұйымы, зейнеті ғана. Ал, Алланың қасындағы нәрсе қайырлы да тұрақты. Енді де ойламайсыңдар ма?»

«Ганкабұд» сүресінің 64-аяты: «Бұл дүние тіршілігі бір ойыншық, ермек қана. Күдіксіз, Ақырет жұрты – анық тіршілік. Өттең, олар білсе еді!»

«Фатыр» сүресінің 5-аяты: «Әй, адам баласы! Сөз жоқ, Алланың уәдесі хақ. Ендеше дүние тіршілігі сендерді әсте алдамасын. Сондай-ақ, аса алдағыш та сендерді Алла туралы алдамасын».

«Фафыр» сүресінің 39-аяты: «Әй, елім! Шын мәнінде бұл дүние тіршілігі – уақытынша пайдалану. Сөзсіз Ақырет, Ол – тұрақты жұрт».

«Шура» сүресінің 36-аяты: «Ал енді сендерге берілген нәрсе, дүние тіршілігінің ғана пайдасы. Алланың қасындағы нәрселер Иман келтіріп, Раббына тәуекел етушілер үшін қайырлы да тұрақты».

«Зұхрұф» сүресінің 35-аяттары: «Сондай-ақ, алтынға бөлер едік. Бұлардың барлығы дүние тіршілігінің ғана пайдасы. Раббыңның қасындағы Ақырет Тақуалар үшін».

«Мұхаммед» сүресінің 36-аяты: **«Дүние тіршілігі бір ойын, ермек қана. Егер Иман келтіріп сақтансаңдар, Алла сыйлықтарыңды береді. Сендердің малдарыңды сұрамайды».**

«Хаидид» сүресінің 20-аяты: **«Біліңдер! Шын мәнінде дүние тіршілігі бір ойын, ермек, сән және өзара мақтанысу, сондай-ақ малдарды, балаларды көбейту ғана. Бұның мысалы: өсірген өсімдігі кәпірлерді таңырқатқан жаңбыр сияқты. Сосын қурап, сап-сары болғанын көресің. Содан кейін үгінді болады. Ақыретте қатты азап әрі Алладан жарылқау, ризалық бар. Негізінде дүние тіршілігі бір алданыштың ғана нәрсесі.**

«Мұнафиқун» сүресінің 9-аяты: **«Әй, Момындар! Сендердің малдарың, балаларың Алланы еске алудан тоспасын. Әлде кім мұны істесе, міне солар, зиян тартушылар».**

«Тағабун» сүресінің 15-аяты: **«Шын мәнінде малдарың, балаларың бір сынақ. Үлкен сыйлық – Алланың қасындағы сыйлық».**

«Ағла» сүресінің 16-17-аяттары: **«Бірақ, сендер дүние тіршілігін артық көресіндер», «Ақырет қайырлы да тұрақты».**

«Зұха» сүресінің 4-аяты: **«Әрине, сендер үшін Ақырет дүниеден жақсы».**

«Мұнафиқун» сүресінің 9-аяты: **«Әй, Момындар! Сендерді малдарың, балаларың Алланы еске алудан тоспасын. Әлде кім бұны істесе, міне, солар зиян тартушылар».**

Құран – Ұлы Алланың әууелден Ақырға дейінгіні хабарлаған, Бейішке барар Тура Жолды көрсеткен Кәламдар жинағы, мәдениет пен ғылым атаулының қайнары

*«Сынаптай сырғызған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды.
Жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процес».*

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті –
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың
«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласынан.

Нұрсұлтан Әбішұлының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», деп аталған мақаласы қазақстандықтарға арналып жазылғанмен, жер бетіндегі барлық адамды Рухани жаңғыруға шақырған өте маңызды құжат. Себебі, әлемді электронды сандық технология жаулап келеді. Жылдан жылға ол барлық салаға, Рухтың азығы – наным-сенімге де әсер етеді. Осы бүгіннен оның көшіне ілеспеген адам, келешекте оның Құран сырын ашқан кереметтерін түсіне алмай, тоқыраған санасымен бықсып-бүксіп қала береді.

Елімізге кеңес үкіметінің келуі де білім алу, мәдениет, медицина, тағы басқасалаларда үлкен жаңғыру болған еді. Сонда оның үгіт-насихатын тыңдап, айтқанымен жүрмегендер* адамдардан шеттеп қала берді. Кейбір жанұялар тозып кетті. Сондай болмау үшін, Иманымыздан айнымай, Алла беріп тұрған заманның айдауына көнейік. Жаңаруға бет алған бұл үдеріс, бізді көнбеді, деп тоқтамайды, керісінше, шаңына көміп кете береді.

Елімізде иегіне ешкі сақал өсіріп, балағын шелтендетіп, әйелдері қынтанып алғандар сапсып жүр. Солар көкүннен пайдаланғанмен, теледидар көрмейді екен. «Тіпті, үйлерінде теледидар жоқ!..»-деп есіттік. Неткен надандық! Алла Тағала Құранды зерттеуді, әрбір Аят тұсында ойлауды айтса, Мұхаммед (с.ғ.с.) ғылым ізде, деген. Сонда өздерінің ұстаздары берген кітаптан басқа кітап оқымайтын, теледидар көрмейтін – Алланың игілігінен пайдаланбайтын бұлардың мәзһабы қандай мәзһаб?!

* Қыздарын мектепке оқуға бермеді, мектеп бітірген ұлдарының өзін ЖОО оқытпады...

Рухани жаңғыру, бұл – Рухты жаңғырту, оны бойымызда қалыптасқан қасаң, таптаурын қағидалардың батпағынан алып шығу. Сана мен Ақылдан тұратын Рух, бұл – Алланың адамға ғана берген ерекше сыйы. Ол табанды ізденіспен, ыждағатты ұмтылыспен жаңғырмаса, тарих шаңының астында қала береді. Исламда мұны көріп отырмыз. Оны жаңарту деген сөз – Алланың берген игіліктері мен нығметтерінен тиімді пайдалану, оны бағалау, аялау деген сөз. Онда біз өмірге де, Аяттарға да үйреншікті (1) дағдымен емес, көзімізді ашып жаңаша қарауымыз ләзім. Сонда біз Рухани жаңарамыз – жаңғырамыз.

Біз Құранды, сүндеттерді, хадистерді үйренуде, түсінуде ілгергі ғасырлардағы: имам Әбу Жағфар әт-Тәбәри, әл-Байдави, Байһақи, ибн Ақил, ибнул Жаузи, ибн Касир, Куртуби, Абдуррахман ибн Нәсир әс-Сағди, имам әл-Ғазали, Сунан ибн Мәжә, Жалолайн, ән-Насафий, Фахритдин Разидің т.б. ғалымдардың тұжырымдарымен шектеліп жүрміз. Ара-арада олардан бергі уақыттағы ғалымдардың аттары да аталады, дегенмен олар да о бастағы тәпсіршілерге сілтеме жасап жазады. Жаңа ештеңе жоқ. Ал, Аяттарға не ғылым дәлелдеріне, не өмір Шындығына сүйеніп бірдене айтар болсаңыз, сізді есекке теріс мінгізіп, көшеге шығарады.

Өкінішті жері, тәпсіршілердің дені оныншы ғасырдан кейінгі дәуірдің діндарлары. Егер Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сахабаларынан не Әбу Бәкір Сыддықтың (р.а.) болмаса Омардың (р.а) халифалық кезіндегі діндарлардан бірінің қолынан бір тәпсір шыққанда, оның Шындығына күмән жоламас еді. Ал, кейінгі тәпсіршілердің айтуымен түсініп, амал жасауымыз – Ұлы құдыретті Құран ілімін шідерлеп қойғанмен бірдей болып отыр,* яғни, олар ғана дұрыс айтқан, бізге олардан озып жаңаша пікір қосу мүмкін емес дегендей.

Бәлкім, олардан гөрі, ғылымы өркендеген және заманы ғарыш пен су асты әлемінің, жер қыртыстарының құпияларын ашып, таудың расында, көктен тасталған жердің қазығы екенін дәлелдеп – Құранның Шындықтарын сипаттап отырған, біз көп білетін шығармыз. Дамымай қалған бүгінгі Ислам елдері де, енді Құран түсінігін біздің елдің теологтарынан үйренуі керек болар.

Тағы бір тұрпайы тұсымыз, қайсы бір Аятқа байланысты өз түсінігімізді айтар болсақ не хадис-сүндетке өз түсінігімізбен-

* Біз «Ақиқат пен қиянат», деген кітабымызда, бірнеше тәпсірлердің қате екенін нақты-нақты дәлелдермен жаздық.

мүмкіндігімізбен амал ететін болсақ: «Оны біздің шектеулі ақылымызбен* өйтуге болмайды», -деп және ескі түсіндірулерге әкеп қамайды.

Ақылға салып қараңыз, адам Алланың жердегі Халифасы болса; оған Періштелер сәжде етсе; Алла оған есту, көру, ойлау, пікірлеу қабілетін берсе; оның негізгі тұрақты орны Алланың алды – Жәннатта болса, қалай оның ақылы шектеулі болады. Жердің, мұхиттардың, ауаның, күн нұрының шегі бар. Ал, Алланың пендеге сыйлаған мүмкіндігі: ойдың, сөздің, пікірлеудің шегі жоқ. Сонда қайтіп ақыл шектеулі болады. Ақылды жүйеге салып, дамытып отыратын, ой мен пікір ғой.

Қысқасын айтқанда, оны шектейтін ынтасыз, құлықсыз, талапсыз пенденің өзі ғана.

2012 жылы бір кісінің отбасына садақаға шақырылды. Дастархан басында 7–8 ер кісілер ғана отырмыз. Ортамызда қала мешітінің наиб имамы да бар. Отырғандар бірде саясат, бірде сауда жайлы жабырлап жатты. Наиб иман үнсіз. Ол бізге ыңғайсыз түйіліп, имамды әңгімеге тарттық. Сұрақтар беруге болу-болма-сын сұрағанымызда: «Неге болмайды?! Діннен түсінбей жүрген нәрселеріңіз болса, сұраңыздар», – деді. Бізге де керегі осы еді. Біз:

– Алланың мекені жоқ. Ол барлық жерде. Бірақ, бірнеше Аяттарда, атап айтсақ, «Мүлік» сүресінің 16-17-аяттарында «аспандағының», «көктегінің», -деп, Алланың орнын ескерткендей болады, -дедік. Ол:

– Сол екі Аятта Алла деген сөз бар ма? - деді.

– Жоқ. Бұл сүреде айтпаған. Бірақ, «Ісра» сүресінің 68-аятында: «Алланың құрлықта да сендерді жерге жұттыруынан немесе сендерге тасты боран жіберуінен қауіпсізсіңдер ме?...» -деген.

Екіншіден, Одан басқа кім бізге тас жаудырады? Одан басқа қандай құдырет бізді жерге тарттырады? Ол:

– Жерге тарттыруды, тас жаудыруды Алланың бұйрығымен Періштелер орындайды. Алла барлық жерде. Ол: «Сен сәждеге барғаныңда қасыңдамын», – дейді. Алла әрқашан бізбен бірге. Біз:

– Періштелер де Алланың бұйрығымен істеп отырған жоқ па?

* «Имани гүл». Қ. Жолдыбайұлы. 12-бет, «Дін – даналық бұлағы». Е. Малғажыұлы. 127-бет.

– Иә, солай. Бірақ, Аллада мекен жоқ.

– «Сәжде» сүресінің 5-аятында: «Ол көктен жерге дейінгі істі игереді...»,– деген. «Жын» сүресінің 8– 9-аяттарында жындар, көкке қарманғанда Оны қатал күзетші, жалынға толтырылған түрде таптық; Оны тыңдау үшін аспанның кей жерінде отыратын едік, деген. Ол тағыда:

– Алла барлық жерде. Ол – бәрін Көруші. Оның орнын талқылауға болмайды,– деді.

– Талқылауға болмаса, Алла бір Аятпен: «Алланың Сөзін талқыламаңдар»,– деп ескертер еді. Керісінше, Алла «Бақара» сүресінің 44-аятында: «...**Кітапты оқисыңдар, ойламайсыңдар ма?...**»-десе, «Мүминұн» сүресінің 68-аятында: «**Олар Сөзді зерттемей ме?...**»– деп, Аяттарды оқып ой жүгіртуге, зерттеуге шақырады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) әрбір Мұсылманға ілім-білім іздеуді бұйырған. Демек, талқылауға рұхсат бар. Ал, талқыламасақ, ізденбесек, 44 және 68-аяттарға, яғни, Құранға, сондай-ақ, Мұхаммедке (с.ғ.с.) Иман келтіргеніміз жалған болып шықпай ма? Қолдан – көзбе көре отырып мұнафиқ болмаймыз ба?

– Талқылау бар. Ол Сіз бен біздің жұмысымыз емес. Алымдар, бұрынғы алымдардың жазып кеткені мен Құранды салыстырып отырып, өздері талқылайды. Сіз қойыңыз,– деді.

– Жоқ. Қоймаймыз. Білмегеніміз Сізден сұрап білеміз.

Алымдар дейсіз. Құранды сендерге біреу үйретеді, деген Аят жоқ. Адамзатқа не керек болса барлығын Алланың өзі үйреткен. «Дұхан» сүресінің 32-аятында Израил ұрпағын білімде таңдағанын айтқан. Олар бізге Құранды үйретпейді. Онда біз Сізден сұрамай кімнен сұраймыз?

Жаңа өзіңіз: «Алланың бұйрығымен Періштелер орындайды»,– дедіңіз. Сонда Алла жоғарыда Періштелер төменде болып тұрған жоқ па?

– Олай деп айтуға болмайды. Алла барлық жерде, Сіз күнәға батпаңыз!

– Ғылым іздеген – білмегенін сұрап, оқып, талдап жақсылыққа талпынған адам күнәға бата ма? Олай болатын болса, Алла кешірсін!

– Ілім іздеген дұрыс. Ол үшін адам күнәға батпайды. Бірақ, әркімнің өзінше ізденуіне болмайды. Құранды, тәпсірлер мен

хадистерді жақсы білетін алымдармен пікірлесіп, олардан сабақ алу керек. Сіз өзіңізше ізденіп жүрсіз.

– Мен өзімше ізденгенде, Сізден ештеңе сұрамаған болар едім. Сіз алымдардан сабақ алғансыз. Сондықтан алым ретінде Сізден сұрап отырмын.

– Мен алым емеспін. Олардың дәрежесіне жету қиын.

– Жарайды, алым емессіз. Бірақ, имам ретінде білмегенімізді сұрауға болады ғой. Жаңағы тақырыбымызды жалғайық, неге «Хаж», «Сәжде» сүрелерінде жердегі мың жылдың Алланың алдындағы бір күн екенін айтқан? «Мағарыж» сүресінде: **«Ол жоғары орынға Рух және Періштелер мөлшері елу мың жылдық бір күнде шығады»**,– деген? **«Ол жоғары орынға...»**....

– Бұл басқа әңгіме, Ақсақал. Мың жыл, ол – Қияметте берілетін жаза мөлшері. Алланың бір күн берген азабы мың жылға татиды. Сіз бұл әңгімені қойыңыз!– деді.

Мұны осымен аяқтадық. Дастарханнан дәм татып біраз үнсіз қалдық. Жанымызда отырғандардан бірі имамдардың әулие мен палға тиым салатынынан сөз қозғап наиб иманнан осы жәйлі сұрады. Ол болашақты Алладан басқа ешкім білмейтінін айтты. Біз:

– Онда «Бақара» сүресінің 49-аятының (2) тәпсірін қалай түсінеміз? Палшылар айтпаса, перғауынның ұл балаларды өлтіретініне не себеп дейсіз?

– Тәпсірде солай деген. Ол – Пайғамбарлар өмірі. Оларға басқаны араластыруға болмайды*.

– Сонда перғауынның палшылары Мұсаның (ғ.с.) өмірге келетінін, жылдар бұрын білгені ме?

– Бұл Аятта Перғауынның ұл бала туылса, өлтіріп, қыздарды аман қалдырғанын баяндаған. Бірақ, палшы былай депті деген. Бұл ғалымдардың топшылауы.

– Демек, ғалымдардың топшылауларының барлығы бірдей дұрыс бола бермейді? Жаңа Сіз, Алла Пайғамбарларға ғана

* Аяттарды мынау Адамға түскен, мынау Нұхтың қауымына келген ескерту, мынау Салихқа тиесілі – біздерге емес, деп бөлген. Бұл бөлу біздерде де бар. Аяттарды: «Бұл Аят Мұсаның қауымына түскен, бұл Мұхаммедтің Өзіне келген Аят»,–дейді. «Хыжыр» сүресінің 90-91-аяттарындағы ескерту – осы бөлу. Бұдан құтылу керек. Әрбір Аятты өзімізге ескерту, деп қабылдағанымыз, Тақуалыққа жеткереді.

білдіреді. Бұларға басқаларды араластыруға болмайды, дедіңіз. Және бір тәпсірші, осы Аятты, перғауынға түсінде аян берген деп жазыпты. Сонда Алла Өзінің дұшпанына Өзінің Елшісінен сақтануды білдіргені ме?

– Осы тақырып сияқты бірлі-жарымы қате болар. Олар да өзімізге ұқсаған пенде ғой! Сіз бен біз олардың ісін талқылап, кемшілік тауып кінәлай алмаймыз.

– Ешкімді кінәлап отырған жоқпыз, білгіміз келген жабықты ашпақпыз. Құранда, «Шура» сүресінің 51-аятында: «Алла Тағала **бір адам баласымен** көкейіне салу түрінде немесе перде артынан ғана сөйлеседі. Не бір Елші жіберіп, Өз бұйрығымен қалағанын уахи етеді...», -деген. Пайғамбарлармен деп жазылмаған. «**...бір адам баласымен...**», -деп әдейі көрсеткен. Ал, «Әли Ғымран» сүресінің 179-аятында: «**...Бірақ, Елшілерінен қалағанын тандап, соған білдіреді...**» (3), -деп Елшілерді арнайы атаған, -дедік.

– Аяттар туралы Сіз бен біз артық сөйлеуден сақтануымыз керек. Ғалымдар не деген болса, сол ғана дұрыс шешім. Олар оны көпшілік болып шешкен, -деді. Біз:

– Жақсы, Сіздің айтуыңыз бойынша, ғалымдар бұл «Шура» сүресінің 51-аятындағы аты аталмаған «**...адам баласын...**» – Пайғамбарлар деп шешіпті. Онда неге аты анық көрсетілмеген «Мүлік» сүресіндегі «**көктегіні**», «**аспандағыны**» Алла деп түсінбейміз?

– Исламда мұндай сұрақтар бере беруге тиым салынады. Исламды түсінуде ғалымдар айтқаннан әріге баруға болмайды. Біз әлсіз жаратылғанбыз. Сондықтан түсінбеген нәрсемізді Алла мен Пайғамбарға тапсырып қоямыз. Сізге қысқасы, ақиданыңды түзеу керек, -деді.

– Ақиданы түзеу деген, Сіздер айтқан және Сіздер тағлым алған ғалымдар сызған сызықтың үстімен ғана жүру ме?

– Мәзһаб, ақида бұлар – адамды Имандылыққа тәрбиелейтін мектеп. Ақида бойынша, ол деп, бұл деп сұрақтар бере беру әдепсіздік есептеледі. Жаңа айттым ғой, ғалымдар қалай түсіндірген, ол – солай! Себебі, олар – Тақуалық дәрежеге жеткен үлкен топ. Бір-екі адам емес.

– Олар Тақуалық дәрежеге жеткен үлкен топ, дейсіз, сол ғалымдар, ұстаздар дұрыс айтқан болса, Исламдағы мәзһабтарға

бөліну қайдан шықты? Неге Ислам мемлекеттер тыныш емес? Біздер неге Христиандарға, кейін құдайсыздарға отар болдық?

– Мұның тарихын әңгімелеп отырмай-ақ қояйық. Сіз бұл сұрақтарыңызды Ислам университетіндегі алымдардан сұраңыз. Сізге соңғы айтарым – мені жайыма қойыңыз, – деді түсі өзгеріп және бір сұрақ берсек, орнынан тұрып кететіндей ыңғай білдіріп.

Көкейімде көп сұрақтар тұрғанымен, кісінің үйінде, зияпада отырғасын әрі бұл кісінің найб имам (4) атын құрметтеп шегіндім. Мұның үстіне, Мұсаға (ғ.с.) қауымы кекесінді көп сұрақтар беретін, Мұхаммедке (с.ғ.с.) де сұрақтар бере берудің орынсыздығы (5) ескертілгендіктен тоқтадым. Дегенмен, Алла Аяттарын ашық түсіргенін және ұқсас Аяттары барын айтқан (6). Біз мағынасын Алланың Өзі ғана білетін ұқсас Аяттардың үстіндегі тартысымызды Алла мен Пайғамбарға (с.ғ.с.) қалдыруымыз керек шығар. Ал, ашық Аяттарды үйренуде, «Бақара» (44-а), «Мүминүн» (68-а) сүрелеріндегі ескертулер мен сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммедтің: «Тал бесіктен табытқа дейін білім ізде», - деген хадисіне сүйеніп, ізденуіміз керек шығар. «Осыдан әріге баруға болмайды...», - деген пікір, бүгінгі, ғарышты игеріп, жерден алты мың жарық жыл қашықтықтағы өзінен жарық пен дыбыс шығаратын нысанды және ұяшықтарды тауып үйреніп жатқан; неше мыңдаған шақырымдағы адаммен сымсыз хабарласып, мониторда дидарласып отырып сөйлесетін заманда қате, десек, бәлкім, мүлт кетпесбіз.

Шындығына келгенде де, Тура дін – Исламды қабылдаған біздің Ақылымыз шектеулі де, Кәлима келтірмеген, ғылым арқылы Құранның сырларын ашып отырған ғайридіндердің Ақылы кемел ме?! Біз Құдайдың таңдағаны (7) бола тұра олардан Ақыл, Сана жағынан кем жаралғанбыз ба?!

Әлбетте, бұған намысымыз келеді де – «Жоқ!» - деп сұраушының аузындағы сөзін жұлып аламыз.

Онда найб имамның да, оның ұстаздарының да, олардың ғалымдарының да Құранды зерттеп түсіну туралы шешімі өз заманына сай дұрыс болғанымен, біздің заман үшін жарамсыз. Сондықтан бүгінгі Ислам бір жүректерде күмән туғызып, дүдәмал кейіпте қалып, өз биігінен көріне алмай тұр.

Оны бұл ахуалға әкеп отырған өзіміз. Алла Тағала «Бақара» сүресінің 79-аятында: «...Кітапты қолдарымен жазып, ...

аз ақшаға сату үшін: **«Осы Алланың қасынан келгені»,-** дегендерге **нендей өкініш!...»,-** деген. Аяттағы қолмен жазылған кітап – осы тәпсірлер. Олай дейтініміз, біз Құран Аяттарын зерттемейміз де, «тәпсірде былай деген...»,-деп, ескі тәпсірлермен тоқталамыз. Мұны осы сүренің 78-аятында: **«Олардың ішінде надандары да бар. Кітапты білмейді. Олар тек үйретіндіні (дәлелсіз тәпсірден оқығанын, есіткенін айтады Н. Қ.), бос ойларды ғана ойлайды»,-** деген. Бұл Аят тек Тәурат түскендерге тиесілі, десек, тағы қателесеміз. Құранда ираилдіктердің («Хыжыр» с. 90-91-а) Кітапты жік-жікке бөлгендігін сынаған. Сондықтан 79 және 78-аяттарды оларға ғана ескерту, демей, өзімізге айтылған кеңес деп қабылдап, Аяттарды заманымызға лайықтап, өзіміз зерттеп насихаттайық. Неге десеңіз, Алла «Ағраф» сүресінің 7-аятында, Өзінің жасырын емес екенін ұқтырған және «Бақара» сүресінің 2-аятында: **«Міне, осы Кітапта күдік жоқ, бұл – Тақуалар үшін Тура Жол Көрсетуші»,-** деп ескертіп, келесі сүрелерде Құран: **«... адам баласы үшін ашық түсінік, ...»** («Әли Ғымран» с. 138-а), **«Расында, сендерге Раббың тарапынан ашық дәлелдер келді. Кім оны көрсе, өзі үшін; кім көрмесе, зияны өзіне...»**, **«Аяттарды осылай ашық (айтып,) ... білген елге түсіндіреміз».** («Әнғам» с. 104-105-а) Құранды **«...олардың қайшылыққа түскен нәрселерін анықтауың үшін және Иман келтірген ел үшін Тура Жол әрі Игілік түрінде түсірдік»** («Нахыл» с. 64-а), **«...Кітапты оқисындар, ойламайсындар ма?»** («Бақара» с. 44-а),-деп, «Мүминүн» сүресінің 68-аятында, Сөзді зерттеуді астарлап ұқтырып, «Бақара» сүресінің 282-аятында: **«...Алладан қорқындар. ...Алла сендерге үйретеді...»**, **«Тура Жолды түсіндіру Аллаға тән...»** («Нахыл» с. 9-а),-дейді. Біз Аяттардың мағынасына көңіл қоймағандықтан, Алланың үйреткенін үйрене алмай – оқығанымызды өмірмен, тарихпен, ғылыммен салыстырып, терең зерттемей, өз заманына жараса сөйлегендердің айтуымен шектеліп келеміз; осы сүренің 185-аятында: **«Алла (Т)...оңайлық қалайды, ауыршылық қаламайды...»,-** деп, ал, 286-аятында: **«Алла (Т) кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді...»**, **«...бұл Құран – адамдарды, Алланың рұхсатымен қараңғылықтардан жарыққа, сондай-ақ, Үстем**

әрі мақтауға лайық Алланың Жолына шығаруың үшін, Біз саған түсірген бір Кітап» («Ібраһим» с. 1-а)-дейді. Құранды Алла Өзінің қасындағы Лаухұл Махфуздан (8), біздің шамамыз келетін түсінікпен (9), барлық ілімнің қайнары етіп жіберді. Ол адамзатқа Тура Жолды көрсету үшін, түсінікті – **«...ашық-ашық Аяттар түрінде...»** (10) түсірілді. Онда неге адамзат жалғаншыда түсіне алмай жүргеніне Құраннан жауап іздемейді? Бұрынғы ғалымдардың заманына сай айтқанымен қаңтарылып, жаңа дәуір адамын Құранға күмәндандырады?

Жаңа дәуір адамы демекші, біз: «Құран Аяттарына ХХІ ғасырға бейімдеп түсініктеме беріп жазу керек», - дегенімізде, бірнеше сұхбаттасуымыз, кәдімгідей шошып кетті.

– Құран – Құдайдың Сөзі. Оны қалай ХХІ ғасырға бейімдеп жазбақсың?!

– Түсінігін – тәпсірін! Құдай мәңгілік емес пе? Ол әуелден бар, ХХІ ғасырда да және бұдан кейінгі ғасырларда да бар – ақыры жоқ. Осыған келіссеңіз, Оның Сөзі де осы ғасырдың тілімен, дәлелдерімен кеңейтіліп түсіндіріліп жазылуы керек.

– Олай етуге болмайды!..., - деп кеісті көңілдерін білдірді.

Қарсыластарымыздың осы танымы өткен ғасырларда да бар еді. Осы тиым, Аяттардың өз мәніндегі мағынасын ғасырлар бойы айтқызбай келді. Бүгінгілер де солай. Олар Исламды Иуда, Христиан, Будда діндері сияқты ғылымнан бөлек дін, деп түсінеді. Олар Құран Таурат пен Зәбур, Інжілде айтылмағандарды толықтырып, оларда бұрмаланғандарды әдепкісіндей қайта түзеп және Оларды растап (11) түскен соңғы Кітап екенін тілінде айтқанмен, мағынасына бармайтындар. Нәтижеде адамзатта Құранға күмән пайда болды. Тіпті, Ислам саласында оқыған арнаулы білімі барлардың өздерінің түсінігі тайыз. Құранның адамзатпен бірге алдағы ғасырларға бара беретінін, Оны Кітап күйінде «құшақтап» жүру, деп қана түсінеді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): **«Бір заман келгенде, Құран басқа бір қойнауда, үмбеттерім басқа бір қойнауда ғұмыр кешеді»**, - деген еді. Сол айтқаны ХУ ғасырдан, яғни, Мырза Ұлықбек заманынан кейін келді. Ескі тәпсірлерді қолдаушылар, ғылымға астыртын тосқауыл қойды. Сөйтіп, Құран Ұлылықтың қойнауда, Мұсылмандар тоқыраудың қойнауда келе жатыр. Бүгін бізге ескі таным-түсініктен қол үзіп, Рухани жаңғыратын уақыт

келді. Егер өзгермей қала берсек, Құранның бірнеше Аяттарында ескерткендей, өзімізге өзіміз опасыздық еткен боламыз.

Құранның ХХІ ғасырға және бұдан кейінгі ғасырларға арнап түсірілгеніне дәлел айтайық. Бірінші дәлел, Құранның бірнеше Аяттары: «**Әй, адам баласы!...**» (12), «**Әй, адамдар!...**» («Жүніс» с. 57-а), «**Әй, адамзат!...**» («Іншиқак» с. 6-а)-деп басталатыны. Ал, жеке-жеке тоқталсақ, «Бақара» сүресінің 2-аятында: «**Міне, осы Кітапта күдік жоқ, Бұл – Тақуалар үшін Тура Жол көрсетуші**», -деген. Тақуалар тек Мұхаммедтің (с.ғ.с.), Одан кейінгі Шадиярлардың (р.а.) кезінде ғана болды ма? Я оныншы, он бесінші ғасырларға дейін ғана ма?... Олар әлемдік Мұсылмандар арасында бүгінде жалғасып келе жатқан жоқ па? Ертеңде бола береді... Демек, Құран да солай, Алла ерекше ықылас бергендермен (13) бірге ғасырлардан ғасырларға өтіп бара береді. «Кеһф» сүресінің 54-аятында: «Расында осы **Құранда адам баласы үшін** әр нәрсені ашық-ашық баян еттік. Ал, **адам баласы** көп нәрселерде жанжалшыл», -деген. Жанжалшылмыз! Ашық түсінікпен берілген Аяттарды зерттемей зерттегендерге қарсы дау айтамыз. Осы мінезіміз Шадиярлардан кейінгі ғасырларда бар еді, содан жіктелу басталған, ол, әлі жүрегімізден өшпей келеді.

«Жасия» сүресінің 20-аятында: «**Бұл – Құран адамдар үшін ашық дәлелдер** және нақ сенген елге Жетекші әрі Рахмет», -десе, «Қалам» сүресінде: «Негізінде бұл Құран, **әлемдерге насихаттан** басқа нәрсе емес» (52-а), -дейді. «**Ашық дәлелдер**» екеніне нақты дәлел Пайғамбарлардың қауымдарындағы құйтырқы мінездердің жер бетіндегі, тіпті, өз ортамыздағы адамдарда кездесетіні. Әйтпесе, барлық адам бұл дүниенің байлығы, балашаға ойыншық екенін (14) Саналы түрде мойындап, Ақыретінен үміттер етіп, тек Құранмен жүріп, Құранмен тірлік еткен болар еді.

Бұлардан кейінгі дәлел Мұхаммедтің (с.ғ.с.) күллі адамзатқа келген соңғы Пайғамбар екендігі (15). Басқа Пайғамбар келмейді. Демек, басқа Кітап түспейді. Қолымыздағы Құран ұрпақтарымыздан ұрпақтарымызға жалғасып, мәңгілікке бара береді. Түбі осылай болған соң Аяттар да бүгінгі ғылыммен, өмір Шындығымен түсіндірілуі ләзім.

«Ағраф» сүресінде: «**Әрине, оларға біліп баян етеміз. Негізінде оларға жасырын емеспіз**» (7-аят), -деген. Бәлкім, бізге

енжарлықтан (16) қашу керек шығар. Алла ешкімге зұлымдық (17) етпейді. Сондықтан бүкіл жаратылысты адамзатқа бола дүниеге (18) әкелді. Сонда адамзат ашық Аяттарды біргелесіп болса да дұрыс түсініп, үкімдерін орындап, өздері үшін жаратылғандардың мәнін толық біліп, сақтанатынынан сақтанып, тигандарынан тиылып, рұхсат бергендерін игілігіне тұтынуы-пайдалануы керек емес пе?

Керек-ақ! Алланың Мұхаммедті (с.ғ.с.) жібергендегі және Құранды түсіргендегі мақсаты да (19) осы – Бейіш үшін жаратқан Құлдарының жақсысы Тура Жолды дұрыс түсініп, бұл жалғанның қоқыстары үшін, Иманын сатпайды – сертін (20) қорғап, сол Жолмен Тура жүріп, Бейішке баруы!

«Ібраһим» сүресінің 9-аятында: «...Оларға Пайғамбарлары мұғжизамен келген еді. Олар **саусақтарын ауызына апарып**: «Шынында біз, сендер арқылы жіберілген нәрсеге қарсымыз...», - деген Аяттағы: «саусақтарын аузы апарып», - деген тұсы – ақылы толмаған, көпшілік ортаға араласпаған, тек өз отбасындағыларды ғана танитын, 4-5 жастағы еркебаланың, битаныс адаммен кездескендегі кейпін еске салады. Демек, ол заман мүшріктерінің де ақыл мөлшері балалардікіндей-ақ болғаны ғой. Бұл, Құранның жайлап, 23 жыл бойы, бөлек-бөлек түсу **себебі де** сол уақыттың адамдарының ғана аңына байланысты болғанын және Оны толық түсіну де замандармен бірге сабақтасып бара беретінін байқатады.

Алла замандарды да Құранда Өзі айтқан мөлшермен (21), белгіленген уақытымен, тағдырымен жіберді. Адамның қолында болса, ынсапсыз (22), асығыстыққа жаралған (23) адамзат, 7-8-ғасырда-ақ, Құранның сырын толық түсініп алып, сынақпен өтуі тиіс мыңжылдықтарды (24) тездетіп, үлкен Қияметті әкеледі. Әкеле алмады. Себебі, замандардың келу уақыты Алланың құзырында. Құран түскен дәуірден бері, Аяттардың сырын ашқан қанша оқиғалар, мұғжизалар тарихқа қосылды. Алла: «**Бұл Құран бүкіл әлем үшін бір насихат! Әлбетте, Оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіңдер**» («Сад» с. 87-88-а), - деген. Расында, біздер, өткен замандардан қалған тарихтан Аяттар сырын, әсіресе, Қиямет пен Ақыретке байланысты Аяттардың құпиясын ашқан көп дәлелдерді көреміз. Сол жағынан қарағанда, адамзат тағдырында болатынды жазған Құранды түсіну мен насихаттау

үшін, біз, бір замандардың ғалымдарының пікірлерімен тоқтап қалмай, **әр заманға сай түсініктер беріп (25) баруымыз ләзім!***

Бір айта кетер жайт, Еуропа ғылымы 1870 жылдан діннен бас тартқанмен, онысынан нәтиже шығарып, өздерін көрсете алды. Ал, Исламның уахабизмді қаралағанына екі ғасыр болғанымен, сол жолдың жұрнағын қалқалап, ғылымда өркендемей, әуелгі ғасырлардағы бағанында тұр. Бұл неден? Бұл – Мұсылмандардың уахабизмнен шыға алмағанынан – шынайы Исламдық Жолда еместігінен**. Исламның, арадағы бірлі-жарым сопыларды айтпағанда, екі бағытты: жарылай уахабизм, жарылай атеизм жолын тауып алғандығында. Айырып айтсақ: тиымдары, уағыздары, киінуі, өздерін Иманды етіп көрсету шеберлігі – уахабизмнен, соның ішінде Құрани ғылымға тиым да бар; ал, тіршілігі, материализмге бейім, атеистік көзқарастағы адамдардың түсінігін байқатады. Осы күнгі Ислам адамдарының ықпалды тобы да, осы екі жолдағылар. Мұны олардың ғылым ізденіп Қиямет, Ақырет, өліп-тірілу жөніндегі Шындықтарды айтпайтынынан, әлеуметтік жағдайларынан және Аяттар мен сүндеттерге салқынқандылығынан анық көруге болады.

Париж коммунасы шешімінің Исламға қатысы жоқ еді. Уахабизмнен басын ашықтаған Ислам шынайы Мұсылманшылық Жолымен жүргенде, ғылым жағынан да, мәдениеттіліктен де әлемге үлгі болар еді. Бұған дәлелдер жеткілікті. Солардан бірі – еуропалықтардың бағасы. Ұлы Гёте: «Біздер, Еуропа халықтары, мәдениетіміз айрықша дамығанымен, Әзіреті Мұхаммедтің ұлылығының бірінші сатысында ғана тұрмыз. Оған ешқандай шүбә келтіруге болмайды», -деген; профессор Либридтің: «Егер арабтар тарихсахнасына шықпағанда, Еуропа өзінің алға басуы мен даму деңгейі жағынан бірнеше ғасырға кейін қалған болар еді. Бұған менің сенімім кәміл», -деген; Бруифульдтің: «Ғылым – бұл, бүгінгі әлемге Ислам өркениеті әкелген ғажайып сыйлық. Бүгінгі Еуропа жетістіктерінен Ислам мәдениеті әсер етпеген

* «Тақуалыққа бастар жолы» және «Құрандағы Қиямет пен қиялдағы Қиямет» атты кітаптарымызда айттық.

** «Мүтәшәбиһ аяттар». «Құран экзегетикасы...», 24-бетінде; С. Сейтбеков «Иман негіздері» кітабында «Ақырет күніне иман» 329-бет және Ержан Малғажыұлы «Таным тұғыры» 4; 36-37; 46-47-беттер.

бірде-бір саланы таба алмауымыз бекер емес», - деген түйіндері – өздерін лажсыз мойындатқан Әділдіктің сөзі.

Өткен замандардың тәпсірші, шариғатшы ғалымдарына өкпе артудан, пәтуалары мен Құран Аяттарына берген түсінігін сынаудан аулақпыз. Оларға Рахмет! Өз замандарына жараса талдап, Құранды ғайридіндерге ұқсап бұрмаламай бізге жеткерді. Бірақ, олар, Құранда судың астында перде бар (26), аспан мен жер түйіскен еді (27) деген және тауды жердің қазығы еткені (28) туралы Аяттарды оқығаны оқыған күйі, естігені естіген қалпы осы тұрысында сенген. Дәлел талап етпеген. Талап еткенмен, бүгінгі ғылымдай көрсетіп бере алмайды. Сондықтан, ол ғалымдар: «Бұдан әріге баруға болмайды!» - деп, өз заманына жараса пәтуа жасаған. Бұл үшін біз оларды кінәлай алмаймыз.

Бүгінгі өркениетті заманда («Сад» с. 87-88-а) бұлар анық болып отыр. Мұны оқып ізденіп білмей не біліп отырып әдейі жасырсақ, пенделер Исламға күмәнмен қарайды. Бұл үшін Шындық ашылғаннан кейін оны айтпаған біздер күнәкар боламыз. **«...Алланың, Періштелердің әрі біртұтас адамдардың қарғысына»** қаламыз (29).

Ал, Құраннан не Исламда нені түсінбей қате істеп жүрсек, тағы қайталайық, барлық күнә өзімізден. Біз Аяттар арқылы білеміз, Құран – жер бетіне сынаққа келіп-кете беретін бүкіл адамзатқа ортақ Жолбасшы (30). Ислам ғалымдары өздерінің пікірлерін адамзатпен бірге жасайды, - деген. Себебі, ол ғалымдар олай деп айтуға, замандардың Иесі – Құдайдан қорыққан. Алланың үйретуімен адамзаттың санасы дамидынын, содан ғылым өркендеп, мәңгілік бойы болатынды айтқан Құранның сырлары ашылатынын жақсы білген. Тек біз (1992-2023 ж) және бүкіл Мұсылман әлемі ғана заманымыз бен Исламды үйлестіре алмай, халықтың сенімі мен Исламның ортасына сызат салып отырған. Жастарды сандалған ағымдардың жетегіне беріп қоюымыздың себебі де осы салғырттығымыздан. Егер Құран Аяттарын тарихпен, заманмен, ұлттық салтпен, дәстүрлермен, ғылым жетістіктерімен – жаңалықтарымен, күн сайын елімізде, әлемде кездесіп жатқан мұғжизалармен, оқиғалармен байланыстырып баспасөздерде жазып, мешіттерде, көпшілік бас қосқан ортада айтып отырсақ, Құранды да, Исламды да күмәндардан арашалап, үлкен сауаптарға қалар едік. Жетістіктерге жетер едік.

Құранды да, дүниәуи ғылымды да теңдей оқыған, білімі көп біреулер, ғылым сырын ашқан Аяттар мәнін біліп жүр. Бірақ, имамдардың уағызы мен өзінің оқып білгені үйлеспейді. Сондықтан олар Исламды насихаттаушыларға сын көзімен қарайды. Уағыздар өмір Шындығымен, ғылым жаңалықтарымен байланыстырылып айтылмағасын, діндарларға іштей ренжиді. Нәтижеде, «Шығасыға иесі себепші»-демекші, дін Жолында ағымдар көптіктен кімге сенерін білмей жүргендер, өздерін Исламнан алыс ұстайды.

Осы сөзімізге нақты дәлел айтайық. Халық қаһарманы, КСРО халық әртісі, мемлекеттік сыйлықтың иегері Асанәлі Әшімов: «Еліміз егемендік алғаннан кейін дініміз бен төл мәдениетімізге бір жола бетбұрыс басталды. 1990 жылы дін мәселелерімен шұғылданатын діни басқарма дүниеге келгенімен, басшыларының білімі мен біліксіздігінің кемшіндігінен қалыптасуы тым баяу жүрді. **Олардың пендешілік іс-әрекеттерін көріп, мен де діндарлардан шет жүруге тырыстым...**

Ислам ең алдымен білім – ғылым. ...Қазір халықтың бәрі сауатты, оларды құрғақ сөзбен иландыра алмайсың. Сондықтан бүгінгі діни қызметкерлер тек діни білімді ғана емес, дүниәуи ғылымды да меңгеріп, көзі ашық, көкрегi ояу болғаны абзал. Ол үшін үнемі ізденіс қажет...» («Ғұлама». «Ислам және өркениет» 2012 ж. 30-сан),-дейді. Бұл – көрініп тұрған Шындық. Сол үшін бүгінгі діни оқу орындарына да, имамдарға да заманаға сай жаңару ләзім. Сол кезде халық олардың сөзіне – уағызына жүректен сенетін болады. Өздері де көп сауапқа қалады.

Осы тұста ізімізден қайтып, жаңағы айтқан – Құрани ғылымға тиымға – «Құран экзегетикасы...» атты кітаптың 24-бетіндегі, «Мүтәшәбиһ аяттар (Мағынасы ашық емес аяттар)» атты тақырыпқа тоқталайық. Онда: «Мүтәшәбиһ аяттарға қатысты алғашқы кезеңде ешқандай дадау туындамаған. Құран араб тілінде түскендіктен және сахабалар араб тілін жақсы білгендіктен, мүтәшәбиһ аяттар жайлы көп толғанып, оның астарына үңіле бермеген. Расында, Құранда, Сүннетте айтылған хабарлардың барлығы – хақ. Оған мүмін жандар илануы тиіс. **Бірақ, бізге жүктелмеген астарлы мағыналы ұғымдарды білуге талаптанып, оған өзімізше мағына беруіміз әсте дұрыс емес.** Жалпы, шынайы момындар (өзі осылай – екі жерде екі түрлі жазған. Ав-

тор.) мүтәшәбиһ аяттардың астарынан ши шығарып, одан даудайға тұздық болатын шетін мәселе туғызбайды. Өйткені, олар мүтәшәбиһ аяттарда Хақ Тағалаға лайық мағына бар, оны Жаббар Хақ жақсы біледі, деп ұғынады немесе ғалымдарымыз түсіндіріп берген мағынада түсініп, соған иман келтіреді»,- депті. Мағынасы айтпаса да түсінікті. Біздің ғалымдарымыздан күткеніміз көп. Бірақ, олар өздерінің ұстаздарының айтқанына түсінік бергеннен өтіп (силсила), жаңа бірдеңе жеткере қойған жоқ. Керісінше, осындай – бұрынғылардың өз заманына жараса түсіндіргенін айтып, ізденушілерге тосқауыл жасау бар.

Осындағы: *«...сахабалар араб тілін жақсы білгендіктен, мүтәшәбиһ аяттар жайлы көп толғанып, оның астарына үңіле бермеген...»*,-деген, сөйлем не мағына беріп тұрғанына көңіл бөлейік. Сахабалардың кезіндегі Аяттар түсіндірілген араб тілі мен бүгінгі араб тілінің айырмашылығы бар ма екен? Я бүгінгі арабтар өз тілін жақсы білмей ме? Бәлкім, ғылым мен мәдениеттен жұрдай дәуірде жасаған сахабалардан гөрі, бүгінгі арабтар өз тілін жетік білетін шығар... Және *«...бізге жүктелмеген...»*,-деген сөз де өте қызық! «Бақара» (44-а), «Мүминұн» (68-а) сүрелерінің арнаулы Аяттарына қарсы. Екіншіден, Алланың біреулерге сынау үшін дәрежелер беруі (31), бір адамдарды бір адамдар арқылы қорғауы (32), бір адамдарға білім мен Хикмет беруі, ғалым, имам болудай қабілет (33) беруі – Құранды түсіндіруді жүктегені емес пе? Халқымызда: «Би айтқан сөзді құл да айтады. Бірақ, құлдың аузының дуасы жоқ»,-деген мақал бар. Сол айтпақшы, Құдайдың біреулерге елден ерекше Имандылық қасиетін беруі – оған Құранды түсіндіру жүктелген, деген сөз. Сендердің жақсыларың – өзгелерге Құранды үйреткендерің, деген хадистің мағынасы, Аяттарды жаттау ғана емес, Олардың мағынасын жетік түсіндіру.

«Нешеме ғасырдан келе жатқан бұрынғылардың ілімін*, біз жоқ қыламыз ба?» -деп, дау көтерушілер де кездеседі, әлбетте. Олардың ілімін білудің зияны жоқ. Керісінше, олардың тәпсірі мен бүгінгі дәлелдерді салыстырып, «Сад» сүресінің 87-88-аяттарының және баста айтқан «Бақара» сүресінің 78-79-аяттарының және басқа Аяттардың Шындығына

* «Бақара» (170-а); «Мәйда» (104-а); «Лұқман» (21-а); «Шұғара» (74-а) сүрелерінде айтқандай, сол «бұрынғылар» дұрыс ілім айтқан болса, бүгінде Ислам әлемді жаулаған болар еді.

көз жеткереміз. Ал, Құранды уақыттың мұғжизаларымен, ғылымымен дәлелдеп түсіндіру – Оны жаңа ғасырға әкелумен бірге, Оның мәңгі жалғаса беретін адам баласына түскенін дәлелдеу және Оның Шындығына күмәнданушыларды күнәдан арашалау болады.

Біз Құрандағы парыздар мен әдептіліктерді, өсиеттерді айтамыз. Алайда, Оның өмір сүру пәлсапасы екенін, күллі ғылым, білім атаулының қайнары екенін тілімізге алғанмен дәлелдей алмай келеміз. Мұны ғайридіндер дәлелдеп бергенде ғана: «Иә, Құранда айтылған...», -деп өзіміз бірдеңе зерттеп тапқандай ыр-жиямыз. Осынымыз Аллаға, Құранға Кәлима келтірген Құл атымызға лайық емес («Жұма» с. 5-а).

Өнеге алып жүрген тәпсірімізге қайтайық. Мәселен, «Рахман» сүресінің 33-аятында: **«Әй, жын мен адамзат тобы! Көктер мен жердің шектерінен өтуге шамаларың келсе, өтіңдер. Өте алмайсындар! Бірақ, бір қуатпен өте аласындар»**, -деген, «Иасин» сүресінің 42-аятында: **«Әрі олар үшін сол сияқтыдан мінетін көліктер жаратуымыз (да бір белгі)»**, -деген. Дәлелдері болмағасын олар, бұл Аяттарды мүлде басқа мағынада түсінген, түсінбесе: «Бұл – осылай, бұдан әрі мұның ізіне түсуге болмайды! Мұнда: **«...Хақ тағалаға лайық мағына бар, оны Жаппар Хақ жақсы біледі...»** – деп тиып тастаған. Негізінде бұл Аяттарда айтылғандар – ракета және бүгінгі техникалар.

Мәселен, «Дұхан» сүресінің 10-аятына тоқталайық. Аятта хабарларға сенбеушілерге: **«...ендеше, аспанның бір ашық түтін келтіретін күнін күт»**, -деген. Мұны Халифа Алтай ағамыздың аударма түсінігінде: «Қуаңшылықтан аш қалған елдің көздері бұлдырап, жер, көктің бұлыңғыр көрінетін күні. Немесе қиямет белгілері түрінде қаптайтын қара түнек Б.Ж.М.К.Р.», -деп түсіндірген. Бұл сол кездегі ғылымы жоқ ел үшін жақсы түсінік еді. Ал, 1946 жылғы Херосима, Нагасаки оқиғасын, атом бомбаларын, неше түрлі ядролық қарулар түзілісін білетін біз мұны, ол түсініктен айырып, Шын мәніндегі мағынасында түсінеміз. Ол ешқандай «Қуаңшылық... көктің бұлыңғыр көрінетін күні... қара түнек» те емес. Ол – күнәкарларға ажал әкелетін **«...ашық түтін...»** – ядролық қару.

Жердің қандайлығы жөнінде олар: **«Жерді бір төсеніш қылмадық па?»** («Нәбә» с. 6-а) немесе: **«...жерді төседі»**

(«Назиғат» с. 30-а),-деп оқығандай ғана түсінді. Сондықтан: «Жерді өгіз көтеріп тұрады. Бір мүйізі талғанда екіншісіне ауыстырады. Сол кезде жер қозғалады...»,-дегендей, қате уағыздар жүргізді. Құранға Кәлима келтіре тұра «Бақара» (44-а), «Мүминұн» (68-а) сүрелерінің ескертулеріне қарсы амал жасады. Шындықтың сөзін тыңдамады – халықтан жасырды. Нәтижеде Алланың нығметтерінен құр қалды.

Әйтпесе, алғашқы Ислам ғалымдары XII ғасырда зеңбіректі өндіріске әкелген еді. Әл-Беруни «Ағраф» сүресінің 54-аятындағы: «...күндізді бүркеген түнді...»,-деген, «Рағыз» сүресіндегі: «...Түнді күндізге жабады...»,-деген Сөйлемдерден пікір түйіп және зерттеулер жүргізіп, жердің домалақ екенін, оның тартылыс күшін дәлелдеп берді. Кейінгі Мұсылман ғалымдары «Әли Ғымран» (102-103-а), «Шура» (13-а) сүрелерінің бөлінбеу хақындағы Аяттарынан өздерін жоғары ұстап алауыздық етіп, бүгінгі жүзшіл, жікшіл қазақтар сияқты бірін-бірі күндеп жүргенде, зеңбірек жасау әдісі де, жер құрылысының дәлелі де қолжазбалар арқылы **ауызбіршілікті, ғылымшыл, еңбекшіл, бос сөзінен оқығаны көп еуропалықтардың қолына түсті.** Олар және бірсыпыра сүзгіден өткеріп, бұл ғылымдар жайында әлемге жар салды.

Негізін өз діндес бабалары ашқан Мұсылмандар, бұл Аяттардың нақты мағынасын еуропалық ғайридіндер ғылымы арқылы білді. Осыны Мұсылман ғалымы ашып, халыққа: «Бұл Құранда УІІ ғасырда-ақ айтылған. XII ғасырда дәлелденген. Абай бабамыздың, Исаак Ньютонның тілімен айтқанда, бүгінгі ғылым тек Алланың ғылымын қайталап келеді...»,-деп, дәлелдеп беріп отырсақ, «Құран бұрынғылардың әңгімесі»,-деп жүргендердің көкрек көзін ашқан болар едік.

Автор: *«Мүтәшәбиһ аяттарға қатысты алғашқы кезеңде ешқандай да дау туындамаған... мүтәшәбиһ аяттар туралы көп толғанып, оның астарына үңіле бермеген...»*,-депті. Олардың үңіле бермегеніне кепілдік жоқ. Біздіңше, Мұхаммедті (с.ғ.с.) сөзден тоқтатудың жолын іздегендер бұл Аяттарды шартты түрде сұраған. Мұхаммед тарапынан, олар шын жүректен сенетін нақты жауап та болған. Бірақ, кітабымыздың кіріспесінде айтқанымыздай себептермен және басқа біз білмейтін себептермен, олар жоғалған болуы ықтимал.

Екінші тараптан, Момындар Алланың жалғыздығын біліп, Оны мойындап, өздерінің тастай қараңғы түнектен жарыққа шыққан (34) қуаныштарымен шектеліп, оның үстіне Пайғамбарымыз Мұхаммедтен (с.ғ.с.) «Сад» сүресінің 87-88-аяттарын есіткесін, оның мағынасын дұрыс түсініп, сұраудан тоқталған болар.

Негізі мұндай Аяттар сұралмай қалмайды. Сол надандық дәуірінде, Санасында саңылауы бар адамдар ғана Мұхаммедтің туының астына бірікті. Олар шартты түрде бұл жұмбақтар сырын сұрап, білді, сосын Исламға келді.

Екіншіден, олар Құранды: «Бұл біздерге ғана түсіп тұрған Шындық!»-деп, еш күмәнсіз қабылдады. Олар Нұх, Һұд, Салих, Ібраһим, Лұт, Шұғайб, Мұсалардың (ғ.с.) қауымына байланысты айтылғандарды: «Бұл солардың қылығы, оқиғасы», - деп, Аяттарды бөлмеді, керісінше, сол қауымдардағы мінез өз замандастарының бойында да барын зерттеп түсініп, олардан сақтанды, Аяттардан оң ғибрат алды. Кейбір мінезі терістері өзін түзеді. Кейін, бізге белгісіз бір замандардан: «Бұл Құран кешегі Мұхаммедке және Оның замандастарына түскен. Мына Аят тек Мұхаммедтің Өзіне келген, ал, мына Аяттар баяғы, Исадан да бұрынғы Пайғамбарлардың қауымына тиесілі...», - деп, Аяттардан өздерін алыс ұстау пайда болған. Құраннан парыздар мен фикһты ғана алып, қалғанына өткеннің оқиғасы сипатында қараған. Осы жаман әдет кең жайылып, Мұсылманшылықты әлсіретті. Бүгін заман ғылымы дамыды дегенімізбен, осы надандық әлі Санадан жоғалмай келеді. Сондықтан Ислам әлеміне береке бұйырмай тұр.

Біздің замандастарымызға да астарлы Аяттардың мағынасы ауадай қажет. Себебі, бұлар Алланың барлығын, жалғыздығын білгендерімен, сенімдерін бекіте алмай келеді. Өйткені, бұлардың егде буыны – 1991 жылы ғана құдайсыздар құрсауынан шыққандар; екіншіден, дүмше діндарлар мен адасқандардың, Алланың қаһарына ұшырағандардың ортасында өмір сүруде; үшіншіден, Ислам хақында, жалпы дін туралы дүдәмел ақпараттар көп; оның үстіне, Ауғанстанды айтпағанда, Ирак, Ливан, Иемен, Сириядай Мұсылман мемлекеттерінің тағдырын көріп отыр. Сондықтан бұлар Ислам діні туралы нақ

шешімге келе алмай қалың ойдың астында. Біреулерінде күмән басым. Олар күні-түні Аяттардың Шындығын іздеп сарылуда. Исламнан шалғайды шорт кесуге Алланың барын жүрегі сезеді – түбі алдына баратынын біліп қорқады; құлай кетіп құлшылық қылайын десе, Ислам мемлекеттеріндегі келеңсіз жағдайларға қарап шошып түседі. Сол үшін біз ғылымнан, өмір дәлелдерінен білгендерімізді ортаға салып, замандастарымызды мазмұнсыз ой мен күмән азабынан құтқаруға міндеттіміз.

Жаңбыр жайына тоқталайық. «Нұр» сүресінің 43-аятында **«Көрмейсің бе? Алла (Т) бұлттарды желмен айдап, сосын олардың араларын біріктірді. Сонан соң, бұлттарды қабат-қабат қылады. Сонда бұлттардың араларынан жаңбыр тамшыларының шыққанын көресің...»**,-дейді. Қараңғылықта жасап жатқан халыққа – биология, физика, химия ілімінен хабарсыз жұртқа Аяттар осылай түсірілді. Олар найзағайды Алланың кереметі деп қана қабылдады. Ол туралы басқа ештеңе білмеді. Ал, ой-пікір еркіндігі арқылы ғылымды дамытқан басқалар, сутегі мен от тегінің хислатын, ауа қысымының әсерлерін айтса, америкалық ғалым Бенджамин Франклин (1706-1790 ж.) 1752 жылы бұлттарда қарама қарсы қуаттар болатынын анықтап, олар қосылғанда түрліше: күркіреген, тасырлаған, шатырлаған дыбыстар есітіліп, арасынан от-ұшқын, біздіңше найзағай жаралатынын, желмен (35) жерден көтерілген қуаттардың нәтижесінде бұлттан тамшылар пайда болып, жаңбыр жауатынын әлемге түсіндірді.

Сондай-ақ, бір арнадағы, құрамы екі басқа судың арасында, оларды бір-біріне қоспайтын перде (36) бары, жерді төсеп, шайқалмауы үшін тауларды қазық (37) етіп бекіткені; көктің жеті қабат (38) екені; әуелгі жаратылыста көктер мен жердің бір болғаны (39); **«Жын»** сүресінің 8-аятында: **«...атылған жалындарға толтырылған түрде таптық...»**,-деген, Алланың хабарын; «Рахман» сүресінің Алланың екі күн шығыс пен екі күн батыстың Раббы екенін айтқан 17-аятын; «Мүжәдала» сүресінің 21-аятындағы: **«...Мен және Елшілерім жеңіске иеміз...»**,-деген ескертуін; өрмекшінің үйінің өте әлсіз екенін (40), тағы-тағылар айтылған Аяттардың барлығының күмәнсіз Шындық екенін де солар дәлелдеді. Бұл – ой-пікір еркіндігінің шәрапаты. Ал, біздің

діндарлар: «Адамның ақылы шектеулі», -деп, мұндай еркіндікке жол бермей келе жатыр*.

Әйтпесе, Алла Құранда бұл ғылымның барлығын үйреткен. Алғашқы ғасырлардағы Ислам ғалымдары оны дамытты. Сондықтан Ислам іліміне риза болған профессор Либри: «Егер арабтар тарих сахнасына шықпағанда Еуропа өзінің алға басуы мен даму деңгейі жөнінен бірнеше ғасырға кейін қалған болар еді. Бұған менің Иманым кәміл», -деген болса, ой-пікір еркіндігін жақтаған сол Еуропа бүгін әлемге Құранның Шындығын дәлелдеп келеді. Осы жағынан алғанда, біз оларды ғайридін дегенімізбен, Құдайдың өздері үшін белгілеген Жолымен («Мәида» с. 48-а) дұрыс жүріп, Шындыққа көз жеткеру үшін ерінбей ғылым ізденіп, Құранның сырын ашып жүрген олар, Алланың алдында, *«...бізге жүктелмеген астарлы мағыналы ұғымдарды білуге талаптанып, оған өзімізше мағына беруіміз әсте дұрыс емес»*, -деп ұстаздарының айтқанын қайталаудан танбай, қол қусырып («Жұма» с. 5-а) отырған Мұсылмандардан Ардақты (41) болар?!

Қолымыздағы бір ғана көкүннің бүгінгі адам баласының мүшкілін жеңілдетуге қаншалықты пайдасын тигізіп отырғанын ойлаңызшы! Ол – алдымен тілдесіп, хабарласу құралы әрі адастырмайтын әдріс, ол – сағат орнына сағат, ол – қолшам, ол – ғаламтор, ол – кітапхана, ол – радио, ол – фотоаппарат, ол – диктофон, ол – бейнетаспа, ол – есептегіш, ол – күнпарақ, теледидар, театр, айна, сурет альбом... Сонда дінін де орнымен ұстанып, ғылымын да еркімен қолданып жүрген оларға біз кінә таға аламыз ба? Осы қасиетімен олар, «Мәида» сүресінің: *«...Жақсылыққа жарысындар...»* (48-а), деген үкіміне сауатты амал жасап, Алланың таңдағаны болған (42) бізден озып, әлемдік мәртебе иеленіп, түгел құрлыққа ықпалын жүргізіп отырған жоқ па?

Егер Мұсылмандар о бастан: «Адамның ақылы шектеулі», -деген надандықта болмай, қара матаға оранбай, ғылым мен мәдениетте ғайридіндерден, құдайсыздардан алда тұрғанда, біріншіден, Ислам мемлекеттерінде әділдік салтанат құрар еді; екіншіден, әлемде Мұсылмандардың саны көп болып, ықпалдылыққа жетер еді.

Және бір дәлел. Алланың үкімінсіз шөптің де ұшы сынбайтынына кез келген Мұсылман келіседі. Алла Құранда біреулер

* Елшілердің жеңіске ие екендігіне, Майкл Харт «Тарихтағы жүз тұлға» кітабындағы жүз тұлғаның арасынан Мұхаммедтің (с.ғ.с.) бірінші орын алуы; ғалымдар бұған келіспегенмен манитордың «ерегесіп» тұрып алуы – бір дәлел.

арқылы біреулерді жазалайтынын (43) ескерткен. 1946 жылы Нагасаки, Херосимаға атом бомбасы тасталғаны тарихтан белгілі. Құранның «Ахқаф» сүресінің 24-аятында: «...олар апаттың далаларына қарай бұлт түрінде жайылып келе жатқанын көрген сәтте: **«Бұл бізге жанбыр жаудыратын бұлт»**,-деді. (Һұд ғ.с.): **«Жоқ, ол, сендердің асыға тілегендерің, ішінде жантүршігерлік азабы бар, бір боран»** (деді). Раббының әмірімен әр нәрсені тас-талқан қылады. Сонда олардың жұрттарынан басқа еш нәрсе көрінбей қалады...» немесе «Рахман» сүресінің 35-аятында: **«Сендерге түтінсіз жалын, отсыз түтін жіберіледі. Өздерінді құтқара алмайсындар»**-деген Аяттарының Шындығын да, оқуы көп, сұрауы көп, ой-пікір еркіндігін кең пайдаланғандар, осы бомбалар арқылы дәлелдеді. Ал, Мұсылмандар болса, Құранға адамдарды күмәндандырумен ғана шектеліп, олардың Мұсылмандардан жиреніп, ғылымшыл, жаңашыл ғайридіндерге еруіне жол қойды. Тіпті, Ислам атын жамылған бүлікшілердің пайда болуына ерік берді... Бұдан да ұятты жері, Құран Шындығын Алланың таңдап Құран берген Мұсылмандары емес, ғайридіндер дәлелдеп отырғаны әрі олардың осы артықшылықтарымен Мұсылман жұртының беделін түсіріп келе жатқаны.

Сөйтіп, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.), жоғарыдағы ғылым іздеу хақындағы хадисінің Шындығын да, білмегені білгенінен сұрай беретін, білімдісі сұрақтарға жауап беру үшін оқи беретін, Құдай берген ерік күшін толық пайдаланған ғайридіндер тастықтады. Егер олар химия ғылымы туралы: «Кезінде Ломоносов айтып кеткен. Оның айтқандарынан әрі өтіп, бірдеңе деуге болмайды»,-деп, не физика ғылымы туралы да Ньютон айтқаннан өтуге болмайды, деп отыра бергенде ғылым бүгінгі дәрежеге жетер ме еді? Жоқ! Ғалым Ломоносовтың да, Ньютонның да еңбектері әр ғасырға сай жаңа түс алмай, өздері жасаған ғасырлардың сүрлеуінде шаң басып жатар еді...

Мәселен, Николай Коперниктің «Аспан сфераларының айналуы» кітабының «...кейбір кемшіліктері, кейіннен И. Кеплер мен И. Ньютонның еңбектерінде түзетіліп толықтырылды...»-деген (ҚСЭ 5-т. 586-б).

Осы сияқты Мұсылмандар да Құран тәпсірлерін Аяттармен салыстырып, әр заман жаңалығымен, өмір Шындығымен салыс-

тырып түсініктерін кеңітіп беріп отырғанда, VII ғасырда адамзат Санасында түбегейлі өзгеріс жасаған Ислам, күллі әлемге үстемдікке тек ғылыммен, мәдениетпен ғана өтер еді.

Өйтпеді!...

Өтпеді!...

Өте өкінішті!...

Өткен өз жөніне қалсын. Кінәлілерді Алла кешірсін. Енді біз жаңаруымыз керек. Атақты академик А. Сахаров: «Мен атом энергиясымен бекер айналысыппын. Мен сопылықтың «Кратовый нара» теориясымен шұғылдануым керек еді. Оны меңгергендер бір құрлықтан екінші құрлыққа, бір планетадан екінші планетаға көзді ашып-жұмғанша бара алады. Құрлықтың әр жерінде бір мезгілде көрінуге болады. Өмірдегі өкінішім осы», -депті («Егемен Қазақстан» 14-01. 2019 ж. Ө. Оралбайұлы). А. Сахаровтың мұны оқыған шәкірттері бұл өкінішті жай қалдырмайды...

Бұл мәселеде біздер де ойлануымыз ләзім. Бізді Мұсылман қылып жаратқан Алланың бізге дайындаған сыйлығы көп. Соның бірі – ғылым сыры, Академик А. Сахаров армандаған «Кратовый нара» теориясы. Міне, осыны біз меңгеріп, өзімізді дәлелдейік.

Бұл дәлелдеу Ислам туралы, Құран хақында айтылған жалғандарды жалғанға шығарып, Құранның ғылым, Алладан келген Кітап екендігін дәлелдейді. Нақтап айтқанда, «Кратовый нара» теориясын меңгеруден біз үш Шындыққа көз жеткереміз: бірінші – Алланың барлық жерде бар екеніне; екінші, «...Құрлықтың әр жерінде бір мезгілде көрінуі...» – адамзаттың Алланың жердегі Орынбасары екеніне; үшінші – Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Миғражға көтерілгеніне.

Бұл – Алладан үміті бар адамзат үшін аса маңызды дәйектер. «Кратовый нара» теориясын меңгергенде біз – адамзатқа, Шындықты дәлелдеуімізбен бірге, Аллаға жақындай түсеміз.

Мұсылман жұртының Құранды зерттеуге тиым салуы «Бақара» (44-а), «Мүминұн» (68-а) сүрелерінің және Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ғылым іздеу хақындағы тапсырмаларына қайшы. Мұнымен біз Құранның беделін түсіріп, адамдарды Исламнан қашырып Алланың қаһарын шақырумен келеміз. Сондықтан 1977 жылдардан Ауғанстан, жаңа ғасырдан бастап Ирак, Ливан, Иемен, бүгінде Сирия мемлекеттері (2003-2019 ж) Алланың қамқорлығынан («Хаж» с. 38-а) алыста қалып, халқы едәуір азап көруде... Бұл –

әңгіменің шынын айтқанда «Бақара» сүресіндегі: **«Негізінен Біз ап-ашық үкімдерді әрі Тура Жолды Кітапта адамдарға баян еткеннен кейін жасырғандар, соларға Алла лағнет етеді әрі барлық лағнет етушілер лағнет етеді»**, -деген 159-аяттың үкімі. Әйтпесе, уәдесіне берік Алла, «Хаж» сүресінің 38-аятында Өзі айтқандай, Иман келтірген оларды қорғар еді. Аяттағы **«жасырғандар»** – жаңа айтқан ғылым іздеу хақындағы Аяттар мен хадистерді насихаттамағандар, халықты ескі тәпсірлер аясында ұстап отырғандар.

XXI ғасыр бізден осы алдыңғы ғасырлардан жабысқан, аңқаулық пен салғырттықтан ортаны үзіп, Рухани тоқыраудан шығуды сұрап отыр. Егер біз Мұсылмандар, жаңаша ойлап, Құран мен Исламды танудың кең көзқарасты жаңа сатысына көтерілмесек, «...Кітап артылған есек тәрізді...» («Жұма» с. 5-а) өмірімізде бұданда ауыр масқарашылықтар орын алуы ықтимал («Ісра» с. 8; «Әнфал» с. 38; «Мүжәдала» с. 5-а). Көп халықтың, жазықсыз жастарымыздың обалына қаламыз.

Ислам зерттеушілері* о баста, Андалусия елі Мұсылман кезінде, еуропалықтар медреселерде білім алып, Құранды толық үйренген. Сосын, Құранның ғылымын ғана ұстап қалып, шариғатын тастаған, деп жазған еді. Сонда олар ғылымнан не алып кетті? Сол Құран қолымызда қалды ғой, неге солар біліп алғанды біз білмейміз? Біздіңше, бұған себеп, Мұхаммед әл-Абд ибн Уахабтің (1703-1787 ж.) Ислам идеологиясын басқарған, 44 жылдық кезеңі айыпты**. Сонда Уахаб көп нәрсеге тиым салған... Соның бірі – ғылым. Яғни, әбжат сандардан пайдаланып, ғылым ашу. Сондықтан біз, жоғарыда айтқандай, Аяттарға **«...өзімізше мағына беруіміз әсте дұрыс емес...»**, дегеннен гөрі, ғайридіндерден үйреніп әрі өзіміз Аяттарды терең түсініп, әбжат сандардан пайдалансақ, ғылымның тісі батпай жүрген талай сырды ашар едік.

Әбжат саннан ойға келетін және бір құпия – бір мағыналы Аяттардың әр сүреде түскені. Алла Аяттардың қайталанатынын ескерткен. Бірақ, әр сүределігі ой салады. Бәлкім, бұл дахимиялық элементтердің орналасу тәртібінің, әр элементтің массасына-

* «Иман» журналы мен «Ислам және өркениетте» жарияланған зерттеулерден.

** «Ислам. справочник» Усманов. Ташкент.

байланысты болатыны сияқты, бізден зерттеуді талап еткен бір тақырып болар?! Біз бұл сырларды біліп, амалға асырсақ, нағыз Тақуалық, ғалымдық сонда дәлелденер!

Әбжат сан деген не? Бұл – Құрандағы әрбір әріптің, химиялық элементтердің (реттік, атом, электрон) саны тәрізді саны. Мұны Ақжан Машани атамыз «Әл-Фараби мен Абай» кітабында «Хадид» сүресінің әбжат санымен түсіндірген. Біз білетін үлкендер Құран ашқанда, келушінің әкесінің, өзінің атын сұрап, жазып есептейтін, сосын Құран ашып, жол-жөн айтатын. Атақты Әмір Темір бабамыз, жорығының алдынан Құран ашатынын жазған. Демек, бұл әбжат санды қолдану, ғылымда көп жаңалықтарға қол жеткеруімізге жол ашар. Сол кезде халықтың жүрегіндегі, Құранға деген күмәнді жойып, Құранның расында да ғылымның қайнары екенін дәлелдер едік.

БАҚ-тарда Аяттардың уақытпен үндестігін дәлелдерлік мақалалар, хабарлар көп кездеседі. Аяттардың қазақша мағынасын жатқа білмегесін, бұларды оқып отырып, қымбат бір құндылықты қолдан шығарып аламыз.

Егер Аяттардың қазақшасын жатқа білсек, баспасөздерден, кітаптардан оқыған бір сөзіміздің бос сөз еместігін зерделеп, Рухани байи берер едік. Және олар арқылы, Аяттардың бізге және бізден кейінгі барлық адамзатқа түскен Тура Жол екенін сезінер ек. Нәтижеде, Ереже-Жолы мәңгілікке тұрақты бекітілген Ислам, уақытпен үндесіп, жаңа заман адамының Санасы жаңарады. Сонда біз елімізді бұзық ағымдардың уағызынан, ылаңынан тазалаймыз. Қылмыс та өз-өзінен жоғалады.

Енді осы жерге дейін айтқандарымызды бірнеше дәйектермен дәлелдейік.

Біз Исламды кең насихаттап, жұртшылықтың жүрегіне жеткеру үшін барымызды салған боламыз. Бірақ, айтқандарымыздың сапасы қалай? Осыған бақылау жасамаймыз. 2007 жылы оразаның кезінде, Тарауихтан қайтып келе жатқанымызда, Радж інім: «Мен сауда жұмыстарымен Ресей жерлерін көп аралаймын. Мәскеудің өзінде және басқа мешіттері бар қалаларда шартты түрде Жұма намазына қатысамын. Сонда маған мәскеулік имамдардың уағыздары қатты ұнады. Аяттарды өмірде болып өткен және осы күнде жүз беріп жатқан нақты дәйектермен байланыстырады. Мешіттен жаныңа Рухани қуат алып қайтасың...», -деп, ол,

сол қалада көптеген ғайридіндердің Исламды қабылдап жатқаны да сол уағыздардың әсерлілігінен екенін айтып, өзіміздегі бірсыпыра имамдардың уағызына көңілі толмайтынын байқатты.

Расында, елімізде көптеген мешіттерде намаздарда боламыз, Жұма намазына бару мүмкіндігі туып қалады. Уағыздар барлық мешіттерде, өзіміз Құранда, хадистер жинақтарында оқып, мағына мазмұнын ежіктеп шаққан Аяттар мен Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) хадистерін қайталаумен уақыт алады. Тыңдаушы әсерленетіндей емес. Бейне, сол уағыз айтушы да, әйтеуір уақыт өткеру үшін жаттап келгендей...

Бәлкім, халықтың талғамын ескеріп, бұдан былайғы кезде, уағызды тек айтумен емес, сұрақ-жауаппен өткеру әсерлі болар.

Біздің кеңес үкіметіне дейінгі әдебиетіміз, Иләһи іліммен сусыны қанықтырылған әдебиет болып, мектеп көрмеген халықтың көкірек көзін ашқанын, әдебиеттерден оқып жүрміз. Мұны Мұхтар Әуезов атамыз былай жеткереді: «Қазақ ортасына ісләм дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүюі себеп болды деген, дұрыс пікір. Елге не жайылса да әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біреуіне түскен соң ғана жайылатын болған. **Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса, ондайды ел тыңдамаған да, ұқпаған; ықылас қоймайтын болған.** Сондықтан мұсылманшылық діні де қазақ елінің табиғатына, ыңғайына қарай ұйысып келген. Бұған ескі әдебиеттегі толып жатқан киссалар дәлел», – дейді (Мұхтар Әуезов шығармалар жинағы, 16-том, 49-бет).

Осы айтылғандай, «...құрғақ үгіт болса, ... тыңдамаған, ұқпаған; ықылас қоймайтын болған», аталардың бүгінгі сауатты ұрпағы да, барлық замандардағы тұқымы да сондай – Аяттар мен хадистерден гөрі, соларды бүгінгі уақытпен байланыстырған, ғылыми дәлелі бар, нақты дәйектерге негізделген, шешендікпен жеткерілген уағыздарды тыңдағысы келеді – тыңдайды. Жүректер өзінің бәһәрін ашатын (44) Кәусарды қалайды.

Мұхтар атамыздың осы сөзін білетіндер: Қожахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұн, Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Абай, Шәкәрім, Мөңке би, Шортанбай, Мәшһүр Жүсіп, Шал ақын, Жамбыл, Қадыр, Мұқағали т.б., бірнеше ақындардың өлеңдерінен айтып та жүр. Бірақ, аздық етуде. Кейбірі орнын таппай айтады. Ретіне қарап бұның басқаша тәсілдерін де қолдану ләзім. Мәселен,

Құранның «Жүсіп» сүресінің 105-аятында: **«Көктерде және жерде қаншалаған дәлелдер бар. Адамдар оған көңіл бөлмей өтеді»**,-дейді. «Мәида» сүресінің 105-аятында: **«Әй, Момындар! Сендер өздеріңді түзетулерің керек. Өздерің Тура Жолда болсандар, адасқан біреу сендерге кесірін тигізе алмайды...»**,-десе, «Хаж» сүресінің 38-аятында: **«Күдіксіз, Алла Иман келтіргендерді қорғайды. Әрине, Алла бүкіл қиянатшыл қасарысқандарды жақсы көрмейді»**,-дейді. Біз БАҚ арқылы Кәлима келтірген Ислам мемлекеті Ирактың Президенті Саддам Хұсайынның, Ливанның Президенті Мұхаммед Каддафидің тағдырын, ал, 2011 жылдан бері Сирия халқының ахуалын көріп отырмыз. «Жүсіп» сүресінің 105-аятында айтылғандай, көңіл бөлетін дәйектер: бұлардың үшеуі де Ислам мемлекеті; Патшалары да, мемлекеттік қызметкерлері де, халқының көпшілік пайызы Кәлима келтірген; неге уәдесіне берік Алла, «Хаж» сүресінің 38-аяты бойынша бұларды қорғамады?

Бұған біз, саясаткерлер сайратқан дәлелдер мен өзіміздің бейшаралығымыздан алға тарта беретін «тағдыр» мен «сынақты» айтумен шектеліп келеміз. Бәлкім, осы жерде біз: «Бәлкім, Саддам Хұсайын мен Мұхаммед Каддафи және Сирия халқының көпшілік пайызы, «Ет жүрексіз еріннің айтпа сөзін», деп Абай бабамыз жырлағандай, Кәлимасын жүректен (45) айтпаған болар. Сондықтан олар Алланы естеріне алмай, шүкірлікті ұмытып, «Мәида» сүресінің 105-аятын ескеріп өздерін түземей және кейбір Аяттарға қарсы болған (46) болар – шектен шыққан (47) шығар; Президенттер Алланың бұл лауазымдарды өздеріне сынақ (48) үшін бергенін, Алланың Аятпен бекіткен (49) белгілерін, Алланың сақтанушыларды жақсы көретіні туралы (50) және **«Жамандықты жақсылықпен кетір...»** (51),-деген өсиетін ескермей, **«...жоғары тұрмыстың соңына түсіп...»** (52), **«...өздерін өздері жоғары санап...»** (53), **«...ойын тәңір жасап...»** алып, **«Рахманның Құлдары жерде сыпайы түрде жүріп, оларға білместер тіл тигізсе де: «Сәлеметшілік»**,-деп **дұрыс жауап береді**» (54),-деген дейін және Әділдікке (55) қатысты Аяттарын есіне алмай; ал, халқы Құранның: Алла несібесін ұлық еткен, дәрежелерге көтерген (56) зиялылар жайында және жалпы адамдар туралы өсек айтпау (57), кісі ақысын жемеу, өлшеуде (58) әділ болу, аманатқа қиянат (59) жасамау, ұрлық істемеу мен

уәдені (60) орындау хақындағы Аяттарына дұрыс амал қылмай, Алланың қаһарын шақырған болар. 1920 жылы қызыл империя келгенше, қазақ даласында да ықпалды болыстар мен билер, молдалар мен байлар Тура Жолды көрсеткен Аяттардан өздерін жоғары ұстап (61), зұлымдықтар мен әділетсіздіктер етіп, 1929 жылдан Алланың қаһарына тап болған еді. Бұл бүгін сириялықтардың басына келді. Біз осыдан сабақ алайық, Алла түсірген, Мұхаммед (с.ғ.с.) үлгісін көрсеткен Жолмен ғана таза жүрейік! Заманымыздың, Патшамыздың қадірін білейік, дұрыс бағалайық»-деп, уағыз айтар болсақ, Иманымыз бен міндетімізге адалдық еткен болар едік. Халықты Аяттарға қарсы келуден, қамсыздықтан сақтандыра едік. Нұрына бөлеп отырған бақытты заманымызға шүкірлер айтуды естеріне түсірер едік.

Бәлкім, осы: **«Әй, Момындар! Сендер өздеріңді түзетулерің керек...»** («Мәида» с.105-а), **«...Алла бүкіл қиянатшыл, қасарысқандарды жақсы көрмейді»**, -деген («Хаж» с. 38-а) Аяттардан өздерін жоғары ұстаған, еліміздегі адасқан діншілдердің теріс жолына түсіп, бүгінде түрмеде отырған күнәкарларды (62), аттарын атамай-ақ дәлелге келтіргеніміз де адамдардың дұрыс Жолға түсуіне себепші болар.

Осы жерде ерекше мән беретін жағдай Кәлиманың қалай айтылуында. «Бақара» сүресінің 225-аятында: **«Алла анттарындағы бос сөзді тергемейді. Алайда, жүректерің істегенді есепке алады»**, -дейді. Демек, діл сенбей, тек тілмен («Хұжрат» с. 14; 17-а), еріннің ұшымен айтылған Кәлима қабыл емес. Әлгілердің ғайридіндерге күні қарап қалғаны да (63), адасқан ағымдардың тууы да осы – Кәлималарының шын жүректен айтылмағанынан. Әйтпесе, Субхан Алла Тағала уәдесіне берік (64). Ол «Хаж» сүресінің 38-аятында Иман келтіргендерді қорғаймын, -десе, «Ғафыр» сүресінің 51-аятында: **«Расында, Елшілерімізге, Иман келтіргендерге дүние тіршілігінде, куәлікке тұратын күні...»** жәрдемдесемін, демеді ме? Деді! Ол қорғайды, көмектеседі! Ол – Құтқарушы!

Және қайталайық, Аяттарды заман үдерісімен байланыстырып насихаттау – бүкіл адам баласы үшін түскен Алла Сөзін ХХІ ғасырға алып келу, деген сөз. Құдай жүрегіне білім салған бір ойшыл: «Дүниені сұлулық ұстап тұрады», депті. Неміс ғалымы Шпинглер: «Өркениет – өлім алдындағы мәдениет», деп, өте тамаша айтқан. Расында да, осынша оқығаны көп заманда бұл екеуі

(сұлулық пен мәдениет), шайтанның еркіне өтіп, жағымпаздық пен жалатайлыққа малтып, бұдан да сорақысы, ниеті бұзық әйелдердің қолында, зинақорлар мен жезөкшелердің қолтығында ұятсыздыққа сүнгіп өліп барады.

Әсілінде қас сұлулық та, мәдениет те Алладан. Бұлар Бейішке лайықты Тақуаларға тиесілі үлес. Дүниені ұстап тұрған, Ислами сұлулық пен мәдениетті меңгерген Тақуа Мұсылмандар ғана, яғни, Әл-Халику-Алла Тағала осындай Мұсылмандардың құрметі үшін Өзі ұстап тұр. Бұған Құран дәлел. Сондықтан, біз Мұсылмандар, Аяттарды жетік түсініп, Қиямет, Бейіш пен дозақ жайын дұрыс насихаттап, дүниенің байлығына құнығып, тәкаппарлығы артып, азып бара жатқандарды Ақылға – Иманға шақырайық.

Қандастарымыздың «Мәида» сүресінің 48-аятына мән бермегендігінен өзгелерге еліктеп, күнәларға батып жүргені белгілі. Аятта: **«...Сендердің әрбіреулерің үшін бір жол-жоба қойдық – белгіледік. Егер Алла қаласа еді, барлығыңды бір-ақ үмбет қылар еді. Алайда, сендерге берген жол-жобаларыңда сынамақшы. Ендеше жақсылыққа жарысыңдар...»**, - деген. Осы Аятты түсіндіру үшін арам табыс – пара мен өсімге және маскүнемдікке қарсы бір уағыз жобасын ұсынайық.

Бұл Аяттағы: **«...әрбіреулерің үшін жол-жоба қойдық...»**, дегені – Яһудилерге бір бөлек, Христиандарға одан басқа, Буддаларға өз алдына жөн-жоба белгілегені. Біздің Жолымыз – барлық Пайғамбарлар жүрген, кезінде Ібраһим (ғ.с.) жүріп өткен, кейін Мұхаммед (с.ғ.с.) үлгісін көрсеткен, Алланың құзырында қабыл болатын («Әли Ғымран» с. 85-а) шынайы Мұсылманның Жолы. Бұл – дініміз. Аяттағы: **«сынамақшы, жақсылыққа жарысыңдар»**, дегені – өзің туылған шаңырақтың ұстанған діні мен салт-дәстүрін құрметтеп, мәртебе-мерейін көтеру жолында күрес – Құранмен, Пайғамбарың Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүндеттерімен жүр дегені; бұл – сен қаласаң да, қаламасаң да Алла «маңдайыңа» жазған тағдырың, дегені. Мұнымен жүрмей, құдайсыздардың не басқа діндегілердің үлгі-өнегесімен жүрсең, Алланың «маңдайыңа» жазған тағдырына қарсы жүрген есептелесің. Бұл жағдайда Алланың бекіткен заңдылығы бұзылып, сен жазаға тартыласың, дегені...

Енді пасықтықпен пайда табудың арамдығы хақында. Алла – Субханалла Тағала, «Бақара» сүресінің 188; 275; «Әли Ғымран»

сүресінің 130-аяттарында (65) арам тәсілмен кісі ақысын жеушілердің қабырдағы жағдайын ескерткен. Бұл – қабырда тірілу. Бұдан Құдай сақтасын!*

Аяттарға қарсы жолмен тірлік етіп пайда табу – әсілі Алланың, адам баласының дұшпаны – лағнеттелген шайтанға ергендердің, Ақыретінде түк те жақсылық көре алмайтындардың ісі. Ал, оларға еліктегендер, Алланың «Бақара» сүресінің 168-аятындағы: **«Әй, адам баласы, жер жүзіндегі адал, таза нәрселерден жеңдер. Бірақ, шайтанға ермендер, ол сендерге ашық дұшпан»**,-деген; **«...кәпірлерді дос тұтпасын...»**,-деген ескертулерін мойындамағандар, яғни, Алланың Достығын, Сөзін жалғанға санап, жоғарыда айтылған «Мәида» сүресінің 48-аятына теріс амал жасағандар – Мұсылманға арнап белгілеген Алланың Жолымен жүрмегендер.

Бұл қарсылықтың соңы Алланың қарғысына ұшырататынын «Әли Ғымран» сүресінің 87-аятынан жақсы білеміз. «Аят – Алланың айтқан сөзі-да! Қазір заман басқа...»,-дейтіндерге Алла, қаһарының тез екенінен (66) хабар берген. Біз «Рағыд» сүресінің 32; 38-ші; «Таһа» сүресінің 129-шы; «Фатыр» сүресінің 45-ші; «Нұх» сүресінің 4-аяттары (67) арқылы, әр нәрсенің белгіленген шегі барынан да хабардармыз. Бірақ, сабырсыз біз: «Пәленше пара алды, түгенше процентке ақша беріп күн көріп отыр... Олар осыншалықты қарсы болғанымен жазаланбай жүр ғой!»-деп пендешілікке барамыз. Тіпті, Имандылықтың Алладан келген Тура Жолдығына күмәнданамыз. Алайда, біздің осы пендешілігімізді жақсы білетін, жүректердегіні Білуші Алла, «Әли Ғымран» сүресінің 178-аятында тәубеге келуге уақыт беретінін, «Мәриям» сүресінің 84-аятында олардың күнін санап отырғанын айтқан. Демек, біз асықпауымыз керек екен. Асығуымыздың өзі – бізді күмәнға, күнәға алып барады екен. Одан да Құранға сенейік, Құран «Әнғам» сүресінде: **«...Аяттарымыздан бас тартқандарды, бас тартулары себепті, жаман қинаумен жазалаймыз»**,-дейді. Рас олар жазасыз қалмайды. Сондықтан, Құран өсиетін тәрк етіп, жалған дүние пайдасына қызығып, байлық арттырып, біреуден озғанын мәртебе

* Пара алу, өлшеу, метрлеп тартудан, зорлықпен не алдап алу, өсім алумен табыстарға жеткендердің соңғы тағдырын «Бақара» с. 275; «Иасин» с. 51; «Мағарыж» с. 43; «Нәбә» с. 23-25-аяттарында ескерткен.

көріп жүргендер, Алланың үкімі келмей тұрып, Исламның Хикметті Жолын игерсін. Құранның, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүндеттерімен, сахих хадистерімен жүрсін. Бұл – өзінің, жеке басының пайдасы. Сонда ол, «Мәида» сүресінің 48-аятында айтқандай, Алланың сынау үшін салған, Өз Жолымен жүріп, «... **жақсылыққа жарысқан...**» болады. Алланың: «**Әй, Момындар! Сендер өздерінді түзетулерің керек...**», («Мәида» с. 105-а) деген, ескертуін дұрыс қабылдап, «Тағабұн» сүресінің 11-аяты бойынша үміттермен **Иман келтіріп**, «Шура» сүресінің 13-аяты кеңесімен өзін **бейімдеп**, «Иншиқак» сүресінің 6-аяты айтқандай **тырысып**, Алланың шапағатын алуы, «Рағыз» сүресінің 11-аятына дұрыс амал жасап **өзін өзгерткені** деген сөз. Бұл үшін, Алла оны үлкен сыйлықтарымен қуантады.

Сондай-ақ, бәлкім, «Фуссилат» сүресінің «**Құранның мүлде шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі белгілерімізді жедел көрсетеміз...**», -деген 53-аятын жамағатқа, бір ескертіп алып, ізінен «Әли Ғымран» сүресінің: «**Сендерден бұрын түрлі оқиғалар өткен. Жер жүзін кезіңдер, (Аяттарымызды) жалғанға шығарушылардың соңының не болғанын көріңдер**», -деген (137-а), «Әнғам» сүресінің: «**Расында, сендерге Раббыларың тарапынан ашық дәлелдер келді. Кім оны көрсе, өзі үшін, ... кім көрмесе зияны өзіне...**», -деген (104-а) Аяттарын тақырыпқа тірек етіп алып, елімізде және шетелдерде болып өткен және бүгінде болып жатқан оқиғаларды осы Аяттармен байланыстырып сөйлеу де үш жақты тиімді: біріншісі, Аяттың мағынасын ашу – Алланың барлығына, жалғыздығына, құдыретінің күштілігіне, әр нәрсеге күші жететініне, өлтіріп-тірілетініне, Бейіш пен дозактың барлығына – Шындыққа көз жеткеру болса; екіншісі, тыңдарманды Оның қаһарына ұшыраудан сақтандыру, Иманын бекемдеуге үндеу және Құранның амалдағы Кітап екенін ұқтыру болар еді.

Құран – бүкіл ғылым мен мәдениет атаулының қайнары. Бірақ, Мұсылман жұрты Оны осылай танымағандығынан қателесуде. Ашып айтатын Шындық – Таурат, Забур, Інжіл адамзат тарапынан бұрмаланған. Мұны ғылым дәлелдеген. Әу бастағысындай түгел және бүтін емес. Көп амалдар жойылған, өзгертілген. **Ал, Құран VII ғасырда қалай түскен болса, кейін қағазға да солай жазылды. Бүгінге дейін бір әрібі не басқасы өзгермеген.**

«Хыжыр» сүресінің 9-аятында Алланың Өзі ескерткендей қорғалған. Осылай болғанмен біз Құранға жоғарыдағы бұрмаланған Кітаптарға қарағандай қараймыз. Осы біздің қателігіміз. Негізінде Аяттар рубаят, аңыздармен емес, тарихпен, ғылыми дәйектермен сөйлеуі тиіс. Ол үшін, біз көп ізденіп, ғылым игеруіміз ләзім. Сонда біз Құраннан дұрыс пайдаланып, Алланың да, халықтың да сенімінен шығамыз.

Бүгінгі жан-жақты дамыған уақыттың адамдарының жүрегінің уағызшылардан қалайтыны – осылар сынды Аяттарды дәлелдейтін нақтылықтарға құрылған насихаттар мен оны жан сүйсіндіріп жеткеретін, шешендік пен шеберлік. Біз осыған жетуіміз ләзім.

Және бір құнды ұсыныс, Алла нәсіп еткен: бір мемлекетте, бір Ата Заңның аясында бақытты жасап жатқанымызға шүкірлік айтып, мешіттерде мемлекеттік шаралар жәйлі тұрақты түрде әңгімелеу. Мемлекет өзін зайырлы деп жариялап, дінді бөліп тастағанымен, Ислам тыныштық пен бірлік-береке үшін адамзатқа қызмет қылады. Еліміздің Тұңғыш Президенті айтқандай, барлық қазақстандықтарға Қазақстан – жалғыз-ақ Отан. Әрбір таза Иманды Мұсылман өз Отанының тыныштығына, берекесіне, өркендеуіне бірауыз сөзбен болса да үлес қосуға міндетті! Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Отанды сүймек – Иманнан», -деп өсиет қалдырды. Демек, елдегі кезкелген: «Мен – патриотпын!»-деп, Отан үшін барын салып жүрген тұрғыннан, Момын Мұсылман Отанын артық сүйіп, оның бейбітшілігінің берекелілігін арттыру үшін тынбай еңбектенуге, тілегінде болуға міндетті.

Тұңғыш Президент – Нұрсұлтан Әбішұлы 2005 жылы маусымда имамдармен кездескенде, имамдардың намазда жамағаттың алдында тұратын тұлға ғана емес, елді игілікке бастаушы жетекші екенін айтқан еді. Бұл – мемлекетті кемелдендіруде Президент көтерген әрбір ізгілікті бастамаға имамдар, үгіт-насихатпен қолдаушы, оны жүзеге асырудың белсенді ұйымдастырушысы болуы тиіс, деген Ақыл-кеңес. **Ал, мұны дұрыс түсініп орындау, алдымен, Мұсылманның Мұхаммедке (с.ғ.с.) Иман келтіргенінің кепілі болса, екіншіден, Оның Отан туралы айтқан хадисіне дұрыс амалдар болады.** Сондықтан мешіттерде сенбіліктер мен сайлауларға қатысудың Отан үшін

құндылығын, мемлекеттік Рәміздерді жатқа білудің, мемлекеттік және ұлттық мерекелердің маңыздылығын бірауыз болса да сөз етіп және Алланың ысырапты, ысырапкер адамды жаман көретінін ескертіп: уақытты тиімді пайдалану мен денсаулықты күтудің абзалдығын, сондай-ақ, су мен жарықты үнемдеудің өз жанұяларының табысына да, мемлекетке де тиімді болатынын, бұлардың өзі Алланың беріп отырған нығметіне шүкірлік екенін ескертіп, әрбір шараға жергілікті әкімдікпен бір кісідей жұмылып атсалысудың өзі, Алланың ризашылығына жеткеретінін, ұрпақ тәрбиесіне ықпалы күштілігін айтса, нұр үстіне нұр болар еді.

Құранның Тура Жол екені бірнеше Аяттармен тастықталған. Бұған таза Имандылар шын жүректен сенеді және Аяттардың Құлы болып қана өмір сүреді. Аяттарға қарсы амал жасауға қорқады.

Құран бал арасының (68) тіршілігінде де өнеге барын айтады. Мұны адамзат бал араларының жұмыс тәртіптері, тазалығы мен бал жинаудағы Әділеттілігінен жақсы біледі. **Отбасының, балаларының келешегін, обалын ойлаған кезкелген Саналы Жан, бал араларының тәртібін ұстанып, парамен, ұрлықпен келген ақшаны, малды арам деп жиіркеніп, тауып келген жанұя мүшесін, батпақты жерден бал жинап келген араны жазалағандай жазалап отырар болса, мемлекет өз-өзінен тәртіпке түсер еді!**

Философия деген, бір нәрсеге балама жасай отырып, екінші бір әлемді тану, таныту деп түсінсек, Құран – философия. Осы бал арасының тіршілігін Сөз етуі тегін емес. Сол сияқты өткен және бүгінгі тарихты Аяттармен байланыстырып үйрену және үйрету, адамға Алланы сөзсіз мойындата отырып, сезімді жанды алдағы өмірлерге дайындалуға үндейді. Атап айтқанда: жалықпай, жүректен құлшылық етуге;

– адамдардан қорықпай, жалғыз Алладан ғана қорқып, тек Шындықты айтып, Шындықпен өмір сүруге;

– ой-қиялын не әлде бір затты Аллаға серік қосудан сақтануға;

– әрқашан, өз міндетіне жүктелген әрбір істе Алланың ризалығы үшін Әділ болуға;

– куәлікте кімнің зиянына болса да тек Әділін ғана айтуға;

– Бейбітшілікті қорғауға, бітімшілік жолына бейім болуға;

– Алланың тиымдарына ұқыпты болуға;

– тазалық пен тілдік, туыстық, ағайындық, көршілік, достық қарым-қатынаста жинақтылыққа;

– мінезде: байсалдылыққа, сабырлылыққа, қайырымдылыққа алып келеді. Бұл – Ислам.

Дін саласындағылардың осы күнгі бағытын сараптасаңыз, ескіліктің сарқыны көрініп тұрады. Бұл көрініске қарап отырып, дін деген – Кәлима келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, садақа беру, қажылықты өту, жаназа намаз шығару, ас-садақаларда Құран оқу, неке қию ғана екен ғой!-деген түсінікке тірелесіз. Ал, Құранды зерттеп оқысаңыз, Ол: тарих, заң, құқықтық ғылым, мәдениет, парасат ғылымы, экономика, саясат, соғыс тәсілі, физика, астрономия,биология, химия, зоология, этнография, география, медицина, гигиена т.т. Демек, дін адамының Жолы деген біз ұстанып жүрген, санаулы ғана амалдардан тұратын жол емес, дін адамы деген де біздер көріп жүрген жандар емес. Олар өте-өте биік парасатты, терең ілім-білімді, мұнтаздай мөлдір мәдениетті Адамдар болуға тиіс. Сонда біз Исламды заманмен ұштастырып Өз биігінде алып жүреміз. Бұл – замандастарымызды Имандылық Жолына тәрбиелеудің Жолы. Бұл – Алланың Сөзінің үстемдігі үшін күрес.

«Фатыр» сүресінде: **«Сөз жоқ, Сені Шындықпен қуантушы, қорқытушы етіп жібердік. Негізінде бір ескертушісі болмаған, бір үмбет жоқ»** (24-а),-деген. Демек, Мұхаммедтен (с.ғ.с.) кейінгі, дінді уағыздаушы Мұсылман үмбеттер, **«...Шындықпен қуантушы, қорқытушы...»**. Сондықтан бүгінгі уағызшылардың да Исламды замана сұранысымен ұштастырып насихаттауы, Хак діннің мақсатына лайық болады.

Ислам келгенге дейінгі араб елі, еуропа қай жағдайда еді?! Екеуін де оятқан, ғылым мен мәдениетке жеткерген Ислам діні емес пе? Олай болса, Ислам – жаңа замандарға Жетелеуші, жаңаша өмір сүруге Баулушы дін болып тұрған жоқ па? Онда неге бүгінгі дамыған заманның түрлі құрылғыларын тұтынып отырған дін адамдары, Құранды насихаттаудағы **қорқытуды**, дозақпен бастап, дозақпен аяқтамай, неге тарихта болып өткен: атақты «Ақтабан шұбырындымен», екі сөзді коммунистердің әділетсіздігімен, отызыншы жылдардың зұлымдығымен, 1941-45 жылғы фашизмге қарсы соғыспен, жеңіске жеткесін ұлттық кемсітушілікке көшкен қызыл империяның екіжүзділігімен байланыстырып алып бармайды? Кешегі құдайсыздар көксеген ком-

мунизм деген – құр қиял ғана екенін неге Құранмен дәлелдеп, **сүйіншілеуді** құлшылықпен, елдің бірлігінен туған бүгінгі Тәуелсіздіктің жемісімен, жеңісімен неге айтпайды?

Мұның барлығы діндарларымыздың: біріншіден, діннің не екенін түсінбеуінен, түсінсе де жоғарыда атағанымыздай – тар аяда ғана; екіншіден, бұрынғы діни кітаптарды ғана оқудан аса алмайтыны мен ізденбеуінен...; үшіншіден, дінді дәстүр деп қана тануынан.

Мына сөзімізді және қайталайық. XIX ғасырдың соңғы жағында дін мен мемлекет бөлінді де, діндарлар бұрынғы шапанында қалды, мемлекет адамдары галүстік тағып, кәстөм-шалбар мен плаш, шәпкі, шіләпі киетін болды. Және бұлардың әрбірі өздерін, жаңалықтың адамы – ілгері ұмтылушылар деп сезінді, ғылым мен экономиканы дамытуға әрбірі үлес қосты. Түбінде Алланың алдына баратынын мүлде қаперлеріне алмай, дамылсыз еңбектеніп, дамыды. Адамдардың санасын материализмге құлшындырды...

Ал, дін адамдары сол шапанының ішінде, таспиғын ұстаған күйі қалып еді, әлі сол қалпынан өзгерген жоқ. Бүгінгідей керемет дамуға жеткен жаңа ғасыр үдерісімен Исламды байланыстырып алып бара алмауда. Бұл амал – адамзаттың Өзін жаратқан Алламен бірге өмір сүруіне тосқауыл болуда. Осы бостықты лағнеттелген шайтан пайдаланып, жеңіл ойлылар мен тәрбиесі нашарларды жолдан адастыруда.

Біз «Әй, Момындар! Сендер өздерінді түзетулерің керек. Өздерің Тура Жолда болсаңдар, адасқан біреу сендерге кесіп тигізе алмайды...»,- деген «Мәида» сүресінің 105-аятына сауаты амал жасап жаңаруымыз керек.

Рас, біз жаңарып, Исламның әрқандай заманмен үндес екенін дәлелдеп, қоғамды түзеуіміз ләзім. Ол үшін алдымен өзіміз Құран Аяттарын және Аяттармен мағыналас сахих хадистерді ХХІ ғасыр адамының көзімен оқып, сүндеттерге де, бүгінгі Мекке мен Мәдине қалаларындағы мешіттердің жаңарғанындай*, түп

* Ибраһим (ғ.с.) салуы – төбесі ашық, төрт қабырға, 4-ші түзелуі екен. 5-Ғамалық тайпасы тарапынан осылай түзеліпті, 6-Журхум тайпасы..., 7-Мұхаммедтің (с.ғ.с.) бесінші атасы Құсайын ибн Қылаб, **есік-терезе қойып, төбесін жапты...**, 8-Құрайыштар..., 9-Әбділлә ибн Зубаир (683 ж.)..., 10-Һижри 74 жылы..., 11-Уәлид ибн Әбділлә Мәлік халифа кезінде..., 12-Һижри 306 жылы (968 ж.)..., 13-Һижри 1375 жылы (1955 ж), 14- Һижри 1417 жылы (1996 ж) заманаға бейімдеп жаңғыртылған.

негізін сақтап, жаңаша амал етейік. Уағыздарымызда (жоғарыда айтқанымызды толықтырып):

- сенбіліктің өзі садақа екенін;
- зайырлы мемлекетіміздегі салықтың, партия мен кәсіподақ мүшелігі үшін берілетін төлемдерінің садақа екенін, оларды төлеуден қашпау керектігін;
- зейнетақы қоры да Отанның дамуына үлес екенін;
- түрлі мерекелік шаралардың, Алланың берген сыйы екенін;
- ескіде патшалықтың мұра саналғанын ескертіп, алдағы замандарда қалай боларын айтып, сайлау мен сайланудың Алланың кеңшілігі, мәрхаматы екенін*;
- үйде тұтынатын жарықты, суды т.б. үнемдеу – Алла қаламайтын ысыраптан сақтану әрі ел қазынасына қосқан үлес екенін (69);
- байлықтың сынаққа берілгенін ұқтырып, қайырым мен сауаптар жайын түсіндіріп, тіпті, мініп жүрген мәшінімен де сауап жинау – жақсылық екенін;
- үкімет сеніп тапсырған міндетке, жұмысқа адал болу – Алланың берген ырыс-несібесі екенін, оның сұрауы барын, оған адал болу – шүкір ету – тағдырға көну екенін;
- лауазымның – сынақ екенін т.т. айтып отырсақ, халықтың Ислам туралы түсінігіне күрт өзгеріс жасаған болар едік. Әйтпесе, алдымызда жар тұр...

Елімізде түзеушіден, бұзушы көп (70). Олар – салық төлеуден; қылмыс жасап алып, айыппұл төлеуден; банктен несие алып, оны уақытылы қайтарып беруден; өз мүддесіне пайдаланған жылу мен жарықтың, судың ақшасын төлеуден қашатындар мен

- балалар бақшасына баласын қабылдау үшін,
- біреулер жұмысқа қабылдау үшін,
- ұстаздар студенттерден жақсы баға үшін,
- мамандар адамдардан заңды жер телімін иемдену үшін,
- кезекпен пәтер алу үшін пара дәме ететін тәрбиесі төмен, парасаты нашар, тексіз адамдар. Бұлар «Нұр» сүресінің 19-аятын-

* Алла беріп отырған әрбір нығметтердің шегі бар. Бір замандар келіп, тақ мұрагерлігі деген шығып, билік бір рудың қолына тиіп, елді бір ру ғана басқаратын болса, халық тағдыры не болар еді?! Тарихта тақ мұрагерлігі себепті болған талай қырғын өткен... Сайлауға қатысу – сауаттылық!

да айтылған, елімізде арсыздық жайылуын қалайтындар*. Ойы тайыз, елдің бүлінуіне мүдделілер. Ақыреті туралы білмейтіндер. Бұларға, бұл қулықтары Құранға қарсы амал екенін айтуымыз керек. Райынан қайтпаған пенде бұл қулығы үшін шартты түрде таяуда не келешекте жаза алатынын ескертіп, осы «Нұр» сүресінің 24-25-аяттарын (71) түсіндірейік. Олардың арасындағы Алладан қорқатындары Иmandылыққа келеді, әрине.

Бұл амалымызбен біз, қателесіп жүрген пенденің ақылға келуіне, мемлекеттің тыныштығына, халықтың әлуетінің жақсаруына тікелей бағалы қолқабыс жасаған боламыз. Алла қаласа, үлкен сауаптарға кенелеміз.

Аса маңызды амал – Құран аудармасына сақ болу: Оны аударуды бір адамның қолына бермеу керек; бір адам аударса да, баспаға дейін, өте қырағы, парасатты Тақуа топтың сүзгісінен өткеру шарт; ең бастысы, Құран аудармасын ескі тәпсірлерге бейімдемей, әрбір Аятты Аяттар мен байланыстырып отырып, ғылым мен өмір Шындығына сүйеніп аудару ләзім. Сонда Ол қатесіз аударылады.

Мұнан кейінгі маңызды амалдардың бірі және ең маңыздысы – **имамдардың және намазхандардың, жастардың Аяттардың қазақшасын толық жатқа білгені**. Бұл – алдымен Тақуалықтың кепілі. Ерекше құндылығы, мұны білген ешкім қылмысқа бара алмайды. Білмейтін біреу барар болса Қияметті есіне салып тоқтатады;

– екіншіден, **имамдардың Аяттардың қазақшасын жатқа білуі – имамдарға шартты білім болуға тиіс. Өйткені, халық олардың ауызынан шыққан әрбір сөзге құлақ асады, олардың жүріс-тұрысынан үлгі алады**. Имамдар Аяттардың сырын өмірде болған оқиғалармен, тарихпен, ғылым жетістерімен ашып дәлелдеп уағыздаса, Ислам Құрандағы өз мәртебесіне көтерілер еді;

* Елде Құдайдан қорықпайтын бұзбакер адамдар: «Егер ешкім салық төлемесе, банктен алған қарызын қайтармаса, коммуналдық төлемдерді бермесе, үкімет ештеңе қыла алмайды. Мен барлық облыстардағы таныстарыммен хабарластым. Олар ештеңе төлемейді екен...», -деп, жалған ақпарат таратады және біреулері: «...параны сен маған бересің, мен облысқа апарып беремін, облыстан министр сұрап отыр, одан, одан да жоғарыдағылар сұрап отыр», -деп, ұялмай айтады. Бұл – ең ақымақ адамдардың амалы. Бұларға сорлылар ғана ереді. Соңында сорлайды.

Үкімет, бұл – бір мағынасында халық. Халық – Алланың бір есімі. Үкіметке қарсы бару, әлдеқандай жала жабу – Аллаға қарсы шыққанмен бірдей. Мұны имамдар арқылы халыққа кең түсіндіру – елдің тыныштығының, елде Иmandылықтың күшеюінің кепілі;

– үшіншіден, **имамдарды мемлекеттік қызметкерлерді оқытқандай, арнайы Иmandылық әдептілігіне оқыту; әрбір сүрелер бойынша талдау не шығармалар жаздыру; олардың сапасын шын мәніндегі заманалық интелегенттік дәрежеге жеткеру. Өйткені, олар халықты – мемлекетті тәрбиелеуші. Осыны әрбір имам сезінсе, түгел мемлекет түзелер еді, Иншалла.**

Бұлар – біздің Алламен бірге өмір сүруіміздің, Мәңгілік елдігімізді сақтап қалуымыздың кепілі.

Қазақта: «Әлемді молданың әйелі бүлдіреді», -деген мақал бар. Расында, молданың, имамның, кезкелген намазханның үйінде әйелінің көзінше Иmandылыққа жат бір қылықты істеуі, өтірік айтуы, қиянатқа қысылмай баруы – әйелінің Иманының әлсіреуіне, жүре келе жойылуына себеп болады. Сосын ол әйел ерінің тура уағызын әр түрлі әрекетімен өтірікке шығарып, басқаларды бүлдіреді. Нәтижеде, бұлардан ибынатын отбасы мүшелері де, былайғы әйелдер де өз білгенімен бетіне жайылады. Құран Аяттарын жүре тыңдайтын болады. Осындай-осындайдан Ислам қадірсізденіп, дін бүлінеді. Алланың қаһарын келтіреді. Сондықтан Ислам үшін имамдардың сапасы өте маңызды.

Әңгіменің қысқасын айтқанда, әрбір Мұсылман, соның ішінде, имамдарымыз, теолог ғалымдарымыз, намазхандарымыз Иманы алдындағы жауапкершілігін сезінсе, көп сауаптарға қалар еді: отбасының бұзылуынан бастап, талайлаған бүліншіліктің жолын кесер еді; халқымыз Құраннан дұрыс және ұтымды тағлым алған болар еді. Сонда барып, біз – әрбір Мұсылман, Иманымызға адал қызмет етіп, Одан жақсы пайдаланған болар едік. Әйтпесе, біз «Жұма» сүресінің 5-аятында айтылғандай масқара күйде қала береміз.

* Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): **«Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...».** («Бақара» с. 272-а) **«Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік.** («Фурқан»

с. 56-а) «**Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың**», («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: «**Сен оларды зорлаушы емессің**», -деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.

Құранда: «**Кім қарсы болса, қарсылығы өзіне. Кім түзу іс істесе, сонда ол өзі үшін рахат орын әзірлеген болады**» («Рұм» с. 44-а),-деген...

1. «Бақара» сүресінің 78-аяты: «Олардың ішінде надандары да бар. Кітапты білмейді. **Олар тек қана үйретіндіні (айтады) және бос ойларды ғана ойлайды**».

2. «Бақара» сүресінің 49-аяты: «Сендерді Перғауынның сыбайластырынан құтқардық. Олар сендерді жаман қинаумен ұстап, **ұлдарынды мауыздап, әйелдерінді тірі қоятын еді**. Міне, мұнда сендерге Раббыларыңнан зор сынау бар».

«Қасас» сүресінің 4-аяты: «**Рас перғауын ол жерде зорекер болып, елін топтарға бөлді. Олардың бір тобын езіп, ұлдарын мауыздап, әйелдерін тірі қоятын. Өйткені ол, бұзақылардан еді**».

3. «Әли Ғымран» сүресінің 179-аяты: «Алла, Момындарды осы сендер болған күйде, жақсыдан жаманды айырмай қоюшы емес. Әрі сендерге көместі де білдірмейді. Бірақ, **Елшілерінен қалағанын таңдап, соған білдіреді**. Ендеше, Аллаға, Елшілеріне Иман келтіріндер. Егер Иман келтіріп, Тақуа болсаңдар, сендер үшін зор сыйлық бар».

4. «Ниса» сүресінің 59-аяты: «Әй, Момындар. Аллаға бой ұсынып, Пайғамбарға әрі **өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар**. Егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаға, Пайғамбарға ұсыныңдар: Егер сендер Аллаға, Ақырет күніне Иман келтірген болсаңдар. Міне, осы, қайырлы да нәтижеде жақсы».

5. «Бақара» сүресінің 108-аяты: «**Немесе Пайғамбарларыңнан, бұрынғы Мұсадан (ғ.с.) сұралған тәрізді (жоқтан өзгені) сұрағыларың келе ме? Кім Иманын қарсылыққа ауыстырса, расында, ол Тура Жолдан адасқан болады**».

6. «Әли Ғымран» сүресінің 7-аяты: «Ол Алла, саған Құран түсірді. Оның **ашық мағналы Аяттары бар. Солар**

Кітаптың негізгі ірге тасы. Екінші ұқсас ұғымда Аяттар бар. Ал, жүректерінде қыңырлық болғандар, бұзақылық іздеп, ұқсас мағналы Аяттардың ұғымын іздестіріп соңына түседі. Оның ұғымын Алла ғана біледі. Сондай-ақ, ғылымында озат болғандар: «Бұған сендік. Барлығы Раббымыздың қасынан»-дейді. **Бұны Ақыл иелері ғана түсінеді.**

7. «Фатыр» сүресінің 32-аяты: «...ол **Кітапты Құлдарымыздан таңдағанымызға мұра қылдық.** Және олардан әлде кім өзіне кесір тигізеді де кейі ортада болады. Ал, тағы біреулері, Алланың бұйрығынша жақсылықтарға ілгерлеуші болады. Міне, осы, ұлы мәрхамет».

«Хаж» сүресінің 78-аяты: «**Алла Жолында шынайы түрде күресіндер. Сендерді Ол таңдады.** Сендерге дінде қиындық қылған емес. Аталарың Ібраһимнің (ғ.с.) Жолы. Алла бұрын да осы Құранда да Пайғамбардың сендерге куә болуы, сендердің де адамдарға куә болуларың үшін, «Мұсылман» деп атады. Енді намазды толық орындандар, зекет беріндер де Аллаға жабысыңдар. Иелерің Сол; нендей жақсы Ие. Нендей жақсы Жәрдемші!»

8. «Ғабаса» сүресінің 11-16-аяттары: «...Әлбетте, Құран – бір насихат». «Сондықтан кім қаласа үгіт алады». «**Құрметті нұсқаларда жазулы**», «Жоғары бағаланған тап-таза,» «Елшілердің қолында». «Ардақты, игі».

9. «Ниса» сүресінің 28-аяты: «**Негізінен Алла сендерге жеңілдікті қалайды. Өйткені, адам баласы нашар жаратылған.**

«Қамар» сүресінің 17-аяты: «**Расында Құранды үгіт үшін оңайластырдық. Ал сонда түсінуші бар ма?**»

10. «Хаж» сүресінің 16-аяты: «Сөйтіп, **Құранды ашық-ашық Аяттар түрінде түсірдік.** Рас, Алла қалағанын Тура Жолға салады».

11. «Әли Ғымран» сүресінің 3-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) саған алдындағы растаушы **Құранды шындық бойынша түсірді және Таурат пен Інжілді түсірді.**

12. «Ниса» сүресінің 1; 174-аяттары: «**Әй, адам баласы!** Сендерді бір кісіден (Адам ата) жаратқан және одан оның жұбайын (Һауа ана) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар. Сол арқылы өзара сұрасқан Алладан және туыстардан (безуден) сақтаныңдар. Шәксіз Алла

тағала сендерді бақылаушы», **«Әй, адам баласы!** Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. Сондай-ақ, сендер үшін бір ашық Нұр (Құран) түсірдік».

«Хаж» сүресінің 1; 73-аяттары: **«Әй, адам баласы!** Раббыларыңнан қорқыңдар. Расында Қияметтің сілкінісі – үлкен нәрсе», **«Әй, адам баласы!** Бір мысал келтірілді. Енді соған құлақ салыңдар. Сендердің Алладан өзге табынғандарың, барлығы жиылса да әсте бір шыбын жарата алмайды. Сондай-ақ, егер бір шыбын олардың бір нәрсесін алып қашса, одан оны құтқара алмайды. Өйткені, іздеуші де, ізделуші де нашар».

«Жүніс» сүресінің 57-аяты: **«Әй, адамдар!** Сендерге Раббыларың тарапынан бір үгіт, жүректегілерге бір шипа, сенушілер үшін Тура Жол және Рахмет келді».

«Іншиқак» сүресінің 6-аяты: **«Әй, адамзат!** Негізінде сен Раббыңа қарай өте тырыссаң, Оған жолығасың».

13. «Ғанкабуд» сүресінің 49-аяты: «Олай емес. Негізінде **Құран – өздеріне ғылым берілгендердің көңілдерінде айқын Аяттар.** Аяттарымызға залымдар ғана қарсы келеді».

14. «Әли Ғымран» сүресінің 14-аяты: «Адам баласы үшін қатындар, балалар; алтын, күмістен жасалған қазыналар; сәнделген аттар, малдар және егіндерді қызыға сүю әдемі көрсетілді. **Бірақ, олар дүние тіршілігінің сәні.** Негізінде орынның жақсысы Алланың қасында».

«Ғанкабуд» сүресінің 64-аяттары: **«Бұл дүние тіршілігі бір ойыншық, ермек қана.** Күдіксіз Ақырет жұрты анық тіршілік. Өттең, олар білсе!»

15. «Ахзап» сүресінің 40-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) сендерден ешбір еркектің әкесі емес. **Бірақ, Алланың Елшісі және Пайғамбарлардың соңы.** Алла – әр нәрсені толық Білуші».

«Ағраф» сүресінің 158-аяты: **«Әй, адам баласы! Мен барлығыңа Алланың Елшісімін; Ол сондай Алла, жер мен көктің иелігі Оған тән.** Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол тірілтеді де өлтіреді. Аллаға және Алланың Сөздеріне сенген, жіберілген Пайғамбарға Иман келтіріңдер, Оған еріндер, әрине Тура Жол табасыңдар»-де».

«Жұма» сүресінің 2-3-аяттары: «Ол сондай Алла, сауатсыздардың ішіне өздерінен, оларға Алланың Аяттарын

оқып, оларды тазартатын, сондай-ақ, оларға Кітап, даналық үйрететін бір Пайғамбар жіберді. Негізінде олар бұрын ашық адасуда еді». **«Ол Алла бұл Пайғамбарды олардан басқа, әлі оларға қосылмағандарға да жіберді. Ол – тым Үстем, аса Дана».**

16. «Жұма» сүресінің 5-аяты: **«Өздеріне Таурат жүктеліп, оны игере алмағандардың мысалы, кітаптарды артқан есек тәрізді. Алланың Аяттарын өтірікке санаған елдің мысалы нендей жаман. Алла залым қауымды Тура Жолға салмайды».**

17. «Ниса» сүресінің 79-аяты: **«Саған нендей бір жақсылық келсе, Алладан. Ал, және бір жамандық келсе, өзіңнен. (Мұхаммед с.ғ.с.) сені адамдарға Елші етіп жібердік. Қуәлікте Алла жетіп асады». «Әнғам» с. 104; «Жүніс» с. 44; 100; 108; «Ісра» с. 7; «Шура» с. 30-а. және «Фуссилат» сүресінің 46-аяты: «Кім ізгі іс істесе, өзі үшін. Ал, кім жамандық істесе, ол да өзіне тән. (Өзіне өзі жамандық істеген болады)».**

18. «Бақара» сүресінің 29-аяты: **«Ол сондай Алла, жер жүзіндегі барлық нәрселерді сендер үшін жаратты. Сонан кейін аспанға көңіл бөліп, оны жеті қабат көк етіп тәртіпке келтірді. Ол – әр нәрсені толық Білуші».**

19. «Рұм» сүресінің 30-аяты: **«(Мұхаммед с.ғ.с) бәрінен бет бұрып, жүзінді Ислам дініне жөнелт. Алла жаратылыста адам баласын соған арнап жаратқан. Алланың жаратуында өзгеріс болмайды. Осы Түп-Тура Дін. Бірақ, адамдардың көбі түсінбейді».**

20. «Ағраф» сүресінің 172-аяты: **«(Мұхаммед с.ғ.с) сол уақытта Раббың адам балаларының белдерінен нәсілдерін алды да өздеріне куә етіп: «Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?» – (дегенде), олар: «Әрине куәміз»,-деген. (Алла): «Қиямет күні: «Бұдан хабарымыз жоқ»,-демендер».**

21. «Хыжыр» сүресінің 21-аяты: **«Өйткені, біздің қасымызда әр нәрсенің қорлары бар. Бірақ, белгілі мөлшерде ғана түсіреміз».**

22. «Ібраһим» сүресінің 34-аяты: **«Әрі сендерге Өзінен сұраған нәрселеріңнің бәрінен берілді. Егер Алланың нығметін санасандар, санына жете алмайсындар. Расында, адам баласы өте ынсапсыз, аса шүкірсіз».**

23. «Әнбия» сүресінің 37-аяты: **«Адам баласы асыққыш**

болып жаратылған. Белгілерімді көрсетемін. Менен тез тілемендер».

24. «Хаж» сүресінің 47-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с) олар сенен азаптың тез келуін тілейді. Алла уәдесінен әсте айнымайды. **Негізінде Алланың қасындағы бір күн, сендер санайтын мың жылмен тең».**

25. «Мүминүн» сүресінің 68-аяты: **«Олар Сөзді (Аяттарды) зерттемей ме? Немесе оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келді ме?».**

26. «Фурқан» сүресінің 53-аяты: «Ол сондай Алла, екі теңізді қатар қоя берді: біреуінің суы тәтті, сүйкімді; екіншісінікі, ащы – тұзды. Екеуінің арасына **бөгет жасадық** ».

27. «Әнбия» сүресінің 30-аяты: «Қарсы болғандар, негізінде **көктер мен жер тиіскен еді. Екеуін ажыратқанымызды, әр жанды нәрсені судан жаратқанымызды көрмей ме? Сондай-ақ, сенбей ме?»**

«Фуссилат» сүресінің 11-аяты: «Сонан соң Ол, аспанға бет бұрды. Бұл кезде **аспан бұлыңғыр тұмандық еді.** Көк пен жерге: «Ерікті, еріксіз түрде келіндер», - деді. Олар: «Еркімізбен келдік» - деді».

28. «Нахыл» сүресінің 15-аяты: «Сендерді теңселтпеу үшін жер жүзінде асқар тауларды тастап бекітті. Жөн тауып жүрулерің үшін өзендер, жолдар жаратты».

«Әнбия» сүресінің 31-аяты: **«Жер оларды тербетпесін деп, асқар тауларды қазығы етіп жаратып, бастырып бекіттік.** Және жөн табуларың үшін кең жолдар жараттық».

«Нәбә» сүресінің 6-7-аяттары: **«Жерді бір төсеніш қылмадық па? Тауларды қазық...».**

29. «Бақара» сүресінің 159; 161-аяттары: «Негізінен Біз апашық үкімдерді әрі Тура Жолды Кітапта адамдарға баян еткеннен кейін жасырғандар; **соларға Алла лағнет етеді әрі барлық лағнет етушілер лағнет етеді.** «Расында сондай қарсы келгендер және қарсы болған күйде өлгендер, міне, **соларға Алланың лағнеті әрі Періштелердің және біртұтас адамдардың лағнеті болады.**».

30. «Ағраф» сүресінің 158-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.): **«Әй, адам баласы! Мен барлығыңа Алланың Елшісімін.** Ол сондай Алла жер мен көктің иелігі Оған тән. Одан басқа ешбір Тәңір

жоқ. Ол тірілтеді де өлтіреді. Аллаға және Алланың Сөздеріне сенген, жіберілген сауатсыз Пайғамбарына Иман келтіріндер. Және оған еріндер. Әрине, Тура Жол табасындар»-де».

31. «Әнғам» сүресінің 165-аяты: «Ол сондай Алла, сендерді жердің Халифасы етті. Сендерге берген нәрселерде сынау үшін, дәрежелерде бірінен бірінді жоғары көтерді. Күдіксіз Раббың – жедел жаза Беруші және шынайы Жарылқаушы, ерекше Мейірімді».

32. «Бақара» сүресінің 251-аяты: «Сонда олар, оларды Алланың бұйрығымен жеңіліске ұшыратты. Дәуіт Жалұтты өлтірді. Алла Дәуітке патшалық, даналық берді. Әрі оған қалағанын үйретті. Алла адам баласынның бірін бірі арқылы қорғамаса, жер жүзі бұзылар еді. Алла – бүкіл әлемге кеңшілік иесі».

33. «Бақара» сүресінің 269-аяты: «Алла Хикметті (терен білімді) қалаған Құлына береді. Ал, кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Бұны Ақыл иелері ғана түсіне алады».

34. «Бақара» сүресінің 257-аяты: «Алла – Иман келтіргендердің досы. Ол оларды қараңғылықтардан жарыққа шығарады. Ал, қарсы болғандардың досы – шайтан, оларды жарықтан қараңғылықтарға шығарады. Міне, солар дозақтық. Олар онда мәңгі қалады».

35.«Ағраф» сүресінің 57-аяты: «Ол сондай Алла Рахметінің (жаңбырдың) алдынан, желдерді қуантушы етіп жібереді. Ауыр бұлттарды көтерген бойда, өлі бір мемлекетке жіберіп, сонда ол арқылы жаңбыр жаудырып, сонымен ір түрлі жемістерді шығарамыз. Осылайша өліктерді де тірілтеміз. Әрине үгіттенерсіңдер».

«Фурқан» сүресінің 48-аяты: «Ол сондай Алла, Рахметінің (жаңбырдың) алдынан қуандырып, самалдарды жіберді. Аспаннан тап-таза жаңбыр жаудырдық».

36. «Фурқан сүресінің 53-аяты: «Ол сондай Алла, екі теңізді қоя берді; мынау тәтті, сүйкімді және анау тұзды – ащы. Екеуінің арасына (араласпайтын) бөгет жасады».

37. «Нәбә» сүресінің 6-7-аяты: «Жерді бір төсеніш қылмадық па?» «Тауларды қазық...».

38. «Нәбә» сүресінің 12-аяты: «Үстеріңе жеті қабат берік көк құрдық».

39. «Әнбия» сүресінің 30-аяты: «Қарсы болғандар, негізінен көктер менен жер түйіскен еді, екеуін ажыратқанымызды, әр жанды нәрсені судан жаратқанымызды көрмей ме? Сондай-ақ, сенбей ме?»

40. «Ғанкабуд» сүресінің 41-аяты: «Алладан өзгені ие тұтып алғандар, ұя жасап алған өрмекшінің мысалы сияқты. **Шын мәнінде үйлердің ең осалы – өрмекшінің ұясы.** Егер олар білетін болса».

41. «Һұд» сүресінің 11-аяты: «Бірақ, сабыр етіп, **ізгі іс істегендер, міне, солар үшін жарылқау және зор сауап бар.**»

«Зүмәр» сүресінің 35-аяты: «**Өйткені Алла, олардың істеген істерінің жаманын жояды да, оларды істеген істерінің жақсысымен сыйлықтайды.**»

42. «Фатыр» сүресінің 32-аяты: «Сосын ол **Кітапты Құлдарымыздан таңдағанымызға мұра қылдық.** Және олардан әлде кім өзіне кесір тигізеді де, кейі ортада болады. Ал, тағы біреулері, Алланың бұйрығынша жақсылықтарға ілгерілеуші болады. Міне, осы – ұлы мәрхамат!».

43. «Тәубе» сүресінің 14-аяты: «**Олармен соғысыңдар. Алла оларға сендердің қолдарыңмен азап етсін де қорласын** әрі оларға қарсы сендерге нүсрет берсін. Сондай-ақ, Иман келтірген елдің көңілдерін ашсын».

44. «Бақара» сүресінің 260-аяты: «Сонау заманда Ибраһим (ғ.с.): «Раббым! Өлікті қайтып тірілтесің, маған көрсет» деді. (Алла): «Маған сенбейсің бе?»-деді. (Ибраһим ғ.с.): «**Әрине, сенемін! Бірақ, жүрегім орнықсын**»-деді. (Алла Т.): «Құстардан төртеу ұста да өзіне үйірлестіріп, (сойып араластыр). Сонан соң әр таудың басына бір бөлшегін қой да сонан кейін оларды шақыр; дереу саған жетіп келеді. Күдіксіз, Алланың – өте Үстем Хикмет Иесі екенін біл!»-деді. (Ибраһим ғ.с.) бұйырылғанды орындады. Алланың әмірі бойынша құстар тіріліп келді».

45. «Бақара» сүресінің 225-аяты: «Алла анттарыңдағы бос сөді тергемейді. Алайда, **жүректерің істегенді есепке алады.** Алла – аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді»

46. «Бақара» сүресінің 152-153; 159; 161-аяттары: «**Енді Мені еске алындар, Мен де сендерді еске аламын және Маған шүкірлік қылындар да қарсы болмаңдар.**» «Әй, Момындар! **Сабыр және намазбенен жәрдем тілеңдер.** Алла, са-

быр етушілермен бірге». «Негізінен біз ап-ашық үкімдерді әрі Тура Жолды Кітапта адамдарға баян еткеннен кейін жасырғандарға Алла лағнет етеді әрі барлық лағнет етушілер лағнет етеді». «Расында, қарсы келгендер және қарсы болған күйде өлгендер, міне, соларға Алланың лағнеті әрі Періштелердің және біртұтас адамдардың лағнеті болады».

47. «Бақара» сүресінің 190-аяты: «Өздеріңмен соғысқандармен Алла Жолында соғысыңдар да шектен шықпаңдар. Алла шектен шығушыларды жақсы көрмейді».

48. «Әнғам» сүресінің 165-аяты: «Ол сондай Алла, сендерді жердің халифалары етті. Сендерге берген нәрселерде, сынау үшін дәрежелерде бірінді-біріңнен жоғары көтерді. Күдіксіз Раббың – жедел Жаза Беруші және шынайы Жарылқаушы, ерекше Мейірімді.

49. «Хаж» сүресінің 32-аяты: «Міне, осы! **Кім Алланың белгілерін ұлықтаса, күдіксіз, ол жүректің Тақуалығынан».**

50. «Тәубе» сүресінің 7; 10-аяттары: «Ол мүшріктердің Алла қасында, Елшісінің қасында қалай келісімі бола алады? Бірақ, Месжід Харамда бітім жасасқандардікі болады. Олар сендерге түзу сынай байқатса, сендерде оларға түзу ыңғай көрсетіндер. **Алла сақтанушыларды жақсы көреді». «Олар Момындармен арадағы жақындықты да, келісімді де сақтамайды. Міне, солар шектен шыққандар».**

51. «Мүминүн» сүресінің 96-аяты: «**Жамандықты жақсылықпен кетір.** Олардың баян еткен нәрсесін жақсы білеміз».

52. «Һұд» сүресінің 116-аяты: «Сендерден бұрынғы ғасырлардағы Ақыл иелері, жер жүзін бұзықтықтан тиса еді! Бірақ, олардың азын ғана құтқардық. **Зұлымдық істегендер, берілген жоғары тұрмыстың соңына түсіп күнәкар болды».**

53. «Бақара» сүресінің 39-аяты: «**Қарсы келіп, Аяттарымызды өтірік дегендер – дозақтық, олар онда мәңгі қалады».**

«Ниса» сүресінің 56-аяты: «Негізінен **Аяттарымызға қарсы шыққандарды жедел дозаққа саламыз да олардың терілері жанған сайын, азапты тартулары үшін, басқа терілерге ауыстырамыз.** Шәксіз Алла – тым Үстем, Хикмет Иесі».

«Әнғам» сүресінің 157-аяты: «Немесе: «Бізге Кітап түсірілсе, олардан гөрі тағы Тура Жолда болар едік» - дерсіндер деп, расында сендерге Раббыларыңнан бір ашық дәлел, Тура Жол,

мәрхамет те келді. Енді Алланың Аяттарын өтірік деп олардан жүз бұрғаннан кім залымырақ? Аяттарымыздан бас тартқандарды бас тартулары себепті жаман қинаумен жазалаймыз».

«Ағраф» сүресінің 36-37; 40-аяттары: «Сондай Аяттарымызды өтірік дегендер, өздерін одан зор санағандар, солар, тозақтық. Олар онда ұдайы қалушылар». «Алланы өтірік қаралаған немесе Оның Аяттарын жалғанға шығарған біреуден кім залымырақ? Олар Кітаптағы тиесілеріне қауышады. Ақыр Елшілеріміз олардың жандарын алуға келіп: «Алладан өзге сиынатындарың қайда?»- дегенде: «Олар бізден ғайып болды»-деп, өздерінің қарсы болғандықтарына өздері айғақ болды». «Күдіксіз, Аяттарымызды жалғанға шығарып, Одан өздерін жоғары санағандарға көктің есіктері ашылмайды... Және олар түйе иненің көзінен өткенге дейін Бейішке кірмейді. Күнәкарларды осылай жазалаймыз».

«Нахыл» сүресінің 23-аяты: «Дау жоқ! Алла олардың жасырғандарын және ашық істегендерін біледі. Расында Алла өзін жоғары санағандарды жақсы көрмейді».

«Таһа» сүресінің 100-аяты: «Кім Құраннан бет бұрса, күдіксіз, оған Қиямет күнінде күнә жүктеледі».

«Фурқан» сүресінің 21-аяты: «Сондай, Бізге кездесуді күтпегендер: «Бізге Періштелер неге түсірілмейді? Немесе Раббымызды көрсек»,-деді. Расында олар өздерін-өздері жоғары санады да тым шектен шығып кетті».

«Сәбә» сүресінің 5; 38-аяттары: «Ал, Аяттарымызды елемей, Оны күшінен қалдыруға тырысқандарға жаман бейнетті азап бар». «Сондай-ақ, Аяттарымызды күшінен қалдыруға тырысқандарға келсек, олар азапқа душар болатындар».

«Ғафыр» сүресінің 60-аяты: «Раббыларың: «Маған жалбарыныңдар! Тілектеріңді қабылдаймын. Расында Маған құлшылық қылудан паңсығандар, олар қор болып дозаққа кіреді»-дейді».

«Жасия» сүресінің 31-аяты: «Қарсы болғандарға: «Сендерге Аяттарым оқылмап па еді? Сонда тәкаппарландыңдар. Сондай-ақ, қылмысты ел сендер едіңдер»...

«Бәләд» сүресінің 19-аяты: «...Аяттарымызға қарсы шыққандар - солшылдар».

54. «Фурқан» сүресінің 43; 63-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) **ойын тәңір жасап алғанды** (Аллаға емес, ойына сенгендерді) көрдің бе? Сонда сен оларға кепіл боласың ба?» **«Рахманның Құлдары жерде сыпайы түрде жүріп, оларға білместер тіл тигізсе де: «Сәлеметшілік»,-деп дұрыс жауап береді».**

55. «Ниса» сүресінің 58-аяты: «Негізінен Алла (Т.) сендерге аманаттарды өз иелеріне тапсыруларыңды және адамдардың арасына билік қылсаңдар, Әділдікпен билік қылуларыңды әмір етеді. Расында, Алла сендерге нендей жақсы уағыз береді. Шәксіз Алла – толық Естуші, тым Қырағы».

56. «Әнғам» сүресінің 165; «Нахыл» сүресінің 71; «Зұхрұф» сүресінің 32-аяты:«**Алла (Т.) несібеде, біріннен-бірінді артық қылды...»**«...Олардың дүние тіршілігіндегі несібесін араларына Біз үлестірдік. Сондай-ақ бір-біріне бағынсын деп, бірінен-бірін дәрежеде көтердік...», -деген.

57. «Хұжрат» сүресінің 10-13-аяттары: «Шын мәнінде Момындар туыс қой. Сондықтан екі туыстарыңның арасын жарастырыңдар. Және Алладан қорқыңдар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер». «Әй, Момындар! Бір ел, бір елді тәлкек қылмасын. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ, әйелдер, әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Бір-бірінді міндемендер; жаман ат тағыспаңдар. Иман келтіргеннен кейін сүркей ат нендей жаман. Ал, кім тәубе қылмаса, міне солар залымдар». «Әй, Момындар! Күмәнның көбінен сақтаныңдар. Өйткені, күмәннің кейбірі күнә. Сыр тексермендер, біреуді-біреу ғайбаттамасын. Біреулерің өлген туысының етін жеуді жақсы көре ме? Әрине, оны жек көресіңдер. Расында, Алла – тәубені тым Қабыл Етуші, ерекше Мейірімді». «Әй, адам баласы! Шүбәсыз, сендерді бір ер, бір әйелденжараттық. Сондай-ақ, **бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық.** Шынында, Алланың қасында ең ардақтыларың Тақуаларың. Шәксіз, Алла – толық Білуші, әр нәрседен Хабар Алушы».

58. «Әнғам» сүресінің 152-аяты: Жетімнің малына жақындамандар; бірақ, ол, есейгенге дейін жақсы басқаруға болады. **Өлшеуді, тартуды туралықпен орындаңдар.** Біреуге шамасы келетінді ғана жүктейміз. Жақындарың болса да

Әділдікті айтыңдар. Және Алланың уәдесін орындаңдар. Осыларды Алла нұсқады. Түсінерсіңдер».

59. «Әнфал» сүресінің 27-аяты: «Әй, Момындар! Аллаға әрі Елшісіне опасыздық қылмаңдар; тағы біле тұра аманаттарыңа қиянат қылмаңдар».

60. «Әли Ғымран» сүресінің 76-77-аяттары: «Олай емес! Кім өз уәдесін орындаса, Алладан қорықса, расында Алла Тақуаларды жақсы көреді». «Негізінен сондай Аллаға берген серттерімен, анттары аз ақшаға (дүниеге) айырбастағандар, міне, солардың Ақыретте бір сыбағасы жоқ. Қиямет күні Алла оларға сөз қатпайды да оларға қарамайды әрі оларды ақтамайды. Сондай-ақ, олар үшін күйзелтуші азап бар».

61. «Нахыл» сүресінің 23-аяты: «Дау жоқ! Алла олардың жасырын, жария істегендерін жақсы біледі. Расында, Алла өзін жоғары санағандарды жақсы көрмейді».

62. «Шура» сүресінің 30-аяты: «Бастарыңа келген бір ауыршылық, қолекі істегендеріңнің салдарынан болады. Және де Алла көбін кешіп жібереді».

63. «Нәміл» сүресінің 4-5-аяттары: «Рас Ақыретке сенбегендердің өздеріне қылған істерін әдемі көрсеттік те олар сандалып жүреді». «Міне, сондайлар, оларға азаптың жаманы бар. Әрі олар Ақыретте де зиянда болады».

64. «Әли Ғымран» сүресінің 9-аяты: «Раббымыз! Расында Сен күдіксіз келетін бір күнде адамдарды жинаушысың. Сөз жоқ, Алла уәдесінен айнымайды».

«Фурқан» сүресінің 16-аяты: «Олар мәңгі қалатын Жәннатта не тілесе бар. Бұл – Раббың міндетті түрде орындайтын бір уәде».

«Рұм» сүресінің 6-аяты: «Бұл – Алланың уәдесі. Алла уәдесінен айнымайды. Бірақ, адамдардың көбі түсінбейді.»

65. «Бақара» сүресінің 188; 275-аяттары: «Араларыңдағы малдарыңды бұзық жолмен жемендер. Сондай-ақ, біле тұра адамдардың малынан бір бөлім жеу үшін билерге апармаңдар». «Сондай! Өсім жегендер (қабырларына) жын соғып тұрғандай есеңгіреп тұрады. Бұл – олардың: «Сауда да – өсім!»-дегендіктерінің салдарынан. Негізінен Алла сауданы – адал, өсімді – арам еткен. Сонда кім Раббынан насихат келгенде тиылса, өткені өтіп кетті. Оның ісі Аллаға тән. Ал және кім

қайталаса, (Аятты мойындамай жалғастыра берсе), міне, солар дозақтық. Олар онда мәңгі қалады».

«Әли Ғыман» сүресінің 130-аяты: **«Әй, Момындар! Үсті-үстіне өсім жемендер, Алладан қорқындар. Әрине, құтыласыңдар».**

66. «Нахыл» сүресінің 77-аяты: «Көктердегі және жердегі сыр Аллаға тән. **Қиямет сағаты кірпік қаққандай, тіпті, одан да жақынырақ.** Сөзсіз, Алланың әр нәрсеге күші толық жетуші».

«Нәміл» сүресінің 72-аяты: «Оларға: **«Асығып тілеген азаптарыңның кейі, сендерді өкшелеп тұрған болуы мүмкін»-де».**

«Зүмәр» сүресінің 25-аяты: «Олардан бұрынғылар да теріске шығарған. **Сонда оларға күтпеген жерден апат келген».**

67. Алла мұрса бергенінің хабарлаған Аяттар: «Әли Ғыман» с. 178 және 65-66-беттерде толық берілген).

68. «Нахыл» сүресінің 68-69-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Раббың, араға: «Таулардан, ағаштардан және лапастардан ұялар жасап ал!» – деп нұсқады». «Сосын әр түрлі өсімдіктен же де Раббыңның қолайластырған Жолына түс!» **Араның қарындарынан түрлі-түсте бал шығады.** Онда адам баласы үшін шипа бар. Шынында мұнда да ойлайтын қаумы үшін ғибрат бар».

69. «Әнғам» сүресінің 141-аяты: «Ол сондай Алла, аспалы және аспасыз бақшаларды, құрма ағаштарын, түрлі жемісті, өсімдіктерді, зейтін және анарды бір-біріне ұқсаған, ұқсамаған түрде жаратқан. Әрбірі жеміс берген кезде жемісінен жеңдер, оны жиып алған күнде құшырын беріңдер. **Ысырап етпендер. Күдіксіз Алла, ысырап етушілерді жақсы көрмейді».**

«Ағраф» сүресінің 31-аяты: «Әй, адам балалары! Әрбір құлшылық орнында зейнеттеріңді (киініңдер) алыңдар. **Және жеңдер, ішіндер де ысырап етпендер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді сүймейді».**

70. «Мәида» сүресінің 49; 64-аяттары: «Олардың араларына Алланың түсіргенімен үкім ет. **Олардың ойларына ілеспе және саған Алла түсірген кей үкімдерден сені бұзуларынан сақтан!** Егер олар жүз бұрса, күдіксіз Алла оларды кей күнәлары себепті қайғыға ұшыратуды қалайды, деп біл. **Расында, адамдардың көбі бұзық».** «Және Яудилер: «Алланың қолы байланған

(сараң)»-деді. Бұл сөздері себепті олардың қолдары байланып, лағнеттелді. Керісінше, Алланың құдырет қолдары ашық, қалағанынша береді. Әрине, Раббың тарапынан саған түсірілген **Құран, олардың көбінің азғындығын, қарсылығын арттырады. Сондай-ақ, олардың арасына Қияметке дейін дұшпандық, өштік салдық. Сондықтан әрқашан олар соғыс үшін от тамызса, Алла оны өшіреді. Олар жер жүзінде бұзықтыққа тырысады. Алла бұзақыларды жақсы көрмейді».**

71. «Нұр» сүресінің 19; 24-25-аяттары: «Расында сондай, Момындардың арасында арсыздық жайылуын жақсы көргендерге, дүние, Ақыретте күйзелтуші азап бар. Алла біледі. Сендер білмейсіңдер». «Қиямет күні оларға тілдері, қол-аяқтары не істегендеріне айғақ болады». «Сол Күні Алла оларға лайықты жазасын толық береді. Сондай-ақ, рас Алланың ашық Шындық екенін олар біледі».

Тәпсірлер жәйлі тақырып

Бабаларымыз алданған еді,
бізді де алдамақшы!

Кіріспе орнына

«Күдіксіз Раббым, арсыздықтарды, оның көрнеу – көмесін, күнәні, орынсыз озбырлықты, оған байланысты ешбір дәлел түсірілмеген нәрсені Аллаға серік қосуларыңды және білмейтін нәрселеріңді Аллаға қарсы сөйлеулеріңді арам қылды», -де» («Ағраф» с. 33-а).

* * * * *

«(Мұхаммед с.ғ.с.) қарсы болғандарға, егер олар жамандықтан тиылса, өткен күнәлары жарылқанатынын, ал егер қайталаса, сонда өткендегілердің үкімі орындалатынын ескерт». («Әнфал» с. 38-а).

* * * * *

«Мүмкін Раббыларың мәрхамат етер. Егер қайталасандар, Бізде қайта жазалаймыз. ...». «Негізінде осы Құран ең Тура Жолға салады. Әрі дұрыс іс істеген Момындар үшін, әрине, зор сыйлық бар екендігін сүйіншілейді». («Ісра» с. 8-9-а).

* * * * *

«Расында Аллаға, Елшісіне қасарысқандар, олар да бұрынғылар қорланғандай қорланады. Әлбетте, ашық Аяттарды түсірдік. Қарсы болушылар үшін қорлаушы азап бар». («Мүжадәле» с. 5-а).

1987 жылдан бері мені алаңдатқан үлкен сұрақтар: «Біз Мұсылман бола тұра неге ғайридіндерге, құдайсыздарға отар болдық? Әлем Мұсылмандары неге тыныш өмір сүре алмайды? Неге олардың әлемдік ғылымда, мәдениетте, саясатта ықпалы жоқ?» -деген сұрақтар. Сөйтсем, ғайридіндер Алла белгілеген өз жолдарында екен да («Мәида» с. 48-а), Мұсылман жұрты, әсіресе, біз қазақтар Мұсылман болғанымызбен – Аллаға серік қоспай бес парызды өтіп, тиымдардан сақтанып жүргенімізбен, өз Жолымызда емес екенбіз. Әл-Ғилму-Алладан алыс екенбіз.

Атап айтқанда, басына сәлде байлап, шапан мен мәсі киген сақалды азғындардың: «Ойбай, Құран сөзін талдауға болмайды. Құранды алымдарсыз оқымаңдар, күнәға батасыңдар!...»-деген өтірігінен қорқып, «Бақара» сүресінің: «...**Кітапты оқисыңдар, ойламайсыңдар ма?...**»-деген 44-ші; «Мүминұн» сүресінің: «**Олар сөзді (Құранды) зерттемей ме? Немесе оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келді ме?**»-деген 68-аятына сауатты амал жасамай, өтірік тәпсір мен жалған хадистерге сеніп жүр екенбіз. Сондықтан Алла бізді қорғамапты («Хаж» с. 38-а), ғылымшыл ғайридіндерге отар қылыпты, Құрани білімсіздігімізден осы ахуалға түсіппіз.

Мұны Алла «Ғафыр» сүресінің 5-аятында былай түсіндіреді: «Олардан бұрын Нұхтың (ғ.с.) елі де әрі Одан кейінгі топтар да жалғанға шығарған болатын. **Әр үмбет өз Елшілерін қолға алуға бел байлады. Сондай-ақ, Ақиқатты (Аяттарды) бос нәрселер арқылы құлатуға тырысты. Сондықтан оларды қолға алдым...**», -дейді.

Аятты таратып айтсақ, бүгінгі біздер үшін, мұндағы Елші – Мұхаммедтен (с.ғ.с.) бері таза сақталып келген Құран Кәрім («Хыжыр» с. 9-а);

– ал, «...**Әр үмбет өз Елшілерін қолға алуға бел байлады...**», - дегені – бізге дейінгі тәпсіршілер; яғни, Құранның Аяттарын «...**бос нәрселер арқылы құлатуға...**», күшінен қалдыруға, аузымен өшіруге тырысып («Тәубе» с. 32; «Фатх» с. 28; «Саф» с. 8-9-а), Алладан келген Ақиқатқа қиянат жасағандар. Оны бабаларымыз білмей, оларға сенді. Содан Мұсылман жұрты, соның ішінде біз қазақ Алланың Мейірім, Рахымынан алыста қалып, мені күйзелткен күйге құлаппыз.

Яғни, ғылымы жоқ замандардың тәпсіршілері Аяттар мен хадистерді өз замандастарының таным-түсінігіне бейімдеп жазып, Аяттарды дұрыс түсіндіре алмай, нәтижеде Құранға күмән пайда болып, Мұсылмандар жіктерге бөлініпті, содан азапты тағдырларға ұшыраппыз. Мұны талдаулар мен түсініктер барысында білеміз.

Құран туралы түсініктер, өсиеттер, кеңестер ертеден-ақ жазылып келеді. Ол жер бетіне келіп, кететін барлық адам баласына түсірілген. Сондықтан Оны зерттеушілер мен насихаттаушылар алдағы ғасырлар бойы да, өз замандарына сай түсінікпен жаза береді. Себебі, ғылым дамыған сайын астарлы Аяттар сыры ашылып, адамзат Шындыққа көз жеткереді...

Сол сияқты, сөз басында айтқан сұрақтардың ізіне түскен біз, Құран мен тарихты, ұлтымыздың тағдырын салыстырып отырып, Ақиқат пен қиянаттың арасын аштық. Енді біз «Бақара» сүресінің 42-ші, «Ниса» сүресінің 135-аяттарын басшылыққа ала отырып, кімнің зиянына болса да Ақиқатты айтпақпыз. Айтқанда да, әңгімені Ислам әлемі жаңылған жерден бастап айтамыз: атап айтқанда, тәпсірлердің қате екенін меңзеген – «Бақара» сүресінің 78-79; 174-аяттарына;

екінші, Аяттарды Пайғамбарларға, қауымдарға бөлгенді қостамаған – «Хыжыр» сүресінің 90-91-аяттарына;

үшінші, Құран сөзін өзгертуші жоғын ескерткен – «Кеһф» сүресінің 1; 27-ші, Ақиқат пен бұзықтықты араластырмауға кеңес берген – «Бақара» сүресінің 42-ші және Алланың Аяттарын – Хикметті түсінуге, мазақ етпеуге шақырған – 231-аяттарына Тақуа жүреппен амал жасалмағанын айтамыз;

айтқандағы мақсат – «...надандықпен адастырғандарының күнәларының кейбірін көтеретінін...» ескерткен «Нахыл» сүресінің 25-аятын менсінбей: «Әнғам» сүресінің 34; 50; 115-ші, «Жүніс» сүресінің 15-ші, «Рағыз» сүресінің 37-38-ші, «Фуссилат» сүресінің 41-42-ші, «Нәжім» сүресінің 2-4-ші, «Хаққа» сүресінің 40-46-шы, «Текуир» сүресінің 24-аяттарының Үкімін, өз өтіріктерінің көлеңкесінде қалдырып, осы Аяттарға қарсы амалдардан сақтанбағандардан сақтандырмақ – қандастарымды, отандастарымды, дін бауырларымды Шындыққа шақырмақ!

Әуелгі екі сүредегі бес Аят («Бақара» с. 78-79; 174; «Хыжыр» с. 90-91-а) Құраннан дұрыс пайдалануда өте үлкен мәнге ие. Құранды насихаттаушыларды жаңылдырған да осы бес Аяттың қате түсінігі.

Ең алғаш тәпсір жазған Ислам ғалымдары, оқымыстылары Аяттарды түсіндіруде «Бақара» сүресінің осы 78-79; 174-аяттарына сауатты жандаспай, дәлелсіз, қиялдарына келгенін жазған болса, олардан кейінгі толқын да Аяттарды зерттемей, силсила әдісімен солардың айтқанын қайталаған, бүгінгілердің де тірлігі солай. Бұл Аяттарда: **«Олардың ішінде надандары да бар. Кітапты білмейді. Олар тек қана үйретіндіні (айтады) және бос ойларды ойлайды». «...Кітапты қолдарымен жазып, ...аз ақшаға сату үшін: «Осы Алланың қасынан келгені»,-**

дегендерге нендей өкініш!...». «...Алла түсірген Кітаптан (...) жасырып, оны аз ақшаға айырбастағандар, қарындарына отты ғана жейді (толтырады). Қиямет күні Алла оларға тіл қатпайды да оларды ақтамайды және оларға күйзелтуші азап бар» (78-79; 174-а),-деген. «...Кітапты қолдарымен жазып...», деп отырғаны – тәпсіршілер.

Бұлар «Әнғам» сүресінің 91-аятының: «...Сендер Оны бөлшек-бөлшек қағаз етіп, кейбірін көрсетіп, көбін жасырасындар...»,-деген хабары бойынша Мұхаммедке (с.ғ.с.) дейінгі Пайғамбарлардың қауымына тиесілі екені күмәнсіз. Иә, бұл Аяттар алдымен соларға тиесілі. Бірақ, Құранда бос сөз жоқ («Жүсіп» с. 111-а). Әрбір Аятта, қиссаларда бүкіл адам баласына үгіт, үлгі, насихат, түсінік бар («Һұд» с. 120-а). Бұл Аяттардан біз алатын сабақ – Құранды өзіміз зерттеп түсінуіміз.

Әрбір Аятта сабақ барына дәлелге «Інжілді» алайық. Исаның (ғ.с.) хауариларынан кейінгі қауымы да өздеріне келген «Інжілді» көңіл қойып оқып зерттемеді. Олар, ақша үшін пысықсынған біреулердің: «Осы Алланың қасынан келген», дегеніне сеніп, солардың Аяттарды өз мәнінде түсінбей, бұрып жазғанын дұрыс деп қабылдады. Сөйтіп Алланы үшеу деп; әкесі, анасы бар деп, адасты. Және «Иса өзгертті», деп, Имандылықтың Жолын бұрмалады – Алланың Ақыреттік қайырынан, нығыметтерінен, несібесінен қағылды. Тек «...аз пайдаландырған...» («Бақара» с. 126-а), осы дүниенің нығметімен қалды.

Және қайталайық, бұл Аяттардың мақсаты – бізді осындай қателесуден сырт қағу, Құранды өзіміздің ойланып, зерттеуімізге шақыру.

Құранның мәңгілік Алладан түскен мәңгілік Кітап екеніне Иман келтірген Құл, Аяттардың мағынасын аша алмаған ескі тәпсірлерден осы – 78-79; 174-аяттардың бұрмаланғанын көреді. Яғни, өзіміз пайдаланып жүрген тәпсірлерге ой бөлсек, бұл үш Аят: «...Кітапты қолдарымен жазып, ...аз ақшаға сату үшін: «Осы Алланың қасынан келгені»,-дегендер...» («Бақара» с. 79-а) екенін, яғни, Аяттарға дәлелсіз тәпсір жазып кеткен Ислам «ғұламаларын» ХХІ ғасырдағы біздерге таныстырып отырғанын түсінеміз.

Енді осы үш Аятты жеке-жеке талдайық. 78-аяттағы: «Олардың ішінде надандары да бар. Кітапты білмейді...»,-

дегені, кезіндегі адасқандар болса, бұл бүгінгі біздің арамыздағы Құранды көңіл қойып оқымайтындар («Жұма» с. 5-а) мен Құранның қазақшасы барын біле тұра Оны өмір сүрудің пәлсапасы, адастырмайтын Тура Жол ретінде, ғылым ретінде сауатты танып дұрыс пайдаланбайтындар – Алладан үміті жоқтар («Фатыр» с. 32-а); **«Олар тек қана үйретіндіні (айтады)»**,- дегені, өздері Аяттарды көңіл қойып оқымай, анадан-мынадан есіткенін, ескі тәпсірлерден оқығанын уағыздап жүргендер; **«және бос ойларды ойлайды»**,- дегені, «Бақара» сүресінің 44-ші, «Мүминұн» сүресінің 68-аяттарынан ой түйіп, Аяттарды бір-бірімен салыстырып және өмір Шындықтарымен, ғылым дәлелдерімен байланыстырып мағынасын толық білмей тұрып, өз ойына келгенін білгішсініп жазатындар.

79-аятта қолдан жазып сатудың пайда табу үшін істелгенін айтады.

Кітапты жақсы ақшаға сату үшін және аларманы көп болуы үшін: **«Осы Алланың қасынан келгені...»**,-деп өтірік айтатынының, сол – тәпсір жазғандардың Алланы ұмытып, **«... Аяттарды аз ақшаға сатпаңдар...»**,-деген, «Мәида» сүресінің 44-аятының үкімін ескермей, пайдаға құныққанының хабары. Мұны: **«Олар Алланың Аяттарын аз бағаға сатып, Оның Жолынан тосты. Олардың істегендері нендей жаман»**,-деп хабарлаған, «Тәубе» сүресінің 9-аяты да тастықтайды. Расында, біздің өзіміз де кезінде, түсіне алмаған Аяттарымызды білу үшін ескі тәпсірлерге алаңдағанбыз. Тап солар Жәбрейлмен (ғ.с.) не Пайғамбарымыз Мұхаммедпен (с.ғ.с.) тіке сөйлесіп, астарлы Аяттардың нақты мағынасын сұрап алып жазғандай. Өкінішке орай, тәпсірлер біз күткендей болмады.

Біздің бұл талдауларымызға қарсы шығып: «Бұл Аяттар Мұхаммедтен бұрынғы Пайғамбарлардың қауымына тиесілі»,- дейтіндер де табылары хақ. Мұны Ас-Сабуни де солай жазған.

Егер олар соншалықты білгіш болса, барлық тәпсірлер солар айтқандай болса, әлбетте, біз астарлы Аяттардың сырын ашқан, бүгінгі ғылым дәлелімен үйлескен сенімді тәпсірлер оқыр ек; Алла, ұстанып отырған дінін бүкіл діндерден басым етіп жіберген Момындар мен Мұсылмандар ғайридіндерден үстем болар еді («Тәубе» с. 33-а).

174-аятты талдайық. Сүренің 146-аятында Кітап берілгендердің Шындықты біле тұра жасыратынын ескерткен.

Тәпсіршілер осы екі Аятта да Имандылықтың жасырылатынын, жақша арасында: «...(Мұхаммед ғ.с. ды) ұлдарын танығандай таниды...», «...(Таураттағы Мұхаммед ғ.с. ның сипаттарын) жасырып...», -деп жазған. Мұндағы: «...ұлдарын танығандай», -деген сөз, Мұхаммед (с.ғ.с.) емес, Алланы, әрбір Аяттың мағынасын ұлдарын танығандай, жаңылыспай білетіні; 174-аяттың жалпы мағынасына көңіл бөлсек, мұнда да Шындықтың жасырылатыны айтылған.

Себебі, Құранда келген Аяттар, қиссалар оларға «Тәуратта», «Забурде», «Инжілде» келген еді («Фуссилат» с. 43-а). Олар Мұхаммедті (с.ғ.с.) мойындау үшін, алдымен, Аяттардың Алладан түскенін тән алуы керек. Сонда Мұхаммедке ереді.

Тәпсірлер мен Құранды салыстырып отырып, дәлелсіз бет алды сөйлеген тәпсіршілердің «Ағраф» сүресінің: «...білмейтін нәрселерінді Аллаға қарсы сөйлеулерінді Алла арам қылды...», -деген, 33-аятын, «Кеһф» сүресінің: «...Оның сөздерін ешбір ауыстырушы жоқ...», -деген 27-аятын, «Бақара» сүресінің: «Ақиқатты бұзықтыққа араластырмандар да, ...біле тұра Шындықты жасырмандар» (42-а), «...Алланың Аяттарын мазақ қылмандар...» (231-а), -деген Аяттарын ескермей және «Нахыл» сүресінің: «... олар Қиямет күні өз күнәларын тұтас және надандықпен адастырғандарының күнәларының кейбірін көтереді. Байқандар! Үстеріне алған нәрселері нендей жаман?!» (25-а), «...Шынында Аллаға өтірік жала жапсырғандар құтылмайды» (116-а) деген, ескертуінен сескенбегеніне, тіпті, «Бақара» сүресінің: «...Біз ап-ашық үкімдерді әрі Тура Жолды Кітапта адамдарға баян еткеннен кейін жасырғандарды Алла лағнет етеді әрі барлық лағынет етушілер лағнет етеді» (159-а), -деген үкімінен қорықпағанына таң қаламыз.

«Һұд» сүресінің 15-19-аяттарына ой жүгіртіп зерттесек, «Бұлар «...Алланың Жолынан тосып, Оны қисайтуға...» тырысатындардың өзі ме?» (19-а)-деп қаламыз. 15-аятта: «Кім дүние тіршілігін қаласа, дүниеде олардың енбектерін толық береміз, ...олар ...кемшілікке ұшыратылмайды», -деген. «...кемшілікке ұшыратылмайтынын» айтайық. Тәпсіршілер тәпсірінде: Қияметте «...сол сәтте ол өлгендер жылдам қабірлерінен шығып, жылдам жүреді...» («Иасин» с. 51-а), –

деп; хадистерінде: «...*дәрет алған мүшелері нұр болып тұрады*» (Н. Өтпенов, «Ихсан...» кітабы 109-б.),-деп елді алдап келді. Кезінде бір тәпсірші, осы 51-аятты өзінің ойымен осылай жазуды қалады, Алла кемшілікке ұшыратпай, өзінің көңіліндегісіндей жаздырды. Бұл өтірік әлі айтылып келе жатыр.

(Бірақ, оларға) «...**Ақыретте дозақ отынан басқа еш нәрсе жоқ. Дүниеде жасағандары жойылып кетті. Негізінде олардың істегендері босқа кетті**» (16-а). Яғни, Алланың құзырында қабылданбады. Бұл тәпсірінен оған ешқандай сауап берілмеді. Себебі, ол Алланың Аятын өмір Шындығымен салыстырып, Ақиқатты жазбай, халықты «...**Алланың Жолынан тосып, ...**» Тура Жолды қисайтты. Адамдарда Құрани Шындыққа күмән пайда болды. Соның кесірінен халық: «Сол жаққа барып көріп келген кім бар екен?!» «Ол Қияметке дейін кім бар, кім жоқ?!»-деген – Қияметтің болатынына күмәндандырған мақалдарды тоқыды. Жақсылардан мұраға қалған ізгілікті қоғамның белдігі босап, «Өмір бір-ақ рет беріледі, жасап қалу керек»,-деген жеңіл ойлылардың жолы болды.

17-аятта: «...**Әр қандай топтардан кім Құранға қарсы келсе, онда оның уәделі орны – от! (Мұхаммед с.ғ.с.) сен де Одан (Құраннан) күдікте болма. Расында Құран – Раббың тарапынан бір Ақиқат. Бірақ, адамдардың көбі сенбейді**», -дейді*. Құранға қарсы келгендер – осы дәлелсіз сөйлейтін тәпсіршілер.

Құран сөзінің **бір** мағынасы: «Оқыды»**, яғни, «Маған Жәбрейіл (ғ.с.) келіп оқыды», -деген сөз. Бұған Құранда да, хадистерде де дәлел бар.

Міне, осы «Оқыды» дегенге келіссек, 17-аяттағы: «...**Құранға қарсы...**» келу – Аллаға қарсы болу. Себебі, Алла «Нұр» сүресінде, Өзінің көктер мен жердің Нұры екенін ескертті (35-а) және «Ниса» сүресінің 174-аятында: «...**сендер үшін бір ашық Нұр түсірдік**», -дейді. Бұл – Құран. Демек, Құранға қарсылық, Оның Алладан келген Шындық екенін мойындамау болады. Сонда Қиямет хақында дәлелсіз жазып жүргендер Құранға қарсылар екені өз-өзінен көрініп тұрады. Міне, осылар – Аллаға жала

* Сенбейтін көпшілік, сенетіндер аз, «Бақара» сүресінің 83; 88-аяттарында...

** «Жүніс» с. 15-аяты; «Құран Кәрім казакша түсіндірмелі аударма». А. Б. Әкімханов, Н. С. Анарбаев.

жапсырғандар. Яғни, «...Сонда олар қабырларынан, Раббыларына жүгіреді», -дегенді, өмір Шындығымен зерделемей, тіке түсініп: «...сол сәтте ол өлгендер жылдам қабірлерінен шығып, жылдам жүреді...», -деп, Құраннан, ғылымнан, өмір Шындығынан дәлел көрсетпей, ақылға қисынсыз жазып, Алла айтпағанды айтты қылып, Аллаға жала жауып отыр.

Алла келесі 18-аятта: «Аллаға өтірік жала жапсырғаннан басқа кім залымырақ?! Міне, бұлар Раббының құзырына шығарылады. Сондай-ақ айғақтары да: «Міне, бұлар Раббыларына өтірік айтқандар»-дейді. Естеріңде болсын! Алланың қарғысы залымдарға тән», -дейді.

Екінші сөйлемдегі: «...Раббының құзырына шығарылатыны...» – Алланың бұл Шындықты біздің заманымызда археология ғылымы арқылы түсіндіріп, тәпсіршілердің («Иасин» с. 51-а) айтқаны жалғанға шығып отырғаны («Фуссилат» с. 53; «Сад» с. 87-88-а). Келесі сөйлемдегі **айғақтар** – олардың жазып қалдырған дәлелсіз тәпсірлері.

Міне, жоғарыда келтірілген: «Ағраф» (33-а), «Кеһф» (27-а), «Бақара» (42; 231; 159-а), «Нахыл» (25-а) сүрелерінің және осы соңғы талдаған Аяттарды («Һұд» с. 15-19-а) қорыта келе бұл тәпсіршілер, Алланың Жолын қисайтушылар немесе Аяттарды тәлкекке алушылар («Лұқман» с. 6-а), -деп немесе бұларды, Алланың Аятына сенбеген жалғаншылар, -деп кінәламай-ақ, Құранды толық оқып зерттемей, өз замандарында халқын Иmandылық Жолында ұстап тұру үшін жаза салған, десек, ешкімнің обалына қалмаспыз.

Алайда, айтуға қиын, бірақ, айтылуы шарт ашық Шындық, олардың тәпсірлерін пайдаланбауымыз керек. Себебі, бабаларымызды жаңылдырған осы тәпсірлер. Сондықтан бұлардан іргені аулақ салған дұрыс.

Әйтпесе, біз де бабаларымыздың қателігін қайталап, Алланы ашуландырып, «Әнфал» (38-а), «Ісра» (8-а), «Мүжадәле» (5-а) сүрелерінде ескерткен, бабаларымыз бен мамаларымыз, әкелеріміз бен аналарымыз көрген азапқа тағы тосыламыз.

Ғылым дамыған заманнан беріде көптеген Аяттардың ғылымнан дәлелі табылды. Енді біз Аяттардың жабығының астарын, ашығының мағынасын ғылым дәлелдерімен, тарих –

өмір Шындығымен, Аяттарды салыстыру жолымен түсінуіміз керек. Сонда Құранды дұрыс меңгеріп, ақылды насихаттаймыз және Алланың Рахымында жақсы тұрмыс кешеміз.

Енді ескіден аластап, жаңаға шақырып отырғасын, ескі мен жаңаны салыстырып, шақыруымыздың дұрыстығын дәлелдейік. Құранның «Хаққа» сүресінің 6-8-аяттарында: **«Я, Ғад елі де гуілдеген қатты боранмен жоқ етілді». «Алла оларға боранды жеті түн, сегіз күн жалғасты түрде естірді. Сонда ол елді құрманың қуыс дөңбегінше құлағанын көрер едін». «Ал, енді олардан қалған бір нәрсе көресің бе?»**-деген (Халифа Алтай а.т.).

Алла «Фуссилат» сүресінің 53-аятында: **«Құранның мүлде Шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі белгілерімізді жедел көрсетеміз...»**,-деген (Халифа Алтай а.т.), Алла, Аяттың Шындығын – 1945 жылы тамызда Жапонияның Нагасаки, Херосима қалаларына тасталған атом бомбасы арқылы көрсетіп еді. Бұл бомба Жапонияның екі қаласын жоқ қылса, Аяттағы боран Ғад елін жойған.

Сонда атом бомбасын ойлап тапқан ғылым, Алладан осы Һұдтың (ғ.с.) қауымына келген боранның құрамын тапқан болады ғой.

Ал, Ас-Сабуни 6-аятқа тәпсірінде: *«Һудтың халқы болған Ад халқына келер болсақ, олар да «әд-дубур»,-деп аталатын дауысы қатты өте құйынды дауылмен астаң-кестеңі шығарылған болатын. Хадисте былай делінеді: «Маған «саба» дауылымен жәрдем берілді. Ад қауымы болса «дабур» дауылымен құрдымға кетті». Аяттағы «қатты боранмен», яғни, «Ати-ямен» (сұрапылмен) деп өте жылдам есетін өте суық бір желді айтады. Тіпті, ол жел өзінің көлеміне сыймайтын, көлемін шектеу мүмкін болмаған ауқымы кең дауыл. Ибн Аббас былай дейді: «Алла қайсы желді жіберсе де, оны өлшеммен жібереді. Қандай жауын жаудырса да, оны бір өлшеммен жаудырады. Алайда, Нұх (а.с.) пен Ад қауымдарына жіберілген жауын мен жел бұдан бөлек. Өйткені, Нұхтың (а.с.) уақытындағы жауында құрғақ жердің бәрінен асып кетті. Оған қарсы еш нәрсе істей алмады...»*,-десе, 7-аяттың тәпсірінде, Аяттың бірінші сөйлеміндегі: **«...жеті түн, сегіз күн...»**, дегенді шатастырып: **«Алла ол дауылды желді оларға жеті күн, сегіз түн**

тоқтаусыз, үзіліссіз жіберді»,-деген... Аяттың екінші сөйлемін: «Ей, тыңдарман! Ол қауымды сен үйлерінде тырп ете алмай қалған өлілер секілді көретін боласың. Тіпті, олар іші желініп қуыс болған құрманың дөңбегіндей бос қалды. Тәпсіршілер: Жел құрма ағаштарының бастарын жұлып кеткені секілді, олардың да бастарын жұлып тастады. Ауыздарынан кіріп артқы тесіктерінен шығып, оларды ұшырған қалпы жерге топалаң астырады. Соңында олар іші қуыс құрма дөңбектері тәрізді болып қалады»,-деп түсіндіреді,-деп тәпсірлеген.

Тәпсіршіден бе, аудармашылардан ба? Тәпсірдегі: «құйын», «дауыл», «жел» орынсыз пайдаланылған. Әлде бұлар бұл үшеуінің үш басқа құбылыс екенін білмей ме?

Және: «...*Тіпті, ол жел өзінің көлеміне сыймайтын, көлемін шектеу мүмкін болмаған ауқымы кең дауыл...*»,-деп, Ибн Аббастың: «...*Алайда, Нұх (а.с.) пен Ад қауымдарына жіберілген жауын мен жел бұдан бөлек. Өйткені, Нұхтың (а.с.) уақытындағы жауында құрғақ жердің бәрінен асып кетті. Оған қарсы еш нәрсе істей алмады...*»,-дейді.

Нұхқа (ғ.с.) келген топан су, таулардан да асып, жер жүзін қаптаған еді. Мына екі тәпсір де бұл боранды сол топан суға теңеп отыр. Топан суда Нұхқа ергендерді Алла кемеде сақтап, олардан адамзаттың ұрпағын жалғастырды. Бұл Аятпен бекітілген. Ал, ауқымы кең, бұл бораннан кейінгі ұрпақ қалай жалғасты екен?!

Бұған Құранда дәлел жоқ. Сонда боранның ауқымын топанға теңеген бұл екеуі, тәпсірін неге негіздеп жазған?!

Бұл сұрақтарға жауап жоқ. Бір сөзбен айтқанда, тәпсірін өз заманына жараса жазған Ибн Аббас та, Ас-Сабуни де бұл үш Аятқа байланысты боранның күштілігінен басқа ештеңе айта алмаған.

Ғылым дәлелдеген Аяттардың бірі, «Фурқан» сүресінің 53-аяты. Онда: «**Ол сондай Алла, екі теңізді қоя берді: мынау тәтті, сүйкімді және анау тұзды, ащы. Екі арасына бөгет жасады**»,-деген. Енді Ас-Сабунидің «Тәпсірлердің таңдаулысы» кітабындағы тәпсірді оқиық: «...*Ибн Кәсир былай деген: «Ұлық Алла біреуі – тұщы, екіншісі ащы – екі түрлі су жаратты. Тұщы су – өзендер, құдықтар мен дариялардағы су. Ащы су – теңіз сияқты азын емес сулар. Алла тұщы су мен ащы су арасына көзге көрінбес кедергі қойып, бір-біріне араласпайтындай етті. Арадағы кедергі – олардың арасындағы құрғақ топырақ.*

Табаридің де пікірі осыған саяды...», - деген. Бұл ғылымы жоқ заманның ғалымдарының түсіндіруі.

«Бұл Құран – бүкіл әлем үшін бір насихат»; «... Оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіңдер» («Сад» с. 87-88-а), - деп, ескерткен Алла, қазір, океонолог ғалым Капитан Кусто арқылы бұл, 53-аятты былай түсіндіріп отыр. *«1962 жылы неміс ғалымдары Аден шығанағы мен Қызыл теңіз бірігетін Мандаб бұғазында Қызыл теңіз бен Үнді мұхитының сулары бір-біріне араласып кетпейтіндігін тапқан еді. Біз Атлант мұхиты мен Жерорта теңізі жанасқан жердегі судың жағдайын тексеруге кірістік. Әуелі, Жерорта теңізінің жылылығы, ащылығы, тығыздығы мен су асты хайуандарын анықтадық. Дәл осындай тәжірибені Атлант мұхитында да өткіздік. Бұл екі су алыбы Гибралтар бұғазында мыңдаған жылдардан бері бірігетін еді. Мұндай жағдайда бұл екі су алыбының бір-біріне араласуы, олардың ащылық дәрежесі, температурасы, тығыздығы және басқа элементтері өзара ұқсас, ең болмағанда, өзара жақын болуы тиіс болатын. Бірақ, екі теңіз, тіпті, ең жақын бөліктерінде де өзіне тән қасиетін сақтап қалған. Яғни, су алыптары қосылған тұста бір су пердесі екі теңіз суының бір-біріне араласып кетуіне бөгет болатын еді. Бұл жағдайды профессор Морис Букайга түсіндіріп бергенімде, ол мұнда ешқандай таң қаларлық нәрсе жоқ екендігін, Ислам дінінің қасиетті Кітабы Құранда бұл жөнінде ашық-айқын жазылғандығын айтты. Шындығында, бұл оқиға Құранда ашық айтылған екен», - деп, «Фурқан» (53-а), «Рахман» (19-20-а) сүрелерінің Аяттарын келтіріп, ізінен: «Мұны білгеннен кейін Құранның Алланың сөзі екендігіне Иман келтірдім. Хақ дін болған Исламды қабылдадым*...», - дейді.*

Иә, Шындық қашанда мойындатады. Біз Құранның: **«Әй, Момындар! Әділдікте мықты тұрып, ... өздеріңнің, әкешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да Алла үшін айғақ болындар... әділдік істеуде нәпсіге ермендер...»** («Ниса» с. 135-а), - деген; **«Әй, Момындар! Алла үшін куәлікте Туралық үстінде мықты тұрындар және бір елдің өшпенділігі сендерді әділетсіздікке тартпасын...»** («Мәйда» с. 8-а), - деген; **«...Жақындарың болса да әділдікті айтындар...»** («Әнғам» с.

* Капитан Кусто, «Біз неге мұсылман болдық?» кітабынан. Нұртай Ернарзардың «Ұлы тұлғалар Ислам жөнінде» топтамасынан.

152-а),-деген үкімдеріне және Құранға негіздеп тағы бір ауыр Ақиқатты айтсақ, біз оқып отырған тәпсіршілер, өз заманының түсінігімен сөйлеген, деген шешімге келеміз. Себебі, «Бақара» сүресінің 269-аятында: **«Алла Тағала хикметті (терең білімді) қалаған Құлына береді. Ал, кімге білім берілсе, оған көптеген игіліктер берілген болады. Бұған ақыл иелері ғана түсіне алады»**,-десе, «Ғанкабұд» сүресінің 49-аятында: **«...Негізінде Құран – өздеріне ғылым берілгендердің көңілінде айқын Аяттар. Аяттарымызға залымдар ғана қарсы келеді»**,-деген. Осы Аяттарға қарап айтсақ, біз сеніп отырған тәпсіршілерге Алладан ғылым, хикмет берілмеген. Ғылым мен хикмет берілсе, тәпсірлер дәлелмен жазылар еді.

Оларға ғылым берілмегеніне мына Аяттар да нақты дәлел бола алады. «Әнғам» сүресінің 115-аятында: **«Раббыңның сөзі (Құран) Шындық әрі Туралықпен түсірілген. Оның сөздерін өзгертуші жоқ»**,-десе, «Жүніс» сүресінің 15-аятында Мұхаммедтің Өзі де (с.ғ.с.) Өз аузымен Алланың Аяттарын өзгерте алмайтынын айтқан. Егер тәпсіршілерге Алладан ғылым, хикмет берілгенде олар: *«...сол сәтте ол өлгендер жылдам қабірлерінен шығып, жылдам жүреді...»*,-деген, *«...Тұщы су – өзендер, құдықтар мен дариялардағы су. Ащы су – теңіз сияқты ағын емес сулар...»*,-деген сөздерді айтпаған болар еді.

Аятта бір арнаға екі суды жібергенін айтқан. Ал, бұлар жер бетіндегі құдықты, өзенді дәлелге келтірген. Осы жердің өзінен-ақ, оларға ғылым берілмегенін аңғарамыз.

Егер ғылым берілсе, Құранды жақсы түсінер еді. Құранды игергесін, «Ағраф» сүресінің: **«...сендер оларды көрмеген жерден (олар сендерді) көреді...»** (27-а),-деген; «Бақара» сүресінің: **«...Аллаға қарсы білмейтіндеріңді айтуды нұсқайды»** (169-а),-деген, өсиеттерін ескеріп, Құранға қарсы өтірік сөйлетіп отырған шайтаннан сақтанар еді. Біз олардың Аяттардан дұрыс пікір түйіп, сауатты тәпсір жасағанын көрер ек.

Және Алла **«...Ешбір Пайғамбар Алланың рұхсатынсыз бір Аят келтіре алмайтынын...»** («Рағыд» с. 38-а), Аяттардың **«...алдынан да, артынан да бос сөз (дәлелсіз сөз) келмейтінін...»** («Фуссилат» с. 42-а) – Құран сөзінде пенде түзету жасайтындай кемшілік жоғын ұғындырған. Сонда біздің, Аяттардың мағынасын дәлдікпен аша алмаған тәпсірлерге алданып жүргеніміз сауаттылығымыздан емес!

Көңіл бөлсек, мына Аяттар да Мұхаммедке (с.ғ.с.) қарсыларға ғана емес, осы тәпсіршілерге де байланысты ескерту. «Әнбия» сүресінің 24-аятында: **«...(Мұхаммед с.ғ.с.): «Дәлелдерінді келтіріңдер. Міне, Менімен бірге болғандардың Кітабы және бұрынғылардың Кітабы»-де»**,-деген немесе «Хаж» сүресінің 8-9-аяттарында: **«Адамдардың кейі білімсіз, сәуле беруші Кітабы жоқ, жолбасшысыз Алла жайында таласады»**. **«Алланың Жолынан адастыру үшін тоңмойындық жасайды...»**,-деген; және «Ахқаф» сүресінің 4-аятында: **«...Егер Шыншыл болсаңдар, маған бұдан бұрынғы бір Кітап яки ғылыми дерек келтіріңдер» ...»**,-деген. Тәпсіршілердің бірде бірі айтқан тәпсірін Аяттармен не ғылыммен немесе өмір Шындығымен сипаттап бере алмаған.

Бұл зерттеуден алатын дұрыс ұғым – біз сол Пайғамбарлардың қауымының қателіктерінен ғана емес, Аяттарды нақты түсіндіре алмай, ертегіге айналдырған тәпсіршілерден («Лұқман» с. 6-а) де сақтанып, олардың кітаптарын жауып мұрағатқа тапсырып, Құранды өзіміз көңіл қойып оқып зерттеуге тиіспіз. Бұл алдымен, Имандылығымыз болады; екіншіден, зерттеу арқылы Тақуалыққа жетеміз.

Расында, тәпсір жазушыларды, Ислам тарихындағы белгілі тұлғалармен салыстырып отырып, тәпсірді атақ-даңқы әйгілі хадис топтаушы, табағиндердің соңын, әтбағут табағиндерді көрген Исмайыл әл-Бұхари, имам Ағзам Әбу Ханифа, олардан кейінгі имам Шафиғи, Қожахмет Яссауи сияқтылар неге жазбаған?-деген сұрақ туады.

Әрине, бұларда жазар еді. Бірақ, олар «Сад» сүресінің 88-аятын дұрыс түсінді. Дәлелсіз жазуға Алладан қорықты. Сөйтіп, тәпсір жазуды ғылымы дамыған замандардың еншісіне қалдырды.

Ғылымы дамыған ХХ ғасыр отызға жуық Аяттың астарын ашты. Мұның бір-екеуін жоғарыда айттық.

Осы жерде тәпсіршілерді ақтайтын Шындықты да жасырып қалмайық. Олар тәпсірін өз замандарына сай жазғанымен, ұжым болып жазды және өздерінің Патшасынан бастап, бүкіл жамағаты бірауыздан мақұлдаған. Бірақ, олар: **«Біздің бұл тәпсіріміз күллі әлемге, түгел адам баласына түсінік, насихат; Аяттарды тек дәл осы біз айтқандай түсініңдер»**,-деп жазбаған. Ол тәпсірлерді Алланың қасынан келгендей көріп қабылдап, уағыздарымызда

айтып, кітаптарымызда жазып жүрген біздің өзіміз кінәліміз, ол – Құранды зерттеп үйренбеген өзіміздің кемшілігіміз.

Аталмыш кемшіліктен ұлтымыз Құрани сауатсыз болып, тіпті, өз ұлтымыздан шыққан Әл-Фараби, Абай бабаларымыздың философияларын талдап түсінбей, ғылымнан алыс болды; нәтижеде жүз бен ақсүйек, қараға бөлініп, басы бірікпей, өз аяғымен барып Ресейге отар болды; олар соңында сертінен айналып, бабаларымыз бен мамаларымыз көп азап шекті...

Бүгінгі біз сол тарихты білеміз. Бірақ, «Ағраф» сүресінің 95-аятында айтқандай: **«...Аталарымыздың басына да таршылық, ... келген екен...»**,-деп, сол таршылықтың неден келгенін зерттемей, «ол – тарих, ол – тағдыр...»,-деп, қамсыз жүрміз. Енді ғылымы дамыған дәуірде жасап жатқан біз, ескі тәпсірлерге алданбайық, Құранмен тарихымызды байланыстырып зерттеп, Шындықты білейік, қайтып ешкімге отар болмайық!

Тақырыбымызға келейік. «Фурқан» сүресінің 33-аятында: **«Олар саған бір мысал келтірсе, әрине, Біз саған Шындықты және көркем түсінікті әкелеміз»**,-деген. Тәпсіршілер де пенде. Жоғарыда айтқанымыздай, олар өз замандарына жараса жазды. Бірақ, Құранды бірнеше қайталап оқып, Аяттарды зерттеген бізге Алла **«...Шындық пен көркем түсінік әкеліп»**, олардың тәпсірлерінің Аяттарға сай келмейтініне дәлелдер ұсынып отыр. Енді соны айтайық.

Шегініс

Құранды оқып үйренуге 2007 жылы кіріскенімізбен, ...аудармалар мен тәпсірлерді зерттеу 2015 жылдан басталған еді. Халифа Алтай ағамыздың, А. Ахмет бастаған топтың және Алоуддин Мансур мен Валерия Порохованың, Серікбай Ораздың аударма түсініктерінде берілген тәпсірлердің жалғандығын жазып жүргенімізде, 2021 жылы күзде Мұхаммед Али ас-Сабунидің «Тәпсірлердің таңдаулысы» атты төрт томдығы қолымызға түсті. Қымбат, жылтырақ қағазға бастырып, әдемілеп шығарыпты.

Мұны да зерттедік. Қазақшаға аударып шығарушылар мақтағандай емес екен. Тәпсірлер дәлелсіз бос сөз бен ертегіге құрап жазылған...

Бұдан тапқан пайдамыз, тәпсірлердің қатесін түзеп отырып,

сол Аяттар жәйлі өзіміздің дәлелді түсінігімізді айтқанымыз болды.

Әлбетте, алдын ала ескертер жәйт, зерттеуді біреуді кемсіту үшін емес, дініміздің асылдығын қорғау мен «Мен Құранды білемін», дегендерге алданған еліміздің болашығын ойлап, өзімізді, ізіміздегі жас талап толқынды және келешек ұрпақты ойлап, оларды Алланың қаһарына ұшыраудан сақтандыру мақсатында жасағанымызды ашық айтайық!

Жоғарыда айтқанымыздай, Алла «Ғанкәбұт» сүресінің 49-аятында: «**...Құран – өздеріне ғылым берілгендердің көңілдерінде айқын Аяттар...**», -деген. Тәпсіршілер тәпсірлеген Аяттарына Құраннан, ғылымнан, өмір Шындығынан дәлел келтірмеген.

Ас-Сабунидің еңбегіне жалпы шолу жасасақ, ол ашық Аяттарды да тәпсірлеген болып, сөзін өзгертіп Аяттың өзін қайталаған және Қуртуби, Инб Касир, Мужам әл-Уасит, Бағауи, Уахиди және басқалардың Аяттармен, өмір Шындығымен, ғылыммен дәлелденбеген «тәпсірлерін» берген. Кейде бұлар бірін бірі коштап жатса, кейде біріне бірі қайшы.

Тәпсірші бұларға көңіл бөліп, ақ-қарасын аспаған. Оқырман бұлардың қайсысына сенеді? Ас-Сабуни оны ескермеген.

Кітаптың атауын есіткенімізде мұны, тәпсірлер антологиясы деп түсініп, үлкен үміт артқанбыз. Дүкендерден таппағасын, Қарағанды қаласындағы Әнет баба атындағы мешіттен, ҚМДБ-сынан қайта-қайта сұрап, соңында Қарағандының сол кездегі өкіл имамы Өмірзақ Бекқожа тауып берген...

Арып-талып қолға түсіргенімізге қуанып, оқуға кіріссек, әйтеуір, дәлелсіз, мәнсіз тәпсірлер жинағы екен. Мұндай сіңімсіз сылдыр сөзді тәпсірді кезкелген адам жаза алады.

Және бұл, Аятты қайталап ежіктеп және бірнеше тәпсіршілердің тәпсірлерін қатар жазып, кітапты қалыңдатып, Алланың ысырап етпеу туралы Аяттарынан өзін жоғары ұстайтынын білдірген. Алла «Ағраф» сүресінде: «**...Күдіксіз Алла ысырап етушілерді сүймейді**» (31-а), -десе, «Ісра» сүресінде: «**Шынында ысырапқорлар шайтанның туысы. Ал, шайтан Раббына өте қарсы**» (27-а), -деген. Ас-Сабуни мұны және бұл үшін, яғни, Аяттарына қарсы барғандардан Алланың өш алатынын («Әли Ғымран» с. 4-а) ойламаған.

Екіншіден, ашық-жабық Аяттарға жаза берген мәнсіз тәпсірлерінің кесірінен Исламға мін келтіріп отыр. Дәлелмен айтсақ, өткен ғасырдың басында, «Ислам – догма»*, -деп қараланған болса, дәлелсіз көп сөйлеген Ас-Сабуни Исламды сол табаға тағы апарып тұр.

Тәпсіршінің зейіні жетпеген өте ренжірлік жәйт – осы тәпсірді не мақсатпен жазып отырғанын өзі білмегені. Көп тәпсірлерді сол қауымдарға бейімдеп жаза берген. Аяттан бүгінгілер не тағлым алуы керек, ол сөз болмаған. Мәселен, «Бақара» сүресінің 6-20-аяттарында айтылған, суреттелген адамдар дәл осы күнде өз арамызда жасап жатқанын ескеріп, сүренің («Бақара») 27-аятын және Құранды насихаттауды жалғастыру туралы түскен Аяттарды айтуы керек еді. Ол бұған мүлде бас бұрмаған.

Құранның мақсаты адамзатты Ислам дініне үгіттеу («Рұм» с. 30-а) болғасын, тәпсірдің де сол бағытта жазылуы мақсатқа лайық болады. Егер ол: «Біз, осындай мінезді адамдардың ортасында жасап жатырмыз. Алла бізге Тура Жолын түсірді («Бақара» с. 38-а), осынша мәлімет келгеннен кейін (осы с. 120; 145-а) де, олардың арбауына алдансақ, ерсек Алланың ашуына ұшыраймыз», -деп тәпсірлесе, оған күнә тақпас едік. Сонда оны бүгінгілер үшін өте қажетті тәпсірлер жасаған, дер едік. Ал, мұның айтқанының көпшілігі бос сөз, ертегі.

Және бір түйіткіл, тәпсірлерді оқып отырып, аударма жасағандардың да кемшілігін байқап қалдық. Олар арабшаға әбден жаттыққандықтан қазақша сөйлем құрауда ақсай берген. Грамматикалық және тыныс белгідегі қателер мен сөйлем құраудағы орашалақтық тіпті, бұл Кітапқа лайық емес.

Мәселен, «Қаф» сүресінің 29-аятына жазған тәпсірінде: «...**«Ант етемін, жаһаннамды адамдар мен жындарға толтырамын»** (Худ сүресі 11-аят)», - деп, «Һұд» сүресінің 119-аятын «...11-аят», -деген. Және «Һұд» атауын орысшалап, «Худ», -деп жазған.

Мұның ізінен тырнақшаға алып: **«Мен құлдарыма әділетсіздік жасамаймын»**, -деген сөйлемді жазған. Бұл қайсы сүренің, нешінші Аятты? Әлде тәпсір сөзінен үзінді ме?

* Догма – тексерусіз, зерттеусіз соқыр сенімге ғана сүйенген, дәлелденбеген қағида.

Догматизм – теориялық және саяси мәселерді зерттеп шешуде нақты жағдайларды ескермейтін абстрактілі әдіс.

Дерек көзі көрсетілмеген.

Кейбір сүрелердің Аяттарын тырнақшаға алып жазса, біреулерін тырнақшасыз келтірген. Кейбір тіркестер түсініксіз.

Мәселен, «Рұм» сүресінің 30-аятына тәпсірінде: «... *Айтқандай, бір хадисте былай айтылады: «Әр туған сәби жаратылысына қарай туады. Сосын ата-аналары оны яһуди етеді» ...»*,-деген. Түсініксіз...

Мұндай салақтықтар мен немкеттіліктер Құран тәпсірі мен аудармасы жұмысында дұрыс емес. Себебі, халық Аллаға да, Құранға да ынтық. Олар Құраннан көп нәрсе үйренгісі келеді. Ал, мынандай кемшіліктер білім, үлгі іздеген пендені адастырады. Қияметте ол авторлардан сұралады («Нахыл» с. 25-а).

Зерттеуге алынған Аяттардың дұрысын Халифа Алтайдың аударма түсінігінен көшірдік. Жақша арасында (Халифа Алтай а.т.),-деп қысқартып жаздық. Және тәпсірлерді Кітапта қалай жазылса, солай көшірдік; ондағы әріп пен тыныс белгі қателеріне түзету жасамадық. Бірақ, білдірдік; қанымызды қайнатқан өтірік тәпсірлердің тұсында жоба жетекшілері мен аудармашыларға наламызды да жасырмадық.

Енді жұмысқа кірісейік. Ескерер жәйт, Құран Аяттарын оқығанда екі нәрсені жадта сақтау керек:

1. Құран өзіміздің және замандастарымыздың өткен өмірі екенін;

2. Астарлы Аяттарды оқығанда, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.): «Қиямет менімен бірге жіберілді»,-деген, сахих хадисін ескеріп, Аятты түс жорығандай, жұмбақ шешкендей өмір Шындығымен не ғылым табысымен байланыстырып, пікірлеу керек екенін.

«Фатиха» сүресі

Сөзіне амалы қайшы

Зерттеуді Мұхаммед Али ас-Сабунидің «Фатиха» сүресіне тәпсірінен бастадық. Қуанышты жері, «**Бисмиллаһир-Рахманир-Рахиим**» дұғасын «Фатиха» сүресінің бірінші Аяты етіп жазыпты. Бұл кейбір аудармаларда бұлай емес және іштен айтылады, деген пікір де бар*.

Бұдан кейін осы дұғаның мәнін түсіндірген, ізінен сүреге алғы сөз жазған, сосын сүренің ерекшелігін айтып және қосымша атауларына тоқталған.

Қызық жері, «Лексикалық талдау» тақырыпшасының соңында: *«10. ... (Әмин) «дұғамызды қабыл ет» дегенді білдіреді. Бірақ бұл сөздің Құраннан еместігін ғалымдар бір ауыздан құптайды»,*-деп жаза тұра, сүренің аяғында: *«...Я, Алла! Дұғаларымызды қабыл ет, әмин!»*-дейді.

Енді бұл Кітаптан үлгі іздеген оқырман не қылады? «Фатиха» сүресін оқып тәмамдағасын «Әмин», деп айта ма? Әлде, Құраннан емес екен, деп айтудан бастарта ма?! Тәпсірші Ас-Сабуни мұны айтпаған.

Екіншіден, «Фатихадан» соң «Әумин!» сөзін айту дұрыс емес. Өйткені, біз «Фатихада» Алладан нығметіне бөленгендерді салған Тура Жолына салуын өтінеміз, сұранамыз. Өтініштен кейін «Әумин!» делінбейді.

Әдетте «Әмин!» сөзі батадан кейін айтылады.

Тәпсір – тәпсір болғасын оқырманға осы сұрақты түсіндіруі керек еді. Сонда ол шын мәніндегі тәпсір болады!

Және мынандай қателер де бар. Кітап «Тәпсірлердің таңдаулысы», деп өз алдына шыққанда бұларды тізбес едік. Бірақ, бұл – Құран! Мұндағы әрбір Сөз – бос сөз емес («Жүсіп» с. 111-а). Осылай болғасын, тәпсірлер де дәлелсіз болмауы керек және әрбір сөз орнына пайдаланылып, ол қатесіз жазылуы ләзім. Құранмен ойнағандарды Алла кешірмейді. Сондықтан «Мәида»

* Мысалы, Уаһаб қажы Қыдырханұлы. Алматы. 2002. «Дәуір» баспасы. Мұхитдин Исаұлының Мәңгі мұғжиза». «Фатиха» сүресінің шағын тәпсірі». 252-бет.

сүресінің 79-аятына амал ретінде, бұларды ретіне қарай атауға міндеттіміз.

Енді 2; 5–7-аяттардың тәпсіріне пікірімізді айтайық.

2-аяттың тәпсірінде, Алланың әлемдердің Раббысы екенін ашық түсіндіре алмаған. Мақтау әлемдердің Раббысына лайық болғасын, әлемдерге: «Рағыз» сүресінің 2-4-ші, «Нахыл» сүресінің 65-69-шы, «Мүминхүн» сүресінің 14-ші, «Сәжде» сүресінің 5-ші, «Рахман» сүресінің 2-78-ші, «Уақиға» сүресінің 57-96-шы, «Ғашия» сүресінің 17-20-аяттарын атап өткені жөн болар еді. Әлем, әлемдер – ілім-білім мен ғылымның барлық саласын және тұрмыс-тіршілік, мәдениет пен күллі жаратылысты қамтыған көп мағыналы сөз. Ал, Ас-Сабуни болса әлемдерді өте аз атаған. Және: «...*Мен адамдардың, жындардың, періштелердің, көктердің және жерлердің Раббысымын...*», -деген. Жер – бір ғана жер емес пе? Неге көпше мағынада жазылған? Құрлықтарды айтып отыр ма? Әлде және бір жер бар ма? Жерге жұп екінші әлемді айтып отыр ма? Анық емес.

Түбі тәпсір болғасын бұған да талдау жасалуы талапқа лайық болар еді.

5-аяттың тәпсірін: «...*Сенен басқа ешкім бізге жәрдем ете алмайды. Өзіңнен басқа ондай қауқар жоқ*», -деп аяқтаған. Осындағы «**қауқар**» сөзі тым орынсыз тұр. «Өзіңнен басқа, бәріне күші жетуші Алла жоқ», «Өзіңнен басқа құдіретті Алла жоқ», -деген рәуішті сөйлемдермен келсе, жарасар еді.

Қауқар – Алла беретін: күш, қайрат. Бірақ, «қауқар» Алладай Жаратушы, Білуші, Өлтіруші, Тірілтуші емес, оны Аллаға теңеуге болмайды!

6-аяттың тәпсірінің үшінші сөйлемінде: «...*Бізді нәбилерің мен Елшілерің арқылы жіберген ислам дінінде табанымызды тайдырма, иманымызды берік ет!*...» -деген. «**н**» әрібі түсіп қалған ба? Болмаса, аудармашылардан ба? Әйтеуір, сөйлем ұйқасымсыз құралған.

Оқырманға керегі, бір оқығаннан-ақ, түсінікті болғаны. Түсінбей қалып, қайта оқуы оны жалықтырады, шаршатады...

7-аятта: «**Нығметке бөлендіргендеріңнің Жолына! Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес**», -деген (Халифа Алтай а. т.). 6-аятта: «...**Тура Жолға сала көр!**» -дегесін, бұл Аяттағы нығыметке бөленгендер – Құран әмірлеріне («Бақара» с. 186-а) жүректен амал қылатын, Аллаға жақын озат-

тар, Жұмақта нығметке бөленген («Уақиға» с. 10-12-а) Тура Жолдағылар. Ал, тәпсірші: *«Яғни, өздеріне мол несібе берген Пайғамбарлардың, сыдықтардың, шейіттердің және **салихалы кісілердің** жолымен жүргендердің қатарынан ет!...»*,- деп түсінік жазған. Бізді алаңдатқан осындағы – *«...салихалы кісілер...»*.

Салихалы кісі көп. Олардың арасында Мұсылмандар мен Момындар да бар, «Бақара» сүресінің 200-аятында және «Һұд» сүресінің 15-16-аяттарында айтылған, осы дүниесі ғана берілген, Ақыретінде ештеңесі жоқ салихалы кісілер де бар. Бұлар дүние ғылым-біліміне өте сауатты, мәдениетті, даңқ-дәрежесі әлемдік деңгейдегі салихалылар. Бірақ, Алланың жалғыздығын мойындамайды, Құранды ғылым ретінде оқып шыққанмен, әмірлерге амал жасамайды. Сонда қайтіп біз, салихалы екен, деп, олардың жолымен жүреміз?!

Тіпті, бұл жерде, Иман жүректеріне кірмегендерді, Мұсылман деп атаған, «Хұжрат» сүресінің 14-аятын ескере отырып, салихалы Мұсылмандардың жолымен, деуге де болмайды. Сонда салихалы кісілер емес, Аяттың өзіндегідей: *«...нығметке бөленгендер...»*, болмаса: *«...салихалы Момындар...»* болуы керек еді. Бұлар – Шадиярлар, сахабалар – дүние дәрежесі мен байлығынан, Ақырет табысын артық көретін Тақуалар.

Екіншіден, Аяттағы ашуға ұшырағандар мен адасқандардың кімдер екенін және олардың бұлай болуының себебін көрсету керек еді. Сонда бұл тәпсір делінеді. Ашуға ұшырағандар: «Бақара» сүресінің 6-20; 61; 65; 75-80; 88-101; 114; 116; 159; 161-162; 170; 200; 205; 275-аяттарында айтылғандар; ал, адасқандар – Алла үшеу деп жала жапқандар. Бұларды «Бақара» сүресінің 111; 113; 116; 165; 210-аяттарындағылар мен «Ниса» сүресінің 171-аятына қарсы сөз айтқандар; және бұларды «Мәида» сүресінің 17; 60-64; 72-73; 75; 116-117; «Әнғам» сүресінің 100-101; «Тәубе» сүресінің 30-31; «Һұд» сүресінің 18-аяттарынан оқи аламыз.

Алладан ғылым берілмеген («Ғанкабұд» с. 49-а) адамдардың көңілінде Аяттардың мағынасы айқын бола қоймайды. Сондықтан олар тәпсіріне тиісті Аяттарды келтіріп, ғылым мен өмір Шындығын тартып, талап дәрежесінде қанағатты жаза алмайды.

Тәпсір деген – Аяттың сөздерін құбылтып, қайта ежіктеу емес,

оны Аяттармен, өмір Шындығымен және ғылым дәлелдерімен кеңінен түсіндіру. Бұл Кітаптағы тәпсіршілер өйтпепті!

Міне, біз бір «Фатиха» сүресінен осынша кемшілік кездестірдік. Бұл әйтеуір кітап емес, бұл – Алла Тағаладан келген Шындық, Тура Жол. Аяттарға салғырт қарағандар Алланың есебінде тұрады. Сондықтан Құран атын жамылып, жылтырап тұрған бұл «Тәпсірлердің таңдаулысы» да шын мәніндегі тәпсірлер таңдаулысы болуы керек еді. Олай болмапты.

«Ниса» сүресінің 135-аятына амал жасап, профессор Мұхаммед Али ас-Сабунидің зиянына болса да, жоба жетекшілері: Наурызбай қажы Тағанұлы мен Жанат қажы Түсіпбекұлының немесе аудармашылар: Марат Бектазинов, Рашид Мухитдинов, Нұрлан Анарбаевтардың зиянына болса да Шындықты айтайық, бұл төрт томдық тәпсірдің ХХІ ғасыр оқырмандарына түк керегі жоқ. Себебі, ғылымы дамыған бүгінгі заман адамдары ғылым арқылы Аяттардың Шындығын көріп, біліп отыр. Ал, мына төрт томдықта, ғылым ашқан ол Шындықтар баяғы ертегі қалпында тәпсірленген. Мұны жоба жетекшілері де, аудармашылар да ескермеген.

Ескермек түге, осы төрт томдықтың бірінші кітабындағы «Алғы сөз» тақырыбында: *«...Ғалым Мұхаммед Али ас-Сабунни осы діни еңбекті жинақтау барысында көпшілік мұсылман ғалымдары мақұлдаған және қасиетті Құран тәпсіріне арналған танымал еңбектерге сүйенді...»*

Ғалым осы тақырыпқа қатысты басқа да заман-уи еңбектерге де мән берді. Автордың жоғарыда аталған еңбектерден ең қажеттісін алып, оны оқырманға түсінікті түрде жеткізуі – діни еңбектің ең негізгі ерекшелігі деп есептеледі. «Ақпаратты оңай түрде ұсыну және оны түсінудегі жеңілдік – осы еңбекті жинақтаудағы негізгі мақсат»-деп есептейді автор. Қасиетті Құран Кәрімнің тәпсіріне арналған кітаптардың көптігінен әрбір адам томдаған еңбектерді оқуға шамасы келе бермейді. Сондай-ақ, осы тақырыпта жазылған еңбектердің көбі ауыр сөз тіркестері мен терминдерді қолдану арқылы құрастырылған. Осылардың барлығы көп жағдайда оқырманның бұл еңбектерді және қасиетті Құранды қате түсінуіне себеп болады. Сондықтан «Сафуат әт-тәфасир» кітабы ислам оқу орындарында оқып жүрген студенттер

мен танымал мұсылман ғалымдары арасында қолдау тапқан. Себебі, бұл діни еңбек жоғарыда айтқандай оқырманның оңай әрі жеңіл түсінуіне сай етіп жазылған...

Бұл Құран аяттарын заманымызға сай түсінуге жетелейтін ең сенімді еңбек...», -деп, Кітапты көтермелеген. Шынын айтқанда, бұл дәріптеу – алғы сөз жазған пенденің, дәл осы Кітапты өзі оқымай, біреудің мақтауымен жаза салған асыра сілтеуі. Егер өзі оқыса, «...Нәпсіге еріп әділдіктен ауытқымай...» («Ниса» с. 135-а), кімнің зиянына болса да Шындықты жазар еді.

Себебі, Құран атымен қадірленіп тұрған бұл кітап, мұншалықты дәріптеуге лайықты жазылмаған. Мұндағы: «...мұсылман ғалымдары мақұлдаған...», «...тақырыпқа қатысты басқа да заманауи еңбектерге де мән берді...», «...түсінікті түрде жеткізуі – діни еңбектің ең негізгі ерекшелігі...», «...Себебі, бұл діни еңбек жоғарыда айтқандай оқырманның оңай әрі жеңіл түсінуіне сай етіп жазылған...», «Бұл Құран аяттарын заманымызға сай түсінуге жетелейтін ең сенімді еңбек...», - деген мақтаулар артық. Замана ғылымынан пайдаланған ештеңе жоқ. Болса, «Фурқан» сүресінің 53-аятында және біз жоғарыда көрсеткен Аяттарда көрінер еді; екіншіден, түсініксіз тәпсірлер де жетіп жатыр.

Мәселен, «Фатыр» сүресінің 10-аятының тәпсірінде, төменнен 3-қатарда: «*Табари былай дейді: «Құлдың Алланың зікір етуі және мадақтауы оған жетеді...»*», -деген. Көзге шыққан сүйелдей көрініп тұрған оғаштық – «Құлдың Алланың» болып тұрғаны. Бұл: «Құлдың Алланы» болады емес пе?!

Екіншіден, «...оған жетеді...», дегендегі «...оған...» сөзі Алла ма? Әлде, Құлдың өзі ме? Яғни, Құлдың зікірі Аллаға көтеріле ме? Болмаса, Құлдың зікірі, Құлдың зікірін Аллаға жететіндей етіп толықтыра ма? Анық емес.

Үшіншіден, тәпсірдің соңынан Аят келтірген. Бірақ, оның қайсы сүреден екені және рет саны көрсетілмеген.

Міне осындай кемшіліктер шектен асып жатыр.

Енді келесі сүрелерге өтейік.

«Бақара» сүресі

«Ақырет осы дүниеден кейін келеді», - дейді?...

«Бақара» сүресінің 4-аяты: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) олар саған түсірілгенге әрі сенен бұрынғы түсірілгенге сенеді және Ақыретке анық нанады»** (Халифа Алтай а.т.).

Аят Ас-Сабунидің «Тәпсірлердің таңдаулысында» да жақсы аударылған.

Тәпсірде, Аяттың 2-сөйлемін: **«Ақыретке де толық сенеді»**, - деп, ізінен: *«Олар осы дүниеден кейін келетін ақырет әлеміне, ондағы қайта тірілу, жаза, есеп, жұмақ, тозақ, және таразыға кәміл сенеді. Ақырет осы дүниеден кейін келетін болғандықтан, ол ақырет (ақырғысы) деп аталған»*, - деп, түсінік берген. Мұны біз «Тақуалыққа бастар жол...» атты әдістемемізде тереңірек түсіндірдік.

Алайда, Ас-Сабуни «Мүрсәлат» сүресінің 11-аятының мағынасын жақсы түсінбегендіктен, Қияметтің Пайғамбарымызбен (с.ғ.с) бірге келгенін есіне алмай, «Әнғам» сүресінің 67-аятын, «Әнбия» сүресінің 1-аятын ойлап, Аятты нақты мағынасымен тәпсірлемеген. 67-аятта: **«Әр хабардың нәтижеленетін бір уақыты бар. Жақында білесіндер»**, - деген. Бұл Аят – Ақырет сөзін түсіндіріп тұр. Яғни, Ақырет өлімнен кейін ғана емес, оған дейін де Алланың санап отырған күні толғанда («Мәриям» с. 84-а) жақсы-жаман әр амалдың нәтижесі көрінеді. Мысалы, Құранда құмар ойыны мен арақтың шайтаннан екенін айтып, оларға әуес болудан тияды. Ал, осы Аяттарға құлақ аспаған құмар ойнаушы бар дәулетінен айырылады; араққа салынған пенде, соңында қаңғыбасқа айналады.

Міне, осы – әр хабардың нәтижеленгені, яғни, құмар ойыны мен араққа салынудың соңы. Көп мағыналы Ақыреттің бір мағынасы осы.

Ас-Сабуни де, басқа тәпсіршілер де Аяттарды осындай дәлелмен түсіндіре алмаған.

Алла Тағала «Бақара» сүресінің 111-аятында: **«Олар: «Жұмаққа Яһуди немесе Христиан ғана кіреді»**, - деді. Бұл – олардың өз ойлары ғана. (Мұхаммед с.ғ.с.): **«Егер сөздерің шын болса, дәлел келтіріңдер»**-де», - деген. Аяттың ең соңғы

сөйлемінен, Құран Аяттары хақында пікірін, түсінігін жариялаған әркімнен, айтқанына дәлел талап етілетінін түсінеміз.

Расында Жұмаққа Яһуди не Христианның кіретініне дәлелдері жоқ. Ал, айтқандары тек өздерінің, Құранға қасарысқан ойлары ғана. Сол сияқты тәпсіршілер де әрбір тәпсіріне дәлел келтіруі керек еді. Бұларда ол жоқ.

Көріп келгендей өтірік айтады

25-аятта: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Иман келтіріп, ізгі іс істегендерді қуандыр. Расында олар үшін астынан өзендер ағатын Жәннаттар бар. Әр қашан оларға оның жемісінен бір ризық берілсе, олар: «Осы бізге бұрында беріліп еді», дейді. Тағы оның ұқсасы келтіріледі. Әрі олар үшін онда тап-таза жұбайлар да бар. Олар онда мәңгі қалады»,**-деген (Халифа Алтай а.т.).

«Тәпсірлердің таңдаулысында» аударманың жалпы мағынасы түсінікті. Бірақ, бірағы бар. Сондықтан Аятты жаздық.

Ас-Сабуни Аят сөйлемдерін жеке-жеке жазып, әрбіріне түсінік берген. Аяттың бірінші сөйлемін аудармашылар: **«Иман келтіріп салихалы амал жасағандарды сүйіншіле!»**-деп қазақшалаған.

Аятта келген, көп мағыналы: **«...ізгі іс...»**, сөзін, бұлар: **«...салихалы амал»**,-деген. Бұл **«...амал...»** тек құлшылықтарды ғана түсіндіріп, Аяттың мағынасын тарылтып тұр.

Осы бірінші сөйлемнің тәпсірі былай: **«Әй, Мұхаммед! Дүниеде жақсы салихалы іс жасаған және иманымен сол жақсы істерді бірге жүргізген тақуаларды сүйіншіле!»** Бейне шала қазақтың сөйлегені секілді. **«...жақсы салихалы...»**,-дейді. «Жақсы», «салихалы» сөздері бір мағыналы сөздер емес пе? Я қазақта жаман салихалы, деген де сөз бар ма?

Және: **«...иманымен сол жақсы істерді бірге жүргізген тақуаларды сүйіншіле!»**-деген. Бұл жерде ғайридіндердің де, құдайсыздардың да ізгі істер істейтінін айтып, бірақ, Аллаға, Құранға, Елшіге Иман келтірмегені үшін, ол істері **«...астынан өзендер ағатын Жәннаттарға...»** кіргізбейтінін ескерту жеткілікті еді.

Екінші сөйлем – **«...Олар үшін түбінен өзендер ағатын жаннаттар бар...»**. Тәпсірінде: **«Сол сарайлар мен ағаштардың түбінен жұмақ өзендері ағып жатады»**,-деп, Аятта жазылмаған сарайлар мен ағаштарды айтқан. Оқырманға түсінікті болуы үшін сол сарай мен ағаштар сөз болған Аяттарды тізу керек еді...

Үшінші сөйлем: **«Қай уақытта жаннат жемістерінен оларға ризық етіп берілсе «Бұл біздің бұрын дүниеде жеген жемістеріміз ғой» дейді»**. Аятта келмеген: *«...дүниеде...»* сөзін қосыпты. Тәпсірінде: *«Тәпсіршілер былай дейді: Жұмақ жұртына ризық ретінде жұмақ жемістері беріледі. Сол ризықты періштелер алып келеді. Оларға екінші мәрте ұсынғанда: «Бұл әлгі бұрынғы алып келген жемістерің ғой» дейді. Сонда періштелер: «Уа, Алланың құлы! Түр-түсі сырттай бұрынғыларға ұқсас болғанымен дәмі мүлде басқаша», - дейді»*, - деген. *«...Оларға екінші мәрте ұсынғанда...»* дегені қалай? Бірінші мәрте қашан ұсынғаны неге айтылмаған?

Аудармасында: *«...дүниеде...»* сөзін қосып, тәпсірде: *«...Оларға екінші мәрте ұсынғанда: «Бұл әлгі бұрынғы алып келген жемістерің ғой» дейді...»*, - деп, басқаша сөйлеген. Жәннатта екінші рет ұсынғанда ма? Әлде *«...дүниеде...»* де ұсынған ба еді? Бұдан оқырман ештеңе түсінбей қалады.

Төртінші сөйлемді Халифа Алтай: **«...Тағы оның ұқсасы келтіріледі...»**, - деп жазған. Ас-Сабуни Жәннатта өзі болғандай: *«Алайда бұл солардың ұқсасы етіп оларға беріледі»*, - депті. *«...ұқсасы етіп...»*, - деген, сөз артық әрі Жәннатқа байланысты орынсыз сөз. Аятты бұрмалау.

Ибн Аббастың сөзі: *«Жұмақтағылар әсте жер бетіндегілерге ұқсамайды. Бар болғаны аттары бір-біріне ұқсайды»*. (тырнақша жабылмаған), - депті. Аттары бір-біріне ұқсайтынын қайдан білді екен?

Алтыншы сөйлемді Халифа Алтай: **«...Әрі олар үшін онда тап-таза жұбайлар да бар...»**, - деп жеткерген. Бұлар: *«Олармен бірге тазартылған пәк жарлар да болады»*, - деп жазған. Тәпсірінде: *«Ибн Аббас «Бұл жарлар хайыз бен ластықтан тазарған» дейді. Мужанид болса «...»*, - деп, тым білгішсініп, тап өздері көздерімен көріп тұрғандай етіп түсінік жазыпты. Аятта жоқ сөздерді қосқан.

Аяттағы: **«...тап-таза жұбайлар...»**, хайыз нәфастан тазарғандар емес, жүрегі күмәнкірден тазарған, өте таза иманды Такуа жұбайлар.

Түсінік жазу деген, Аяттарды ертегіге айналдыру емес, құпиясын ашу. Ал, біз оқып отырған тәпсірлер – дәлелсіз бос

сөздер. Бұл уақытқа да, қағаз бен сияға да артық шығын – ысырап («Ағраф» с. 31-а).

Құранды насихаттауды жалғастыру

27-аяты: **«Олар серт бергеннен кейін Алланың уәдесін бұзады да Алланың жалғастыруын бұйырған нәрсесін (жақындық, бірлікті) бөледі. Сондай-ақ жер жүзінде бұзақылық істейді. Міне, солар зиянға ұшыраушылар»** (Халифа Алтай а. т.).

Біз осы Аяттағы, жақша ішіндегі: *«жақындық, туыстық»* сөзінің орынсыз тұрғанын дәлелдемекпіз.

Мұны Мұхаммед пен Ермек те сөзбе-сөзінде: *«...Алланың орнатуға бұйырған нәрсесін (туыстық қарым-қатынасты, татулықты) үзеді,...»*, -деп жазған. Уақап қажы мен Валерия, Алоуддин, Ершат, Нұралы мен Жұмабай дұрыс аударған. Қалғандары жақындықты, туыстық қарым-қатынасты айтқан.

Арабша-қазақша сөздікте: «ъаширун», «ъушараһу» – туыс, туысқан,-деген сөз екен. Аяттың арабшасында осы: «ъаширун», «ъушараһу», деген сөздер жоқ.

Енді дәлелімізге кірісейік. Аятта: **«Олар серт бергеннен кейін Алланың уәдесін...»**,-дегендегі уәде – Ислам тарихында «Әлмисақ» уәдесі атанған, «Ағраф» сүресінің 172-аятының хабары. Онда: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) сол уақытта Раббың, адам балаларының белдерінен нәсілдерін алып, өздеріне куә етіп: «Мен, сендердің Раббыларың емеспін бе?» (дегенде), олар: «Әрине, куәміз»,-деген. (Алла:) «Қиямет күні: «Бұдан хабарымыз жоқ!»-демендер»**,-деген.

Ал, қасарысқан қарсылар уәдені бұзып, **«...Алланың жалғастыруын бұйырған нәрсесін бөледі»**, яғни, Аяттарды Пайғамбарларға бөліп, бүгінгілерге қатысы жоқтай етіп уағыздайды. Екінші мағынасы, Құранды толық зерттеп түсінбей; Ислам тарихынан барлық мәзһабтардың ұстазы Әбу Ханифа екенін оқып білмей, мәзһабтарға бөлінетіні, бөлетіні.

Жалғастыру – бір істі жалғастыру. Ал, туыстыққа байланысты болса, Аят: **«Алланың үзбеу, айырылмау, бөлінбеу туралы өсиетін бөледі»**,-деп түсер еді.

Аяттағы: **«...жалғастыруын...»** сөзі – арабша: **«...иусола...»**. Мұхаммед пен Ермектің сөзбе сөзінде, «иусола» сөзін «біріктіруін», деп аударған. Бұл сөз, «шақыру», «шақыруын»

дегенге саяды. Алайда, екеуі де бірлікті, бірігуді айтып отыр. Демек, жалғыз Аллаға Кәлима келтіргендер, бір болуы керек; «Саф» сүресінің 4-аятында ескертілгендей, Алланың Жолында «...мықты қаланған диуалдай (дуалдай) болып, ...» қоғамды гүлдендіріп жасау керек.

«Рағыз» сүресінің 19-25-аяттарында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) шын мәнінде Раббың тарапынан саған түсірілгенді Шындық, деп білген кісі, соқыр кісімен тең бе? Бұны ақыл иелері ғана түсінеді». «Ақыл иелері – Алланың уәдесін орындағандар әрі серттерін бұзбағандар». «Олар – ақыл иелері, Алланың жалғастырылуын әмір еткен нәрсесін жалғастырып, Раббыларынан қорқа отырып, есебінің жаман болуынан қауіптенгендер». «Раббыларының ризалығын іздеп сабыр еткендер, намазды толық орындап, өздеріне берген несібемізден көрнеу, көмес пайдаландырғандар және жақсылық арқылы жамандықты кетіргендер, міне, Ақырет жұртының табысы солардікі», -деп, 23-24-аяттарда олардың Ғадын Жәннатында болатынын, Иман келтірген аталарымен, жұбайларымен, ұрпақтарымен кездесетінін, Періштелердің құрметін айтып, 25-аятта: «Сондай Аллаға берген серттерін бекіткеннен кейін бұзғандар және Алланың, бірлесуін бұйырған нәрселерді бөлгендер әрі жер жүзінде бұзақылық істегендер, міне, лағнет осыларға...», -деген (Халифа Алтай а.т.).

Келтірілген бұл жеті Аят, тәпсір талап етпейді. Бәрі түсінікті. Сонда да жалғастыру сөзінің анығын көрсету үшін айтайық. «... Шындық...» – қолымыздағы Құран; «...Алланың уәдесі...» – Иманды ақыл иесінің Аллаға берген уәдесі – «Ағраф» сүресінің 172-аяты – келтірілген Кәлима; жалғастыру – Құранды насихаттау, яғни, Алланың ризалығын іздеп, сабыр ету арқылы, намаз бен садақалар беру жолымен, қайырымдылықпен, жамандықты жақсылықпен кетіру тәсілімен, өзгелерге үлгі көрсетіп, Имандылықты насихаттау.

«Бақара» сүресінің 27-ші, «Ағраф» сүресінің 172-ші, «Саф» сүресінің 4-ші және 19-25-аяттарға («Рағыз» с.) көңіл бөліп мән берсек, туыстық қарым-қатынасты емес, «Әли Ғымран» сүресінің: «Түп-түгел Алланың жібіне жабысындар да бөлінбендер...» (102-а), -деген, «Шура» сүресінің: «...Дінді мықты орындандар да, дінде бөлінбендер...» (13-а), -деген өсиетін түсінеміз.

Ал, **«...бөледі. Сондай-ақ, жер жүзінде бұзақылық істейді...»** («Бақара» с. 27-а),-дегені – алдымен, мәдиналық Мұсылмандардың Әлидің (ғ.с.) кезінде сүнниттер, шиалар болып бөлінгені, өзара келісе алмай соғысқандары. Ол тарихтан белгілі. Одан кейін де талай ағымдар шықты, өзара шайқасты...

Негізгі тақырыбымызға ойыссақ, 27-аятта («Бақара» с.) туыстыққа ишара бір сөз жоқ. Егер болса еді, онда тәпсіршінікі дұрыс дер ек. Екінші жақтан, Аяттағы («Бақара» с. 27-а) **«... (жақындық, бірлікті)...»**, -деп, **«...туыстық қарым-қатынасты, татулықты...»** (Мұхаммед, Ермек) айтқан десек, ылғи туыс, ағайын бір болып, өз алдарына мәзһаб ашып, бір-бірімен келісе алмай, бір-бірін келекелеп, кемсітіп, ел бола алмайды.

Адамзатты Ислам үшін жаратқан («Рұм» с. 30-а) Алла Тағаланың Құранды түсіргендегі мақсатының өзі пенделерді Өзіне алып баратын Тура Жолына салу. Пайғамбарларды да сол мақсатпен бірінен кейін бірін **жалғасты түрде**, бірінің уағызын екіншісі **жалғасын**, деп жіберді. Мұхаммедке (с.ғ.с.) Нұхқа, Ібраһимге, Мұсаға, Исаға («Шура» с. 13-а) түсірілген Тура Жол түсірілгенін – жалғастырылғанын Аяттардан білеміз. Сонда аудармашы: **«жақындық, туыстық»** сөзін қайдан алып қосты?

Құранда туыстық сыйластық, ата-ананы сыйлау ерекше айтылған. «Бақара» сүресінде Тақуалықты сипаттаған 177-ші және 215-аяттарында, **«...жақындарға...»**, **«...әке-шешеге, жақындарға»** қамқорлық, көмек айтылса, «Ниса» сүресінің 1-аятында Алладан, туыстардан безуден сақтануды ескертіп, 36-аятында: **«...әке-шешеге, жақындарға... жақсылық қылындар»**, -дейді; ал, «Нахыл» сүресінің 90-аятында: **«Негізінде Алла Әділетті, игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады...»**, деген. «Ісра» сүресінде (26-а) **«Туыстарға... міндетті түрде қарайласындар...»**, десе, мұны «Рұм» сүресінің 38-аятында да мұқияттап, «Ахзап» сүресінің 6-аятында: **«... Алланың Кітабында туысқандар бір-біріне Момындардан да, мұһажірлерден де жақын...»**, -деп, «Нұр» сүресінің 61-аятында олармен бірге тамақтануды айтқан.

Міне, Құранда осынша дәлел тұрғанда тәпсіршілер «Бақара» сүресінің 27-аятын қалай бұрмалаған? Шындықты неге жасырған? Мұнан екі мақсатты көреміз: біріншісі – Құранды кезкелген оқымыстының насихаттауына шек қою, екіншісі – Аятты күшіне қалдыру.

Құранды насихаттау жалғастырылса, Имандылық күшейіп, адамдар қателеспей, жалғыз Аллаға, жалғыз Құранға, жалғыз соңғы Елшіге Иман келтіріп, мәзһабтарға бөлінбейді, туыстық байланысты үзбейді. Сондықтан Құранды насихаттау, туыстық байланыстан да маңызды.

«Бақара» сүресінің 159; 161-аяттарында қарсылардың лағнеттелетінін ескертсе, ортадағы 160-аятта: **«...тәубе еткендер, жағдайларын түзелткендер және Шындықты баян еткендер басқа...»**,-деген.

Мұндағы **«...тәубе ету...»** – Иманға келу; **«...жағдайларды түзелту...»** – құлшылыққа жығылу; **«...Шындықты баяндау...»** – Құранды насихаттау. Ал, қарсы болғандар лағнеттеледі.

Мұны, яғни, осы Имандылықты насихаттауды жалғастыру міндетін: «Бақара», «Әли Ғыман», «Ниса», «Мәйда», «Ағраф», «Һұд», «Рағыз», «Нахыл», «Ғанкабуд», «Ахзап», «Иасин», «Хадид», «Жын» сүрелерінің жиырмаға жуық Аяттары және бірнеше хадистер тастықтайды.

Енді Мұхаммед Али ас-Сабуниге келсек, ол Аяттың әр сөйлемін жеке-жеке жазып тәпсірлеген: *«Олар сондай серт берген сөзінен тайып, Аллаға берген уәдесін бұзады»*,-деп, қысқа қайырып, түсінік жазып, сосын: *«Сонымен қоса Алланың әмір еткен қарым-қатынастың тамырына балта шабады»*,-деп, тағы түсінік беріп, сосын: *«Жер-бетінде бұзақылық жасайды»*,-деп, бұған да түсінік беріп, ізінен: *«Міне солар нағыз қасіретке ұшыраушылардың дәл өздері»*,-деп, бөліп-бөліп жазған. Арабша оқи алмайтын оқырман оларды Аяттың қазақшасында түгел оқымағасын, түсінігіне келгенде: *«Тәпсірші мына сөйлемдерді қайдан алған?! Не айтып кетті?!»*-деп, ренжитіні Шындық.

Екіншіден, бұл, Алланың: **«...Алланың сөзін өзгертуші жоқ...»**. **«Раббыңның сөзі Шындықпен әрі Туралықпен тәмамдалған. Оның сөздерін өзгертуші жоқ...»** («Әнғам» с. 34; 115-а) **«...Оның сөздерін ешбір ауыстырушы жоқ...»** («Кеһф» с. 27-а),-деген хабарын ескермей, қорықпай Аяттағы: **«...Алланың жалғастыруын бұйырған нәрсесін...»**,-деген сөйлемді, *«...Алланың әмір еткен қарым-қатынастың...»*,-деп түптен өзгерткен. **«жалғастыруын»** сөзі мен *«қарым-қатынас»* сөзі бір-біріне синоним бола алмайтынына көңіл бөлмеген. Яғни, Алланың алдында сұрауы бар үлкен әрі жауапты жұмысқа атүсті караған.

Ескі тәпсіршілердің айтқанынан шыға алмай келе жатқан, Құранды зерттеу туралы Аятқа сауатты амал жасамайтын, силсилашыл бүгінгі діндарлар да бұл – 27-аятты осылай қате уағыздап жүр. ҚМДБ-сының 2021 жылғы маған жазған жауап хатында: *«Бақара» сүресі, 27-аятындағы «ән-юсолә» деген сөзге тәпсір кітаптарда туыстық, достық қарым-қатынас деп түсіндірме берілген (Тафсир Ибн Касир)»,*-деген. «Бақара» сүресінің 93-аятында жүрегіне бұзау сіңіп қалғандардың Шындықты түсіне алмағанын сынаған. Бүгінгілер де солар тәрізді, ескі танымдарынан қайта алмай, Исламға теріс әсер етіп келеді.

Аяттың («Бақара» с. 27-а) айтпағы, «Әли Ғыман» сүресінің 102-ші, «Саф» сүресінің 4-ші, «Шура» сүресінің 13-аятында айтқандай бөлінбеу, Алла Жолында бір адамдай тұтасып, «...мықты қалаған диуалдай...» болып күресу.

Адамзат – әл-Халиқу Алланың орынбасары

Сүренің 30-аятын Халифа Алтай: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) сол уақытта Раббың Періштелерге: «Әрине, Мен жерде бір орынбасар жаратамын!»-деген еді. (Періштелер:) «Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінен біз Сені дәріптеп, мақтау мен пәктеудеміз»,-деді...»,**-деп жеткерген. Ал, Асқар Әкімханов пен Нұрлан Анарбаев: **«Кезінде Раббың періштелерге: «Мен жер бетінде (үкім жүргізетін) халифа жаратамын...»,-дегенде...»,**-деп, соңында берген түсінігінде: *«Халифа» – Жаратушының жер бетіндегі өкілі. Яғни, жер бетінде Алланың атымен үкім жүргізетін ерекше жаратылыс»,*-деген. Бірақ, орынбасар мен өкіл синоним емес. Орынбасар орындайды, өкіл бақылайды.

Мұхаммед Шыңғыс пен Ермек Мұхамедқали сөзбе-сөзіндегі: «халиифатан» сөзін: «халифамды»,-деп, жанындағы түсіндірмесінде де: «...Мен жер жүзінде халифамды...»,-деп, Аятты өз мағынасымен; Валерия Порохова: «...Я на земле Себе наместника поставлю»,-деп аударған. Бәрі түсінікті жеткерген.

Ал, тәпсіршілер мүлде басқаша айтқан. А. Ахмет бастаған бес аудармашының кітабында Шауканидің түсіндірмесін берген. Ол: **«Орынбасар, яғни, бірінің артынан бірі келетін»,**-деген. Мұны «Нәміл» сүресінің 62-аятында жақша арасында және «Кеһф» сүресінің 7-аятын түсіндірген жерден де кездестіреміз. Онда Ибн Касирдің: *«...Аллаһ адамды жерге халифа (бір-бірінің*

орнын басушы) етіп қойып,...»,-деп, «Әнфал» сүресінің 17-ші, «Тәубе» сүресінің 14-ші, «Фатых» сүресінің 10-шы, «Шура» сүресінің 51-аяттарын ескермей, Алланың әл-Халық есіміне кереғар сөйлеген.

«Фатыр» сүресінің 39-аятында да: **«Ол сондай Алла, сендерді жер жүзінде орынбасар қылды...»,-деген.** Мұны да Ибн Касир: *«Алдыңғы ұрпақтардың орнын басушылар етті»,-деген.* Осы Аяттың соңындағы: **«...кім қарсы келсе, қарсылығының обалы өзіне. Қарсы болушылардың қарсылығы Раббыларының ызасынан басқаны арттырмайды әрі қарсы болушылардың қарсылығы зиянды ғана арттырады»,-деген** ескертуге де мән бермеген. А. Сағди жалпы имансыздықты айтыпты. Негізі қарсы келу – Аллаға серік қосу ғана емес, серік қосумен бірге Аяттарын бұрмалау, мойындамау емес пе? Алла Өзіне орынбасар жаратам десе, бұлар бірінің орнын бірі басушы, алдыңғы ұрпақтың орнын басушы, деп, адамның Алланың орынбасары болғанын қаламай отыр.

Тәпсіршілер осылай! «Бақара» сүресінің 30-аятының: **«...Онда бұзақылық істеп қан төгетін біреу жаратасың ба?...»**, дегенін Табаридің: *«Адамдардың бұзу-бүлдірушілік жасайтыны туралы аса ұлы Аллаһ періштелерге Өзі хабар берген еді»*, депті. Құранда бұл мағынадағы Аятты кездестірмедік. Табаридің қайдан алып жазғаны белгісіз?

Орынбасар сөзіне келейік. Арабша-қазақша сөздікте: «халиқун» сөзін: «жаратушы; жасаушы; жасап шығарушы; шығарушы; құрушы» деп қазақшалаған. «Халифатун» сөзін: «билеушінің орынбасары; халиф; мұрагер»,-деп; араб-орыс сөздігінде: «1)наместник; халиф», деп аударған. Жалпы 30-аяттың хабары тәпсіршілер бұрмалап отырғандай: «бірінің артынан бірі келетін» не «бір-бірінің орнын басушы» емес, Алланың жердегі орынбасарын жарататыны.

Дәлел айта кетейік. Жер бетінде алып қалалар құрылды, оларда ғаламат зауыттар мен фабрикалар бар. Осыларды кім жаратты? Әрине, Алланың берген нығыметтерінен пайдаланып, Алланың жердегі орынбасарлары жаратты. 30-аяттың мағынасы тәпсіршілер айтқандай бірінің артынан бірі келетін адамдар болса, олар Алланың емес, өз-өздерінің орынбасары болады. Бұл кезде олар ешқандай жаратушылық қабылетке ие болмас еді.

Мәселен, Алла жылқының, ит пен қасқырдың, маймылдың ішкі ағзаларын адамдікіндей етіп жаратты. Бірақ, оларды халифам деп атамады. Өйткені, оларда қорғаушы, бақылаушы Періштелер, Рух жоқ. Екіншіден, Адамға Періштелерді сәжде еттірді; үшіншіден, «Шура» сүресінің 51-аятында, Алла бір адам баласымен **«...көкейіне салу түрінде немесе перде артынан ғана...»** сөйлесетінін ескертсе, «Фатых» (10-а), «Әнфал» (17-а), «Тәубе» (14-а) сүрелерінде Мұхаммедке (с.ғ.с.) қол берген, Аллаға қол берген болатынын; Алланың Мұхаммедтің (с.ғ.с.), яғни, адамның қолыменен тас атқанын, өлтіргенін; азаптайтынын айтқан; төртіншіден, Алланың бір есімі – әл-Халиқу.

Бұл дәйектер – адамның Алланың жердегі Халифасы екенінің дәлелі. Мұхаммед Али ас-Сабуни Адамның (ғ.с.) орынбасар екенін айтып, ізінен ол да Шәуканидің жоруына қарай ойысып, оқырманын шалғытқан. «Тәспірлердің таңдаулысын» оқып бағалағандар мен біздің аудармашылар да біз тергіштеген Аяттардан пікір түйіп жөн шешімге келмеген.

Өтірік те ебімен айтылса...

31-аятта: **«Алла Адамға (ғ.с.) біртұтас атауларды үйретті де сонан соң оларды Періштелерге көрсетіп: «Айтқандарың рас болса, Маған осы нәрселердің аттарын айтып беріңдер»-деді»**,-деген (Халифа Алтай а. т.).

Басқа әдеби еңбектерде де өтірікті ебімен айтады. Ал, Алланың Жолындамыз, деп жүргендердің Аяттардың тәпсіріне дәлелсіз өтірік қосуы – үлкен қиянат. Осы – 31-аятқа Ибн Аббас: **«Алла адамға әр нәрсенің есімдерін үйретті. Тіпті, құмраның да есімін үйретті»**,-деп, түсінік жазыпты. Бұл, бәлкім, хадисте айтылған шығар. Дегенмен, ол да – қиянат. Себебі, Мұхаммед (с.ғ.с.) өз ойынан ештеңе айтпаған («Жүніс» с. 15; «Хакқа» с. 43-46-а). Мұны имам Шафиғи да қостаған. Сонда бұлар қалай өтірік айтады? Бұларды Тақуалар деп бағалауға, бұлардан үлгі алуға бола ма?

Әрине, жүректеріне бұзау сіңіп қалғандықтан Мұсаны (ғ.с.) түсінбеген қауым сияқты, ҚМДБ-сы да жүректеріне ескі тәпсірлер – силсила сіңіп қалғандықтан, өтірік пен Шындықтың арасын ажырата алмаған; **«Ақиқатты бұзықтыққа араластырған...»** («Бақара» с. 42-а).

Аяттағы: **«Айтқандарың рас болса, ...»**,-дегені – 30-аяттағы

Періштелердің: «...Негізінен біз Сені дәріштеп, мақтау мен пәктеудеміз...»,-дегендерінен шыққан сөз. Дүние мүлкінен емес. Тәпсіршілер мұны ескермей тәпсірінде құмыраны жазған.

Бұл сөздерді қайдан алды екен?

33-аятта: «(Алла Тағала:) «Әй, Адам! Оларға бұлардың аттарын баян ет»,-деді. Сонда (Адам ғ.с.) оларға ол заттардың аттарын айтқан сәтте, Алла: «Мен сендерге көктер мен жердің құпиясын, сендердің де көрнеу, көмес істегендерінді білемін»,-деп, айтпадым ба?»-деді»,-деген (Халифа Алтай а.т.).

Түсірдірме сұрамайтын, ап-ашық түсінікті Аят.

Бірақ, тәпсірші Ас-Сабуни: «Алла Тағала адамға «Ей, Адам! Олардың білмегендерін, білім мәртебесіне олардың жетпегендігін білдіретін есімдерді сен атап айт. Адам сонда барлық заттардың аттарын атап, жаратылыс хикметі жайында баяндап береді. Сонда Алла Тағала періштелерге: «Көктер мен жерде сендердің білмеген нәрселеріңді Мен білемін деп айтпап па едім? Бізден артық, бізден мерейі үстем бір болмыс жаратпайды деген ойларыңды Мен білемін, міне осы білетінімді де сендерге білдірген жоқпын ба?! Деректерде Алла Тағала Адамды жаратқанда, періштелер оның ғажайып жаратылысын көріп: «Раббымыз қалағанын жаратса да, бәрібір ол Өзінің алдында бізден де абройлы бір болмысты жаратпайды»,-деген еді»,-деген. Құранда айтылмаған осы деректерді қайдан алды екен?

Ал, Ибн Касир: «Бұл аятта жасырын деп – аса ұлы Аллаһтың Өзіне мәлім себептермен періштелердің арасында болған Ібілістің, ішінен жасырған менмендігі айтылады» (А. Ахметтің тобы аудармасы),-деген.

«...Аллаһтың Өзіне мәлім себептермен...»,-депті. Ал, Алла «Ағраф» сүресінің 7-аятында: «Әрине, оларға біліп баян етеміз. Негізінде оларға жасырын емеспіз»,-десе, Өзінің Тура Жолында жүрген Құлдарына қауіп-қатер болмайтынына уәде берген Алла («Бақара» с. 38-а) олардан ештеңе жасырмайды. Сонда бұл «...Өзіне мәлім себептер...» не болды екен?

Екінші, «...менмендік...» не менмендік екен? «Ағраф» сүресінің 12-аятындағы: «... Мен одан артықпын. Мені оттан жаратып, оны балшықтан жараттың...»,-дегені ме? Әлде, Ибн Кәсирдің басқа білгені бар болғаны ма?

Әңгіменің шынын айтқанда, біз өстіп, Аяттардың түсінігін Аяттардың Өзінен, ғылымнан, өмір Шындығынан іздемей, ылғи өтірікшілерге сеніп, дінімізді құнсыздандырып, өзімізді өзіміз алдап келе жатырмыз. Бұдан аулаққа қашу керек.

Әйтпесе, «Әнфал» сүресінің 38-ші, «Ісра» сүресінің 8-ші, «Мүжадәле» сүресінің 5-аятында айтқандай, Алла, 1929–48 жылдардағы, тағдырымызды алдымызға көлденең тартарына дау жоқ. Өйткені, Алла – Құранды қорғаушы («Хыжыр» с. 9-а), Ол – өш алу Күшіне Ие («Әли Ғымран» с. 4-а).

Заққұм – қарғалған ағаш

35-аятта: **«...«Әй, Адам! Сен де, жұбайың да Жәннатта тұрыңдар, ерікті түрде қалағандарыңша жеңдер де мына ағашқа жоламаңдар. Онда жазықтылардан боласыңдар»,- деген едік»,-** деген.

Халифа Алтай аударма түсінігінде осындағы тиым салынған ағашты жақша арасында: *«(Бұл ағаш көбінесе бидай немесе жүзім ағашы делінген)»,-* деп, ал, Нұралы мен Жұмабайдың аударма түсінігінде: *«(Мұндағы ағаш қандай ағаш екені анық айтылмаған. Аңыз-әңгімелерде көбіне ол бидайға, жүзімге және інжірге телінеді, ал, Інжілде алма ағашы делінген),-* деген»,- деген.

Аят «Тәпсірлердің таңдаулысында» да тап Халифа Алтайша қазақшаланған. Ас-Сабунидің тәпсіріне келсек, ол: *«Сендерге айттық: «Әй, Адам! Сен және жарың Хауа екеуің бірге жұмаққа орналасыңдар». Жұмақтың жемістерінен қалағанын жеңдер. Бірақ мына ағашқа жақындаушы болмаңдар. Өйтсеңдер Аллаға қарсы келіп, өздеріңе қастық еткендердің қатарында қаласыңдар. Ибн Аббас осы ағаштың жүзім ағаш екенін айтады»,-* деп, Аяттың өзін шұбалтып жазған.

Қаз қалпында көшірдік. Тыныс белгі, граматикалық қателерге тимедік. Ас-Сабуни тәпсірден бізге керекті тиым салынған ағаш жәйлі, ғалым ретінде ештеңе түсіндірмеген. Тек Ибн Аббастың жорамалын айтқан.

Құранда түсініксіз ештеңе жоқ. Бір Аятта жасырылған нәрсе басқа бір сүрелердің Аяттарында кездеседі. Осы тиым салынған ағаш «Ісра» сүресінің 60-аятында: *«(Мұхаммед с.ғ.с.)*

бір кезде саған: «Негізінде Раббың адамдарды баураған»,- деген едік. Саған Миғражда Біз көрсеткенді және Құрандағы **қарғалған ағашты** адамдарға бір сынақ қылдық...», - деген. Ал, «Дұхан» сүресінің 43-45-аяттарында: **«Шынында заққұм ағашы», «Күнәкарлардың тамағы». «Балқыған кен сияқты қарындарында қайнайды»**,-десе, «Саффат» сүресінде: **«Рас, заққұм ағашын залымдарға сұмдық қылдық»; «Рас, ол – дозақтың түбінде шығатын бір ағаш»; «Оның қауашақтары шайтандардың бастары тәрізді»** (63-65-а), - дейді. Демек, тиюге тиым салынған ағаш, осы – дозақтың түбінде өсетін, қауашақтары шайтандардың бастарына ұқсайтын ағаш.

Енді мұны логикаға салсақ, адамзат топырақтан жаралды; олар жейтін жемістердің барлығы топырақта өсіп-өнеді. Ал, заққұм ағашы адам жаралған топырақта емес, дозақтың түбінде өседі. Сондықтан Алла оған тиюге тиым салған еді.

Қызық жері, **«...дозақтың түбінде шығатын...»** («Саффат» с. 64-а) ағаштың Адам (ғ.с.) мен Хауа (р.а.) орналастырылған Жәннатта қалай тұрғаны?!

Әрине, мұны анықтау үшін, Аяттарды түс жорығандай әдіспен түсіну амалына жүгініп, ағашқа байланысты Аяттарға көңіл аударамыз.

«Қасас» сүресінің 30-аятында, Алла Мұсаға (ғ.с.) «...мүбәрак жердегі ойпаттың оң жағындағы **ағаштың жанынан**: «Әй, Мұса! Рас Мен әлемдердің Раббы – Алламын», - деп, ...» тіл қатқанын айтса, «Нәжім» сүресінде: «Расында Ол Жәбрейілді екінші рет көрді», «тұрақтау **ағашының жанында»** (13-14-а), - дейді.

Екеуінде де Сөз. Біріншісінде, Алланың Өзін таныстыруы болса, екіншісінде, Құранды үйретуге келген Жәбрейіл (ғ.с.).

«Ібраһим» сүресінің 23-26-аятарында: «Сондай, **Иман келтіріп, ізгі іс істегендер**, Раббыларының рұхсатымен ішінде мәңгі қалатын, астынан өзендер ағатын Жәннаттарға кіргізіледі. Олардың Жәннаттағы амандасуы – «Сәлем» (сөзі) болады». «(Мұхаммед с.ғ.с.) көрмейсің бе? Алла қандай мысал берді: **көркем Сөз – тамыры мықты, бұтағы көктегі бір көркем ағаш тәрізді**». «Ол (ағаш) Алланың бұйрығынша әр уақыт жемісін береді...». «Ал енді, жаман сөз, жердің бетінен қопарылған орнықсыз ағаш сияқты», - десе, «Фатыр» сүресінде: **«...Көркем сөз Алла жаққа шығады. ...жақсы амал оны көтереді. Ал,**

сондай жамандықтың тәсілін істегендер, олар үшін қатты азап бар...» (10-а),-деген.

Құранда жасырын ештеңе жоғын айтқан Аяттар мен сөзді зерттеу, ойлау хақындағы Аяттарды ескеріп, осы – 23-26-аяттарды және 10-аятты талдасақ, дозақтың түбінде шығатын заққұм ағашы – **жаман сөз** болады. Яғни, Аллаға серік қосқан **жаман сөз**; ал жаман амал – Аллаға рукуғ, сәжде жасамау. **«...Көркем сөз Алла жаққа шығады. ... жамандықтың тәсілін істегендер, олар үшін қатты азап бар...»** (10-а),-деп отыр. **«... жамандықтың тәсілі...»** – Аллаға серік қосқан жаман сөз.

23-аяттың («Ібраһим» с.) бірінші сөйлемінде де: **«Сондай, Иман келтіріп, ізгі іс істегендер, ...»**,-десе, 10-аяттың («Фатыр» с.) 2-3-сөйлемінде: **«...Көркем сөз Алла жаққа шығады. ...жақсы амал оны көтереді...»**, -дейді. Көркем сөз айтылған. Көркем сөз – Кәлима, Алланы зікір ету т.б.

26-аятта да, 10-аяттың соңында да **«...қонарылған орнықсыз ағаш сияқты», «...қатты азапқа...»** себепші болатын жаман сөзді айтады. Бұл – әрине, Құран насихатына қарсы сөздер.

«Дұхан» сүресіндегі: **«Балқыған кен сияқты қарындарында қайнайды»** (45-а),-дегені – жазаға тартылған күнәкардың есеп дәптері алдына тартылып («Ісра» с. 13-14-а), Аллаға қарсы сөйлегендері есіне түсіп, іші күйіп өкінетіні...

Демек, Жәннаттағы заққұм ағашы – шайтанның Адам (ғ.с.) мен Науаны (р.а.) Жәннаттан шығаруына себепші болған **«ағаш» – жаман сөз**; жаман сөз, жаман амал – Аллаға серік қосу, құлшылықтан бастарту.

Бұл Аяттардан кейін «Қасас» (30-а), «Нәжім» (14-а) сүрелеріндегі **«ағаш»** сөзіне келсек: оттегін шығарып, бізге таза ауа беріп тұрған, көлеңкесімен күн өтудан қорғаған, жемісін беретін ағаш, **от та** болып жанады; көркем тіркестермен сөйлеп, Алланың ризашылығына жеткеретін **сөз**, жаман тіркеспен үн қатып **отқа** да салады.

Ағаштан басқа бірдеңені сөздің баламасы етіп, тап осылай талдай алмаймыз. Бұл тұрғыдан келгенде де Жәннатта тиюге тиым салынған **ағаш** – Алла ұнатпайтын, яғни, Алла үйреткен атаулардың («Бақара» с. 31-а) арасында жоқ, жаман **сөз** болып шығады.

Пендені дозаққа түсіретін ең үлкен күнә не? Ол – Аллаға серік қосу; ол – жаман сөз!

Екінші тараптан, **«Олар: «Алла бала иемденді»,-десті». «Ра-сында өрескел нәрсе сөйледіндер». «Бұдан көктер шатынай, жер жарыла, таулар құлап түсе жаздайды»,**-деген, «Мәриям» сүресінің 88-90-аяттарына сүйеніп айтсақ, сөз де, амал да, пен-де де, киім де, күллі жаратылғандар Аллаға құлшылық қылады және Алланы пәктейді; Адам мен Һауаға кидірілген киімдер де Алланы пәктейтін; олар шайтанға алданып, Аллаға серік қосқан кезде, киімдері бірден олардан жиіркеніп, қашты – олардың **«...ұятты жерлері ашылып кетті...»** («Ағраф» с. 22-а). ...Содан олар жерге түсірілді.

Ал, Ас-Сабуни түсінігінің соңында: *«Ибн Аббас осы ағаштың жүзім ағашы екенін айтады»*, -деген. Оның дұрыс-бұрыстығын сөз етпеген. Абай бабамша айтқанда, біз **«Жарықтық-ай!»**-деп жалпылдап отырған Ас-Сабуни де бұрынғылардан озып ештеңе айтпаған.

Тәпсіршілер жобалаған бидай мен жүзімге келсек, олар, топырақта өсетін; топырақтан болған адамзат өміріндегі ең маңызды тамақтардан.

Бұл біздерге тиесілі емес пе?

Бүкіл Мұсылман жұртын қателестірген тетіктердің бірі – Аяттарды: **«Мына Аяттар Нұхқа келген еді», «Мынау Израил ұрпақтарына түскен», «Бұл Мұсаның қауымына»,**-деп, бөліп айтқан, осындай қате тәпсірлер.

Егер сол тәпсіршілер айтқандай, сол Аяттар тек арабтарға не меккеліктерге арнап түсірілсе, неге бірнеше Аяттар: **«Әй, адам баласы!...», «Әй, адам балалары!...»**-деп түскен?

41-аят неге **«...жандарындағы Тәуратты растаушы...»**, -деп келген? «Тәурат» меккеліктердің, соның ішінде Мұхаммед шыққан арабтардың қолында болған жоқ қой...

Құран және осы Аяттар («Бақара» с. 42; 44-а) тек меккеліктерге ғана түсірілген болса, Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) Гераклге хат жазып, айналадағы тайпаларға ұстаздар жіберіп неге әуре болды? Исламды таратушылар неге Бұхараға, одан өтіп Ташкен мен Таразға дейін келіп жүр?

Ислам өмірге келгелі, Ислам лебі жеткен елдердің барлығында, Имандылық жеңіске жеткенімен, оған астыртын

да, ашық та қарсылықтар жойылмады. Исламды жою үшін неше мәрте крес жорығы жүргізілді; түрлі-түрлі жалалар жабылды, сандаған күйтырқылықтар, опасыздықтар ұйымдастырылды...

Құран меккеліктерге ғана келсе, крес жорықтары неге болды?

Тәпсіршілердің бұған ой өресі жетпеген, әрине. Жетсе, олар Аяттарды меккеліктерге, арабтарға, Пайғамбарлардың қауымына бөлмес еді. Керісінше, Құранның әлемдерге насихат («Сад» с. 87-а) екенін ескіріп және **«Әрине, Пайғамбарлар қиссаларында ақыл иелері үшін өнеге бар. Құран бір жасама сөз емес. Бірақ, Өзінен бұрынғы Кітаптарды растайды. Сондай-ақ, Иман келтірген ел үшін әр нәрсені ашықтайтын Тура Жол және игілік»** («Жүсіп» с. 111-а),-деген Аятты ескеріп, сол қиссадан не үкімнен бүгінгі адамдар не сабақ алуы керек? Соны айтуға міндетті. Сонда ол тәпсір болады.

Мына 42-43-аяттарды («Бақара» с.) оқиық, мән беріңіз: **«Ақиқатты бұзықтыққа араластырмандар да сондай-ақ біле тұра Шындықты жасырмандар».** «Намазды толық орындаңдар, зекет беріңдер, сондай-ақ, иілушілермен бірге иіліңдер»,-деген (Халифа Алтай а.т.).

Бұл жалпы адам баласына айтылып тұр.

Сүренің 30-39-аяттарында Адамның (ғ.с.) хикаясы және ескерту айтылған. 40-аят: **«Әй, Израил ұрпақтары!...»**,-деп басталып, олармен ортадағы: нығмет, уәде, серт сөз болып, сосын Алладан қорку, Құранға сену айтылып, қарсы келушілерден болмауға, Аяттарды аз бағаға айырбастамауға кеңес берген.

42-аятты тәпсірлеген Ас-Сабуни 40-аятты басшылыққа алып: *«Алладан түсірілген ақиқатты өздерің құрастырған жалғанмен араластырушы болмаңдар және сендердің қолдан жасап алған жалғандармен («жалғандарыңмен» шығар) Тәуратты бұрмалаушы болмаңдар. Мұхаммедтің сипатына қатысты кітаптарыңдағы мәліметтерді әдейілеп жасырушы болмаңдар. Алайда сендер осы мәліметтердің ақиқат екенін білетін едіңдер»*,-деген.

Мұндағы: *«Алладан түсірілген ақиқатты өздерің құрастырған жалғанмен араластырушы болмаңдар. ... Тәуратты бұрмалаушы болмаңдар...»*,-деген сөйлемге көңіл бөлейік. Аятта, Ақиқатты бұзықтыққа араластырмау мен Шындықты жа-

сырмау айтылған. Ал, Ас-Сабуни жер бетіне келіп-кете беретін күллі адамзатқа айтылған кеңесті Тәураг түскендерге бұрып, өзі құрастырған осы жалғанмен бүгінгілерді алдап отыр.

40-аятта айтылған кеңес Израил ұрпақтарына ғана керек кеңес пе? Әлде, Аллаға, Пайғамбарға, Құранға Иман келтірген барлық Момындар мен Мұсылмандарға ма? «Сад» сүресінде: **«Бұл Құран – бүкіл әлем үшін бір насихат»** (87-а),-деген. Тәпсірші мұны және Құранның Өзінен бұрынғы Кітаптарды растаушы екенін айтқан Аяттарды т.б. ескермеген.

Және қайталайық, тәпсір – тәпсір болғасын, ең бастысы, әрбір Аяттан алынатын хикмет айтылуы керек. Сонда ол шын мәніндегі пайдалы тәпсір болады.

43-аяттың тәпсірінде: *«...және намазды жамағатпен не болмаса Мұхаммедтің сахабаларымен бірге оқыңдар»*, -дейді. Бұл да Момындар мен Мұсылмандарға қатысы жоқ, тек Құран түскен ғасырдағы Израил ұрпақтарына арналғандай етіп тәпсірленген.

Құранды бұрмалау деген осы емес пе?

Қысқаша айтқанда, бұл тәпсір Кітаптан біз алатын тағлым жоқтың қасы.

Яһуди ғалымдарына ма? Я Ислам ғалымдарына ма?

44-аятта: **«Елді игілікке бұйырып, өздерінді ұмытасындар ма? Кітапты оқисындар, ойламайсындар ма?»**-десе, «Мүминұн» сүресінің 68-69-аяттарында: **«Олар сөзді (Құранды) зерттемей ме? Немесе оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келді ме?» «Немесе олар Пайғамбарларын танымады да, соған қасарыса ма?»**-деген. Түсінген жанға осы үш Аят бірін-бірі толықтырып, елді игілікке бұйырып, өздерін ұмытқандарды танытып тұр. 68-аяттағы: **«...аталарына келмеген нәрсе, келді ме?»**-дегені, бұрынғы аталары өздеріне берілген Тәурагтағы Жолды дұрыс ұстанбай бұзды, содан олар Алланың қаһарына ұшырады. Олар да елді игілікке бұйырып, өздері өтірік тәпсір жазып: «Міне, осы Алланың қасынан келген...» (79-а),-деген. Осы үш Аят осыны түсіндіреді.

Бұл – елді игілікке бұйырып, өздерін ойламайтындар, біз кітабын оқып отырған тәпсіршілер. Бүгінгілер де осылай, садақа бер, зекет бер, намаз оқы, ораза ұста, хажылыққа бар, ата-анаға қамқорлық қыл т.б. айтады – елді игілікке бұйырады. Бірақ, Құранды жақсылап зерттемей («Жұма» с. 5-а), өтірік тәпсірлерді

насихаттап отырғандарына, яғни, өздерінің не істеп жүргендеріне саналы пікірмен ой жүгіртіп қарамайды; «Нахыл» сүресінің 25-аятын естеріне алып, осы істері үшін өздерінің Алланың азабына тосылатындарын ойламайды – өздерін ұмытады.

Ал, Ас-Сабуниге келсек, ол 44-аятты: *«Алла Тағала яһуди ғалымдарын сынап, былай дейді: Сендер қолдарыңдағы кітапты оқып, ондағы үкімдер мен ескертулерді біле тұра, адамдарға парасат пен ізгілікті бұйырып, ал өздеріңді ұмытасыңдар ма? Не істеп, не қойып жатқандарыңды бір сәт болсын ойланып, ақыл таразысына салып, саралап көрмейсіңдер ме? Бұл жасағандарыңның жиіркенішті қылық екенін ұғынып, одан неге бас тартпайсыңдар?...»*,-деп тәпсірлеген. Бұл яһуди ғалымдары емес, «Сұр үрленеді. Міне, сол сәтте ол өлгендер жылдам қабірлерінен шығып, жылдам жүреді...» («Иасин» с. 51-а),-деп, дәлелсіз тәпсір жазған өздері емес пе?!

Бұл тәпсірлерден қазақтар, қазақстандық Момын-Мұсылмандар алатын тағлым – Аяттарды өзіміздің зерттеуіміз. Бабаларымыз да осындай атүсті тәпсірлерді Шындық деп қабылдап, Алланың Хикметті Жолынан адасты. Біз соны қайталамауымыз керек.

Сол бабаларымыздың не себепті қаһарға ұшырағанын білетін Алла бізге: «Немене, сендерге ата-бабаларыңа келмеген нәрсе келді ме? Осы Құран соларға да келіп еді ғой»,-деп, олардың осындай өтірік тәпсірлерге сеніп, өкініште қалғанын ұқтыруда. Мұның астарындағы мағынасы: «Әй, Аллаға Иман келтірген қазақтар, Құранды қайта-қайта оқып, сөздерді зерттеңдер ақсүйекке, қараға және үш жүзге бөлінбегендер. Алланың жіктелмеуді, кемсітпеуді айтқан Аяттарына («Әли Ғыман» с. 102-ші, «Хұжрат» с. 10-13-а) қарсы келмеңдер, Жалғыз Алланың Жолында табанды болыңдар. Осындай тату болсаңдар, Алла Періштелермен жәрдем етіп, сендерден 20 Момын 200 кәпірді жеңеді. Тәуелсіздіктеріңді осы татулықтың арқасында мәңгілікке қорғап қаласыңдар...»,-дегені.

Әркім өзі үшін жауапкер

48-аятта: **«Біреу үшін ешкім күймейтін, шапағат қабыл етілмейтін, ешкімнен бодау алынбайтын және оларға жәрдем де етілмейтін бір Күннен сақтаныңдар»**,-деген (Халифа Алтай а.т.).

Сақтанатын Күнді айтқан. Бұл қандай Күн? Ол қашан келеді? Бұл Аяттан оқырманның білгісі келетіні осы.

Алдымен Ас-Сабуниді оқиық. Ол: *«Ешкімнің басқа біреуден бір өтем ақы ала алмайтын сол бір қорқынышты күннен қорқыңдар. Алланы жоққа шығарған бірде бір жанға шапағат етілмейді. Сондай-ақ, ол кәпірлерден ешқандай төлем ақы, құн алынбайды. Кәпірлер үшін оларды Алланың азабынан қорғайтын және құтқаратын ешкім болмайды»*, -деп, тәпсірлеген. Яғни, кәпір сөзін қосқаны болмаса, Аяттың өзін қайталаған.

Екіншіден, Аяттың өзіндегідей қылып жазғасын, бұдан оқырман, сұрақтарына жауап ала алмайды. Сонда бұл тәпсірге жата ма?

Аятта айтылған сақтанатын Күн – Қиямет күні. Сондықтан бұл Аяттың тәпсірі – Қияметке байланысты Аяттар. Мысалы, «Ынфитар» сүресінің 17-19-аяттарында: **«Қиямет күннің не екенін қайдан білесің?» «Я, Қиямет күннің не екенін қайдан білесің?» «Ол Күні біреуге біреу қарайласуға еш нәрсе қолдан келмейді. Ол Күні әмір Аллаға тән»**, -дейді. Бұдан да ашықтау түсіндірілген Аяттар: әкесі баласына, баласы әкесіне көмектесе алмайтынын айтқан, «Лұқман» сүресінің 33-аяты; кісі туысынан, әке-шешесінен, әйелінен және балаларынан қашатынын, әркімнің ісі ауыр болатынын ескерткен, «Ғабаса» сүресінің 34-37-аяттары (т.б. Аяттар...).

Ал, өмір Шындығынан дәлел айтсақ, қылмыс жасап заңға тартылған әкені баласы, ал, баласы тартылса, оны әкесі құтқара алмайтыны; яғни, ауруға шалдыққанда да бұлардың бірін бірі құтқаруға екеуі де шарасыз екені.

Ол сақтанатын Күні, ешкімге ешкімнен ешқандай жәрдем болмайды екен. **«...Ол күні әмір Аллаға тән...»**. Демек, әркім өзін құтқарады. Бірақ, ол Күн қашан келеді?

Ол Алланың санап отырған күні толғанда («Мәриям» с. 84-а) келеді. Оны пенде есептей алмайды. Себебі, Алла бірсыпыра күнәларды кешірсе («Зүмәр» с. 53-а), біреулерін, бір жақсылықтармен теңестіреді («Фурқан» с. 70-а). Мұны реттеуге пенденің күші мен зейіні жетпейді.

Сонда бұл Күннен сақтану үшін не істемек керек?

Бұл Күннен сақтану үшін, сол Күн келмей тұрып, «Зүмәр» сүресінің 54-55-аяттарында үгіттегендей, Аллаға қайту керек,

яғни, «Бақара» сүресінің 186-аятында ескерткендей Алланың әмірлерін орындау ләзім. Иә, солай – жалғыз Аллаға ғана сеніп, Оның ризашылығы үшін намаз оқып, ораза тұтып, зекет беріп, қажылыққа барып және тиымдарынан тиылып, көп қайыр-сауап жасау керек.

Мұны «Саф» сүресінің 10-12-аяттарында: **«Әй, Момындар! Сендерге жан түршігерлік азаптан құтқаратын бір сауда көрсетейін бе?»** (Көрсет десеңдер айтайын, алдымен,) **«Аллаға, Елшісіне Иман келтіресіңдер; (сосын) малдарыңмен, жандарыңмен (қызғанбай; кедей болып қаламын, деп қорықпай) Алла Жолында күресесіңдер. Егер білетін болсаңдар, осыларың сендер үшін қайырлы».** **«Күнәларыңды жарылқайды. Сендерді астарынан өзендер ағатын Бейіштерге; Ғадын Жәннаттарындағы орындарға кіргізеді. Зор табыс – осы!»**–деп, 48-аяттың («Бақара» с.) үкімін орындап сақтанған пенденің соңғы табысын айтқан.

Міне, осы – **«Біреу үшін ешкім күймейтін, шапағат қабыл етілмейтін, ешкімнен бодау алынбайтын, ...жәрдем де етілмейтін бір Күннен сақтануды»** ескерткен, 48-аяттың түсінігі.

Тәуратты, деген... Құранды тәпсірлегендер ше?

78-аятта («Бақара» с.): **«Олардың ішінде надандары да бар. Кітапты білмейді. Олар тек қана үйретіндіні (айтады) және бос ойларды ғана ойлайды»**,–деген (Халифа Алтай а.т.).

Ас-Сабуниді аударғандар да түсінікті айтқан. Ал, тәпсірінде: *«Яһудилердің қараңғы халқының арасында тағзы бір топ бар еді. Олар өз беттерімен Тәуратты түсініп, ұғынатындай хат танымайтын еді. Бірақ олардың бар білгендері өз ғалымдарының оларға айтып сендіріп қойған қиялдары ғана. Бұларды атап айтсақ, Алланың кешіретінін және тозақта өздерінің санаулы күн ғана жанатынын айтады. Өйткені пайғамбар болған ата-бабалары оларға шапағат етеді, әрі өздері Алланың ұлы және досы екендігіне сендіріп бұдан басқа да қиялдарды айтатын. Олар жорамалдан басқа нәрсеге ермейтін. Яғни олардың осы мәселеде айқын да нақты мәліметтері жоқ еді. Қайта көзсіз түрде ата-бабаларына еретін. Сосын Алла Тағала болмашы дүниелік пайда үшін, халқын адастырған ғалымдардың жасаған қылмыстарын былайша баян етеді»*,–деп келесі Аятқа өткен.

Біздің бабаларымыз да кезінде арабша оқи алмайтын. Тәпсіршілер қиялдарында ойлап не айтса соған сенді. Сол сенім әлі келе жатыр. Бүгінгі бізде де Қиямет және өліп қайта тірілу бойынша Құрандағы нақты дәлелге көз жұмып, ескіден қалған сол уағыздар айтылып жүр. Біз соған көзсіз еріп келеміз.

Сонда Қияметті және қайта тірілуді нақты дәлелмен жеткеріп бере алмай, жорамалдап ертегі айтып жүргендер – сол тәпсіршілер емес пе?

Ал, Құранда және өмір Шындығында, ғылымда: Қияметтің Шындығы, өлгеннен кейін қайта тірілу – қайта туылу екендігі, Құранда айтылған адасқандар да, мұнафиқтар да, адамгершілігі бар құдайсыздар да бүгінгі өзіміз және замандастарымыз екені нақты баяндалған. Тек зерттеу керек. Силсила әдісін атап өтіп, Ас-Сабуниді және оның ұстаздары мен олардың тәпсірлерін тастау керек, ұмыту керек.

Ас-Сабуни мен ол тәпсірінде келтірген тәпсіршілерге ше?

79-аятта: **«Сондай, Кітапты қолдарымен жазып, сонан соң аз ақшаға (дүниелікке) сату үшін: «Осы Алланың қасынан келгені», дегендерге нендей өкініш! Және олардың қол жазғандарына нендей өкініш! Сондай-ақ, олардың табыстарына нендей өкініш!»**–деген (Халифа Алтай а.т.).

Аятты жақсы жеткерген. Ал, тәпсіріне келгенде Ас-Сабуни өзінің тәпсірлерін және өзі тағлым алған тәпсіршілердің еңбектерін зерттеп көрмегендіктен көзсіз сөйлеген.

Бұған Сіздер біздің осы Аятқа дейін жазған сынымыздан дәлел көріп отырсыздар, алдағы талдауларда да талай өтірік пен жорамалды оқисыздар.

Күмән болмау үшін 79-аяттың тәпсірін толық жазайық. Онда: *«Тәуратты бұзып, бұрмалаған осы аяттарды қолдарымен жазып, сосын оны болмашы бір ақшаға сату үшін «Бұл Алланың құзырынан» дегендерге нендей өкініш! Құрдым мен, азап солар үшін. Өйткені өз қолдарымен жазғандарын Алланың аяттары секілді көрсетіп: «Міне, осы аяттар Алланың Тәуратта Мұсаға түскен аяттары»–деді. Мұндай киелі кітапты бұрмалағандары үшін тартатын азаптары неткен ауыр! Жасаған харамдары үшін бастарына келетін қасірет неткен жаман қасірет еді!»*–деген.

Біз Құраннан Яһудилердің Тәуратты бұрмалағанын білеміз.

Оған дау жоқ. Бірақ, біздің тәпсірші Ас-Сабуниден іздегеніміз, олардың қайсы Аяттарды бұзып, бұрмалағаны еді. Бұл оларды атап жазбапты. Егер жазғанда, тәпсірі сауатты тәпсір болар еді. Мына айтып отырғаны екіншісі біріне аян бос сөз.

Екінші, ортадағы: *«Құрдым мен, азап солар үшін»*,-деген екінші сөйлем болмаса, үшінші сөйлемінде, *«Бұл...»* сөзінің орнына, *«Міне...»* сөзін алмастырғаны ғана, әйтпесе, жалпы мағынасында, бірінші сөйлемін қайталаған. *«...мен...»* жалғауынан кейін де үтір қойыпты!

Өстіп отырып, *«Мұндай киелі кітапты бұрмалағандары үшін тартатын азаптары неткен ауыр!...»*-деп, қайғырған! Өздерінің «Фурқан» сүресінің 53-ші, «Рахман» сүресінің 19-20-аяттарын білмей тәпсірлегендерін және «Нәжім» сүресінің 49-аятындағы *«...Шығраны...»*, «Иасин» сүресінің 51-аятындағы қабырдан шығуды, «Тарық» сүресінің 11-аятындағы *«Қайтару иесін...»* бұрмалағандары үшін тартатын азаптарын ойламапты.

Олар тірі

Осы сүренің («Бақара») 154-аяты мен «Әли Ғымыран» сүресінің 169-аяты өте мағыналас. Аяттарда: **«Алла Жолында өлтірілгендерді, олар өлі демелдер, олар тірі, бірақ, сендер сезіп біле алмайсыңдар».** **«Алла Жолында өлтірілгендерді өлі деп ойлама, әрине, олар тірі. Раббыларыңның жанында олар ризыққа бөлендіріледі»**,-деген.

Аятқа ешқандай тәпсір керек емес. Ашық түсінікті. Кейбір оқырман тек қана: **«...Раббыларыңның жанында ризыққа бөлендіріледі»**,-деген сөйлемге таңырқар. Бұл, әрине, олардың Жәннатқа жететіні.

Абай бабамыз бұл қазақтың ауылдағы жақсысын елемей, даладан келгенге «жарықтық» деп жалпылдай қалатынын сынаған. Сол айтпақшы, біздің діни басқарма да сырттан біреу бірдеңе десе, ақ-қарасын айырмай жаза салады, үлгі тұта қояды. Ел осындайдан тағдырларға ұшырады (1226; 1721; 1916; 1929-48 ж.). Сонда да райдан қайту болмай отыр. Өзіміз, өзіміздің әліміз жетпесе, қазақтың үлкен ғалымдарымен кеңесіп, осыларға тура түсінік беру жолын қарастырмаймыз.

Мағынасы ашық түсінікті осы екі Аятқа (154;169-а) Бағауи, Ибн Касир, Уахиди – үшеуі үш түрлі тәпсір жазған. Бағауи: *«Аса ұлы Аллаһ жолында өлтірілгендер өзге өлілер секілді емес.*

Олардың жандары (барзақ әлемінде) Жәннат жемістерінен барып-келіп ризықтанып тұрады. Ал, біздің бұл дүниелік өлшем бойынша өлген саналады», -десе, Ибн Касир: «Оларды өзге өлілердей көрмеңдер, олар қабыр әлемінде ерекше жағдайда болып, аса ұлы Аллаһтан ризық алып тұрады», -депті. Біз осыған сеніп, Аятты елге осылай ағыздап келеміз.

Олардың қабырда ерекше жағдайда болатыны, Алладан, Жаннат жемістерінен барып-келіп ризық алып тұратыны қалай?!...

Тәпсіршілердің бұл айтқандары өмір Шындығына мүлде жанаспайды!...

Уақыттың өзі түсіндіріп отырғандай-ақ, («Сад» с. 87-88-а) бұл тәпсірлер өз заманына ғана жарайтын. Ол кезде ғылым дамымаған, археология ғылымы атамен жоқ. Тірі адамдар, өлген адамдар туралы осы тәпсіршілер айтқандай шеңберде ғана түсінген. Бұл – бүгінгілер үшін өтірік тәпсір.

Ал, Ас-Сабуниді аударғандар да, археологтардың жер қойнынан талай қабыр кездестіріп, жерленген адамдардың сүйегін тапқанына, олардың қай жағдайда екеніне куә. Сөйтіп отырып, ескі тәпсіршілерден оқығанын сол қалпында жаза берген. Осы 154-аятты: «...олар тірі. Раббыларының құзырында ризыққа бөленуде...», -деп соңында «барзахты» айтып, 169-аятты да осы сияқты түсінікпен беріп, ізінен мына хадисті келтіреді: «Уахиди былай дейді: «Шейіттердің тірі екеніне қатысты ең дұрыс көзқарас Алла елшісінен жеткен хабар. Осыған орай олардың рухтары жасыл құстардың ішінде болады. Олар жұмақ жемістерінен ризықтанады. Оларды жеп рахаттанады».

Үш тәпсірші де «...өздеріне ғылым берілмегендіктен көңілдерінде...» Аяттар айқын көрінбей («Ғанкабұд» с. 49-а), тәпсір атымен ертегі жазған. Егер Аяттарды жақсы білгенде «Иасин» сүресінің: «**Жәннатқа кір! ... ол: «Әттең! Елім білсе еді», «Раббымның мені жарылқап Ардақтылардан еткенін»...**» (26-27-а), -деген Аятынан пікір түйіп және Жәннаттағылардың жайын баяндаған «Уақиға» сүресінің 10-38-аяттарын және осылармен мағыналас Аяттарды ескере отырып, Алла Жолында өлген шейіттердің аспан есіктерінен өтіп («Ағраф» с. 40-а), Бейіштен орын алатынын жазар еді. Білмеген – өйтпеген!

Және бір ұятты жері: «...ең дұрыс көзқарас Алла елшісінен жеткен хабар...», - деп, «Жүніс» сүресінің 15-аятын ескермей, Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с) жала жапқаны...

Бұлттар елек пе?!

Осылар сияқты аталмыш сүренің («Бақара» с.) 164-аятының тәпсірінде де өтірік қосылған. Аят жақсы қазақшаланғанмен Ас-Сабуни Аяттың: **«...және Алланың көктен жаңбыр жаудырып, ...»**,-деген сөйлеміне Кағбул Әкбар дегеннің тәпсірін келтірген. Ол: *«Бұлттар – жауындардың елегі. Бұлттар болмаса, жауындар түскен жерін жермен жексен етер еді»*,-депті. ХХІ ғасыр ғалымдары үшін тіпті, күлкілі. Бұған Ас-Сабуни де, біздің діни басқарма мамандары да мән бермеген.

Өздері – Ас-Сабуни және аудармашылар 22-аяттың тәпсірінде: *«Бұл жерде «Көктен» дегені бұлттар. Адамдар мұқтаж болғанда, бұлттан жаңбыр жаудырған Алла Тағала...»*,- деп, анықтап көрсеткен. Сөйтіп отырып, Кағбул Әкбардың сандырағын берген. Мұны қалай түсіну мүмкін? Осыны жазып отырғандардың өзінің не істеп отырғандарын өздері білмейтіні ме? Әлде, өздерінен басқаларды да өздеріндей көре ме?!

Бұлт – елек емес, мұхиттар мен теңіздерден, жерден көтерілген бу ғой! Бұл ғылымы жоқ заманның Кағбул Әкбары үшін кешірімді болғанымен, мұны зерттемей, жаза салған бүгінгі дәуірдің дін мамандары үшін өте ұят! Тіпті, масқара! Бүгінгілерді «фанаттар» дейтініміз, осындайдан. Себебі, фанатизм адамның ойлау, пікірлеу қабілетін шектеп, «Бақара» сүресінің 44-ші, «Мүминұн» сүресінің 68-аятына сауатты амал жасауға жол бермейді...

Әйтпесе, олар бұл тәпсірді оқығаннан «Ағраф» сүресінің: **«Ол сондай Алла Рахметінің (жаңбырдың) алдын ала желдерді қуантушы етіп жібереді. Ауыр бұлттарды көтерген бойда, өлі бір жерге жіберіп, жаңбыр жаудырып, сонымен әр түрлі жемістерді шығарамыз...»**,-деген 57-аятын;

«Рұм» сүресінің: **«Ол сондай Алла, желдерді жібереді де бұлттарды жүргізіп, оны қалауы бойынша аспанда жаяды. Және бұлтты бөлшектейді. Сонда оның араларынан жаңбырдың шыққанын көресің...»**,-деген 48-аятын;

«Фатыр» сүресінің: **«Ол, сондай Алла, желдерді жіберіп, сонда, бұлтты қозғап, оны өлі бір жерге айдаймыз. Және жаңбыр арқылы жансыз қалған жерді қайта жандандырамыз...»**,-деген, 9-аятын және жаңбырды айтқан: «Зұхрұф» (11-а), «Лұқпан» (34-а), «Фуссилат» (39-а), «Нәбә» (14-а) сүрелерін ескерер еді; бұлтты жаңбырдың елегі қылмас еді.

Міне, бізге ұсынылып отырған, бізге Аяттарды толық түсіндіріп, Тура Жолға бастайтын «Тәпсірлердің тандаулысының» сиқы!..

169-аят және тәпсіршілер

Сүренің 168-аятында: «Әй, адам баласы! ...шайтанның ізіне ермендер! ...ол сендерге ашық дұшпан», -деп, ескертіп, осы – 169-аятында: «Шынайы түрде ол сендерге жамандықты, арсыздықты және Аллаға қарсы білмейтіндеріңді айтуды нұсқайды», -деген (Халифа Алтай а.т.).

169-аяттағы: «Шынайы түрде ол ...Аллаға қарсы білмейтіндеріңді айтуды нұсқайды», -деген ескертуі мен дәлелсіз жаза берген тәпсіршілерді салыстырсақ, сол шайтандарға ергендер осылар болмай ма?!

Осы Аятқа байланысты А. Ахметтің тобы А. Сағди мен Ибн Касирдің тәпсірін берген. Олар: «*Шайтан адамдарға жаман істерді және одан жаман зина секілді жиіркенішті күнәларды істеуге әрі одан да жаман күнәға – аса ұлы Аллаһ жайлы білмеген сөздерді айтуға итермелейді.* Ибн Касир. *Жамандық – әрбір күнәні білдіреді. Жиіркенішті істер де – күнә. Ондай күнәларға ойнастық, маскүнемдік, адам өлтіру, жала жабу, сараңдық әрі өзге нәрселер жатады.* А. Сағди», -деген.

Бірінші тәпсірдегі: «*...одан да жаман күнәға – аса ұлы Аллаһ жайлы білмеген сөздерді айтуға итермелейді...*», -дегені – дәлелсіз жалған, жорамал тәпсір айтуға итермелейді, деген сөз. Ибн Касир, Алланың Нұр екенін («Нұр» с. 35-а), Нұрдың Құран екенін («Ниса» с. 174-а) білсе; Алла жәйында білмеген сөздерді айту деген – Аяттарды білмей, дәлелсіз тәпсірлеу. Екінші тәпсірдегі: «*...жала жабу...*» да, Аяттарды бұрып, дәлелсіз түсіндіру.

Енді Ас-Сабунидің осы – 169-аятқа тәпсірін оқиық: «*...ол Алла турасында білмеген нәрселеріңді айтып, әрекет жасауға итермелейді. Яғни, Алланың сендерге халал еткендерін харам, харам еткендерін де халал санап, өз беттеріңмен халал мен харам етуші үкімдерді қою арқылы Аллаға жала жабуларыңды әмір етеді*», -деген.

Бірінші сөйлем, осы тәпсіршілердің, Ас-Сабунидің өзінің әрекеті. «*...білмеген нәрселері ...*» – дәлелсіз сөйлегені болса, «*...әрекет жасау...*» – сол білмейтінін жазып тарату. Ал, екінші

сөйлемдегі «...халал еткендерін харам, харам еткендерін халал... өз беттерімен халал мен харам етуші үкімдерді қою арқылы...», - дегені де өздерінің Қиямет, Ақырет, өліп және қайта тірілу хақында нақты дәлелі болмай сөйлеуі.

Егер оларға ғылым берілгенде («Ғанкабуд» с. 49-а), олар әрбір тәпсірін нақты дәлелмен жазар еді. Алладан ғылым берілген Момын, Алланың сөзін өзгертуші жоғын айтқан («Әнғам» с. 34; 115-а) Аяттар мен осы екі Аятты және «Саф» сүресінің: «**Әй, Момындар! Істемейтін істеріңді неге айтасындар? Істемейтін істеріңді сөйлеулерің Алланың қасында зор ашуға себеп болады**», - деген 2-3-аяттарынан пікір түйіп, «Бақара» сүресінің 89-аятының болмаса, «Әли Ғыман» сүресінің 87-аятының үкімінен қорқады.

Осы жерге дейін зерттеп келген тәпсірлерге қарап топшыласақ, бұлар қорықпаған. Мұны алдағы тәпсірлерінен де көре береміз.

Мирас пен мансұқ жәйлі

Халифа Алтайдың аудармасына – «Бақара» сүресінің 180-аятына келейік. Онда: «Біреулеріңе өлім келген шақта, артына мал қалдырса, әке-шешесіне, жақындарына дұрыстықпен өсиет парыз етілді. Өсиет – Тақуаларға бір міндет. **(Бұл аяттың үкімі мирас аятымен қалдырылған (4-с. 11-а))**», - деген. Жақша арасындағы үкім өте қорқынышты! «Әнғам» сүресінің 115-аятында: «**Раббыңның сөзі Шындық әрі Туралықпен тәмамдалған. Оның сөздерін өзгертуші жоқ...**», - десе, бұлар қорықпай өзгерткен. Тіпті, «Жүніс» сүресінің 15-аятындағы – Ұлы Күннің азабынан қорыққан Мұхаммедті (с.ғ.с.) де естеріне алмаған!.. А. Саъди: «*Көптеген муфассирлер (...) бұл аяттың үкімін, мирас туралы түсірілген аятпен (Құран 4; 11) жойылған деп есептейді. Дегенмен бұл аят қандайда бір себептермен мирасан үлес алу құқығынан айырылған ата-аналардың және басқа да туыстардың пайдасына жазылған өсиетке қатысты өз күшін сақтайды*», - деп әділдігін жазған.

Ал, Ас-Сабуни: «...*Бұл өсиет Алладан қорыққандар үшін мойнындағы борыш. Мирас аяттары түспей тұрғанда осы үкім парыз еді. Кейіннен мирас аятымен тоқталды*», - деп, бұрынғыларды қайталаған. Ең болмаса, А. Сағидиге де қосылмаған.

Халифа Алтай пайдаланған тәпсіздегі мирас Аяты, деп отырғаны – «Ниса» сүресінің 11-аяты. Ал, бұл Аят 180-аяттың үкімін жоймайды, керісінше оған кеңірек түсінік берген. «Мәида» сүресінің 106-108-аяттарында тағы қайталап пысықтайды. Мұндай қайталауларды бір-бірінің күшін жою деп түсінсек, қатты қателесеміз. Құранда «Зүмәр» сүресінің 23-аятында ескертілгендей, қайталанған Аяттар көп. Мысалы, Тақуалықты 40-тан астам Аятта сипаттаған; байлық, бала-шаға бұл дүниенің ғана алданышы екенін ескерткен Аяттар саны – 17 болса, күнәліге кеңшілік беретіні хақында 15 сүреде айтқан. Олар бірін-бірі жоймайды, толықтырып отырады.

Мұндағы 181-182-аяттардың жалпы мағынасы түсінікті. Тек мирастың кімдерге тиесілі екендігі мен мұра қалдырушы адамдардың атын жаңылдыруы мүмкін. «...**мұра қалдырушының кінәлі болатындығынан қорқып, араларын жарас-тырса (фааслаха)... кінә жоқ**», -дегені осы – кімге не тиесілі екендігі және аттарын жаңылдыруы. Дәлелді өмір Шындығынан алсақ, күйшінің домбырасын өзі дайындаған, күйшілікке икемі бар шәкіртіне қалдыруы. Егер марқұм шәкіртінің атын шатастырып жазса, түзету мүмкін.

Шынын айтқанда, өздерінің тілінде түскен Құранды дұрыс түсініп, Тура насихаттай алмай келе жатқандарға таң қаламыз! Және оны қойып, өздері өстіп Аяттарды қате түсініп жүргендерден үлгі іздейтін ҚМДБ-сына жөн болсын айтпасқа тағы лаж жоқ!

Оразаға орай

183-аят: «**Әй, Момындар! Сендерге бұрынғыларға парыз қылынғандай, ораза парыз қылынды. Әрине сақтанарсындар**» (Халифа Алтай а.т.).

Аят ашық түсінікті. Алайда, біздің бұл Аяттың тәпсірі үстінде де айтарымыз бар. Бұл үшін алдымен мына сүрелердің Аяттарын ескерейік: «Әли Ғымран» сүресінің 139-аятында: «Босамаңдар да қайғырмаңдар. Егер **Момын болсаңдар, әлбетте үстем боласындар**», -деген. Ал, «Хұжрат» сүресінің 14-аятында: «Бәдеуилер: **«Иман келтірдік»**», -деді. (Мұхаммед с.ғ.с) оларға айт: «**Сендер Иман келтірмедіндер. Алайда: «Мұсылман болдык»**», -дендер. **Өйткені, Иман жүректеріңе кірмеді.** Егер Аллаға, Пайғамбарға бағынсаңдар, амалдарыңнан еш нәрсе кемітпейді. Шүбәсіз Алла – аса Жарылқаушы, тым Мейірімді» -де», -деп, Момынның Мұсылманнан абзалдығын байқатқан.

Ал, Ас-Сабуни «Хұжрат» сүресінің осы Аятын: *«Бәдәуилер өздерін иман келтірдік деп ойлады. Уа, Мұхаммед! Оларға былай де: «Расында сендер иман келтірген жоқсыңдар. Себебі иман, жүреkte тұрақтап, сеніммен расталады. ... Алайда, «өліп қалудан, тұтқынға түсуден қорыққандықтан мұсылман болдық», -деп айтыңдар...»*,-деп тәпсірлей тұра, 183-аятқа берген түсінігінің соңында өз тәпсіріне өзі қарсы сөйлеген. Ол: *«...Алла Тағала осы аятта мұсылмандардың бағыныштылық сезімін оятып, олардың иман нұрын жайнату үшін «Ей, мұсылмандар!» -деп айтқан»*,-дейді. Осы 14-аятты ескермей, Аятта түскен: *«иаааииуһаллазина әману»* сөзін өзі: **«Уа, иманға келгендер!...»** (183-а)-деп отырып, Момын сөзін Мұсылманға аударып жазған. Яғни, Аятқа сауатты жандаспай, ойына не келсе, соны жаза салған.

Бұл оның Момын мен Мұсылманның айырмашылығын білмейтіндігінен, әрине. Ас-Сабуни Құранды жақсы білсе, Құранда *«Әй, Момындар!...»*-деп, *«Әй, Мұсылмандар!...»*-деп, *«Әй, Иман келтіргендер!»*-деп, *«Әй, адам баласы!...»*-деп, бұлардың әрқайсысына тиесілісін ескерткен. Бұл атаулар тегіннен тегін емес!...

Аятты Аят мансұқ ететіндей, Алла да астын-үстін сөйлей ме?

Алладан қорықпай жаза берген тәпсіршілер 184-аятты («Бақара» с.) түсіндірерде де асылық кеткен. Аятта: **«...Және сондай ораза күш келетіндер (кәрі не аурулар) бір міскіннің тамағын төлесін...»** (Халифа Алтай а. т.),-деген. Бұл Аятқа Ибн Касир: *«Бұл үкім келесі аятпен мансұқ етілген»*,-деп түсінік берген. Бұл жағдайың келсе де, келмесе де ораза ұстайсың, деген сөз. Жәзаири: *«Алғашқы уақытта мұсылмандарға олар ауру не жолаушы болмаса да, ораза ұстаудың орнына (оның өтемі ретінде) кедейлерді тамақтандыруға еркі болған. Кейін бұл үкім келесі аятпен жойылды»*,-деген. Ал, келесі Аятта ораза жайын қайта ескерткен, бірақ, тамақтандыру туралы ештеңе айтылмаған.

Мұны Ас-Сабуни, оразадан басқа күндерде ораза ұстап, қазасын өтеуді айтып, ізінен: *«Сендердің қайсыларың сол айға жетсе, орза ұстасын»* сөзі жалпыға бірдей айтылып, әлгі **науқас пен жолаушыларға қатысты үкімді жойып жіберді** деген ой келмес үшін аяттың осы бөлімі қайта қайталанған...»,-деп ту-

расын айтқан. Бірақ: «Алла осы жеңілдікті беру арқылы сендерге жеңілдікті қалауда», -деп, қайсы жеңілдік екенін ашып айтпаған. Егер науқас, науқас болғаны үшін ораза ұстай алмаса, ол ораза айы өткеннен кейін де ораза ұстай алмайды. Аяттың: «...Алла сендерге оңайлық қалайды, ауыршылық қаламайды...», -дегені – 184-аяттағы: «...ораза күш келетіндер (кәрі не аурулар) бір міскіннің тамағын төлесін...», -дегені. Ораза ауырлық ететін ауру не кәрі адамға осы оңай жол.

Көптеген тәпсірлерді оқып, Құранның қазақша мағынасын жазуға дайындықпен кіріскен Уәһаб қажы мұны: «Егер біреулер сырқат болып немесе сапарда жүріп, санаулы күнін өткізіп алса, қаза еткендерін басқа күндерде өтесін. Шамасы келмейтіндер (кәрі ауқатты адам) ораза ұстамаса, бір кедейдің бір күн тоятындай тамағын беріп тұруына болады...», -деп қазақшалаған*. «... (кәрі ауқатты адам)...», -депті, ауқатты емес адам не істеуі керек? Алдыңғы екі тәпсірші тамақтандыруды қалдырды десе, бұл кісі Аятты дұрыс жеткере тұра, жақша арасындағы қосымшасы арқылы, басқа жол ұсынған. Кімдікі дұрыс?

Алламен кездесетінін түсінбейтін, нәпсісіне ерген кәрі байлар: «Құранда айтылған...», -деп, «...бір кедейдің бір күн тоятын тамағын беріп...» жүре береді емес пе? Сонда ол кәрі бай, оразаның не үшін парыз етілгенін сірә пәмдер ме екен?! Алла оның күнәларын кеше қояр ма екен?

«Бақара» сүресінің 286-аятында: «Алла Тағала кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді; істеген жақсылығы өз пайдасына да, жамандығы зиянына...», -деген. Ақыретін ойлаған ақылды адам, Құран Аяттарының құрметін орнына қоюда да, ораза міндеті үстінде де өз пайдасы үшін сауатты амал жасайды.

Азалы әйелдің жәйі туралы

«Бақара» сүресінің 240-аятында: «Қайтыс болып, әйелдер қалдыратындар; әйелдерінің бір жылға дейін (үйлерінен) шығарылмай қамдалуларын өсиет етсін. Егер өздері шығып, олардың өздеріне байланысты дұрыс істеулерінде сендерге бір жауапкершілік жоқ...», -деп жақша арасында: «(Бұл үкім 234-

* Уәһаб Қыдырханұлы, «Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі». Алматы. 2002 ж. 669-672-б.

аят бойынша мансұх. Р. Ж. М.)»,-деген. 234-аятта жесір қалған әйелдің төрт ай он күн күтуі айтылған. 240-аятта **«бір жылға дейін»**, деген. Мұны А. Саъди: *«Жоғарыдағы 234-аятта әйелдің міндетті түрде төрт ай он күн күтуін бұйырады. Ал, бұл аятта аса ұлы Аллаһ ердің туыстарына жесірді қажетті нәрсемен бір жыл бойы қамтамасыз етуін әрі үйлерінен шығарып жібермеуін міндет етті»*,-деп жесірге байланысты Аяттардан түйіп анық түсіндірген. Сонда Халифа Алтай ағамыз пайдаланған тәпсірші (Р.Ж.М.) **бұл мансұхты** қайдан шығарды екен?-деген ой туады.

Біз осы екі (184-а., 240-а) Аяттың түсінігін «Тәпсірлердің таңдаулысынан» оқимыз деп, ойлағанбыз. Бірақ, алдандық!

Алла үшін ба? Қызын алу үшін ба?!

251-аятта: *«Сонда олар оларды Алланың бұйрығымен жеңіліске ұшыратты. Дәуіт Жалұтты өлтірді. Алла Тағала Дәуітке патшалық, даналық берді. Әрі оған қалағанын үйретті. Алла Тағала адам баласының бірін бірі арқылы қорғамаса, жер жүзі бұзылар еді. Алла – бүкіл әлемге кеңшілік Иесі»*,-деген (Халифа Алтай а. т.).

Соңғы, *«...Алла Тағала адам баласының бірін бірі арқылы қорғамаса, жер жүзі бұзылар еді...»*,-деген сөйлемді алсақ, бұл қорғауға адамзат куә. Алла Тағала адам баласын Пайғамбарларды жіберіп, Тура Жолына салып қорғады және олардан кейін патшалар арқылы, Өзі дәрежелерін көтерген жақсылардың («Әнғам» с. 165; «Зұхрұф» с. 32-а) ықпалымен қорғап келеді.

Мұны Ас-Сабуни дұрыс тәпсірлеп, Ибн Касирдің тәпсірін беріпті. Ол: *«Талұт Жалұтты өлтіретін болса, Дәуітке қызын беретінін және (екі рет жазған) дүниесінен онымен бөлісетінін және патшалық ісіне оны өзіне көмекші етіп алатынына уағда еткен еді. Талұт осы сөзінде тұрды. Одан кейін Алланың өзіне нәсіп еткен пайғамбарлық нығметімен бірге патшалық билік хазіреті Дәуітке өтті»*,-деп ертегіге айналдырған. Дәуіт (ғ.с.) Алла үшін соғысты ма? Талұт үшін ба? Жалұтты дұшпан болғаны үшін өлтірді ме? Талұттың қызын алу үшін ба? Дәуітке Пайғамбарлықты, Патшалықты Алла берді ме? «Қайын» атасы Тұлыт па?

Өмір Шындығында біреудің сүйеуімен екінші біреудің лауазымға көтерілуі бар, ал, қайын ата Пайғамбарлықты бере алма ма?

Құлдарының өткенін және алдағысын жақсы білетін (255-а) Алла Тағала кімнің жүрегінде не барын, бұзушыны да, түзеушіні де (220-а) өте жақсы біледі. Дәуіт Иманмен туылып, о бастан жерге Пайғамбарлық дәрежемен, Патшалық несібемен жіберілген («Мүрсәлат» с. 23-а). Сондықтан ол соғысқа барды («Ниса» с. 95-а), оған Жалұтты өлтіру сәті бұйырды. Бұл Оның Талұттың және халықтың көзіне түсуіне, құрметтерге жетуіне себепші болды. Егер Алла қаламаса, Талұт патшалығын, екі-үш қызын беруге шарттасса да ол Жалұтты өлтіре алмас еді. Ибн Касир де, Ас-Сабуни де Алланың қалауынсыз ештеңе болмайтыны айтылған: «Инсан» (30-а), «Текуир» (29-а) сүрелерін және Құранның алдынан да, артынан да бос сөз – дәлелсіз сөз қосылмайтынын ескерткен «Фуссилат» сүресінің 42-аятын жадтарына алмаған. Егер тарих Ибн Касир айтқандай болғанда, Алла оны сол мәтінмен түсірер еді.

А. Ахметтің тобының аударма түсінігінде, Дәуіт жәйлі тәпсірші Жәзаирі: *«Дәуіт пайғамбар ол кезде Талұттың әскерінде болып, әлі пайғамбар емес еді. Кейін аса ұлы Алла оған пайғамбарлық пен патшалықты сыйлады»*, -деген. Егер Дәуіт Талұттың қызына және патшалығы мен дәулетіне қызығып соғысқа барғанда Жәзаирі де солай жазар еді.

Міне, ҚМДБ-сы әлдеқандай қылып, қымбат қағазға бастырып шығарып отырған, «Тәпсірлердің таңдаулысының» бет әлпеті. Бұл кітаптан бүгінгі және келешектегі қазақстандық Момын-Мұсылмандар, жалпы адамзат алатын ізгілікті ештеңе жоқ. Керісінше, шатастыру мен адастыру бар.

«Нахыл» сүресінің: **«...олар Қиямет күні өз күнәларын тұтас және надандықпен адастырғандарының күнәларының кейбірін көтереді...»**, -деген, 25-аятын ескермеген, ҚМДБ Ас-Сабуниді осынша әспеттегенде не табамын, деп ойлады екен? Осы 25-аяттың үкімі оларға да тиесілі емес пе?!...

Біз аудармашылардың жауапсыздығын айтқан едік. Сол жауапсыздық осы Аят тәпсірінің ең соңғы төрт қатарында да көкрекке ұрып тұр. Онда: *«Егер, Алла Тағала кәпірлердің жамандықтарын ізгілер жасаған жиһадымен құртпағанда өмірде бүлік болар еді. Өйткені жамандық көбейетін болса, төрткүл дүние құрдымға кетпек. Бірақ Алла барлық адамзатқа деген шарапаты мол. Жамандыққа әсте үстем болмайды және*

жеңіс ақиқатқа жақ»,-делінген. Төрт сөйлемнен құралған төрт қатарды қайта-қайта оқып, әйтеуір бір түсінік алғандай болғанымызбен, *«...Жамандыққа әсте үстем болмайды...»*,- дегенін түсіне алмадық. *«...үстем болмайды...»*,-деп, нені айтып отыр? Түсініксіз!

Періштеге ат керек пе?

Халифа Алтай «Ағраф» сүресінің 148-аятында, Мұсаның (ғ.с.) елінің сәндік бұйымдардан бұзау жасап соған сыйынғанын баяндап, 149-аятын бастарда: *«(Мұса з.с. Тұр тауына Аллаға жалбарыну үшін қырық күн тұрғанда, Самри елдің алтын білезіктерінен бұзаудың мүсінін жасайды. Рауаят бойынша Жебрейіл з.с. ның атының ізінен алынған топырақты ішіне қойғандықтан немесе ішіне кірген жел арқылы бұзаудың дауысы шығатын болған. Б.Ж.К.Р.Х. Т.Ж-Қ),*-деген әпсананы келтіріп, ізінен: **«Олардың қолдары түскен заманда (қатты өкініп, иықтары түскен түрде) анық адасқандықтарын көріп,:** **«Егер Раббымыз бізге мәрхамат етпесе, бізді жарылқамаса, әрине, зиян тартушылардан боламыз»-десті»...**» (149-а),-деп аударған.

«Нәжім» сүресінде (13-а) Жебрейілдің (ғ.с.) Мұхаммедке (с.ғ.с.) келгені айтылады. Бірақ, Оның (ғ.с.) көлікпен келетіні сөз болмаған. Мұны риуаят еткендер өз замандастарына қызықты болуы үшін осылай айтқан. Алайда, Аяттармен бекітілмеген оны Құранға қосуға болмайды ғой!

Жебрейіл ат мініп жүретін болса, Ол Періште бола ма? Алла: «Адам бол!»-дегенде адам кейпіне келетін Періштеге ат керек пе?!

«... Бұраққа мінгізіліп...»,-дейді

Бұрақ Халифа Алтай ағамыздың аударма түсінігінде, «Ісра» сүресінің 1-аятының тәпсірінде жазылған. Аятта: **«Құлын (Мұхаммедті (с.ғ.с.) бір түні өзіне белгілерімізді көрсету үшін Месжід Харамнан, Біз айналасын мүбәрак қылған Месжід Ақсаға апарған Алла, әр түрлі кемшіліктен пәк. Шәксіз Ол – Есітуші, Білуші»**,-деген. Автор Аятты жазып, ізінен: *«Мұхаммед (с.з.с) бір түні Жебрейіл з.с. арқылы Бұраққа мінгізіліп, Месжід Харамнан Месжід Ақсаға апарылып, ол арадан да көкке шығарылып, бір демде адам баласының сезімінен тыс дәрежеге ие болып қайтқан «Миграж» уақиғасы. 53-*

с. 1-18-а», - деген тәпсірді келтірген. Бірақ, тәпсірдің кімнен алынғаны көрсетілмеген.

Оқырман бұл жердегі Бұрақты, ізінен: «мінгізіліп» деген сөз қосылып тұрғасын ат екенін түсінеді, әрине. Бірақ, атпен аспанға көтерілу, жеті қабат көктен өту мүмкін бе? Бұған ақыл сенбейді.

Біз – Момын-Мұсылмандар Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Миғражға көтерілгеніне Иман келтіреміз – күмәніміз жоқ. Алайда, атпен, дегенге сену қиын. Бұл көтерілуді Алла «Фуссилат» сүресінің 53-аятында Өзі айтқандай, Тақуалықтың шыңына жеткен Момындар арқылы көрсетіп келді. Олар таң намаздарын, Жұма мен Айт намаздарын Меккеге барып оқып келетін болған. Дегенмен, фанаттық жолда тоқырап қалған тәпсіршілер, бұдан қорытынды шығарып, тәпсірінен Бұрақты алып тастамады.

Бұл көтерілуді академик А. Сахаров естелігінде, сопылық теориясын меңгергендердің бір материктен екінші материкке, бір планетадан екінші планетаға құстай ұшып бара беретінін, бір мезетте әлемнің кезкелген түкпірінен көріне алатынын жазды. Яғни, Пайғамбарымыздың Миғражға көтерілгені Бұрақпен емес, іліммен екен.

Бұл – сенімді дерек әрі бұл – ескі тәпсірлердің біздің заманымыз үшін жарамсыз екеніне нақты дәлел!

Шындықпен кіріп, Шындықпен шығу

«Ісра» сүресінің 80-аят: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Раббым! Мені кіретін жеріме Шындықпен кіргіз де, шығатын жерімнен Шындықпен шығар. Әрі Өз қасыңнан жеңіс нәсіп ет»**»-де», - деген (Халифа Алтай а. т.).

Ал, Фахритдин Рази намазға кіріп, шығуды айтса, Ибн Касир мен Ибн Аббас және бір тәпсіршілер Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Меккеден Мәдинеге көшуімен байланыстырады. Ас-Сабуни болса: *«... Уа, Раббым! Мені қабырыма жақсылап кіргіз. Қиямет күнінде де қабірімнен жақсылап шығар. Бұл Ибн Аббастың көзқарасы. Хассан мен Даххақ болса, былай дейді: «Бұл аят Алла елшісінің Мәдинаға келіп, Меккеден шығуы. Бұл дұға мүшіріктердің Алла елшісін өлтірмек ниетпен оны Меккеден қуған кезде әмір етіледі. Құзырыңнан маған күш пен қуат бер. Сол арқылы менің жауларымды жеңіп, дінімді үстем ет. Алла Тағала пайғамбарының дұғасын қабыл етіп, оған жауларын жеңуін нәсіп етті және дінін де басқа діндерден үстем етті»*», - деген. Осы тәпсірді дұрыс,

деп, Аятты осы тәпсірдегідей түсініп сенсек, онда бұл Аяттың Мұхаммедтен (с.ғ.с.) кейінгілерге, бүгінгі біздерге қатысы жоқ, деген шешімге келеміз. Онда біз Құранның мәңгілікке түскенін ескерткен бірнеше Аяттарды бекерге шығарып, күнәларға батамыз.

Аяттағы: **«Шындықпен»** сөзін, тәпсірші: **«жақсылап»**, депті. Шындықпен кіріп-шығу мен жақсылап кіргізіп-шығарудың арасында үлкен айырмашылық бар. Шындық – Алла, Құран! Бұдан келетін түсінік, Шындық – Алланың барлығына, жалғыздығына келтірген Кәлимамен кіріп және сол Кәлимамен шығу. Бұлар мұны білмеген. Және бір қызық жері, Шындық тек намазға кіріп-шыққанда не Мәдинеге көшкенде ғана керек пе екен? Басқа уақытта Алласыз өмір сүре ала ма екен?!

Аяттың айтпағы: туылғанымда Момын Мұсылман болып туылуымды, өлерімде Кәлимамен өлуімді нәсіп ет және өмірімде нәпсімді тізгіндеп, шайтанды жеңуге күш-қуат бер,-деген тілеу.

Өз түсініктерімен өздері шатасып, Меккеден Мәдинаға деген сөзін де ауыстырып жазып, тіпті басқа мағынаға ыңғайлаған. **«Бұл аят Алла елшісінің Мәдинаға келіп, Меккеден шығуы...»**,- дегені, бір жақтан Мәдинаға келіп, сол жердегі Меккеден тағы әдіріске шығатын түсінікке әкелген.

Біз **«Қияметтегі тірілу, бәлкім, қайта туылу болар»**, деген тақырыбымызда осы Аятты («Ісра» с. 80-а) және **«Хаж»** сүресінің 47-аятын талдап, арада тәпсіршілердің түсіндіруін де келтірген едік. Сонда да қосымша жасай кетейік. «Ісра» сүресінің 80-аятына ибн Касир мен ибн Аббас: **«Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Меккеде болғанда, оған ъижра жасауға (көшіуге) бұйрық келіп, осы аят түсті»**,- депті. Бұл Аятқа **«Маида»** сүресінің 60-61-аяттары бойынша ой бөлсек, Аят Мұхаммедке (с.ғ.с.) Меккеден көшуге байланысты емес, Имандылыққа байланысты түскенін түсінеміз. Бұл ибн Касир мен ибн Аббастың айтқандарынан гөрі жүрекке қонымды да.

«Мәида» сүресінің 60-61-аяттарында: **«...Сендерге Алланың қасында жаза тұрғысынан бұдан да жаманын хабарлайын ба? Алла біреуді қарғап, оған ашуланса және олардан маймылдар, доңыздар тағы бұтқа табынатындар қылса, міне, солар орны жаман және Тура Жолдан мүлде адасқандар»**. **«Және олар сендерге келсе: «Иман келтірдік»,-дейді. Расын-**

да олар қарсылықпен кіріп және онымен (қарсылықпен) шыққан болатын. Алла олардың жасырғандарын жақсы біледі», - деген. Бұл екі Аят, 80-аяттың құпиясын толық ашып тұр. Жоғарыдағы тәпсіршілердің түсіндірулері қисынсыз.

Құранда көшу оқиғасына байланысты, тек ансарлар мен мұқажірлер туралы хабар бар. Ал, тәпсіршілер көшуге ұйғарған, 80-аяттың мағынасы осы «Мәида» сүресінің 60-61-аяттары арқылы түсіндірілген.

Мына сөзімізді тағы қайталайық. Алла Тағала Құранда, сендерге Аяттарды ғалымдар, имамдар тәпсірлеп береді деген хабар айтпаған. Барлығын Өзі үйрететінін ескерткен.

Нақтап айтсақ, «Нахыл» сүресінің 9-аятында: «**Тура Жолды түсіндіру Аллаға тән...**», - деп, «Қиямет» сүресінің 19-аятында: «**Сосын Оны түсіндіру Бізге міндет**», - деп, Аяттарды Өзі түсіндіретінін ескерткен. Сондықтан біз астарлы Аяттардың тәпсірін әрқашанда Құранның Өзінен іздеуіміз керек. Бұдан табылмаса, ғылым мен өмір Шындығынан табамыз. Өйткені бұл, өмір мен ғылым Шындығы – Алланың, «Фуссилат» сүресінің 53-аятында Өзі хабарлағандай, Аяттардың Шындығын дәлелдеу үшін жіберген айғақтары.

Өмір заңдылығында, Шындықтың бұрмаланғанын сезсен, айтушыдан күмәнданатының рас. Жоғарыдағы Фахритдин Рази, Қуртуби, Инб Аббас, Инб Касир т.б. тәпсіршілердің жаңағыдай, дәлелсіз тәпсірлеріне тосылғанда, бұл тәпсіршілер, Исламның Тура Жолын бұзып, Аяттардан адамдарды шатастыру үшін, мүшріктер тарапынан арнайы дайындалып жіберілген жансыздар болар, деген ойға келеміз. Әйтпесе, Құранды жетік білген адамға Аяттар сыры жасырын емес.

Құранды жақсы білген тәпсірші, бұл Аятты түсіндірерде «Ағраф» сүресінің 30-шы, «Фатыр» сүресінің 32-аятын есіне алып, Алланың үкімімен ілгері ұмтылушылар («Фатыр» м. 32-а) мен «Уақиға» (10-а) сүресінде айтылған озаттарды ойлап дұрыс тәпсір жазар еді.

Осы «Ісра» сүресінің 80-аятын түсінуге алып баратын екінші дәлел – әрбір Момынның Кәлимасы. Бұл Аятты оқып, мағынасын іздегенде біз алдымен, «**Кім Исламнан басқа бір дін іздесе, әсте одан қабыл етілмейді де Ақыретте зиянға ұшыраушылардан болады**», - деген «Әли Ғымран» сүресінің 85-аятын еске аламыз. Алланың құзырында қабыл етілетін дін – Ислам ғана. Онда Ислам дінінде болуды қалаған – Алла-

дан үміті бар әрбір пенде Исламның бес парызының бастауы – Алланың бар және жалғыздығына куәлік береді. «Ісра» сүресінің 80-аятындағы Шындық – тумаған, туылмаған, серігі жоқ, мәңгі бар жалғыз Алла ғана. Одан басқаның барлығы – Оның жаратқандары, олар Ол белгілеген уақыт келісімен жойылады. Демек, Шындықпен кіріп, Шындықпен шығуды сұрау дегеніміз: пенденің аспан есіктерінен өте алмай, жалғанға қайта жер басар болса, Мұсылман болып туылуын және өлерінде Алланың жалғыздығын мойындаған Кәлимамен кеудеден шығуын тілеуі; аспан есіктерінен өтіп, Бейіштен орын алар болса да Бейішке Алланың жалғыздығын мойындаған Кәлимамен кіруін тілеуі екенін жәй пікірлеумен түсінеміз.

Расында «Шығра» мүшріктер табынатын жұлдыз ба?

«Нәжім» сүресінің 49-аятында: «**Расында Ол – «Шығра» жұлдызының Раббы**», -деген (Халифа Алтай а.т.).

«Тәпсірлердің таңдаулысында» да дәл осылай айны қатесіз аударылған. Тәпсіріне келсек, Ас-Сабуни: «*Ол мүшріктер табынатын «Шығра» атты жарық жұлдызының Раббы. Әбусаууд былай дейді: «Яғни, Алла олардың құдайларының да Раббысы. Хузза тайпасы осы жұлдызға табынатын. Осы жұлдызға табыну жолын көрсеткен осы тайпаның көсемдері саналатын Әбу Кабша атындағы адам болатын*», -деген.

Мұнда да қателер бар. Оларды жіктеп түсіндіру шарт емес шығар. Оқырманға бірінші сөйлемдегі: «... **жарық жұлдызының Раббы**», -деген сөз, «...жұлдыздың...» болып; соңғы сөйлемдегі: «... **Әбу Кабша атындағы**...» дегені, «атты» болып жазылуы керектігі жақсы белгілі.

Екіншіден, тәпсірші араб – араб тілін біле бола тұра, «Шығра» сөзін жұлдыздың атауы, деп, бұрмалаған. Бұл бұлай емес.

Аят Құранда: «**Уә аннаһу һууа Раббу-ш-шиғра**» – «**Ол турасы, Шығра Раббы**», -деп түскен. «жұлдыз» сөзі жоқ.

Ал, «Уақиға» сүресінің 75-78-аяттары бойынша пікірлесек, Ол – Жұлдыз, Құран болады. Бұл Аяттарда: «**Ал енді жұлдыздардың орнына серт етемін**». «**Егер білсендер, ол – зор серт**». «**Шын мәнінде ол – ардақты Құран**». «**Кітапта сақтаулы** (Лаухұл Махфузда сақтаулы Б.М.Р.)», -деген (Халифа Алтай а.т.). «...**ол**...» сөзі арқылы, бірінші сөйлемдегі, балама ретінде айтылған «...**жұлдыздар**...» сөзі, Құранды меңзеп тұр.

«Шығра» сөзін сөздіктерден оқып көрейік.

«Арабша-қазақша сөздікте»: «Шығра» (шығра) немесе ... астр. Сириус: астр. Процион»; «Шуғрууруун» – «ақынсымақ, да-

рынсыз ақын»; «Шиғриун» – «поэтикалық; өлеңмен жазылған», - деп көрсетілген. Ал, «Арабско-русский словарьда»: «Шиғарун (шиһарун)» – «девиз; призыв, лозунг...»;

«Шиғрун» – «стихи, поэзия...», - деген. Барлығы да насихат, шақыру сөздерімен мағыналас. Демек, «Шығра» сөзі жұлдыз емес, Ол осы Аяттар, «киелі сөз – дұға», «өсиет», «шабыт» деген сияқты мағыналарға саяды. Яғни, Алла теңіздер сия, ормандар қалам болса да таусылмайтын («Кеһф» с. 109; «Лұқман» с. 27-а) сөздердің – Рухтың – Құранның Иесі.

Біз Рухтың сөз екенін, «Құрандағы Қиямет пен қиялдағы Қиямет» атты еңбегіміздің «Рух» тақырыбында бірнеше дәлелдермен талдап түсіндіргенбіз.

Бұған «Шұғара» сүресі мен Аяттардың поэтикалық үйлесіммен түскені, мүшіріктердің Мұхаммедті (с.ғ.с) ақын, дегені және Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өзінен кейін ақындар келетінін айтқан хадисі дәлел.

«Тарық» сүресі

9-аят: «Сол Күні сырлар ашылады». (Халифа Алтай а.т.)

Мұны Ас-Сабунидің кітабын қазақшаға аударғандар тап осылай жазған. Аят түсінікті. Бірақ, ашылатын не сыр? Ас-Сабуни не депті, оқиық: «*Жүректер сынаққа түсіп, ондағы сенім мен ниеттер айқын көрініп, оларды(н) жақсысы мен жаманы бір-бірінен ажырайтын күн*», - депті. «н» әрібі түсіп қалған. Сөйлем ұйқаспай тұр. Оны қояйық, тәпсірге келейік.

Тәпсірдің соңындағы: «*...бір-бірінен ажырайтын күн*», - деген сөз, ертегі Қияметті меңзеп, Аятты бүгінгі өмірге түк қатысы жоқтай етіп көрсетіп тұр.

Алла бірнеше сүреде, Өзінің ешкімге зиян қылмайтынын, пенде өзіне-өзі зұлымдық ететінін ескерткен. Тақырыпқа алған: «Сол Күні **сырлар** ашылады», - дегендегі **сыр** – сол пенденің өзіне жасаған зұлымдығының нәтижесінің көренетіні.

Аят – бір Аяттың бірнеше мағына беретініне дәлелдердің бірі. Аяттағы: «Сол Күн...» – кеңшілік берген («Әли Ғыман» с. 178-а) және жамандықтар мен жақсылықтарды тенестіріп, тәубеге келуді күтіп отырған («Фурқан» с. 70-а), Мейірімді Алланың санап отырған күнінің саны толып («Мәриям» с. 84-а), жазаға үкім берілген («Зүмәр» с. 67-72-а) – өкшелеп келіп тұрған, («Нахыл» с. 77; «Нәміл» с. 72-а) Күн, яғни, Қиямет күні.

Осы жерде «Қиямет» сөзінің мағынасын және еске салайық. «Қиямет» сөзінің қазақшасы – «тік тұру». «Тік тұру» не тік тұру? Бұл – ешкім ешкімнен ешқандай көмек ала алмайтын Күн, сәттер мен сағаттар. «Хаққа» сүресінде: **«Сонда бір рет сүр үрленген сәтте», «Жер мен таулар көтеріліп, соғылып күйреген сәтте», «Міне, сол Күні Қиямет уақиғасы болады»** (13-15-а),-десе, «Ынфитар» сүресінде: **«Қиямет күнінің не екенін қайдан білесің?» «Я, Қиямет күнінің не екенін қайдан білесің?» «Ол Күні біреуге біреу қарайласуға еш нәрсе қолдан келмейді. Ол Күні әмір Аллаға тән»** (17-19-а),-дейді. Сүр үрленгені – Алланың кеңшілігі шегіне жетіп («Әли Ғымран» с. 178-а), санап отырған Күні толғаны; жер мен таулардың көтеріліп соғылуы – билік пен халықтың соғысуы; міне, сол Күні билік халыққа қарай алмайды – халық ешкімнен ешқандай жәрдем ала алмайды. Бұл – Қиямет!

«...сырлар» не сырлар? Бұл – парақордың парасымен, ұрының ұрлығымен, зинақордың зинасымен, сатқындардың опасыздығымен ... қолға түскен Күні. Яғни, Алла сынау үшін берген кеңшіліктің ішінде жүріп күнәларын жасай бергендердің, құпиясы әшкере болып, елге масқарасы шығып, үжданы күйіп бармағын шайнап өкінген Күн («Фурқан» с. 27-а).

Біз жеке бастың сырын сөз еттік. Ал осы нәрселер елге кең жайылса, елде бұзықтар көбейсе, Қиямет бүкіл елге келіп, үлкен Қиямет орнайды.

Өмірде бұл Аятқа дәлелдер көп. Және бір маңызды жері – күнәкардың бір тобының сырларының осы өмірінде, ал, бір тобынікі қайта туылғанда ашылатыны. Бірақ, Аяттарды түсінбегендігімізден, сол сыры ашылғандарды көріп жүрсек те мән бермейміз.

Бұған барлық адам да бір әке мен шешеден туылады, неге олардың қабілеті, несібесі, денсаулығы, ажар-көркі бірдей емес? – деген сұрақтарға Аяттардан жауап іздегенде ғана түсінеміз.

Сұлуды бәрі жақсы көреді. Сондықтан оның жолы да болғыш еді. Ол «Хадид» сүресінің **«...сүйсінбеу...»**, мақтан мен тәкаппарлық (23-24-а) жөніндегі Аяттарын білмей, білсе де, **«О-о-ой! Заман басқа!...»**,-деп, сұлулығын малданып, өзгелерді менсінбейтін. Жүргенде көкрегін көтеріп, түсін суыттып, аяғын

тепсіне басып, жерді жарып жіберердей болып жүретін. Осындай көрік берген, сый көрсеткен Алланы есіне алып, шүкіршілік етпейтін. Ақыреті жәйлі ойланбайтын. Қайта туылғанда Алла оның бетіне үлкен қал жапсырып жіберді; «Фуссилат» сүресінің хабарымен (20-22-а) айтқанда, оның өткен өміріндегі осы күнәларына терісі куә болып туылды.

Аталмыш сүренің («Фуссилат» с.) 20-26-аяттарын келтіріп, оларға талдау жасайық. Аяттарда: **«Ақыр олар Оған барған кезде, оларға құлақтары, көздері және терілері олардың не істегендеріне айғақ болады». «Олар терілеріне: «Не үшін бізге куә болдыңдар?»-дейді. (Терілері:) «Бізді әр нәрсені сөйлеткен Алла сөйлетті; (Ол) сендерді алғаш рет жаратқан және Сол жаққа қайтарыласындар»,-деп жауап береді. «Сендер өздеріңе құлақтарың, көздерің және терілерің айғақ болады, деп, жасырынбаушы едіңдер. Тіпті, Алла, істегендеріңнің көбін білмейді, деп, ойлаушы едіңдер». «Міне осы (керендік – мылқаулық, соқырлық, беттегі қал), Раббыларың туралы ойлаған ойларың, өздерінді жойды да сонда зиянға ұшыраушылардан болдыңдар». «Енді олар шыдайтын болса, олардың орны – от. Олар кешірім тілесе де қабыл етілмейді». «Оларға сыбайластар (шайтандар) қостық. Сонда олар алды-артындағы нәрселерді әдемі көрсетті. Сондықтан бұлардан бұрын өткен, жын және адам баласынан болған елдерге берілген азап әмірі бұлардың басына да келді. Өйткені, олар зиянға ұшыраушылар». «Және қарсы келушілер: «Бұл Құранды тыңдамандар, оқылғанда шуландар. Бәлкім, жеңіске ие боласындар»-десті»,-деген. Мұнан әрі қарсы болғандардың жазасы мен адасуға салғандарға наласын айтады (27-29-а).**

Бірінші Аяттағы: **«...Оған барған кезде...»,-**дегені – кемшілікпен қайта туылу; куә болған құлақ – керендік – мылқаулық, көз – соқырлық, терілері – бетке жапсырылған үлкен қал... Сөйлеу – дауыстап бірдеңе деу емес, Алланың осы кемшілікпен жаратқаны – осы көрініс. 22-аят түсінікті. 23-аяттағы: **«...Раббыларың туралы ойлаған ойларың...»,-**дегені – Алланы тілмен ғана айтып, Оның осыншалықты Күшті екеніне, Құранға сенбегендік; **«...өздерінді жойды...»,-**дегені – әуелгі жаратылыстағы саулық пен сұлу көркіңнен айырды,

дегені; 24-аят – енді қанша өкінгенмен, Аллаға жалынғанмен ештеңе орнына келмейді – көпшілікке еркін араласа алмай қорсынып өмір сүретіні; 25-аят – сұлу, сау кезінде шайтанның қызықтырғанына масайрап есін алдырып, Алланы ойламағаны және мұндайлар бұрынғы қауымдардың арасында да болғаны, яғни 20-21-аяттардың Шындық екенін мойындамау, Алланың Құранға құлақ салмағандарды осылай да жазалайтынын мойындамай, «бұл геннен...» тағы бірденелерден, деп сандалатындары; 26-аят – адамдарға Алланың сөзін – Пайғамбардың уағызын тыңдатпауға белсенділік таныту.

Осы сияқты аяқ-қолдан мүгедек болып туылғандар: ережелі, ережесіз төбелестің неше түрін меңгерген, айласы мен күшіне сеніп, спорттық додада емес, тіршілікте талайларға азар, азап бергендер.

Ашылатын сырлардың бірсыпырасы несібеге байланысты: кезінде парақор, ұры-барымташы, алаяқ, тағы басқалардың, қайта туылғанда жолы болмайтын, ісі өнбейтін, табысы жұғымсыз, тіршілігі берекесіз, өзі тойымсыз, шүкірсіз, қанағатсыз... болатыны.

Аяттан алатын тағлым, Құранға қарсы келетін ешбір ақымақтықты Алладан жасыра алмайтынымыз. Ол мыңжылдықтың, елу мыңжылдықтың ішінде қашанда жарияланатыны.

Бұған түсініп, бұған күмәнсіз сенген ақылды пенде, әлбетте Құранмен ғана өмір сүріп, өлгеннен тіке Жәннатқа жетудің камын көздейді.

Масқара!

Осы «Тәпсірлердің таңдаулысының» көпшілік аудармалары маған, Халифа Алтайдың мағына және түсінігінен, бір-екі сөзін өзгертіп, көшіре салған сияқты түйілетін. Бірақ, өзімді кінәлап, зерттеуімде айтпай келген едім.

Алайда, осы «Тарық» сүресінің «Алғы сөзін» оқып отырып, Шындыққа көз жеткергендей болдым. «Алғы сөзінде» тырнақшаға алып, сүренің 2-17-аяттарын берген. Байқасам, жақшаға алып жазылған Мұхаммедтің (с.ғ.с.) аты көрсетілген Аяттарда көрсетілмей және бір сөздер ғана өзгертіліп, көшірілген екен. Нақтап айтсақ, 6-аяттағы, Халифа Алтай аудармасындағы: «**Бір атылып** шыққан судан...», дегенді, «...**ытқып** шыққан **тамшы** судан...», деп; 10-аяттағы: «(Ол күні) адам баласына

күш те, көмекші де болмайды», дегенді, «Ол күні адам бала-сына демеуші де...», деп; 14-аяттағы: «Ол бір **сықақ** емес», дегенді, «Ол бір **әзіл** емес», деп; 16-аяттағы: «Сығандығы үшін **шара көремін**», -дегенді, «Сығандығы үшін **жаза бар**», деп; «(Мұхаммед ғ.с.) қарсы келушілерге мұрсат беріп, **аз** еркіне қой», дегенді, «Қарсы келушілерге мұрсат беріп, **аз** еркіне қой», -деп, «аз», деген қатесімен көшірген. Ең болмаса, осы сөзді «өз», деп түзетпеген.

Бірақ, Халифа Алтайдың аты көрсетілмеген. Сонда бұл қандай аударма? Халифа Алтайдың еңбегіне қиянат емес пе? Бәрін Көруші, Есітуші, Білуші Аллаға Иман қайда?

Осы сүредегі: «**Сол күні сырлар ашылады**» (9-а), -дегеннің бір мағынасы – осы!..

4-аятты: «Әрбір тірі **жанның бақылаушы** бар», -деп жазған. Дұрысы: «**...бақылаушысы...**» немесе «әрбір тірі жанды **бақылаушы** бар» болып жазылуы керек еді...

Біз осы «Тарық» сүресінің 9-аятындағы «**...сырлар ашылады**», дегенді, Халифа Алтай ағамыздың аударма түсінігінен бастадық. Сүреден 9-аятты ғана қарамай, толық оқыдық. Ас-Сабунидің аудармасын оқығанымызда, алдыңғы аударма түсініктегі: «**жаңбырлататын**» сөзі, мұнда «**жаңбырлатқан**» болып өзгерді. Енді мұны он екі аударма түсінікті оқығанымызда назарға алып отырдық. Байқасақ, осы 11-аятта бір сыр тұр. Мұны сезгенімізден, бүгінгі жоспарымызға енгіздік де, 9-аятты әліміздің келгенінше үйрендік.

Алланың ешкімге зұлымдық қылмайтыны, күнәкарлардан өш алатыны хақындағы және күнәкарлардың өлгенде көктің есіктерінен өте алмайтыны жөніндегі Аяттармен, өмір Шындығымен салыстырғанымызда, 9-аяттағы сыр – кемістікпен туылу екен...

Сосын 11-аятта бұққан сырды анықтауға кірістік.

Бұл Аятты Халифа Алтай ағамыз: «**Қайталап жаңбырлататын аспанға серт**» («Тарық» с. 11-а), -деп қазақшалаған.

Ас-Сабунидің «Тәспірлердің таңдаулысында» өткен шақпен: «Қайталап **жаңбырлатқан** аспанға серт» -деп, тәпсірінде: «Әр уақытта адамдарға жиі-жиі жауған **жаңбыр иесі** болған аспанға ант етемін...», -деген. Айтпағын Ибн Аббастың тәпсірімен түгеткен.

«...жаңбырлататын» сөзі «...жаңбырлатқан» болды.

Бұл Аятты Уаһаб қажы: «(Нөсерлетіп тұратын) аспан **бұлтымен** ант етемін!»-деген. Аятта (11-а) ант берген «аспан» сөзі «бұлтқа» айналды.

Сәуле, А. Ахметтің тобы, Нұралылар «жаңбыр» сөзін келтіріп, Халифа Алтаймен мағыналас аударған.

Алоуддин «жаңбыр» сөзін жақшаға алған. Ал, Валерияда жаңбыр жоқ.

Сүренің 12-аятында: «**Жарылып өсімдік шығаратын жерге серт**», -деген. Бұлар «жаңбыр» сөзін осы Аяттан алып отырғаны түсінікті. Мұның үстіне Құранда жаңбырмен өлі жерді жандандыратыны хақында бірнеше Аят бар. Ал, өмір Шындығынан көріп жүргендері де, аспаннан жаңбыр жауады, өсімдіктер жайқалып шығады. Бұлар осыны нысанаға алған, әрине.

Алайда, бірнеше аудармаларда, құмарды қытықтаған құпия тұрды.

Бірінші Сәбит: «(Жауынды) **қайтарушы** аспанға серт», -деп, тіпті, басқа мағынамен аударған. «Қайтарушы» сөзі бұл жерге дым үйлеспейді. Демек, автор әлде неге мәжбүр болғандықтан бұл сөзді лажсыз қолданып отыр, деген ой келді.

Жоғарыдағы аудармаларға салыстырып, түсінуге тырыстық. Бұл сөз осы мәжбүри қолданыста екі мағына береді: біреуі, «бұлттар жаңбырдың елегі», дегендей (42-б), жоғарыдан саулап келген жаңбырдың екпінін қайтарушы; екіншісі, жауынды қайталаушы, яғни, қайта-қайта жаудырушы, деген.

Бұл бізді іздене түсуге құлшындырды.

«Ғалымдар не айтты екен?!»-деп, Асқар мен Нұрланның түсіндірмелі аудармасына кірдік. Бұлар: «(Ішінде жауыншашынның пайда болуы сынды көптеген құбылыстар) **қайталанып** тұратын аспанға серт!»-деген. Жақшаның арасындағы сөздер, бұлардың оныншы ғасырдан бері келе жатқан қасаң қағидалы тәпсірлердің бұғауында булығып жатқанын байқатып, ой үстіне ой қосты.

Ершаттың он жыл бойы еңбектенген аудармасын қарадық. Бұл: «**Кері қарай айналуын аяқтауға тақаған** аспанмен ант етемін», -депті. Жаңбырды айтпай, кері қарай айналуға тақаған аспанмен серт берген. Мұнысы қалай? Аспан кері қарай айналды, дегенді естімеппіз?!

Демек, бұл да тек емес. Ұстаздары матаған силсиладан өте алмай, айтпағынан шатасып, шарасыздан сөйлеп отыр.

Аудармашылардың да, аударма түсініктердің де сыры мәлім болды. Енді біз Мұхаммед пен Еремектің сөзбе-сөзіне келдік. Бар Шындық осы сөзбе сөзде шешілуі керек. Бұлар 11-аяттағы: «Уәссәмааай зәәтирражьи», дегенді, **«Қайтару** иесі көкпен серт», -депті. Шындыққа жеттік. «Қайталап жаңбырлататын...» емес екен, **«Қайтару иесі...»** екен. Ал, бұл Шындық осы жерге дейін бұралып бұрмаланып, есіліп, езіліп, өз биігіне шыға алмай тұншығып келді.

Анықтай түсу үшін «жаңбыр» сөзін Ас-Сабунидің «Лексикалық талдауынан» да оқыдық. Ол *«(әт-Тариқ) күшпен ұру деген сөзден алынған. «Мағынасы «ұрушы» дегенді білдіреді...»*, - деп, оқырманды сендіру үшін және бірденелерді қосып талдау жасаған.

Өкінішті жері, мұнысының 11-аятқа мүлде қатысы жоқ. Бұл да осы талдауымен, өлгеннен кейінгі қайта тірілу – қай туылу екенін жасыру ниетінде өткен, болмаса, Аятқа мән бермей, Аяттарды ертегіге айналдырып алғандардың («Лұқман» с. 6-а) айтқанына елтіп жаза берген...

Бірақ, ол қалай сөйлесе де біз сөзбе-сөзге сүйеніп, Құранға сенеміз. Жоғарыда талдап өткеніміздей, сүренің жалпы мағынасы Қияметтегі қайта тірілу, яғни, қайта туылу.

Алла **«Қайтару** иесі көкпен...» серт берген. **Қайтару** иесі көк нені қайтарады? Бұл сұрақ берілгенде «Ағраф» сүресінің 36-37; 40-аяттарынан бастап, күнәмен өлгендердің Жаны мен Рухы көктің есіктерінен өте алмайтынын хабарлаған Аяттар көз алдымызға тізіліп келді.

Олардың арасынан 40-аят: **«Күдіксіз, Аяттарымызды жалғанға айналдырып, Одан өздерін жоғары (білгіш) көргендерге көктің есіктері ашылмайды. Және олар түйе иненің көзінен өткенге дейін Жұмаққа кірмейді. Күнәкарларды өстіп жазаландырамыз»**, -деп, айбат шашып тұрды. Оны тыңдап бола бергенімізде, жанынан: **«Әлде кімге өмір берсек, оны жаратылыста қайта бастырамыз...»**, -деп, «Иасин» сүресінің 68-аяты мен «Бақара» сүресінің 28-аяты айдаланып, бой көрсетті.

Демек, көктің **қайтаратыны** – Жәннатқа баруға лайық емес, күнәкар Рух пен Жан, жаңбыр емес. (Дене топырақта...)

«Ол көкте қайда болды?! Бұған не дәлел бар?»-дегенімізде ойымызға, «Нәміл» сүресінің: **«Ол Күні әр үмбеттен, Аяттарымызды жалғанға айналдырғандардан бір топ жинаймыз. Сонда олар тостырылады»** (83-а),-деген хабары келді. Демек, Аяттардан өзін жоғары ұстаған Рух пен Жан осы күнәлары себепті, көктердің есігінен өте алмай («Ағраф» с. 40-а), өздері сияқты күнәкарлар жиналғанша тостырылады екен (Адамны заманы – заманына адам сай болатыны осы).

Алла серт берген **«Қайтару иесі...»** аспанның мағынасы осылай анықталды. Ал, енді аспан қалай қайтарады? Мұны Алланың күрсісі судың үстінде екенін («Һұд» с. 7-а), Алланың әрбір тірі жанды судан жаратқанын («Нұр» с. 45-а) айтқан Аяттар мен қураған өлі жерге жаңбыр жаудырып, оны жандандырғаны хақындағы Аяттарды («Ағраф» с. 57-а) ақылға салып зерделегенде түсінеміз*.

Қысқаша айтқанда, көктің есіктерінен өте алмаған күнәкар пенде, Алланың белгілеген мерзімі толып, жерге түсетін жылы, айы, күні жеткенде, ол көктен жауған жаңбыр арқылы түсіп, адамдар жейтін жемістердің, мал қоректенетін өсімдіктердің құрамында жасайды. Тамақтану арқылы адамның организміне өтеді. Кейін бел сүйек пен кеуде сүйектің арасынан атылып шыққан суда болады («Тарық» с. 6-а)...

Мұны Мәриям анамыздың құжырасындағы қорек («Әли Ғыман» с. 37-а) және жаңбыр мен өлі жердің жандануы, малдан алынатын сүт, ет; құрма мен жемістер, бал арасы – бал жайында айтылған Аяттарды («Нахыл» с. 65-69; «Иасин» с. 72-73-а) терең ойға салып талдағанда күмәнсіз толық түсінеміз.

11-аятқа жаңбырды қосып жүргендер, мұны Аяттармен, өмір Шындығымен зерттеп пікірлемеген. 12-аятқа («Тарық» с.) жүгініп, жерден өсімдік шығатынын ойлап жаза салған. Сондықтан оны сенімді жеткізіп бере алмай, Аятты негізінен бұрмалаған.

Әрқашан айтып жүрген әділдігімізді тағы қайталайық, біз, өз заманының танымымен түсінік жазған бұрынғы тәпсіршілерді

* Бұған: «Һұд» с. 7; «Нұр» с. 45; «Жасия» с. 5; «Ағраф» с. 57; «Рұм» с. 50; «Фатыр» с. 9; «Зұхрұф» с. 11; «Фуссилат» с. 39; «Таһа» с. 53-55; «Қаф» с. 9-11; «Нұх» с. 17-18-аяттары да дәлел.

күнәламаймыз. Біз не нала айтсақ, ғылымы дамыған соңғы ғасырлардың оқымысты діндарлары мен Ас-Сабуниді анық зерттеп алмай, қазақшалап, қымбат қағазға бастырып шығарып отырғандарға айтамыз. Себебі, ғылым Алланың мекенін тауып, Құранның сырларын ашып, адамзатқа Алланы мешітсіз, медресесіз танытып отырғанда, бұлар, баяғы дәлелсіз айтылған көне көңінің үстінде, **«Қайтару иесі – аспанды...»** «Қайталап жаңбырлатқан аспан», -деп бықсып отыр...

Міне, зерттеуімізді «Масқара!» деп, атаған себебіміз осылай.

Өстіп, біз Исламды құнсыздандырып, Аяттарды күшінен қалдырып келген тәпсірлер екенін нақты айғақтармен айттық. Бұдан кейінгі Сіз бен бізге керекті амал – Құранның қазақшасын көп оқып, Аяттарды Аяттармен, Ғылымның, өмірдің Шындықтарымен салыстырып отырып түсіну, ертегі – дәлелсіз тәпсірге сенбеу.

Қорытынды

Бұл зерттеуді осы жерде тоқтаттық. Ден саулықты ойладық...

Біреулердің өтірігін дәлелдеуге осынша айғақтар жеткілікті болар. Ал, шұқи берсек, бұдан да көп өтірік пен жорамалдар бар. Тіпті, «Ғадият», «Қарифа», «Філ» сүрелерінде күлкілі тәпсірлер жасалған. «Қарифа» сүресінің соңында берген ескертуінде: *«Көпшілік ғалымдардың көзқарасы бойынша, сүреде айтылып отырған «мизан» яғни, «таразы», екі тостағы мен бір тілі бар әдеттегі қолданыста жүрген таразы...»*, -дейтін, ұятты сөздері де бар.

Мұндай тәпсірлерді Құранды күмәндар мен жалалардан арашалауға ниеттілер мен Ақиқат пен қиянаттың айырмашылығын білгісі келгендер, тәпсіршілердің өтірігі мен ертегісіне қызыққандар, Аяттардың Шындығын дәлелдеуге қабілеттілер іздей берер.

Бабалардан қалған жол, дегенді ұстанушылар, Құранды зерттеуге болмайтынын айтады. «Құран экзогетикасы» атты кітапта, мұтәшабиһ Аяттардың мағынасын ашу бізге жүктелмеген, олар да Иләәһи сыр бар, дегенді айтқан. Бұл – мүлде қате пікір. Бұған дәлел – жоғарыдағы біз шындығын ашқан тәпсірлер.

Құранды өз мәнінде пайдалануға кедергі болған екінші ескерер қателік – Аяттарды Пайғамбарларға бөлу. Бұрынғы ғалымдар Құранның «Хыжыр» сүресінің 90-91-аяттарынан қорықпай, «Бақара» сүресінің 38-39-аяттарын: «...Адамға айтылған...», -деп, кеме жәйін Нұхқа теліп, жануарларды сыйлауды Салихқа, таразы мен тарту жәйін Шұғайыпқа, шүкіршілікті Мұсаға түскен, -деп бірнешеге бөлген. Біздің діндарларымыз да сол бөліктерді айтады. Бұл амал да Құранның әрбір Аятының бүгінгі әрбір адам үшін аса маңыздылығын жоғалтып отыр. Нәтижеде адамдар Құраннан дұрыс пайдалана алмай келеді. Пайдалана алмағасын, Құранды басқа діндегілердің Кітаптарындай деп түсінеді, Исламды да сол діндердей көреді. Бұл олардың көптеген күнәларға батуына, елімізде және Ислам мемлекеттерінде бүліктер мен лаңкестіктердің, арамдықтар мен бұзықтықтардың кең етек алуына жол бастауда.

Осы тұста өз-өзінен көрініп тұрған Шындықты айтайық. Бір сейфті ашу үшін оның құпия санын білу керек. Оны білмей ашпақ болғандар сейфті бұзып, жарамсыз етеді. Сол сияқты тәпсіршілер де Қиямет туралы Аяттар мен қайта тірілуді өз мағынасымен толық түсіне алмағандықтан, бірнеше Аяттардың мағынасын дәл аша алмай, Құранды ертегіге, Исламды дәстүрге айналдырып, адамдардың Құранға күмәндануын арттырған – күнәларға қалған және басқалардың күнәларға батуына себепші болған.

Әңгіменің тоқ етерін айтайық, біздер – осы күнде жер бетінде жасап жатқандар, кешегі бір жылдары өліп, күнәларымыз себепті көктің есіктерінен өте алмағандармыз; белгілі мерзім көкте «... **тостырылып**» («Нәміл» с. 83-а), заманымыз бен замандастарымыз түгелденгенде қайта туылып жасап жатқандармыз («Тәубе» с. 69-а). Яғни, Құранда айтылған екі жүзділер де («Бақара» с. 6-20-а), Алланың баласы бар деп, адасқандар да («Бақара» с. 116-а), Алланы, Құранды мойындамай лағнеттелгендер де («Әли Ғыман» с. 87-а) өзіміз – жер бетінің көп ұлтты, көп дінді осы күнгі тұрғындарымыз; және маймылдар мен доңыздар («Мәида» с. 61-а), хайуандар мен құстар, тағы басқалар («Әнғам» с. 38-а). «Нәміл» сүресінің 83-аятындағы: «...**олар тостырылады**», -деген хабарға сүйеніп сөйлесек, бұл замандастарымыздың арасында Һұд (ғ.с.), Лұт (ғ.с.), Шұғайып (ғ.с.) Пайғамбарлардан бастап, барлық Пайғамбарлардың қауымы бар; олар елу мың жыл («Мағарыж» с. 4-а), мың жыл («Хаж» с. 47-а) бойы бірнеше мәрте

өліп, көктен әрі өте алмай қайта туылып, байырғы қарсылығын, бүлігі мен бұзықтығын жалғастырып жасап жатыр. Жер анаға тыныштық бермей келе жатқан да солар – өз замандастарымыз және өзіміз!

Енді біз жер бетінде қайта туылған өзіміз сияқты қайта туылмауымыз керек. Ол үшін Аяттармен ақылды жасап, өлгеннен көктің есіктерінен аман өтіп, Алланың Тақуалар үшін жаратқан Жәннатына («Әли Ғымран» с. 133-а) жету мақсатымен тіршілік етуіміз ләзім.

Құрандағы әр өсиетті, кеңесті «...анаған...», «...мынаған...», деп бөлмей, өзіміздің ең жақын, ең жанашыр сүйікті адамымыздың жанашырлықпен айтқан достығындай қабылдап, ал, қиссалардағы оқиғалардың бас кейіпкері өзіміз деп түсініп, дәлелі жоқ ешбір тәпсірге, Аяттармен қабыспайтын өтірік хадистерге алданбай, тек Құраннан сусындап, тек Шындықпен тіршілік етуіміз керек!

Заңдылықтың аты – заңдылық! Құран – Алладан келген, Аяттармен бекіген заңдылық. Оны өзгертушілер болмайтыны да Аяттармен тастықталған. Заңдылықтың қарапайым мәнін физика, химия, биология ғылымдарынан жақсы білеміз. Оған зорлық жасағандар жақсылыққа жете алмайды.

Бұған бабаларымыздың өткен өмірі дәлел. Олар Аяттарды «Бұл – жеке маған айтылып отырған жанашырлық, Мейірім, Рахым», деп қабылдамай, «Мен Құранды білем», дегендерге сенді де сырттан келген өздеріне жат хабарды Аяттармен салыстырып зерттемей, қабылдай салды – Құранда айтылмаған: үш жүзге, ақсүйекке, қараға бөлінді. Содан Алламен байланыс селдіреді, шайтан үстемдікке келді – алауыздық кең етек алды; дініміз басқа діндерден күшті етіп түсірілген дін бола тұра («Тәубе» с. 33-а), діні Алланың құзырында қабыл болмайтын («Әли Ғымран» с. 85-а) орысқа отар болып, көп кемсітушілік пен азаптар көрді.

Егер бабаларымыздың қолдарында Құранның қазақшасы болғанда, дәлелсіз тәпсір, өтірік хадис сияқты бұзықтықтарды елімізге кіргізбес еді, Әбілқайыр өз аяғымен барып Ресейге қосылмас еді. Бүгінде біз ғылымда да, саясатта да, мәдениет пен өнерде де әлемдегі ең ықпалды мемлекеттердің алдыңғы тобында болар едік. Бұған Құран кепіл!

Баяғы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» мен кешегі ғасырдың отызыншы, қыркыншы жылдарының азапты күндері

мен түндерінің қасіреттерінен жүрегіміз шайлығып қалған біздің мақсатымыз, сол зұлматтардың қайталануына жол қоймау; елді Шындықтан хабардар етіп, Алланың бізге беріп отырған бақытын бағалауға шақырмақ.

Және бір Шындық – біздер Құранды білмейміз. Білемін, дегеніміз – бос сөз. Оның әрбір Аятын оқып пікірлемейміз («Жұма» с. 5-а). Құран Аяттарынан жеке өсиеттерді ғана жүрекке түйіп, хикаяларды, қиссаларды өткеннің әңгімесі деп қабылдаймыз. Олай болғанда Алла ол хикаяларды баяндамай, Аяттарды Абай бабамның қарасөзіндей етіп түсірер еді. Осыны неге олай етпеген?-деп ізденбейміз.

Иә, Абай бабамның қарасөзіндей етіп жазғанда болатын еді ғой! Өйтпеген. Неге? Бұған екі себеп бар: біріншісі, Құранда айтылған тарих – қиссалардың оқиғасы, сол қиссалар туған заманнан бергі жерде, жер бетінде болып өтті, кейбірі қазір де болып жатыр, алдағы кезде де қайталанатын; екіншісі, сол қиссалардағы жағымсыз кейіпкерлердегі мінез бен қылық, түсінік пен парасат, олардан кейінгілерде де болды, қазіргі біздің замандастарымыздың бойында да бар. Әлемде күн құрғатпай бүліктер шығып жататыны да сондай бұзық мінезді, қырсық қылықты, мәмлеге көнбейтін кеше, нәпсісін күйттеген жемқор, жақсыны қызғанатын бақыл, өз айтқанынан басқаны жақтырмайтын дауекеш адамдардың кесірінен. Арамызда мұндай адамдардың барын білгенімізбен, Аяттарды терең зерттемейтіндігімізден, сол қиссалардың қамсыз болмау үшін түскенін білмейміз. Білсек, Құранның Шындығына көз жеткеріп, өлімді және көктердің есігінен жақсы өтуді ойлап, Жәннатқа жету үшін күресіп өтер едік.

Құран мен өмір Шындығын үйрене келе көзіміз жеткен бір Шындық – замандар өзгергенмен адамзаттың Адамнан (ғ.с.) қалған пендешілігінің* өзгермей, әрбір заман адамдарының

* Адамның (ғ.с.) пендешілігі Алла шайтаннан сақтану туралы арнайы тапсырғанның өзінде («Таһа» с. 117-а), Адам (ғ.с.) оған еріп, тиым салынған ағашқа тиді. Бұл – қанағатсыздығы, шүкір ете алмағаны; асығыстығы, перзент тілеп, оған қол жеткергеннен кейін Алланы ұмытуы, Аллаға серік қосуы.

Екіншіден, Нұх (ғ.с.) кемеге жайғасқасын Аллаға күллі кәпірлерді жоюды өтінді («Нұх» с. 25-26-а). Алла Нұхтың кемесіндегілерден басқасының барлығын топан суға жұттырды – жойды. Бірақ, замандар өте келе Нұхтың ұрпақтары да шайтанға алданды. Сосын Алла Һұдты (ғ.с.) жіберді... Сол алдану әлі күнге адамзатпен бірге келе жатыр.

бойынан табылып отырғаны («Һүд» с. 148-а). Бұл, әрине, Құранның мәңгілікке – жер бетіне келіп-кете беретін күллі адамзатқа түскенінің дәлелі.

Біз Пайғамбарлар қиссасының тағлымы туралы «Исламдағы Рухани жаңғыру...» атты кітабымыздағы «Пайғамбарлар қиссасы және ХХІ ғасыр» деген тақырыбымызда да айтқанбыз. Сонда да осы тақырыбымыздың түсінікті болуы үшін дәлелдер айтайық. Мұсаның (ғ.с.) қауымының Алла берген мәннә, салуаға – өте сапалы тамақтарға қанағат қылмай, қияр, бидай, бұршақ, сарымсақ сұрауы («Бақара» с. 61-а) – олардың нашүкірлігі еді. Осы нашүкіршілік өзімізде де бар. Біздің заманымыз – адамзат тарихындағы ең бақытты адамдарға бұйырған заман. Солай бола тұра, шүкір етіп, осы заманды берген Аллаға жаппай құлап құлшылық жасамаймыз. Керісінше, байларымыз Мұсаның (ғ.с.) замандасы, мақтаншақ, тәкаппар Қарұнның қылығын қыламыз («Қасас» с. 76-81-а), соның сөйлегеніндей сөйлейміз. Нашүкірлеріміз зейнетақы аз, айлық жалақым мардымсыз, т.б. дейміз («Бақара» с. 61-а). Сонда Аяттарды: «Ана Аят Адамға түскен, мынау Нұхқа келген еді, ол Мұсаның қауымына тиесілі», деп топ-топқа қалай бөлеміз?

Аятта: **«...оған кілттерін күшті бір топ әрең көтеретін қазыналар берген едік...»** («Қасас» с. 76-а),-деген. Ал, біздің заманымыздағы байлардың бірнеше қалада, бірнеше аудандарда, ауылдарда, тіпті, көрші елдерде дүкендері, өндірістік орындары бар. Егер олардың да қоймаларының кілттерін қоссақ **«күшті бір топ әрең көтеретін»** кілт болады.

Біз Тәуелсіздігіміздің еркіндігі мен дұрыс экономикалық реформасының арқасында, тап сол Қарұн бай сияқты байып алғандардың ортасында жүрміз. Бұлар да оның үлгісімен тасып сөйлейді. Жанашырларының: «Әй, бәленшежан, **«Алланың саған берген дәулетімен Ақырет жұртын ізде де ...Алла саған жақсылық еткендей, сен де жақсылық істе...»** («Қасас» с. 77-а), асылық сөйлеме, тәкаппарлық жасама»-деген кеңестерін тыңдамай – қоластындағы еңбекшілерінің адал мандай тер табысын бермейді; кедейлер мен орта дәулеттілерді менсінбейді.

Егер Аяттарды бөлмей, Оның әрбірінің өзіміз үшін ауадай қажет екенін білсек, уағызымызда мұны жөндеп айтар едік. Тасқындаған байлардың құлағы шалып, заңдылықтарды ескеріп, өмірінің аяғы Қарұнның тағдырына сабақтасудан қорқар еді.

Және бізде ата-анасына, туыстарына салмақ: сақау (сөзін түгелдеп айта алмайтын), епсіз-ебедейсіз, пікірсіз, тындырымсыз адамдар бар. Мұны Алла «Нахыл» сүресінің 76-аятында суреттеп түсіндірген.

Және бір дәлел. Мұсаның (ғ.с.) заманында бақталастары біреуді өлтіреді. Дау туындайды. Даушылар төрелік сұрап Мұсаға (ғ.с.) келеді. Ол Аллаға мүрәжат етеді. Алладан өлікті тірілту үшін бір сиыр союға («Бақара» с. 67-73-а) хабар келеді. Олар Мұсаның (ғ.с.) бұл айтқанына күмәнданып, ол сиырдың қандайлығы туралы бірнеше мәрте сұрайды. Бұл сұрау – Алладан келіп тұрған Шындыққа – Мұса (ғ.с.) айтып отырған хабарға күмәнданудан. Бізде де біреу тура істі, я ғылым не өмір тәжірибесінен бір тамаша жаңалық айтса, бірден күмәнданып қайта-қайта мазалайды, ғаламторда ерсілі-қарсылы пікірлер жазады; қысқасы, қолдаудың орнына Мұсаның қауымы сияқты қарсы тұрады...

Әсілінде, Исламдағы алауыздық та Аяттарды дұрыс талдап түсінбеуден пайда болды. «Бақара» сүресінің 111 және 113-аяттарына келейік. Біріншісінде: **«...Жұмаққа Яһуди немесе Христиан кіреді...»**,-деп олардың өз ойларын айтқанын жеткерген. Екіншісінде: **«Кітапты оқи отырып, Яһудилер: «Христиандар еш нәрсе емес»,-деді; Христиандар да: «Яһудилер дәнене емес»,-деді. Сондай-ақ, білмегендер де олардың айтқанындай айтты»**,-деген. Тәпсіршілер кезінде мүшріктердің де солай дегенін жазған. Бұл – рас. Бұтқа табынып санасы бүлінген мүшріктер, Мұхаммедке (с.ғ.с.) сенбей, оны айтты. Оған талас жоқ. Ең жаман жері – Ислам Мұхаммедтің (с.ғ.с.) кезінде-ақ, үлкен жеңіске жетіп, күллі әлемді таңғалдырған замандардың өзінде де, бүгінгі дамыған заманда да осы бірін бірі кемсітушіліктің жойылмай келе жатқаны. Тіпті, мәзһабтардағылардың өздері, өз ұстанған жолының тура-қисықтығына дәлелі болмай тұра, өзге мәзһабтағыларды менсінбейді. Исламдағы түрлі қақтығыстар, бүлік, алауыздық осыдан шығып жүр. Егер Құранды зерттеп оқып, әрбір Аятты өз мазмұнымен дұрыс түсінсе, Алланың бөлінбеу жөніндегі («Әли Ғыман» с. 102-103; «Шура» с. 13-а) Аяттарын сыйлап мәзһабтарға бөлінбес еді.

Еліміздегі белгілі дін қызметкері 2016 жылы Египет араб республикасына ғылыми конференцияға барғанын, сонда жергілікті араб дін мамандарының, араб емес Мұсылмандардан өздерін

тым жоғары ұстайтындарын тіліне алып ренжіді. Бұған «Бақара» (111-112-а), «Хұжрат» (13-а), «Ғабаса» (1-12-а) сүрелеріне сүйеніп отырып төрелік берсек, солардың жалған дүние мен Ақыреттің арасын айыра («Әли Ғымран» с. 14-а) білмеген – атына Мұсылман («Бақара» с. 225-а) екенін, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүндеттерін толық білмейтін өздерін-өздері алдап жүрген мұнафиқ жандар екенін батыл айта аламыз.

Аллаға ең жақын адам – Тақуа адам. Тақуа адам – Құран Аяттарына жүректен амал қылған, ең қарапайым, ең кішіпейіл, бұл дүниеге алаңы жоқ, бірақ, шарасыздықтан ғана Алланың ризашылығын іздеп жүргенін білген адам. Байлығы көп, киімі көк, қарыны тоқ қамсыз пенде емес.

Міне, осындай дәлелдерді көзімізбен көріп отырып, Аяттарды «мынау мынаған түскен еді, анау анаған түскен еді», -деп, жік-жікке бөле аламыз ба?

Бөлсек, қателесіп және де өткендердің жазасына («Әнфал» с. 38; «Ісра» с. 8-а) ұшырамаймыз ба?

«Тәубе» сүресінің 48-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) расында бұлар бұрын да пітнә іздеп, істерінді теріске айналдырған еді...»**,-деп, 50-аятында: **«...егер саған бір игілік жетсе, олар оны жек көреді. Ал, егер саған бір қайғы жетсе: «Ісімізді бұрын ыңғайлап алған едік»**,-дейді де **олар сүйініп қайтады**»,-дейді. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) есімі жақша арасында. Бұл тәпсіршілер мен аудармашылардың істеп отырғаны. Негізінде Аят тек Мұхаммедке емес, күллі Мұсылманға түсіп тұр. Ал, Аятта айтылғанды өмір Шындығымен сипаттасақ, жақсының жетістігін қызғанатын, дәл осындай қаракөкірек адамдар біздердің арамызда да бар. Заман қаншалықты дамығанымен олардың санасы пенделіктен әріге жетіле алмаған. 61-аятта: **«Олардың кейбірі Пайғамбарға: «Ол бір құлақ»**,-деп жапа береді...»,-деген. Біздегі зерек, уақытын газеттер мен журналдарды оқып, теледидар мен радиодан жаңалықтар тыңдап тиімді пайдаланатын, білімді адамдарды көре алмайтындар да, олар туралы осылай бықсиды;

64-65-аяттарда («Тәубе» с.): **«Екі жүзділер, өздеріне байланысты жүрегіндегілерден хабар беретін бір сүренің түсуінен қорқады. (Мұхаммед с.ғ.с. оларға): «Қылжақтай тұрындар. Расында Алла сескенгендерінді жарыққа шығарады»-де**», **«Егер олардан сұрасаң: «Әрине, біз әншейін сөзге кірісіп ой-**

нап едік»,-дейді...»,-деген. Адамдар қазірде солай, біреуді сыртынан не көзінше кекетіп не мысқылдап, ал, өзінікі ұят екеніне миы жеткен кезде: «Әзілдеп едім...»,-деп кешірім сұрай салады...

«Бақара» (61; 67-73; 111; 113-а), «Қасас» (76-81-а), «Тәубе» (48-50; 61; 65-а) сүрелерінен бұл оқиғаларды таратып отырғанымыз, сондай мінезді адамдар мен сол сияқты оқиғалар өз ортамызда да болатынын ескертіп, Құрандағы әрбір сөздің, әрбір Аяттың бүгінгі біздің аса қажетті мұқтажымыз, көмекшіміз, бастаушымыз екенін айтпақ. Олардан тиімді пайдалануға кеңес бермек.

Осы «Тәубе» сүресінің 69-аятында: **«Өздеріңнен бұрынғылар сияқтысыңдар»,-**деп, бізден алдыңғылардың да, білім, парасат, мінез жағынан тап біздер сияқты ортада өмір кешкенін ескертіп әрі біздің өзіміздің пендешілігіміз бен өзіміздей пенделердің және мұнафиқтар мен кәпірлердің ортасында, сынақта («Фурқан» с. 20-а) өмір сүріп жатқанымызды аңлатады. Сосын бізден бұрынғылардың тұрмысын айтады: **«Олар сендерден де күшті және малдар, балалар тұрғысынан да көп еді. Олар дүниеде несібелерінен пайдаланған еді»,-**деп, ізінен: **«Ал, сендер де бұрынғылар несібелерінен пайдаланғандай, несібелеріңнен пайдаландыңдар. Сондай-ақ, жамандыққа олар сүнгігендей, сендер де сүнгідіңдер. Солардың дүние, Ақыреттегі амалдары жойылып кетті»,-**дейді. Бұған терең түсінік жазу шарт емес сияқты. Бұрынғылар деп отырғаны – Мұхаммедтің (с.ғ.с.), сахабалардың, табағиндардың, олардан кейінгілердің замандастары. **«Ал, сендер де...»,-** дегені – өзіміз, тап осы ХХІ ғасырда жасап жатқандармыз...

«Жүсіп» сүресі түгелдей Жүсіптің (ғ.с.) әкесі мен ағаларының және Өзінің оқиғасын баяндайды. Мұны Жүсіпке ғана тиесілі десек, Алланың түс арқылы Өз кереметін көрсететінінен махрұм қаламыз; екіншіден, туыстардың арасында да өзара қызғаныш болатынын біліп оларға Жүсіп (ғ.с.) сияқты кешіріммен, кеңшілікпен жандасу; қожайынға адал болу; шайтанға алданбай, нәпсіні тұқыра алу – әйелдерге алданудан сақтану рәуішті үлгілерді алалмаймыз. Сондықтан Аяттарды өткен қауымдарға тиесілі деуге болмайды. Олардың әрбірі бүгінгі бізге және келешектегі толқынға Тура Жол.

«Әнфал» сүресінің 26-аятын оқыған кезде, бір қарт ана

айтқан оқиға мен 1935-38 жылдардағы репрессия ойыма түседі. Аятта: **«Сол бір заманды ойлаңдар. Сендер аз едіңдер де жер жүзінде езілген едіңдер. Сонда сендер адамдардың бас салып алып кетуінен қорқар едіңдер...»**,-деген.

Қарт ананың әңгімесі былай:

– Қазіргі Алматы облысының жеріндегі Айнакөлдің жағасында жасаушы едік. Қазақы тіршілік. Мен 14 жасқа толғанмын. Осы өмірімде екі-үш рет аттылы дүңгендердің, ауылға бастырып келіп, ерлерді қырып сабап, қыздар мен келіншектерден қалағанын тартып алып кеткенін көзім көрген.

Бір күні үйге, өзімізге бұрыннан таныс – әкесі де, өзі де қазаққа жиен Жүсіп деген ұйғыр саудагер келді. Дүңгендердің бір апта бұрынғы ойранынан шошынған әкем маған: **«Қызым, сен бой жеттің. Дүңгендер бізге Жүсіптей жақын емес. Мен сені мына Жүсіпке қалыңдыққа беремін...»**,- деді...»,-деген әңгіме...

Осы 26-аят, бүгінгі біздерге арнап түсірілгендей. **«Сол бір заманды ойлаңдар...»**,-дегені – жаңағы қарт ананың заманы мен 1929 жылдан қаһарын көрсеткен Сталиндік қасіретті заманы; **«...Сендер аз едіңдер де ...езілген едіңдер...»**, дегені – қарт ананың заманында да, кейінгі Сталиннің уақытында да елдегі сауаттылардың, соның ішінде орыс тілін, КСРО-ның адам құқықтары туралы заңдарын білетіндердің аздығы; **«...езілген едіңдер...»**,-дегені – патшаның салығы, байлардың озбырлығы болса, 1929 жылдан басталған кәмпеске, ашаршылық пен репрессиялық қысымнан езілгендік. **«...сендер адамдардың бас салып алып кетуінен қорқар едіңдер...»**, дегені, қарт ана замандастарының жаңағы дүңгендерден, кара шекпенділерден үрейленіп жасағаны болса, бергілерде, 1935 жылдан басталған репрессия; репрессия жылдарында адамдар бірінен бірі қорқып жүрген. «Үштік» деген шыққан. Яғни, үш адам бірігіп біреудің үстінен арызданса, НКВД қызметкерлері оның ақ-қарасын анықтамай, түнде күтпеген жерден келіп, әйелі мен балаларының көзінше алып кетіп отырған. Әділдік үшін күрескендер үкіметке Шындықты айтқаны үшін, «бас салып алып» кететіндердің қолына түсуден қорықса, жәй жұмысшы адамдар да солардың кебін киіп қалудан үрейленіп жасаған.

Осы 26-аяттың екінші бір мағынасы, алданып не зорлықпен біреулердің есігінде болғандардың, олардан қашып шыққаннан

кейінгі қорқынышпен жүретіні. Мұндайларды БАҚ-тардан талай мәрте оқыдық, көрдік...

Біз адамзаттың ілгергі қауымдардан қалған мінездері, осы күнгілерде де барын айттық. Демек, біз дәлелге айтып отырған Аяттың хабары да өзімізге – осы күнгі біздерге және алдағы ұрпақтарға тиесілі. Сондықтан Аяттарды әр Пайғамбарға теліп бөлмей, «Бақара» сүресінің: «... бұл – Тақуалар үшін Тура Жол Көрсетуші» (2-а),-деген; «Әли Ғымран» сүресінің: «Бұл Құран – адам баласы үшін ашық түсінік, Тура Жол және Тақуалар үшін насихат» (138-а),-деген; «Ниса» сүресінің: «Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. Сондай-ақ, сендер үшін бір ашық Нұр түсірдік» (174-а),-деген; «Жүсіп» сүресінің: «Расында Пайғамбарлар қиссаларында ғибраттар бар...» (111-а),-деген ескертуінен дұрыс тағлым алып, бұл бүгінгі біздерге арнап айтылған деп, қабылдайық. Әйтпесе, «Әли Ғымран» сүресінің 187-аятында айтылғандай, біз де «...жаман нәрсе сатып алған...» боламыз.

Осы 187-аятты да талдай кетейік. Аятта: «Сол уақытта Алла Тағала Кітап берілгендерден: «Әлбетте, Оны адамдарға түсіндіріңдер, жасырмаңдар»,-деп, сенім алған едік. Дегенмен, олар Оны арт жақтарына тастады. Әрі олар Оны аз бағаға айырбастап алды. ...олар нендей жаман нәрсе сатып алды!» («Әли Ғымран» с. 187-а)-деген. Аят өте ашық түсінікті. «...Кітап берілгендер...», дегені – Мұхаммедке (с.ғ.с.) дейінгі Тәурат, Зәбур, Інжіл берілгендер; «...адамдарға түсіндіріңдер, жасырмаңдар»,-деп, сенім... алғаны – олардың да кезінде «Әмәнту билләһи уә Кутубуһи, уә Расулиһи...»,-деп Кәлима келтіргені; «...арт жақтарына тастады... аз бағаға айырбастап алды...»,-дегені – Аяттарды мүлде елемегені, өздері жобалап бірденелер жазып сатқаны; «...нендей жаман нәрсе сатып алды»,-дегені – Алланың қаһарына ұшырағаны, қарғалғандар, адасқандар атанып, Ақыреттік сыйлықтардан құр қалғаны («Әли Ғымран» с. 87-а). Ал, бізге Құранды тәпсірлеп бергендер де осылар сияқты. Астарлы Аяттардағы Иләәһи Шындықтарды жасырып, бұрмалап, Қиямет пен Ақырет хақындағы түсініктерді ертегіге айналдырып жібергендер. Бұл уағыз біздің бабаларымызға да жетіп, олар оған кәдімгідей сеніп, Алланың қамқорлығынан пай-

далана алмай, көп соғыс көрді, азапты тағдырлар кешті. Осыны біздер қайталамауымыз керек.

Тәпсірлердің қателігін дәлелдейтін Аяттарды көптеп жазуға болады. Солардан бірі – өздеріңіз оқып көз жеткерген, Мұхаммед Али ас-Сабунидің «Тәпсірлердің таңдаулысы (Сафуат эт-тәфәсир)» атты еңбегі.

Байқағандарыңыздай Кітапта жаңа ештеңе жоқ. Бұрынғылардың ертегісін қайталаған. Біздің мақсатымыз сол қателіктерден сақтандыру, Аяттарды өзіміз зерттеп әрбірінен Тақуалық тағлымын алуға үндеу.

Құраннан тікелей біздерге тиесілі мына дәлелді айтайық. Бұны айтпас бұрын, Пайғамбарлардың қиссаларында ақыл иелері үшін өнеге барын, Құранның жасама сөз еместігін ескертейік («Жүсіп» с. 111-а). Яғни, тәпсіршілердің: «Бұл Нұхқа түскен...», «мынау Һүдке келген...», «ол Мұсаның қауымына тиесілі...», -деп, Аяттарды жік-жікке бөлгеніндей бөлмейік, әрбірінен тағлым алайық. Сол Аяттардың бірі, біздерге тікелей байланыстысы – «Бақара» сүресінің 170-аяты.

Онда, (Қасарысқан қарсыларға): **«Алла түсіргенге – Құранға бойұсыныңдар, делінсе, олар: «Жоқ, үстінде ата-бабаларымызды тапқан жолға ілесеміз»,**-деді. **...аталары еш нәрсені түсінбеген әрі Тура Жолда болмаған болса да ...»**, -деген. Осы және осымен мағыналас Аяттар «Әли Ғымран» (73-а), «Мәида» (104-а), «Ағраф» (28-а), «Жүніс» (78-а), «Ібраһим» (10-а), «Лұқпан» (21-а) сүрелерінде және бірнеше сүреде қайталанады. Бұлардан алатын тағлым – ата-бабаларымыздың* Тура Жолда болмағандығы. Тура Жолда болса, жаңа айтқанымыздай, біз орысқа отар болмас едік...

Ал, ата-бабаларымыз неден қателесті? Олар қолдарында Құранның қазақшасы болмағандықтан, «Мен Құранды білемін...», -дегендерге сеніп, қателесті...

Келіңіздер, бабаларының жолын айтқан осы Аяттардан оң нәтиже шығарып, тәпсірлер мен Аяттарға сәйкеспейтін өтірік хадистерге алданбай, Құранды өзіміз зерттеп, өмірімізде дұрыс пайдаланайық, **Жаңғырайық – Жаңарайық!**

* Ата-бабаларымыздың арасында Аллаға берген Кәлимасына адал аталар болды. Бірақ, елдегі ықпалды буын Құрани сауатсыз болғандықтан адал аталар, Абай бабам айтқандай елді түзей алмады.

«Сад» сүресінің 88-аятында, Құран Аяттарын бір заманнан кейін түсінетінімізді ескертсе, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) ғылым дамыған сайын Құранның сырлары ашыла беретінін айтқан. Исламды жою мақсатымен «Крес жорығын» жүргізгендердің ұрпағы, он жетінші ғасырдан Исламды зерттеп, Шындыққа көз жеткергені тарихтан мәлім. Әлемді аузына қаратқан сандаған, тегі ғайридің ғалымдардың, ойшылдардың, қолбасшылар мен ақын-жазушылардың Исламды, Мұхаммедті (с.ғ.с.) мойындауы, бағалауы Құранның Алладан түскенін дәлелдесе; XX ғасыр ғылымы, Құранның Шындығын әуелгілерінен де терең зерттеп, мәрт ғалымдар Шындықты ашық айтты. Олардың ғылым арқылы Исламды қабылдауы – мұның дәлелі. Әрі Құранның Шындығының және Оның барлық ғасыр адамдарына арнап түсірілгендігінің сипаты.

Бүгінгі заман ғылымы, Ақыретіне алаңдап, екі дүниенің бақытын іздеген адамға өте үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Құранды оқып үйренудің, игерудің, талдап түсінудің сандаған жолдары ашылды. Бұл тек осы және алдағы ғасырлардың адамдарына берген Иләәһи нығметтер. Мұны аярлығы, қулық-сұмдығы жоқ, нәпсісінен Иманын жоғары ұстаған Ақылдылар ғана дұрыс пайдаланып, Тура Жолды табады.

Міне, біздің көздегеніміз осы – Аяттарды ескі тәпсірлермен емес, өзі мен өзін ұштастыру арқылы және өмір, ғылым Шындықтарымен түсіндіріп, замандастарымызды Шындыққа шақыру және бұл жалғаншыда сол Шындықтан тиімді пайдалануға себепші болмақ. Күллі Мұсылман жұрты «Бақара» сүресінің 78-79-шы, «Хыжыр» сүресінің 90-91-аяттарына дұрыс амал жасамай, ғасырлар бойы көп тағдырларға ұшырады. Бүгінде солай. Біздер одан қашайық, Аяттарды Аяттар арқылы, Шындықтар арқылы дұрыс түсініп, дұрыс өмір сүрейік.

Аллаға шын берілген әрбір Ақылды пенденің арманы – Жәннатқа жету. Бірақ, ол үшін нелер істеу керек екенін білмей, әркімнің кеңесіне еріп, шатасып жатады. Ал, кеңесшінің ең жақсысы – Алла, кеңестің ең нақтысы Құранда. Құрандағы әрбір Аят, әрбір қисса – Тақуалықтың Жолы. Арасында: «Әй, Құлым!...», «Әй, Момындар!...», деп, шақырып айтқан өсиеттері бар. Мұны Құраннан және біздің «Тақуалыққа бас-

тар жол...», «Тақуалық кітабы» атты еңбектерімізден оқи аласыздар.

Оқыңыздар, жақсы түсініп, сауатты амал жасаңыздар, Құдай мұраттарыңызға жеткерсін!

Халық айтқандай: «Адамзат ұрпағымен мың жасайды». Елдің болашағы – жастар. Онда өзінің, еліміздің болашағын ойлаған әрбір ата-ана, баласына енші бермесін, қатын әпермесін, Ғылым үйретсін (Абай бабам), яғни Құранның қазақшасын жақсы меңгертсін. Сонда олар перзентінің әрі халқының сауабын алып, Алланың ризашылығына жетеді. Халифалық уәзипасын адал атқарған болады!

Тағы қайталайық, Құранның ең бірінші түскен Аяты: «Оқы!» – деп түскен («Ғалақ» с. 1-а). Сондықтан балаларыңыз Құранның қазақшасын көп оқысын. Балаларыңызды Құран Аяттарымен тәрбиелеңіздер, Алла сансыз сауаптар жазсын!

- - - - -

***Алла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): «Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...». («Бақара» с. 272-а) «Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік. («Фурқан» с. 56-а) «Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың», («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: «Сен оларды зорлаушы емессің»,-деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік. Құп алсаңыз – өз пайдаңыз!**

Құранда: «Алланың Сөзін өзгертуші жоқ...»,-деген. Одан өзін жоғары ұстағандар мен оған өктемдік етіп бұрмалағандардың өкінері хақ!

Құран, ұлттық тіл және қазақстандықтар

Енді тілімізге келейік. Өңгімені тағдырды Алла жазатынынан бастайық.

Алла Тағала Құранның «Мүрсәлат» сүресінде, Қияметтің хабарын баяндай келіп, пенденің болымсыз судан жаралып, белгілі мерзімге дейін жатырда тұрғанын айтып, 23-аятында: **«Оның тағдырын мөлшерледік. Нендей толық күшке Иеміз»**,-деген. 24-аятында Аяттарын өтірікке шығарғандардың Ақыретінде үлкен өкінішпен қалатынын ескерткен (1). Өте түсінікті Аяттар.

Таратып айтқанда, жер бетіндегі адамзаттың Отаны қайсы, отауы кімдікі; бойы қалай, ойы қалай; тілі қалай, түрі қалай; ризық-несібесі қалай; неше жыл жасайды, қайда өледі; сыны қалай, діні қалай? Бәрі-бәрін Алла мөлшерлеп жазады. Ол оны мөлшерлеуде ешкіммен ойласпайды. Өйткені, Ол адамзаттың өткенін де, алдағысын (2) да жақсы біледі.

Сондықтан Ол, «Мәида» сүресінің 48-аятында: **«...Сендердің әрбіреуің үшін бір жол-жоба қойдық. Егер Алла қаласа еді, барлығыңды бір-ақ үмбет қылар еді. Алайда, сендерге берген жол-жобаларыңда сынамақшы. Енді жақсылыққа жарысыңдар. Біртұтас барар жерлерің – Алла жақ. Ол сендердің таласқан нәрселеріңді білдіреді»**,-дейді.

Біздегі таласты нәрсе, қазақ бола тұра, соны Алла жазған тағдыр деп мойындамай, өз тілінен бастарту. Алла сынау үшін әр қайсыңа бөлек-бөлек жол-жоба белгіледік, деген. Бұл деген сөз, сіз бен бізді сынау үшін қазақ тілінде сөйлетіп қойғаны. Бұл – тағдырымыз. Егер мұны менсінбей, орыстың не басқа ұлттың тілін артық көріп («Нахыл» с. 92-а), сол тілде сөйлеп кетсек, ол – Алла жазған тағдырды мойындамағанымыз болады. Ол кезде «Бақара» сүресінің 89; «Әли Ғымран» сүресінің 87-аяттарында ескерткеніндей лағнетке ұшырап, сөз басындағы 24-аятта («Мүрсәлат» с.) айтқандай орны толмас өкініштердің қасіретін тартамыз.

Алла Тағала «Хұжрат» сүресінің 13-аятында: **«Әй, адам баласы! Шәксіз, сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, бір-бірлеріңді тануларың үшін сендерді ұлттар мен рулар қылдық. ...Алланың қасындағы ең Ардақтыларың – Тақуаларың...»**,-деген. Осындағы **«...ұлттар қылдық...»** –

ұлттарға бөлдік, деген сөз – әр ұлттың өз тілі бар, деген сөз. Сондықтан кезінде тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев: «...қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», -деді, ал, тілі басқа отандастарымызға, әр ұлттың өз тілін жоғалтпауы үшін, мәдени орталықтарын ашуына кеңшілік берді және бұлардың бірлігін сақтап, мәртебесін көтеру үшін Ұлттар Ассамблеясын түзді.

Бұдан әрі, бір тілде сөйлейтін бірнеше мыңдаған, миллиондаған адамның шекарасы белгіленген жері болатыны, ұлттық салт-дәстүрі мен санкилы өнері қалыптасатыны, таңдаған дінін қабылдайтыны заңдылық.

Біздің еліміз – қазақ тілінде сөйлейтін адамдар мекендеген Қазақ елі. Мұнан кейін өз-өзінен сыры ашылып тұрған Шыңдық – қазақтың жерінде, қазақтың шаңырағында туылуды Алла нәсіп еткен әрбір адамның ана тілі де – тек қана қазақ тілі екені..

Біздер Ұлы дала елі атанған Қазақ елінде, Мұсылманның отбасында туылдық. Ұнатсақ та, ұнатпасақ та бұл – Алла мөлшерлеп жазған тағдырымыз. Бұдан бас тарта алмаймыз. «Рұм» сүресінің 22-аятында: **«...түстеріңнің, тілдеріңнің әр түрлілігі де Оның белгілерінен. Шәксіз бұларда білгендер үшін белгілер бар»**, -дейді. Бұл екі Аяттан («Хұжрат» с. 13; «Рұм» с. 22-а.) түйетін пікір, ұлттарға бөлген жерден Алла бізге төл тілімізді берген болса, келесі Аят бойынша ол тіл – Алланың бізге салып қойған **белгісі** екені. Демек, біз тіліміз арқылы ғана Аллаға белгіліміз. Аяттағы: **«Алланың қасындағы ең Ардақтыларың – Тақуаларың»**, -дегені, тағдыр Алладан екенін мойындау – осы Алла белгілеген туған тіліңді, ата-бабаңның тұтынған дінін құрметтеу, яғни, Алланың сені осы шаңырақта жарық дүниеге келтіргенін қарсылықсыз құп алу деген сөз.

Жер жаһандағы халықтарды көз алдыңыздан өткеріңіз: үй-күйсіз, жалаңаш жүрген ұлттар бар; сосын сәнді-салтанатты шаһарлар құрған халықтар бар. Бұл екеуінің де діні сіздің дініңіздей Алланың құзырында қабыл болатын дін емес («Әли Ғымран» с. 84-85-а). Сіздің дініңіз де мәртебелі, тіліңіз де бай және тұнық, таза әуезді. Ешбір халықтың ауыз әдебиеті сіздің ауыз әдебиетіңіздей бай емес. Ата-бабаңыз көшпелі халық бола тұра, өнері мен салт-дәстүрін, озық мәдениетті елдерден кем ұстамаған. Сонда Сіз қалайша, өз тіліңізден бас тартып, Аллаға нала болмақсыз?!

Тіліңіз бен дініңізден нені ұнатпай жүрсеңіз бұл – өзіңіздің кемшілігіңіз. Қазақтың шаңырағында өмірге келгеніңіз мақтан тұтарлық жетістік. Білсеңіз, таза қазақ болу деген сөз – Алланың сүйген Құлы болу деген сөз. Себебі, Алла қазақты Мұсылман қылумен бірге, оған көзі көрмегенге сенетін пәк жүрек пен кең пейіл берді. Поляк журналисі А. Янушкевичтің, жер бетінде тек қазақтар жасайтын болса, мен дүниені тегін айналып шығар едім, дегені –қазақтың пейілінің жер бетінде теңдесі жоқ екенін бағалағаны.

«Хаж» сүресінің 32-аятында: **«...Кім Алланың белгілерін ұлықтаса, күдіксіз, ол – жүректің Тақуалығынан»**, -деген. Жаңағы «Хұжрат» сүресінің 13-аятынан, Тақуа жанның Алланың алдындағы дәрежесі туралы білдік. Ал, ана тілінен орысшасы көп біз Тақуалық дәрежеге жеттік пе? Бұл сырымыз, осы жерде өз-өзінен түсінікті болып тұр. Біздің өз тілімізде сөйлемей, өзге тілде сөйлеуіміз – Алланың сынау үшін, қазақтың отбасында жалғанға әкелгеніне қарсылығымыз. Яғни, Алланың ісін кемшілікке санап, сөз басында айтылған, «Мәида» сүресінің 48-аятын дұрыс түсінбей, «Рұм» сүресінің 22-аятына, «Хаж» сүресінің 32-аятына теріс амал жасап, құрметсіздік етуіміз. «Мәида» сүресінде әркімге бөлек-бөлек жол салған болса, біздің Жолымыз – Қазақтың Жолы, Мұсылманның Жолы еді ғой! Неге Алла тағдырымызға жазған өз тіліміз бен дінімізден, салт-дәстүрімізден, Алланың қаһарына ұшырағандардың, Алла адастырғандардың («Фатиха» с. 7-а) тілін, киінуін, жүріс-тұрысын артық көреміз?! Әлбетте, бұл, Илләһи сауатсыздығымыздан!

Рухани сауатымыздың жоқтығы соншалық, Алла адастырғандар мен қарғағандарының ізімен жүргенде не оңамыз?-деп те ойламаймыз. Балаларымыздың солардың тілінде сөйлеп, үлгісімен жүргенін мәртебе көреміз*

Ермеміз, жалтақпыз. «Мұнафиқун» сүресінде: **«...оларды (мұнафиқтарды – адасқандар мен қаһарға ұшырағандарды) көрген кезде, тұлғалары сені таңырқатады. ...сөйлесе, сөздерін тыңдайсың...»** (4-а), -деген. Расында біздің қандастарымыздың көпшілігі, әсіресе, тегі нашар әйелдеріміз осылардың тұлғасы мен тіліне еліктейді. Бірақ, өзінің Алла алдында олардан көп есе артық екенін білмейді. Оларды тұлғада ірі етіп, сөйлегенде әуезді

* Бұл жөнінде «Құрандағы Қиямет пен қиялдағы Қиямет» атты кітабымыздағы «Дат, ағайын!» деген тақырыпта кеңірек айттық.

етіп қойғаны – бізді сынауға жаратқаны. Құранда біріңе, бірінді сынау қылдық («Фурқан» с. 20-а), деген. Біз бұған сақтық етуіміз керек.

Бірде бір жігерсіздер: «Орыс тілі әлемдік тілдер қатарында, олар күшті. Біз оларсыз ел бола алмаймыз...», -деп, оларды тағдырының Иесі – Алладан да жоғары қойып сандалды. ХХІ ғасырда қазақтың арасынан осындай надандар шығатынын білген Алла: «Бір топты басқа топтан үстем деген сылтаумен араларындағы анттарыңды бұзып, жібін мықтап иіргеннен кейін тарқатқан қатынға ұқсамаңдар. **Шын мәнінде Алла сендерді осымен сынайды.** Сондай-ақ, дүниеде қайшылыққа түскен нәрселеріңді Қиямет күні сендерге ашықтайды» («Нахыл» с. 92-а), -деген. Кімнің күшті екенін Алла біледі. Біздің оларды күшті деп, Алла белгілеген өз тілімізді шетке ысыруымыз, Алланың алдында жазаға жығады. Аятта: «...**Алла сендерді осымен сынайды...**», -деп ескерткен. Бұл деген сөз, Алланың бізге: «Олар бізден күшті», -деп соларға еріп, өз тілдеріңді ұмытасыңдар ма? Әлде Менен қорқып, тағдырларыңа Мен жазған өз тілдеріңді құрметтеп, қазақша сөйлеп, Менің ризашылығыма жетесіңдер ме? -дегені. Біз мұны жақсы білуіміз керек!

Бірде балалар ойын алаңына немерелерімді ертіп бардым. Жас әйел баласын ойнатып жүр. Оған орысша сөйлейді. Мен ана тілдің Алланың белгісі екенін түсіндірдім. Ол: «Бұл орысшаны теледидардан өзі үйренген», деп өзін арашалады. Мен қазақша арналарды көрсетуді ескерттім. Ол: «Қазақша арналарда адам қызығып тамашалайтын не бар?!» -деді.

Мен: «Сенің үйіңдегі қымбат жиһаздарың, шетелдік жарқыраған аспалы шамдықтарың... Маған керек, деп ойлайсың ба?» Үнсіздік. «Әлбетте, маған көк тиынға керек емес. Саған ғана керек. Сол сияқты Қазақ еліндегі не нәрсе болсын, қазақ үшін мақтаныш болуы, қастерлі болуы ләзім. Сен үйіңдегі маған керек емес дүниелеріңді жақсы көргенің үшін, ол үйің саған үй болып тұр. Қазақ елі де Құдай берген барын қазақстандықтардың аялауымен, мақтаныш етуімен ел болады...», -деп шамалы кеңес айттым. Жас болса да Ақылды әйел екен, әңгіменің мағынасын жақсы түсініп, пікірінен қайтты. Баласына қазақша сөйледі...

Әрбір пенденің өз тілінде сөйлемейді дегеніміз, өз тағдырына өзі қарсы келіп, «Хаж» сүресінің 38-аяты бойынша Аллаға жа-

ман көріну дегенді білдіреді. Құранның «Бақара» сүресінің 39-аятында: «...Аяттарымызды өтірік дегендер – дозақтық, олар онда мәңгі қалады», деп; «Әнғам» сүресінің 157-аятында: «...Аяттарымыздан ... бастартулары себепті жаман қинаумен жазалаймыз», деп; «Ағраф» сүресінің 37; 40-аяттарында: «Ең залым адам – ... Оның Аяттарын: «Бұл – бұрынғылардың ертегілері!»... деген адам», «Күдіксіз, Аяттарымызды жалғанға шығарып, Одан өздерін жоғары көргендерге көктің есіктері ашылмайды. ...олар түйе иненің көзінен өткенге дейін Жұмаққа кірмейді...», деп; «Таһа» сүресінің 20-аятында: «Кім Құраннан бет бұрса, ...оған Қиямет күнінде күнә жүктеледі», деп; «Бәлад» сүресінің 19-20-аяттарында: «...Аяттарымызға қарсы шыққандар; солар – солшылдар», «Олар дозаққа қамалады», -деп ескерткен. Бір ғана Аятпен емес, бірнеше Аятпен. Мұнан тыс «Нахыл» (23-а), «Фурқан» (21-а) сүрелерінде де Аяттардың үкімдерінен өздерін жоғары ұстағандардың соңының оңбасын айтқан. Демек, тағдырға жазған ұлттың тілінде сөйлеп, салт-дәстүр, дінімен жасамақ керек – өзім білемдіктен, Алланың қаһарына ұшыраған, адасқан, шайтани мысы басымдарға жалтақтаудан, қиялға еріп не ғайридіндерге жақсы көріну үшін лағудан сақтану керек! Құранда: «...Алладан жол-жорықсыз өз көңілдері ауған жаққа ілескеннен әрі адасқан кім бар?» («Қасас» с. 50-а)-деген. Алланың айтқанын тыңдау керек, көңілдің қалағанына ерсеңіз, ол – шайтанның азғыруы, Аяттардан өзіңізді жоғары ұстау болады.

Аяттардан өзін жоғары ұстау, Аяттарға қарсы келу деген сөз – «Құран Мұхаммедке түскен...» яки «Ол ескі заман адамдарының баяны, біздің заман басқа...», деп, Құранның барын біле тұра оқымау; Аяттарға сауатты амал жасамау; «Алла білмейді, мен білем», «Алланың айтқаны дұрыс емес, менің – өзімнің білгенім дұрыс»-деп немесе: «Әй, соныңды қоя тұршы! Құран басқа, заман басқа!»-деп қасарысу. Бұл – Алланың ашуын, қаһарын шақыру. Дозаққа сұрану.

Құранда: «Яһудилер де, Христиандар да сен олардың дініне кірмейінше, сенен риза болмайды. ... Өзіңе келген білімнен кейін (– осы ескертуден кейін) оларға еліктесең, көңілің қалағанына ерсең (– олардың үлгі-өнегесіне ерсең), саған дос та, жәрдемші де табылмас» («Бақара» с. 120-а),-

деген. Мұндағы **дос та, жәрдемші де** – жалғыз Алла ғана*. Біздің көптеген әжелеріміз бен апаларымыз жастығында жақсы көріну үшін соларға еріп, бүгінде бойынан әлі, жүзінен әрі кеткен шағында Алладан Рахым көре алмай, Алланың Мейіріміне жете алмай масқара болып жүр. Бұл – адасқандық. Бұлардың Ақыреттегі азабы – өз Жолымен жүрмегені үшін, Алланың қаһарына ұшырағандар мен Алла адастырғандардың азабынан көп болады. Өйткені, Алла Өзі жазған тағдырға – Аяттарына қарсы келгендерді жаман көреді, Қияметте оларға қарамайды.

Иә, біз Алланың Құран арқылы үйреткен Тура Жолын айтып отырмыз. Алайда, көпшілікті ойландырып жүрген екі жағдай бар. Олардың біріншісі: өзге тілде сөйлеп жүрген қазақтардың мал-жанының амандығы – олардың жазаланғанын көрмегені; екіншісі, қазақ жеріндегі өзге ұлттардың қай тілде сөйлеуі ләзімдігі.

Біз адамзат асығыстыққа жаралғандықтан әр нәрсенің қорытындысын тез көргіміз келіп ынтығамыз. Алла «Әнғам» сүресінің 67-аятында, әр хабардың қорытындыланатын уақыты барын, бірнеше Аятында әр нәрсенің шегі барын ескерткен. «Әли Ғыман» сүресінің 178-аятында: **«...қарсы болғандарға мұрса береміз. Олар Біздің мұрса беруімізді, өздері үшін қайырлы, деп ойламасын. ...күнәларын арттырсын, деп мұрса береміз»**,-деп, соңында қатты қинаумен жазалайтынын жасырмаған. Бұл мұрсаның берілуі Ақылдылардың оңға қайтуын, ақымақтардың күнәсін көбейте беруін күту деген сөз. Тағдырымызға Алла кеңшілік жасап, жалғаншыда әзірше жүрміз бе? Онда осы мүмкіндіктен пайдаланып, қазақ тілінде сөйлеп, өз салтымызбен, сәнімізбен өмір сүрейік. Бұл – «Мәида» сүресінің 48-аятын сауатты түсінгеніміз, «Рұм» сүресінің 22-аятындағы белгімізді мойындағанымыз, «Хаж» сүресінің 32-аяты айтқан, жүректегі Тақуалықты шындағанымыз, бұл – өзіміздің, жеке басымыздың пайдасы – Бейішке баруға сұрану.

«Бақара» сүресінің 211-аятында: «...Кім өзіне Алланың нығметі келгеннен кейін өзгертсе, күдіксіз Алла – қатты

* «Бақара» сүресінің 251-ші, «Хаж» сүресінің 40-аятының үйретуі – ескертуі бойынша Алла адам баласының бірі бірі арқылы қорғайды. Демек, әрбір кеңесін Құран Аяттарымен не Аяттармен мағыналас сахих хадистермен, өмір Шындығымен сипаттап айтқан Тақуа Сіздің досыңыз..

азап Иесі»,-деген. Алланың Аяттары – заңдылық әрі нығымет. Оған тиесілі бірдеңе, сіздің амалыңызбен өзгерер болса, сіздің де тағдырыңызда, өзіңізді қинайтын өзгерістер болады. Ұлттық тіл де Алланың нығметі. Бәлкім, өзге тілде сөйлеумен өмір өте берсе, алдыңыздан, «Нәбә» сүресінің 23-25-аяттарында айтылғандай, дозақта ғасырлар бойы тұрақтап, қайнаған су мен ірің ішетін тағдырлар шығар.

Нақты мысал келтірсек, бір көршіміз үй ішімен орысша сөйлеп, тірлік ететін. Бір ұл, бір қызы болды. Ұлы бір қолына шөлмегін, екінші қолына темекісін ұстап, 40 жасына шейін жүрді. Арада бір-екі үйленді де. Мұның араққорлығына әйел шыдай алмады. Туыстары да безе бастады. Табысты жұмыстардан шеттетіле-шеттетіле, ақыр көше сыпыратын жұмысқа орналасты... Және 20 жыл өстіп жүріп, қыстың күні далада қалып үсіп өлді.

Өмірге келгенде Алланың алдына ұялмастай болып барарлық не арттырды? Елге үлгі болып қалардай не тындырды? Өзімен бірге «ала кететін» не ұтты? Баста балаларына өздері теріс үлгі көрсеткен, атасы мен анасы осы баласының ақымақтығынан қан жұтып, түрлі ауруларға шалдығып, басын шайқаумен арманда кетті...

Міне, Алла жазған тағдырды менсінбегендіктің нәтижесі – осы. Өстіп, талай шаңырақ ортасына түсті, талай есіктер мәңгілікке жабылды. Егер ата мен ана қазақшылығын сақтап, Алла жазған тағдырға шүкір еткенде, ұлының обалына қалмас еді (3).

«Ағраф» сүресінің 40-аяты бойынша әлгі маскүнем ұлға аспанның есіктері ашылмайды. Ол Алла жазған тағдырды («Мүрсәлат» с. 23-а) ескермегендігінен және тиымдарға қарсы тірлік еткендігінен («Бақара» с. 219-а), «Ісра» сүресінің 80-аяты туралы түсінігі жоқтығынан, «Мәида» сүресінің 60-аяты хабарлағандай маймыл, доңыз не бұтқа табынушы болып, қайта туылады. Бұдан кейінгі тартар азабы тіпті көп, әрине.

Құранның «Ниса» сүресінің 59-аятында (4) басшыға бағынуды қаперге салған. Кезінде тұңғыш Президентіміз үш тілді игеруді ел алдына мақсат етіп қойды*. Бұл – білу мен ілімді

* Үш тілді оқыту КСРО кезінде де бар еді. Біз қазақ, 2-сыныптан орыс, 5-сыныптан ағылшын тілдерінде оқыдық. Қазір тек уақыт сұранысына сай, жедел игеру шаралары көрілуде.

байытудың дұрыс жолы. Көп білген Ақылды адам, Алланы тез табады және адаспайды. Ұқыптылық ететін нәрсе, Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, қазақтың қазақпен қазақша сөйлесуі ғана. Бір тексіздер: «Біз 74 жыл бойы, КСРО-ның тәртібінде болдық. Оның мемлекеттік тілі – орыс тілі еді...»,-деп, өзінің жігерсіздігін жасырады. Алла «Нахыл» сүресінің 92-аятында оларды көп деп, күшті, деп, оларға ермеуді айтса, 106-аятында, қысым көріп, Иманға қарсы келсе, бірақ, жүрегі Аллада болса, оның сол кездегі қарсылығы күнәға жатпайтынын, еркіндікке шыққасын Өзінің дұрыс Жолын тапса, өткені кешірілетінін ескерткен. Онда сылтауға сүйенбей, қазақ қазақпен кездескенде және отбасында қазақ тілінде сөйлеуі керек. Бұл – Алланың жазған тағдырына көніп, Оң Жолға қайтқандықтың белгісі.

Ақын Қадыр Мырза Әлі ағамыз:

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте,– деген. Бір сөзбен айтқанда әркімнің ана тілі – өзінің ары, ұяты. Оны білмеу мен аялап қорғамау – ар-ұяттан жаралған адамгершіліктің ісі емес. Ахмет Байтұрсынов бабамыз тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалатынын ескертіп кетті. Оны жоғалтатын кім? Алла. Неге? Тиесілі ұлт Алланың Аяттарын сыйламай, салған белгісін қастерлемейді. Сондықтан Алла сол тілді – сол ұлтты жояды.

Міне, осы қасіреттен Құдай сақтасын! Алла Өзіне қарсы келген талай тілді – талай ұлтты жоқ қылды. Қазақ тілі, қазақ ұлты жоғалуға тиісті емес. Өйткені, біз жалғыз Аллаға, Оның Періштелеріне, Елшілері мен Кітаптарына Иман келтірген Мұсылман халықпыз!

Сөздің басында, «Хұжрат» сүресінің 13-аятын талдаған жерде, бір тілде сөйлейтін ұлттың өз салт-дәстүрі болатынын айттық. Негізінде салт-дәстүр, деген, тілдің егіздің тайындай сыңары. Бұған біздің киіну мәдениетіміз де кіреді. «Ағраф» сүресінің 22-аятында, Адам (ғ. с.) ағамыз бен Һауа (р.а.) анамыз шайтанға алданып, «...ұятты жерлері ашылып кетті. Жаннаттың жапырақтарынан үстеріне жапсыра бастады...»,-деп, 26-аятта: «Әй, адам баласы! Ұятты жерлеріңді жабуларың үшін киім және сәндік бұйым түсірдік. Негізінде Тақуалық киімі жақсы. Солар Алланың белгілері...»,-дейді де, ізінен: «...шайтан

ата-аналарыңның, ұятты жерлерін көрсету үшін киімдерін шешіп, Жаннаттан шығарғаны сияқты, сендерге де сұмдық жасамасын. Өйткені, ол және оның сыбайластары, сендерді, сендер оларды көрмейтін жерден көреді. Біз шайтандарды, Иман келтірмегендерге дос қылдық», - деп сақтандырады. Демек, әурет жерлерді жаба киініп жүру де Алланың белгілерінен.

«Ахзап» сүресінде: **«Әй, Пайғамбар! Жұбайларыңа, қыздарыңа және Момын әйелдерге айт: «Үстеріне бүркеншіктерін орансын. Бұл олардың танылуларына, сондай-ақ, кейітілмеулеріне жақынырақ. Алла Тағала – аса Жарылқаушы, тым Мейірімді» (59-а),**-деген. «...танылуларына...», - дегені, Әл-Халиқу Алланың Мейіріміне жету; «...кейітілмеулеріне...», - дегені Иmandылығының бағалануы.

Екіншіден, Мұхаммедке (с.ғ.с.) айтылған үкім, бұйрық, өсиет – Аллаға және Елшісіне Иман келтірген әрбір Мұсылманға тиесілі, деген сөз... Мұндағы жұбайлар Мұсылманның әйелі болса, қыздар – Мұсылманның шаңырағында туылған перзенттері. Демек, әрбір Мұсылман отбасының мүшесі де бүркеншігін оранып жүруі тиіс. Біз қымтану мен орану деген сөздерді түсінуіміз керек. Қымтану – қазақтың салтында жоқ. Орану – ора, орау, деген сөзден. Осы сөзді сауатты түсінген біздің мамаларымыз, аналарымыз, апаларымыз бастарына орамал орап, тамақтарын, көкректерін көйлектерінің жағасын жетістірумен жауып, ілешек киіп өте жарасымды жүрген. Құранның Аяттарын Алланың Сөзі деп, Иман келтірген, Алладан қорыққан. Солар сияқты бүгінгі әрбір қыз, апа, әже – басына орамалын тартып (орап) жүргені – өзіне Бейішке баратын Жол салғаны деген сөз.

Ал енді көпшілікке ой салатын екінші мәселе, күллі қазақстандықтар қайсы тілде сөйлеуі керек? - деген сұрақ. Әлбетте, мұның жауабы әрбір биік Саналы адамға өте түсінікті. Сонда да қайталап айтайық, олар қазақтармен тек қазақ тілінде сөйлесуге тиіс. Өйткені, Құранда: **«Сендерді жақсылыққа шақыратын, ізгілікті бұйыратын, жамандықтан тиятын бір топ болсын. Солар мұратқа жетушілер» («Әли Ғымран» с. 104-а),**-деген. Біздегі топ – Қазақ елінің Үкіметі. Біздің Үкіметіміз Ата заңымызда қазақ елінде мемлекеттік тіл – қазақ тілі, деп көрсеткен. Мұны әрбір қазақстандық білуге және орындауға міндетті.

Екіншіден, Құранның «Әнфал» сүресінің 61-аятында: **«Егер олар бейбітшілікке бейімдесе, сен де оларға бейімдел...»**,-деп, «Тәубе» сүресінің 7-аятында: **«...Олар сендерге түзу сыңай байқатса, сендер де оларға түзу ыңғай көрсетіндер. Алла сақтанушыларды жақсы көреді»**,-деп, құрметке – бітімшілікке ыңғай білдіргендерге бейімделуді мұқияттаған.

«Хұжрат» сүресінің 13-аятын талдаған бастауда, әр ұлттың өз Отаны болатынын түсіндіріп өттік. Енді мұны «Әнфал», «Тәубе» сүрелерінің осы Аяттары тұрғысынан пікірлесек, Қазақстанда жасайтын басқа ұлттар, қазақтар өз жерінде жасауға келісім бейімін білдіргесін, түзу сыңай байқатып отырғасын, олар да сол бейімге, түзу сыңайға сай, қазақ тілінде сөйлеп, қазақтың салт-дәстүрін сыйлауы ләзім. Бұл – Алланың үкімі. Бұл – бірліктің, тыныштықтың кепілі; екіншіден, Алла жазған тағдырды мойындау. Қарсы болғандарды Алла жақсы көрмейді. Себебі, Ислам өзара сыйластықтың, түсінісудің, тыныштықтың, келісімнің, мойынсынудың, бітімшіліктің діні.

Тұңғыш Президент – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: **«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде»**,-деп жиі айтатын. Расында, біз 131 ұлттан құралғанымызбен, бір Отанда жасап жатқандықтан, бір Туға, бір тілге бірігуіміз керек. Туымыз Мәңгілік Ел – Тәуелсіздік туы; тіліміз – жергіліктің халықтың тілі – қазақ тілі. Сонда біз Алланың айтқан Жолымен жүрген болып, Оның Рахымына бөленеміз.

*Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): **«Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...»**. («Бақара» с. 272-а) **«Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік.»**(«Фурқан» с. 56-а) **«Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың»**, («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: **«Сен оларды зорлаушы емессің»**,-деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.

Құранда: **«Әлде кім ізгі іс істесе, өзі үшін; кім жамандық істесе, ол да өзі үшін...»** («Жасия» с. 15-а), **«Адамзат еңбегіне жараса ғана табысқа ие болады»** («Нәжім» с. 39-а)-деген...

1. «Мүрсәлат» сүресінің 24-аяты: Алланы, Оның Аяттарын **«Өтірікке шығарушыларға сол Күні нендей өкініш!»**

2. «Бақара» сүресінің 155-аяты: «Алла Тағала. Одан басқа еш Тәңір жоқ. Ол – Тірі, толық Меңгеріп Тұрушы, Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктердегі және жердегі нәрселер Оған тән. Оның құзырында Өзінің рұхсатынсыз ешкім шапағат ете алмайды. **Олардың алдарындағыны да арттарындағыны да біледі.** Олар, Оның қалауынан басқа еш нәрсе білмейді. Оның Күрсісі (Білімі) көктер мен жерді сыйдырады. Оған, ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Және Ол – өте Биік, аса Зор».

«Хаж» сүресінің 76-аяты: **«Олардың алдарындағыны да, арттарындағына да жақсы біледі.** Сондай-ақ барлық іс Аллаға қайтады».

3. «Жүніс» сүресінің 62-аяты: **«Біліндер! Расында, Алланың достарына қауіп-қатер жоқ әрі олар қайғырмайды».**

«Әли Ғымран» сүресінің 132-аяты: **«Аллаға әрі Елшісіне бойұсыныңдар, әлбетте, мархаметке бөленесіндер».**

«Ниса» сүресінің 96-аяты: **«Алладан дәрежелер, жарылқау және марқамат бар. Алла – өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді».**

4. «Ниса» сүресінің 59-аяты: **«Әй, Момындар! Аллаға бойұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бойұсыныңдар. Егер бір нәрсеге талассаңдар оны Аллаға, Пайғамбарға ұсыныңдар. Егер сендер Аллаға, Ақырет күніне Иман келтірген болсаңдар, міне, осы қайырлы да, нәтижеде жақсы».**

Алланың Жолы – Ақылдың Жолы, бас амандығының кепілі

«Мықты болсаң, айлықты да, байлықты да жоқтама...».

Қадыр Мырза-Әлі.

Исламның алғашқы жылдарында, Мұсылмандар, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) басшылығында жаумен шайқасып, жеңіске жетеді. Расулалла (с.ғ.с.) олжаға түскен қойларды бірнеше сахабасының алдына салып беріп, Өзі (с.ғ.с.) қалған сахабаларымен олардан бұрынырақ кеткен.

Шопандар қойларды жайып айдап, сахараны кешіп келе жатып бір байдың ауылына кез келеді. Өздері де, көліктері мен қойлары да шөлдеген. Байға осы жағдайларын баяндап, су сұрайды. Ол: «Сендер Мұхаммедтің дініндегі адамдарсыңдар!...»-деп, су бермей, қуып салады. Мұның барлығын Алланың Көріп тұрғанына сенімді олар: «Уа, Рәббім! Куәлікте Өзің жеткіліктісің ғой, бізді шөл апатынан аман сақта!»-деп өздерін Аллаға тапсырып кете береді.

Күн батқанша жүріп, күн ұясына отырғаннан соң, бұлар да осы жеткен жерлерінде қонбақ болып жайғасады. Ақшамды оқып алып, тынығуға кіріскен шақта, түйе мінген біреу жетіп келеді. Сөйсе, бұл – бағанағы су бермеген байдың малшысы екен: «Байды шаян шағып, халы ауыр – жатыр. Сіздерден үміті бар. «Келіп, маған дұға қылсын, малдарын суарсын, өздері су ішсін»,-деп мені жіберді. Жүріңіздер!»-дейді. Бұлар барып «Фатиха» сүресін бірнеше мәрте оқып, шаянның зәрін қайтарады. Бай жазылып, бұларға сый-сияпат көрсетеді...

Расында да, бұл сүреде: «...һидинәәс-сироотал мустақим»,-деген дұға бар. Мұның мағынасын қолымыздағы тоғыз аудармадан алдық. Олар сөйлемді әртүрлі құрағанымен, мағынасы: «Бізді Тура Жолға сала гөр. Нығыметіңе бөленгендердің Жолына...», «игілікке кенелткендеріңнің Жолына...», «Өзің нығметке бөлеген (ізгі Құлдарыңның) Жолына...»,-деп жалбарынған игі тілектерге саятын бір ғана мұқтаждық. Барлығының айтпағы бір-ақ сөз – Алла Тағаладан, Өзінің Тура Жолына салуын сұрау. Алланың Тура Жолындағы адам қандай адам, ол адам – Алланың аманатқа берген денсаулығына, абройына қиянат жасамайтын,

дұғада сұралғандай, Алланың нығыметіне, игілігіне бөленген адам – Ібраһим Халиулланың, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үлгілерін, Құран мен хадистен Ақылы арқылы тауып алып, сонымен жүрген адам. Ол адам – шайтан не нәпсісі түрткенде, «Ағраф» сүресінің 200-201-аяттары бойынша Алланы есіне алатын, мына дүние мұраты үшін (1) Иманын сатпайтын адам. Алла бұйыртқан ырзық несібесін адал еңбегімен тауып жейтін, оған қанағат ететін, бұл дүниенің өткінші сынақ дүниесі екенін жүректен түсініп, ешкіммен бақ таласпайтын адам, өзінен озғандардың байлығы мен дәрежесін қызғанбайтын адам (2);

бұл – ішкі мәдениеті таза адам, еңбекшіл адам, өнерлі адам, ғылым-білімге құштар адам, өсек тындамайтын адам, өсек айтпайтын адам, ешкімді кемсітпейтін адам, барлық адамның пенде екенін түсінетін адам, кешірімшіл адам, мейірімді адам, сабырлы адам, қайырымды адам, барлық адамды бауырындай сыйлайтын адам, барлық әйел жұртын анасындай, апа-қарындасындай, өз қызындай аялайтын адам, зекет-садақаға сақи адам, пейілі кең адам – кең ойлы адам (3).

Неге бұларды тергіштедік? Барлығын бірауыз сөзбен айта қоюға болатын еді ғой!

Тергіштеген себебіміз, жүрегінде осылардың барлығы Толық адам (Абай), Алланың Құлдарының арасындағы дұғасы қате кетпейтін таза Құлы болады да, осы абзал қасиеттерінің шарапатымен ауырмайды, пәлекеттерге ұшырамайды. Әлгі дұғадағы: «Тура Жолға сала гөр!»-дегені: «Құранның Жолына, Пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Жолына сала гөр, мен Сенің және адамзаттың дұшпаны – лағнеттелген шайтанға алданып, дүниенің ізіне түсіп, бәлелерге ұшырамайын, ауруға шалдықпайын!»-дегені. Адамды ауру ететін де, пәлекеттерге кезіктіретін де пендешіліктен кеткен қателіктер. Яғни, басы – тамаққа қомағайлық, сосын осы дүниенің атақ-даңқына, байлығына, лауазымына, мақтанына ессіз елту, қарсыласымен іштей не сырттай шайқасып жүріп, жүйкесін шаршату не соққы алу жолымен денсаулығын құртуы; біреулердің мақтаншақтық етіп, біреулердің атақ-даңқ, лауазым қызығына қалықтап бара жатып, жол апаты не басқалай пәлекеттерге сүрінуі...

Бұл мінездердегі адамның барлығы да, Алланың кеңшілігі шекке жеткен бір күні (4) масқара болып тынады – содан

жазаға тартылады не ауруға құл болады. Ауру не талап қылса, соны орындаумен өмірі (5) өтеді. Ашығырақ айтқанда, Алла Өзінің Мейіріміне бөлеп, кеңшілік беріп еді. Ол оған шүкір етіп, құлшылыққа жығылуға тиіс болатын. Тақуалыққа жетуге ұмтылуы ләзім еді. Ол оны істемеді, шайтанның қызық көрсеткендеріне (6) алданды. Әл-Мисақтағы уәдесіне қиянат қылды. Сосын Алла оны шайтанға (7) тастады. Ол оның үміттендіргеніне алданып жүріп-жүріп, әбден сарқылып, ауру тауып тынды. Енді ол сол аурудың жайын жасаумен таң атырып, күн батырады.

Халқымыз: «Әркім қылса – өзіне», - дейді. Ал, Құранда: «... **Оларға Алла зұлымдық етпейді, бірақ, олар өздеріне өздері зұлымдық етеді**», «...сендерге Раббыларың тарапынан ашық дәлелдер келді. Кім оны көрсе, өзі үшін; және кім көрмесе зияны өзіне...», «...кім Тура Жолда болса, өзі үшін Тура Жолда болады. Ал, енді біреу адасса, өз зиянына ғана адасады...», «**Біз оларға зұлымдық қылмадық. Олар өздеріне зұлымдық етті**», «**Егер игілік істесендер, өздерің үшін жақсылық істеген боласыңдар; ал, жамандық істесендер тағы өздерің үшін...**», - деген және осылармен мағыналас бірнеше Аяттар бар. Осылардың барлығы адамдарды, шайтанға алданып, дүниеқоңыздық етпей, лауазым-даңқ кумай, пендешіліктен қашып, Әділдік пен Адалдықты сүйіп, Алланың Өзінің ғана Құлы болуға шақырады.

Елімізде шайтанға алданғандардың бірсыпырасының айықпас ауруға мәтәл болып, бір тобының түрмеге түсіп тағдыр кешкенін БАҚ-тар арқылы біліп, есітіп отырмыз. Осы қасіреттердің түбі қайдан? Жоғарыда біз атаған пендешілік кемшіліктерден. Мұны жақсы білмейтіндер: «Сынақ. Алланың сынағы», - дейді. Бұл сынақ емес (8). Бұл – тағдыр. Жаңа айтқанымыздай, бұл – әр-Рахман Рахиимнің кеңшілігі белгіленген шекке жеткенге дейін, өзін күнә істеуден тыймағандарға берген жазасы.

Ілгеріде ауру адамдар дәрігерге, тәуіпке қаранып жүргенімен ауруын елге сездіре қоймайтын. Бұнысы Мұсылманшылық Жолына дұрыс амал жасамай, өз денсаулығына өзі қиянат жасағанының әшкереленуіне намыстанғаны екен. Расында, саңылаулы адамның өз-өзіне зұлымдық жасауы – оның білімі мен парасатына үлкен кемшілік.

Бұл кемшіліктен сақтанғысы келген, болашағынан үміті бар пенде Аяттарға қасарыспай, Аллаға иілу – Кәлимасына адал

болуы ләзім; (9) екіншіден, Құлдарының бойында осалдық ба-рын білетін Мейірімді Алла, тәубе етіп, Иман келтіргендердің жамандықтарын жақсылықтарымен алмастыратынын айтқан (10). Демек, міндетсіз қайырымдар мен жақсылықтар, сауаптар жасау керек. Зікір мен құлшылық және міндетсіз садақа, зекет, пітірлер (11) беру керек.

Бұл дүние тіршілігінде көп жағдайларды салыстырып жүреміз. Тартысқа толы дүниеде ылғи Әділдік пен әділетсіздік «соғысып» жатады. Пендені ауруға ұшырататын да осы «соғыстар». Алайда, біз, дініне қарамай, Әділдікті жақтағандардың жеңіске жеткеніне куә боламыз. Неге? Себебі, Алланың бір есімі – әл-Ъадилу. Ол Құлдарын сынау үшін әр қайсысына Өзі бөлек-бөлек Жолдар салып қойған (12). Сондықтан Ол, мейлі Ақырет тірлігі болсын, мейлі осы дүние тірлігі болсын, Құлдарынан кім Әділдік жағында тұрса, әл-Ъадилу Алла оның Мұсылман, ғайридін не құдайсыздығына қарамай, сол жерде, онымен бірге. Бұл деген сөз – Әділдікті жақтаған адам, Алламен бірге деген сөз. Әділдіктің үлкені – өз басындағы әділетсіздікті жеңу, пендешілікті өлтіру, Аллаға берген уәдені (13) қорғау.

Жоғарыда «Пайғамбарлар қиссасының» аяғында Хәкім Лұқманның баласына айтқан, Құран тастықтаған кеңесін жаздық. Енді ел аузында жүрген тағы бір өсиетін де келтіре кетейік: **«Балам, екі нәрсені ұмыт, екі нәрсені ұмытпа, төрт нәрсеге ұқыпты бол, алты бәледен сақтан»**, -депті.

Баласы бұл жұмбақтардың анығын сұрағанда Хәкім былай таратыпты: **ұмытуға тиіс екі нәрсенің біріншісі** – біреуге жасаған жақсылықты ұмыту. Әрбір қайыр-садақа, түрлі жақсылықтар Алланың ризашылығынан ғана үміттеніп істелінуі ләзім. Сондықтан оның қайтымын тек Алладан күтіп ұмыту керек. Егер ұмытпай жүрсең, ол да міндет еткенге жатады – «Бақара» сүресінің 264-аятында айтқандай, зая садақа болады әрі оны ойында сақтаумен жүйкеңе салмақ саласың, сөйтіп жүргенінде жақсылық жасаған адамың саған қарайласа алмай қалса, тіпті, қатты әсер етеді...

Екіншісі – біреудің жасаған жамандығын ұмыту – кек сақтап жүрмеу. Кектену – жүйкеге артық жүк. Өзің дұрыс болсаң, ешкімнің жамандығы Алладан бұйрықсыз саған әсер етпейді (14). Бұл екі ұмытудың екеуі де «Әли Ғымран» сүресінің 134-аятына дұрыс амал болып, жүйкені азаптанудан қорғайды.

Төрт әдепсіздік: бірінші, барған үйіңнің дүние-мүлкіне тамсанып, көзіңді сүзу; екінші, әйеліне, қыздарына сұқтану; үшінші, намазда көңіліңнің Алладан басқада болуы; төртінші, тамақ жеп отырғаныңда қанағатты ескермеу. Бұл төрт әдепсіздік – кезкелген адамды жексұрын ететін, елге масқара қылатын, абройын төгетін, қадірін қашыратын әдепсіздік. Өзін білген, осы әдепсіздіктерден аман болған адам, Алланың қамқорлығындағылардың тобында тұрады.

Алты бәле: көзден сақ бол, тілден сақ бол; өсек айтпа, өтірік айтпа; нәпсіңді тый, непсіңді тый. Көз бен тілден сақтайтын амалдар: садақа, уақытылы берген зекет пен пітір және намазда, оңаша зікірлерде оқылатын «Ықылас», «Фалақ», «Нәәс» сүрелері. Алланы жиі зікір етіп, жүректе ұстаған адамды бұл амалдар мен сүрелер қоршап тұрады, шайтанның жолын байлап, маңына жолатпайды.

Міне, ауырмаудың және бәлекеттерге тап болмаудың Құран айтқан, Құраннан шығарып халық айтқан тәсілдері осылай. Зер салсаңыз мұның барлығы Рухтың таза сақталуына жасалған амалдар...

Ауруға байланысты және бір Шындық, бұл – ауру тудыратын мінездің тұқым қуалайтыны. Жоғарыда Құдайға жағатын – Оған жақындататын жақсы мінездер мен амалдарды тізіп атадық. Ал, ауру тудыратын мінез, әлбетте, жақсы мінез болмайды. Ол – Алланың Аяттарына қарсы амалдар. Сондықтан Алла ондай мінезділерді шайтаннан қорғамайды.

Құранның «Ісра» сүресінің 72-аятында (15), нашүкірлерді Қияметте соқыр етіп тірілтетіні айтылған. Бұл да ғылым сырын аша қоймаған Аяттардың бірі.

Алдымен Қиямет туралы айтайық. Біз Қияметті Құраннан оқи отырып, баршаға бірдей келетін: жер тарту, су апаты, көктен тас борау, соғыс, жау басу, босу, жұқпалы індет, ашаршылық т.б. сияқты аласапыран деп елестетіп, түсініп жүрміз. Алайда, оның солай, жалпыға бірдей келетіні де бар. Өз еліміздің тарихынан атсақ, «Ақ табан шұбырынды...», 30-жылдардағы босу мен ашаршылық, 1941-45 жылғы соғыс, 1986 жылға желтоқсан, 2022 жылға қаңтар... оқиғалары. («Мағарыж» с. 36-37-а). Бірақ, сонда да әркімнің өз жаны, өз тағдырымен қиналады.

Бұдан тыс жеке басқа келетін Қиямет те бар. Халық осы сөзіміз бен әркімнің өз жаны өз тағдырымен қиналатынын қосып: «Қиямет әркімнің басында», -деген. Ол рас та.

Соқырдың неше туысы болғанымен олардың әрқайсысының өз тағдыры, тірлігі, мүшкілі, хәлі бар. Оның жаны алаңдаған жайлармен ол туыстардың жаны мазасызданбайды. Сезгенімен қолынан келер шара болмағасын, соқырдың басындағы Қияметі өзімен қала береді. Алланың Қияметте баста жаралғандағыдай, жалғыз-жалғыз келесіндер (16) деген мағынадағы Аяттары бұл пікірімізді тастықтайды.

Енді көзге келейік. Жүре келе батыл болғандардың жанынан айырылуына не себеп? Әлбетте, көздің қадірін ойлап күтпеуінен. Бұл тазалық пен медициналық күтім ғана емес, бұл – Рухани күтім. Атап айтқанда, арғы қанынан дарыған Рухани тектілік жолын ұстамаудан. Тибет емшілігіндегі тәсілдердің бірі – тектің қасиетін білу арқылы емдеу. Бұл бүгінде бізде де қолға алынған емшілік. Міне, осы ғылым біздің ауру тудыратын мінезге байланысты айтпағымызды толық тастықтайды. Әрбір адамның қанында бір асылдық бар. Әр адам сонысын біліп, өз жолымен жүргені дұрыс. Мәселен, біреудің бабалары сірә өсек айтпаған, ешкімді күндемеген, қанағатшыл, сабырлы болған. Осы жолды ұстаған ұрпақ ешбір аурумен ауырмайды. Ал, енді сол ұрпақтың бірі басқа біреуге еліктеп, дәстүрін бұзса, Алланың ризашылығына жете алмай, әлде қандай бір ауруға кезігеді. Себебі, оның өсек айтпайтын, өзгені күндемейтін, Әділетті шаңырақта туылуы, оған Алланың сыйы еді. Ол оны менсінбей шайтан қызықтырған жолға түсті. Бұл амал оны Алланың назарынан алыста қалдырды.

Көңіл күйге байланысты ауруының дауасын таппаған адамдар палшыға, тәуіпке баруға мәжбүр болады. Олардың Имандылары, Алланың жүрегіне салуымен (17) аурудың арғы аталарында не мамаларында тәуіптік қасиет болғанын айтып, сол жолға түссе, ауруынан жазылатынына кеңес бергенін талай естідік. Талайлар сөйтіп, ауруынан құтылды да.

Ал, тегі туралы жақсы білмейтіндер, құдайсыздар мен адасқандардың үлгісін ұстанып: темекі шегу, арақ ішу мен насыбай атудай нас әдеттерді үйренеді, оның үстіне біреулері: кекшілдік, дықшылдық, қызғаншақтық, қызғанышына іштей булығып жүру, ыссылы-суықтан күтінбеу сияқты парасатсыздықтармен жүйкеге артық салмақ салады. Бұл – Құран Аяттары мен сүндет-хадистерге қайшы (18) мінездер.

Міне осы, жаман мінездер мен дұрыс тамақтанбауға, нәпсінің итермелеуімен арақ сияқты жақпастарды пайдалану қосылып, жүйке шаршап, иммунитеттер әлсіреп, Алла белгілеген шекке жеткенде, түрлі аурулар тудырады. Соның бірі – көзге келген апат – батылдық шығар. Глоукома.

Біреулер, мұны тұқым қуалайды деп, салғырттық етеді. Бұл түсініктің қате екеніне соқыр ата-анадан туылған, жанары оттай перзенттер дәлел. Негізінде, бұл, мінезге тікелей байланысты. Алла біреу өзін түземей, оны түземейтінін «Рағыз» сүресінде (19) ескерткен. Тұқым қуалайды, деп жүргендер, тұқымында бар, Мұсылманға жат лағындық мінезден сақтанса, батылдың және басқа: суқұмар, қанқысымы, жүрек талмасы сияқты аурулардың алдын алған болады. Мұны біз мына жағдайлардан нақты көреміз: адамзат жарты құрсақ, тастөсек болып жүрген, 1930-65 жылдарға дейін қанқысымы, суқұмар, жүрек аурулары (кейінгі түрлері) жоқтың қасында еді. Өзіңіздің сол жылдарда өмір сүрген бабаңыз бен мамаңызды есіңізге алыңыз. Қарттықтан басқа ауруы болмайтын.

Екіншіден, біз, ертегілер мен дастандар арқылы бұл аурулардың ежелден барын білеміз. Бірақ, бұлармен көбіне патшалар, хандар, байлар не солардың қызы, баласы ауырған. Себебі, олар әлуегінің күштілігінен бірнеше түйіткілдерді өзіне өзі жинайды: бірінші, байлығын еселей түсудің жолдарын ойлап, Алланы ұмытады, яғни, байып алсам барлығына жетемін, деп, байлығын Аллаға серікке қосады; екінші, тәкаппарлық пайда болып ортамен араласуы қиындайды; үшінші, бәсеке намысы оянып, қол жетпесті алуға жан салады; төртінші, бәсекелесімен, ортамен арада қайшылықтар туындайды...

Бұлар жүйке жүйесін еркінен тыс, тынымсыз жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Нәтижеде, ауру пайда болады.

Демек, тұқым қуалайды, деп жүрген аурулардың бірсыпырасы, тоқшылықтан пайда болған лағындық мінезден және тәтті тамақ пен дүниеге жөнсіз ынтығудан.

Дәрігерлер ауру дұрыс тамақтанбаудан деп, тамақтану тәртібі мен демалысты айтады, бірақ, ауруға тектік қасиетті үйреніп, оны қорғамау мен дүниеге есепсіз құнығудың зияны туралы ескертпейді. Себебі, бұлар медицина ғылымына әлі кірмеген.

Құранда ескертілгендей, бала да, байлық та сынақ үшін берілген. Біз баланың кесірінен де ауырамыз, байлықтың аза-

бынан да дерттер табамыз... Бұларды Ақылды пайдаланудың өзі – Аллаға басқалардан гөрі жақын болуға үлкен мүмкіндік. Ал, Аллаға шынымен ықыласты адам ауырмайды.

Әзіреті Әли (р.а.) қалдырған бір өсиетте білімнің таусылмайтын байлық екені, оның иесін қорғап жүретіні, ал, байлықты өзің қорғап жүретінің айтылған. Және бір хадисте байлықтың қорғаны, жау алмас қамалы – тарынбай, алағаусыз адал жүрекпен берілген зекет екені ескертілген.

Ислам бізге, осындай азаптарға тосылмайтын Тура Жолды сілтей отырып: «... **«Раббымыз! Бізге дүниеде де жақсылық бер әрі Ақыретте де жақсылық бер. Және тозақ отының азабынан сақта!»...**» («Бақара» с. 201-202-а),-деп, **«Намазым, құлшылығым, тіршілігім және өлімім бүкіл әлемнің Раббы Алла үшін...»...**» («Әнғам» с. 162-а),-деп, **«...Раббым! Мені (кірер жеріме) Шындықпен кіргіз де, (шығар жерімнен) Шындықпен шығар. Әрі Өзіңнің қасыңнан жеңіс көмек ет...»** («Ісра» с. 80-а),-деп дұғалар жасап келешегімізге қамданып, осы дұғалармен жүруімізді ескерткен.

Әңгіменің қысқасын айтқанда, ауру тұқым қуаламайды, ауру тудыратын мінез тұқым қуалайды. Бір ата мен анадан туылғандардың, бірінің мінезі әкесі жағына, екіншісінікі ана тұқымына тартады. Қайсысында ауру тудыратын мінез болса, мінезі ұқсас бала да сол аурумен ауырады.

Егер біреу керемет балуан болса, дереу өз тегін, нағашы жұртын зерттей бастаймыз. Сол сияқты аурудың да бірнеше түрі тектегі мінезден келеді.

Мұны білген жан, ертерек Алланы мойындап құлшылыққа жығылып, зікірді көбейтіп, Алланың досына айналса, ауру тудыратын мінезден құтылады, тегіндегі аурудан аман болады.

Теріс мінез – қырсық, кеше адамдар үйір болатын мінез. Мұның түбі – шайтаннан. Адамды сәтсіздіктерден, бәлекеттерден, аурудан, жала-наладан қорғайтын – Рухтың, Жан дүниенің тазалығы.

Ағзаның арасында, ми бұрын қартаяды, дейді ғалымдар. Бірақ, неден қартаятынына, Шындықты жасырып, дұрыс жауап айта алмайды. Жасыратын Шындығы – Құран Аяттары. Құран адал мен арамды көрсетіп берді. Демек, ми арқылы ізденетін ғылымның да, ойлайтын ойдың да адал, арамы бар. Қашанда адал ойлармен, адал пікірлермен, адал ішіп-жейтіндер, ағзаларын азаптамайды,

ағзалардың саулығына қиянат етуден сақтанады: темекі, насыбай, есірткі, арақ-шараптан; көзін арамдарға – ұятсыздықтарға қараудан, құлағын өсектен, нәпсісін қомағайлықтан қорғайды. Ыссылы-суықтан күтеді. Мұндай жоғары парасатты адамдардың миы ұзақ жылдар жақсы жұмыс істейді.

Біз өзіміздің бір негізіміз – нәпсі екенін дәлелдедік. Біздің Иманымызға қиянат жасаттырып, байлық қудыратын, Құран Жолынан шығаратын осы нәпсі. Бізді психологиялық соғыстарға итермелеп, денсаулығымыз бен бас амандығымызға өз еркімізбен опасыздық еттіретін де осы нәпсі. Егер біз көзіміз қимас – нәпсіміз жақсы көрген нәрсемізді, жаман мінезімізді Алланың ризашылығы үшін садақа қылсақ, нәпсіні сындырған боламыз. Нәпсінің сынуы – шайтанның масқара болуы.

Нәпсісі мен шайтанның талабынан Иманының талабын жоғары ұстаған адам – Алламен бірге. Ол ауырмайды, ешқандай апаттар мен пәлекеттерге де кезікпейді, Иншалла!

*Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): **«Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...»**. («Бақара» с. 272-а) **«Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік.»**(«Фурқан» с. 56-а) **«Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың»**, («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: **«Сен оларды зорлаушы емессің»**,-деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.

Құранда: **«Бастарыңа келген бір ауыршылық, қолекі істегендеріңнің салдарынан болады...»** («Шура» с. 30-а),-деген...

1. Бала, байлық – сынақ екендігі, осы дүниенің ғана алданышы екендігі, Ақыреттің қайырлылығы жәйлі: «Әли Ғымран» с. 14; 185-186; «Әнғам» с. 32; «Жүсіп» с. 109; «Рағыз» с. 26; «Кейф» с. 7; 46; «Таһа» с. 131; «Қасас» с. 60; «Ғанкабұд» с. 64; «Фатыр» с. 5; «Ғафур» с. 39; «Шура» с. 36; «Зұхрұф» с. 33-35; 53; «Мұхаммед» с. 36; 38; «Хадид» с. 10-11; 20; «Мұнафиқун» с. 9; «Табағұн» с. 15; «Ағла» с. 16-17; «Доха» с. 4-5-а.

2. «Бақара» сүресінің 247-аяты: «Оларға Пайғамбарлары:

«Дау жоқ, Алла сендерге Талұтты патша сайлады»-деді. Олар: «Оның бізге патшалығы қалайша болады? Одан көрі патшалыққа біздер лайықпыз. Сондай-ақ, оған малдан да кеңшілік берілмеген еді»-десті. Пайғамбар: «Негізінен сендерге оны Алла сайлады да өзін білімде әрі тұлғада артық қылды. Алла әкімшілікті қалағанына береді. Алла – әр нәрсені кеңінен Білуші»-деді».

«Ниса» сүресінің 53-54-аяттары: «Олардың әкімшіліктен бір үлесі бар ма? Ондай болса олар адамдарға түк бермес еді», **«Немесе олар, Алланың Өз кеңшілігімен адамдарға бергенін қызғана ма? Расында, Ібраһимнің (ғ.с.) жұрағатына Кітап, хикмет және зор патшалық берген едік».**Және «Әнғам» с. 165; «Нахыл» с. 71; «Зұхрұф» с. 32-аяттары.

3. «Әли Ғымран» сүресінің 134-аяты: **«Олар кеңшілікте де, таршылықта да Алла Жолында мал сарып қылғандар. Сондай-ақ, олар ашуларын жеңушілер, адамдарды кешірушілер. Алла (Т) жақсылық істеушілерді жақсы сүйеді».**

4. «Бақара» сүресінің 126-аяты: Сол уақытта Ібраһим (ғ.с.): «Раббым! Бұны бір тыныш қала қыла көр! Және оның тұрғындарынан кім Аллаға, Ақырет күніне Иман келтірсе, әр түрлі өнімдермен ризықтандыр»-деп, жалбарынды. (Раббы): **«Кім қарсы болса, оны да аз (күнгі дүниеде) пайдаландырамын, сонан соң оны (Ақыретте) от азабына зорлаймын. Ол, барар орынның жаманы»-деді».**

«Әли Ғымран» сүресінің 178; 196-197-аяттары: «Ал және ... **қарсы болғандар, (құтылдық демесін) – негізінде, оларға (Біздің) мұрса беруімізді, өздері үшін қайырлы, деп әсте ойламасын. Шын мәнінде күнәларын арттырсын, деп қана мұрса береміз.** Сондай-ақ, олар үшін қорлаушы азап бар». «(Мұхаммед с.ғ.с.) **қарсы болғандардың мемлекеттерде кезіп, айналып жүруі, сені алдамасын», «Азбір пайдаланудан кейін олардың орны – дозақ. Нендей жаман орын».**

«Әнғам» сүресінің 67-аяты: «Әр хабардың бір нәтижеленетін уақыты бар, Жақында білесіндер».

«Рағйд» сүресінің 32; 38-аяттары: «Расында, сенен бұрын келген Пайғамбарлар да тәлкек қылынған болатын. Сонда қарсы болғандарға *(тәлкек қылушыларға)* **кеңшілік беріп барып, сонан соң *(тәубеге келмеген соң)* оларды қолға алдым».** «Расын-

да, сенен бұрын да Пайғамбарлар жібергенбіз. Оларға жұбайлар, ұрпақтар бергенбіз. Ешбір Пайғамбар Алланың рұхсатынсыз бір Аят келтіре алмайды. **Әр нәрсенің мезгілі жазулы».**

«Ібраһим» сүресінің 42-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Алла тағала залымдардың істегендерінен қаперсіз, деп әсте ойлама! **Шынында Алла оларды көздер шарасынан шығатын бір күнге дейін кешеуілдетеді».**

«Хыжыр» сүресінің 3-4-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) **оларды еркіне қой. Жесін, пайдалансын; дәмелері айналдырсын. Олар жуықта түсінеді».** «Ешбір жұртты белгілі бір мерзімсіз әсте жоқ етпедік».

«Нахыл» сүресінің 61-аяты: «Алла адам баласын олардың кесірлері себепті қолға алатын болса, жер жүзінде ешбір жандық қалмас еді. **Бірақ, оларды белгілі бір мерзімге дейін кешіктіреді.** Ал, қашан олардың мерзімі келсе, олар оны бір сәтке кейіндете де алмайды, ілгерілете де алмайды».

«Кеһф» сүресінің 58-59-аяттары: «Раббың – өте Жарылқаушы, мәрхамет Иесі. Егер оларды қылықтарының салдарынан қолға алатын болса, әрине, оларға азапты тездетер еді. **Дегенмен, олар үшін белгілі бір мерзім бар.** О заман олар, Алладан өзге паналайтын жер таба алмайды». «Олар зұлымдық еткен заманда, сол кенттерді жоқ еттік. **Солардың жоқ етілулері үшін де мерзім белгілеген едік».**

«Мәриям» сүресінің 84-аяты: «Олар үшін асықпа. Шынайы түрде **олардың күнін санаудамыз».**

«Таһа» сүресінің 129-аяты: «Егер **Раббыңнан бекітілген Сөз, белгіленген мерзім болмаса, әрине, істері біткен болар еді».**

«Нұр» сүресінің 14; 21-аяттары: «Егер **сендерге дүние, Ақыретте Алланың мәрхаматы, кеңшілігі болмаса еді, әрине, өсек тартқандарыңның салдарынан зор азапқа дұшар болар едіңдер».** «Әй, Момындар, шайтанның басқан ізін баспаңдар. Кім шайтанның іздеріне ерсе, күдіксіз ол, ұятсыздықты, жамандықты меңзейді. **Егер сендерге Алланың игілігі, Мейірімі болмаса еді ешбіреуің әсте ағармайтын едіңдер.** Бірақ, Алла қалаған Құлын ағартады. Алла – әр нәрсені Есітуші, Білуші».

«Фатыр» сүресінің 45-аяты: «Егер Алла Тағала, адам ба-

ласын қылықтары себепті қолға алатын болса, жер жүзінде ешбір жанды қалдырмас еді. **Бірақ, оларды белгілі мерзімге дейін кешіктірді. Қашан олардың мерзімі жетсе, сонда Алла Құлдарын толық көреді (жазалайды)».**

«Иасин» сүресінің 43-44-аяттары: «Қаласақ оларды суға батырамыз. Сонда оларға болысушы да жоқ, олар құтқарылмайды да». **«Бірақ, Біздің тарапымыздан бір мәрхамат және бір мерзімге дейін пайдалану болады».**

«Фуссилат» сүресінің 45-аяты: «Расында, Мұсаға (ғ.с.) Кітап бердік. Ол туралы да талас болды. **Раббыннан алдын ала бір үкім болмаса еді, әрине, араларында іс біткен болар еді.** Анығында олар Одан күдіктенуде».

«Шура» сүресінің 14; 21; 34-аяттары: «Олар өздеріне білім келгеннен кейін араларындағы көре алмастықтың салдарынан ғана бөлінді. **Егер Раббың тарапынан, белгілі бір мерзімге дейін Сөз бекіген болмаса еді, әлбетте, араларында іс біткен болар еді.** Расында, олардан кейін Кітапқа мұрагер етілгендер де әлбетте, одан шәк ішінде күдүктенуші». «Немесе дін тұрғысынан Алла бұйырмаған нәрсені оларға шарифат қылатын ортақтары бар ма? **Егер Алланың шешімі бекіген болмаса еді, әрине, араларында іс біткен болар еді.** Күдіксіз, залымдар үшін күйзелтуші азап бар». «Немесе оларды қылмыстарының салдарынан жоқ етеді; **көбін кешірім етеді».**

«Нұх» сүресінің 4-аяты: «Күнәларыңды жарылқайды және **өздеріңді белгілі бір мерзімге дейін кешіктіреді.** Егер білген болсаңдар, **шын мәнінде Алланың өлшеулі мезгілі жетсе кешіктірілмейді».**

5. «Шура» сүресінің 30-31-аяттары: «**Бастарыңа келген бір ауыршылық өздерің өз қолдарыңмен (ақылдарыңмен) істеген жамандықтан келеді.** Және де Алла көп жамандықтарыңды кешіреді». «Сендер Алланы жер жүзінде осалдата алмайсыңдар. Сондай-ақ, сендерге Алладан өзге Ие де, Жәрдемші де жоқ».

6. «Хыжыр» сүресі 39-аят: «(ол): **«Раббым, мені қаңғыртқандығың үшін, әлбетте, адам баласына жер жүзіндегі нәрселерді жақсы көрсетіп, олардың барлығын адастырамын»-деді».**

«Кеһф» сүресінің 7-аяты: **«Біз адам баласының қайсысы**

жақсы амал істейді деп, сынау үшін жер үстіндегі нәрселерді жердің көркі қылдық».

7. «Зұхрұф» сүресінің 36-37-аяттары: «Әлде кім Рахманды еске алудан көз жұмса, **оған шайтанды ерікті қыламыз да сонда ол оның жолдасы болады**». «Күдіксіз, шайтан оларды Жолдан (Алланың Тура Жолынан) адастырады. Олар өздерін тура жолға түсірілдік, деп ойлайды».

8. «Бақара» сүресінің 155-аяты: «Әрине, сендерді қауіп-қатер, ашаршылық және малдардан, жандардан, сондай-ақ, өнімдерден кеміту арқылы сынаймыз. (Мұхаммед с.ғ.с. сондай жағдайларда) сабыр етушілерді қуандыр!».

9. «Хаж» сүресінің 38-аяты: «Күдіксіз, Алла Иман келтіргендерді қорғайды. Әрине, Алла бүкіл қиянатшыл қасарысқандарды жақсы көрмейді».

«Жасия» сүресінің 11-аяты: «**Бұл Құран – бір Жетекші. Сондай Раббыларыңның Аяттарына қарсы болғандар үшін, күйзелтуші азаптың қорлары бар**».

10. «Әли Ғымран» с. 195-аяты: «Сонда олардың Раббылары тілектерін қабыл етті: «Шын мәнінде Мен сендерден ерек, әйел амал істеушілердің амалын зая қылмаймын. Бір-біріңненсіңдер. **Және сондай босқандардың, жұрттарынан шығарылғандардың және Менің Жолымда жапа шектірілгендердің, соғысқандардың, өлтірілгендердің жамандықтарын жасырамын**. Сондай-ақ, оларды астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргіземін. Сыйлық Алланың қасынан. Әрине, сыйлықтың жақсысы Алланың қасында».

«Әнфал» сүресінің 29-аяты: «Әй, Момындар! Егер Алладан қорықсаңдар, Ол сендерге жақсы-жаманды айыратын қабылет береді әрі **жамандықтарыңды жойып, жарылқайды**. Алла – зор кеңшілік Иесі».

«Фурқан» сүресінің 70-аяты: «Бірақ, кімде-кім тәубе қылса, сондай-ақ, Иман келтіріп, ізгі іс істесе, **Алла олардың жамандықтарын жақсылықтарға ауыстырады**. Алла – өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді».

«Зұхрұф» сүресінің 35-аяты: «Өйткені, Алла (Т) олардың істеген істерінің жаманын жояды да, оларды істеген істерінің жақсысымен сыйлықтайды».

11. «Бақара» сүресінің 48; 245; 261-274-аяттары: «Біреу

үшін біреу күймейтін, шапағат қабыл етілмейтін, ешкімнен бодау алынбайтын және оларға жәрде де етілмейтін бір Күннен сақтанындар», «Кім Аллаға көркем қарыз берсе, Алла (Т) сол үшін онысын оған көптеген есе арттырып береді. Алла қалағанының пейілін кеңітіп, қалағанынікін тарылтады. Әрі Ол жаққа қайтарыласындар». «Алла Жолында мал сарып қылғандардың мысалы: Әр сабағында, жүз түйір өскен жеті сабақты ұрық тәрізді. Әрі Алла кімге қаласа, неше есе арттыра береді. Алла (Т.) – тым Кең, әр нәрсені Білуші». «Сондай қайыр істегендер, бергендеріне міндетсу, ренжіту араластырмаса, (беріп алып бұлданбаса, алушыны налытпаса, ренжітпесе) оларға Раббыларының құзырында сыйлық бар. Сондай-ақ, оларға қорқыныш жоқ әрі олар қайғырмайды». «Көркем сөз және кешірімділік, артынан бұлдану, кейіту араласқан садақадан жақсы. Алла (Т.) – Бай, Жұмсақ». «Әй, Момындар! Аллаға, Ақырет күніне сенбей, адамдарға көрсету үшін мал сарып қылған кісідей, садақаларыңды міндет қылу, ренжітумен жоймандар. Міне, соның мысалы: Үстінде топырағы бар тас сияқты, оған қатты нөсер жауса, (топырағын шайып) тас күйінде қалдырады. Олардың еңбектері еш болады. Алла қарсы болған елді Тура Жолға салмайды». «Сондай малдарын Алланың ризалығын тілеп, өз көңілдерін бекіту үшін Алла Жолында сарып қылғандардың мысалы: Көтеріңкі жердегі нөсер жауып екі есе өнім берген бақша тәрізді. Оған жаңбыр тимей, дымқыл тисе де өнім береді. Алла (Т.) – не істегендерінді толық Көруші». «Сендердің біреулерің, астарынан өзендер шығатын: Құрмадан, жүзімнен әрбір жемістері бар бақшасы болса да өзіне кәрілік жетіп, нашар жас балалары болса, сонда ол бақшаны жалынды құйын келіп өртеп кетуін қалай ма? (Әрине, қаламайды) Алла (Т.) түсінерсіңдер деп Аяттарын өстіп баян етеді». «Әй, Момындар! Табыстарыңның және сендер үшін жерден шығарған нәрселеріміздің жақсыларынан, тиісті орындарға жұмсаңдар. Ал және өздерің көздеріңді жұмып әрең ғана алатын сапасыз нәрсені Алла Жолында беруді ойламандар. Біліңдер, Алла – Бай, Мақтаулы». «Шайтан сендерді кедейлікпен қорқытады да арсыздықты әмір етеді. Ал, Алла (Т.) сендерге Өз қасынан жарылқауды, кеңшілікті уәде етеді. Алла – аса Кең, толық Білуші». «Алла (Т.) Хикметті (терең білімді) қалаған Құлына

береді. Ал, кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Бұны Ақыл иелері ғана түсіне алады». «Алла Жолында не берсеңдер немесе бір нәзір атасандар, күдіксіз Алла оны біледі. Және залымдар үшін ешбір жәрдемші болмайды». «Егер садақаларды көрнеу берсеңдер, сонда ол қандай әйбет (басқаларға жетекшілік болады). Егер оны жасырын беріп әрі оны пақырларға берсеңдер, әрине, сендер үшін сондада жақсы (Алушының абыройы қорғалып, мақтан араласпайды). Алла сендердің күнәларыңды жарылқайды. Сондай-ақ, Алла – істегендерінді толық Білуші». «(Мұхаммед с.ғ.с.) оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады. Ненде қайыр берсеңдер де өздерің үшін; Алланың ризалығын тілеп қана берсеңдер, Алла Жолында беретін қайыр өздеріңе толық төленеді әрі сендерге әділсіздік етілмейді». «Сондай Алла Жолында қамалып шықпай отырған, жер жүзінде жүре алмайтын, білмегендер, оларды абырой сақтағандықтарынан бай деп ойлайтын пақырларға беріңдер. Оларды бейнесінен-ақ, танийсыңдар. Олар адамдарға жабысып сұрамайды. Сендер не қайыр берсеңдер, расында, Алла (Т.) оны біледі». «Сондай малдарын күндіз-түні жария не жасырын Алла Жолында жұмсағандар жақсы, оларға Раббыларының сыйлықтары бар. Сондай-ақ, оларға қорқу жоқ әрі олар қайғырмайды».

12. «Мәида» сүресінің 48-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) саған шынайы түрде Құранды өзінен бұрынғы Кітаптарды растаушы және оларды қорғаушы түрінде түсірдік. Олардың араларына Алланың өзіңе түсіргенімен үкім қыл. Өзіңе келген Шындықтан айырылып, олардың ойларына еліктеме! Сендердің әрбіреулерің үшін бір жол-жоба қойдық. Егер Алла қаласа еді, барлығыңды бір-ақ үмбет қылар еді. Алайда, сендерге берген Жол-жобаларыңда сынамақшы. Ендеше жақсылыққа жарысыңдар. Біртұтас барар жерлерің Алла жақ. Ол сендердің таласқан нәрселерінді білдіреді».

13. «Ағраф» сүресінің 172-аяты: (Мұхаммед с.ғ.с.) сол уақытта Раббың адам балаларының белдерінен нәсілдерін алды да өздеріне куә етіп: «Мен, сендердің Раббыларың емеспін бе?»,- (дегенде,) олар: «Әрине куәміз» деген. Қиямет күні: «Бұдан хабарымыз жоқ» демендер.

14. «Зүмәр» сүресінің 38-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) расында,

олардан: «Көктерді, жерді кім жаратты?»-деп сұрасаң, әрине, олар: «Алла»-дейді. «Көрдіндер ме? Егер Алла маған бір зиян беруді қаласа, Алладан өзге шоқынғандарың Оның апатын айықтыра ала ма? Немесе Алла маған бір игілік қаласа, олар Оның игілігін тоса ала ма?»-де. **«Алла маған жетеді. Тәуекел етушілер Оған тәуекел етсін»-де.**

15. «Ісра» сүресінің 72-аяты: **«Бұл дүниеде Шындықты көрмегендер, Ақыретте соқыр әрі жолдан адасқан болды».**

«Таһа» сүресінің 124-аяты: «Ал, кім үгітімнен бет бұрса, сонда күдіксіз, оған бір тар тұрмыс болады. Сондай-ақ, **оны соқыр түрде жинаймыз».**

16. «Мәриям» сүресінің 80; 93-95-аяттары: «Сондай-ақ, оның айтқанына Біз ие боламыз да **ол Бізге жалғыз келеді**». «Көктер мен жердегі әркім Аллаға Құл болып келеді», «Расында, Алла оларды түгендеп, бір-бірлеп санын біледі», «Сондай-ақ, **олардың барлығы Оған жеке-жеке келеді**».

«Әнғам» сүресінің 94-аяты: «Расында, **алғаш рет жаратқанымыздай бізге жалғыз- жалғыз** келдіңдер. Сендерге берген нәрселерімізді арт жақтарыңа тастадыңдар. Сондай-ақ, қолдаушы болады, деп ойлаған серіктеріңді сендермен бірге көре алмаймын. Әрине, араларыңдағы байланыс үзілді. Ол ойлаған нәрселерің сендерден жым- жылас болды»-(деп айтылады)».

17. «Шура» сүресінің 51-аяты: **«Алла бір адам баласымен көкейіне салу түрінде немесе перде артынан ғана сөйлеседі** не бір елші жіберіп, өз бұйрығымен қалағанын уахи етеді. Күдіксіз Ол – өте Жоғары, Хикмет Иесі»

18. «Ісра» сүресінің 82-83-аяттары: «Құраннан Момындарға шипа және Рахмет түсіреміз. **Ол, залымдардың зиянын тым арттыра түседі**». «Біз адам баласына нығмет берген кезде, **жалтарып бір жағына қиырайып алды. Қашан бір сәтсіздік жетсе, мүлде күдер үзді**». Және «Жасия» сүресінің 20-шы, «Жүніс» сүресінің 57-аяты.

19. «Рағыз» сүресінің 11-аяты: «Әркімнің алды-артында, Алланың әмірі бойынша өкшелеп қорғаушы (Періштелер) бар. **Расында, бір қауым өзін өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді**. Сондай-ақ, егер Алла бір қауымға бейнет тілесе, сонда оны ешбір қайтарушы жоқ. Әрі олар үшін Алладан өзге бір жәрдемші де жоқ».

Пайғамбарлар қиссасы және ХХІ ғасыр

«Әрине, Пайғамбарлардың қиссаларында ақыл иелері үшін өнеге бар. Құран бір жасама сөз емес. Өзінен бұрынғы кітаптарды растайды. Сондай-ақ, Иман келтірген ел үшін әр нәрсені ашықтайтын Тура Жол және Игілік» («Жүсіп» с. 111-а)

Алла Тағала «Зүмәр» сүресінің 27-28-аяттарында: **«Ра-сында, Біз бұл Құранда, адам баласы үгіт алуы үшін әр түрлі мысалды түсірдік», «...Әрине, олар сақтанар»**-деген. Бәлкім, осы күнде кейбіріміздің орны толмас өкінішпен жүздесіп жүргеніміз, Құрандағы өсиеттерді ғана керексініп, қиссаларды бұрынғылардың басынан өткен оқиға, деп жеңіл қарағандығымыздан болар. Өйткені, Алла, «Һұд» сүресінің 120-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с) Саған Пайғамбарлар қиссасын көңіліңді орнықтыру мақсатында баян етеміз. Оларда саған Ақиқат және Момындар үшін насихат әрі ғибрат бар»**,-десе, «Жүсіп» сүресінің 111-аятында: **«Әрине, Пайғамбарлардың қиссасында ақыл иелері үшін өнеге бар. Құран бір жасама сөз емес...»**,-дейді. Расында, Алла да, Елшісі Мұхаммед те (с.ғ.с.) бос Сөз сөйлемейді («Жүніс» с. 15-а) – біздің бұл жалғаншы дүниеде шайтанға алданып жаза баспауымыз үшін бар Шындықты айтып, дәлелдерді баяндап, Тура Жолды көрсетеді.

Пайғамбарлардың басынан өткен оқиғалар – тарих. Олардан біз тағлым алуға міндеттіміз. Пайғамбарлар қиссаларынан алынатын ғибраттар имам ибн Касирдің еңбектері негізінде: А. Қадыров, Ж. Жақипов, Қ. Қыдыралыұлы бірігіп жазған «Пайғамбарлар қиссасында» жеткілікті. Біз сол кітапқа қосымша ретінде, кейбір Хикметтер мен үлгі-өнегені жалпақ тілмен кеңейтіңкіреп, алты Пайғамбардың қиссасын ғана жаздық.

***Әңгімені Әуелгі тегімізден – Адамның (ғ.с.)
жаратылуынан бастайық.***

Біз «Бақара» сүресінің 30-аятын жақсы білеміз. Ол – біздің тегіміздің жаратылу тарихы сөз болған Аят. Сонда Періштелер жерде Алланың Халифасы жаратылуына қарсы болған еді. Алла: **«Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін!»**-деп, Адам-

ды (ғ.с.) жаратып болып, оған бірнеше нәрселердің атауларын үйретіп, сосын оларды Періштелерге көрсетіп, аттарын сұрайды. Олар білмейтінін мойындайды. Алла: «Әй, Адам! Оларға бұлардың аттарын баян ет», -деп Адамға (ғ.с.) айтқызады (1).

Бұдан алатын білім: ілім-білім, даналық – барлығы Алладан ғана, біз тек Алланың үйреткенін, жүрегімізге салғанын («Шура» с. 51-а) ғана білеміз, айтамыз, істейміз, пікірлейміз. Бір нәрсені оқып үйренуге ынтықсақ, сол ынтығу Алладан. Оқып білу де Алладан. Алласыз ештеңе болмайды, ешкім ештеңе айта алмай, әлде не істеуге де қауқарсыз...

Біздің өте қырағылық етуге тиіс міндетіміз – жүрегімізге келген ойдың Құранға, Аяттар мен мағына – лас сахих хадистерге тікелей не жанама жақынын тани білуіміз. Ол ой – іс жүзіне асқанда, біздің шын мәніндегі пәк Имандылығымызды, адамгаршілігімізді сипаттап тұратын ой. Ол – Алладан. Ал,сақтанатын ойлар: қызғаншақтық, тәкаппарлық, қырсықтық, кертартпалық, өсімқорлық, кешелік, өтірікшілік, зинақорлық, жалақорлық, паракорлық, ғайбатшылдық, бақылдық, жалатайлық, алаяқтық, шағыстырушылық, кемсітушілік, озбырлық, көрсеқызарлық, дүниеқоңыздық, менсінбеушілік сияқты күнәға бастайтын ойлар. Бұлар – шайтаннан.

Бұл – **бірінші ғибрат** – Иләәһи ой мен шайтани қиялды айыра білу.

Келесі хикмет тәкаппарлықтан, қызғаныштан сақтануда. Бұл – Әуелден адамзаттыңдұшпаны болған шайтанның нәрмәрттігі. Ол – тегіміздің шүкір ету пейілінен айырылып, Бейіштен шығарылуына, бойымыздағы нәпсінің шектен шығуына басты себепші, ең үлкен дұшпанымыз. Әйтпесе, біздің өміріміз басқаша болар еді. Сондықтан бүгінгі және бұдан кейінгі күллі адамзатқа дұшпандық қана істейтін одан сақтану, әрбір адамның ең жауапты борышы болуға тиіс. Сақтанбасақ, ол күнәсіз, пәк, жүрегі Аллаға риясыз ғашық адамзатты тек нашүкіршілікке, сол арқылы күллі жамандыққа, қиянатқа бастап, Алланың тиым салған нәрселерін істеуге, айтуға мәжбүрлейді (2). Отбастарындағы бақытсыздықтар да, жеке адамның жақсының жетістігін қызғануы да, қылмысқа баруы да, дүниедегі бүлік те, қан төгіс те, паракорлық та, өсімқорлық пен зинақорлық та осы лағнеттелген шайтанның уәсуәсасынан.

Сонымен адамды жаратып болған Алла барлық Періштелерге Адамға сәжде етуді бұйырды. Алланың бұйрығын барлығы құп алып иілді. Тек шайтан тәкаппарсып: «Мен одан артықпын. Мені оттан жаратып, Оны балшықтан жараттың!»-деді. Бұл – оның Адамның – адамзаттың, Алланың Халифасы болғанын, адамзаттың Алланың алдындағы мәртебесін қызғанған пасықтығы – тәкаппарлығы еді.

Бұл – Алла несібесін артық етіп, дәрежеде жоғары көтерген біреудің мәртебесін, дәрежесін, жетістігін қызғану шайтаннан деген сөз; ал, қызғану Аллаға имансыздық – пасықтық, тәкаппарлық деген сөз; тәкаппар шайтан, тегі нашар пасықтардың, тәкаппар адамдардың баламасы – ұстазы, үйретушісі, қожасы – қожайыны екенін білдіруі. Бұл – **екінші сабақ** – нашүкіршілік, тәкаппарлық пен қызғаныш – шайтанның амалы.

Содан соң, ол, Алладан қарғыс ала тұра, сол күннен, күллі адам баласын азғыру үшін кеңшілік сұрады. Алла Адамды жердегі Халифасы етіп жаратқанына («Бақара» с. 30-а) сеніп және Оның сол уәзипасын қай дәрежеде қорғай алатынын сынау үшін, оған мұрсат (3) берді. Осы мұрсаттың ықпалымен шайтан біздің кеңістігімізге (бойымызға) орналасты. Алла сәтті, тәтті бір ойларды жүрегімізге салған кезде, қосымша, осы дүниенің пайдасына жақын бір ойдың қыстырыла келетіні содан. Иманы әлсіздер мен имансыздар сол қыстырылғанға еріп, көп қателеседі – пендешілікке барады...

Демек, Аяттар мен сахих хадистерге жақын келмейтін ойға еру (4), уәдеде тұрмау – шайтанға жақтасқандық, болашақта Алланың жердегі Халифасы екенін ұмытқандық.

Таратып айтсақ, адамға қабілетті (5) Алла береді. «Нахыл» (71-а), «Әнғам» (165-а), «Зұхрұф» (32-а) сүрелерінде Өзі ескерткендей, дәрежелер мен ризық несібе де, лауазым да Алладан. Ал, сондай несібелі, дәрежелі, жоғары лауазымды адамдарды күндеу, өсек қылу – Алланың ісіненемесе әрбір кісіге жазған тағдыр-несібесіне кемшілік айту, кінә тағу деген сөз. Мұндай ағаттыққа Алланы мойындамайтын шайтан және оған ергендер ғана барады. Алайда, олардың соңғы барар мекені – дозақ қана.

Бұл – әрбір пенде білуге, сақтануға тиісті **үшінші сабақ**: Құдай дәреже берген несібелілерді, лауазымдыларды күндеп өсектеу, оларға жала жабу – Алланың ісіне кемшілік айту деген сөз.

Бірауыз Періштелер мен шайтан туралы айта кетейік. Әр нәрсеге күші жетуші Алла баста шайтанды, Періштелерді жаратқанда да түбінде шайтанның лағнеттелетінін, Періштелердің де кейбірінің жасырын істер істейтінін білген еді. Бірақ, өте Кең, Кешірімді, Жұмсақ, Сабырлы, Үстем, Мейірімді, Дана, Рахымды, бәрін Білуші... Алла дінде зорлау жоқ, деп, үш шартты бекітіп хабарлады: біріншісі, Өзін дос тұтып, айтқан Жолымен жүргендердің Бейішпен, тілегенімен сыйлықтанатыны; екіншісі, Аллаға қасарысып қырсығып, шайтанның сыбырына ергендердің дозаққа тасталатыны; үшіншісі, сыйлықтану мен дозақтың арасында әркімге де кеңшілік, мұрсат берілгені. Демек, лағнеттелген шайтанға да, жасырын істер істейтін Періштелерге де кеңшілік, мұрсат берілген. Жер бетінде жақсылық пен жамандықтың, бейбітшілік пен соғыстың араласып жататыны содан.

Енді тегіміздің Бейіштен шығарылуына тоқталайық. Адам ата мен Науа анамыздың заманын «**Әуелде**» деп, өзіміздің заманымызды «**Бүгінде**» деп алайық.

Әуелде. Адам атамыз бен Науа анамызды Бейішке орналастырды.

Бүгінде. Бізде Бейіш болмағанмен, жер бетіне сынаққа келгенімізбен, мұнда, соның ішінде Ұлы Дала Елінде Алла несібесін ұлық еткен Әділ, биік парасатты, білімді, көреген Президентіміздің дұрыс саясатының арқасында тоқшылықта, тыныш, өз қалауымызша еркін, бақытты дәуір кешіп жатырмыз. Тек шүкірлер айту керек. Тарихта халқына қайырсыз, зұлым патшалар өткен...

Бұл – «Ісра» сүресінің 72-аятының үкімінен сақтандыратын, тәубе деуге шақырған **төртінші сабақ**.

Әуелде. Оларға Бейіштегі барлық барлықтан пайдалануға, жемістерден жеуге рұхсат берді. Жеуге рұхсат берген жерден адамзатта **пәк нәпсі** пайда болды (6). Ол **пәк** еді!

Бүгінде. Жер бетіндегі барлық жаратылысты адамзат үшін жаратып, адамдардың игілігіне берді («Бақара» с. 29; «Өнғам» с.132; «Нәжім» с. 39-40-а). Адал маңдай терімен еңбек еткен адамға керегінің бәрі табылады әрі табысы қайырлы.

Бұл – сабырмен, қанағатпен, шүкіршілдікпен еңбектенуге үгіттеген **бесінші сабақ**.

Әуелде. Бейіште бір ағашқа тиюге тиым салды. Неге? Онда неге мұны жаратты? Оны неге Бейішке орналастырды? Жауап:

– бұл ағашқа тиюге тиым салған себебі, бұл ағаш шайтанға тиесілі болып, ол күллі жамандықтың, арамдықтың, надандықтың ағашы еді;

– оны мынадай үш мақсат үшін жаратқан еді: біріншісі, әуелгі жаратылыста өзін мойындамаған – сәжде етпеген шайтанға **Адамның сақтығын** сынамақ үшін; екіншісі, Адамның **Халифалық парасатын қалай сақтайтынын сынамақ** үшін; үшіншісі, Алла **әр нәрсенің шегі барын осы жерден белгіледі**;

– ал, Бейішке орналастырған себебі, адамзатқа Алла қаншалықты бақытты өмірбергенімен шайтанға тиесілілердің қабатында жүретінінің ишарасы.

Бейіштегі рахат өмірден әбден тойынған Адам, шайтанға алданып, тиым салынған, яғни, Бейіштен пайдалануда шек қойған белгіге барды. Содан тағдырға ұшырады – абройлары ашылып, соңында Бейіштен шығарылды.

«Фуссилат» сүресінің 53-аятына амал ретінде, өмірлік дәлелге қарайық: аш адам тек қарнын тойғызу үшін күреседі де, қулық-сұмдықты ойламайды; ал, тоқ адам жанының рахатын іздеп, бір рахаттан кейін одан да жақсы екінші рахатты аңсайды, оны табуға нәпсісіне сыбырлаған шайтаннан кеңес алып, шүкірлік пен қанағатты ұмытып: адам жұмсап табысқа кенелу, біреудің ақысына қиянат жасау сияқты қулық-сұмдықты ойлайды – сонымен тірлік етеді, ол, тәттіден тәттіні, жақсыдан жақсыны іздейді, сөйтіп жүріп дүниеге құнығып, жалтыраған мен жылтырағанның қызығымен келіп-келіп тәкаппарлықтың қойнына кіреді, күнәларға батады. Осыны жақсы білген Алла – осы ағашты, шекті белгіледі.

Шектен шығу – тағдырға соқтыратынын осы ағаштан түсінеміз. Бұл деген сөз – қанша бақытты, дәулетті, әулетті, әуметті болсаң да тасқынма, шайтан абройыңды төгіп масқара қылады деген. Себебі, түп тегіміз Адам оған алданған...

Бүгінде. Біздің қолымызда, Алланың «Бақара» сүресінің 38-аятында ескерткеніндей: Құран және Елшісі Мұхаммедтің (с.ғ.с) сүндеттері мен хадистері бар. Біз бұлар арқылы бастан-ақ, өзімізді менсінбеген, сол үшін лағнеттеліп, бізді Аллаға қарсы азғыру үшін мұрсат алған шайтаннан сақтанамыз; әрқашан одан өзіміздің жоғары екенімізді («Нахыл» с. 99-100; «Сәбә» с. 21-а) –Алланың Халифасы екенімізді ескереміз; тиымдарын ұғынып

сақтанып және ненің адал, ненің арам («Бақара» с. 173-а) екенін, әр нәрсенің шегі барын білеміз; шайтан түрткенде бірден Алланы есімізге аламыз («Ағраф» с. 200-201; «Фуссилат» с. 36-а). Тақуалыққа жетеміз.

Бұл – қырағылықты талап ететін – Тақуалыққа жеткеретін **алтыншы сабақ.**

Әуелде. Алла: «Адамға: «Күдіксіз осы саған да, жұбайыңа да дұшпан. Екеуіңді Жаннаттан шығарып жібермесін. Шығарар болса, машақат тартасыңдар»...» («Таһа» с. 117-а),- деп шайтаннан сақтануды ескерткен еді. Осы ескертулерден соң, Адам атамыз бен Һауа анамыз Аллаға ерекше ықыластанып, шайтанға көнбей жүрген. Бір күндері алданады – сол тиым салынған ағашқа тиеді. Осы амал үстінде, адамзатта пендешілік пайда болып, біреуге жала жабу; қызғаныш, ұрлық жасау, паракорлық, біреу туралы толық білмей тұрып жалған сөз тарату; адамдардың бірін-біріне айдап салу, шағыстыру надандығы пайда болды. Яғни, құмырадай сыңғырлаған («Рахман» с. 14-а) пәк нәпсі ластанады. Тойымсыз, қанағатсыз, нашүкір болды. Олар Алланың айтқанынан гөрі, шайтанның сыбырлағанына еретін бәлеге ұшырады. Осы ластану ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келеді*. Алланың баланы сынақ үшін беретіні, оларды намазға жығуды тапсыратыны содан – осы ластықтан тазару үшін.

Халық аузындағы рубаятта, «Шығыс хикаят уә рубаяттары» атты кітапта және Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романында** Бейіште, бірінші шайтанға құлаған Һауа анамыз болған, дейді. Сондықтан: «Ән-ниса уә хабатта уә аш-шайтон», деген, яғни, шайтан ерлерден гөрі әйелдерге жақын деген, ескерту қалған, Алланың әйелдерге арнап «Ниса» сүресін түсіруінің, «Нұр», «Ахзап» және бірнеше сүрелерде оларға ескертулер беруінің де себебі осы Һауа ананың қылмысынан, дейді. Бұл логикаға сиымды да. Себебі, Һауа ана, сыңғырлаған, әдемі лай-

* «Нұх» сүресінің 26-27-аяттарында Нұх (ғ.с.) Аллаға көпірлерден – қарсы келушілерден тұқым қалдырма, деп жалынады. Алла Нұхқа ергендерді кемеде аман сақтап, қалғандарын, тіпті, Нұхтың баласын да топ суға батырып жоқ қылды. Арадан жылдар, замандар өтіп, Нұхтың ұрпағы да шайтанға алдана бастады. Һүд (ғ.с.) келді. Демек, шайтанға алдану Адамнан қалды, ол сіре адамзатпен бірге жасай береді.

** «Иман» жорналының 2018 жылғы оныншысанында да айтылған.

дан жаратылған, Адамның (ғ.с.) қабырғасынан – қан-жынға жақын жерден жаратылған. Тап-таза лайдан емес. Өмірлік дәлелдер де әйелдердің ер кісілерден гөрі өсекке, ақшаға, дүние-байлыққа, сұлулық пен жалтыраған-жылтырағанға ынтықтығын, пендешілікке жақындығын көрсетеді. Алланың «Әли Ғымран» сүресінің 14-аятында: «**Адам баласы үшін қатындар, ... дүние тірлігінің сәні...**», -деуі; «Бақара» сүресінің 228-аятында, ерлердің дәрежесін әйелдердің дәрежесінен жоғары көтергенін, «Ниса» сүресінің 34-аятында әйелдерге Ерлерін басшы еткенін хабарлауы да бей-жай емес. Бейіш туралы Аяттарда да ерлерге Бейіште қандай әйелдер барын айтқан да, әйелдерге ерлер жөнінде хабар бермеген. Бұл дәйектер бір жағынан Адамның Бейіштен шығарылуына Науаның кесірі болғанын сипаттаса, екінші тараптан, Алланың бір Құлдарын екінші бір Құлдары арқылы қорғайтынын ескерткен, әйелдерге ерлерін басшы қылған Аяттарының түсу себебін және өмірлік маңызын түсіндіреді.

Қазақтың келіндерінің сәлемі де, осы оқиғаға байланысты. Аллаға адал жүрегімен берілген, ежелгі Ақылы кемел, дана келіндер: «Мен лағнеттелген шайтанға ермеймін. Бейіштен үмітім бар. Адамға (ғ.с.) Періштелер иілгендей, мен де өзімнің пәктігімнің сипаты ретінде, жасы және Жолы үлкендерге иілемін. Алла айтқандай еріме бағынамын. Мен де Періштелер сияқты пәкпін!»-деген, өздерінің Имандарының пәктігін дәлелдеуі. «Нұр», «Хұжрат», «Ахзап» сүрелерінің үкімдеріне адалдығы. Мұны Құдайдан үміті барлар әлі үзбей келеді...

Исламның жаулары, Құранның әйелдерге байланысты Аяттарын жалғанға шығарып, Исламда әйелдерге еркіндік жоқ, деп өмірді осы дүниемен ғана өлшеп түсінетін, жеңіл ойлыларды шошытады. Негізінде Ислам, әйелдердің Бейіштік болуы үшін Алланың Тура Жолын ғана көрсеткен. «Бақара» сүресінің 256-аятында: «Дінде зорлық жоқ», -деген. Бұл – Ер кісілер қатарлы әйелдерге де ерік берілген деген сөз. Бірақ, сол еріктің ішінде жүріп, Құранда өздеріне көрсетілген Жолмен ғана тірлік етсе, кезкелген Мұсылман әйел екі дүниенің бақытын көреді. Ал, тек осы дүниенің ғана бақытын таңдап, Құдайдың қаһарына ұшырағандар мен Құдай адастырғандарға («Фатиха» с. 7-а) еріп, шайтанға дос болса («Бақара» с. 257-а), ондайларға Ақыретінде ештеңе жоқ («Бақара» с. 200-а).

Бүгінде. Қолымызда Құран, хадис бола тұра, шайтан Алланың да, адамзаттың да қас дұшпаны («Бақара» с. 168; 208; «Ағраф» с. 16-17-а) екеніне Ақылымыз жете тұра, дүниенің жалтыраған-жылтырағанына қызығып («Кеһф» с. 7-а), Алла тиым салған ақымақтықтарды істейміз. Атап айтсақ: шайтанға еріп, ерініп, Құдай берген тегін Ақыл-кеңес, Бейіштің Жолын көрсеткен – Құранды көңіл қойып, зер салып оқымаймыз, яғни, рахат өмірде қамсыздық жасап, алаңсыз болғандықтан өзімізді Халифа етіп жаратқан және осындай бақытты өмір сыйлаған Алланы іздемейміз; заманды сылтау қылып, Ол тиым салған бұзықтықтың бәрін істейміз, қаһарға ұшырағандар мен адасқандардың үлгісін ұстанып, Алланың Тура Жолын қисық соқпаққа («Бақара» с. 16-а) айырбастаймыз; Алла тиым салған мақтаншақтыққа құмартып, құмар ойнап не өсім арқылы, не үкіметтің – халықтың қазынасынан ұрлау жолымен, болмаса, біреудің еңбекақысын жеу тәсілімен және алаяқтық жолмен опасыз байлықты жинаймыз; қарынның тоқтығынан асқыныпнекелесімізді былай қойып зинақорлық жасаймыз; парақорлық қыламыз...

Бұлар – Бейіштегі Алла тиым салған ағашқа тигендей қателесушілік, яғни, өз еркімізді шайтанға беріп, Халифалық қасиетімізден айырылу және Бейіштің Жолынан адасу, деген сөз. Содан аулақ болғысы келгендерге арнап Алла Құранды түсірді, Тура Жолды көрсету үшін Елшісін (с.ғ.с.) жіберді. Елшісі хадис, сүндеттер қалдырды. Біздің міндет осылардан тиімді пайдаланып, сол Бейішке бару Жолында табандылық таныту. Бұл – нәпсіні тізгіндеуге үндеген **жетінші сабақ**.

Әуелде. Шайтанға алданған олардың «...ұятты жерлері ашылып қалды...» (7 с. 22-а).

Бүгінде. Адамзаттың бойындағы ұят деген сезім осы жерден пайда болды. Мұны Кәлимасына адал – ұяты бар, намысы бар, тәрбиелі, көргенді жандар ғана қорғайды.

Қазір парақорлар да, озғанды күндеген жалақорлар да, жатақ жағалаған зинақорлар да, ұрылар да, баласын әжетхана туып тастап кететін жезөкшелер де, адамдарды алдап ақша жинаған жалатайлар да теледидар арқылы масқараланып абройлары ашылып қалуда.

Бұл – шайтанға еру, түбінде абройсыздыққа апаратынын ишаралаған **сегізінші сабақ**.

Әуелде. Ұятты жерлері ашылып қалғасын Алладан, Періштелерден және бір-бірінен ұялған Адам ата мен Һауа анамыз абройларын жапырақтармен жаба бастады.

Бүгінде. Сыры ашылып масқара болған нанқор, алдымен, шетелге қашады; қаша алмағаны үйінен шықпай жасырынады; болмаса, өтірік ауырып, ауруханаға барады; бұл абройсыздықтан арашала, деп беделді, белсенді әкесін не шешесін, аға-іні, туысбауырын, таныс тамырын ортаға салады. Оларынан пайда болмайды. Олар – Адам ата мен Һауа ананың абройларын жапқан жапырақтардай-ақ. Олар қолданған жапырақ та уақытыншалық пана болып еді, бүгінгі ара түсушілердің шапағаты да осы дүниеде ғана, Алланың алдында емес.

Бұл – Алладан басқа біреуге жалыну деген, жел соқса ұшып кететін жапыраққа паналағандай нәрсе, деген **тоғызыншы сабақ.**

Әуелде. Масқараға бастаған шайтан табалады (7), шарасыз қалған бұлар Аллаға жалынып, не деп айтса, жарылқанатындарын сұрап, Өзінен Сөз үйреніп, кешіруін өтінді.

Бүгінде. Алла қаламаса, пенде пендені абройсыздықтан құтқара алмайды. Соны сезінген жан Аллаға жалынады. Демек, пенде Алласыз ешкім емес, қашан болмасын Аллаға келеді. Құранда Аллаға жалғыз-жалғыз келесіндер, түбінде баратын жерің Алланың алды деген Аяттардың мағынасы – осы. Әр қандай жағдайда да, шайтанның табасына қалмау үшін, Алланы жиі-жиі еске алу шарт. Кешірім сұрауды да, адамзат Алладан үйренген. Оның Рахымынан үміт үзбеу керек. Әрбір қате және байқамай сөйлеген сөзіміз бен амалдарымыз үшін кешірім сұрап отыруымыз ләзім.

Бұл – Аяттармен бекітілгендей-ақ, сабырмен, намазбен Алладан жарылқау тілейтіндерді, Өзі қалап, Өзі ықпал берген Құлдары арқылы Өзі ғана қорғайтынына жөн сілтеген **оныншы сабақ.**

Әуелде. Адам (ғ.с.) ата мен Һауа (р.а.) ананы Бейіштен шығарып және лағнеттелген шайтанды қосып, үшеуін бір-біріне дұшпан қылып, жерге түсірді. Адам ата мен Һауа анамыз, шайтанның өздеріне ашық және анық, қассыз дұшпан екенін біліп түсті. Жерде перзентті болу жөнінде түйсік пайда болғанға дейін («Ағраф» с. 189-а), ол лағнеттелгеннен сақтанып жүрді.

Бүгінде. Денсаулығы жақсы сәби жалғанға жар салып, жылап келеді. Бұл – тегінің шайтанға алданып, Бейіштен шығарылғанына ашынып, нәпсі жайлаған бөтен дүниеден шошынатынан болар...

Ақылдылар Алланы, Мұхаммедті (с.ғ.с.), Құранды жиі есіне алып, Алланың Жолымен жүріп, тиымдардан сақтанып, Ақыретінің қамын жеп тыныш жасайды. **«Тәңірлерің бір-ақ Тәңір. Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол – аса Қамқор, ерекше Мейірімді». ... «...Жер жүзіндегі адал болған, таза нәрселерден жендер! Бірақ, шайтанға ермендер. Өйткені, ол – сендерге ашық дұшпан»** («Бақара» 163; 168-а),-деген Аяттарды ұмытпайды. Андушы шайтан түрткенде, алдымен Алланы есіне алады («Ағраф» с. 200-201; «Фуссилат» с. 36-а). Ал, бар санасын нәпсісіне матаған сорлылар, қылмыстар жасап, заңға тартылады. Қылмысына жараса жаза алады. Түрмеге жабылады. Қандай жаза алғанымен асқақ абройы бір мәрте төгіліп маскара болған үжданды жан, қайтып өзін Рухани тіктей алмайды. Жастықта сыртқа байқатпағанымен, қартая келе іштей өзін-өзі жеп өкінеді. Рухы қиналады. Рухтың қиналуы – Адамның Бейіштен шығарылып, жын мен шайтан салтанат құрған, бүлікке толы, ластық қаптаған жерге түсірілгеніндей... (8).

Бұл – Адам ата қиссасынан алатын **он бірінші ғибрат – тағлым.**

Он екінші сабақ – пенде атаулының Аллаға махабатынан жаңылатын жері. Бұл жаңылысты, Адам (ғ.с.) ата мен Һауа (р.а.) анамыздың пендешілігінен байқаймыз да, Тура тағлымды Мәриям (р.а.) анамыздың анасынан табамыз.

Алла Тағала балалар мен мал-дәулетті сынақ (9) үшін беретінін айтты. Бұл кең мағыналы жомарттық: біріншіден, балаға, мал-дәулетке иелігі үстінде, өзін жаратқан, осы қуанышты сыйлаған (10) Аллаға махаббатын, шүкірлігін, қанағатын сынамаққа;

– екіншіден, мал-дәулетті Алла бұйырған жерлерге жұмсаудағы (11) сақилығын көрмекке;

– үшіншіден, бала мен байлықтың ортасында өзін ұстау парасатын білмекке (12);

– төртіншіден, Ақыретіне дайындығын (13) байкамаққа берілген кеңдік, сыйлық. Енді осыны төмендегі хикаялардан көреміз.

Алла Адам (ғ.с.) мен Һауа (р.а.) анамызға сұраған перзентін берді («Ағраф» с. 190-а). Олар балалы болғасын, өздерін жаратқан Аллаға ғана тиесілі бар махаббатын, ықылас-сүйіспеншілігін баласына аударды және қартайғанда асырайды, деп баласынан үміттенді де, Алланы тек тілінде ғана айтып, құлшылығын жазады.

Бүгінде біз де перзентімізге сүйсінгенде, Алладан сұраудың орнына өзімізді әлде қандай көріп: «Осы баламды былай өсіремін, битіп тәрбиелеймін. Мұным патша болады, министр болады. Осы мені асырайды...», -деп, пендешілік етеміз. Алла Тағала «Ағраф» сүресінің 190-аятында: **«Алла оларға дұрыс перзент берген кезде, олар осы перзент жайында Аллаға серік қоса бастады...»** (14), -деп реніш білдірді. *(Бұл Аятқа түсінік берушілер, Адам (ғ.с.) мен Һауа (р.а.) анамызды арашаламақ болып, серік қатқан олар емес, олардан кейінгілер деп, қате түсінік берген).* Сол қате махаббаттан үлкен ұлы Қабыл бұзық болып шықты. Бірінші бұзықтығы әкесінің айтқанын қылмай, өз сыңарын өзі алу үшін (рубаяттан), інісі Әбілге қарсы болды. Екіншісі, Құрбандығы қабыл болмағанын тіпті, қатты күйініп Әбілді өлтіріп тынды (15). Адамзатта қызғаныш және қастан адам өлтіру содан қалды (*хадис*).

Өмірде көріп жүргенімізден дәлел алайық. Бір адамдармен сыйласып жүреміз. Ол үйіне де шақырады. Барсаңыз сізді күтіп, төріне отырғызады да. Хал-жай сұрасып, арқа-жарқа отырғаныңызда, кіп-кішкене, сүп-сүйкімді баласы не немересі жүгіріп келе қалса, сізді бір сәтке болса да ұмытады. Соны қазір көріп отырғандай, сонымен болып кетеді. Сіз сол үйге барғаныңызға өкініп қаласыз.

Міне, Адам (ғ.с.) атамыз бен Һауа (р.а.) анамыз да осылай – баласына сүйсініп, еміреніп Алланы екінші кезекке қалдырды. Аят осыны түсіндірген. Бізге бала мен мал-дүниені сынаққа бергенін ескертуі де – Адам (ғ.с.) атамыз бен анамыз сияқты болудан сақтануды ескертуі. Бәлкім, біз балаларымыздан бұрын Аллаға еміреніп, сүйсініп, сосын олардың сынаққа берілгенін ойлап, олар үшін Алладан тек жақсылық – жақсылықтар тілеп, қорқыныш пен үрей үстінде отырып, оларға білім мен өнер үйретуіміз керек шығар. Сонда, Алланың ризашылығына жеткеретін – мақсатқа лайық амал болар.

Біздің аталарымыз балаға еркек адамша қарайтын. Қазіргі еркектердей еміренбейтін. Бұл, біріншіден оның сынаққа берілгеніне ұқыптылық болса, екіншіден, оны байқамай Аллаға серікке қосудан сақтану, үшіншіден, баланың әр қандай жағдайда өзі шешім қабылдап үйренуін талап ету. Сондықтан олар мықты бір толқын болып өсті...

Қазіргі еркектердің көпшілігінің әйеліне, келіндеріне жағынып, әйел мінезді болып бара жатқаны да осындай кемшілігімізден, яғни, баста әкелерінің оларға орынсыз еміренуінен; «Ағраф» сүресінің 189-190-аяттарының және Қабыл мен Әбіл оқиғасының түбіне терең үңілмеуімізден!

Енді Алладан перзент тілеу мен олардың тағдыр-талайы туралы үлгіге келейік.

Исаның (ғ.с.) анасы Мәриям анамыздың анасы – Фақузақызы Ханна: **«Раббым! Ішімдегіні азат қылған түрде Саған арнадым. Менен қабыл ал!...»**,-деп босанғасын: **«... «Раббым! Шынында мен қыз таптым»,»... «... оның атын Мәриям қойдым. Оны да, ұрпағын да шайтанға емес, Саған сиындырамын»... «Сонда Раббы оны жақсы қабылдап, көркем өсірумен өсірді...»** («Әли Ғымыран» с. 35-37-а),-дейді. Ал, біз, өзіміз Алланың берген Рухымен ғана адамбыз. Алланың сыйлаған ризық-несібесімен жасап жатырмыз. Солай бола тұра, пендешілікке барып, келешектегі барлық бақытымыз осы баланың қолында тұрғандай, одан үміттеніп, оған сеніп, оған Алладан артық сүйсінеміз. Тіпті, кейбіріміз: **«Осынымды оқытамын, тоқытамын, олай өсіремін, былай тәрбиелеймін, ешкімнен кем қылмаймын...»**,-деп асылық сөйлейміз.

Әсілінде біз, балаға емес, Аллаға сол деңгейде сенуіміз, үміттенуіміз, сүйсінуіміз, еміренуіміз керек. Сонда ғана Алламен арамызда тығыздық орнайды. Бала өсе келе әке мен шешеге тәшпінштер артады, кейбір бала өзі балалы болғасын әке-шешеге кемірек көңіл бөледі. Ал, Алла өзіңнің махаббатыңа қарай бір қалыпты ыстық махаббатымен қуанышқа бөлеп отырады.

Біздің сынақ үшін берілген балаға сүйсініп, осынымды пәлендей дәрежеде етіп тәрбиелеймін, деуіміз – білместігіміз. Ханна анамыз, бүкіл саналы адам баласына жақсы үлгі қалдырды.

Және «Жүсіп» сүресіне келсек, 105-аятында: **«Көктерде және жерде қаншалаған дәлелдер бар. Адамдар оған көңіл**

бөлмей өтеді»,-дейді. Біз өз заманымызда перзенттеріне ерекше жағдай жаратқандардың соңының не болып жатқанын көріп жүрміз. Алтынбек Қоразбаевтың «Қара шал», «Қара бала» өлеңдері қайдан туды. «Қара пима» киносiнiң бас кейiпкерi де әкесi мен шешесiнiң еркесi емес пе едi!..

Бұл – ата-ана мен перзенттердiң ортасына салқындық салу емес, керiсiнше, Ханна мамамыз сияқты, Алла берген перзенттi Аллаға ғана арнауды айтпақпыз. Өзiне ғана сенiп тапсырып, Өзi түсiрген Құран, Елшiсi (с.ғ.с.) үйреткен хадис, сүндеттер бойынша тәрбие беруге шақыру.

Нұхтың (ғ.с.) қиссасы

VII-XIX ғасырлардың адамдарына қарағанда бiздерде Алланы танытатын дәлелдер көп. Тарихта бiр елдi бiр ел сумен бастырып жаулап алыпты дегендi оқыдыңыз ба? Жоқ. Алла Тағала Нұхтың (ғ.с.) заманында жер бетiн сумен қаптады (16). Бұл – Алланың ғана құзырындағы Құдырет.

Теледидардан су апатына ұшырап немесе лай көшкiнiнде (17) қалып жатқандарды көрiп отырамыз (18).Жылда өзiмiзде де кейбiр аудандарда су басу болып тұрады. Бiрақ, осылар көз алдымызда өтiп жатса да, қауiп ойлап: (19) «Нұхтың қауымына келген топан су қаптап келсе қайтемiн?» , деп, алдағы күндерге қамданбаймыз. Тек басымызға ауырлық түскенде ғана Алланы еске аламыз.

Алла Құранда: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) саған сенен бұрынғы Елшiлерге айтылған ғана айтылды...»** («Фұссилат» с. 43-а), **«...Алланың Аяттарын мазақ қылмандар және Алланың өздерiне берген нығметiн әрi сендердi насихаттау үшiн түсiрген Кiтапты, Хикметтi түсiнiңдер...»** («Бақара» с. 231-а), түсiнбей жүргендер **«...Сөздi (Құранды) зерттемей ме? Немесе, оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келдi ме?»** («Мүминүн» с. 68-а), дейдi. Бұл Алланың бiздерге: «Әй, қолында Құранның қазақшасы бар Құлдарым, сендерге осы Құранды түсiрдiм. Мұндағы әрбiр Аятты көңiл қойып оқыңдар, дұрыс тағлым алыңдар – Нұхтың қауымына келген топан су сендерге де келу ықтимал, Менiң қаһарыма ұшыраудан сақтаныңдар.

Мен сендерден бұрынғыларға Таурат, Забур, Инжiлдi берген едiм. Оларда Өзiмдi танытып, сыйлықтарым мен қаһарымның

жайын ескерткенмін. Бірақ, олар Кітаптардан тағлым алмады. Біреулері: «Сол жаққа барып көріп келген кім бар екен?!»-деп Қиямет туралы хабарларыма күмәнданды; тағы бір тобы: «Қияметке дейін кім бар, кім жоқ?!», десе, білгішсінген біреулері: «Мен дінде орта жолда боламын» деді. Нәпсісін күйттеген жеңіл ойлылары: «Өмір бір-ақ рет беріледі, жасап қалу керек», деген надандық шешімдерімен жасап, соңында қаһарыма тап болды. Сендер олардың ақымақтықтарын қайталамаңдар»-дегені.

Демек, Құдай қабілет берген (20) біз Аллаға, Құранға, Пайғамбарларға шын Иман келтірген болсақ, қолымыздағы Құранды оқып, әрбір Аяттың, қиссалардың мәнін терең зерттеуге міндеттіміз. Мұнда айтылған не тарих, не ескерту, өсиет болса, ол: Нұхтың (ғ.с.) қауымына да, Салихтың (ғ.с.) қауымына да, Һұдтың (ғ.с.), Лұттың (ғ.с.), Шұғайыптың (ғ.с.), Мұсаның (ғ.с.) қауымдарына да айтылған, ескертілген Тура Жол еді. Ол қауымдар Алланың Сөзін айтқан Елшілерді мазақ қылып, Аяттарды елемей, менсінбей, соңында жер бетінен жойылып дозаққа айдалды («Мәида» с. 60-а). Енді сол оқиғаларды және соңғыПайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) басынан өткендерді Құран арқылы, 1992 жылдан (1992 ж. 15-қаңтарда наным-сенім туралы заң тастықталды) бері, құдайсыздардан құтылған бізге ескертіп отыр. Соңғы Аятта айтылғандай Құранды көңіл қойып оқып, терең зерттесек, сол Пайғамбарлардың қауымына келген әл-Қаһар қайта айналып (21) бізге де келуінен сақтануымыз керектігін түсінеміз.

Мәселен, топан су Нұхтың (ғ.с.) қауымына келген еді ғой! Һұд, Лұттардың қауымы не болды? Оқымай отырмыз ба? Мұсамен (ғ.с.) қасарысқан, жаһанда өзінен басқа ешкім жоқтай лепіретін Перғауын қалай жазаланды?

Осыларды білген біз неге қамсызбыз? (22). Солардың басына келген я өткен ғасырдың алғашқы жылдарында (1929-48 ж.) бабаларымыз кешкен қасіретті жылдар бізге қайта соқпасына немесе бүгінгі (2011-18; 2023 ж) сириялықтар кешіп отырған күй бізге де туа қалмасына кім кепіл? Бұларды көре отырып, Алладан күнәларымыз үшін жарылқау тілемеуіміз – жақсы тұрмыстан басымыздың айналып қалғанынан (23). Қамсыздықтың да шегі бар (24). «Егер игілік істесеңдер өздерің үшін, жамандық істесеңдер тағы өздерің үшін...» («Ісра» 7-а),-деген, Алла:

«Әр хабардың нәтижеленетін бір уақыты бар. Жақында білесіңдер» («Әнғам» с. 67-а): «...Егер қайталасандар, Біз де қайта жазалаймыз...» («Ісра» с. 8-а),-дейді. «...қайталасандар...»,-дейді. Нені қайталағанды айтып отыр? Біздер үшін, Құранды терең зерттемегенді; Өзін жиі зікір етуді (25) есімізден шығарғанымызды; Өзінің Сөзін – Құран Аяттарын және Елшісі Мұхаммедті (с.ғ.с.) ескеру (26) мен берген несібесіне шүкіршілікті (27), зекет пен садақаны ұмытқанымызды; Құранда Өзі салған тиымдарды (28) ескермеу мен Құран Аяттарын мойындамайтындарға ермеу (29) туралы кеңеске дұрыс амал істемейтінімізді айтып отыр.

«Мүминүн» сүресінің 27-аятын өзімізше талдайық. Аятта Нұхқа кеме жасауды бұйырып: «...Қашан әміріміз келіп тандырдан (су) қайнаса, сонда әр жыныстан бір жұп және ... жанұянды алып кемеге мін»,-деп қалғанының жайы мен алдағы күндерде болатынды хабарлайды. Біз жер бетіндегі адамзат, байлық үшін экологияны бұздық. Мұздықтардың еріп жатқанына әлем алаң. Екінші жағынан, байлық үшін жердің астын кеулеп жатырмыз. Бұл үнгулердің соңы, Алла үкім берген бір күні, мұхиттардың бірінің түбіне жетіп, су кендерге қарай құйылып, жердің астынан тандырдан шыққандай бұрқырап шықпасына кепілдік бере аламыз ба?

Бәлкім, бұл екеуі: мұздардың еруі мен кеулеудің мұхит түбіне жетуі, бір күнде орындалар?! «Жүсіп» сүресінің 105-аятына сай, біз көңіл бөлетін бір жай осы. Екінші жәй, бәлкім, кезінде Нұхтың қауымы да дәл біздің замандағыдай, жер астын кеулеп, сандаған байлықтар алып жасаған болар. Алланың Сөзін, жіберген Елшісін тыңдамағандықтан, Алла кендер мен мұхиттардың түбін ұштастырған болар. «...тандырдан (су) қайнап» шығатыны сол шығар.

Алланың қаһары қатты. Нұхтың (ғ.с.) қиссасынан алтын тағлым осы болар.

Шұғайыптың (ғ.с.) қиссасы

Нашүкіршілік, ынсапсыздық Шұғайыптың (ғ.с.) қауымында да болып, олар (30) жазаланған еді. Соны оқып, естіп қиянаттың дұрыс емес екеніне Ақылы жеткендердің өзі, нәпсісіне парасат күші жетпей, өлшеуден грамдап, тартудан миллиметрлеп жырудан тиылмай келеді. Не малын, не бір затын, не үйін, неме-

се мәшінін өтірік мақтап сатады. «Һүд» сүресінің 89-аятында: **«Әй, халқым! Маған қарсы келулерің (саудадағы, өлшеу мен тартудағы Имансыздық ету), өздеріңе Нұх қауымы не Һүд қауымы немесе Салих қауымына келген тәрізді ауыршылық келтірмесін! Сондай-ақ, Лұт елі сендерден ұзақ емес»**,-деген. Нұхтың елін су жұтты, Һүд қауымы маймылға айналдырылды, Салихтың қауымын жер тартты. **«...Лұт елі сендерден ұзақ емес»**,-дейді. Оның қауымы әйелдерге қарамай, ерлерге жабысатын еді. Демек, саудадағы әділетсіздік – біреудің ақысын жеу, Лұттың қауымының ісіндей арам деген сөз.

Аятта Шұғайыптың халқына айтқанынан тағлым алмағандарға, осы төртеуінің бірінің жазасы кездесетіні меңзелген. Банктердің адамдарға берген несиесіне арам есеппен үлкен өсім қоюы және жеке ақшалылардың сұрағандарға сауап үшін емес, өсіммен ақша беруі; шенеуніктердің пара алуы; үкіметтің сеніміне, халықтың салымына қиянаттар т.б. – барлығы әл-Ъадилу Алланың есебінде тұр.

Лұттың қауымы және біз

1960-70 жылдардың қыздары да, әйелдері де ибалы, әдепті еді. Өздерінің жіңішке Жолдарымен елді сүйсіндіріп әдемі жүретін. Темекі шегу, арақ ішу, еркекпен қолтықтасып жүру, көше бойы түге оңашада құшақтасып тұру деген надандықтарданарын қызғыштай қоритын. Сол парасатынан өз ата-анасының, ұлттың атына кір келтірмеудің, намысын қорғаудың жолындағы жан екені көрініп тұратын. Кейінгі жылдары қоғам оларды есіркеген сайын, бұлар тым шектен шығып, тіпті, Алланың барлық нәрсені Көріп тұратынын ойлап, Одан ұялуды, Оның жүректегі ой мен сыбырды («Қаф» с. 16-а) Есітіп отыратынын есіне алып, сақтануды қиялдарына келтірмейді; Алланың алдына баратынын, Алла үшін не істегені туралы сұрақ берілетінін ұмытып барады.

Елде жанға аяздай бататын, намысты қарып, ұжданды күйдіретін хабарды жиі есітетін болдық. Әсіресе, жас қыздардың некесіз бала туып, оны қатыгездікпен далаға тастап кетуі мен біреулердің балаларға арамдық ететін хайуандықтарын есіту қандай қиын!

Көшеде көптің алдында жігіттің құшағына кіріп тұратын ұятсыз нашарды қайтерсің? *(Бұл тұрысын көргесін оны нашар демей, қыз деп қалай айтарсың?)*

Жастарға үлгі болады дейтін қайын атаның, келінін балам деп сүйетініне не деуге болады?

Бақара» сүресінің 58–59-аяттарында және 104-аятында, «Хытта», «Хынта»; «рағина», «ұнзұрна» сөздерін өзгерткендерге күйзелтуші азап келгені ескертілген. Осы сияқты бізде де «Нұр» сүресінің 61-аятына қарсы барып, «әжен» «апа» деу мен атасын – папа, енесін – мама деу дәстүрге айналды. Мұның соңы барып-барып ағалы-қарындастың үйленуіне жол ашып, ұлттың өзінен-өзі жойылып кетуіне жол ашпаса екен!..

Елімізде, Құранда қаһарға ұшырағандар, адасқандар, деп таныстырылғандарға еру көп.

Бұлар – негізінен Алла тиым салған жамандықтар. Алла оларға кеңшілік беріп отыр («Әли Ғымран» с. 178-а). Осы кеңшілікмежесіне жеткенде, Алла елді шайтан лағынның еркіне (31) береді де, елде жаппай ұятсыздық орнығады. Жоғарыдағы ұятсыздықтармен өлшесек, бәлкім, шайтанға берудің алғашқы белгісі басталған да болар.

«Ниса» сүресінің 58-аятында: «Негізінде Алла **сендерге аманаттарды өз иелеріне тапсыруларыңды... әмір етеді...**», - деген. Бұл үкім – бүкіл адамзатқа ақша, мүлк есебінде айтылса, қыздарға қыз атының құны үшін тікелей тиесілі хабар. Осыны оқып, қызына ескертіп отырған ата-ана бар ма екен? «Ахзап» сүресінің 33-аятында: «**...Үйлерінде отырындар, қадімгі надандық дәуіріндегідей ашылмандар...**», деген. Бұл, қыздың өзінің қыз атының құрметін білмеуі – надандық екенін, мұның соңы дозақ жазасымен жүздестіретінін айтқаны.

Қазір ажырасу деген, ұятты басып-жаншып өтіп, сәнге айналды. Бұл, тіп-тіке арсыздықты жақтаушылардың («Нұр» с. 19-а) үлгісінен. Арсыздар – қыз атымен тұрған пәктігін, адалдығын адал некесіне дейін сақтамағандар. Олар ақша үшін сауна мен қонақ үй біткенді адақтап болып, енді жалғыз қалмау үшін қылымсып, зарығып сүйіп, аңқау – сенгіш Жігіттің етегінен ұстайды. Алдымен сыр бермей, майысып жүріп, бір-екі балалы болғасын, баяғы ұятсыздығына барады. Көз ашқаннан көрген арамдығы оны сағындырып, тартып тұрады...

Нәтижеде шаңырақ шайқалып, балалар тірі жетім қалады. Үкімет баланы анасына береді. Өйтпесе де болмайды... Бірақ, өзі гөдек көзін көшеде ашқан нашар, балаға ана болып, дұрыс өнеге көрсете ме? Мұндай ананың тәрбиесінде өскен ұл мен қыз да танымкөзін көшеде ашып, түсінік аясын да көшеде «жияды»...

Қоғам өстіп бұзылады. Арты Лұттың қауымының жазасы (32) келуімен бітеді. Құраннан бетбұрған демократия мен гуманизм адамзатты, Алланың қалауымен осыншалықты азғындыққа алып барады Себебі, Құранның заңсыздығында да физиканың заңдылықтары секілді, кері тебу заңы бар!

Ібраһим Халиулланың (ғ.с.) қиссасы

Бұл қиссадан алатын Рухани байлықты, өнеге мен тағлымды мынадай топтарға бөліп баяндайық:

– алдымен, бұтқа табынатын ортадағы ата мен ананың тәрбиесінде өскен Ібраһимнің (ғ.с.) әкесімен әңгімесі;

дәлел: «Мәриям» сүресінің 42-45-аяттары: «Сол уақытта Ол әкесіне: **«Уа, әкетайым! Естімес, көрмес, сондай-ақ, өзіне бір пайдасы жоқ нәрсеге неге шоқынасың...»**, **«Әкетайым, расында, маған саған келмеген білім келді. Сондықтан маған құлақ сал, Тура Жолда бірге болайық»**, **«Әкетайым, шайтанға шоқынба. Өйткені, ол, Аллаға қарсы болған»**, **«Әкетайым, Алланың саған шайтанды ерікті қылуынан, сенің шайтанға дос болып, азапта қалуыңнан қорқамын»**,-деді.

Әкесі келіспей, егер Ібраһим райынан қайтпаса, тас боранға ұшырататынын айтты.

Ақылды Ібраһим (ғ.с.): **«Саған амандық болсын. Сені Раббыңның жарылқауын тілеймін...»**,-деп Ақылдың сөзін айтты.

алатын тағлым: Құран Алланың жанындағы, әуелден бар үлкен Кітап – Лахфул Махфуздан әкелінді. Ата мен ананы сыйлау да (33) Адам, Шис, Ідіріс, Нұх, Һұд, Салих Пайғамбарлардан келе жатқан Жол еді. Мұны Алла досы Ібраһимнің жүрегіне салды. Әкесі бұтқа табынушы болса да, Ол (ғ.с.) қазіргі теріс ағымдағылар сияқты қырсықпады, ашуланбады, ата-анасына құрметсіздік етпеді, керісінше, мейірімін салып, Алладан жарылқау сұрады. («Ісра» с. 23-24-а).

Біз де осылай етуіміз керек.

– **екінші**, Алланың көктер мен жердің ғажайыптарына зер салдыруы, солар арқылы Алланы іздеуі және жұлдыз, ай, күнді салыстыра отырып серіксіз, құдыретті Алланы табуы (34);

біз үлгі алатын дәлелдер: «Жүсіп» сүресінің 105-аятында айтылғандай, жаратылыстардағы дәлелдерге қарап, Алланың құдыретін тану, Құран мен Елшісі Мұхаммедке (с.ғ.с) сену; табиғаттан: күн мен айдың батуы мен шығуы, өз өрісінде ай-

налуы; аспанды безеген жұлдыздар; табиғаттың сұлу жаратылуы; таулардың тұрыса; мұхиттар мен теңіздер, өзен, көлдер және олардағы су асты жәндіктері мен хайуанаттар; тонналаған судың көтеріп жүрген ауыр бұлттар...; адамның, жануарлардың, жәндіктердің сыртқы, ішкі құрылыстары, олардың тіршілік ету тәсілдері, олар қоректенетін азықтың жеткіліктілігі, тағытағыларға көңіл бөліп, осының барлығы Алланың ғана кереметі екенін мойындау;

– **үшінші**, Алладан: «**Бой ұсын!**»-деген бұйрық келген кезде: «**Бүкіл әлемнің Раббына бой ұсындым!**»-деп, иілуі мен осы Жолды ұрпағына өсиет етуі, ұрпақтарынан басы бұзылмай, біздерге жалғасуы;

– **төртінші**, Ибраһимнің бөліп-бөліп әр жерге қойылған құстардың қайта тірілуінен жүрегін бекітуі (35);

алатын үлгі: әрбір пенденің жүрегін күмәннен тазалауы – Алланың күшінің жоқты бар етуге, быт-шыт болғанды қайта құрауға құдыретті екеніне, өлтіріп және қалаған заманында тірілтетініне күдік-күмәнсіз сену;

– дәлелдер: клиникалық өлімнен тірілгендердің, шала туылған шарана мен көкек аналардың әжетханаға, қоқысқа тастап кеткен шараналарының өлімнен аман қалып жасауы, сондай-ақ, сауығып кетуіне адам сенбейтін: соғыста ауыр жараланғандардың, жол апаты мен ұшақ апаттарына ұшырағандардың, су мен өрт апатына түскендердің, биіктіктерден абайсызда құлап аман қалғандардың қайта қатарға қосылып, тірлігін жалғағаны.

Осы аман қалудың барлығы жалғыз Алланың құдыреті. Оның тағдыры мен қалауы.

– **бесінші**, халқымен әңгімесі, зұлым патшаның үкімімен отқа лақтырылғанда, одан Алланың сақтағанын жүректен қабылдау (36);

алатын сабақ: Құраннан, Пайғамбардан (с.ғ.с) үйренген Шындықты дәлелдеу; Аллаға шын сенген, Оның ғана Жолымен жүрген жанға жабылған жалалар мен оған қолдан ұйымдастырылған опасыздықтардан Алланың сақтайтынының сенімділігі;

– **алтыншы**, Ибраһимнің (ғ. с.) қартайған шағында Ажар ана арқылы Смағұлды, Сара ана арқылы Ысқақты берген кереметінен Алланың құдыретін мойындау (37);

алатын сабақ: «Боларды да, болмасты да болады, деп армандап», адал өмір сүру мақсатындағы әрбір адал ниетті істен үмітті үзбеу.

– *жетінші*, Смағұлды Құрбандыққа шалмақ болғандағы баласының, бұл Құрбандық Алланың ризашылығы үшін екенін жүректен түсініп, қарсылықсыз көне кеткені (38);

алатын сабақ: баланы жатырдағы күнінен Аллаға тапсыру мен Имандылыққа тәрбиелеу, жарық дүниеге келгеннен Құлшылық үлгісін көрсетіп, жәйлап уағыздау.

Смағұлдың Құрбандыққа байланысты үлгісі: Алланы, сосын әкесін сүйгені, сыйлағаны, Бұлардың бір ауыз сөзінің құрметі үшін Құрбаны болуға даяр тұрғаны – бүгінгі Ақылды жастарды, өздері үшін қаншалықты қиын болса да, Құран Аяттары мен Пайғамбарлар үлгісін ұстана отырып, әкенің өзін де, сөзін де сыйлауға шақырады;

Қағбаны тіктердегі табанды (39) еңбегі; сосын әкесіне салмақ салмай, өзінше адал тіршілік етуі мен әкесінің «табалдырықты алмастырсын» (40), деген сөзінің мағынасын дәл түсініп, алғашқы қанағатсыз, нашүкір – тойымдығы жоқ, дүниепараз әйелін жіберіп, қайтадан Ақылды, сабырлы, шүкіршіл, қанағатшыл қызға үйленуі.

Қарсы дәлел: әкесінің айтқанын қылмаған Адамның (ғ. с.) ұлы Қабыл, Нұхтың (ғ. с.) ұлы Кенған Алланың қаһарына ұшырады. Егер «Һұд» сүресінің 46-аятына (41) тереңірек үңілсек, әкенің айтқанын қылмаған бала, Құдай алдында, ол әкенің жанұясына тән болмайтын секілді. Және әкесі айтқанын қылмаған баласы үшін Алладан жарылқау сұрай алмайтыны да аңғартылады.

Өз замандастарымыз арасында да әке-шешесінің кеңесін (арақ ішпе, темекі шекпе, ұрлық істеме, бұзықтарға қосылма т.б. ақылдарын) тыңдамағандардың соңы өкінішке соқтырғанына куәміз. Өткеннен үлгі іздесек, «Қыз Жібек» дастанындағы Төлеген батыр әкесінің батасын ала алмай, әкесі қарсы болса да Жібектің ауылына жол алған еді. Оның соңы қайғымен аяқталды.

Ал, әкесінің айтқанын екі етпеген Смағұлдың (ғ.с) өмірі бақытты, өнегелі өмір болды. Екі дүниенің Рахым Нұры – Мұхаммед (с.ғ.с.) сол Ұлы Пайғамбардың ұрпағы емес пе? Ал, бүгінге жеткен ұрпағынан қанша сауап, Нұр жауса, Қияметке дейінгі Иманды ұрпағынан Оған қаншалаған Рахметтер құйылып тұратынын айтпайсыз ба?!

Бала күнінен ұшқыш болуды армандаған тұңғыш Президент – Нұрсұлтан Назарбаев та әкесінің тілегімен ол арманын

тастап, әкесі риза болған бағытқа жол алды. Бұл – әкенің сөзін сыйлағанның артықшылығын сипаттаған Алланың, бүгінгі, көз алдымыздағы нақты үлгісі. Мұны Алла біздің әрбір қазақстандық жасқа Жол қылып әдейі ұсынып отыр. Жастар осыдан тағлым алсын – ата мен анасын сыйласын, ал, ата мен ана шақалағын бірінші күнінен әкені сүйетін, сыйлайтын, одан қорқатын етіп тәрбиелесін, деген өнегесі, деп қабылдасақ, жаңылмаспыз, Иншаллаһ!...

Бұл – ел болашағының жарқын болуына, ұрпақтардың мәңгілік бақытты ғұмыр кешуіне мықты – тегеурінді Жол, әрине.

– *сегізінші*, Ібраһим Халиулланың (ғ.с) елі үшін, ұрпағы үшін тілегі: «(Мұхаммед с.ғ.с) сол уақытта Ібраһим (ғ.с): «Раббым! Осы Мекке қаласын бейбіт қыл! Мені және ұлдарымды бұттарға шоқынудан *(біздіңше қарғалғандар мен адасқандарға еліктеуден, еруден) ұзақ қыл!*» «Раббым, олар адамдардың көбін адастырды. Ал, енді біреу маған ерсе, рас ол – менен. Тағы біреу маған қарсы келсе, онда Сен – өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімдісің». «Раббымыз! Ұрпақтарымның кейбірін егінсіз ойпатқа, құрметті үйің (Қағбаның) жанына орналастырдым. Раббымыз! Олар намазды оқитын болсын! Енді адамдардың көңілін оларға ауатын қыл! Сондай-ақ, оларды, жемістермен ризықтандыр! Әрине, олар шүкіршілік етер». «Раббымыз! Күдіксіз, Сен жасырын, әшкерелерімізді білесің. Жердегі, көктегі нәрселер Саған жасырын емес». «Барлық мақтау маған қартайған шағымда Смағұл мен Ысхақты берген Аллаға тән. Күдіксіз Раббым – тілекті Естуші», «Раббым! Мені әрі ұрпақтарымды намазды толық орындаушы қыл! Раббымыз! Тілегімді қабыл айла!» «Раббымыз! Есеп құрылатын күні, мені, әке-шешемді және Момындарды жарылқа!» - (деді)» («Ібраһим» с. 35-41-а).

Алатын сабақ: осы дұғаларды біздің әрбіріміз айтып жүруіміз керек. Осы біздерді Жәннаттан мәңгілікке орын алудай ұлы мұратқа жеткереді.

Мұсаның (ғ.с.) қиссасы

Бұдан алатын сабақ – перғауын мен Қарұнның оқиғасын ескеріп, байлыққа тасынудың қайырсыздығын саналы түрде ұғыну. Мұса (ғ.с.) жіберілген қауымның басшысы, өзін құдай

санаған перғауынды және сол елдегі, Алла «...кілттерін күшті бір топ әрең көтеретін қазыналар берген...» Қарұн (42) есімді байды ескерейік. Екеуі де Алла сынаққа берген байлығына, ықпалына сенетін. Соларға белгілі мерзім бітіп, әл-Қаһар келгенде, оларды есепсіз байлығы мен айналасындағы тілекшілері, туыстары мен ағайындары, қызметінде жүрген жандайшаптары құтқара алмады (43). Тіпті, Алладан үкім келгенде Пайғамбарлардың да бірі ұлын, екеуі әйелдерін (44) арашалай алмады. Сонда былайғылар қалай көмектеспек?

Және осылар тақылетті Құранда ескерткен, біз зерттеп үлгі алмай жүрген, жақсының бағын ашатын (45), жаманның тұқымын қиятын (46) дәлелдерге қанықпыз. Пайғамбарлар қиссасы бұрынғылардан қалған ертегі емес! Оны игілікке пайдалану – Тақуалықтың көрінісі («Жүсіп» с. 111-а). Абай бабамыз егер біреу күнә арттырса, замандастарының бәрі кінәлі екенін айтқан. Құранда: «Олар бір-бірін істеген жамандықтарынан тыймайтын болған. Расында, олардың істегені нендей жаман» («Мәида» с. 79-а), -деген. Расында, еліміздегі қылмыстылар үшін, біз діндарлар да кінәліміз. Себебі, оларға Құрандағы өсиеттер мен Пайғамбарлар қиссасын, ағымдағы дәуір тынысымен, адамзат пейіл-психологиясымен байланыстырып, әбден түсінікті етіп айта алмағанбыз.

Ал, айтар болсақ, «Ниса» сүресінің 170-аятын ескертіп алып (47), Нұхтың (ғ.с.) қауымының көргенін көрмеу үшін, Құранды терең түсініп оқып, Аяттарға жүректен («Бақара» с. 225-а) амал жасап, Алланы көп зікір етіп, Алланың бергеніне шүкіршілікті (48) көбейтіп, ысырапты болдырмай, Ана табиғатты аялайық, табиғатқа қиянатты (49) доғарайық – кеуленіп байлық алынған жерлердің, ағашы кесілген орманның құрметін заң бойынша орнына қояйық (50) деп, экологиялық апаттың алдын алуға үлес қосқан болар едік;

– айтсақ, Шұғайыптың (ғ.с.) қауымының қылмысын қайталамау үшін де Алланы көп еске алып, пейіл мен нәпсіні шүкіршілдік пен қанағатшылдыққа жеңдіріп, әрқашан да әркім өзі үшін жауап (51) беретінін ескеріп, Әділ болайық (52), шайтанға алданған, нәпсісіне құл болған, ынсапсыз біреуге ермейік, -деп, сауда да ғана емес, пара алу, өсіммен өмір сүру (53) адамдардың еңбекақысына, үй құрылысы үшін ақша құйған салымшылардың

ақшасына қиянат жасау (54) рәуішті күнәлардан сақтандырап едік;

– айтсақ, Лұттың (ғ.с.) қауымының жазасына тап болмау үшін, әрбір ата-анаға қарата: – Алла бауырыңыздағы ұл мен қызды сынауға (55) бола бергеніне жүректен сеніңіз, олар арқылы Бейішке бара-тыныңызды ескеріп, оларды ерінбей, азабы мен машақатына шыдап Имандылық Жолына тәрбиелеңіз. Ылғи өсектен құралған – көріп, тыңдағаныңыз үшін өзіңізді күнәға батыратын, үнді мен түріктің мәнсіз сериалдарына кеткен уақытыңызды, өзіңізді Бейішке жеткеретін ұл-қызыңыздың тәрбиесіне, ілім-білім үйренуіне жұмсаңыз; не жақсылық қылсаңыз өзіңіз үшін, не жамандық істесеңіз де азабын өзіңіз тартасыз, біреу үшін біреу жауап (56) бермейді, Алла ешкімге зұлымдық қылмайды, Оның айтқанын (57) істеңіз,-деп, «Ахзап» сүресінің 32-33-аяттарын оқуын ескертіп және Мәриям (р. а.) анамыздың анасының үлгісін қолданса екен, дейміз;

– анамын, деген әйел жұртына, «Бақара» сүресінің 228; «Ниса» сүресінің 34-аяттары бойынша еріне бағынса екен – оған билік қылып, үстем сөйлемесе екен дейміз; бұлай ету – Алладан қорыққандықтың нышаны, екіншіден, өзінің ерін сыйламаған үлгі-өнегесін көріп, өктем сөзін есітіп өскен ұрпағы да осы жолмен кетіп, Имандылықтың бұзылуына мұрындық болатынын – үлкен обалға қалатынын ұқса екен дейміз; Құранда кім бір жақсылық-ізгілік істесе, одан оған сыйлық үлес барын және кім бір арсыздықтың-жамандықтың үлгісін көрсетсе, жолын үйретсе, одан да оған жаза барын ескерткенін айтар едік;

– қазіргі келіндер адасқандардың үлгісімен қайын атасын «папа», енесін «мама» дейтін болды; бұдан да сорақысы, кейбір қайыната, келінін балам деп сүйеді. «Ахзап» сүренің 4-5-аяттарында: **«... Және асырандыларың, бел балаларың бола алмайды. Бұларың («балам» деп айтқандарың) ауызша сөздерің ғана. Алла Шындықты айтады да, Ол Тура Жол көрсетеді», «Оларды (әр баланы) әкелерімен шақырындар. Сол Алланың қасында турарақ...»**,-деген, ескертуіне құлақ салсақ, келін қайынатасына бала бола алмайды, ол – келін, әркімді өз орнымен сыйлайық, дер едік;

– және әрбір ата мен ана перзенттерін Имандылық Жолына дұрыс тәрбиелеп, бұзықтық жайылуын жақсы көретіндердің: «Өмір бір-ақ рет беріледі, жастығында жүріп қалсын...»,-деген,

арам ақылынан, ұятсыздықтар мен көргенсіздіктерден тыйса, ол (58) бірнеше адамның сауабына қалатынын ескертейік.

Міне, Имандылықты сақтайтын Құран көрсеткен осы жолдармен өмір сүрсек, Иншалла, Лұттың қауымына келген азапқа ұшыраудың алдын алған болар едік, елді күллі бұзықтық атаулыдан жеріндірер едік.

Алланың айтқанын қылмағандықтан маймылға айналған қауымды да білеміз (59). **«Сонда ол жазаны ілгері-кейінгілерге ғибрат әрі Тақуаларға насихат қылдық»** («Бақара» с. 66-а),- дейді. Демек, тиым салынған нәрседі шектен шыққан елді Алла қорлықпен жазалайды («Ағраф» с. 166-а). **«...кейінгілерге ғибрат...»**,-дегендегі кейінгілер біздерміз және біздерден кейінгілер. Осындай дамыған заманда Құранды оқып біліп отырып, надандардың істегенін істесек, әлбетте, қаһары қатты Алланың жазасына ұшыраймыз. Одан Алланың Өзі сақтасын!

Сахабалардан бірі Айша (р. а) анамыздан Мұхаммедтің (с.ғ.с.) мінезін сұрағанда, Оның (с.ғ.с.) мінезі тұрысымен тұнып тұрған Құран екенін айтқан. Бұдан алатын тағлым – Иман келтірген әркімнің Құранмен тіршілік етіп, өмір сүрмегі. Бүйткен Құл, әрине, күнәға бармайды. Бұл дүниеде де, алдағы өмірінде де тек Алланың қамқорлығында, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) шапағатында болады.

Қорыта айтқанда, біз, ұйқыдағы надан әлемге, жарқ еткізіп Нұрды алып келген, ең соңғы Пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) қиссасынан, зайырлы мемлекетке Құран Нұрын шашып, ұятсыздық пен қылмыскерлікті, жалатайлық пен алаяқтықты «өркениет» деп бетіне кетіп бара жатқан замандастарымызға Құрани Ақылмен, Иләһи біліммен, өте үлкен мәдениеттілікпен үлгі көрсетіп, Алланы естеріне салып, бүгінгі тыныштық пен тоқшылықтың қадірін білуге, оны қорғауға, Алланың нығыметтері мен ғанибеттерін түсініп шүкіршілік етуге, қанағатшылдыққа, сабырлылыққа шақыруымыз керек. Ең соңғы Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) қиссасының философиясы бүгінгі діндарлардан, жалпы білімді жақсылардан осыны сұрап отыр.

«Таһа» сүресінде: **«(Мұхаммед) өстіп, саған кейбір болып өткен уақиғаларды баян етеміз. Сондай-ақ, саған Өз қасымыздан Құранды бердік», «кім Құраннан бет бұрса, сонда күдіксіз оған Қиямет күнінде күнә жүктеледі»** (99-100-а),-

деген. Құранда баяндалған қиссалар, нашүкір адамзаттың кесірінен өмірде қайталанып отырады. Сондықтан қиссаларды бұрынғылардың басынан өткені деп қарамай, олардан сабақ алып, өзімізді түзеп отырайық. Замандар өзгергенмен адамзаттың нашүкірлігі мен қанағатсыздығы, шайтан мен нәпсісіне алданғыштығы өзгермейді; ашаршылық, соғыс азаптарын көргенде тәубесіне келіп, тыныштық орнап, тойынғаннан кейін және нашүкіршілігіне барады. Осы надандық қазіргі дәуірде өршіп тұр. Аллаға жүректен құлшылық жасау, Одан шынымен қорқу жоқ. Тек амал бар. Егер Алланы ескеру тек тілде ғана қала берсе, бұл беталыстың соңы біз атап өткен Пайғамбарлардың бірінің қауымына келген апатпен аяқталуы кәдік емес.

Хакім Лұқманның (ғ.с.) ұлына өсиеттері:

«Әй, ұлым! Аллаға серік қоспа! Күдіксіз, ортақ қосу – зор зұлымдық»,-деді».

«Әй ұлым! Тарының салмағындай болса да, бір жар тастың ішінде болса да, көктерде не жерде болса да Алла оны келтіреді. Расында, Алла – өте Мұлайым, толық Білуші».

«Әй ұлым! Намазды толық орында. Дұрыстыққа бұйырып, бұрыстықтан тый. Басыңа келген ауыршылыққа сабыр ет. Рас, бұлар маңызды істерден». «Адамдарға паңсып, қырындама да жерде кердендеп, жүрме. Расында, Алла, бүкіл дандайсыған мақтаншақты жақсы көрмейді». «Жүрісінде орташа бол да даусынды бәсеңдет. Сөз жоқ, дауыстардың ең жаманы – есектің дауысы». («Лұқман» с. 13; 16-19-а).

* Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): **«Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...».** («Бақара» с. 272-а) **«Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік. («Фурқан» с. 56-а) «Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың», («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: «Сен оларды зорлаушы емессің»,-деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.**

Құранда: «...Алла азапты Ақылын жұмсамайтындарға береді» («Жүніс» с. 100-а),-деген...

1. «Бақара» сүресінің 30-33-аяттары: «**(Мұхаммед с.ғ.с.) сол уақытта Раббың Періштелерге: «Әрине, мен жерде бір орынбасар жаратамын!»**»-деген еді. (Періштелер): «Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінен біз Сені дәріптеп, мақтау мен пәктеудеміз»-деді. Алла: «Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін!»-деді». «Алла Адамға (ғ.с.) біртұтас атауларды үйретті де сонан соң оларды періштелерге көрсетіп: «Айтқандарың рас болса, Маған осы нәрселердің аттарын айтып беріңдер»-деді». «Періштелер: «Сен – пәксің! Біздің, Сенің үйреткеніңнен басқа білеріміз жоқ. Әрине, Сен – толық білуші, өте данасың»-деді». «(Алла Т): «Әй, Адам! Оларға, бұлардың аттарын баян ет»-деді. Сонда (Адам ғ.с.) оларға ол заттардың аттарын айтқан сәтте, Алла: «Мен сендерге көктер мен жердің құпиясын, сендердің де ашық, жасырын істегендеріңді білемін, деп айтпадым ба?»-деді», «Сосын періштелерге: «Адамға сәжде қылыңдар»-дедік. Сонда олар дереу сәжде қылды. Бірақ, ібіліс бастартып, тәкаппарсып, қарсы келді».

2. «Хаж» сүресінің 4-аяты: «**Негізінен кім шайтанды дос көрсе, ол оны адастырып, дозақ отына бастайды**»,-деп жазылған (Лаухұл Махфузда).

3.«Ағраф» сүресінің 12-15-аяттары: «(Алла ібіліске): «Саған, Мен әмір еткенде сені сәжде етуден не тыйды?»-деді. ол: «мен одан артықпын. мені оттан жаратып, оны балшықтан жараттың»-деді». «(Алла): «Онда ол жерден түс. Онда сенің менменсуіңе болмайды. Дереу шық, қор болушылардансың!»-деді». «(ібіліс): «Қайта тірілетін күнге дейін мұрса бер»-деді». «(Алла): «Шынында мұрсат берілгендерденсің»,-деді».

«Хыжыр» сүресінің 40-аяты (ібіліс:) «**Бірақ, олардың ішіндегі нағыз Құлдарынды адастыра алмаймын**».

4. «Қасас» сүресінің 50-аяты: «Сонда да саған жауап бермесе, шын мәнінде олардың өз көңілдері тартқан жаққа кеткенін біл. Алладан **бір жол-жорықсыз өз көңілдері ауған жаққа ілескеннен әрі адасқан кім бар?** Әрине, Алла залым елді Тура Жолға салмайды».

5. «Бақара» сүресінің 269-аяты: **«Алла (Т) Хикметті (терең білімді: Иләһи және дүнияуи ілімді, аса пікірлілікті, өнерді, әрбір игі іске ұсынақтылықты, шеберлікті т.б.) қалаған Құлына береді. Ал, кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Мұны Ақыл иелері ғана түсіне алады».**

6. «Шәміс» сүресінің 9-10-аяттары: **«Расында нәпсісін тазартқан Кісі құтылды да», «Әлде кім оны кірлетсе, қор болды».**

7.«Ібраһим» сүресінің 22-аяты: «Іс біткен заман шайтан: **«Расында, Алла сендерге Шындықты уәде етті. Сондай-ақ, мен сендерге уәде етіп, опасыздық жасадым. Негізінде сендерді шақырғаннан басқа өктемшілігім жоқ.** Сонда да шақыруымды қабыл алдыңдар. **Ендеше мені сөкпендер де өздеріңді сөгіндер.** Мен сендерді құтқара алмаймын. Сондай-ақ, сендер де мені құтқара алмайсыңдар. Расында, бұрыннан-ақ мен Аллаға (мені) ортақ қосуларыңа қарсы едім». Сөз жоқ залымдарға жан түршігерлік азап бар.

8. «Бақара» сүресінің 35-39-аяттары: «Адамға: «Әй, Адам! Сен де, жұбайың да Жаннатта тұрыңдар, ерікті түрде қалағандарыңша **жеңдер де, мына ағашқа жоламаңдар. Онда жазықтылардан боласыңдар»**, деген едік». «Баста Періштелер қатарлы сәжде қылмаған шайтан, екеуін ол жерден тайдырды. Ондағы нығметтерден де шығарды. Оларға: «Бір-біріңе қас болып, түсіңдер: Сендер үшін жержүзінде тұрақ және бір мезгілге дейін пайдалану бар»-дедік». «Сонда Адам (ғ.с.) Раббынан Сөздер үйреніп алды да жалбарынды. Раббы оның тәубесін қабылдады. Өйткені, Ол тәубені өте қабылдаушы, ерекше мейірімді». «Жәннаттан бәрің түсіңдер, Менен сендерге бір Туралық келсе, кім сонда Тура Жолыма ерсе, оларға қорқу жоқ әрі қайғырмайды»-деген едік». (*«Ісра» с. 11-26-аятында да айтылған*). «Қарсы келіп, Аяттарымызды өтірік дегендер – дозақтық, олар онда мәңгі қалады».

«Ағраф» сүресінің 11-30-аяттары: «Расында, сендерді жаратып, сонан кейін бейнеледік. Сонан соң Періштелерге: «Адамға сәжде қылыңдар!»-дедік. Барлығы сәжде етті. Бірақ, ібіліс сәжде етпеді де, сәжде етушілерден де болмады». «(Алла ібіліске:) «Мен әмір еткенде сені сәжде етуден не тыйды?»-деді.

ол: «мен одан артықпын, мені оттан жаратып, Оны балшықтан жараттың», - деді». «(Алла:) «Онда ол жерден түс. Бейіште сенің менменсінуіңе болмайды. Дереу шық! Қор болушылардансың», - деді». «(ібіліс:) «Қайта тірілетін күнге дейін мұрса бер», - деді». «*Жаратқандарына Мейірімді, Әділ, Алла оған да Әділдік («Ниса» с. 135-а) етіп:*» «Шынында мұрса берілгендерденсің», - деді». «*(қырсық, кеңе, бәлеқор, екіжүзді ібіліс:)* «Ендеше мені қаңғыртқаның себепті, әлбетте, мен де Оларға *(адам баласына)* қарсы Сенің Тура Жолында отырып аламын», «сосын Олардың алды-артынан, оң-солынан келемін де Олардың көбін*(тексіздерді)* шүкір етушілерден таппайсың», - деді». «(Алла:) «Қорланып *(киімсіз – жалаңаш, бет-ауызы бұзық – қорқынышты; денесі қотыр, нес әрі жиіркешімі лас)* қуылған түрде Ол жерден (Бейіштен) шық. Әрине, Олардан кім саған ілессе, сендердің барлықтарыңмен дозақты толтырамын», - деді». «(Алла:) «Әй, Адам! Сен және жұбайың Жәннатқа орналас. Екеуің *(мына азықтардан, жемістерден)* қалағандарыңша жеңдер. Алайда, осы ағашқа *(жеміске)* жоламаңдар. Сонда залымдардан боласыңдар». «*(Бұған іші күйіп, қызғанған)* шайтан ол екеуінің ұятты жерлерінің ашылуы үшін азғыруды көздеп: «Раббыларың сендерді осы ағаштан, екеуің Періште болып кетеді немесе Бейіште мәңгі қалып қояды, деп қана тыйған», - деді». «(Ол екеуін сендіру үшін:) «Шынында, мен екеуіңді үгіттеушілерденмін», - деп ант ішті». «Сөйтіп, екеуін алдап түсірді – екеуі ағаштан *(жемістен)* татқан сәтте, ұятты жерлері ашылып кетті. *(Екеуі Алладан, Періштелерден және бір-бірінен ұялғаннан)* Жәннаттың жапрақтарынан үстеріне жапсыра бастады. Алла екеуіне: «Екеулеріңді осы ағаштан *(жемістен)* тыймап па едім?! Расында, шайтан сендерге ашық дұшпан демеп пе едім?!» - деп дауыстады». «(Адам ата мен Һауа ана:) «Раббымыз, біз өзімізге кесір істедік. Егер Сен бізді жарылқап, мәрхамат етпесең, әлбетте, зиян етушілерден боламыз», - деді». «(Алла:) «*Жәннаттан шайтанмен)* бір-біріңе дұшпан болып түсіңдер. Сендерге жер жүзінде бір мерзімге дейін пайдалану бар», - деді». «Жерде тіршілік етесіңдер де, сол жерде өлесіңдер. Және қайта шығарыласыңдар», - деді». «Әй, Адам баласы! Ұятты жерлеріңді жабу үшін киім және сәндік бұйым түсірдік. (Жараттық). Негізінен Тақуалық киімі жақсы. Солар Алланың

белгілері. Әрине, түсінерсіңдер». «Әй, Адам баласы! Шайтан ата-аналарыңның ұятты жерлерін көрсету үшін киімдерін шешіп, Жәннаттан шығарғаны сияқты, сендерге де сұмдық жасамасын. Өйткені, ол және оның сыбайластары (*оған ергендер: ұятты, ұят деп қабылдай алмайтын тексіздер, тәрбиесіздер*), сендер оларды көрмеген жерден (*сендерді*) көреді. Шайтандарды Иман келтірмейтіндерге дос қылдық». «Олар қашан бір арсыздық істесе: «Бұл ата-бабамыздың жолы, мұны бізге Алла бұйырды», - деді. (*Аллаға жала жапты*). (Мұхаммед с.ғ.с.:) «Шынында, Алла арсыздыққа бұйырмайды. Аллаға білмеген нәрселеріңді айтасыңдар ма?»-де». «(Мұхаммед с.ғ.с.): «Раббым Әділдікті бұйырды. Әрбір құлшылық орнында, беталыстарыңды туырлап, діндеріңді Аллаға арнап отырып, Одан тілендер. Сендер бастапқы жаратқанындай және Оған қайтасыңдар»-де». «(Алла адам баласының) бір тобын Тура Жолға салды. Бір тобы адасуға тиесті болды. Өйткені, олар, шайтанды Алладан (*тиімді ақылшы танып*), дос тұтты да, өздерін тура жолдамыз, деп есептеді». Бұл оқиғалар «Таһа» сүресінің 115-123-аяттарында да ескертіледі.

9. «Әнфал» сүресінің 28-аяты: **«Негізінде малдарыңды, балаларыңды сын, деп біліңдер».** (*Сынақ үшін берілді, деп түсіну меңзеледі. Оларды қалай ұстайсың: малдарыңнан садақа, зекет, пітір бересің бе? Балаларыңды Имандылыққа тәрбиелейсің бе? Әлде...*)

10. «Ібраһим» сүресінің 34-аяты: «Әрі сендерге Өзінен сұраған нәрселеріңнің бәрін берді. Егер Алланың нығметін санасаңдар, санына жете алмайсыңдар. Расында, адам баласы өте ынсапсыз, аса шүкірсіз».

11. «Бақара» сүресінің 3-аяты: «Олар ғайыпқа Иман келтіреді, намазды толық орындайды, өздеріне берген несібемізден, басқаларға пайдаландырады».

«Әли Ғымран» сүресінің 92-аяты: **«Сүйген нәрселеріңді Алла Жолында жұмсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар. Не берсеңдер де Алла (Т) оны толық біледі».**

12. «Бақара» сүресінің 177-аяты: «Жүздеріңді шығысқа, батысқа жөнелту бір игілік емес. Бірақ, кім Аллаға, Ақырет күніне, Періштелерге, Кітаптарға, Пайғамбарларға Иман келтірсе және жақындарына, жетімдерге, кемтарларға, жолда қалғандарға, қайыршыларға малдай, қаржылай қайырым жасаса және құл азат

етуге жақсы көре отырып, мал сарып қылса әрі намазды толық орындап зекет берсе, өзара байласқан уәдесін орындаушы болса, таршылықта, қиыншылықта және соғыс кезінде сабыр етуші болса, міне, солар – Шыншылдар әрі солар – Тақуалар.

13. «Қасас» сүресінің 77-аяты: **«Алланың саған берген дәулетімен Ақырет жұртын ізде де дүниедегі несібенді де ұмытпа. Алла, саған жақсылық еткендей сен де жақсылық істе, сондай-ақ, жер жүзінде бүліншілік ізденбе! Алла бұзақыларды сүймейді.**

14. «Ағраф» сүресінің 190-аяты: «Дегенмен, Алла Оларға дұрыс бала берген кезде, Олар Өздеріне берген балаға сүйсіну үстінде Аллаға серік қата бастады».

15. «Мәйда» сүресінің 27-30-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с) оларға Адамның (ғ.с) екі ұлының әңгімесін шынайы түрде оқы: «Сол уақытта екеуі Аллаға жақындық үшін Құрбан шалған еді. Құрбандық біреуінен қабылданып, екіншісінен қабылданбаған еді. (Құрбаны қабылданбаған Қабыл): «Әлбетте мен сенді өлтіремін»-деді. Сонда (Әбіл): «Алла сөзсіз Тақуалардың Құрбанын қабыл етеді»-деді». «Сен мені шын өлтіруге қол созсаң да, мен сені өлтіру үшін қол созбаймын. Күдіксіз, мен әлемдердің Раббы Алладан қорқамын!» «Сөзсіз мен, сенің күнәң мен өз күнәмді жүктеп, дозақтық болуды қаламаймын. Осы – залымдардың жазасы» (-,деді). Сонда оның (Қабылдың) нәпсісі, туысын өлтіруге қызықтырды да ол, оны өлтіріп, зиянға ұшыраушылардан болды.

16. «Һұд» сүресінің 40-аяты: «Ақыр әміріміз келген заманда, таңдырдан су қайнады. Нұхқа (ғ.с.): «Ол кемеге әр нәрседен бір жұп және бұрын үкім етілгеннен басқа жанұяңды орналастыр. Әрі Иман келтіргендерді де ал»-дедік. Негізінде *(қауымынан)* Онымен бірге Иман келтірген өте азы ғана еді».

17. «Фүссилат» сүресінің 53-аяты: **«Құранның мүлде шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі белгілерімізді жедел көрсетеміз. Расында Раббыңның әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?».**

18. «Рұм» сүресінің 9-аяты: «Олар жер жүзінде кезіп, өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын көрмей ие? Негізінен олар, бұлардан күштірек еді де олар, жерді қопарып, олар оны; бұлардың дамытуынан гөрі көбірек дамытқан еді.

Оларға ашық дәлелдер мен Елшілер де келген еді. Сонда оларға Алла, зұлымдық еткен жоқ, олар өздеріне өздері зұлымдық етті».

19. «Нәбә» сүресінің 27-аяты: «Өйткені, олар есепке тартылуды ойламаған еді».

20. «Ахқаф» сүресінің 26-аяты: «Расында оларға да, сендерге берген мүмкіншілікті берген едік. Сондай-ақ, **оларға да есту, көру және ойлау қабілетін берген болатынбыз.** Бірақ, олардың құлақтары, көздері және жүректері ешбір пайда бермеді. Өйткені, олар, **Алланың Аяттарына қарсы келетін еді. Олардың мазақтаған нәрселері бастарына жетті.**

21. «Тәубе» сүресінің 70-аятында: «Оларға өздерінен бұрынғы Нұһ, Ғад, Сәмүд қауымдары және Ібраһим қауымы, Мәдиян елі ойран болған кенттердің хабары келмеді ме? Соларға Пайғамбарлары ашық дәлелдер келтірген. Алла оларға зұлымдық қылмады. Олар өздеріне өздері зұлымдық қылды».

22. «Бақара» сүресінің 214-а; 254-аяттары: «(Мұсылмандар!) **Сендерге бұрынғы өткендердің басына келген сияқты (жағдай) келмей Жаннатқа кірулеріңді ойладыңдар ма?** Оларға, ашаршылық, ауру келді. Олардың күйзелгені соншалық, тіпті, Пайғамбарлар және олармен бірге Иман келтіргендер: «Бізге Алланың жәрдемі қашан болар екен?»- дегенге дейін (қиыншылықта) тербетілді. Естерінде болсын. Негізінен Алланың жәрдемі жақын». «**Әй, Момындар! Сендерге берген несібемізден саудаласу, достық, көмектесу мүмкіндігі болмайтын бір күннің (Қияметтің) келуінен бұрын Алла Жолында жұмсаңдар.** Ал, қарсы болушылар, олар залымдар».

«Рұм» сүресінің 7-аяты: «**Олар дүние тіршілігінен көрініп тұрғанын біледі де, өздері Ақыреттен хабарсыз».**

«Әнфал» сүресінің 67-аяты: «Ешбір Пайғамбар жер жүзінде жауға өктем болғанға дейін тұтқын ұстауға тиісті емес. **Сендер дүниенің пайдасын ойлайсыңдар. Алла (сендерге) Ақыретті қалайды.**

23. «Һұд» сүресінің 116-аяты: «Сендерден бұрынғы ғасырлардағы Ақыл иелері, жер жүзіндегі бұзықтықтан тыя алмады. Бірақ олардың (Иман келтірген) аз ғана (тобын) құтқардық. **Жоғары тұрмыс берілгендер, соның соңына түсіп зұлымдық**

істеп, күнәкар болды). (Яғни «Зұлымдық істегендер, берілген жоғары тұрмыстың соңына түсіп, күнәкар болды»).

24. «Фатыр» сүресінің 41-аяты: **«Рас, Алла (Т) көктер мен жерді бұлжытпей (күйреп жоқ болып кетуден, құлап кетуден) ұстайды (–тепе-теңдікті сақтайды)**. Егерде екеуіне бір зауал болса, одан кейін оны ешкім ұстап тұра алмайды. Шәксіз, Ол тым жұмсақ, аса жарылқаушы».

«Мүминүн» сүресінің 71-аяты: **«Егер Шындық олардың көңілдері тартқан жаққа кетсе, әрине, көктер мен жер және оларда болған әркім бұзылып, кетер еді**. Олай емес. Оларға үгіт келтірдік. Олар қабылдамады».

25. «Фатиха» сүресі.

26. «Ағраф» сүресінің 36-аяты: **«Сондай, Аяттарымызды өтірік дегендер, өздерін Одан зор санағандар, солар дозақтық**. Олар онда ұдайы қалушылар».

«Нұр» сүресінің 52-аяты: **«Кімде кім Аллаға, Пайғамбарға бағынса, сондай-ақ, Алладан қорқып сақтанса, міне, солар (жақсылыққа) қолы жеткендер»**.

27. «Ағраф» сүресінің 31-аяты: **«Әй, адам балалары! Әрбір құлшылық орындарында тақуалық киімін киіндер және ішіп-жендер де ысырап етпендер. Күдіксіз, Алла ысырап етушілерді сүймейді**».

«Ісра» сүресінің 26-27-аяттары: **«Туысы жақындарға, міскіндерге, жолда қалғандарға міндетті түрде қарайласындар. Және мүлде ысырап қылмаңдар»**. **«Шынында ысырапқорлар шайтанның туысы. Ал, шайтан Раббына өте қарсы»**.

28. «Мәида» сүресінің 90-аяты: **«Әй, Момындар! Арақ, құмар, тігілген тастар (бұттар) және бал ашатын оқтар – лас, (олар) шайтанның істерінен»**.

«Ағраф» сүресінің 56-аяты: **«Жер жүзі түзетілгеннен кейін, бүліншілік қылмаңдар**. Аллаға қауіп және үмітпен жалбарыныңдар. Расында, Алланың Рахметі жақсы».

«Хұжрат» сүресінің 10-13-аяттары: **«Шын мәнінде Момындар туыс қой**. Сондықтан екі туыстарыңның арасын жарастырыңдар. Және Алладан қорқындар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер». **«Әй, Момындар! Бір ел, бір елді тәлкек қылмасын**. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ, әйелдер, әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім олар өздерінен

жақсы шығар. **Бір-бірінді міндемендер; жаман ат тағыспандар.** Иман келтіргеннен кейінгі жексұрындық нендей жаман. Ал кім тәубе қылмаса, міне, солар залымдар». «Әй, Момындар! **Күмәнның көбінен сақтаныңдар. Өйткені, күмәнның кейбірі күнә. Сыр тексермендер, біреуді-біреу ғайбаттамасын.** Біреулерің өлген туысының етін жеуді жақсы көре ме? Әрине, оны жек көресіңдер. Расында, Алла тәубені тым қабыл етуші, ерекше мейірімді». «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында, **Алланың қасында ең ардақтыларың Тақуаларың.** Шәксіз, Алла – толық Білуші, әр нәрседен Хабар Алушы».

29. «Бақара» сүресінің 120; 145-аяттары: «(Мұхаммед ғ.с.) олардың діндеріне ермейінше, Яһуди де, Христиан да сірә, сенен разы болмайды. Оларға: «Әрине, Алланың Жолы – Тура Жол»-де. Өзіңе мәлімет келгеннен кейін егер олардың көңілдері тартқанына еліктесең, Алла тарапынан саған не дос не жәрдемші болмас». «(Мұхаммед ғ.с.) Кітап берілгендерге әр түрлі мұғжизаны келтірсең де олар сенің құблана ілеспейді (қосылмайды). Ал, сен де олардың құбласына қосылушы емессің. Сондай-ақ, олар да бір-біреулерінің құбалаларына ілеспейді. Өзіңе мұншалық мәлімет келгеннен кейін, олардың ойларына еліктесең, әлбетте сен анық залымдардан боласың».

30. «Һұд» сүресінің 84-95-аяттары: «Мәдянға туыстары Шұғайыпты жібердік: «Әй, елім! Аллаға құлшылық қылыңдар. Сендердің одан басқа тәңірлерің жоқ. Сондай-ақ, **өлшеуді, таразыны кемітпендер.** Расында, мен сендерді молшылық ішінде көремін. **Күдіксіз, мен сендерге байланысты тырп еткізбейтін күннің азабынан қорқамын»-деді.** «Тіпті, ол жерде отырмағандай. Естерінде болсын! Сәмүд елі мәрхаметтен ұзақтасқандай Мәдян елі де ұзақтасты».

31. «Зұхрұф» сүресінің 36-аяты: «Әлде кім Рахманды еске алудан көз жұмса, оған шайтанды ерікті қыламыз да сонда ол оның жолдасы болады».

32. «Һұд» сүресінің 82-83-аяттары: «Оларға апат әміріміз келген сәтте, ол жердің үстін астына келтірдік. Сондай-ақ, үстеріне ерекше әзірленіп қыздырылған тас жаудырдық». «**Раббыңның қасында таңбаланған болатын. Бұл апат залымдардан ұзақ емес.**»

33. «Ісра» сүресінің 23-25-аяттары: «Раббың, Өзіне ғана ғибадат етулеріңді, **әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал, егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе: «Түһ» деме (Кейіс білдірме.) Сондай-ақ, ол екеуін зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле.** «Ол екеуіне кішірейіп мәрхамет құшағын жай да: **«Раббым! Ол екеуі мені кішкентайда тәрбиелегендей Сен де оларды мәхаметіңе бөлей көр!»**»-де. «Раббыларың іштеріндегі нәрселерді жақсы біледі. Егер игілерден болсаңдар, негізінде Алла, бойсұнушыларды жарылқайды».

34. «Әнғам» сүресінің 75-83-аяттары: «Осылайша Ібраһимға (ғ.с.) сенушілерден болуы үшін көктердің, жердің (Ғажайып) мүліктерін көрсеттік», «Оны түн қаптаған сәтте, бір жұлдыз көрді де: «осы менің Раббым» деді. Жұлдыз батқан кезде; «Бататындарды жақсы көрмеймін» деді», «Туған айды көргенде: «Осы менің Раббым» деді. Ол батқанда: «Егер Раббым Тура Жолға салмаған болса еді, әрине, мен де адасқан елден болар едім» деді», «Және шыққан күнді көргенде: «осы менің Раббым, мынау үлкенірек» деді. Ол батқан сәтте: «Әй қаумым! Расында, сендер Аллаға ортақ қосқан нәрселерден бездім» деді», де: «Мен шынайы түрде жүзімді көктерді, жерді жаратқанға мүлде жөнелттім. Және ортақ қосушылардан емеспін» деді», «Елі онымен тартысқа кірісті. «Мені рас Тура Жолға салған Алла жайында менімен таласасыңдар ма? Мен сендердің оған ортақ қосқан нәрселеріңнен қорықпаймын. Бірақ, Раббым не нәрсе қаласа, (болады) Раббымның білімі әр нәрсені қамтыған. Ойланбайсыңдар ма?»-деді»,«Сендердің қосқан ортақтарыңнан қалайша қорқамын. Сендер ешбір дәлел түсірілмеген нәрсені Аллаға ортақ қосудан қорықпайсыңдар. Егер білетін болсаңдар, сенім тұрғысынан екі топтың қайсысы лайығырақ?» «Сондай Иман келтіріп, сенімдерін зұлымдықпен былғамағандар, міне, соларда сенімділік бар. Және олар Тура Жолға түсірілгендер», «Ібраһим (ғ.с.)-ның еліне байланысты берген дәлеліміз осы. Қалағанмыздың дәрежесін көтереміз. Күдіксіз, Раббың – Хикмет Иесі, толық Білуші».

35. «Бақара» сүресінің 131-133-аяттары: «Бір кезде Раббы оған: **«Бой ұсын!»**- деді. Ол: **«Бүкіл әлемнің Раббына бой ұсындым!»**-деді». **«Ібраһим (ғ.с.) бұны ұлдарына өсиет етті және Жақыпқа (ғ.с.): «Әй, ұлдарым! Әрине, Алла сендер**

үшін осы дінді ұнатты, сондықтан сендер нағыз Мұсылман болып өліңдер»-деді». «Жақыпқа (ғ.с.) өлім келген сәтте, балаларына: «Неменеге құлшылық қыласыңдар?»- дегенде, бар ма едіңдер? Сонда олар: «Сенің Тәңіріңе, аталарыңның Тәңіріне: Ысмайыл, Ысхақтың бір-ақ Тәңіріңе құлшылық қыламыз. Сондай-ақ, Соған бой ұсынамыз»-деген еді».

260-аяты: «Сонау заманда Ібраһим (ғ.с.): «Раббым! Өлікті қайтып тірілтесің, маған көрсет» деді. (Алла): «Маған сенбейсің бе?»-деді. (Ібраһим ғ.с.): «Әрине, сенемін! Бірақ, жүрегім орнықсын»-деді. (Алла Т.): «Кұстардан төртеу ұста да өзіңе үйірлестіріп, (сойып араластыр). Сонан соң әр таудың басына бір бөлшегін қой да сонан кейін оларды шақыр; дереу саған жетіп келеді. Күдіксіз, Алланың өте үстем хикмет иесі екенін біл!»-деді. (Ібраһим ғ.с.) бұйырылғанды орындады. Алланың әмірі бойынша құстар тіріліп келді.

36. «Әнбия» сүресінің 51-70-аяттары: «Рас, бұрын Ібраһимға (ғ.с.) да Туралық берген едік», «Сол уақытта ол; әкесіне, еліне: «Мына сендер шоқынған мүсіндер не?»- деді», «Олар: «Бұл аталарымыздан қалған жол»,-деді», «(Ібраһим ғ.с.): «Рас, сендер де, аталарың да адасудасыңдар»-деді», «Олар: «Сен бізге шындықты әкелдің бе? Ойнап, жүрсің бе?»-деді», «Олай емес. Негізінде сендердің Раббыларың, көктер мен жердің Раббы; соларды Ол жаратты. Сондай-ақ, осыларға айғақ болушыларданмын!»-деді», Ізінен: «Аллаға серт етемін! Сендер бұрылып кеткеннен кейін әлбетте бұттарыңа соқтығамын»,-деп, «...оларды быт-шыт қылып, бәлкім осыған айналар деп, үлкенін ғана қалдырды», олар шоқынуға келгенде, қирап жатқан бұттарды көріп: «Бұны тәңірлерімізге кім істесе де ол, анық залым екен»,-десті», «Ібраһим деген бір жігіттің осыларды сөз қып жүргенін естідік»-десті», «Оны, көрулері үшін адамдардың көз алдына алып келіңдер»-десті», «Әй, Ібраһим! Осыны тәңірлерімізге сен істедің бе?»-деді», Ібраһим (ғ.с.): «Бәлкім мына олардың үлкені істеген шығар. Егер сөйлей алатын болса, олардан сұраңдар»,-деді», «Олар өзара: «Шынында сендер залымсыңдар»,-десті», «Сосын олар, сүмірейіп: «Расында, бұлардың сөйлемейтінін білесің ғой!»-деді», «Онда сендер Алланы қойып, өздеріңе ешбір пайда, зиян келтіре алмайтын нәрсеге табынасыңдар ма?» «Түһ! Сендерге де, Алланы қойып, табынғандарыңа да! Енді де түсінбейсіңдер

ме?»-деді», «Олар: «Егер қолдарыңнан келсе, Ібраһимді өртеп, тәңірлеріңе көмек етіндер»-десті», «**Әй от! Ібраһимге салқын, зиянсыз бол**»-дедік», «Олар Ібраһимға қастық істегілері келді. Бірақ, өздерін сәтсіздікке ұшыраттық».

37. «Һұд» сүресінің 71-75-аяттары: «(Ібраһимнің ғ.с.) түрегеп тұрған әйелі күліп жіберді. Сонда **оны Ысхақ және артынан Жақыппен қуандырдық**», «(Ол): «Әттең-ай! Мен кемпір, мына ерім шал, мен туам ба? Бұл, әрине, таңғажайып нәрсе!» - деді», «(Періштелер): «Сен Алланың әміріне таңғаласың ба? Алланың мәрхаматы мен молшылығы сендерге болсын. (Әй, Ібраһим) жанұясы, шынында Алла мақтауға лайық, аса жоғары», «Ібраһимнан (ғ.с.) қорқу кетіп, оған қуаныш келген кезде, Біздің (Елшілеріміз) бен Лұт елі жайында сөзге килікті», «Шынында, Ібраһим (ғ.с.) анық жұмсақ, тым қамқор, бой ұсынушы».

38. «Саффат» сүресінің 99-102-аяттары: «(Ібраһим ғ.с.): «Раббым жаққа кетемін. Ол, маған жол көрсетеді»,-деді», «Раббым, маған жақсысынан бір ұл бер!» «Оны өте мүләйім бір ұлмен қуанттық», «Ұлы (Смағұл) Өзімен бірге жүруге жеткен кезде: «Балақайым! Сені түсімде мауыздағанымды көремін; назар аудар, осыған қалай қарайсың?»-деді. Ол: «Әй, әкетайым! Өзіңе не әмір етілсе, оны орында. Алла қаласа, мені сабырлылардан табарсың»,- деді», «Сөйтіп бұл екеуі де ұнап, әкесі оны етбетімен жатқызады», «Біз, оған: «Әй, Ібраһим!»-деп, дауыстадық: «Рас, түсінді шынға шығардың. Күдіксіз, ізгі іс істегендерді осылайша сынаймыз», «Шын мәнінде бұл бір ашық сынау еді», «Оны ірі бір құрбандыққа ауыстырдық», «Кейінгі нәсілдерде, оған (жақсы данқ) қалдырдық», «Ібраһимге (ғ.с.) сәлем», «Рас, ізгі істер істеушілерді осылайша сыйлыққа бөлейміз», «Өйткені Ол, сенген Құлдарымыздан еді», «Оны Пайғамбарлардың ізгілерінен; Ысхақпен сүйіншіледік».

39. «Бақара» сүресінің 125; 127-128-аяттары: «Сол уақытта үйді (Қағбаны) адам баласы үшін орталық әрі бейбітшілік орны етіп жасадық. Ібраһим (ғ.с.)-ның орнынан намаз орны қылып алыңдар. Және Ібраһим, Ысмайыл (ғ.с.) екеуінен: «Үйімді (Қағбаны) тауап етушілер, ғибадатқа отырушылар және рүкүф, сәжде қылушылар үшін тап-таза ұстандар»-деп, уәде алғанбыз». «Сонда Ібраһим мен Смағұл (ғ.с.) **үйдің (Қағбаның) ірге тасын көтере: «Бізден қабыл айла, күдіксіз, Сен – тілекті тым Естуші, толық Білушісің».**

«Раббымыз, екеумізді де өзіңе бой ұсынушы қыл, ұрпақтарымыздан да өзіңе бой ұсынушы бір үммет қыла гөр, әрі біздерге хаж амалдарымызды көрсетіп, тәубелерімізді қабыл айла, әлбетте, Сен Өзің – тәубені Қабыл Етуші, ерекше Мейрімдісің!»

«Хаж» сүресінің 26-аяты: «Сол уақытта Ібраһимды (ғ.с.) Қағбаның орнын көрсетіп: «Маған ешбір нәрсені ортақ қоспа! Тауап етушілерге, тік тұрып, еңкейіп және бас қойып, құлшылық қылушыларға таза ұста»,-деп, орналастырған едік».

40. **Өсиет:** Ібраһим (ғ.с.) Палистинада тұратын. Смағұл (ғ.с.) Меккеде. Ол үйленген еді. Ібраһимкелгенде Смағұл тіршілікпен жүрген. Әйелінен Ібраһим Халиулла хал-жағдайларын сұрайды. Бұл таршылық көріп отырмыз, жағдайымыз жақсы емес, деп **нашүкіршіліктің әңгімесін айтады. Ібраһим кетерінде: «Күйеуіңе сәлем айт. Үйдің табалдырығын алмастырсын!»-дейді.** Кешке күйеуі келгенде әйелі бүгінгі жаңалықты баяндап, табалдырықты алмастырсын, деген сәлемдемені де жеткереді. Смағұл: «Ол менің әкем ғой. Демек, мен сенімен ажырасамын», -деп, оған жауап береді. Смағұл және бір қызға үйленеді. Алла сәтін салған күні Ібраһим Халиулла келіп, бұл келінімен де хал-жағдай жайынан әңгімелеседі. **Бұл шүкіршілік етіп, Алланы жиі тіліне алады. Кетерінде: «Күйеуіңе сәлем айт. Үйінің табалдырығы жақсы екен. Оны бекітсін»,**-дейді. Смағұл келгенде **әйелі бұл сәлемдемені қуана жеткереді. Смағұл: «Келіп кеткен Кісі – менің әкем. Табалдырықты мақтапты. Ол – сен ғой!...»**-деп қуаныштарын бөлісіпті. Смағұл шүкіршіл, қанағатшыл әйелінен ұрпақ сүйіп, бір өмір бірге жасап өтіпті.

41. «Һұд» сүресінің 46-аяты: (Алла:) «Әй, Нұх! **Ол жанұяңнан емес. Өйткені, оның ісі (сені тыңдамағаны)дұрыс емес.** Сондықтан білмеген бір нәрсені Менен тілеме! Сенің на-дандардан болмауыңды насихаттаймын»-деді».

42. «Қасас» сүресінің 76-81-аяттары: «Рас Қарұн, Мұсаның (ғ.с.) елінен еді де, оларға қарсы келді. Сондай-ақ оған, **кілттерін күшті бір топ әрең көтеретін қазыналар берген едік.** Сонда оған халқы: «Елірме! Расында Алла, еліргендерді жақсы көрмейді»-деді. «Алланың саған берген дәулетімен Ақырет жұртын ізде де дүниедегі несібенді де ұмытпа. Алла, саған жақсылық еткендей сен де жақсылық істе, сондай-ақ, жер жүзінде бүліншілік ізденбе! Алла бұзақыларды сүймейді» (-деген). Қарұн: **«Шын мәнінде**

бұл, маған мендегі білімге берілді. (Баюдың жөнін білуші едім)»-деді. Негізінде Алланың бұдан бұрын, бұдан да күшті, тобы көп нәсілдерді жоқ еткенін білмеді ме? Күнәкарлар, күнәларынан сұралмайды, *(бәрі жазылып, сақталған)*». «Ол, қауымына сән-салтанатпен шықты; дүние тіршілігін қалағандар: «Әттең! Бізге де Қарұнға берілген тәрізді берлісе;өйткені ол, зор ырыс иесі»-деді». «Өздеріне білім берілгендер: «Алланың сыйлығы; Иман келтіріп ізгі іс істегендерге бұдан да жақсы. Ал, оған сабырлылар ғана жетеді»-деді». «Ақыр оны да, үйін де *(Иманға келмей мақтана бергесін)* жерге жұтқыздық. Алладан өзге оған жәрдем етер бір топ болмады әрі оған көмек етілмеді». «Кеше оған қызыққандар: «Сірә, Алла Құлдарынан кімді қаласа, соның несібесін кеңітіп, таралтады екен. Егер Алла, бізге қамқорлық қылмаса, әрине, бізді де жерге жұтқызар еді. Айтқандайын, кәпірлер құтылмайды» (-десті, өзара). «Міне, Ақырет жұрты: Оны, жер жүзінде өзін-өзі көтеріп, бүліншілік ізденбегендерге нәсіп етеміз. Негізінде **соңғы табыс Тақуалар үшін**». «**Кім бір жақсылық келтірсе; оған одан жақсы сыйлық бар.** Ал кім бір жамандық келтірсе;ол жамандықты істегендерге, істегендерінің ғана сазайы беріледі».

43. «Жын» сүресінің 24-аяты: «Ақыр өздеріне уәде етілген азапты көрген сәтте, **кімнің көмекшісі нашар, саны аз екенін олар біледі**».

44. «Нұх» сүресінің 42-46-аяттары: «Ол кеме оларды, таулардай толқында алып жүрді. Нұх (ғ.с.) өз бетінше кетіп бара жатқан ұлына: «**Әй, балам! Бізбен бірге кемеге отыр, қарсы болушылардан болма!**»-деп шақырды». «Ұлы, Кенған: «Мені судан сақтайтын тауға паналаймын»-деді». «Әкесі: «Бүгін Алланың әмірімен сақтаушы жоқ. Бірақ, біреуге мәрхамет етсе басқа»-дегенде, **екеуінің арасына толқын түсіп Кенғанды тұңғыыққа тартып кетті**». «Әй, жер! Суынды жұт! Аспан! Сен де тоқтат»-делінді де су тартылды. Іс бітті. Кеме Жуди тауына тоқтады. «Залымдар жоқ болсын!»-делінді». «Нұх (ғ.с.) Раббына: «Раббым! Күдіксіз ұлым жанұямнан еді ғой. Шәксіз, уәдең хақ. Сондай-ақ, Сен – ең Тура Үкім Етушісің»-деді». «(Алла): «Әй, Нұх! Ол, жанұяңнан емес. Өйткені, оның ісі дұрыс емес. Сондықтан білмеген бір нәрсені Менен тілеме. Сенің надандардан болмауыңды ескертемін»-деді».

«Тахрим» сүресінің 10-аяты: «Алла (Т.) кәпірлерге Нұхтың (ғ.с.) әйелі мен Лұттың (ғ.с.) әйелін мысал көрсетті. Олар жақсы Құлдарымыздан екі Құлдың некесінде еді. Сонда екеуі де оларға опасыздық қылды. Сондықтан екі пайғамбар да ол екеуін Алладан еш қорғай алмады. «Екеуің дозаққа кірушілермен бірге кіріңдер»-делінді».

45.«Тәубе» сүресінің 112-аяты: «(Әй, Мұхаммед с.ғ.с) **Тәубе етушілер, құлшылық қылушылар, мақтаушылар, ораза ұстаушылар, рүкүғ қылушылар, сәжде етушілер, жақсылыққа бұйырушылар, жамандықтан тыюшылар және Алланың шектерін қорғаушылар – міне, осы Момындарды сүйіншіле».**

46. «Ағраф» сүресінің 182-аяты: «Сондай, Аяттарымызды өтірікке шығарғандарды (мойындамағандарды) өздері білмейтін тараптан (өздері күтпеген жерден) бірте-бірте жоямыз (құрдымға батырамыз, зауалға жақындатамыз, жамандыққа алып барамыз)».

47. «Ниса» сүресінің 170-аяты: «Әй, адам баласы! Рас, сендерге Пайғамбар (с.ғ.с) Раббыларыңнан Ақиқатты келтірді (жеткізді, алып келді). Сондықтан *(Алладан келгенге де, Пайғамбарға да)* Иман келтіріңдер, өздерің үшін жақсы болады. Егер қарсы болсаңдар, көктердегі және жердегі барлық нәрсе Оныкі. Алла (Т) – аса Білуші, Хикмет Иесі».

48. «Нәміл» сүресінің 40-аяты: «Сондай өзі кітап ғылымына ие біреу де : «Оны кірпік қағуыңнан бұрын келтіремін»-деді. (Сүлеймен ғ.с) тақтың, жанына келтіріліп, қойылғанын көрген сәтте: **«Бұл Раббымның кеңшілігі. Шүкірлік қылам ба, нәшүкірлік қылам ба, мені сынау үшін. Кім шүкірлік қылса, әрине, өзі үшін қылады. Ал кім нашүкірлік етсе, Раббым бай да (оның шүкірлігіне мұқтаж емес) өте жомарт».**

49. «Әнғам» сүресінің 141-аяты: «Ол сондай Алла, аспалы және аспасыз бақшаларды, құрма ағаштарын, түрлі жемісті, өсімдіктерді, зейтін және анарды бір-біріне ұқсаған, ұқсамаған түрде жаратқан. Әрбірі жеміс берген кезде, жемісінен жеңдер. Оны жиып алған күнде құшырын беріңдер; **Ысырап етпендер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді жақсы көрмейді;**

«Ағраф» сүресінің 10-аяты: «Расында, сендерді жер жүзіне орналастырып, онда өздеріңе тірлік көздері жараттық. **Неге мұнша аз шүкір етесіңдер?!»** Осы сүренің 31-аятында және «Ібраһим» сүресінің 34-аятында да шүкір етуді ескерткен.

50. «Ағраф» сүресінің 55-аяты: «Раббыларыңа жалбарынып, жасырын түрде тілендер. Күдіксіз Ол шектен шығушыларды жақсы көрмейді».

51. «Әнғам» сүресінің 164-аяты: «Ол әр нәрсенің Раббы бола тұра, Алладан басқа раб іздейін бе? **Әрбіреудің істегені өзіне тән. Біреудің күнәсын біреу көтермейді.** Сонан соң қайтар жерлерің Раббыларың. Сонда қайшылықта болған нәрселеріңді білдіреді»-де».

52. «Әнғам» сүресінің 152-аяты: «Жетімнің малыңа жақындамандар; бірақ ол, есейгенге дейін жақсы басқаруға болады. Өлшеуді, тартуды туралықпен орындаңдар. Біреуге шамасы келетінді ғана жүктейміз. **Жақындарың болса да Әділдікті айтыңдар.** Және Алланың уәдесін орындаңдар. Осыларды Алла нұсқады. Түсінерсіңдер».

53. «Бақара» сүресінің 275-276; 278-281-аяттары: «Сондай **өсім жегендер, (қабырларынан) жын соғып тұрғандай есеңгіреп тұрады.** Бұл олардың: «Сауда да, бейне, өсім»-дегендіктерінің салдарынан. Негізінде Алла сауданы – адал, өсімді – арам еткен. Сонда кім Раббынан насихат келгенде тиылса, өткені өтіп кетті. Оның ісі Аллаға тән. Ал, кім қайталаса, міне, солар дозақтық. Олар онда мәңгі қалады». «**Алла өсімді жояды да сауданы арттырады.** Әрі Алла барлық қарсы келуші күнәкарды жақсы көрмейді». «Әй, Момындар Алладан қорқыңдар. Егер, сенсеңдер **өсімнен қалып қалған** (аласыларыңды) қалдырыңдар (алмандар)». «Егер істемесеңдер (өсім алғанды қоймасаңдар) мұны Аллаға, Пайғамбарына қарсы күрес деп біліңдер. Егер, тәубе қылсаңдар, сонда малдарыңның басы өздеріңдікі. Зұлымдық етпеген және зұлымдыққа ұшырамаған боласыңдар». «Ал, (өсімсіз) қарыз алған адам, ауыр жағдайда болса, жақсарғанша қарау керек. Егерде садақа қылсаңдар, сендер үшін тағы жақсы. Егер білген болсаңдар». «Аллаға қайтарылатын, сонсоң **әркімнің енбегі өздеріне кемітілмей, толық берілетін күннен сақтаныңдар**».

54. «Ниса» сүресінің 161-аяты: «Сондай, тиым салынған бола тұра, **өсім алулары әрі адамдардың малдарын орынсыз жеулері себепті және қарсылықтары себепті оларға күйзелтуші азап әзірледік**».

55. «Әнфал» сүресінің 28-аяты: **«Негізінде малдарынды және балаларынды сын деп біліңдер. Алланың қасында зор сыйлық бар».**

56. «Ісра» сүресінің 15-аяты: **«Кім Тура Жолда жүрсе, шын мәнінде өзі үшін Тура Жолда жүреді. Ал кім адасса, сонда ол өз зиянына ғана адасады. Ешкім басқаның күнәсін көтермейді. Біз бір Пайғамбар жібермейінше ешкімге азаптамаймыз».**

57. «Әли Ғымран» сүресінің 182-аяты: **«Бұл өз қолдарыңмен істегендеріңнің жазасы (қарымы – қайтымы). Күмәнсіз, Алла Құлдарына зұлымдық қылушы емес».**

58. «Ниса» сүресінің 85-аяты: **«Кім жақсылықты қолдаса, одан оған несібе бар. Ал, кім жамандыққа болысса, оған одан да тиесілісі бар. Алланың әр нәрсеге күші басым».**

«Әнғам» сүресінің 131-132-аяттары: **«Әділ, Мейірімді Алла, халқы хабарсыз кентті зұлымдықпен жоқ қылмайды»** (*Біз Құраннан Лұттың (ғ.с.) қауымының не болғанын, Аяттарға қарсы келгендердің ақыры не болатынын оқып, біліп отырмыз, яғни, Алланың қаһары барынан хабарымыз бар. Осы – Алланың бізге ескерту!*); **«Әр кімнің істегеніне қарай дәрежелері бар. Раббың істеген істеріңнен хабарсыз емес».** (*Ұлдарыңыз бен қыздарыңызды қалай тәрбиелеп отырсыз, Алла оны көріп отыр. Еңбегіңізге жараса дәрежеңізге жетесіз*).

59. «Бақара» сүресінің 65-аяты: **«Расында, сендерден сенбі күні шектен шыққандарды білесіңдер. Сол себепті оларға: «Маймыл болып қор болыңдар»,**-деген едік». «Ағраф» сүресінің 166-аятында қайта ескерткен.

Құран – мәңгілікке, барлық ғасыр адамдарына түскен амалдағы Кітап

«...Әй, Адам! Сен де, жұбайың да Жәннатта тұрыңдар, ерікті түрде қалағандарыңша жеңдер...» («Бақара» с. 35-а),- деп аса Мейірімді, ерекше Рахымды Алла, біздің түп тегімізге Бейішті беріп еді. Бірақ, ...

Дәл осы тақырыпқа тиесілі дәйектерді «Пайғамбарлар қиссасы және ХХІ ғасыр», сондай-ақ, «Ақиқат пен қиянат» атты кітабымызда айттық. Енді соларды толықтырып, УІІ ғасырда түскен Құранның біздің ғасырымыз үшін де, алдағы ғасырлар үшін де насихат, ақ пен қараны айырушы Хикмет, жүректен Иман келтірген шынайы Құлдар үшін Тура Жол екенін жеткермекпіз.

Біз «Бақара» сүресінің 35-38-аяттарынан Алланың Адамды (ғ.с.) және жұбайы Һауаны («Ниса» с. 1-а) жаратқаннан кейін, оларды Бейішке орналастырғанын, бірақ, олар о баста өздерінің Аллаға орынбасар болып жаралғанын қызғанған, лағнеттелген шайтанға алдынып, Бейіштен шығарылғанын және олардың Алладан сөз үйреніп кешірім сұрағанын, сонда Рахымды Алланың оларды кешіріп: **«Жәннаттан бәрің түсіндер. Менен сендерге бір Туралық келсе, кім Тура Жолыма ерсе, оларға қорқу жоқ, олар қайғырмайды»**,-деп ескертіп жерге түсіргенін жақсы білеміз.

Бұлар жерге түскесін де шайтаннан құтыла алмады – ол тағы алдады. Перзентті болуды армандап, Алладан игі перзент тіледі. Алла тілектерін берді. Сол жерден бастап бұларға тағы шайтан жағаласып, Алла берген перзентті Аллаға серікке қосты («Ағраф» с. 189-190-а). Аллаға сүйсініп, нығметтеріне шүкір етудің орнына баласына сүйсініп, нығметтерді елемей, баласын аймалай берді. Алла несібемді береді демеді, оның орнына: «Қартайғанымда осы балам күтеді, асырайды, ауырсам уқалайды, сипалайды»,-деп, бар үмітін баласына артты.

Алла бермесе, ол бала немен асырайды? Оны ойлауға мойындарына мініп алған шайтан жол бермеді («Ағраф» с. 16-17-а). Баласы туралы ойларын қызық көрсетті.

Осы заманнан-ақ, азғындау басталды. Адам мен Һауаның шайтанға алдануы тоқтамады. Олардың шайтаннан үйренген

ақымақшылықтары кейініне дәстүр-салт болып қала берді. Алданудың ізімен жүрген Қабыл қызғанышынан інісі Әбілді өлтірді. Бұл осымен тиылмай, ұрпақтардан ұрпақтарға көшті. Елді надандық жайлады.

Нұхтың (ғ.с.) дәуіріне дейінгі аралықта адамзат тіпті жүгенсіз кетті. Сондықтан Алла, жер бетіне топан суды қаптатып, азғын жұрттың барлығын құртты. Тек Нұхқа ерген топты кемеде аман алып қалды.

Олар жалғыз Аллаға Иман келтірген, Алла Сөзінің үстемдігі үшін нәпсісімен күрескен ізгілікті өмірді қайта жалғады.

Бірақ, түп тегі ынсапсыз, лағнеттелген шайтанға алданған адамзат, уақыт өте келе және соған жолықты. Азды. Аллаға ынтық жандар ғана қалды.

Мұны Алла кезінде Нұхқа: **«Әй, Нұх! Саған, сенімен бірге болған топтарға Бізден сәлеметтік. Молшылықпен кемеден түс. Бір талай топты дүниеде пайдаландырамыз да, сонан кейін олар Біздің күйзелтуші азабымызға ұшырайды»** («Һұд» с. 48-а),-деп ескерткен еді. Мән берейік, Алла: **«...сонан кейін олар Біздің күйзелтуші азабымызға ұшырайды»**, -деп отыр. Бұл олардың Алла берген **«...сәлеметтік...»** пен **«...молшылықтан...»** азғындайтынының хабары. Себебі – жаңағы, Адам мен Науаның шайтанға алданғаны және тиым салынған ағашқа тигені.

Сол күйзелтуші азапқа ұшырайтындардың басы Һұдтың (ғ.с.) қауымы болды. Олар Нұхтан келе жатқан жолды бұзды, Оны ескерткен туыстары Һұдты тыңдамады (49-60-а). Соңында Алла қаһарланып, оларды боранға ұшыратты*. Одан кейінгі қауымдар да солай азды. Алла Салихтың қауымын жерге жұттырды (61-68-а), Ібраһим Халиулланың қауымы дұрыс болды. Одан соң және азғындық басталып, Лұттың (ғ.с.) қауымын жер тартты (77-82-а). Мұнан соңғы Смағұл, Ысқақ, Жақып, Жүсіп, Әйіп, Шұғайып Пайғамбарлардың қауымдары да Тура Жолдан тайып, Елшілерді өлтірді, жеке-жеке қылмыскерлер тиесілі жазаларын алды.

Содан Рахымды Алланың Тура Жолы Кітап боп келе бастады. Мұсаға (ғ.с.) «Таурат», Дәуітке (ғ.с.) «Зәбур» келді. Оның уағызын ұлы Сүлеймен жалғастырып, ел түгелдей Шындықтың Жолына

* 1946 жылы Жапонияның Нагасаки, Херосима қалаларына Америка атом бомбасын тастады. Ол сол Һұдтың қауымына келген апаттай болды.

түсті. Бұлардан кейінгі ұрпақ және шайтанға алданды, сосын Илияс, Әлиясағ, Жүніс, Зүлкәфіл, Зәкәрия, Яхия Пайғамбарлар жіберілді. Бұлар халықты Мұса мен Дәуітке берілген Кітаптар бойынша және өздеріне келген уахилармен Алланың Жолына шақырып бақты. Уақыт өте келе қауымдар және адасты. Сосын Исаның (ғ.с.) өзін мұғжизалы Жолмен жалғанға келтіріп, Оған «Інжілді» түсіріп, халықты және Оң Жолға қайтарды. Исадан кейінгілер тіпті теріс кетті – Алланы үшеу, деді; баласы бар деп алжасты («Бақара» с. 116-а).

Барлық Пайғамбарлардың қауымдарынан қашанда аз ғана топ Имандылық Жолында қалып отырды. Исадан да, Оның хауариларынан да аз ғана топ қалды («Бақара» с. 83-а). Адасқандардың саны көп («Ағраф» с. 179-а). Сосын Алла сол жақсылар үшін және күллі адам баласы үшін Мұхаммедті (с.ғ.с.) Елші етіп жіберіп, Рухул-Құдыс, Рухул-Әмін, Рухул-Жәбрейіл арқылы уахимен Құранды түсірді («Ағраф» с. 158; «Жұма» с. 2-4-а).

Бұл кезде адамзаттың бойында барлық мінездер де қалыптасып болған еді; Алланың Адамның жүрегіне сіңдірген асыл қасиеттеріне қарсы шайтанның амалдарының барлығы таусылған кезі еді. Алла: **«...Бүгін діндерінді толықтастырдым және нығметімді тәмамдадым. Сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым...»** («Мәида» с. 3-а), сондықтан шайтанның достарына ермеңдер («Бақара» с. 257; 168-169-а), деген мағынада: **«...Олардан қорықпандар. Сендерге нығметтерімді толықтауым және Тура Жолда болуларың үшін Менен қорқындар»** («Бақара» с. 150-а), **«Олар Алланың Нұрын ауыздарымен өшіруді қалайды. Егер олар жек көрсе де, Алла мұны ұнатпайды да Өз Нұрын толықтайды», «Өйткені, Ол Елшісін Туралық және Хақ дінменен бүкіл діндерге басым болсын деп жіберген, ...мүшріктер жақтырмаса да»** («Тәубе» с. 32-33; «Саф» с. 8-9-а),-деген Аяттарын түсірді. Сондықтан бұл Құран барлық Кітаптардың жиынтығы, жер бетіне келіп кете беретін барлық адам баласына үкімі жүре беретін Тура Жол болып қалды. Мұны өзгертуші жоқ («Жүніс» с. 15-а), Аяттарға ешкім сөз қоса алмайды («Фуссилат» с. 42; «Хаққа» с. 43-46-а).

Мұхаммед (с.ғ.с.) табандылықпен еңбек етіп, Алланың жалғыздығын, Құранның Тура Жол екендігін дәлелдеп замандас-

тарының көзін жеткеріп, жүрек көздерін ашты, Мекке мен Мәдинеде алтын дәуір орнады. Пайғамбарымыздан кейін Әзіреті Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) екі жарым жыл, Әзіреті Омар (р.а.) он жыл, сол алтын дәуірді сақтап, Әзіреті Оспанға (р.а.) тапсырды. Бұл жұмсақ, өте кішіпейіл, сенгіш адам болыпты. Мұның осы мінезінен пайдаланған мүшріктер Халифаттағы қызметтерге араласып, Мұхаммед (с.ғ.с.) салып берген Тура Жол, үшінші жылы бұзылады. Дау-жанжал көп туындайды, нәтижеде Халифа Оспан өлтірілді, тұтас Мұсылмандар сүнниттер, шиіттер болып екіге бөлінді, Әлидің халифалық дәуірі тек соғыспен өтті («Әлидің он жеті ғазуаты»).

Одан беріде Құран өзгерген жоқ («Хижра» с. 9-а). Дегенмен, көптеген жалған хадистер мен сүндеттер тірлікке араласып, бұл аздық еткендей, дәлелсіз, Исламды тәлкек еткен («Лұқман» с. 6-а) тәпсірлер жазылып, адамдарды және толқытты. Содан Аллаға жүрегі таза Ұлылар сахих хадистерді іріктеп адамдардың Тура Жолда болуына ықпал етіп отырды.

Құран мен сол сахихтар шынайы Момындардың* жүрегінде сақталып («Хұжрат» с. 14-а), өмірінде пайдаланылып келді. Бұларға түсінік ретінде көптеген рубаяттар, қиссалар, даналықтар, мақал-мәтелдер жазылды, өлеңдер шығарылды. Бірақ, адамзаттың бойындағы Адамнан басталып, Мұхаммедке дейін жайлап қалыптасқан: өзінің күші мен байлығына сену, баласынан үміттену, Қиямет туралы ойланбау, Ақыретке қамданбау («Нәжім» с. 60-61-а); әйелге көну**, шайтанға алдану, қомағайлық, адам өлтіру, Алла несібесін ұлық еткен*** басшыларға бағынбау, мәзһабқа бөліну, таразыдан және метрлеп тартудан кісі ақысын жеу, парақорлық, жемқорлық, алаяқтық, тонау, барымта, ұрлық, тәкаппарлық, өтірік айту, зинақорлық, лаққылық, арамтамақтық,

* Барлық мәзһабтардың ұстазы Имам Ағзам Әбу Ханифа бола тұра, әр мазһабтың өздерінің хадистері, сүндеттері бар. Бұл «Әли Ғыман» сүресінің (103-а) бөлінбеу хақындағы Аятына қарсы амал?...

** Адамның (ғ.с.) Бейіштен шығарылуына һауа себепші болған («Иман» журналы 10-сан. С.Мұқанов, «Аққан жұлдыз»). Себебі ол Адамның оң жақ қабырғасынан жаралған. Сол үшін Алла оларға арнап «Ниса» және «Нұр», «Ахзап» сүрелерінде, сол сияқты басқа сүрелерде де оларға арнайы ескертулер жасаған.

*** «Бақара» с. 212; 247; 269; «Әнғам» с. 165; «Нахыл» с. 71; «Зұхрұф» с. 32-аяты.

атаққұмарлық, әуспайлық, қамсыздық, қызғаншақтық-бақылдық, өсекпаздық, уәдепаздық, екісөзділік пен екі жүзділік, шайпаулық, шаймалық, пешауыздық, бетке шабарлық, жағымпаздық, лаңкестік, бүлікшілдік, жынға жығылу... ұрпақтан ұрпаққа өтіп бізге дейін жетті.

Бұны жою үшін үкіметтер неше ғасырлардан бері сан түрлі шаралар белгілеп әрекеттер етті. Бірақ, жоя алмады. *(Алла қалап, барлық адам бірдей Иманға келмей жоя да алмайды).*

Бүгінде ғылым дамыды, адамзаттың Санасы өсті дегенімізбен; мың-мыңдаған баспасөз, теледидар мен радио, көркем әдебиеттер, театрлар, кинолар адамзатты адамгершілікке шақырып отырғанымен, көне ғасырлардан келе жатқан надандықтардан арыла алмай жүрміз. Бұл мінездер біздерден кейін де жалғаса береді. **Сондықтан адам баласын Тура Жолға салу үшін түскен Құран мәңгілік.**

Құран осы қылмыс атаулының барлығын жоюдың Жолын көрсетеді. Өзі УІІ ғасырда халықты надандықтан даналыққа жеткеру үшін түскен болса, сол қалпынан өзгерген жоқ. Өкінішті жері, адамзаттың мінезі сол жаһилиет дәуіріндегідей – өзгермей келеді.

Өзгені қойып, өз елімізді айтайық, елімізде 2000-нан зият мешіт, сегіз медресе бар. Қаншалаған Саналы ата мен әже, әке мен шеше немерелері мен балаларына: «Әділ бол, таза жүр, ішкі мәдениетінді таза сақта, көп оқы; спортпен, өнермен айналыс; біреуді күндеп, тілдеме, әркім өзі үшін жауап береді; әркімді өзіңдей көр, біреудің ала жібін аттама, кісі ақысына қиянат жасама...», -деп ақыл айтып отырады; Имамдар мен ұстаздар Құранды, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Жолын насихаттайды. Бұл дүниенің өткінші екенін, байлық пен балалар бұл дүниенің ойыншығы екенін түсіндіріп, Бейішті айтып қуантып, дозақты ескертіп қорқытады. Сонда да замандастарымыздың арасында күнә жасаушылар азаяр емес. Яғни, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) және Одан алдыңғы Пайғамбарлардың қауымдарының мінезі, біздің замандастарымыздың да бойынан табылып тұр.

Бұған сүрелердегі Аяттармен дәлелдер келтірейік.

Алдыменен «Бақара» сүресіндегі Адам мен Науаны Жәннатқа орналастырып, Жәннаттағы жемістердің қалағанынан, қалағанынша жеулеріне рұхсат беріп, бір ағашқа тимеулерін тапсырған жерінен сөз бастайық («Бақара» с. 35-38-а).

Иә, Алла атамыз Адам мен анамыз Хауаға бір ағашқа тиюіне тиым салды. Бірақ, олар шайтанға алданып, Жәннат қазыналарына шүкіршілік қылмай, сол ағашқа тиіп масқара болды. Бұл – нашүкіршілік еді. Содан Жәннаттан шығарылды. Міне, осындағы «тима» деген нәрсеге тиюден Адам мен Хауаға барлық жамандық жұқты. Бұл жамандық олардан балаларына, ұрпақтарына өтті. Әлі жалғасып келеді.

Қазіргілер де: «Тима!»-деген нәрсеге тиюге, «Істеме!»-деген нәрсені істеп көруге, «Жолама!»-деген нәрсенің жанына барып сүйкенуге өш. Мәселен, пара. Оны алу –Алланың алдында күнә болса, үкімет тарапынан қылмыс екені ескертілген. Пара үшін жазаланғандарды көріп, есітіп те жүр. Нәмәрттар сонда да алады. Ұрлық пен барымта да солай. Зинақорлық, құмарпаздық, темекі шегу, араққорлық, ала аяқтық, өсекшілдік, өтірік айту түбінде пендені ұятқа қалдыратын, елге, ұрпаққа жексұрын ететін нәрселер екенін есіткен, өмірде көріп жүр – біледі. Бірақ, біреулер солардан бірін, біреулер екеу-үшеуін, тәрбиесіз біреулер бірнешеуін бірден істейді.

Міне, Құранның мәңгілікке, соның ішінде тап осы: ғылымы, мәдениеті дамыған заманда, жаһандануға сүңгіп бара жатқан алмағайып заманда жасап жатқан бізге арнап түсірілгеніне бірінші дәлел.

Адамнан кейін пенделерді осы ағаштан жұққан жамандықтан құтқарып, Тура Жолға салу үшін қаншалаған Елшілер келді. Кітаптар түсті. Елшілер мен қарсылардың арасында үлкен тартыстар жүз беріп, Алла апаттарын жіберді, соғыс тұтанып қантөгістер болды...

Әрқашанда ақылдылар ғана түзелді... («Бақара» с. 83; 88-а).

Мұхаммедке (с.ғ.с.) Пайғамбарлық келіп, елді түзеп, Тура Жолға салған еді. Бірақ, кейінгі адамдар айныды. Оларға жаза ретінде соғыс, түрлі табиғи апаттар жіберілді. Біздің ғасырымыздың адамдарының басында да болып, үлкен азапты жылдар өтті. Барлығы сол Құран тиым салған жаман әдеттердің кесірінен. Сонда да тұрақты тиылу жоқ.

Енді осы сүресінің 6-аятына келейік. Онда Алла Тағала Мұхаммедке: **«Қарсы болғандарды үгіттесең де, үгіттемесең де бәрі бір, олар Иман келтірмейді»**, -дейді. Бұлар кезінде Мұхаммедтің (с.ғ.с.) замандастары еді десек, бүгінде ортамыз-

да жүрген ғайридіндер мен құдайсыздар және Мұсылманның шаңырағында туылған, өзіне кесір келтіруші («Фатыр» с. 32-а) екіжүзді, парасатсыз кейбіреулер мен екі сөзді діндарлар.

Өзге діндегілерді қоялық, олар да өздері үшін Алла салған Жолда («Мәида» с. 48-а). Біз Мұсылман тектілерге тоқталайық. «Фатыр» сүресінде (32-а) бұларды үшке бөлінеді; бірінші топтағылардың бірсыпырасы Алланың барын сезеді – үзілді-кесілді бастарта алмайды, бірақ, Аллаға құлшылыққа ерініп: «Пенсияға шыққасын біражола көремін...», -деп, шегіншектесе, басқа біреулері: «Әй, өлгендерден қайтып келіп жатқан ешкім жоқ. Маңдайдағысын көремін-да!» -деп тіптен табан тірейді, яғни, өзіне-өзі кесір келтіреді;

– екінші топтағылары да Құдайдың барына күмәндана алмайды, бірақ, ерме – білімі өздерінен де төмендердің өтіріктеріне алданып: «Діндар да болма, дінсіз де болма», -деген бар және «Дінде орта жолда бол», деген...», -дейді. Әйтеуір садақасын беріп тұрамын, Жұма, Айт намаздардан қалмаймын... Уақытында көреміз да... «Алпысқа дейінгі күнелардың барлығы кешіріледі екен ғой...» -деп, шайтанның жетегінде жүр...

Бұл екі топтағылар мұнысымен тұрмай: «Қияметке дейін кім бар, кім жоқ?!» -деп сандалады. Осылардың кесірінен елімізде парақорлық, ұрлық, зинақорлық, өтірік айту, істеген және істемеген істер үшін мақталғанын жақсы көру («Әли Ғымран» с. 188-а), өзі істемей, бірақ, жұртқа былай бол, деп ақыл айту («Саф» с. 2-3-а), уәдепаздық («Бақара» с. 177-а), парақорлық («Бақара» с. 188-а) – кісі ақысына қиянат жасау, жалпы Алла тиым салғандарды істеу қалмай келе жатыр. Бұған бәріміз куәміз.

Бұлар – Алланың Мұхаммедке: «...үгіттесең де, үгіттемесең де бәрі бірдей. Олар Иман келтірмейді...», деген мүшріктерінің ізін жалғастырушылар. Бұл – Құранның біздің ғасырымызда да амалдағы Кітап екенінің екінші дәлелі.

Келесі 8-10-яттарда адамдардың екі жүзділігін айтқан. Олар тілімен: «Аллаға, Ақырет күніне сендік», -дейді. Бірақ, олар сенбейді», -деп, олардың өздерін-өздері алдап жүргенін, олардың жүрегінде дерт барын, «...оларға өтірікшіліктерінің салдарынан күйзелтуші азап барын» ескерткен. Бұлар ортамыздағы Ислам атын жамылған, өтірік хадистерге сенетін, Аяттарды білмейтін бүлікшілер мен лаңкестер, теріс ағымдағылар мен әйтеуір Кәлима

келтіріп, «Алла! Алла!»-деп, дінді қолданып жүргендер. Егер бұлар Ақыретке сенсе, адам баласына – үкіметке қарсы оқ атпас еді; Әл-Халику Алланың – бейбітшілік сүйген халықтың тынышын алып бүлік ұйымдастырмас еді; Аяттармен бекітілмейтін не өмір Шындығымен үйлеспейтін өтірік хадистер айтпаған болар еді; уәдепаз болмас еді; не істесе де Алланың Көріп, Есітіп, Біліп отырғанына жүректен сеніп, тек Имандылық Жолында жүрер еді; Алланың: **«Сендерден бұрынғы ғасырлардағы Ақыл иелері, жер жүзін бұзықтықтан тыйса еді...», «Тура Жолды түсіндіру Аллаға тән...», «...Адамдарды Иман келтіруге сен зорлайсың ба?» «Алладан бұйрықсыз ешкімнің Иман келтіруі мүмкін емес...», «...жер бетінде бүліншілік іздеме, Алла бұзақыларды сүймейді»** («Һүд» с. 116; «Нахыл» с. 9; «Жүніс» с. 99-100; «Қасас» с. 77-а),-деген Аяттарынан тағлым алып, елді түзеймін, деп күшенбес еді.

Әлемде, елдімізде осындайлар бар ма? Бар. Бұл – Құранның барлық ғасырларға, барлық адам баласына түскенінің үшінші дәлелі.

11-аяттан бастап ғайридіндер мен құдайсыздардың және мұнафиқтардың мінезін баяндаған. Аятта: **«Оларға: «Жер жүзінде бұзақылық қылмаңдар!»**-делінсе, олар: **«Біздер түзеуші ғанамыз,-дейді»**,-деп олардың өздерінің бұзақы екенін ескертіп, олардан сақтануды тапсырған (12-а). Бұлар Ислам дініне қарсылар. Құранға, Мұсылмандарға қызғанышы барлар. **«Егер оларға: «Адамдар Иман келтіргендей Иман келтір»**,-делінсе, олар: **«Ақылсыздарша Иман келтірейік пе?!»**-дер. **Байқандар! Шын мәнінде олардың өздері ақымақ. Бірақ, олар білмейді»** (13-а),-деген. 26-27-аяттарда да осындайлар айтылған. 7-аятта ескертілгендей, бұлардың жүректері, құлақтары бітеулі, көздерінде перде бар. Бұлар дозақ үшін жаралғандар.

14-аятта және 76-аятта да, ел көзіне Иманды болып көрініп, оңашасында шайтанның айтқанын қылатын өте нашар адамдар сипатталған. Олар 13-аяттағы: **«...Ақылсыздарша Иман келтірейік пе?!»**-дейтін, өздерін өздері білмейтін, «Ағраф» сүресінде (40-а) айтылғандай Аяттардан өздерін жоғары ұстайтын ақымақтар; Алланың жүректердегіні Білуші, барлық іс-әрекетті Көруші, сөзді-сыбырды Есітуші екеніне күмәнді мұнфиқтар.

Міне, өстіп біз «Бақара» сүресінің 6-14-аяттарын талдап өттік. Осы тоғыз Аятта сипатталған мінезді адамдар Мұхаммедтің

заманында болған. Оларды Алла Мұхаммедке және сахабаларына таныстырып, сақтандырды. Өкінішті жері, осы адамдар, халқының бес пайызы ғана сауатты Абай бабамыздың заманында да болған еді, халқының 99,9 пайызы сауатты біздің заманымызда да ортамызда жүр.

17-20-аяттарда олардың Құранды есіткенде найзағайдан қорыққан адамдардай құлақтарын жауып алатынын; дұрыс Жолмен жүрмей, қараңғыда тәлтіректеп, сәмсіреп жүрген адамдардай өмір сүретінін; айналасындағы жаратылыстарға қарап пікірлемейтінін меңзеп, оларды соқыр, мылқау деп таныстырған.

Біздің ғасырымызда да Құраннан, Мұсылманшылықтан сөз бастасаң: «Ол Құран Мұхаммедке түскен. Оны білеміз. Оның заманы басқа, бүгінгі заман басқа...»,-деп білгішсініп, теріс қарайтындар бар. Тіпті, Сізді өркениеттен арқада қалған, надан адамдай көріп, сөйлеспей қояды. Отырған жерінен тұрып кетеді. Құранды Мұхаммедтің жазған кітабы, деп жүргендер де кездесті. Сөйтіп жүріп өздері арақ ішіп, есірткі тартып өмірлерін бүлдіріп, қор тағдырға кезігіп, өз қолдарымен қылмыстар жасап күнәларға батуда.

Міне, бұл да Құранның мәңгілікке түскендігінің – адамзатпен, қоғамдармен бірге жасай беретінінің кезекті дәлелі.

58-59-аяттарда: «Сол уақытта оларға: «Осы кентке кіріңдер, одан қалағандарыңша еркін жеңдер. **Және есіктен бас қойып (Хытта) Күнәмізді кеш», деп кіріңдер. Қателіктеріңді жарылқап, игілік істеушілердің сауабын арттырамыз»,- дедік». «Сонда залымдар сөзді өздеріне айтылғаннан басқаға ауыстырды. Сондықтан залымдарға бұзақылықтарының салдарынан аспаннан бәле жаудырдық»,-деген.**

Бізді Алла отаршылдықтан құтқарып: «Мен нәсіп еткен Мұсылманшылық Жолына түсер»,-деп, Тәуелсіздігімізді сыйлады. Бірақ, біз өзімізді зайырлы мемлекет деп жариялап, Мұсылман Жолын ұстаған болып келе жатырмыз. Құдай артын қайырлы етсін.

104-аятта: «... **«Рағина» деп айтпаңдар. «Ұнзұрна» деңдер»,** деген. Бұл әрбір нәрсені өз атауымен дұрыс атауға сілтеме жасау, деген сөз. Біздер көп сөздерді орышадан тіке аударып алып, мұны кәдімгі қазақ тілі, деп соғып жүрміз. Мысалы: «Автобустан түсесіз бе?»-дегенді «шығасыз ба?»-деп; пойыздың билетінде:

«барады», «жетеді», деп жазылуы тиіс сөздер «келеді», -деп жазылып жүр. «Үйден шықпаңыз» «Үйіңізде отырыңыз», -дегенді: «Үйде қалыңыз»; «Мен Сізге барамын», «Қазір барамын», -деген сөздерді: «Мен Сізге келемін», «Қазір келемін», -дейміз. Неткен маскара?! Сол сияқты: «туған» мен «туылған», «әке» мен «әкей», «шеше» мен «шешей», «әже» мен «апа» атауларын, тіпті ата мен енені, «папа», «мама», деп шатастырып, нан мен бесбармақтың қамырын, иіснан мен шелпекті т.б. сөздерді орынсыз, тіпті кейбіреуін теріс қолданып жүрміз.

Ата заңымызда «Азамат» атауы өте орынсыз қабылданған*. БАҚ-тарда пәлен деген азамат ұрлық жасады немесе біреуді өлтірді, деп хабарлайды. Азамат!

Ол – Азамат! Ол ешқашан күнә, қылмыс жасамайды. Керісінше ол – елдің айбаты, қорғаны, қамқоршысы!

Ұлтымыздың ұлы жазушысы Әбіш Кекілбаев: «Ең берік Ат, ең биік Ат, ең баянда Ат – Азамат», -деген еді. Сол айтпақшы, Азамат, Азамат тұлғасымен қалуы тиіс. Және ол қайда жазылса да бас әріппен жазылуы керек.

Сонда осы 58-59 және 104-аятттарды Мұсаға, Исаға не Мұхаммедке түскен, деп айта аламыз ба? Олар Мұхаммедке қырсығып, «Хытта», «Үнзұрна» сөздерін терісіне айтса, біздер, солардың ұрпағына еріп, орышадан тіке аударып, кәнігі қазақшамызды қате сөйлеп жүрміз. «Фатиха» (7-а), «Бақара» (120; 145-а) «Рұм» (22-а) сүрелерінің ескертулерін менсінбей, Аяттардан өзімізді жоғары ұстап, қаһарға ұшырағандар мен адасқандардың жетегіне келеміз.

Құранның біз үшін, біздің ғасырға арнап түскенінің бұл да бір дәлелі.

61-аятта («Бақара» с.), Мұсаның қауымының Алланың берген сапалы ризығына шүкірлік етпей, жерде өсетін сапасыз ризықтарды сұраған нашүкіршіліктері айтылған. Соңында олар Алланың ашуына ұшыраған. Аяттың негізгі мағынасы нашүкіршілікті, қанағатсыздықты ескертуге бағытталған. «Ібраһим» сүресінің 34-аятында адамзаттың ынсапсыздығы айтылған.

* Біз Азамат сөзін орынды қолдануымыз керек. Әйтпесе, келешекте («Мәриям» с. 84-а) бізде Азамат қалмауы мүмкін – Азамат мінезді алпауыттар туылмай қалуы ықтимал.

Біздерде әрісін айтпағанда, 1931-33 жылдардағы ашаршылықты ұмытып, бүгінгі молшылыққа шүкірлік етпей, наннан нан таңдап, еттен ет таңдап; қорамызда малымыз бола тұра, зұлымдықпен дала жануарларын атып алып; өз еліміздің өнімін төменсініп, шет елдің өніміне ақша шығындап жүрміз. Айлық жалақы, зейнетақы аз дейміз...

Сонда бұл Аятты Мұсаның қауымына түскен, деп, тағдырымыздың Иесі Алланың Сөзін елеусіз, ескерусіз қалдыра аламыз ба?

Келесі дәлелді 63-аяттан («Бақара» с.) көреміз. Израил ұрпақтарының үстіне Тұр тауын көтеріп тұрып, Тауратты мойындаулары хақында уәде алғанын айтады. Егер бұл Аятты түс жорудай етіп талдап зерттесек, көтерілген тау – тау емес, оларға Тұр тауының салмағындай: **«...қорлық, жоқшылық...»** («Бақара» с. 61-а) сияқты берілген азап, деп қабылдасақ, Аятты жақсы түсінер едік. Сонда бұл бізге тікелей тиесілі екенін сезінеміз.

1731-1991 жылдар аралығында біздің үстімізге көтеріліп тұрған тау – кезіндегі патшалы Ресей, кейінгі КСРО – құдайсыздар үкіметі еді. Олардан азар көріп жүргенде барлығымыздың арманымыз Тәуелсіз ел болу еді – Алладан тілеуші едік. «Егер Тәуелсіздікке жетіп, өз билігіміз өзімізге тисе, Мұсылманшылық Жолын ұстанып, жердің астының-үстінің байлығын өзіміз пайдаланар болсақ, дініміз бен тілімізді, мәдениетімізді тіктеп алып, ғылымымызды байытып, ұлттық ойындарымыз бен салт-дәстүрімізді қайта тірілтіп, жастарымызды қайтып надандыққа бармайтындай етіп тәрбиелер едік, елдің Рухани һәм күрескерлік, Ерлік қуатын арттырар едік», -деп тілейтінбіз.

Үй ішімізбен намаз оқып, ораза ұстайтындай болып жүруші едік. Бүкіл қазақ жылына бір мәрте Меккеге зияратқа барып, Рухани жаңарып отырсақ, деп армандаушы едік.

Осылар, Израил ұрпағының таудың астында тұрып, Аллаға Тауратпен жүруге уәде бергеніндей, біздердің де Аллаға Өзінің Жолымен ғана жүруге сөз бергеніміздей амалымыз еді. Біздің іштей жүріп тілегеніміз – жүректердегіні Білуші Аллаға берген уәдеміз.

Бірақ, Тәуелсіздікке жеткесін сөйттік пе? Жоқ! Басқасын былай қойғанда, Құдайдың Тура Жолы діннің өзін бизнеске айналдырдық. Діннің өзін күн көріс жолы қылып, аңдығанымыз

жаназа мен садақа болып тұр; уәде хақындағы Аяттарды ескермей, уәдепаздықтан ұялмайтын болдық; жұртқа байлық қума, деп («Саф» с. 2-3-а), өзіміз көлік міну мен үй салудан бәсекеде екенімізді жасырудан арланбаймыз; «Әли Ғыман» сүресінің 188-аятын менсінбей істегенімізге дандайсып және істемеген істерімізбен де мақталғанымызды жақсы көретін ауруға – жұлдыз ауруына ұшырадық...; Алланың Жолында жүруді: Кәлима келтіріп, намаз оқуды, ораза тұтуды, зекет беру мен қажылыққа баруды тек мәртебе ретінде ғана ұстанып келеміз.

Бұл Аят та кезінде Мұсаның қауымына айтылғанмен, мінезі тап солардың мінезінен айнымайтын бізге келген Аят.

Аятта Израил ұрпағының тағы да айнығаны, бірақ, Алланың кеңшілігімен жасап, кейін, Алланың сенбі күні балық аулауға тиым салған үкіміне қарсы амалдары үшін, Алланың қарғысына ұшырап, маймыл болғаны айтылған (64-65-а). Тәуелсіздікке жеткен біз енді – айнымайық. Алланың қарғысын алмай, ризашылығына жетіп, Рахымында өмір кешейік Тәуелсіздігіміз мәңгілікке салтанат құрсын – Мәңгілік Ел болайық.

78-аят («Бақара» с.): **«Олардың ішінде надандары да бар. Кітапты білмейді. Олар тек қана үйретіндіні (айтады) және бос ойларды ғана ойлайды»**,-дейді. **«...Кітапты білмейді...»**, дегені рас, көп адамдар Құранды оқымайды. Оқыса да бір-екі оқып: «Е, оқыдым. Пайғамбарлардың басынан өткен оқиғалар. Әйелдерді айтқан, жетімдерге қарасуды, сауданы айтқан. Арасында: намаз оқы, сабыр ет, ораза ұста, қажылыққа бар, зекет бер, садақа бер, деген. Ол – жалпы, осылар екен ғой!»-деп, бірдеңе білгендей болып, қоя салады. Ал, Ондағы Қияметке байланысты Аяттардың мағынасын, өліп, қайта тірілуге тиесілі, жаратылыс хақындағы Аяттар бойынша әркімнен есіткенін – **«...үйретіндіні...»** айтады. «Бақара» сүресінің 44-ші, «Мүминұн» сүресінің 68-аяттарына және Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.): «Тал бесіктен табытқа дейін ілім ізде»,-деген өсиетіне сауатты амал жасап, Аяттарды зерттемейді, ойланбайды.

Және олардың **«...бос ойларды ойлайтыны...»** айтылған. Олар Құранды толық білмегендіктен: **«Әлемдердің Раббы Алла қаламайынша, тілеулері...»** болмайтыны («Текуир» с. 29-а)

хақындағы Аяттан мүлде хабарсыз. Сондықтан олардың: «Олай болса, былай болса, мен битсем, мына ісім мынадай болса...»,- деген ойлары – бос ой.

Осындайлар ортамызда жүр ғой!

«...үйретіндіні» айтады, дегенде, көп діндарлар: Ибн Касир, Құртуби, А. Саъди, М. Сабуни, Бағауи, Жаузи, Шаукани, имам Шағби, Хасан Басри, Әфсанәһи, Жалалаин, Лисану әл-Араб, Муяссар, Насафи, Юсуф Али, Муъжам әл-Уасит, ибн Маъсут, әл-Мәнси, Әбул-Ъалия, инб Ыаун, ибн Салих, ибн Аббас, Табари, Жәзайри, Мұнажжид т.б. тәпсіршілер мен хадисшілердің айтқанымен сөйлейтіндер.

Бұл Аят та өз заманында Тәурат, Зәбур, Інжілді өздерінше талдап, жіктеп, өзгерткендердің хабары болса, біздің діндарларымыз да Аяттарды түсіндіргенде, бұрынғылардың өз замандастарының Санасына жараса айтқанын – «...үйретіндіні...» айтып жүр...*

79-аятта: **«...Кітапты қолдарымен жазып, сонан соң аз ақшаға сату үшін: «Осы Алланың қасынан келгені»,- дегендерге нендей өкініш! ...қолмен жазғандарына нендей өкініш! ...олардың табыстарына нендей өкініш!»**,-деген. Бұл 78-аятта жазған тәпсіршілер мен бүгінгі – Құранды зерттемей, сол тәпсірлерге сүйеніп, қазақша аударма жасап жүрген және түсініктер жазып келе жатқандар.

Дәлелге «Ісра» сүресінің 80-аятын алайық. Аятта: **«(Мұхаммед с.ғ.с.): «Раббым! Мені (кірер жеріме) Шындықпен кіргіз де (шығар жерімнен) Шындықпен шығар. Әрі маған Өз қасыңнан жеңіс көмек ет»-де»**,-деген. Мұндағы Шындық – Алланың барлығы, Мұхаммед (с.ғ.с.) Оның Елшісі екендігі. Демек, Аятта: **«Мені Өзіңе Иман келтірген Кәлимамен өлтіріп, сол Кәлимамен қайта тірілт! Саған құлшылық жасап, Сенің ризашылығыңа жетіп өлейін!»**-деген тілек айтылған.

Ал, тәпсірші Ибн Аббас: «Пайғамбар, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, Меккеде болғанда, оған һижра жасауға (көшуге) бұйрық келіп, осы аят түскен»,-депті. Құранда муһажирлер мен ансарлар сөз болғанмен бұл Аят Меккеден

* Тәпсіршілерге кінә тақпаймыз, олар өз заманында көріп-біліп тұрғанынан ой түйіп жазған. Барлық күнә Құранды өздері оқып зерттемейтіндерде, әсіресе, ғылымы дамыған 20-21 ғасыр діндарларында. Мұны ас-Сабунидің тәпсірінен де көреміз.

Мәдинеге көшу емес. Мұны «Мәида» сүресінің 60-61-аяттарында түсіндірген... Тағы бір тәпсірші Меккеге кіріп, шығуды айтқан десе, бірі намазға тұрарда осылай айтылады, деген.

Бүкіл жер бетіндегі және біздегі дін мамандары Құранды зерттемей, осы үйретіндіні айтып жүр.

Міне, осы дәлелде көрініп тұрғандай-ақ, 78-79-аяттағылар да біздің заманның кейіпкерлері – арамызда жүр.

83-аятта: **«Бір заманда Израил ұрпақтарынан: «Алладан басқаға құлшылық қылмандар, әке-шешеге жақсылық жасаңдар; жақындарға, жетімдерге, міскіндерге қамқорлық қылыңдар; адамдарға көркем сөз сөйлендер; намазды толық орындандар және зекет беріндер», деп ант алған едік. ...бет бұрдындар. Сендерден аз-ақ адам қалды...»**,-деген. Осы Аят та Мұхаммедтің қауымына келіп, одан берідегі он бес ғасырда айтылып (оқылып) келе жатыр. Сонда да сөз басында айтқанымыздай, аз ғана – таза Иманды Момын Мұсылман ғана бұл шарттарды орындап өтті және бүгінде орындап жүр. Бірақ, ел күткендегіден өте аз.

Өз замандастарымызға қарап талдасақ, ортамызда: Аллаға серік қосатын ғайридіндер бар; «Мен атеистпін!»-деп, өзінше соны мәртебе көретін құдайсыздар жүр; Аллаға емес, бар үмітін балалары мен байлығына байлағандар жасауда; әке-шешесін жалғыз қалдырушылар мен оларды қарттар үйіне тапсырушылар да бар; адамдар жақындарына, жетімдер мен міскіндерге қамқорлық жасаса, зекет берсе елде бай-кедей деген болмас еді, тіпті, Алла тиым салған ақсүйектікке еліктеушілік те байқалып келеді; «Мен кімге болса да турасын айтамын!»-дейтін, сөйлеу мәдениетін білмейтіндер мен уәдесінде тұрмайтын намазды шала оқитындар, зекет бермейтіндер бар.

Ал, Құранмен жүретін уәдесіне, келтірген Кәлимасына адалдар аз ғана. 84-85-аяттарға мән берейік. 84-аятта: **«(Әй, яһудилер!) Бір заманда: «Бір-бірлеріңнің қандарынды төкпендер, өз-өздерінді жұрттарыңнан шығармандар»,-деп уәде алған едік. Сөйтіп мақұлдап куә болған едіңдер»,**-дейді. Аят мағынасынан байқалып тұрғандай, осы ескерту айтылғанша оларда адам өлтіру, жер үшін талас болған. Сосын Алла оларға ескерткен. Енді 85-аятқа келейік: **«Содан кейін бір-бірлерінді**

өлтiресiндер (өлтiрдiндер), бiр бөлiмдерiн жұрттарынан шығарасындар әрi оларға қарсы жауыздық, дұшпандықта өзара көмектесесiндер. Егер (сол қуып шыққандарың) сендерге тұтқын болып келсе, оларға бодау берiп құтқарасындар. Негiзiнен сендерге оларды жұрттарынан шығаруға тиым салынған едi...»,-дейдi.

Тап осы Аятты бабаларымыздың дәуiрiнен де көреміз. Барымта, жер дауы, жесiр дауы, болыс пен билердiң үстiнен губернаторларға топ болып арыздану, құн төлеп бiтiсу т.б. Ал, өз заманымызбен салыстырсақ адам өлтiру бар;

– жер дауы да қалған жоқ, әсiресе, үй салуға жер телiмiн беруде түрлi құйтырқылықтар жасалып жатқанын БАҚ-тардан бiлiп отырмыз. Мәселен, бiреуге телiм бөлiнсе, ол үйiн салып болғасын, алаяқ бiреу мен телiмдi бөлушi келiсiп, құжатын басқаша қылып өзгертiп, сол телiмдi даулау, мамандар бiр-бiрiне көмектесiп, Әдiлеттi телiм иесiне қарсы шығу немесе бiр пәтердi бiрнеше адамға сату сияқты әдiлетсiздiктер бар. Ал, сотта Әдiл зерттелiп, телiмнiң иесi жеңiске ие болса, ол үшiн маман мен алаяқ айып пұл төлейдi. Негiзiнде Құран «Бақара» сүресiнiң 42-аятында: **«Ақиқатты бұзықтыққа араластырмандар да, сондай-ақ, бiле тұра Шындықты жасырмандар»**,-деген. Бiздегiлер жоғары бiлiмдi маман, ХХI ғасырдың интелегентi бола тұра осындай надандықты iстейдi.

Демек, бұл екi Аяттағы мiнез-құлық та неше ғасырлардан берi жалғасып келе жатыр. Бiзде де бар. Бұл – Исламның амалдағы дiн екенiне, Құранның амалдағы Кiтап екенiне және бiр дәлел.

86-аятта: **«Ақыреттi берiп, дүние тiршiлiгiн айырбастап алғандар осындай. Олардан азап жеңiлдетiлмейдi де, оларға көмек те болмайды»**,-деп, 85-аятқа сай және заман жағдайымен айтқанда заңға қайшы iс қылғандардың тағдырын хабарлаған. «Әли Ғыман» сүресiнiң 56-аятында: **«...қарсы келгендердi дүниеде де, Ақыретте де қатты азаппен қинаймын әрi олар үшiн ешбiр жәрдемшi болмайды»**,-деген. Бiз жоғарыда дәлелге айтқан адам өлтiрген, заңды бұзған қылмыскерлердiң бұл дүниеде ешкiмнен көмек алалмай жазаға тартылғанын бiлемiз, ал, Ақыреттегiсiн көрмегенiмiзбен, жазаланатынына сенемiз. Себебi, Алла уәдесiне берiк («Хаж» с. 47-а).

89-аятты да бiздiң арамыздағы осы күнгi бiр пасықтардың әрекетi (өсегi, бүлiгi, лаңы) арқылы түсiнуге болады. Аятта:

«Олардың қасындағы Тауратты растаушы Құран келген шақта, олар бұрын үстемдік тілеген бола тұра, Тауратта оқығандары келген заманда қарсы шықты», - дейді. Яғни, Мекке мүшріктері дінде өздерінің үстем болуын тілейтін; Таураттан соңғы Пайғамбар келетінін оқып біліп жүрген; Алла белгілеген уақыт толып Мұхаммедке Пайғамбарлық қонған күннен олар, бұрынғы тілектерінен қайтып, Мұхаммедке қарсы шықты. Біздер кеңес үкіметі кезінде ұлттық кемсітушіліктерге шыдамай Тәуелсіздігімізді, елді қазақ Азаматтарының басқарғанын армандап, тілеп едік. 1991 жылдан Егемен ел болдық. Енді тұтас ұлт болып, бірлігімізді нығайтып, Елбасындағы Азаматтарды қолдаудың орнына, Президенті күндейміз, министрлерді өсек қыламыз, лауазымға жеткендеріміз мемлекет мүддесі үшін бөлінген ақшадан ұрлаймыз, еңбекшілердің еңбек ақысына қиянат жасаймыз...

Өз алдымызға дербес ел болғанымызға шүкір етіп, оның Мәңгілік Ел болуына үлес қосудың орнына жастарға теріс үлгі көрсетіп келеміз.

Құранда Алланың Жолына шақырылу жайы сөз болған. Ал, Алланың Жолы – Ата заңдағыдай Әділ, қоғам талабындағыдай парасатты, салауатты өмір сүрудің бағдаршамы. «Егер барлық адам Құранмен жүрсе, ешкімнің басында қасырет болмас еді», - деп, тұңғыш Президент – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтпақшы, Алланың Жолы – қайғы- қасыреттерден сақтаушы, ең Әділ, ең Таза Жол.

Осынша дәйектерден кейін де Құранды нақ осы күнгі амалдағы Кітап деп айтпасақ, Исламды амалдағы дін деп мойындамасақ дәлел бар ма?!

91-аят: Әрқашан оларға: «Алла түсіргенге (Құранға) Иман келтіріндер»-делінсе: «**Өзімізге түсірілгенге Иман келтіреміз**» -деп, қарсы болады. Олардың қасындағы Тәуратты растаушы Құран – Хақ. (Мұхаммед с.ғ.с.) оларға: «Егер (Тәуратқа) Иман келтірген болсаңдар, бұрын Алланың Елшілерін неге өлтірдіңдер?»-де», - деген.

Бұл кезіндегі Мекке мүшріктерінің қарсылығы еді. Осы қарсылық хабары 170-аятта және «Мәида» (104-а), «Лұқман» (21-а), «Сад» (2-8-а) т.б. сүрелерде қайталанып ескертіледі. Осы Аяттарда айтылған: «**өзімізге түскенге...**», «**ата-бабаларымызды**

тапқан жолға...» Иман келтіреміз, «Аталарымызды тапқан жол өзімізге жетеді», «Арамызда осыған ғана үгіт түсірілді ме?...»-деген, кертартпалықтар қазір өзімізде де бар. Өзіміздегі дін мамандарына Аяттар туралы білгеніңізді Аяттардың өзімен, ғылымның және өмірдің Шындықтарымен дәлелдеп берсеңіз де, олар Сізге ескі тәпсірлерді айтып, сірә Сізбен келіспейді – Сіздің білгеніңізді дұрыс, деп қабылдамайды.

Олар өздеріне тірек етіп жүрген тәпсір мен шарифат, өз заманына жараса қолданылған шаралар болғанымен, бүгінгі ғасыр сұранысына жауап бере алмайды. Қазіргі адамдардың санасы, ол замандардың адамдарының санасынан бірнеше есе биік.

Оларға мынадай сауал береміз: «Хаж» сүресінің 38-аятында Алла Иман келтіргендерді Өзі қорғайтынын айтқан. Егер сол бабаларымыз жүрген шарифат пен солар қолданған тәпсір дұрыс болса, неге олар Тәуелсіздігінен айырылып қалды?»

Олар тағдыр, деген сөзді ғана айтады.

Тағдыр! Әлбетте, тағдыр! Тағдыр, деген – әрбір күнәнің белгіленген шегіне жеткендегі («Мәриям» с. 84-а) қорытындысы. Бабаларымызға Алла көп кеңшілік берді («Әли Ғымран» с. 178-а). «Мүмкін райынан қайтар», -деп, қалмақ пен Қоқан хандығының шабуылына да ұшыратты. Олар бұдан нәтиже шығармады – Құранды өздерінше оқып зерттемеді, ескі тәпсірлерге, жалған хадистерге сенді, Тәуелсіздікті, елдікті сақтауға тиесілі Аяттарға сауатты амал жасамады, жүзге, ақсүекке бөлініп, басы бірікпеді. Алла берген кеңшілік мерзімі түгеді, содан бостандығынан айырылып, орысқа тәуелді болды. Олардың зұлымдығынан ел Азаматтары мен Ақсақалдары, жас арулар мен гүлдей қыздар қаншалаған азаптар көрді. Бірақ, мұны ел молдалардың Құранды дұрыс түсіндірмегенінен демеді, керісінше: «Құдайға не жаздық!»-деп зарлады.

Бұл Алланың бүгінгі біздерге тағы бір ескертуі, деп қабылдауымыз керек. Кезінде мүшріктер: **«Өзімізге түсірілгенге Иман келтіреміз»**, -деп, қасарысулары себепті Алланың қаһарына ұшыраса, бұл Аяттарға нақты түсінік бере алмаған тәпсірлерге сүйеніп жүрген біздерге үлкен сабақ болуға тиіс. Бізде: «Бұл қазақтың бұрынғы жолы. Шекараны қорғау үшін әскери мақсатта осылай еткен», -деп, жүзге бөліну бар; барымта мен ұрлықтың надандық екені сөз болса: «Өй, бұл қазақта атам

заманнан бар...»,-деп, оған кеңшілік беру қалмай келеді; тойға-мерекеге кешігіп келуді де: «Бұл қазақты жиып-тия алмайсың. Сенің тойың, деп малымыздан айырылатын жағдай жоқ. Қайсы ата-бабаң сағатпен жүріп еді?!»-деп, дау шығаратындар арамызда жүр.

Осыларды біле тұра Құранның барлық заман адамдарына түскеніне шәк келтіре аламыз ба?

Жоқ, әрине. Біз бұдан нәтижешығарып, «Бұл бабаларымыздың жолы, аталарымыздан қалған, қазақтың үлгі-өнегесі», -деп, бір жақты кетпей, әрбір амалымыз бен салт-дүстүріміздің Құранға тура келетін жақтарын саралап алайық; Ислам елдерінде былай, деп, бүлікшіл көп елдердің үлгісін алмай, өзіміздің Қожахмет Яссауидан келе жатқан Жолымызбен жүрейік; Құранды ғылыммен, тарихпен, заманалық дәлелдермен дұрыс түсінейік; жүзге бөлінген надандықтан сақтанайық; еуропалық адасқандардың үлгісін ұстанып, өзіміз сияқты адамдарды ақсүйек, деп шатаспайық.

99-аят: «(Мұхаммед с.ғ.с.) расында **саған ап-ашық Аяттарды түсірдік. Оған бұзақылар ғана қарсы келеді**», -деген. Ал, бізде біреулер: «Құранның қазақшасын оқыдым түсінбедім», -десе, діндар біреу: «Оны кезкелген адам оқи бермейді. Оқығанмен түсінбейді. Оны бұрынғы ғұламалардан қалған тәпсірлерді білетін имамдармен, ұстаздармен бірге оқу керек», -деп, әркімнің өзінше оқып үйренуіне қарсы келеді. Құранда сексеннен зият Аятта Аяттардың ап-ашық, яғни, анық, өте түсінікті екені ескертілген.

Ал, Аллаға жүрегімен беріліп, Құранды мақтан үшін емес, Одан өзіне Тура Жол табу үшін жанымен беріліп оқыған адам, барлық Аятқа түсінеді. Жасырын ештеңе жоқ.

109-аяттағы («Бақара» с.) хабар да өмірімізге аралас жасап келеді. Аятта: «**Кітап иелерінің көбі, оларға Шындық айқын болғаннан кейін өз күншілдіктерінен сендерді Иманнан кейін қарсылыққа қайтаруды қалайды...**», -деген. Мұны 111; 113-114; 120; 135; 145-аяттарда және «Әли Ғымран» сүресінің 69-72; 186-аяттарында, «Таһа» сүресінің 16-шы, «Қасас» сүресінің 50-ші, «Фуссилат» сүресінің 26-шы, «Нәжім» сүресінің 24-ші, «Мұтафаффин» сүресінің 29-32-аяттарында ескерткен. Расында қатарымызда жүрген әрбір ғайридін бізге Құран Жо-

лынан басқа жолды ұсынып отырады не теріс жолдың үлгісін көрсетеді. «Ахзап» сүресінің 4-5-аяттарында асырап алған баланы өз әкесінің атымен атау тапсырылған. Ал, әлемдік саясатқа ықпалдылар ерлі зайыптылардың әйелі күйеуінің әкесінің атымен құжаттастырылатын тәртіпті енгізді; «Сәбә» сүресінің 10-аятында әрбір істі оң істеу не оңнан бастау айтылса, олар жазуды сол жақтан жазуға көшті, саптағы жүрісті сол аяқтан бастайтын кылды т.б.

111-аятта Яһудилер мен Христиандар Жұмаққа екеуінен бірі кіретінін айтатынын жеткерсе, 113-аятта екеуі Кітаптарын оқып отырып бірін бірі менсінбейтінін хабарлаған. Бұл, бір-бірін кемсіту діндер арасында және бір діндегі мәзһабтар ортасында қазір де бар.

113-аятқа дәлел айтайық. Ғайридин өкілдері (бәлкім, құдайсыздар шығар) 1976-1987 жылдары Ауғанстанда, Тәуелсіздіктен беріде Шешестанда болған соғыстар жәйлі кино түсірді. Сонда олар шабуылға шыққан Мұсылмандарды: «Аллаһ!Аллаһ! Аллаһ!...»-деп ұрандатып келтіреді де оларды оққа ұштырады. Мұндағы мақсат, Ислам дінін негізсіз бос дін етіп көрсету болса, екіншіден, олардың «Тәубе» (32-33-а), «Фатх» (28-а), «Саф» (8-9-а) сүрелерінің Аяттарын – Алланың Нұрын өшіруге жасаған амалы.

Міне, осыны көріп отырып, осы 111-113-аяттарды бұл Исаның (ғ.с.) қауымына тиесілі не Мұхаммедтің (с.ғ.с.) заманындағыларға айтылған дей аламыз ба?!

115-а: «Шығыс, батыс әр тарап Аллаға тән. Сондықтан қай жаққа бет қаратсаңдар да Алланың жүзі (ризалығы) сол жақта. Расында, Алла (Т.) – өте Сабырлы, толық Білуші».

Бүгінде күллі әлемнің Мұсылмандары, қандай мәзһабта болуына қарамай, намазын Меккеге қарап оқиды.

116-а: Олар: «Алла, бала иемденді»-деді. Ол, баладан пәк. Дегенмен, көктер мен жердегі нәрселер Оныкі. Олар, түгел Оған бой ұсынады.

Христиан дініндегілер осылай Исаны Алланың баласы дейді. Сондықтан оларды Құранда «адасқандар» деген. Негізінен Алла туылмаған, тұмаған жалғыз. Алланың баласы бар дейтіндер, әлемде және өз елімізде де бар. Алланы үшеу дейтіндерді де білеміз. Бірақ, Алла бәрімізді бір елге қоныстандырғасын, олар-

мен аралас жасап жатырмыз, тіпті, қыз алып, қыз беріп құда болып жасап жатырмыз. Осыны көзімізбен көріп отырып, бұл Аят бұрынғыларға түскен, деп айта аламыз ба?...

118-аятта: **«Сондай білмегендер: «Алла бізге ауызекі айтса немесе бізге бір белгі келтірсе еді»,**-деді. Бұлардан бұрынғылар да бұлардың айтқаны тәрізді айтқан болатын. Олардың жүректері ұқсас...»,-дейді. Бұл: **«...бізге бір белгі келтірсе еді...»**,-сенер едік, Иман келтіріп, айтқанын қылар едік,-дегенге тура келді. Замандастарымыздың арасында да өздеріне Алланың бір белгі келтіруін, бір мұғжизасын көрсетуін тілейтіндер бар. Бұлардың бірсыпырасы оны, Ибраһим Халиулла сияқты сенімін бекіту үшін тілесе («Бақара» с. 260-а), жеңіл ойлы біреулер, уағызшыны кекетіп, сөзден тоқтату үшін, елді Исламнан қайтару мақсатында айтады.

«Ганкабұт» сүресінің 29-аятында, қарсылардың: **«...Егер шыншылдардан болсаң, қане бізге Алланың азабын келтірші!»**-дегеннен басқа жауабы болмағанын айтады.

Алла олардың көзін, құлағын, жүрегін бекітіп қойған. Тағы бір сүредегі Аятта оларға мұғжизалар келтіргеніңмен, олардың: «Бұл сиқыр», деп, теріс кететіндерін ескерткен.

Аятты алғандағы айтпағымызды қорытсақ, Мұхаммедтің замандастары да, Одан бұрынғылар да Алланың Өз Сөзін Өзі ауызекі айтуын, бір белгі көрсетуін тілеген; уағызшылардың бір керемет көрсетуін талап еткен; бүгінгілердің арасында да сондай адамдар бары рас. Өзі білмейтін, білгеннің тілін алмайтын кешелер, білгеннің білімін – беделін қызғанатындар уағызшыға: «Сенің айтып тұрғаның рас болса, бір кереметінді көрсетші, қане!»-деп, едірендейді.

120-аят: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) олардың діндеріне ермейінше, Яһуди де, Христиан да сірә, сенен разы болмайды.** Оларға: «Әрине, Алланың Жолы – Тура Жол»-де. Өзіңе мәлімет келгеннен кейін егер олардың көңілдері тартқанына еліктесең, Алла тарапынан саған не дос, не жәрдемші болмас»,-дейді. Оларға еру – «Рұм» сүресінің 22-аяты хабарлаған, Алланың белгілерінен: тілден бастарту, түр-түсін (ұлттық сәнін) өзгерту. Осы сүренің 145-аяты да осы өсиетті айтады. Алла Тағала қандай Білгіш! Тіпті, бүгінгі ғайридіндердің мінезіне дейін сипаттаған! Біздің ортамыздағы ғайридіндердің ішінде де сондайлар бар. Егер

ізіне еріп, жолымен жүрсең, іш тартқан болады. Ортақ тіл табысқаныңмен өз дініңнің Жолын, салт-дәстүрінді ұстанғаныңа жиырылып, пысқырып қарайды. Жүзі сұрланып, кекеткісі кеп тұрады.

125; 128-аяттардағы Қағба, хаж амалдары – Исламның амалдағы дін, Құранның амалдағы Кітап екенінің бірден бір дәлелі. Қағба да, хаж жасау да Ібраһимнің заманынан келеді. Надандық жайлаған заманда Қағбаны қиратушылар да, қайта тіктеушілер де болды; хажылықты та бұрмалады. Бірақ, Мұхаммедтен кейінгі жерде Қағба сақталып, хажылық амалдары үздіксіз орындалып, жалғыз Алланы насихаттаған ұлы діннің мәртебесін қорғап келеді.

142-аят: **«Адамдардың кейбір ақымақтары: «Оларды, қарап тұрған құбласынан не нәрсе бұрды?»- дейді. (Мұхаммед с.ғ.с.) оларға: «Шығыс та, батыс та Аллаға тән. Ол, қалағанын Тура Жолға салады»-де».**

Осы Аят жеткерген мінез де замандастарымыздың бойында бар. Біздің арамызда да біреу бір игілікті бірдеңе істесе, қызғанған біреулер, осы Аятта айтылған ақымақтарша доңыздап, ол туралы өсек таратып, оған лай жағады.

Мәселен, 1991 жылы 16-желтоқсанда біреулер: «Тәуелсіздік жариялағаны қалай? КСРО тарап кетті, бұл кімнен Тәуелсіздік алып отыр?»-деп; ел астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіргенде де іші күйген бір пасықтар: «Мұнысы несі? Алматыдан кім қуып жатыр? Астынан су шықты ма екен?»-деп, бықсыды; Астананың атырабын жасыл желекке орау мәселесі көтерілгенде де ойы тайыз біреулер: «Бұл агрономияны қайдан білсін? Асты мұз, беті сыз дала орманға айналар ма еді?!»-деп мысқылдады; елдің шекарасын белгілеп жариялағанда да тарихты білмейтін, мемлекет деген не екенін түйсінбейтін бір желөкпе өсекшілер: «Қазақстанның территориясы бастан белгіленіп, сызылған, картаға түскен. Бұны қайта сөз қылып жүргені несі? Екіншісі: «Ертең: «Елдің шекарасын мен белгілеп бекіттім», -деп мақтанбақ қой!»-деп қостап жатса, үшіншісі: «Үкіметтің қазынасынан ақша жымқыру керек қой...», -деп сасыды. ЭКСО-2017-ні ұтып алғанда да, шөжеми біреулер: «Оның бізге не керегі бар еді?»-деп, өсегін түрлі саққа жүгіртті. Міне, осы сөздердің айтылғанына алдымен Алла, екіншіден, ел куә. Демек, бұл Аят-

ты да өткеннің әңгімесі не Мұхаммедке тиесілі деп айта алмаймыз. Сол Мұхаммедтің кезіндегілер Құбла өзгергенде осылай айтса, 1991 жылдан бергі жылдарда, ғылымы мен мәдениеті дамыған заманның қазақстандықтары да айтты және айта береді. Дозақ үшін де адамдар жаратқан («Ағраф» с. 179-а) Құдай оларды сөйтіп қойған.

155-аятта: **«Әрине, сендерді қауіп-қатер, ашаршылық және малдардан, жандардан, сондай-ақ өнімдерден кеміту арқылы сынаймыз. (Мұхаммед) сабыр етушілерді қуандыр»**, -дейді. Бұл Аят хабарлары тарихымызда болып өтті, қазір де болып жатыр. «...жандардан айыратыны» – жұбайдан, туған туыстан, перзенттен... айыру.

269-аятта: «Алла (Т.) Хикметті (терең білімді) қалаған Құлына береді. Ал, кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Бұны Ақыл иелері ғана түсіне алады», -деген.

Бір Құлдары арқылы бір Құлдарын қорғайтын Алла (251-а, «Хаж» с. 40-а) осы Аяттағыдай Хикметті Құлдарын жерге жіберіп отырады. Олар Алланың ризашылығы үшін халқына қызмет қылады. Ал, адасуға («Ағраф» с. 30-а) тиістілер мен дозақ үшін жаралғандар олардың әрбір жеңісті істерін мазаққа айналдырып, олар хақында өсек таратып, өздерін-өздері рахаттандырады да – дозаққа қиналмай баратын күнәларын көбейте береді.

Бұлар да өз ортамызда жүр.

166-аят: **«Сол уақытта (Қиямет күні) білгішсінген азғырушылар, өздеріне ергендерден безеді. Сондай-ақ, олардың әр қайсысы өз-өзімен әуреге түсіп, қарым-қатынастары кесіледі»**. Мұны бізден гөрі тергеу саласында істейтіндер жақсы біледі. Біздің білетініміз, бүлікшілердің, лаңкестердің, қылмыскерлердің ісі тергеуге түскенде, олардың әр қайсысы өз басын ақтауға тырысатыны.

Қоғамдық тәртіпті бұзғандар мен қылмыскерлердің тергеуге түскен кездегі хәлін «Ағраф» сүресінің 38-39-аяттарында да нақты сипаттаған.

167-аят: **«Ал, азғырылғандар: «Әттең! Бізге қайтар күн болса, олар бізден безгендей, біз де олардан безер едік»**-дер. Солайша, Алла олардың істеген істерін өздеріне өкініш етіп көрсетеді. Сондай-ақ, олар тозақтан шығушы емес».

Қылмыс жасап, тергеуге түскендердің: «...Әттең, ол күн қайтып келмейді ғой! Келсе, бұған ерер ем едім!... Түһ!... Неге

соны істедім?... Неге соның айтқанын қылдым?... Өттен!... Осы жерден аман шықсам, екінші оған жоламасын!...», -деп өкінетінін білеміз.

170-а: **«Алла түсірген (Құранға) бой ұсынындар делінсе, олар: «Жоқ, үстінде ата-бабаларымызды тапқан жолға ілесеміз»-деді. Егер аталары еш нәрсені түсінбеген әрі («Әли Ғымран» с. 102-103; «Шура» с. 13-аяттарын білмеген) Тура Жолда болмаған болса да ма?»-дейді.** Біздер Аллаға серік қоспаймыз. Алланың жалғыздығын және Құранды мойындаймыз және әліміз келгенше, осы Құран Сөзімен жүріп-тұрамыз, тірлік етеміз. Бірақ, бабаларымыздан келе жатқан жолдың ақ-қарасына аса мән бермей, олардан қалған жолдың ең жаманы – **жүзге бөліну** мен өзіміздей адамды **ақсүйек**, деп асыра айтатынымыз рас.

Біреулер, қазақ жүзге бөлінбестен бұрын қанша жерге ие еді, жүзге бөлінгеннен кейін қанша жерінен айырылғанына ой бөлмей: «Жердің тұтастығын сақтау үшін, әскери мақсатта осылай еткен. Бұл – бабаларымыздан қалған жол. Немене, сен бұл жолды жоққа шығармақсың ба?! Жоғалта алмайсың! Жайыңа жүр!...», -дейді. Осындай қырсықтар мен кешелердің ортамызда барын біле тұра, олардың осындай деп айтқанын есітіп отырып, Құранның Сөзін ескі заманның Сөзі дей аламыз ба? Я, осы 170-аятты Мұхаммедке (с.ғ.с.) түскен, бізге қатысы жоқ, дегеніміз Ақылға сия ма? Айтсақ, бұл Аяттарға Тақуалықпен сауатты амал жасамасақ, Аллаға қарсы барған боламыз және де өз-өзімізге зұлымдық қыламыз, «Ісра» (8-а), «Әнфал» (38-а) сүрелерінде ескертілгендей, сол ата-бабамыз тақсыретін тартқан азапты өмірді алдымызға әкеледі...

Сондан сақтанайық! Жүз бен ақсүйекке бөліну деген надандықтан арылайық!

Осы бабаларының жолын айтқандар туралы Аяттар «Мәида» (104-а); «Ағраф» (28-а); «Мүминұн» (24-а); «Шұғара» (74-а); «Лұқман» (21-а) сүрелерінде де келтірілген...

«Тағабұн» сүресінің 5-аятында: **«Сендерге бұрынғы қарсы болғандардың әңгімесі келмеді ме? Олар істегендерінің жазасын тартты. Олар үшін тағы күйзелтуші азап бар»**, -деген. Бұл Аят біздің жадымызға «Ақтабан шұбырында, алқа көл сұлама» мен «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын», деген та-

рих таңбасы туған замандарды салады. Біз де солардың көрген азабын көрмеуіміз үшін, бабалардың жолының дұрыс-бұрысын Құранмен салыстырып, Оң Жолға түсуіміз керек!

«Әнфал» сүресінің 31-32-аяттарында: **«Оларға Аяттарымыз оқылғанда: «Естідік, егер қаласақ біз де бұл тәрізді айта аламыз. Бұл бұрынғылардың ертегілері»,-деген», «Тағы олар сол уақытта: «Әй, Алла! Осы Құран шынайы түрде Сенің қасыңнан болса, онда бізге көктен тас жаудыр немесе бізге күйзелтуші азап бер»-деді»-деген.** Біздің ортамызда да Құрандағы қиссаларды бұрынғылардың ертегілері сияқты қабылдайтындар көп. Олар да мұғжиза көргісі келіп, Алланың тас жаудырғанын не бір күйзелтуші азап жібергенін көргісі келеді. Бейне, тас жауды да, күйзелтуші азапты да кино сияқты ойыншық көреді. Тіпті, 2020 жылдың наурызында күллі әлемді қаптап келген коронавирустан да нәтиже шығарып, тәубеге келмейді. Мұны бәрін теңестіруші – Алладан көріп отырған жоқ, керісінше, қолдан жасалуда, деп Президенттерге жала жабуда. Себебі, Алла олардың жүрегін бекіткен.

Қазіргі жастарға 1930-50 жылдар аралығындағы болған әңгімелерді айтып, Имандылыққа шақырып, сақтандырсаңыз: «Ол заман басқа, бұл дәуір бөлек»,-деп заманының үдерісін дәлелге айтады. Қияметті сезініп: «Алла ондай зұлмат заманды біздің басымызға әкелмесін!»-деп, Алладан тілек тілеуге құлықсыз.

Қарт ана Ырысбике (1929-2000): «Бірде бірі сегіз, бірі он жастағы екі немереме өзімнің басымнан өткен ашаршылық жылдарының, соғыс уақытының қиыншылықтарын айтып отырсам, келінім келіп: «Қайдағыны айтып балалардың басын қатырмау керек! Ол кез басқа, бүгін заман дамыды. Ертең мектепте, институтта өздері оқып үйренеді...»,-деп, балаларын менің қасымнан алып кетті»,-деп, қазіргілердің өткенді үйреніп, одан тағлым алуға ықыласы жоғын айтып ренжіген еді.

188-аят: **«Араларындағы малдарыңды бұзық жолмен жемендер. Сондай-ақ, біле тұра адамдардың малынан бір бөлім жеу үшін билерге апармандар»**,-деген. Бұл Аят пара алу мен пара алушыға делдалдық етпеуді ескертіп отыр. Бізде де лауазым иелену, оқу – оқуға түсу, кеденнен өту, үкіметтің халық шаруашылығын дамыту мақсатында беріп отырған жеңілдігінен

пайдалану, соттан – қылмыстан ақталу, жұмысқа орналасу, жер телімін алу, егістік үшін, жайылым үшін жер алу, пәтер алу мақсаттарында пара беру – арсыздықтар мен параны алу және дәме ету – арамдықтар жойылмай келеді.

204-аят: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) адамдардан кейбіреулерінің дүние тіршілігіндегі сөзі өзінді таңырқатады да Алланы жүрегіндегісіне айғақ қылады. Ол өте сотқар қаскүнем».**

205-аят: **«Қашан беті бұрылса, жер жүзінде сотқарлық істеуге, сондай-ақ, егінді, малды жоқ етуге тырысады. Алла жауыздықты – бұзақылықты жақсы көрмейді».** Осы екі Аят пен 118-аяттағы: «олардың жүректері ұқсас...», - деген сөздерге көңіл бөлсек, адамдардағы мінездер, әуелден бар болып, заман жаңарғанмен де жоғалмайтынына көз жеткереміз; Алланың шайтан жөнінде айтқан («Ағраф» с. 11-21; «Нахыл» с. 98-100; «Сәбә» с. 21; «Зұхрұф» 36-а) Аяттарына және осы сүренің 168; 208-аяттарына, «Һұд» сүресінің 116-аятындағы Ақыл иелерінің бұзықтықты не себепті тия алмағанына және Алланың дозақ үшін де көптеген жындар мен адамдар жаратқаны хақындағы Аятының («Ағраф» с. 179-а) Шындығына дәлел табамыз.

Дәлел, әлбетте осы Аяттарда бейнеленген мінезділер біздің арамызда да жүргені. Заман осынша дамығанымен, олардың жүрегіндегі Аяттарға қарсы дерті жазылмайды екен. Елге тым жақсы көрініп жүрген біреулердің бірден қылмыскер болып шыға келгеніне таң қаламыз (204-а).

206-аят: **«Ал қашан оған: «Алладан қорық!»-деп айтылса, оның паңдығы ұстап, өзін күнәкар етеді. Оған дозақ жетеді, нендей жаман орын». Қателескен адамға: «Өткен іс өтті. Енді тәубеңе кел. Жалғыз әл-Ғафу Аллаға құлшылыққа жығылып, өткеніңе кешірім сұра, жақсылықтан үміттеніп оңға жүр», -десең, ол қырсығып: «Сен бұл сөзіңді анау жоғарыда отырғандарға айт! Олар жеп жатқанда, мен қарап отырамын ба?»-деп, дәлелсіз, өзі сияқты шайтанға ергендер айтып жүрген өтірігін алдына салып күнәсін арттырады. Біреулері: «Өмір бір мәрте беріледі, жасап қалу керек!»-деп немесе: «Маған бұл дүниенің қызығы қалмады!»-деп не маскүнемдікке салынып, не бұзықтығын әрі қарай жалғастырып азап үстіне азап қосып, күнәдан күнәға бата береді. Міне, мұндай кеше, қырсықтар дозақ үшін жаралғандар тобына қосылады.**

214-аят: «(Мұсылмандар!) Сендерге бұрынғы өткендердің басына келген сияқты (жағдай) келмей, Жаннатқа кірулеріңді ойладыңдар ма? Оларға, ашаршылық, ауыру-сырқау келді. Сондай-ақ, Пайғамбар және Онымен бірге Иман келтіргендер: «Бізге Алланың жәрдемі қашан болар екен?»- дегенге дейін (қиыншылықта) тербетілді. Естеріңде болсын. Негізінен Алланың жәрдемі жақын», -дейді. Аяттың бірінші Сөйлеміне келсек, бізде Жаннатта болғысы келетіндер бар. Бірақ, олардың арасында нөлден бір пайыздайы ғана Жаннат үшін жанын салып, Алланың Жолында Құран мәдениетімен әрі шынайы құлшылықпен жүр. Қалғаны – Жаннаттың барын тілінде айтқанымен, Кәламына күмәні жағаласып, құлшылық амалдары мен күнәсі тең түсіп, өздерін де, атырабындағыларды да алдап жүргендер. Бұлар ашаршылық келсе, ауру-сырқауға ұшырасам керек болады, деп, ақша мен мал жинаумен өмірін өткеруде.

Жеке басына іс түсіп қиналған жан да Алланың жәрдемін зарыға күтеді. Аталарымыз бен әжелеріміз азабын тартқан 1929-48 – зұлмат жылдарында да бір жағынан ашаршылық, екінші тараптан ауругершілік, соғыс қысып, әрбір пенде, тіпті, балаларға дейін Алланың Мейірімінің тез келуін зарыға күткен еді. Қазір бұл жеке біреулердің басында бар. Кешегі жылдары азапты топ-топ болып тартып жүрген сириялықтардың басында болып өтті. 2020 жылдың наурызынан коронавирус деген ауру шыққанда, әлем елдерінде, ал, сол жылдың 16-наурыздан бастап өз елімізде Алланың Рахымы мен Мейірімін күтіп тербелу болды. Үйінен серуенге шыға алмай отырған қарттар мен ойын балалары өте қиналды.

Бірақ, бұрынғылардың басына келгенді, ашаршылықты, ауру-сырқауды білгенімен, оның қазір бола қаларын ойлап жүргендер аз! Егер ойлағандар болғанда кешегі коронавирустың алдын алған болар еді*.

Бұл да Құранның әр замандардағы адам баласына және осы бізге, біздің заманға арнап түсірілгеніне дәлел.

*Алла бұл ауру арқылы алдымен, Өзінің Құдыретінің кезкелген бай, ғылымы күшті мемлекеттен күшті екенін және адамзат Алланы ескеруді дұрыс жолға қоймаса, алда бұдан да үлкен бір құбылыс болатынына ескерту жасады. Бірақ, мұны қолында құзыреті жоқ, біз ешкімге жеткеріп түсіндіре алмаймыз!

247-аятта: «Оларға Пайғамбарлар: «Дау жоқ! Алла сендерге Талұтты патша сайлады», -деді. Олар: **«Оның бізге патшалығы қалайша болады? Одан гөрі патшалыққа біздер лайықпыз. ...оған малдан да кеңшілік берілмеген еді»-десті.** Пайғамбар: «Негізінен сендерге оны Алла сайлады да өзін білімде әрі тұлғада артық қылды. Алла әкімшілікті қалағанына береді. Алла – әр нәрсені кеңінен Білуші»-деді».

Бұл бақылдық әлем елдеріне қарағанда бізде өте басым. Біреулер өзінің ойлау-пікірлеу шамасын, білім деңгейін өзі білмейді, бірақ: «Президенттікке мен лайықпын...», деп немесе өзімен өрелес басқа біреуді айтып көсемсиді. Президенттік кімге жарасады, ол лауазымға кім лайық оны Алла ғана біледі.

251-аят: **«...Алла (Т.) адам баласының бірін-бірі арқылы қорғамаса, жер жүзі бұзылар еді. Алла – бүкіл әлемге Кеңшілік Иесі».** Бір Аяттың бірнеше түрлі мағынаны қамтитынына дәлел Аяттың бірі – осы Аят. Алла тағала бір жанұяның өзін отағасы болмаса, отанасы арқылы қорғайды. Бұл екінің біріне түсінікті. Сондай-ақ, бір мемлекетті Президенті (Ата заң, заңдар, полиция, әскер, әкімшіліктер) арқылы; соғыстағы топ-топтарға бөлінген жауынгерлерді жетекшісі не ерлік жасаған бір жауынгер арқылы; ал, ауруларды бір дәрігер не тәуіпті себепші етіп; өртте қалған не суға батып бара жатқан шарасызды құтқаруға қауқарлы біреуді кездестіріп; қателескен біреуді Ақылы басым бір жанашырын себепші етіп; жолда қалған мұқтажға қайырымды біреуді кездестіріп, т. б. жолдармен Алланың Өзі қорғайды.

Мұны барлық адам баласы біледі....

264-аят: «Әй, Момындар! Аллаға, Ақырет күніне сенбей, адамдарға көрсету үшін мал сарып қылған кісідей, садақаларыңды міндет қылумен, ренжітумен жоймандар. Міне, соның мысалы: Үстінде топырағы бар тас сияқты, оған қатты нөсер жауса, (топырағын шайып) тас күйінде қалдырды. Олардың еңбектері еш болады. Алла қарсы болған елді Тура Жолға салмайды». Мақтаншақ, тәкаппар біреулер адамдарға өзін «жомарт, сақи – атымтай», деп мақтату үшін садақа береді. Олар туысына, көршісіне, мұқтаж болып сұрап келген біреуге кішкене қолқабыс жасаса, соны көпке дейін, тіпті, өмірі бойы айтып жүреді. Бұндайлар да ортамызда жасап жатыр.

275-аят: «Сондай өсім жегендер, (қабырларынан) жын соққандай есеңгіреп тұрады. Бұл олардың: «Сауда да бейне өсім»-дегендіктерінің салдарынан. Негізінде Алла сауданы – адал, өсімді – арам еткен. Сонда кім Раббынан насихат келгенде тиылса, өткені өтіп кетті. Оның ісі Аллаға тән. Ал және кім қайталаса, міне, солар дозақтық. Олар онда мәңгі қалады».

276-аятында: «Алла өсімді жояды да сауданы арттырады. Әрі Алла барлық қарсы келуші күнәкарды жақсы көрмейді», - деген. Өкінішке орай, бұл амал да елде бар. Алладан осындай Аят келгенін уағызшылар мен имамдар айтып жүр. Дегенмен, дүниеге құныққан қарсылар: «Саудада әркім де әкелген затына қосымша қызмет ақысын қосып, үстеме бағамен сатады. Процентке ақша бергенде сондай», - деп, Аятты мойындамайды.

282-аят: «Әй, Момындар! Егер белгілі мерзімге дейін бір-біріңе борыштансаңдар оны жазыңдар. Араларыңда бір хатшы дұрыс жазсын. Сондай-ақ, хатшы Алланың оған үйретуі бойынша жазудан бас тартпасын. Борышты кісі жаздырсын. Раббы болған Алладан қорықсын әрі одан еш нәрсе кемітпесін. Борышты есалаң не нашар (жас бала я кәрі) немесе жаздыра алмайтын (мылқау) болса, оның иесі (қараушысы, күтушісі) тура жаздырсын. Еркектен екі айғақ қойыңдар. Егер еркек болмаса, онда өздерің ұнатқан айғақтардан бір еркек, екі әйел болады. Егер екеуінің бірі жаңылса, екіншісі оның есіне салады. Куәлар шақырылған сәтте бастартпасын. Аз, көп болса да белгілі мерзімге дейін жазудан ерінбендер. Осыларың Алланың қасында Туралық – куәлік үшін мықтырақ және күдіктенбеуге де жақынырақ. Бірақта, өзара қолма-қол алып-беретін әзір сауда болса, жазбауларыңа болады. Саудаласқан кезде қастарыңда айғақ болсын. Хатшы да, айғақ та зиянға ұшыратылмасын. Егер оны істесендер (зиянға ұшыратсаңдар) күнәлі боласыңдар. Алладан қорқыңдар. Алла сендерге үйретеді. Алла әр нәрсені толық біледі».

283-аят: «Ал, егер сапарда болып, хатшы таба алмасаңдар, онда борыштыдан бодау алуға болады. Егер біріңе-бірің сенсендер, (бодаусыз берілсе) сенілген жан аманатын тапсырсын. ... Раббы Алладан қорықсын. Кәулікті (көргендеріңді)

жасырмандар. («Бақара» с. 42-; «Ниса» с. 135; «Әнғам» с. 152-а) **Кім оны жасырса жүрегі күнәкар болады. Алла не істегендерінді толық біледі».**

Міне, бұл амал да қазіргі сауда саясатында үлкен рөл ойнап отыр. Демек, Құран ескі заманның Кітабы немесе Мұхаммедке ғана түскен – Кітап емес, барлық ғасырлардың адамдарына арнап түсірілген Кітап. Яғни, тек қана намаз, ораза, садақа, зекет, пітір, қажылық сияқты Имандылық амалдары жазылған Кітап деп, тар аяда түсінбей, дұрыс өмір сүруге, Жаннатқа баруға Тура Жол көрсеткен ең асыл Кітап екенін мойындауымыз ләзім.

Атеистік тәрбиеде өскен және шала сауат діндарларды көріп жүрген, Құранды өзінше оқып жақсы білмеген біреулер Құранды мұншалықты асыл, абзал Кітап деп қабылдамайды. Ол туралы мүлде басқаша ойлайды. Міне осы түсінік көп пендені жаңылдырды. Орны толмас өкініштерге батырды. Біз мұны қайталамауымыз керек.

«Әли Ғымран» сүресінің 10-аяты (116-а): **«Расында сондай – қарсы болғандардың балалары, малдары Алладан (келетін) ешнәрсеге төтеп бере алмайды»**,-дейді. Мұны да өмірде көріп жүрміз, біреу қылмыс жасап жазаға тартылады. Осы кезде оның балалары мен мыңғырған байлығының көк тиындық пайдасы тимейді...

11-аятта осы қарсы болғандардың перғауынның сыбайластары және олардан бұрынғылар сияқты Аяттарды өтірікке шығарғандарын ескертіп, оларды азаптағаны айтылады. Бізде де Аяттарға, әсіресе, Қияметке тиесілі Аяттарға күмәнданушылар бар. Сондықтан олар Ақырет, дозақ хақында ойлай алмайды. Аллаға тұрақты құлшылық жасамайтын, қылмыстар жасаудан қорықпайтын себептері де содан.

71-аятта Шындықты бұзықтықпен араластырып, хақиқатты жасыратындар айтылса, бұндай алаяқтар да біздің арамызда жүр. Ал, 75-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) кейбір Кітап иелеріне толып жатқан аманат қойсаң да саған өтейтіндері бар. (Және) тіпті, бір динар аманат берсең де, ұдайы басында қақшыып тұрсаң әрең беретіндері де бар...»**,-деген. Аятта аманат айтылған. «Ниса» сүресінде аманатқа қиянат жасамауды тапсырған. Біздің ортамыздағы жақсылар осыны жақсы біледі. Біреу: «Аманат»,- деп бірдеңе тапсырса, мойнына алған кісі, оны деген жеріне

жеткереді. Бұндай адал жандар да, Аяттың екінші Сөйлемінде айтылған, қайырсыз жамандар да қазір де өзімізбен бірге жасап жатыр. Тіпті, біреулері қарыз сұрап алып тұрып, оны бермейді. Өздері игілігін көріп отырған судың, жылудың ақшасын және банктен алған несиесін уақыты төлемейтін жалатайлар қаншама.

Сонда бұл Аятты: «Мұхаммедке (с.ғ.с.) түскен», деп не: «Аятта Израил ұрпақтарын айтқан», -деп, жат санауға бола ма?

Осы сүренің 103-аятында: **«Түп-түгел Алланың жібіне жабысындар да бөлінбеңдер. Сондай-ақ, Алланың өздеріңе берген нығметін еске алыңдар. Өйткені, бір-біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды. Оның игілігімен туысқа айналдыңдар...»**,-дейді. Біз тарихтан қырғыз, өзбек ағайындармен арамыздағы араздықты жақсы білеміз. Алла Тағала КСРО саясаты («Бақара» с. 251; «Хаж» с. 40-а) арқылы тәубеге келтіру жолымен жүректеріміздің арасын жарастырып, бір-бірімізге дос қылды. Бұл – Шындық! Сонда бұл Аятты Мұсаның қауымына тесілі деуге бола ма?

Осы Аятты (103-а) әрі жалғастырайық: **«...Оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды...»**,-дейді. Оттан болған бұл шұңқыр – репрессия. Және бір Аятта сендерді алып кететін еді, деген мағынада, осы Аяттың түсінігін береді. От шынында – 1935-38 жылдар аралығында өткен нәубет. Осы оқиғаның өз тарихымызда болғанын біле тұра, Құранды, яғни осы оқиғаны Мұхаммедке түскен, деп селқостыққа салынуымызға бола ма?

Аяттың соңындағы: **«...Осылайша Алла сендерге Аяттарын Тура Жолға түсулерің үшін баян етеді»**,-дегені – тарихында осы оқиға болды, енді сен олардың надандығын қайталама, қайталасаң, «Ісра» сүресінің 8-аятында ескерткенімдей, қайта жазалаймын, яғни, сол нәубетті қайта әкелемін дегені.

«Мүмтахина» сүресінің 1-2-аяттары да Алланың да, өзіміздің де дұшпанымызды дос тұтып, өз аяғымызбен Ресейге қосылуымыз, оларды қостап, құдайсыз қызыл үкіметке көмектесуіміз, 1936 жылдан дінімізге қарсы болғанымыз; бұл – біздің Тура Жолдан адасқанымыз. Оларға еріп Құдай жоқ, дедік, Құранда тиым салынғандардың барлығын істедік. Сосын олар бізге үстемдік етті, дінімізге, ұлттық мендігімізге, салт-дәстүрімізге тіл тигізді. Олар әлі бой бергісі келмейді.

Бұны көзіміз көріп отырып, Құранның осы Аятын Мұхаммедке түскен дегеніміз сауаттылыққа жата ма?!

110-аятта: **«Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, қарсылықтан тиятын, сондай-ақ, Аллаға сенетін қайырлы бір үмбет етіп шығарылдыңдар. Ал, егер Кітап иелері Иман келтірсе еді, әлбетте, олар үшін жақсы болар еді. Олардан Иман келтіргендер де бар. Олардың көбірегі бұзақылар»**,- деген. Арамызда игілікке бастайтын қайырлы үмбеттер барына еш дау жоқ. Егер ортамызда ондай жақсылар болмаса, ынсапсыз, Ақырын ойламайтын адамзат арасында бейбіт өмір орнамай, білегі жуан күштілер мен жалатайлар ғана ойына келген ақымақтығын істеп, әлсіздерге күн бермес еді.

Үшінші Сөйлемде, Кітап иелерінен Иман келтіргендер барын айтқан. Бұлар да біздің замандастарымыз. Олардан әлемге әйгілілерінен бірнешеуін атайық: бірінші ұлы жазушы Лев Толстой, Мұхаммед Әли, Жак иф Кусто, Нил Армстронг, Гари Мюллер, Вячислав Әли Полосин, Валерия Пороховалар. Сонда бұл Аятты Мұхаммедке (с.ғ.с.) түскен, деп жалтара аламыз ба? Және Аяттың соңында: **«...Олардың көбірегі бұзақылар»**,- деген. Біз бұған да куәміз – Аятты бізге қатысты емес, деп айта алмаймыз. Айтсақ, тек өз-өзімізге ғана зиян келтіреміз.

«Ниса» сүресінің 1-аятында түп-тегімізді жаратқан, олардан көпті таратқан Алладан және туыстықты үзуден сақтануды қаперге салып, Өзінің бақылаушы екенін ескертіп, 2-аятта: **«Жетімдердің малдарын беріндер; жаманды жақсымен алмастырмаңдар; олардың малдарын өз малдарыңмен қосып жемендер. Өйткені, ол - күнә»**,- дейді.

Бірінші сөйлемді алсақ, ағалы-інілілердің малдарын қосып бағып жүретіні өзіміздің өміріміздің көрінісі. Ал, осындайда аға не іні өлесе, кейбіреулер марқұмның малының санын жасырмай ашық айтып, балаларына береді, ал, имансыз біреулері туыс бола тұра опасыздық етеді; біреулер өзінің арық не ауру малын марқұмның семіз не сау малына алмастырады – бұл әрекеттер замандастарымызда болып жатқан Шындық.

3-аяттан бастап, 12-аятқа дейін төрт әйелге дейін үйлену; меһер – қалың беру; жетімдерге қамқорлық, оларға мейірім көрсету; жетімдердің малдарын берген кезде куәлар шақыру; мирастар жайы; жетімдердің малына, мирас үлестеріне қиянат жасағандардың азапқа тап болатыны айтылған. Бұл амалдар да

біздің ортамызда бар. Бұлар арқылы біз Құранның, біздің заман үшін де амалдағы Кітап екеніне көз жеткереміз.

«Әнғам» сүресінің 123-аятын алайық. Аятта: **«Сөйтіп, әр кентке, онда айлакерлік қылулары үшін, оның бұзықтарын бастық қылдық. Олар өздеріне ғана айлакерлік жасағандарын аңғармайды»**,-деген. Өмір Шындығына көз салсақ, бір шаһарға әкім болып, заңды бұзып, жазаға тартылып жатқандарды көреміз. Олар сол қызметтің өздеріне сынаққа берілгенін («Әнғам» с. 165-а), заңды бұзғаны үшін жауап беретінін ойламайды. Үкіметті алдаймын, деп істеп, өзі алданады. Аяттағы: **«...Олар өздеріне ғана айлакерлік жасағандарын аңғармайды»**,-дегені осы.

Тақырыбымызға бұл да бір дәлел.

«Ағраф» сүресінің 37-53-аяттарында Бейіш пен дозақтағылардың жайынан хабар береді. Ортада 46-аятта: **«... «Ағраф» дейтін жоғары орында екі жақтағыларды да әлпеттерінен танытын біреулер бар...»**,-деп олардың Бейіштегілер мен дозақтағыларды көретінін айтады. Бұл – «Ағраф» биігі – жоғары орын, Бейіштегілер мен дозақтағылардың бүгінгі замандастары. Олар өте зерек, терең пікірлі адамдар. Бұлар айналасындағылардың барлығының тіршілігін, пейілі мен зейінін жақсы білетіндер. Бүгінгі қартайған шағында, кезінде бір қалыпта, кішіпейілдікпен өмір сүргендер мен тойнып секіріп тайрандап жүрген екі топты салыстырады. Реті келгенде олармен сөйлеседі. Қарттықта рахатта жасап жатқандардан: **«Сендерге сәлем!»**-деген ризашылықтарын есітсе, қарттығында азапта жүргендерді көргенде бұлардың өзі олардан шошып: **«Раббымыз! Бізді залым елмен бірге қыла көрме!»** (47-а)-деп Аллаға жалынады. Сосын отырып, дозақтықтың өткенін, көп ағайындылығын және кезінде бұлардың, бүгінгі рахатта жасап жатқан қарттарға рахат бұйырмайды, деген сөздерін, пейілдерін есіне алады.

Бұл Аяттар да – өмір Шындығынан тастығын тауып отырған, бүгінгі күннің Шындығы. Бұларды Мұхаммедке (с.ғ.с.) түскен Аяттар немесе қиялдағы ертегі Қияметте болатын жағдай деуіміз дұрыс емес.

Сүренің 94-95-аяттары да адамзаттың тарихын еске салып, Құранның мәңгілік екенін түсіндіреді. Аяттарда: **«Тағы Біз әр қандай бір кентке Елші жіберсек, олар жалбарынсын, деп, ол жердің тұрғындарын таршылық пен қиыншылыққа**

ұшыраттық». «Сонан соң, жаманшылықты жақсылыққа ауыстырдық. Тіпті, артылып кетті де: «Аталарымыздың басына да таршылық, кеңшілік келген екен»,-десті, (яғни, әмірлерге, өсиет пен тиымдарға салғырттық етті, қаһардан сақтанбады). Сондықтан оларды кенеттен қолға алғанымызда өздері де білмей қалды».

Бұл екі Аяттан қазақ халқының Шыңғыс хан ойранынан, қалмақтардың шабуылынан, Ресей патшалығы мен Қоқан хандығының езгісінен; 1920 жылдан құдайсыздар билегеннен соңғы 1929-38 жылдардағы тәркілеу, ашаршылық пен нәубеттен, 1941-45 жылдардағы соғыстың азабынан туындаған тарихын толық оқимыз. Таратып айтқанда, шабуылдардан қорыққан ел тәубеге келіп, бірнеше жылда есін жиып, тойынғаннан және Аяттарға қарсы амалдармен тіршілік етіп, тағы шабуылдарға немесе жұтшылыққа ұшырап, Алланы есіне алып, көргеніне шүкірлер айтып түзеле бастайды. Жүз жылдарда өздерін түзей келе және нашүкіршілікке барып, Құдайды және ата-бабалары көрген таршылық пен азапты тек тілінде ғана айтып, ол азаптардың қайта айналып келуі мүмкіндігін ойламай, күнәлар жасап, кезекті қаһармен беттеседі.

150-аятты оқиық. Мұса (ғ.с.) Тұр тауына кеткенде елінің бұзықтары Һарунды тыңдамай, бұзауға сыйынды. Мұса келгенде інісі Һаруынға қапа болады. Аятта: **«Мұса (ғ.с.) еліне ыза болып, кейіген түрде қайтқан кезде: «Менен кейін маған қандай жаман іс істедіңдер?! Раббыларыңның әміріне асықтыңдар ма?»-деп Таурат тақтайларын тастай салып, туысы Һарунның басынан ұстап, өзіне қарай тарта бастайды. (Сонда Һарун): «Әй, анамның ұлы! Расында бұл ел мені басынып, тіпті, өзімді өлтіруге жақындады. Енді мені дұшпандарға күлкі қылма да мені залым елмен бірге санама!»-деді»,**-деген. Тап осы оқиға бүгінгі замандастарымыздың арасында да болып жатады. Мысалы, бастықтың сеніп, өзіне орынбасар лауазымына бекіткен жақыны, пендешілікке барып, біреулердің сөзіне еріп немесе олардың зорлығымен бастыққа опасыздық етеді. Ал, бастық қолына алып тергеген кезде, олардан қорыққанын айтып, бастықтан олардың алдында ұятқа қалдырмауын өтініп және екінші оларға жақындамайтынына сөз береді...

Осы Аяттардың Шындығын өз тарихымыздан көріп отырып, Құранды Мұхаммедтің заманына бола түскен дей алмаймыз.

«Һүд» 50-аяты да тақырыбымыз көтерген мәселені тастықтайды. Аятта: **«Ғад қауымына туыстары Һүдты (ғ.с.) жібердік. (Ол:) «Әй, елім! Аллаға құлшылық қылындар. Сендердің Одан басқа Тәңірлерің жоқ. Сендер өте жалақор-сындар»,-деді»**,-дейді. Елде жалақор адамдар бары да Шындық.

Демек, жалақорлық та ежел-ежелден адамзатпен бірге келе жатыр, деген сөз. Бұл да – Құранның осыларды бізге ескертіп, жалақорлықтай надандықтан тиылу үшін түскеніне бір дәлел.

«Хыжыр» сүресінің 91-92-аяттарында: **«Сөйтіп бөлушілерге де Кітап түсірген едік»**, **«Олар Құранды бөлшектегендер»**,- деген. Халифа Алтай ағамыздың аударма түсінігінде бұл бөлушілерді: «Інжіл, Тауратқа сәйкеспейді және өлең, сиқыр, бақсылық, ертегі т.б. деп тоғыз саққа жүгірткендер»,-депті. Иә, Аяттарда Мұхаммедке (с.ғ.с.) сенбегендердің осылай деп айтқандары бар. Алайда, бізді Тура Жолдан жаңылдырған бұлар емес, өзіміз сенген тәпсіршілер, уағызшылар. Қазірде Құраннан бір Аятты я қиссаны әңгіме етсеңіз, біреулер: «Ой, ол...»,-деп, аузын қисайтып: «Мұсаға түскен хабар ғой...»,-деп, содан өзіне алынуы тиіс үлгі-өнегеге көңілін тоқтатпайды. Дәлел айтайық, «Бақара» сүресінің 49-аятында перғауынның еркек балаларды өлтіріп, қыз балаларды қалдыратынынан хабар берген. Мұсаны (ғ.с.) сол қауым ортасында туылдырып, оны сақтап қалған. Бұдан алатын бірінші сабақ, бізді Алланың сондай патшаның, сондай қатыгез қауымның ортасына тура келтірмей, бейбіт – еркіндік салтанат құрған, тоқшылықты, ғылымшыл заманда өмірге келтіргені – бұған қуанып, шүкірлер айту; екінші тағлым – сондай қатал ортадан Мұсаны (ғ.с.) аман алып шыққаны. Бұл деген сөз – Аллаға шын жүректен Иман келтіріп, айтқан Жолымен жүрген Құлын Алла әр қандай залымдардан құтқарады,-деген сөз.

Демек, Мұсаның (ғ.с.) және барлық Пайғамбарлардың өз бастарынан өткен және қауымдарымен ортадағы оқиғалары жай тарих емес, бүгінгі бізді шүкіршілікке шақырушысабақ. Ерекше ескерер жәй, Құран тарих емес, жер бетінде Бейішке лайықты болып өмір сүру философиясы.

Құран жер бетіне келіп-кете беретін жалпы адамзатқа түскен. Сүрелерде қайсы Пайғамбарға не үкім берілсе, оны анық айтқан.

Олардың астарында да біз алатын тағлым бар. «Жүсіп» сүресінің 111-аятында: **«Әрине, Пайғамбарлардың қиссаларында Ақыл иелері үшін өнеге бар. Құран бір жасама сөз емес. Өзінен бұрынғы Кітаптарды растайды. Сондай-ақ, Иман келтірген ел үшін әр нәрсені ашықтайтын Тура Жол және Игілік»**,-дейді. Бірінші Сөйлемнен алатын сабақ – Пайғамбарлар қиссаларында өнеге бары. Нұхтың (ғ.с.) қиссасын алайық. Қауымы қарсы келді, тыңдамай, мазақ қылды. Нұх Аллаға еліне наразылығын айтқанда кеме жасауды айтып, Өзі үйретті. Су қайнап шыққанда әр нәрсенің жұбынан және өзіне ергендерді мінгізуді тапсырды. Топан су келіп, кеме жолға түскенде, әйелі қарсылармен қалды, баласын шақырды, ол тау құтқарады, деп тауға кетті, бірақ, суға ғарық болды. Баласы туралы Аллаға айтпауды ескертті.

Қиссадан алатын тағлым, өзіңнің Аллаға Нұх (ғ.с.) сияқты берілген Имандылығың; сосын ортаң Алланың Жолымен жүрмей жатса, ескертуің, тыңдамаса, Аллаға тапсырып қана қою; Алла саған тыныш болатын бір Жол көрсетеді («Шура» с. 51-а); баласын кемеге шақырды ол келмей, тау құтқарады, деп тауды Аллаға серікке қосты, әйелі, баласы жөнінде айтқызбағаны – Алла кімнің әйелі, баласы не жақыны болса да Өзіне серік қосқанды кешірмейтіні; екіншіден, ерінің айтқанын тыңдамаған әйелдің де, әкенің айтқан Тура Ақылына дұрыс амал қылмаған баланың да Аллаға жақпайтыны («Һұд» с. 42-46; «Тахрим» с. 10-а).

Бұл – бірінші Сөйлемнің қысқа тастығы. Демек, Нұхтың қиссасын, бізге емес, деп айта алмаймыз. Керісінше, одан өзіміз аса сақ Иманды болуды және Алладан тілей білуді үйренсек, екіншіден, әйеліміз бен баламыздың үлгіміз бен кеңесімізді тыңдауы керектігі.

Екінші Сөйлем: **«Құран бір жасама сөз емес...»**. Мұның мағынасы – сен бұл Құранда оқыған (тыңдаған) оқиғалар тарихта болған және өзіңнің заманыңда болып жатыр, алда да бола береді, сақ бол деген кеңес, хабар. Екінші бір үлкен дәлел, Алланың Өзіне Иман келтірген Құлдарын ауырғанда, қиыншылыққа түскенде, бір дұға оқығанда қас пен көздің арасында арашалайтыны; сосын Аяттарда не айтылған болса, тарихта болған оқиға ғана емес, өмірде де болып жатқан, адам баласы куә болып жүрген оқиғалар. Одан кейінгісі, соңғы ғасырлардағы ғылым дәлелдері.

Үшінші Сөйлем – Өзінен бұрынғы Кітаптардың тастықтала-

тынының хабары. Құранда барлық Пайғамбарлар, олардың қауымдары, Таурат, Забур, Інжілдің түскендігі; оларға да осы Кітаптар арқылы, біздің қолымыздағы Құранда айтылғандар айтылғаны. Бұдан біз алатын сабақ, бабаларымызға да осы Құран берілген еді. Олар дұрыс түсініп пайдаланбай, ғайридіндерге отар болып күн кешті...

Төртінші Сөйлем – Құранның әрбір нәрсені ашықтайтыны: Алланың серігі жоқ – жалғыздығы, Алладан басқаға табынғандар, Аллаға бала теліп жала жапқандар адасқандар мен қарғалғандар екендігі; Қиямет пен ол зор азаптан бұрынғы бұл дүниенің азабы жәйлі, арам мен адалды, сауап пен күнәні, садақа, сауда және өсім жайын, неке мен талақ және зинақорлықтың жазасы, Бейіш пен дозақ хабары – барлығы-барлығы ашық айтылғаны.

Енді «Хыжыр» сүресіндегі 90-92-аяттарымызға келсек, бөлшектеушілер, деп: Мұса, Дәуіт, Исалардың қауымдарын меңзеп, оларға Тура Жол көрсетуші Кітаптар түсіргенін (90-а), олардың Мұхаммедке (с.ғ.с.) түскен Құраннан тағлым іздемей, менсінбеген сыңаймен Оны: «Мынау Нұхқа келген хабар...», «Мынау Мұсаға түскен...», -деп, бөлгенін айтса, мұндай бөлуді бізге жеткен тәпсірлерден де кездестіреміз және имамдарымыз бен молдаларымыз айтып та жүр. Құрандағы ешбір қиссаны не өнеге, ескертуді, «бұл бұрынғыларға келген Аяттар», деуге болмайды. Оның әрбірінен өзімізге бір өнеге, сабақ, пайда алуымыз керек. Сонда Иmandылығымыз күшейіп, Аллаға жақын боламыз.

«Кеһф» сүресінің 54-аяты: **«Расында осы Құранда адам баласы үшін әр нәрсені ашық-ашық баян еттік. Ал, адам баласы көп нәрседе жанжалшыл»**,-деген.

Мұндағы **«...Құранда... әр нәрсені ашық-ашық баян еттік...»**, дегеннің бұл Аяттағы мағынасы, біріншіден, сабырлылықты, шүкіршілікті айтқаны;

екіншіден, адамзаттың сабыр ете алмай, жанжал шығарып тұрған нәрсесін Алланың Өзі жібергенін (коронавирус), сабыр еткендерге сол нәрсенің артында бір жақсылық барын («Бақара» с. 155-а), Алла сол жақсылыққа лайықтыларды айырып алу үшін, жанжалға себеп жіберіп отырғанын ойламайды;

үшіншіден, жанжалға себепші болып тұрған дүниенің ісі. Егер діннің ісі болса, бұлай Аят түспес еді. Алла Өз Жолы үшін күрескендерді «жанжалшыл»,-деп атамайды.

Міне, осындай, дүние ісінде сабырсыздық, қанағатсыздық ететін жанжалшылдар арамызда бар. Әсіресе, Еуропа елдерінде наразылық шерулері жиі болып тұрады.

Бұл Аят та Құранның тек Мұхаммедке және Оның (с.ғ.с.) сахабаларына ғана емес, жер бетіне келіп-кете беретін күллі адам баласына түскенін дәлелдейді.

109-аятта: **«(Мұхаммед с.ғ.с.): «Егер Раббымның Сөздері (жазылу) үшін теңіз сия болса, тағы сондайды көмекке әкелсек те, әлбетте, Раббымның сөздері таусылудан бұрын, теңіз таусылар еді»-де»,**-деген. Біз ілім-білім, күллі жаратылыс – барлық барлық Алланикі екенін білеміз. Сол сияқты жазу да, ақын-жазушылар мен ғалымдар қолданатын сөздер мен ойлар, пікірлер де Алладан. Бұған ешкім таласа алмайды. Осы жердегі қызық сұрақ – Құран түскен заманда жер бетінде қанша жазушы, олардың қолынан шыққан қанша кітап бар еді? Ал, сол заманнан бүгінге дейін адамдардың қолымен қанша кітап жазылды?... Бұрынғылардан қалған мұраларға бүгінгі кітаптарды және газет-журналдарды қосып есептесек, кітап санының өзі жердің бетін көрпемен қымтағандай етіп жабуға болар! Сонда да Алланың Сөз таусылды ма?

Ағымдағы дәуір есебі бойынша, бізде жеті жүзден зият, ал, алып мемлекеттерде 1000-1500-ден аса жазушы-ақындар бар. Осылардың әрбірінің кітап санын есептеңіз, бұларға кеткен сия, бірнеше көл болар еді. Сонда да жазуға талап көп, сөз таусылмай жатыр.

«Сад» сүресінің 87-88-аяттарында: **«Бұл Құран – күллі әлем үшін бір насихат». «Әлбетте, Оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіңдер»,**-деп, ескерткеніндей, біз бұл – 109-аяттың хабарын – мағынасын бүгінгі ғылым үдерісінде толық түсініп отырмыз. Мұнан соң да біз осы Аятты Мұхаммедке (с.ғ.с.) ғана түскен, деп қысқа қайыра аламыз ба? Онда күнәға қаламыз.

Бұлардан тыс, тегі ғайридің ресейлік, еуропалық, америкалық ғалымдардың Исламды қабылдауы да Құранның мәңгілікке адамзатты Имандылыққа тарту үшін түскендігін дәлелдейді.

«Мәриям» сүресінің 73-74-аяттарына келейік. Бұларда: **«Өздеріне ашық түрде Аяттарымыз оқылған заман кәпірлер (байлықтарын бетке ұстап) Момындарға: «Екі топтың қайсысы жағдайда жақсы, жиналыста көркем?»-деді».**

«Бұлардан бұрынғы нәсілден талайын жоқ еттік. Олар дүниелікте әрі көріністе бұлардан артық еді», - деген. Мұндағы оқылатын Аяттар, бұл дүниедегі байлықтың барлығы, тек осы дүниенің ермегі, алданышы екендігі, Ақыреттің артықшылығы... Бұл мағынадағы Аяттар кәпірлерге ұнамайды да, Момындарды өз жолдарына тарту үшін, әлгіндей сөздер айтады. Бізде де солай, байлар Алланың бергеніне шүкір етіп, орташа жасап жүрген нағыз Момындардыменсінбей, түрлі жиналыстар мен тойларда әр қашан және әр қандай амалдармен өздерін көрсеткісі келеді.

Екіншіден, солар дүние тарихында, осы қазақ тарихында өзінен мыңдаған есе бай, талай «мықтылар» өткенін, олардың байлығынан да, атақ-даңқынан да тырнақтай бірдене қалмағанын біледі, ата-анасының өткеніне куә куә, сонда да тәубеге келмейді.

Осыларды оқып отырып, осы Аяттардың бізге қатысы жоқ, деп айта аламыз ба?!...

«Нұр» сүресінің 19-аятында арсыздықтың жайылуын қалаушыларды айтса, ондайлар біздің де арамызды жүр. Мәселен, өсекшілер мен өтірікшілер, парақорлар мен алаяқтар, сондай-ақ, өзінің отбасы бола тұра зинақорлық жасаушылар, көшеде ашықтан ашық сүйісіп тұратындар, уәдепаздар мен үй салып беремін, деп халықтан ақша жинап қашатындар, банктен және адамдардан алған қарызын, коммуналдық қызмет ақысын төлемейтіндер – жалпы Әділдік пен қоғамдық тәртіптерге қиянат жасаушылар.

58-59-аяттарында: «**Әй, Момындар! Меншіктеріндегі құлқүндерің, әлі ержетпеген балаларың мына үш мезгілде рұхсат сұрап кірсін: таң намазының алдында, түсте киімдерінді шешкен уақытта және құптан намазынан кейін. Сендер үшін осы үшеуі ұялатын мезгіл. Бұлардан кейінгі уақытта сендерге де, оларға да айып емес. Өйткені, сендер бір-бірлеріңе кіріпшығуға керексіңдер...**», «**Ержеткен балаларың бұрынғылар рұхсат сұрағандай рұхсат сұрап кірсін...**», - десе, 61-аятында бір дастархан басында отырып тамақтануға болатынын және сәлем беруді, тілек тілеуді ескерткен.

Осы Аяттар елімізде Ислам діні келгелі тұрақты дәстүрге айналған. Қазақ қашаннан бір үйге келсе, келгенін білдіру үшін: «Хабарлас!» - деп дауыс беретін болған. Ал, Еуропалықтар есік қағып, рұхсат сұрап тұрады. Бұл қазір көп елде үрдіске айналған.

Бұл амалдар да Құранның қашанда амалдағы Кітап екенін білдіреді.

«Қасас» сүресінің 76-81-аяттарына келейік. Бұл нағыз біздің замандастарымыз туралы хабар. Аятта: «Рас, Қарұн, Мұсаның (ғ.с.) елінен еді де, оларға қарсы келді. Сондай-ақ, **оған кілттерін күшті бір топ әрең көтеретін қазыналар берген едік.** Сонда халқы оған: «Елірме! Расында, Алла еліргендерді жақсы көрмейді. Алланың саған берген дәулетімен Ақырет жұртын ізде де, дүниедегі несібеңді де ұмытпа. Алла саған жақсылық еткендей, сен де жақсылық істе, сондай-ақ, жер жүзінде бүліншілік ізденбе! Алла бұзақыларды сүймейді», - деді. Ол: «Шын мәнінде бұл маған мендегі білімге берілді», - деді... Ол халқына сән-салтанат ішінде шықты. Дүние тіршілігін қалағандар: **«Әттең! Бізге де Қарұнға берілген тәрізді берілсе, ...ол зор ырыс иесі!...»**» - деп, тамсанғаны айтылады.

Ал, біздің заманымыздағы байлардың да бірнеше қалада, бірнеше аудандарда, ауылдарда, тіпті, көрші елдерде дүкендері, өндірістік орындары бар. Егер олардың да қоймаларының кілттерін қоссақ **«күшті бір топ әрең көтеретін»** кілт болар еді.

Біз Тәуелсіздігіміздің еркіндігі мен тұңғыш Елбасымыздың экономикалық дұрыс реформасының арқасында, тап сол Қарун бай сияқты байып алғандардың ортасында жүрміз. Бұлар да оның үлгісімен тасып сөйлейді. Жанашырларының: «Әй, Пәленшежан! **«Алланың саған берген дәулетімен Ақырет жұртын ізде де ... Алла саған жақсылық еткендей, сен де жақсылық істе...»**, асылық сөйлеме, тәкаппарлық жасама» - деген кеңестерін тыңдамай – қоластындағы еңбекшілерінің адал маңдай тер табысын бермейді; әлсіздер мен дәулетсіздерді менсінбейді, оларға өктемдік етеді.

Міне, осы Аяттың Шындығын өзімізде көріп отырмыз. Сонда мұны Мұсаның (ғ.с.) замандасына түскен, деп айта алмаймыз. Керісінше, сол Қарұнның жазаға ұшырағанын ойлап, Аллаға жағатын Имандылық Жолымен жүреміз.

«Ғанкабұт» сүресінің 29-аяты: **«... елінің жауабы: «Егер шыншылдардан болсаң, қане бізге Алланың азабын келтірші»**, - дегеннен басқа болмады», - дейді. Бұл барлық Пайғамбарларға қарсыластары айтқан сылтау. Бізде де қазір біреулерге, Алла бойына ерекше хислат берген біреу, бір Тура Жолды айтса: **«Қане, сөзің тура болса, бізге бір муғжиза көрсет»**, - дейді.

«Хұжрат» сүресінің 10-12-аяттарын оқиық: **«Шын мәнінде Момындар туыс қой.** Сондықтан екі туыстарыңның арасын жарастырыңдар. Және Алладан қорқындар, мүмкін игілікке бөленерсіңдер», «Әй, Момындар! **Бір ел бір елді тәлкек қылмасын.** Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ, **әйелдер әйелдерді келемеждемесін.** Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. **Бір-бірінді міндемендер, жаман ат тағыспаңдар.** Иман келтіргеннен кейін жаман ат тағу нендей жаман. Ал, кім тәубе қылмаса, міне, солар залымдар», «Әй, Момындар! **Күмәннің көбінен сақтаныңдар.** Өйткені, күмәннің кейбірі күнә. **Сыр тексермендер, біреуді біреу ғайбаттамасын.** Біреу өлген туысының етін жеуді жақсы көре ме? Әрине, оны жек көресіңдер. Расында Алла тәубені тым қабыл етуші, ерекше Мейірімді», - деген. Осы Аяттарға жеке-жеке тоқталсақ, осындағы мінездер де замандастарымыздың бойында бар.

10-аяттағы Момындардың туыстығына мән берсек, біз Мұсылмандар бір отбасының баласындай бір мақсатты көздеп, тату-тәтті жасауымыз керек. Хадис тілімен айтқанда, өзімізге тілеген жақсылықты туыстарымызға да тілеуіміз керек, туыстарымызды да тап өзіміздей көруіміз керек. Біз оны істейміз бе? Бізде барлық Мұсылманды туысындай көріп, сыйласу бар ма? Жоқ. Бар болса, Мұсылман Мұсылманды кемсітпес еді, алдамас еді, өлтірмес еді, Мұсылман Мұсылманның үйіне, қорасына ұрлыққа түспес еді, жылқысын барымталамас еді...

11-аятта Мұсылмандарға бір-бірін тәлкек қылмау, әйелдер әйелдерді келемеждемеу, бір-бірін міндеп жаман ат тағыспау тапсырылған. Ал, біздің замандастарымыз сауатты бола тұра осы Аяттарға қарсы амалдарда жүреді. Атап айтқанда, бір ру бір руды кемсітеді, тіпті, қожа мен төрелер: **«...Алланың қасында Ардақтыларың – Тақуаларың...»**,- деген 13-аятты ескермей, өздерін өзге рулардан артық ұстағысы келеді. Әйелдер де осы Аятты ескермей бірін-бірі келемеждеп, бір ауылдың берекесін қашырады, тіпті, кейбіреулер бір атадан туған туыстарды бір-бірімен қатыстырмайды. Өте өкінішті жері замандастарымыз біреуге, әсіресе, Құдай несібесін ұлық еткендерге жаманат тағуға өте өш, Президенттен бастап, барлық бастықтардың отырған-тұрған ізінен күмәнданып және сыр тексеріп, олар жәйлі өсек таратуға құмар (12-а).

Осы сүренің 13-аятына әдейі тоқталайық. Өйткені, қазақтың тұтастығының түбіне жеткен бірінші, білімсіздігі болса, екіншісі осы Аятты білмегендік болды. Аятта: «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, **бір-бірлеріңді тануларың үшін сендерді рулар, ұлттар қылдық.** Шынында Алланың қасында ең Ардақтыларың Тақуаларың. Шәксіз Алла – толық Білуші, әр нәрседен хабар Алушы», - деген. Аят: «**Әй, Момындар!...**» - демей: «**Әй, адам баласы!...**» - деп басталған. Демек, бұл Аят күллі саналы адам баласына тиесілі, деген сөз. Мұндағы ерекше көңіл бөлетін ескерту біздің әрбірімізді **рулар мен ұлттар** қылғандығы. Мұнда қазақтың сорын қайнатқан «жүз» деген бәле жоқ. Екіншіден, ұлттар қылған жерден біздің пәмдеуіміз тиіс абзалдық – тіліміздің қазақ тілі екендігі («Рұм» с. 22-а).

Енді өзімізге келсек, біз Құранда айтылмаған жүзге бөлінгенбіз, бұл жетпегендей, өз тілімізден жиреніп, орыс тілінде сөйлейміз. Әуелгі үш Аят замандастарымыздың бойында надандықтың барын тастықтап, Құранның бүкіл адам баласына мәңгілікке түскенін ұқтырса, 13-аят, біздегі кемшілікті ескертумен бірге, Тура Жолға шақырып отыр...

Бұл Аяттардың бізге қатысы жоқ, деп айта аламыз ба?!

Құранның бүгінгі адам баласына арнап түсірілгеніне күмәнданушылар Құранда электронды техникалар мен транспорттардың айтылмағанын тіліне алады. Электронды техникалар: Құрандағы яжуж-мәжуж деп берілген бұзушы – ғаламтор және Сүлеймен Пайғамбарға желдерді бағындырғаны, Билкіс патшайымның орынтағын өзінен бұрын әкелуі, Періштелердің сап түзіп тұруын айтқан Аяттардың мағынасы осы «аити» технологияның хабары*.

Құран сөзі Шындыққа шыққанға дейін өзіміздегі және әлемдегі кереметтерін көрсете беретін Алла («Фуссилат» с. 53-а) – білмегенімізді бір замандардан кейін білетінімізді ескерткен («Сад» с. 87-88-а) және Өзінің қалауынсыз ештеңе болмайтынын да жасырмаған («Инсан», «Текуир» 30; 29-а) Алла, техникалармен де таныстырып отыр. Дәлелге ғарышқа ұшуды ұқтыратын «Рахман» сүресінің 33-аятын айта аламыз. Аятта: «**Әй, жын мен адамзат тобы! Көктер мен жердің шектерінен өтуге**

* «Сафفات» сүресі 1; 164-165-аяттар.

шамаларың келсе, өтіңдер. Өте алмайсындар! Бірақ, бір қуатпен өте аласындар»,-деген. Қазіргі бір күш – уран. Соның күшімен 1957 жылдан бері ғарыш кемесі ұшырылуда.

Енді автотранспорттарға келесек, бұған дәлелге «Иасин» сүресінің 41-42-аяттарын тарта аламыз. 41-аятта кемені айттып келіп, ел тұтынып отырған: ат, түйе, қашыр, есекті айтпай, 42-аятта: «**Әрі олар үшін сол сияқтыдан мінетін көлік жаратуымыз...**»,-деп, бүгінгі автокөліктерді меңзейді. «**...сол сияқтыдан...**»,- деген! Кеме түйе не атқа жегілмей, желдің итеруімен жүрсе, автокөліктер қысымның күшімен жүреді. Кеме сияқты ешбір мақұлыққа жегілмей, кеме сияқты жүреді.

«Мұтаффифин» сүресінің 1-3-аяттары: «Өлшеуде, тартуда кеміткендерге нендей өкініш!» «**Олар қашан өлшеп алса, толық өлшеп алады да**», «**...өлшеп не тартып беретін болса, кемітеді**»,-дейді. Бұны да көріп жүрміз.

Бұл да Шұғайыптың (ғ.с.) не Мұхаммедтің (с.ғ.с.) заманындағы ғана емес, бүкіл адамзат өмірінде болып келген және болып келе жатқан әділетсіздік...

Осы сүреснің 29-32-аяттарында: «**Рас, күнәкарлар Иман келтіргендерге күлетін еді**». «**Олар жандарынан өткенде ымдасатын еді**». «**Олар үйлеріне қайтып барған кезде күңкілдесетін еді**». «**Қашан олар Мұсылмандарды көрсе: «Сөз жоқ, бұлар адасқандар»,-дейтін еді**»,-деген. 1991 жылы құлаған КСРО-ның белсенділері – атеистері Мұсылмандарды көргенде, дәл осы Аятта айтылғандай жақтырмай: күлетін, ымдасатын, күңкілдесетін, адасқандар дейтін. Бұған біз өзіміз куә болғанбыз.

Бірақ, сол атеистердің бірсыпырасы басына іс түскенде, дертке шалдыққанда Аллаға жалынғанын да көргенбіз, бірнешеуі өлім төсегінде жатқанда, өзінің атеистерге еріп, Аллаға қарсы болғанына өкінгенін білеміз.

Қазір де ғайридіндер мен атеистер Мұсылмандарға күлетінін, сыртынан ымдап мазақ ететінін, амалдарын жақтырмай күңкілдесетінін, адасқандар, деп есептейтіні жасырын емес.

Сонда бұл Аяттарды Мұхаммедке (с.ғ.с.) не Одан бұрынғы Пайғамбарлардың қауымына түскен, деуіміз орынды ма?

Әрине, орынсыз. Керісінше, осы Аяттарды дұрыс түсініп, олардың мысқылынан, мазағынан, күңкілінен, адасқандар, деген

өтірік сөзінен жасқанбай, тек Аяттармен, сахих хадистермен жа-сауымыз керек.

Құранның соңғы сүрелерінен «Ғадият» сүресін алсақ, бұл да өзіміз білетін өмір. Сүреде аттылылар арасындағы соғыс ай-тылады. Мұндай соғыс 1941-45 жылдарға дейін болды. Оларды қазір кітаптардан оқып, кинолардан көреміз. Сүредегі еңтігіп шапқан ат, оның тозаңдатып ортаға кіруін, тұяғынан от шашуын біз көкпарыда көріп, соғыс кезіндегі жағдайды еске аламыз да сүренің аттылылар соғысын баяндап тұрғанына көз жеткереміз. Сонда Құран ертегі не бұрынғылардың әңгімесі емес, өз өміріміз екенін түсінеміз.

Үшінші Аятта: **«Таң сәріден шабуыл жасаған»**, -дейді. 1941-45 жылғы соғыста неміс басқыншылары КСРО жеріне таңғы сағат төртте, тосыннан басып келген. Бұл Аят та өзіміз куә болған өмір Шындығы.

8-аятта адам баласының байлықты жақсы көретінін айтса, «Тәкәсүр» сүресінде: **«Сендерді көбейтуде бәсекелесу айналдырды», «тіпті, қабырларыңа барғандарыңа дейін...»** (1-2-а), -дейді. Арамыздағы байлыққа құныққандарды жақсы білеміз. Олар байлық жинауда бір-бірімен бәсекелесіп, күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей, баю жолын ойлайды. Осы ойлау мен сол ойын жүзеге асыру жолында ештеңеден аянбайды. Сөйтіп жүріп, өмірі өтеді не бәлеге ұшырайды, әйтеуір өлгенше не өлім төсегіне құлағанша байлық жинаумен жүреді. Сондықтан «Ғасыр» сүресі: **«Заманаға серт», «адам баласы зиянда»** (1-2-а), -деп басталған. Зиянда болатыны барға қанағат қылмай, байыған үстіне байи түскісі келіп, бірде өтірік айтып, бірде тараздан кемітіп, бірде өлшеуден жырып, бірде алдап күнәлар арттырады. Бұлар да өз ортамызда жүр...

«Мағұн» сүресінде жетімдерді шеттетіп, оларды тамақтан-дыруды сауап санамайтын, дінге сенбесе де адамдарға көр-сету үшін намаз оқитындар айтылған. Бұл Аяттар да өз замандастарымыздың көрінісін баяндаған. «Фалах», «Нас» сүрелерін өзімізді, отбасымызды жамандықтардан сақтау үшін жиі оқимыз. Себебі, өз замандастарымыздың арасында қызғаныштан, көре алмаушылықтан түйіншектерге дем салып кесірін тигізушілер бар. Сыбырлап сөз беріп азғырушылар бар. Бұлардың барына күмәніміз жоқ. Бұлардың барлығы Құранның

өз өмірімізге ауа мен судай аса қажет Тура Жол әрі шипа, әрі қорғаушы екенінің дәлелі.

Пенденің мінезіне сайма-сай бұл деректер Құран мен өмір Шындығынан. Зерттеуімізді пысықтау үшін Абай бабама да құлақ салайық. Бірінші «Абралыға» деген өлеңіне тоқталдайық. Абралы сауаты жоқ, Аяттарды түгел айта алмайды. Абралы сияқты молдалар-имамдар қазірде ортамызда, тек молда-имам атанып, нәпсісін бағу үшін жүр. Ғылым іздеп жатқан бірін көрмейсіз. Әріден қалған, бабаларымыздың басына сор болғанкөне сүрлеумен жортып келеді. Егер ғылым іздесе, өзінің ұстанып отырған жолы мен Құран нұсқаған Жолды салыстырып, Исламды замана сұранысына сай насихаттар еді.

«Бақара» сүресінің 44-аяты мен «Мүминүн» сүресінің 68-аятынан шығандаған ой түйіп, Құранды зерттер еді. Бүгінгілерде ол жоқ. Осы екі Аятқа сауатты амал жасамаған имамның оқыған намазының «Қай жерінде сауап бар?» (Абай).

Екіншіден, олардың әрбірінің хал-ахуалы мен жағдайына қарасаңыз, қанша табыстарға ие болып отырғанына көз жеткересіз. Бірден ойыңызға: «**Алла ешбір адамның кеудесіне екі жүрек жасаған емес...**» («Ахзап» с. 4-а), деген Аяты түседі. Яғни, Аллаға деген махаббат пен байлыққа деген махаббат бір жүрекке симайды. Абай бабамыздың: «Дүниеге ынтық, машһәрға амалсыздың, Иманын бүтін, деуге аузым бармас», -дегені осы.

Байыған, байлық қуған имамдар, дін мамандары «Әли Ғымран» сүресінің 14-аятынан мүлде хабары жоқтар. Хабары болса, байлық жинамас еді, сарайдай үйлер құрмас еді. Ақыреттік пайданы ойлап, халық берген – қолына түскен ақша мен малдан тез құтылуға асығар еді...

Бұлар Құранның не себепті мәңгілікке түскеніне ой бөлмейтіндер; Құранның мәңгілік екенін тілінде айтып, амалда дәлелдей алмайтындар. Қорытып келгенде бұлар, жиырма бірінші ғасырдың Абыралысы болады.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», -деген өлеңіне келейік. Алла қоныс, денсаулық, мал, бала-шаға, туыс, көрші; ойлау, есіту, көру нәсіп еткен қалың ел, қайран жұрт! Бірақ, ойлау төмен, сондықтан салақ – аузына мұрты түсіп жүреді, Ақыретін ойлап Құдайлық іс қылмайды. Көрісіп, тілдескенде тым жақсы, ал, Тура сөзге келгенде, өзі сөзінен басқа сөздің Туралығын мой-

ындамайды. Сөйтіп мақтанып ауызымен орақ орып, өз малдарына өздері иелік ете алмай, күндіз күлкісінде, түнде ұйқысында береке жоқ, бас-басына би болған өңкей қиқым, елдің сиқын бұзады. Осы берекесіздік елімізде әлі жалғасып келеді. Мұның бірден бір дәлелі, орыстанып кеткен қазақтардың кесірінен ұлттық тілімізге ие бола алмай отырғанымыз. Құранды білмейтін сауатсыздар мұның жаласын үкіметке жабады. Ал, Құранның «Зүмәр» сүресінде біреудің күнәсін біреу көтермейді, десе, және бір сүреде әркім өзі үшін жауап береді, деген.

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайғы ойладық ұлғайды арман», - деген екі өлеңі бірін-бірі толықтырады. Бірінші өлеңнің алғашқы екі шумағында қарттықтың жайын айтса, кейінгі шумақтарында өнерсіз бен еріншекті, жамандарды сынаған. Осылар біздің ортамызда да бар. Бір есі жоқтар, барымтаны ұлттық салтқа балап жүр.

Бесінші шумақта жақсыларды айтып, 3-4-қатарында: «Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп, Неге қорлық, құр қылжаңмен күн өткізбек?» - деп, жалқау, өнерсіз, ғылым ізденбейтін, мал таппайтын пасықтарды айтқан. Бұлар да біздің арамызда өмір сүруде.

6-7-шумақта олардың Ақыл тыңдамайтынына ашынса, арада Әділеттілердің бар екенін де айтады. Сондай берекесіз, өсекшілердің арасында, Ақылдылар бізде де бар.

8-шумақтың 4-қатарында: «Наданның сүйенгені көп пен дүрмек», - деген. Бұлар – есіткенін, көргені мен оқығанын Ақылға салып, дұрыс қорытынды жасай алмайтын, ғаламтордан не оқыса, соған елере кететін пікірсіздер.

«Қартайдық, қайғы ойладық...», - деп басталатын екінші өлеңдегі адамдар да арамыздағы өз замандастарымыздың бейнесі. Қазіргі жастардың көпшілік пайызы терін сатпай байлық тапқысы келетіндер...

Және осылармен мағыналас өлеңдері мен қара сөздерінен де «Бақара» сүресінің 6-20-аяттарында суреттелген мұнафиқтардың сиқын көреміз. Бұлар Мұхаммедтің заманында жасаған болса, Абай бабамның дәуірінде де болыпты; осы күнде біздердің де арамызда түрлі қызметтерде жүр....

Бұл да Құранның пенделердің мінезін түзеу үшін түскеніне, ал, пенденің мінезі ұрпақтан-ұрпаққа ауысып жасай беретініне нақты дәлел...

Құран мен өмір Шындығын үйрене келе көзіміз жеткен бір Шындық – замандар өзгергенмен адамзаттың Адамнан (ғ.с.) қалған пендешілігінің* өзгермей, әрбір заман адамдарының бойынан табылып отырғаны («Нұд» с. 148-а). Бұл, әрине, Құранның мәңгілікке – жер бетіне келіп-кете беретін күллі адамзатқа түскенінің дәлелі.

Иә, тағы қайталайық, Құран өткендегілерге ғана емес, бүгінгі біздер үшін және алдағы ұрпақтар үшін түскен. Сондықтан, әрбір Аяттан тағлым алып, Алланың айтқандарын екі етпей орындап, «Фатиха» сүресін және: **«Раббым! Намазым, құлшылығым, тіршілігім және өлімім бір Өзің үшін» («Әнғам» с. 162-а). «Мені кірер жеріме Шындықпен кіргіз, шығар жерімнен Шындықпен шығар, Өз жаныңнан жеңістер нәсіп ет. Рахметіңнен үміт етеміз, қаһарыңа ұшыраудан қорқамыз («Ісра» с. 57; 80-а). «Біз Өзіңе тәнбіз әрі Өзіңе қайтушымыз» («Бақара» с. 156-а). «...«Өзіңе, Періштелеріңе, Кітаптарыңа және Пайғамбарларыңа Иман келтірдік. Елшілердің араларын айырмаймыз, естідік те бой ұсындық. Раббымыз! Сенен жарылқау тілейміз, қайтып барар жеріміз де Сенің алдың».**

«... «Раббымыз! Егер Сені ұмытсақ не амалдардың үстінде жаңылсақ бізді жазаға бұйырма. Раббымыз! Бізге бізден бұрынғыларға жүктегеніндей ауыр жүк жүктеме. Раббымыз! Бізге шамамыз келмейтінді артпа! Бізді кешір, бізді жарылқа, бізге мәрхамет ет. Сен Иемізсің! Бізге кәпір қауымға қарсы жәрдем бер!»-(285-286-а),-деп Аллаға жалынып жасасақ, әр күніміз қайырлы болады, Ақыретімізде де жақсылықтарға жетеміз.

* Алла шайтаннан сақтану туралы арнайы тапсырғанның өзінде, Адам (ғ.с.) оған еріп, тиым салынған ағашқа тиді. Бұл – қанағатсыздығы, шүкір ете алмағаны; асығыстығы, перзент тілеп, оған қол жеткергеннен кейін Алланы ұмытуы, Аллаға серік қосуы.

Екіншіден, Нұх (ғ.с.) кемеге жайғасқасын Аллаға күллі кәпірлерді жояды өтінді («Нұх» с. 25-26-а). Алла Нұхтың кемесіндегілерден басқасының барлығын топан суға жұттырды – жойды. Бірақ, замандар өте келе Нұхтың Нұдке (ғ. с.) жалғасқан ұрпақтары да шайтанға алданды. Сол алдану әлі күнге адамзатпен бірге келе жатыр.

Қорытып айтқанда, Құран – бүгінгі және алдағы замандар мен ғасырлар бойы жасай беретін, бүкіл адамзатқа арнап түсірілген, Бейішке Тура Жол бастайтын жалғыз Кітап. Оны замандарға, қауымдарға бөлуге болмайды. Керісінше, Оны жүрекке жақын ұстап, Тақуалықпен пайдалану – Даналық, Ақылдылық болады. Өйткендер, бұл жалғандағы өмірінде де, Ақыретінде де опық жемейді. Құранда ескерткендей, мұны Ақыл иелері ғана жақсы түсінеді. Ал, Сіз өзіңізді Ақыл иесімін, деп есептесеңіз, тіршілігіңізде де, Пайғамбарымыздың хадис, сүндеттерін пайдалануда да тек Құранмен жүріңіз.

Алла – Ғылым, Алла – Ғалым

«...Ғылымсыз Ақырет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж – ешбір ғибадат орнына бармайды...» (Абай, оныншы сөзінен).

Біз бірнеше Аяттардың соңында келген: «Ғалиим» – «Білуші», «Ғалиимул» – «Білушісің», «Ғалиимун» – «Біледі», «Қадирун» – «Жасай алушы», -деген, деректерден Алланың бәрін Білуші – Ғалым екенін білеміз.

Ал, Алланың 99 есімі тізімінде Алланың бір аты – Ғылым деп көрсетілген. Әл-Фараби бабамыздың, білімділік, деген құпиясы белгісіз нәрсенің сырын ашу, деген мағынадағы тұжырымына сүйеніп отырып айтсақ,

Ғылым құпия дүние де, Ғалым соны ашушы, ашып Білуші дегенге саяды.

Сонда Ғылым да, Ғалым да Алланың Өзі ғана болады. Бұған «Әнфал» сүресінің 17-аяты мен «Тәубе» сүресінің 14-ші және «Шура» сүресінің 51-аятыдәлел. Енді осыларды нақтылауға кірісейік.

«Ғалым» сөзі түсінікті болды. Ал, «Ғылым» сөзін арабша-қазақша сөздікте: ілім, **білім**, ғылым деп үшке бөліп көрсеткен. Алайда, бұл үшеуі әр түрлі айтылғанымен, мағынасы **Білімге** келіп таялады.

Себебі, **Білімсіз** ілім де жоқ, Ғылым да болмайды. «Ілімді» дұға, деп түсінеміз, мұны игеру үшін де **Білім** керек; Ғылымды **оқыған-білгенін** жақсы меңгерудің жетістігі деп танимыз; оған жету үшін де **Білім** керек.

Өмір Шындығынан жақсы **білетініміздей**, жазу мен кітап оқуды да әріп танып **білген** адам жазады, оқиды; Ғылымды да оқып, көріп – танып-түсінгенін қорыта **білген** Ғалым игереді; Ғылымды Ғылым дәрежесіне жеткеріп отырған да Ғалымдардағы **білім**; Алланы **білген** адам іздейді; Аллағажету жолын **білген** адам, Алламен бірге болады; ауруды да **білген** адам емдейді; техниканы да оқып **білген** адам жасап, **білген** адам жөндейді; көшті де баратын жолды **білген** адам бастайды; аттың егерін де, домбыраны да, қақпанды да, қазан-ошақты да, т.б. заттар-

ды да **білген** ұста жасайды; киізді **білген** адам басса, алашаны да **білген** адам токиды; күресте де тәсіл **білген** балуан жығады; соғыста да соғысу әдісін **білген** жауынгерлер жеңеді; малды да әдісін **біліп** баққан адам көбейте алады; егіннен де жердің тілін **білген** диқан мол өнім алады; сарайды да тас пен кірпіш қалай **білген** адам салады...

Бәрі **білімге** – **білгенге** келіп тіреледі (және тірлікке керектің бәрі **білген** адамның қолымен жасалады).

Алла Тағала «Нәміл» сүресінің 6-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) рас, сен бұл Құранды Хикмет Иесі, толық Білуші тарапынан алып отырсың», -дейді...

Сөз басында келтірілген – Құраннан алынған: «Ғалиим» – «Білуші», «Ғалиимул» – «Білушісің», «Ғалиимун» – «Біледі», -деген, сөздерден біз, қазақша **Білім** сөзінің, арапша **Ғалым** екенін түсінеміз. Біз мұны бөліп, **Білім** сөзін **Білуден** шығарып айтамыз, ал, **Ғалым** сөзін **Білімнен** туған үлкен жетістікке теліп түсініп жүрміз. Негізінде **Білім** – **Ғылым** екеуі – бір мағыналы сөз.

Осы айтылған: «Ғалиим» – «Білуші», «Ғалиимул» – «Білушісің», «Ғалиимун» – «Біледі», -деген, атаулар мен өз дәлелімізді қорытсақ, Алла деген сөз – қазақша **Білім**, арапша **Ғылым** болып шығады. Сөйтіп: «**Алла – Ғалым**» деген түсінікке тоқталамыз.

Енді **Білім**, **Ғылым** сөздерін **Ғылым** қалай түсіндіргенін біліп алайық.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Біл» сөзін – бір нәрсе жайында толық хабардар болу, ұғу; түсіну,-деп, «Білім» сөзін – оқу, үйренумен санаға қонатын ақиқат жайлы түсінік», -депті (2-т).

«Қазақстан: Ұлттық энциклопедияда» «Білім» сөзін – адамдардың белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының т.б. жиынтығы. **Білім** адамзат мәдениетінің ең ауқымды ұғымдарының бірі болып табылады. Ол сана, таным, объективті әлем, субъект, ойлау, логика, ақиқат, парасат, ғылым және т.б. күрделі де терең ұғымдармен тығыз байланыста әрі солар арқылы анықталады...», -деп қосымша түсінік берген (2-т. 495-б).

«Ғылым» сөзі – адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымының ең

жоғарғы пішіні, оның практикалық қызметінің бір саласы. ... Ғылымның басты мақсаты – Ғылым заңдарының негізінде ашылып, отырған болмыс құбылысы мен процесін болжау, **түсіндіру және жүйелеп мазмұндап беру...**»-деген (осы энциклопедияда 3-т. 115-б).

«Қазақ совет энциклопедиясында» (ҚСЭ. 2-т. 551-б): «Білім – философияда, бүкіл танымның даму процесінде қалыптасқан адамзат **мәдениетінің, Рухани қазынасының жиынтығы...**», - деп, ізінен түсініктер берсе;

ғаламторда да: «Білім – адамдардың белгілі бір жүйедегі **ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының т.б. жиынтығы**», - деп, мұны да түсінікпен толықтырған.

«Ғылым» сөзін «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Ғылым – табиғат пен қоғамның даму заңдары туралы анықталған **Білім жүйесі**» (3-т. 20-б.), - деген;

ал, ҚСЭ-да: «объективті ақиқатқа жетуге, заңдылықтарды бейнелеуге және алдын ала болжауға арналған, жүйелі түрде құрылған **Білімнің** жоғары формасы» (3-т. 453-б.), - деп, тұжырымдап, ізінен, Ғылымға кең талдау жасаған және Ғылымға, «Ғылым» сөзіне байланысты бірнеше тақырыптарды берген;

ғаламторда: «Ғылым (лат. scientia – **Білім**) – уақыт пен кеңестікте бар, зерттеуге болатын шынайы нақты нәрселердің заңдары мен қағидаларын, тәртібі мен құрылымын жанжақты түсіндіретін, сынақтан өткізу мен бақылауға негізделіп, математикалық есептеуді қолданып, жүйелі түсінік қалыптастыратын таным саласы.

Жалпы тұрғыда ол, жүйелі **Білім** мен ғылыми тәжірибені меңзесе, арнайы мағынада ғылыми әдістер арқылы жинақталған логикалық **Білім** жүйесін көрсетеді. Яғни, Ғылым Ғылыми Білімдерді ғана емес, сол **Білімдерге** қол жеткізудің барлық жолдары мен әдістерін түгел қамтитын біртұтас кешенді жүйе», - деп, бұдан әрі Ғылымның шығу тарихын, салаларын айтқан.

Айналып келгенде, бұл зерттеуіміздің қорытындысынан да «**Ғылым**» деген сөздің, «**Білім**» деген сөз екенін көреміз.

Ал, тақырыбымызға ойысып, күллі жаратылысты көз алдымызға келтіріп,

Алла сөзіне тоқталсақ, Ол – біз көретін-көрмейтін, біз білетін-білмейтін – бірақ, бар; түгел барлықты **Білімімен**

жаратқан, **Біліп** жаратқан; **Білгені** бойынша жарата беретін; **Білгендігінен** басқарып және теңестіріп ұстап тұрған; аса **Білімділігінен** – Ұлы; жаратқандарының сырын, қабілет-қауқарын **Білгендігінен** – жаратқандарына аса Мейірімді, ерекше Рахымды; теңдессіз **Білімділігінен** – Дана; пенденің әлсіздігін **Білгендігінен** – Жарылқаушы; бүкіл жаратылыс табиғатын **Білгендігінен** – Хәкім; барлық жаратқандарының өткенін, алдағысын **Білгендігінен** – Хикметтер мен Кеңшіліктің Иесі; сансыз әлемдерді Өзі **Біліп** жаратқандығынан – Үстем; жаратқандарын басқара **Білгендігінен** – Құдыретті; әр нәрсенің тәсілін **Білгендігінен** бәріне Күші Жетуші; көре **Білгендігінен** ашық-жабықтағыны Көруші; есіте **Білгендігінен** әр қандай сыбыс-дыбысты Есітуші; жүректерді Өзі **Біліп** жаратқандықтан бәрің **Білуші** теңдесі жоқ жалғыз Алла.

Мұны қазақтың «Білім» сөзінің, арабшасы «Ғылым» сөзі екенімен топшыласақ, Алла – **Білім**, Алла – **Ғылым** болып шығады.

Абай бабамның: «Біз Алла Тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демеклік те – ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» демеклік те Алла Тағалаға лайықты келмейді...» («Отыз сегізінші сөз»),-дегенінің тоқ етер мағынасы осы.

Алла да «бір» деген сөзге сыймайды, «Білім-Ғылымға» да «бір» деген сөз тарлық етеді.

Енді әл-Ғылым-Алладан мәдат сұрай отырып, Алланың **Білім-Ғылым** екеніне Құраннан дәлелдер айтайық.

Бұл жағдайда біз биссимилладан «Бақара» сүресінің 30-аятынан сөз бастаймыз. Біз адамзат, жаратылғандардың ішінде ең әдемі жаратылғанбыз. Егер Алла Ғылым болмаса, біздің сыртқы, ішкі құрылыстарымыздың, ішкі құрылыстарымыздың жұмыс істеуін, сезімдерімізді мұншалықты күшті етіп жарата алмас еді.

«Ықылас» сүресіне тоқталамыз. Онда: «...Алла біреу-ақ». «Алла мұңсыз». «Ол тумады да туылмады». «**Әрі Оған ешкім тең емес**»,-десе, «Фатиха» сүресінің бастапқы аяттарында Алланың Аса Мейірімді, ерекше Рахымды екенін, **сондықтан барлық мақтау сөздер тек Оған ғана лайық** екенін, Оның Қиямет күнінің Иесі екенін айтса, «Аятул күрсі» атанған, «Бақара» сүресінің 255-аятында: «**Алла Тағала! Одан басқа Тәңір жоқ.**

Ол – Тірі, толық меңгеріп Тұрушы. Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктердегі және жердегі нәрселер Оған тән. Оның құзырында Өзінің рұқсатынсыз ешкім шапағат ете алмайды; Ол, Өзінің рұқсатымен шапағат етушілердің және жалпы жаратқандарының алдарындағысын да, арттарындағысын да біледі; олар Оның қалауынсыз ештеңе білмейді; **Оның күрсісі – білімі көктер мен жерді сыйдырады. Оған ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Және Ол – өте Биік, аса Зор»**,-деген. Осылар тектес Алланы сипаттаған бірнеше Аяттар бар. Барлығын қорытқанда, әл-Ғылым-Алла «бір» дегенге, сыймайтынын көреміз.

Иә, Алланың Ғылым екеніне Құранда да, ғылымда да, өмірде де айғақ көп. Бұларды біліп жүрміз, бірақ, «Жүсіп» сүресінің 105-аятында айтқандай, көңіл бөлінбейді. Ой бөліне қойса, шайтан түртіп, өзімізше білгішсініп: «Бұл – барлық, заңдылық»,- дейміз де қоямыз.

Құранды оқып, Одан Алла жүрегімізге ой салған біз, жаратылысқа көңіл бөлдік, содан әліміздің келгенінше, түйгенімізді айтайық.

Алланың Ғылым екендігін екіге бөліп айтамыз. **Біріншісі**, адамзаттың қатысуынсыз, Алланың Өзіндік Құдыретімен болдыруы; **екіншісі** адамзаттың қолымен жаратуы.

Біріншісін қысқаша айтайық. Адамды (ғ.с.) топырақтан, Оның қабырғасынан жұбын жаратуы – өз алдына бір Ғылым. Оған Сөз үйретуі; Періштелерді сәжде еттіруі арқылы, олардан шайтанды айырып алуы; мұнартып тұтасқан көк пен жердің арасын ашуы; көктің тіреусіз тұрғаны;көкті жеті қабат етуі; көкті жұлдыздармен безеуі; күн мен айды есеп үшін өз өрісінде жүздіруі; жерге паралель элем жаратуы; жаратылыстардың арасында тепе теңдікті ұстап тұруы; бір арнаға бірі-біріне араласпайтын екі түрлі суды топтауы; адамзат үшін жердің үсті мен астына неше түрлі байлықтар, қажеттерді жаратып жайғаструы; адамзаттың ризығын төрт күнде жаратуы; адамзаттың тағдырын мөлшерлеп жазуы; адамзатқа төрт Кітап түсіруі; інісі Әбілді өлтірген Қабылға жерлеуді білдіруі; Нұхқа (ғ.с.) кеме жасатуы; кемеңі суда жүздіруі; Ибраһимнің (ғ.с.) Алланы табуы; Оған Құрбандық түсіруі; Қағбаны құрғызып, адамдарды шақыртуы; зәм-зәм суын беруі және құстарды тірілтуі; Сүлейменге (ғ.с.)

желдерді, жындарды бағындыруы; жануарлар мен жәндіктердің тілін білдіруі; Билқис патшайымның орын тағын дұғамен әкелдіруі; өлген Сүлейменнің сүйеніп тұрған таяғын құртқа жегізуі, Оның өлгенін, Ол құлағанша жындарға сездірмей, ұстап тұруы; ұзақ жылдар ауырған Аюпты (ғ.с.) жазуы; Жүністі (ғ.с.) балыққа жұттырып, аман-аман қырға шығаруы; шара-на Мұсаның (ғ.с.) құтқарылуы, оған сиқырлар үйретуі, сиыр етімен қағып өлгенді тірілтуі, Тәуратты түсіруі, Өзін көрсетуі, перғауыннан құтқаруы; Жүсіпке (ғ.с.) ата-анасымен, бауырларымен табысу жолдар білдіруі; түс жоруды үйретуі; Дәуітке темір игеруді, сауыт тоқуды «көрсетуі»; «Кеһф» үңгіріндегілерді 309 жыл сақтауы; Һұдтың (ғ.с.) қауымына апатты боран жіберуі; Лұттың (ғ.с.) қауымына күйдіріліп, таңбаланған қиыршық тас жаудыруы; Філ иелеріне құстарға балшықтан жасалған тас аттыруы; Исаның жатырға түсуі, туылуы мен бесікте сөйлеуі, өлгенді тірілту мен түрлі емсіз ауруларды жазуы және мүгедектерді емдеу мұғжизаларын беруі; Оны көкке – Өзіне көтеріп алуы мен орнына күнәкар біреуді ұқсатуы; сауатсыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) Аяттарды түсіруі; жаңбыр жаудыруы; өзендер мен мұхиттарды, теңіздерді топтауы; оларда түрлі су жануарлары мен інжу-маржандар жаратуы; адамды, тірі жандының бәрін бір тамшы судан жаратуы; бұлттарды топтауы мен найзағайды «ойнатуы»; жаңбыр алдынан жел тұрғызуы; қураған жерге жаңбыр жіберіп, өсімдіктер өсіруі; орман мен неше түрлі гүлдер шығаруы; жердің қазығы қылып тауларды түсіруі; жанартау жаратуы; араға бал жинатуы; тамаша құстар жаратып, олардың бір тобын ұшатын етуі және ұшқанын көкте ұстап тұруы; неше түрлі жәндіктер мен жануарларды жұп-жұбымен жаратып, өздерінен көбейтуі, оларға тіршілік беруі; қан-жынның арасынан сүт шығаруы, тағы-тағы толып жатқан дәлелдер бар.

Бұлар көктер мен жердегінің және екі арасындағылардың барлығының Иесі – Алланың («Бақара» с. 116-а)*, осыларды бар қылуды қалағанда («Инсан» с. 30-а), «Бол!»-деп («Бақара» с. 117-а), бұйрық беріп болдырғандары.

Екіншісі. Бұнда Алланың адамзаттың қолымен болдырғанын – жаратқанын баяндаймыз.

* «Әли Ғыман» с. 83; 109; 129; 180; 189-а, «Ниса» с. 171; «Мәида» с. 120-а, «Ағраф» с. 158-а, «Мәриям» с. 93-а, «Әнбия» с. 19-20-а, «Фурқан» с. 2-а, «Жасия» с. 27-а, «Фатх» с. 4-а, «Талак» с. 12-а.

Құранда Алланың 99 есімін тізіп көрсетпеген. Бірақ, «Хашыр» сүресінің 22-24-аяттарында бірнеше сипатын айтқан. Ал, «Бақара» сүресінің 19-20 (Қамтушы, Жасай алушы); 29; 32; 37; 54; 95-96; 115; 127-129; 137; 143; 148-149; 150 (Қорқуға лайық); 163; 173; 181-182; 186 Сенімді; 195 (игілік істеушілерді жақсы Көрүші); 196 (қатты азап Иесі); 207; 209-216; 220; 267-274-ші және бірнеше Аяттарында Алланың құдірет сипаты келтірілген. Бұлар әр сүреде қайталанады.

Осылардың бірде бірінде Алланың бір сипаты не аты – Халық, деп жазылмаған. 99 есімі реттелген тізімде, 12-есімін «Әл-Халиқу», -деп көрсетіп, ізінен: «... – Жаратушы. Мақұлықтарын Өз еркімен жаратады. Ол әр нәрсені көркем түрде жаратады», -деп түсінік берген.

Осы жерде алдымен «Әл-Халиқу», «Ол – Халық» сөзін жіктейік. Мұны ойлағанда, «Әнфал» сүресінің 17-ші, «Тәубе» сүресінің 14-аяттары және «Ғафыр» сүресінің 15-аяты мен «Шура» сүресінің 51-аяты еріксіз еске енеді.

Аяттарға жеке-жеке тоқталайық.

17-аятта («Әнфал» с.): **«Сонда оларды сендер өлтірмедіндер, бірақ, оларды Алла өлтірді. (Әй, Мұхаммед с.ғ.с.) атқан кезде сен атпадың, бірақ, Алла атты...»**, -десе, 14-аятта («Тәубе» с.): **«Олармен соғысыңдар. Алла оларға сендердің қолдарыңмен азап берсін де оларды қорласын...»**, -дейді. Екі Аят та адамзат не істесе, барлығын Алланың Өзі істеп тұрғанын аңлатады. Халықта: «Алла: «Жақсы, жаманның бәрін Өзім істеймін, Құлдарым бір-бірінен көреді», -дейді екен», -деген тәмсіл бар. Бұл да осы екі Аяттан туған тәмсіл.

Міне, осы біз не істесек, біздің қолымызбен Алла істейді, деген жерден Алланың бір есімі – Халық болу себебін түсінеміз. Бұл – бір дәлел.

Енді мұны әрі қарай зерттесек, екінші дәлелді көреміз. Бұл үшін тағы да жаңағы 30-аятқа («Бақара» с.) – Орынбасар сөзіне келеміз. Қаланың әкімі адам, зауыттың директоры адам. Бұлардың орынбасарлары да адам. Сонда Алланың орынбасары да өзіміз – жер бетіндегі адамзат болмаймыз ба?

Үшінші дәлелге келсек, біз Ғылымды адамдар шығарып жатқанын көріп отырмыз; олар қалалар құрып, зауыт-фабрикаларды өмірге әкелді; неше түрлі техникаларды жасауда, тамаша

сәулеттер де адамдардың қолынан шығады; адамдар ғарышқа көтерілуге жетіп, оны зерттей бастады...

Үлкен-кіші – бәріміз осыларға куәміз.

Бірақ, осы тұста бір нәзіктік бар, соны пайдаланған шайтан: «Құранда ұшақтар, пойыз, зауыт-фабрикалар, мына неше қилы техникалар айтылмаған; бұларды – жұмысшылар, инженерлер мен ғалымдар істеп жатыр; қалайша Алла жаратты, деп айтамыз?!»-деген ойды сыбырлайды. Егер, құдайсыздар сияқты оған еріп: «Иә, Алла емес, адамдар жасап жатыр!»-десек, онда адамдарды Алладан жоғары қойған болып, Алланың барына, бәріне Күші Жетуші екеніне, Құранға шәк келтіреміз – үлкен күнәға батамыз.

Бұдан бізді арашалайтын, алдыңғы айтқан «Аятул күрсі» және көктердегі мен жердегінің барлығы Аллаға тән екендігін хабарлаған Аяттар мен кейінгі: «Әнфал» сүресінің 17-ші, «Тәубе» сүресінің 14-аяттары. Бұлардың хабарымен жалғыз Аллаға, Құранға, Періштерге Иман келтірген біз, Алла адамдардың қолымен Өзінің қалағанын істеп жатқанына күмәнсіз сенеміз.

Біз биіктігі 8000 метрлік алып тауларға қарап тұрып Алланың құдырет күшіне таң қаламыз: «Осындағы тастарды, құмды қайдан алды екен?»– дейміз. Осы ой үстінде шайтан жағаласып, Алламен Құранға сенімге кесір әкеледі. Ол кезде Алла әр вагонға 90 тонна құм не тас жүктелген, 50 вагон сүйреген пойызды есімізге салады...

Осынша ауыр құрамды бір адам, бір түймешемен басқарып отыр. Демек, алып таулар да, Алланың бір ауыз: «Бол!» – деген сөзімен бола қалған. Өстіп шайтан күмән сыбырлағанда, Алла Шындық пен көркем түсінікті әкеледі.

Бұл Шындық пен көркем түсінік, «Фурқан» сүресінің 33-аяты мен «Шура» сүресінің 51-аятын ұсынады. Оларда: **«Олар (шайтандар) саған бір мысал келтірсе, әрине, саған Шындықты және көркем түсінікті әкелеміз»** (33-а),-деп, ізінен «Шура» сүресінің 51-аятын оқиды. Онда: **«Алла Тағала бір адам баласымен көкейіне салу түрінде ... сөйлеседі...»**,-деген*. Бұл көкейге салып сөйлесу – бұрын болмаған жаңа бір дүниені ойға салу немесе Өзі жаратқан бір нәрсенің үлгісін көрсетіп оны дамытуға не оның ұқсасын жаратуға бастау немесе жаратылғандарды түсінуге себеп.

* «...сөйлеседі...» деген сөзі «білдіреді», деген мағынада.

Мысалы, адамдар құсқа қарап ұшуды армандаса – ұшар кілем жөнінде ертегі тоқып айтса, бу мәшіндерінен кейін ұшақты ойлап тапты. Негізі – Алла жаратқан құс болса, содан пікір түйіп армандаған – іздене-іздене жүзеге асырған адамдар.

Міне, осы дәлелдерден біз, Алланың бір есімі Халық екенін білеміз.

Мәселен, «Мәида» сүресінің 48-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) саған шынайы түрде Құранды, Өзінен бұрынғы Кітаптарды (Тәурат, Забур, Інжілдерді) растаушы және оларды қорғаушы түрінде түсірдік. Олардың араларына Алланың өзіне түсіргенімен үкім қыл. Өзіне келген Шындықтан айырылып, олардың ойларына еліктеме! Сендердің әрбіреуің үшін бір жол-жоба қойдық. Егер Алла қаласа еді, барлығыңды бір-ақ үмбет қылар еді. Алайда, сендерге берген Жол-жобаларыңда сынамақшы. Ендеше жақсылыққа жарысыңдар. Біртұтас барар жерлерің – Алла жақ. Ол сендердің таласқан нәрселеріңді білдіреді»**,-деп, Алла әр үмбетке бөлек-бөлек ереже бекіткенін ескерткен. Алладан келген бір ғана Туралық («Бақара», «Хаж» с. 38-а) арқылы тұтас Жолды білетіндердің арасында бұл бөлек-бөлек ережелер қалай пайда болды? Әрине, Алланың Өзі қалаған Жолдар арқылы жүректерге салуымен.

Тақырыбымыздан сәл алыстасақ та, осы бір аса маңызды жәйтті таратыңқырап айтайық.

Алланың үкімінсіз, Алланың қалауынсыз ештеңе болмайтыны («Инсан» с. 30; «Текуир» с. 29-а) және шайтанды да Алла жаратқаны («Ағраф» с. 12-а); сондай-ақ, Алла Шын Иманды мен екіжүздіні және имансызды ажырату үшін шайтанға мұрсат бергені («Ағраф» с. 14-17-а), ерікті еткені («Зұхрұф» с. 36-а), күллі Момынға, кейбір зерек Мұсылманға белгілі жәйт.

Ал, «Бақара» сүресінің 257-аятында: **«Алла – Иман келтіргендердің досы. Ол оларды қараңғылықтан жарыққа шығарады. Ал, қарсы болғандардың достары шайтан, ол оларды жарықтан қараңғылықтарға шығарады (тартады, апарады)...»**,-десе, «Нахыл» сүресінің 99-100-аяттарында: **«Шын мәнінде Иман келтіріп, Раббына тәуекел еткендерге шайтанның бір үстемдігі болмайды». «Шын мәнінде оның үстемдігі, оны дос тұтып, Аллаға серік қатушыларға ғана жүреді»**,-деген.

Оны дос тұтқандар кімдер? Алланы ескермейтіндер, Оның: намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, хажылыққа бару, таза жүру, дұрыс сөйлеу, ғылым іздену, қайырымдар жасау, кешірімді әрі сабырлы, әрі қанағатшыл, шүкіршіл болу сияқты, Құранда ескерткен достығына («Бақара» с. 186-а) құлақ аспайтындар – Алланың айтқанын қылмайтындар.

Айтқанын қылмаған пендені кім жақсы көреді? Ешкім. Тіпті, Мейірімді Алла да. Сондықтан Алла «Зұхрұф» сүресінің 36-37-аяттарында: **«Әлде кім Рахманды еске алудан көз жұмса, оған шайтанды ерікті қыламыз да, ол оның жолдасы болады».** **«Күдіксіз шайтандар оларды Жолдан тосады. Олар: «Тура жолға түсірілдік», -деп ойлайды»,** -дейді. Міне, осы Рахман-Алланы еске алмайтындарға Алла шайтан арқылы ой салады. Ол Рухани әлсіз пендені бауырына тартып, оған Аяттарға қарсы амалдарды сыбырлайды. Олар оның айтқанын істейді де, өздерін тура жолға түсірілдік, деп түсініп, білгендерінше масайрайды. Бұлар – Құрандағы лағнеттелгендер, адасқандар, екіжүзділер, құдайсыздар, мәзһаб ашушылар мен түрлі ағымдағылар; бұлар – сол шайтан аздырғандар!

Ал, енді ізімізден қайтып, Алланың көкейге салатынын ескерткен, 51-аятқа («Шура» с.) келсек, Алланың Тақуаларды жақсы көретінін («Тәубе» с. 4; 36-а), Тақуалармен бірге екенін еске аламыз («Нахыл» с. 128-а). «Неге оларды жақсы көреді, неге олармен бірге?» -деген, сұрақты қуаласак, тағы да тақырыбымыздың кіріспесінде айтқан – Алла Ғылым дегенге келіп тірелеміз.

Ол Ғылым болғандықтан, Өзі белгілеген төрт («Мәйда» с. 48-а) жолдың бірінде келе жатқан ғылымшылдарды, яғни, Өзін – Ғылым-Алланы іздегендерді жақсы көреді. Атақты ғалым Исаак Ньютон – солардың бірі.

Сондықтан ол ғалым Майкл Харттың «Тарихтағы жүз тұлға» атты кітабында, адамзат тарихында Мұхаммедтен (с.ғ.с.) кейінгі екінші тұлға*.

* «Әли Ғыман» с-інің 85-аятында: «Кім Исламнан басқа дін іздесе, әсте одан қабыл етілмейді де Ақыретте зиянға ұшыраушылардан болады», -деген. Олардың Ақыретінде зиянға ұшырайтыны – Жәннатқа жете алмайтыны. Бірақ, олар «Әнғам» с. 132-аятында, «Нәжім» с-нің 39-40-аяттарында айтқандай, дәрежелерге, табысқа ие болады.

Сол сияқты **Оқып**, Ғылым іздеген Д. И. Менделеевке түсінде химиялық элементтер мен олардың реттік тізімін үйретіп және алдағы жылдарда табылатын элементтерді білдірсе, Ғылым арқылы электр құдыретін меңгерген Никола Теслоға келешекте «Wi-Fi»-дың өндіріске келетінін, Альберт Эйнштейнге келешекте таныстырылатын гравитациялық толқынды білдіріп айтқызды...

Бірнеше өндіріс құралдарының жобасын сызып, жазып кеткен Леонардо да Винчиге де, небір қиял ғажайып шығармалар жазған Жюль Вернге де барлығын Өзі үйреткен.

Себебі олар, Алла белгілеген төрт Жолдың («Мәида» с. 48-а) бірінде, өз ұстанымдарын – сенімдерін (діндерін) дәлелдеу үшін басқалармен жарасып келе жатқан, ғылымшыл жандар еді*.

Осы сияқты күй құдыреті жолында ізденген, күйші Секен Тұрысбековтің назарын, көлшік суға тамған жаңбыр тамшысына, желдің толқуы мен өсімдіктердің тербелуіне аудартып, содан «Көңіл толқыны» күйін үйретті.

Төлеген Момбеков отбасындағы жағдайынан күйініп отырғанында, құлағына келген ызыңнан «Бұл қалай?», «Сағыныш», «Салтанат» күйлерін шығартты**.

Ғалым Әділ Ахметов ағамыздың америкалық үнділердің тегін, маялар күнтізбесін зерттеуінің бастауы – 1990 жылы АҚШ-тың Аризона штатындағы Тусон қаласына, Алматы қаласының өкілі болып барып, ... Дисауэр деген 68-жастағы шәкіртінің себебінен басталған...

Қорытып айтқанда, Ғылыми жаңалық атаулының барлығы Ғылым-Алланың қалаған Құлының көкейіне салған бір себептерден. Әрине, мұны Алла, жұмбақ бір нәрселердің сырын білуге («Нұр» с. 35-а), яғни, Өзін тануға ынтасы бар («Әнфал» с. 23-а) Құлдарына ғана білдіреді.

Осындай себептерге орай, Исаак Ньютон: «Біз ғылымда не жаңалық ашсақ, жаңалық ашпаймыз, Алланың ілімін ғана қайталаймыз», - деген. Себебі, барлығы жаратылып қойылған, тек адамзат іздеп тауып, өз игілігіне жаратуы керек.

Сондықтан ең бірінші түскен «Ғалақ» сүресі «...**Оқы!**...»-деп басталды. Абай бабамыз да Ғылымнан басқа нәрсемен біреуден оздым, деу – ақымақшылық, деп, малыңды сат, барыңды

* Исаак Ньютон Алланың серігі жоғын айтқан.

** Біләл Ысқақов пен Секен Тұрысбековтың естеліктерінен.

сат балаңды оқыт, деді. Мұнысы балаң, «Қайрат», «Ақыл», «Жүрекке» дана төрелік айтқан*, Ғылым-Алланы танысын дегені; Оның Тура Жолында жүрсін, дегені...

Міне, осы көріп отырғанымыздай, біз Ғылым-Алланы оқумен, ізденумен, ойлау және үлгі алу жолымен жақсы танып отырмыз. Түс те, ой да көзге көрінбейді, қолмен ұстай алмаймыз. Азот, химиялық элементтер, неше түрлі газдар бар ауа да солай. Сутегі мен химиялық элементтер бар ауадан тамақ жасайтын «Color Food» компаниясын білеміз. Ибраһимге (ғ.с.) Құрбандыққа шалмақ болған баласы Смағұлдың (ғ.с.) орнына қошқар түскенін де, көкте осы элементтердің барлығына сенгендіктен күмәнсіз қабылдаймыз. Бұған көктер мен жердегінің барлығы Аллаға тән екенін («Бақара» с. 116-117-а) қосып, көк әлемі тұнып тұрған Ғылым, деген ұғымға келеміз.

Мұны Алла Тағала «Хыжыр» сүресінің 19-21-аяттарында: «Тағы жерді жайдық та оған асқар таулар түсірдік. Сондай-ақ, ол жердегі әр нәрсені мәлім мөлшерде өсірдік». «Және жерде сендер үшін де, сендер ризық бере алмайтындар үшін де күн көріс жасадық». «**Өйткені, Біздің қасымызда әрнәрсенің қорлары бар. Бірақ, белгілі мөлшерде ғана түсіреміз**», -деп ескерткен.

Осы Аяттағы: «**...Біздің қасымызда әр нәрсенің қорлары бар. Бірақ, белгілі мөлшерде ғана түсіреміз**», -деген ескертуден, жаңбырды да белгілі мөлшермен жаудыратынын ойлап («Зұхрұф» с. 11-а), Ғылымды да көкте, бұлттарды құрайтын бу сияқты жайылып тұр, деп түсінеміз. Сөйтеміз де «Шура» сүресінің көкейге салатын (51-а) хабарын ескеріп, көктердегі Ғылым, Өзін іздеген ғылымшыл Құлдың жүрегіне, уақытымен келіп қонады. Содан ғылыми тіршілік басталады, дамиды деп сенеміз.

Біз «Тақуалыққа бастар жол...» атты әдістемемізде, «Алла көкте қай жерде?» деген тақырыпшамызда жазған, өте жоғары жылдамдықты **радиожарқылдар қайнар көзін және Ақсұлудың түсіндегі гүлдерден дыбыс шығарып атылып жатқан отты** еске алсақ, бұл радиожарқыл мен дыбыс шығаратын от, көкті жайлап тұрған Ғылым дегенге тоқталамыз.

Мұны жоғарыдағы ғалымдар мен күйшілерге келген ғаламаттардан және ақын Әбділлә Тәжібаевтің: «Мұқағали өлең

*Абай бабамның 25; 17-сөздері.

жазбайды, оған құйылып келіп тұрады», - дегені мен жазбақ болғанын қиналмай, рахаттанып отырып қағазға түсіретін жазушы Айгүл Кемелбаеваның: «...маған жаңбырдай құйылып келіп тұрады», - дегенінен де нақты көреміз*.

Алланың 99 есімі деген тізімде, Алланың «аспан», деген есімі жоқ. Бірақ, Алла «Тарық» сүресінің 11-аятында: **«Қайтары Иесі – Аспанмен серт»**, - деп, аспанды Өзі етіп көрсетіп отыр. Мұның астарында да біз айтқандай, Алланың Ғылым екені көрініп тұр. Ол қандай Ғылым? Ол әлбетте, бал арасының аналығының батпақтан бал жинап келген араның басын алатыны сияқты немесе физиканың тепе-теңдік заңы тәрізді Ғылым.

Ол күнәкар марқұмның Рухының көктің есіктерінен өте алмайтыны («Ағраф» с. 40-а), күнәдан тазару үшін пенде боп, қайта жер басатыны («Иасин» с. 68-а); қарғалған болса, маймыл, доңыз болып келетіні («Мәида» с. 60-61-а). Міне, бұл жағдайларды Аяттармен, Ғылыммен («Бақара» с. 44-а), өмір Шындығымен («Фуссилат» с. 53-а) дәлелдемек болған ғалымға бұл – үлкен Ғылым.

Қысқаша айтқанда, Ғылым жаңбырдай жауып тұрады. Сондықтан Ол – бәрін Көруші, бәрін Естуші, бәрін Білуші. Бізге мектеп қабырғасынан жақсы таныс: «Білім – теңіз, мектеп – кеме», - деген мақалды да Алла, Ғылымшыл Құлының жүрегіне Өзі салған. Бұны ойдан тоқуға тырыссақ, білімнің мектептің ішінде оқылатынына қарап, керісінше, айтқан болар едік...

Ал, бұл Білімді – Ғылымды теңіз қылып отыр. Демек, көк әлемі, жер беті тұнып тұрған Ғылым екені, Ғылымның жаңбыр тәрізді жауып тұратыны; Оның – бәрін Білуші, бәрін Көруші, бәрін Естуші екені.

Тумаған, туылмаған, серігі жоғы да осы дәлелден анық көрініп тұр. (Енді бұтқа табынушылардың қарғалатыны, адасатыны анық болды.).

Алла «Ісра» сүресінің 110-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) оларға: «Мейлі, Алла, деп немесе Рахман, деп, атандар. Қайсысымен атасандар да ең көркем аттар Оған тән»-де...»**, - десе, «Фатыр» сүресінің 10-аятында: **«Кім құрмет көксесе, негізінде бүкіл қадір-құрмет Аллаға тән. Көркем сөз Алла жаққа шығады. Сондай-ақ, жақсы амал Оны көтереді...»**, - дейді.

* Бұл мәселені «Құрандағы Қиямет пен қиялдағы Қиямет» атты кітабымыздағы Рух тақырыбында кеңірек талдадық.

Осы екі Аяттан да Алланың Ғылым екенін оқимыз. Бірінші Аяттағы: **«...ең көркем есімдер Оған тән...»**,-дегені мен екінші Аяттағы: **«...Көркем сөз Алла жаққа шығады...»**,-дегені, тәпсірлерде айтылып жүргендей Иман ғана емес, көркем есімдер мен Ғылым – Ғылыми жетістіктер. Ал, жақсы амалдың Оны көтеретіні – оқу, пікірлеу және оқығаны мен пікірлегенінен түйіп: зауыт-фабрика, мәшін, ұшақ, пойыз т.б. жоқ нәрселерді дүниеге әкелу.

Алланың Ғылым екенін «Ғалақ» сүресінен де жақсы түсінеміз. Мұхаммед (с.ғ.с.) Хира үңгірінде ғибадатта отырғанда: **«Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы!»** ... **«Оқы! Ол Раббың – аса Ардақты...»**,-деп, осы ең алғашқы Аяттар түскен. Маңызды жері – Аяттар: **«Оқы!»**-деп келген. **«Тыңда!»** **«Қайтала!»** **«Ұмытпа!»** **«Ескерт!»**,-деп емес.

Біз мұны: **«Оқы! Ол – сенің Раббың; Оқы, Ол – сенің Оқығаның – білгенің; Оқы, Оқып отырғаның – сенің Раббың»**,-деп таратып оқып түсінеміз.

Міне осы **«Оқы!»**-деген бұйрықтың мағынасы: «Алла және Ол түсірген Құран – Ғылым. Оқы! Мұны бір оқығаннан түсіне қоймайсың, бірнеше қайталып Оқы. Көп Оқы. Бұл – Ғылым, оқыған сайын сырын таба бересің. Оқы!»-деген сөз. Егер Алла Ғылым болмай, Құран тек насихат, кеңестермен түскенде, Құран Ғылым болып түспес еді, бұл сүре **«Оқы!»**-деген бұйырумен емес, **«Қайтала!»** **«Ұмытпа»** **«Насихатта!»**-деген ескертумен түсер еді.

«Бақара» сүресінің 44-аяты мен «Мүминұн» сүресінің 68-аяты біздің бұл пікірімізді тастықтайды. Аяттарда: **«Елді игілікке бұйырып, өздеріңді ұмытасындар ма? Кітапты оқисындар, ойламайсындар ма?...»** **«Олар сөзді (Құранды) зерттемей ме? Немесе оларға бұрынғы аталарына келмеген нәрсе келді ме?»**-деген. Ойлы адам, ойланған адам Ғылым табатыны Шындық. Ойланғандардың оқымыстылары ойлағаннан тапқанын, БАҚ арқылы жариялап, өзін танытады. Ал, оқымыстылыққа жетпегендерінің тапқаны үнсіз ғана ел игілігіне жарап жатады.

Мәселен, 1977 жылдары 139 – темір жол разъездінде тұратын Әділзiм сәбиiн үш аяқты белесебетке отырғызып, өзi еңкейiп рөлiн ұстап жүргiзiп, жұбататын. Жолсыз құмда бұлай жүргiзу

әрі сәбиді егерде ұстап отыру оған қиындық қылады. Бірақ, бұл қиындықтарды түсінбейтін сәби, әкесінің осылай алып жүргенін жақсы көреді.

Содан ол екі жарым метрдей, алты миллиметрлік сымды иіп, белесебеттің рөлінің тесігіне тығып; егердің орнына көне, он литрлік су ыдысты, ыңғайлап кесіп, орналастырды. Бұл балалар арбашасы сияқты тұтқалы белесебет болды. Орындыққа арнаулы тігілген, кішкене көрпеше салып, сәбиін отырғызып, қиналмай серуендейтін. Бірақ, ол оқымысты болмағандықтан бұл жаңалығы тек ауылда ғана танылып, кең жайылды.



Пойыздар өтіп жатады. Құмның ортасындағы разъезде қызықты ештеңе жоқ. Олардың бар қызығы – күніне бір рет, сәскеде келетін жолаушылар пойызы. Ол келгенде барлығы күтіп алады...

Сонда талай жолаушылар, бұл үш аяқты, тұтқалы белесебетті тамашалаған. Арадан оншақты жыл өткенде, осы – үш аяқты белесебет, тұтқасы басқашалау құрылып дүкендерде пайда болды...

Адамзат Алланы басына іс түскенде есіне алады, жалынады. Сол сияқты ол Ғылымды да мұқтаждықтан іздейді. Бұл үш аяқты,

тұтқалы белесебет тарихы да осылай.

Соқаны өгізге жегу де осындай мұқтаждықтан туған.

Даңқты Ескердір Зұлқарнайынның заманында, бір қыстақтағы ерлі-зайыптылар ел қатарлы диқыншылықпен тірлік етіпті. Жер жыртқанда соқаны ері тартып, әйелі ұстап жүреді екен. Соқаны өгізге жегу ойына түсіп, еріне: «Соқаны өгізге жексек, оны Сіз жетелесеңіз», - дейді. Ері көнбейді: «Өгіз соқа тартушы ма еді?!» - деп жеркіп тастайды. Әйелі қайта-қайта ежіктеп қоймайды. Келесі дем алысына отырғанда, ері лажсыз келісіп, өгізді әкеп, соқаны соған жегеді...

Алла Хикмет берген ойшылдар, арабаға қарап, бу мәшинасын шығарса, биіктен бәрін көріп жүзетін құсқа қызығып, ұшуды ар-

мандап ізденді, өткен ғасырдан ұшаққа, тік ұшаққа мінді; айнаға қараса не сыбызғы тартса іздегені бола салатын ертегі, ғаламтор, көкүнге айналды; дұшпанын білдірмей жайратуды ойлаған, теңізшілер балыққа қарап су асты қайығын ойлап тапты.

Және қайталайық, біз мұны адамдар ойлап тапты, адамдар жасады дейміз. Жоқ! Негізгі үлгісін көрсетіп, Өзі ерекше қабілет берген жүректерге ой салып («Шура» с. 51-а), солардың қолымен жаратып отырған Алла!

Міне, Абай бабамыздың: «...Бұл ғадалат, махаббат, сезім кімде көбірек болса, ол кісі – Ғалым, сол – ғақил. Біз жанымыздан Ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп» (45-сөз),-дегені – осы.

Бұған даңқты суретші Әбілхан Қастеев атамыз: «Мен суретшілікті ешкінің мүйізінен, таудың бұлағынан, қойдың құлағынан үйрендім...», -деп, жан бітіреді.

Осы сияқты Алла есту, көру және ойлау («Нахыл» с. 78-а), пікірлеу қабілетін берген пенделер де Аяттарды оқып, өмірде өздері көріп жүрген оқиғалармен, жағдайлармен салыстырып, Құранның Алладан келген Шындығына және мәңгілікке түскеніне көз жеткереді. Осы – Ғылым. Егер бір не екі рет оқып, намаз, ораза, садақа, зекет, хаж... және тиымдарды біліп қана қойса, құпия ашпаса, ол Ғылым болмайды. Әл-Фараби бабам білімділік, белгісіз нәрсені ашу екенін айтқан. Осы белгісіз нәрсе – Ғылым-Алла. Оны табу – Алламен бірге болу!

Битаныс адаммен бірден тату, ақ ниетті тілектес бола алмайсыз. Бірнеше кездесу мен түрлі сұхбаттардан кейін сыр-мінез байқасып, өте тату, сыйы қалың дос боласыз. Ғылым да солай. Әл-Фараби бабамыздың Аристотельді түсіну үшін қырық рет оқығаны секілді, Аллаға жету үшін – Ғылымның сырын білу үшін, білуге ниет етіп Оқу керек, ойланып Оқу керек, талдап Оқу керек және Оқу керек, сабырмен қайта-қайта Оқу керек. Сонда Ғылым да жақындайды, оқып пікірлеген сайын, ойланған сайын жақындай береді, соңында іздеуші мен Изделген кездеседі. Бұл – Алламен бір болу, Тақуалыққа жету деген сөз.

Міне, «Ғалақ» сүресінің «**Оқы!**»-деп түсуінің мәнісі осылай. Сен Аллаға қарай жүрсен, Алла саған қарай жүгіреді; сен Оған қарай жүгірсен, Ол сенен де тез жүгіріп саған жетеді, деген мағынадағы хадистің үйретпегі де осы оқу!

Біз өмірде оқу арқылы не тәжірибесі мен зеректігі арқылы көп білген мәдениетті адам мен көп оқыған мәдениетсіз адамды білеміз. Осы екі адамның біріншісінің жүзінен, көзінен Нұр байқалады және көпшілік ортаға сыйлы, сыйымды. Бұл неден? Оның Алла-Ғылыммен бірге екендігінен. Себебі, Алла – Нұр, Алла – Ғылым.

Енді Алланың Нұр, Ғылым екеніне келейік. Мұны біз «Нұр» сүресінің 35-аяты арқылы жақсы түсінеміз. Аятта: **«Алла – көктер мен жердің Нұры. Оның Нұрының мысалы: ішінде жарық бар қуыс сияқты. Жарық әйнектің ішінде. Ал, әйнек – бейне інжудей бір жұлдыз. Шығыста, батыста болмаған зәйтүн майымен тамызылады. Тіпті, от тимей-ақ оның майы жарық бергелі тұр. Нұр үстіне Нұр. Алла қалаған кісісін Өз Нұрына бөлейді.** Алла адамдарға өстіп мысал береді. Алла – әр нәрсені толық Білуші», -деген.

Міне: **«...Алла қалаған кісісін Өз Нұрына бөлейді...»**, -дейді. Әлгі айтқан Нұрлы Кісіміз – осы, Алланың Нұрына бөленген Кісі...

Аяттағы мән беретін сөздер: «мысалы», «сияқты», «бейне», деген сөздер. Бұлар нақтылықты білдірмейді. Сондықтан көңіл қойып оқу керек.

Алайда, нақты көріп отырғанымыздай, Аятта **Алланы – Нұр**, деп жеткерген. Тәпсіршілер: «Нұр Иесі», деп түсіну керек деп, дәлелсіз сөйлейді. Бәлкім, олар Нұр дегенде тек күннің нұрын ғана назарда ұстаған болар. Олай емес. Нұр – Ғылым – Алла – Құран.

Алланың Ғылым екеніне осы жерден-ақ, бір дәлел айта аламыз. Күннің нұрымен жарық болып тұрған күндізді алайық. Күндіз көзіңіз жеткен жерге дейінгі аралықтағы нәрсені көресіз, еркін тіршілік қыласыз. Ал, түнде шекті аяның ішінде, айналаңызды толық көре алмағандықтан, қинала жүріп қимылдайсыз.

Осы сияқты білімді адам күндіз күнгідей жасайды. Құранның түсу мақсатымен («Бақара», «Хаж» с. 38-а) жеке-жеке айтсақ:

– Білімді адам Мұсылманның отбасында туылғанына қуанып, Құранмен, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Аяттармен мағыналас* хадис-сүндеттерімен жүреді;

* «Жүніс» с. 15-ші, «Хаққа» с. 43-46-аяттары; Мұхаммед (с.ғ.с.) не айтса, Аяттарға сүйеніп айтқан. Кейін Исламның жаулары мен дүмшелер көп жалған хадистер қосқан.

– өзінің күнәлары себепті көктің есіктерінен өте алмай, сынақ майданына қайта келгенін біледі және бұл майданда дұрыс жүріп-тұрып, өлімінен кейін жерге қайта келмеудің жолын табады;

– Алланың Тақуалармен, сабырлылармен бірге екеніне сенеді – шайтанға алданбайды;

– бұл дүниенің байлығынан, Иман байлығының, сол Иман жеткеретін Ақырет байлығының артық екеніне жүректен сенеді;

– олар Алланың бәрін Көріп, Есітіп, Біліп, жазып сақтап отырғанына, уақытымен алдына тартатынына күмәнсіз сеніп, Аяттарға өтірік тәпсір жасамайды, жалған хадис тоқымайды, білмегенін айтпайды;

– олар екі жүзділіктен сақтанады: халықтың алдында да, оңашада да бір ұстанымынан айнымай, тек Алламен бірге болады;

– Тура Жолда екеніне және осы келе жатқан Жолының адастырмасына, Алламен жарқын жүзбен кездестіретініне сенімді;

– сондықтан олардың Алланың алдында да, халықтың алдында да жүздері жарық, Нұрлы;

– Алла белгілеген мерзім жетіп өлгенде де олардың Рухы көктің есіктерінен аман өтіп, Жәннатқа жетеді.

Білімді – Нұрлы пенде осыған сенімді!

Ал, білімсіз адам қараңғыдағыдай, әйтеуір, жер бетінде жүргеніне мәз. Қайда жүр? Қайда баруы керек еді? Неге жер бетінде ұлт көп? Неге барлығы бір дінде емес? Өзі неге Мұсылманның шаңырағында туылған? Оларды ойламайды да білмейді. Сапырылысқан тобырға еріп, қамсыз жүреді. Сондықтан олар, аурушаң;

– сондықтан олар, парақор;

– сондықтан олар: «Өмір бір-ақ мәрте беріледі, жасап қалу керек!»-деп, дүние мен байлық қуып өтеді (оларға ауру да, түрме де содан... келеді);

– сондықтан олар, мақтаншақ – өзін тым білгіш санайды;

– сондықтан олар, тәкаппар, адамнан адам алалайды;

– сондықтан олар, өздерінің өзгелер сияқты бір тамшыдан пайда болғанына пәмі жетпей: «Біз ақсүйекпіз!»-деп лепіреді;

– сондықтан олар, қызғаншақ, бақыл (суқұмар ауруы осы мінезден);

– сондықтан олар, өсекші;

- сондықтан олар, өтірікші;
- сондықтан олар, уәдепаз – екі сөзді, уәдесінде тұрмайды;
- сондықтан олар, мұнафиқ – халыққа ақсақалсып адалдық туралы насихат айтып, өздері арам жолмен нәпақа табады;
- сондықтан олар, көптің алдында Тақуа сияқты сыпайысып, оңашада нәпсісінің айтқанын істейді;
- сондықтан олар жөн ақыл айтқан адамға: «Осы ақыл баяғыдан бері айтылып келеді. Осыдан бір жақсылық таптық па?!...»-деп, шайтан қызықтырған жолды таңдайды;
- сондықтан олар, елді игілікке шақырып, өздері Ғылым іздемейді – өздерінің не істеп жүргендерін өздері білмей, жалған тәпсір жазады, ойынан хадис тоқиды, осыларға ұқсаған теріс амалдар жасайды.

Қысқаша айтқанда олар, Ақыретін тілінде айтқанымен, жүрегімен ойламайды. «Мен бәрінен ақылдымын, білімдімін – бәрін алдап өтемін, деп ойлайды; Имандылыққа шақырып, Ақыретті есіне салғандарды мойындамайды.

Негізде бұлар көп («Бақара» с. 83; 88-а), бұлар – лағнеттелгендер («Әли Ғымран» с. 85-88-а) – дозақ үшін жаралғандар («Ағраф» с. 179-а). Бұлар өлгенде көктің есіктерінен өте алмай («Ағраф» с. 40-а), жерге күнәсінің мөлшеріне қарай, пенде болып («Иасин» с. 68-а)* немесе бұтқа табынушы, маймыл, доңыз («Мәида» с. 60-61-а) тегімен келеді.

Міне, Алланың Нұр – Ғылым екеніне осы жағдайлардың өзі бір дәлел.

Құранда: «...**Көзді мен көзсіз тең бе? Ойламайсындар ма?**»...» («Әнғам» с. 50-а)-десе, мұны «Һұд» сүресінің 20-24-аяттарында кеңірек түсіндіреді. Аяттарда: «Бұлар жер жүзінде Алланы нашарлата алмайды. Әрі олардың Алладан өзге жәрдемшілері жоқ. Оларға (серік қосушыларға) азап еселеніп отырады. Өйткені, **олар ести де алмайды, көре де алмайды**». «Міне, солар өздеріне зиян етеді. Жасама тәңірлері олардан безіп жоқ болады». «Күдіксіз олар Ақыретте өте зиянға ұшырағандар». «Дау жоқ, Иман келтіріп, ізгі іс істегендер – Раббыларына бойұсынғандар, олар Жәннаттық. Олар Онда мәңгі қалады». «(Осы) **екі топтың мысалы: саңырау мен есітуші тәрізді. Мы-**

* Мұсылман не Христиан не Яһуди я Будда, мүмкін құдайсыз.

сал тұрғысынан екеуі тең бе?»-дейді. Мұны «Рағыд» сүресінің 16-аятында: «...**Көретін мен көрмейтін, жарық пен қараңғы тең бе?**»...», -деп, тағы пысықтаса, 19-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) шын мәнінде **Раббың тарапынан саған түсірілгенді Шындық, деп, білген Кісі, соқыр кісімен тең бе? Бұны ақыл иелері ғана түсінеді**», -деп, Алланы, Құранды Ғылым, деп түсінуге қамшылайды. Әрине, бұл Аяттар сауатты мен сауатсыздың тең болмайтынын ұқтырып тұр.

Алла «Нәміл» (1-2-а), «Хадид» (9-а), «Ниса» (174-а) сүрелерінде: «...**Бұл – ап-ашық Кітап; Құранның Аяттары;** **«Момындар үшін Тура Жол әрі қуаныш»** (1-2-а), «Ол – сондай Алла, сендерді қараңғылықтардан жарыққа шығару үшін Құлына (Мұхаммедке с.ғ.с.) **ап-ашық Аяттар түсірді**. Сөзсіз Алла, сендерге тым Жұмсақ, ерекше Мейірімді» (9-а), «Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. Сондай-ақ, сендер үшін бір **ашық Нұр түсірдік**», -деп, Құранды танытып келіп, «Рағыд» сүресінің 37-аятында: «Осылайша Құранды арапша үкім түрінде түсірдік. **Саған Ғылым келгеннен кейін**, олардың көңілдері ауған тарапқа ілессең, сені Алладан арашалайтын дос не қорғаушы болмайды», -дейді. 1-2; 9; 174-аяттарда Құранды Тура Жол, Нұр, деп, таныстырып, 37-аятта, Оны тым Білуші, Ғылым, деп, отыр. Бұлардан да біз Құранның Ғылым екенін түсінеміз.

Біздің бұл тұжырымымызбен келіспейтіндер шығатынын білетін Алла, «Зәрият» сүресінде: **«Күмәнсіз сендер талас-тартыс сөздесіндер»**. «Шындықтан бұрылған бұрылады». «Ой жорушылар құрысын». «Міне, солар (ой жорушылар) **білімсіздік ішінде жаңылуда**» (8-11-а), -деп, Білім-Ғылымсыз адамның жаңылатынын ескерту арқылы және де Өзіне, яғни, Ғылымға, Құранға шақырады.

Енді Аяттың («Нұр» с. 35-а) екінші сөйлеміне өтейік: Онда: «...**Оның Нұрының мысалы: ішінде жарық бар қуыс сияқты...**», -деген. Бұны оқығанда маңдайымыздағы көзіміз ойымызға келеді. Көзіміз бас сүйектің маңдай **қуысында**. Оның ішінде жарық Нұр бар. Сондықтан біз ол арқылы айналамызды және көзіміздің қуаты жететін жердегінің барлығын көреміз.

Ал, ішінде жарық бар қуысқа келсек, біз жасырынып ойнағанда, үрейленіп қашқанда **қуыстарға, әлде ненің пана-**

сына, бірдененің астына не үстіне – көз түспейтін жерлерге тығыламыз немесе керісінше, әрбір жоғалтқан нәрсемізді **қуыстардан, әлде ненің артынан, бірдененің астынан не үстінен** іздейміз. Білім мен ілім де осылай қуыстарда, паналарда, астыңғы не үстіңгі қабаттарда және оны сол көзден таса жерлерден іздейміз. Кітаптың әр беті, ондағы әр қатар – бір қуыс. Ғылым да сол сияқты далада ашық шашылып жатқан жоқ, әрбір барлықтың, әрбір жаратылыстың ішінде, қабатында, қалтарысында, астында не үстінде жасырулы тұр. Оны ыждағатпен іздеген пенде ғана табады.

Қаруын асынып, тазысын ертіп, аңға шыққан үміткер, ай даладағы: көз жетпейтін жердегі, бұталардың арасындағы аңды қалай табады? Алдымен із іздейді; ізін тапқасын, оның жаңа не кешегі із екенін білу үшін құмалағын іздейді... Сол сияқты Алланы, Жәннатты армандаған Құл да ізгілікті ізге түседі. Бұл із – Құран; қаруы – Иман мен сапалы құлшылық!

Үшінші сөйлемде: **«...Жарық әйнектің ішінде...»**, -деген. Бұл да көздің Құрылысын ұқтырады және Білім кітаптың ішінде, тізілген қатарларда, дегенге саяды; кітаптың парағындағы қатарларды оқып пікірлемейінше, ештеңе түсінбейсің. Оқып, пікірлеп бірденені білгенінің **«...Жарыққа...»** жеткенің.

Біз мұражайларға барғанда әйнек астындағы экспонаттарды көреміз. Ал, оны қолымызға алып көру үшін, әйнекті ашамыз. Мұраны алып, неден жасалғанына, сапасына т.б. көңіл бөліп зерттейміз. Бұл Ғылымды іздеуіміз. Яғни, осы әйнекті ашып экспонатты қолымызға алып көргеніміздей, Құранның Аяттарына ой жүгіртіп, жаратылыс пен өмір тіршілігімен салыстырып отырсақ, Ғылымға кіргеніміз – Алламен бірге екендігіміз.

Осы сөйлемдегі: «әйнек» сөзін тіке әйнек, деп түсініп, қателеспеуіміз үшін, төртінші сөйлемде: **«...Ал, әйнек – інжудей бір жұлдыз...»**, -екенін, Оның шығыста, батыста болмаған зәйтүн майымен тамызылып, Оның майының от тимей-ақ жарық бергелі тұрғанын айтқан.

Біз майға от тигізіп жаққанда ғана одан жарық шығатынын білеміз. Ал, **бұл берекелі зәйтүн майы, от тимей-ақ, жарық бергелі тұр**. Бұл – Ғылым, Білім. Ғылым осылай отсыз жарық береді. Ол қайсы жарық? Ол – бұл дүниенің сынақ дүниесі екенін түсініп, бізді қызықтырған: бала-шаға («Әли Ғымран» с. 14-а),

байлық біткеннің барлығы, бұл дүниенің алданышы, ермегі екенін біліп, Алланың қасындағы Ақыреттің байлығы үшін күресуге бастаған жарық.

Жаңағы – «...**Ал, әйнек – інжудей бір жұлдыз...**», - дегенге келсек, Алла «Нәжім» сүресінің 45-аятынан Өзінің құдіретін ескерте келе, 49-аятында: «**Расында Ол – «Шығра» жұлдызының Раббы**», - деп, сосын Ғад, Самұд елдері мен Нұхтың (ғ.с.), Лұттың (с.ғ.) қауымдарын жойғанын айтады; ескертеді, насихат береді.

Осы 45-62-аяттарды топшыласақ, «Шығра» жұлдызының насихатта үлкен маңызға ие Ғылым екенін көреміз; аталған қауымдардың сол Ғылымнан пайдалана алмағандықтан жойылғанын түсінеміз.

Сөздіктерде «Шығра» сөзін ақындыққа, поэзияға теліп жазған. Ал, поэзия да, Аяттар да философияға құрылған. Ондай болса, «...**Шығра жұлдызы...**» – сөз өнерінің қайнары* дегенге саяды. Яғни, Ғылым.

Бұған Аяттардың поэтикалық үйлесіммен келгендігі және осы үшін дұшпандары Мұхаммедті (с.ғ.с.) ақын деп, кекеткені, сондай-ақ «Шұғара» сүресі мен Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Өзінен кейін ақындар келетінін айтқан хадисі дәлел.

Және осы жұлдызға байланысты «Уақиға» сүресінің: «**(Мұхаммед с.ғ.с.) ендеше Раббыңды Ұлы атымен дәріпте**». «**Ал енді жұлдыздардың орындарына серт етемін**». «**Егер білсеңдер, ол серт – зор серт**». «**Шын мәнінде Ол – Ардақты Құран**». «**Кітапта сақтаулы**» (74-78-а), - деген Аяттарын оқысақта сертке ұсталған жұлдыздар: «Шығра» және аспанды безеген жұлдыздар, Алланың Ғылым екенін түсіндіреді.

Алланың Нұр; Нұрдың Ғылым екенін білдік. Енді Нұрдың Құран екенін айтайық.

Жаңа айтқан, «Ниса» сүресінің 174-аятында: «**Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. Сондай-ақ, бір ашық Нұр түсірдік**», - деген еді.

*«Арабша-қазақша сөздікте»: «Шығра» (шығра) немесе ... астр. Сириус: астр. Процион»;

«Шуғрууруун» – «ақынсымақ, дарынсыз ақын»;

«Шиғриун» – «поэтикалық; өлеңмен жазылған», - деп көрсетілген. Ал, «Арабско-русский словарьда»: «Шиғарун (шиғарун)» – «девиз; призыв, лозунг...»;

«Шиғрун» – «стихи, поэзия...», - деген. Барлығы да насихатпен, шақырумен мағыналас.

Ал, «Мәида» сүресінің 15-16-аяттарында: «Әй, Кітап иелері! Сендерге Кітаптан жасырған нәрселеріңнің көбін ашық түсіндіретін және көбірегін елемей өтіп кететін Елшіміз келді. Расында, сендерге Алладан бір Нұр және ашық бір Кітап келді. «Алла кім Өз ризасына үйлессе, сол Кітап арқылы есендік Жолдарына салады және Өз нұсқауымен қараңғылықтардан жарыққа шығарып Түп-тура Жолға салады», - деген.

Бұл екі Аяттағы «Нұр», «Кітап» сөздерінің – Құран екенін біліп отырмыз. «...жасырған нәрселері...» – Мұхаммедтің (с.ғ.с.) соңғы Пайғамбар екендігі және өз Кітаптарында келген, олар бұрмалаған – Шындықтар мен құлшылық амалдары.

«Ағраф» сүресінің 157-аяты да осы Аятты түсіндіріп, ізінен Құранның Нұр екенін айтады. Аятта: «Олар сондай, жандарындағы Тәуратта және Інжілде жазулы жіберілген, сауатсыз Пайғамбарға ергендер. Ол оларды жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тияды. Жақсы нәрселерді адал, жаман нәрселерді арам қылады. Олардың үстіндегі ауыр жүкті (түсіріп,) шиеленіскен нәрселерді шешеді. Енді Соған (Мұхаммедке) сенгендер, ...Оған құрмет көрсетіп әрі Оған көмек көрсеткендер, сондай-ақ, Оған түсірілген Нұрға (Құранға) ергендер – міне, солар құтылушылар», - дейді.

«...құтылушылар...» неден құтылады? Әрине, надандықтан, қараңғылықтан құтылады; соның шәрапатымен Алланың қаһарынан құтылады.

Ал, «Шура» сүресінің 52-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) ...Құранды Нұр қылып, Онымен Құлдарымыздан кімді қаласақ Тура Жолға саламыз. Расында Сен Тура Жолға бастайсың», - деп және осы «Нұр» сүресінің 36-аятында: «(Бұл Нұр) ішінде Алланың есімінің зікір етілуіне, ұлықталуына Алла рұхсат берген үйлерде. Онда Оны ергелі-кеш тасбих етеді», - десе, бұл үй – мешіт. Мешітте дүниенің сөзі, саудасы айтылмайды, тек Алланы ұлықтайды; Құранды түсіндіріп насихаттайды, намаз оқиды, таспих тартады.

Мешітке келіп, бұлай амал жасаушылар – Алланың Тура Жолына салған Құлдары.

«Тағабұн» сүресінің 8-аятында: «Ендеше Аллаға, Елшісіне және Біз түсірген Нұрға Иман келтіріңдер...», - деген. Кімдекім Алланың Нұрына бөленіп («Нұр» с. 35-а), есендік Жолдары-

на..., Алланың Тура Жолына түсіп, Алланың ризасына үйлесуді («Мәйда» с. 16-а) армандаса Аллаға, Елшісіне және Алла түсірген Нұрға – Құранға Иман келтірсін. Сонда мұратына жетеді.

Себебі, Ол – адастырмайтын, қараңғыны жарық қылған Нұр.

Ал, «Хадид» сүресінің 12-аятында: **«Сол Күні Момын ерлер мен Момын әйелдердің Нұрлары алдарында әрі оң жақтарында жүгіргенін көресің...»**,-деген. Және 19-аятында: **«...Олар үшін сыйлықтар және Нұрлар бар...»**,-деп, 28-аятында: **«...Әрі сендерге сонымен жүретін Нұр жаратады...»**,-дейді.

Аяттың басындағы: **«...Сол Күн...»** қай Күн? Әлбетте, Ол пенденің басына әлде қандай жамандық сынақ келген Күн. Ол Күні әуелден Аллаға, Елшісіне және Алла түсірген Нұрға – Құранға Иман келтіргендер қорықпайды, адаспайды. Себебі, олардың осы Күн келместен бірнеше жылдар бойы жинаған Білімі – Ғылымы – Нұры оң жағында жүреді; оны әр қандай жамандықтан қорғайды, құтқарады («Хаж» с. 38-а).

«Мүжадәле» сүресінің 22-аятында: **«Аллаға, Ақырет күніне Иман келтіргендердің...»**, Аллаға қарсы болған: аталарын да, балалары мен туыстарын, ағайындарын сүймейтінін айтып, ізінен: **«Міне солардың жүректеріне Алла Иман жазған әрі оларды Өз жағынан бір Нұрмен қолдаған...»**,-деген. Ақырет күніне Иман келтірген Момын – бір жамандықпен бірге, бір жақсылық барын білген Момын («Шарх» с. 4-8-а). Ол соны біліп, Аллаға, Елшісіне, Алла түсірген Нұрға – Құранға Иман келтірген.

«Тахрим» сүресінің 8-аяты: **«Әй, Момындар! Аллаға шынайы тәубе қылыңдар. Раббыларың жамандықтарыңды жойып, астарынан өзендер ағатын Жұмақтарға кіргізуі үміт етіледі. Алла ол Күні Пайғамбарды, Онымен бірге Иман келтіргендерді кейітпейді; олардың Нұрлары алдарында, оң жақтарында жүреді. Олар: «Раббымыз! Нұрымызды толықтыр, бізді жарылқа. Сөзсіз Сенің әр нәрсеге толық күшің жетеді!»**,-дейді»,-деген.

Міне, осы Аяттардан Нұрдың Құран екеніне толық көз жеткереміз.

«Мәйда» сүресінің 48-аятын білмейтіндер, саясатта, ғылымда, әлемдік түрлі сайыстарда ғайридін өкілдерінің Момын-Мұсылмандардан озып тұратынын түсіне алмай, Аллаға күмән келтіреді. Бірақ, олар Алланың «Алла, Алла...»,-деп тіл ұшында

қақсай бергенге емес («Бақара» с. 225-а), қайсы сенімдегі («Мәйда» с. 48-а) пенде болса да Исаак Ньютон, Никола Тесло, Лев Толстой, капитан Кусто, Ниль Армстронг, Андрей Сахаров сияқты көп оқып пікірлеу арқылы Өзін танығандарға ғана көп игілік беретінін білмейді.

Және қайталайық, Алла қаламай ештеңе болмайды, діндер де Алладан. Алла – Әділ. Ол – Ғылым. Ғылым – Ол, ешкімнің «Алла, Алла!»-деп зарлағаны мен құлшылығына мұқтаж емес. Ол, ешкімнің ұлтына, сеніміне қарамай, кім оқу мен пікірлеу арқылы Өзін – жұмбақ дүниелердің сырын табуға тырысса, сол жолда арып-талса, соған көп Хикмет, Игілік береді («Бақара» с. 269-а).

Біз Алланың Ғылым екенін білмегендігімізден Аяттарды да бір жақты ғана түсінеміз. «Ісра» сүресінің 107-109-аяттарын талдайық. Онда: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Құранға мейлі сеніңдер, мейлі сенбеңдер; бұдан бұрын өздеріне Ғылым берілгендер, оларға Құран оқылған заман, етпеттерінен сәждеге жығылады». «Олар: «Раббымызды пәктейміз. Әрине, Раббымыздың уәдесі орындалады»-дейді». «Олар жылап, етпеттерінен түседі. Бұл олардың ықыласын арттырады»**,-деген. Мұндағы: «...бұдан бұрын өздеріне Ғылым берілгендер...»,-дегені – ғайридін болғанымен ғылымшыл болып өліп, қайта туылысымен оқу іздеген, білімге құштар пенделер. Олар кітаптарды оқыған сайын, оқығаны мен өмірде көріп жүргендерін салыстыра келе, әлемнің иесіз емес екенін, яғни, әлемнің Ғылымнан тұратынын білумен бірге, жаңалық та ашуға – Ғылымның ішіне кіруге құлай ізденеді*. Өздеріне икемі келген бір жаңалықты ашуға ниеттенгенде, олар Оған – Ғылымға жететініне сенеді. Соған ұмтылады, осы ұмтылу – Аллаға махаббат («Шура» с. 23-а) Құран, яғни, Ғылым оқылған заман, етпеттерінен сәждеге жығылатыны; мықты сеніммен: **«...Раббымыздың уәдесі орындалады»**,-дейтіні; бұлай жылап, етпеттерінен түсуі, олардың сеніміне ықыластарын арттырып, содан олар арманына жетеді – дйттеген жаңалығын ашады, яғни, Алланы табады. Бірақ, олар оны өздері білмейді. Алла ғана біледі. Сондықтан оған көптеген Хикмет пен Игіліктер береді.

* Иуда, Христиан немесе Будда дінінде болып, бірақ, бар өмірін ғылымға арнағандар.

Міне, осы жерден де Алланың Ғылым екені нақты көрінеді.

Алайда, Әл-Фараби бабамыз айтқандай, тәрбиесіз білімнен Хикмет пен Игілікке қарсы келеңсіз жағдайлар да кездесіп жатады. Осыны да ескертейік.

Ғылым іздеп жаңалық ашқандардың тәрбиесі дұрысы, жеткен абройын қорғап мәдениетті өмір сүреді. Ал, тәрбиесізі, паракор әрі тойымсыз жемқор болады; тәкаппарлық қылады, біреулері арақорлыққа салынады; біреулері мақтаншақ келеді, содан барып-барып қияли ауруға шалдығады; біреулері алжасады...

Қияли ауруға ұшырағандарды кейде, халық: «Ілім ұрып кеткен...», - деп те арашалайды. Оның тәрбиесіздігінен, өзінің Алламен бірге екенін бежере алмағандығынан бәлеге тап болғанын білмейді.

Абай бабам: «...Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да балаңа ...Ғылым үйрет! Мына, мен айтқан жол – мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұят, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма...» (25-сөз), - деген. Осы Оқу – Ғылым, Алла.

Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Нәсір әл-Фарабиге, ауру атаулының емін білген Әбу Әли инб-Синоға және қолөнерші, тарихшы-әдебиетші сандаған ғалымдарға, сондай-ақ, діні басқа отбасында туылғандардан: океонолог ғалым, капитан Кустоның Құранда («Фурқан» с. 53; «Нәміл» с. 61; «Рахман» с. 19-20-а) айтылған су арасындағы пердені табуы; Нил Армстронгтің айда азанды есітіп, «Ісра» сүресінің 44-ші, «Нұр» сүресінің 41-ші, «Хадид», «Хашыр», «Саф», «Жұма», «Табағұн» сүрелерінің 1-аяттарының Шындығын жеткеруі; ғалым Роберт Ланцтың жерге параллель әлем барын айтып, «Әли Ғымран» сүресінің 133-ші, «Ағраф» сүресінің 27-ші, «Рахман» сүресінің 17-ші, «Хадид» сүресінің 21-аяттарын дәлелдеуі; медицина ғылымының адамның жатырда дамуын сипаттауы; өсімдіктердің және жәндіктер мен жануарлар әлемінің құпиясын ашқан сандаған ғалымдардың танылуы – Алланың Ғылым екендігінің дәлелі. Алла Ғылым болмаса, олар нені іздеп, не тауып, нендей дәрежелерге жетер еді?!

Жаңағы мәртебеге байланысты сөзімізді тағы қайталап, кеңірек талдап өтейік.

Біз, Исламнан басқа діннің Алланың құзырында қабылданбайтынын «Әли Ғымран» сүресінің 85-аятынан, Исламның

басқа діндерден үстемдікпен түскенін «Саф» сүресінің 9-аятынан жақсы білеміз. Мұны жадымызда ұстай отырып, «Бақара» сүресінің 38-аяты мен «Хаж» сүресінің 38-аятын еске аламыз да: «Осылай бола тұра неге Момындар басқа діндегілерден саясатта және ғылым мен мәдениет саласында төменде тұрады? Неге Ислам мемлекеттері тыныш жасамайды? Ауғанстан мен Сирияның саяси тағдырын неге өзге дін жолындағы мемлекеттер шешеді?»-деген сұраққа жауап іздейміз.

Мұның жауабын да Құраннан табамыз. Жаңағы «Хаж» сүресінің 38-аятының бірінші сөйлемінде, Алла Иман келтіргендерді қорғайтынын ескертсе, екінші сөйлемінде Алла қасарысып қырсыққандарды жаман көретінін айтқан. Мұсылмандар неден қырсығып қасарысып келе жатыр? Әрине, «Бақара» сүресінің 44-аяты мен «Мүминұн» сүресінің 68-аятынан нақты – айдынды түсінік пікірлей алмай, Құрандағы әрбір Аятты, әрбір сөзді Аяттардың өзімен, Ғылыммен, өмір Шындығымен («Фурқан» с. 33; «Фуссилат» с. 53-а) салыстырып терең зерттемей, Ғылымы жоқ замандардың ғалымдары жазған ескі тәпсірлер мен өтірік хадистерге алданғаннан осы ахуалда екеніне көз жеткереміз.

Қысқаша айтқанда, Мұсылмандар ғылымшыл болмағандықтан, Алланың Білімі мен Хикметтерінен алыста.

Мұсылмандардың бұл надандығына қарама қарсы, Ғылымға құштар – Иуда, Христиан және Будда діндегілердің саясатпен ғылымда, мәдениетте әлемдік мәртебеге иелігін, олардың бесіктегі баласынан, табытқа аяқ салып отырған қартына дейін, кітап оқитынынан, яғни, Аллаға жақындығынан көреміз.

Бұл сөзімізге олардың: қала салуы, зауыт-фабрикалар ашуы, әртүрлі техникаларды ойлап табуы, ғарыш және су мен жердің асты-үстін игеруі, ғайып және нақты әлемдерді зерттеп, неше түрлі жақсылықтарды өмірге әкелуі мен қол жеткерген сандаған табыстарын айта аламыз.

Міне, Алланың жалғыздығын мойындамай, Оған серік қосатын олардың, Ғылымшылдығы, оларды Аллаға жақындатып, Алла оларды Мұсылмандардан ықпалды етіп отыр.

Және бір сенімді дәйек – ғалым Майкл Харттың зерттеуінде.

Ол тарихтағы аты шулы жүз тұлғаны іріктемек болғанында, мониторда Мұхаммедтен (с.ғ.с.) кейін Исаак Ньютон шыққанын жазған.

Неге Исаак? Оған дейін қаншалаған Пайғамбарлар, ғалымдар бар емес пе? Себебі, Исаак Ислам дінін қабылдамағанымен Алланың барына, оның тумаған, туылмаған жалғыздығына әлемді Жаратушы екеніне шын жүректен сенді. Оның: «Біз ғылымда не жаңалық ашсақ, жаңалық ашпаймыз, тек Алланың ғылымын қайталаймыз», - дегені, планеталар мен кометалардың өз өрісінде жүруі, бір заңдылыққа тәуелді екеніне толық сеніп, Алланың барлығы мен Жаратушылық құдыретіне тәнті болғаны десек; екіншіден, оның осы жетістігі себепті, Алланың – Ғылым екенін адамзатқа жеткеруі. Сондықтан ол тарихта Мұхаммедтен (с.ғ.с.) кейінгі екінші тұлға дәрежесін иемденді.

Міне осы Исаак Ньютонның жеңісінің үстінде біз, интеллекттердің Исламға құлай кіруіне кедергі болып жүрген, сәлде мен сақал, шапан мен мәсі жәйлі Шындыққа көз жеткереміз. Яғни, Алланың Жолына түсу, Алламен бір болу, Алланың ризашылығына жету сәлде мен сақалда, шапан мен мәсіде емес, адал ниетпен игерілген Ғылымда ғана!

Тақырыбымыздан сәл ауытқысақ та, осы бастауымызға тиесілі, мына бір дәйекті де айтайық. Алла «Тәубе» (32-33-а), «Фатх» (28-а), «Саф» (8-9-а) сүрелерінде Өз Нұрын толықтағанын, Елшісін Туралықпен, Хақ дінмен басқа діндерден басым етіп жібергенін айтқан. Бұл Аяттар «Тәурет» пен «Зәбүрде», «Інжілде» келмеген. Сондықтан Мұхаммед (с.ғ.с.) Өзінен бұрынғы Пайғамбарлардың біріншісі болса, уахи келмейтін Исаак Ньютон да Ғылымды – Алланы, Алла толықтаған Нұрды тапқаны үшін күллі ғалымдардың біріншісі болып, Мұхаммедтен кейінгі орынды иелеп тұр.

Ал, фанаттар, Алланың Өзіне серік қосқандардың еңбегі зая болатыны хақындағы Аяттарын айтып: «Оларға осы дүниесі берілген, Мұсылмандарға ана дүние. Оларға ол жақта ештеңе жоқ...», - дейді. Бұл сөздің бірінші мағынасы, ғылымшыл ғайридіндердің Алланың игілігінен пайдаланып – елді қуантып, халықтың мүшкілін жеңілдетіп отырған Ғылыми жетістіктерін бағаламау болса; екінші мағынасы, Мұсылмандардың Ғылым іздеуіне тосқауыл; үшіншісі, Әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сино, Әл-Хоразми, ...Ұлықбек сияқты Ғалымдардың екі дүниенің нығыметіне бөленгенін жасырғаны немесе білмегені. Яғни, бұл: «...оларға осы дүниесі... Мұсылмандарға ана дүние...» – деген сөз – білімсіз наданнан шыққан сөз.

Осы жерде мына сұраққа орын берейік: соқамен жер жыртып, азаппен күн көрген адамзатқа трактор жасап беріп, Ғылым-

Алланы танытып, көптің сауабын алған Ғылымшыл ғайридин Аллаға жақын бола ма? Әлде: «Оларға бұл дүниесі берілген, біздерге ана дүние...», -деп, Ғылым-Алланы жасырып, халықты азапты тіршіліктің қорасында тұншықтырып отырған дүмше ме?

Егер сол дүмшелер айтқандай, Мұсылмандарға ана дүние ғана берілген болса, Алланың Ислам дінін және Елшісін басқа діндерден үстем еткенінің мәнісі не? Онда неге Ол «Бақара» сүресінің 44-ші және «Мүминұн» сүресінің 68-аятын түсірді? Неге: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) рас, сен бұл Құранды Хикмет Иесі, толық Білуші тарапынан алып отырсың»** («Нәміл» с. 6-а), -деп; **«Бұл Құран – бүкіл әлем үшін бір насихат». «Әлбетте, Оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіңдер»** («Сад» с. 87-88-а), -деп сендіреді? Неге Құранда бүгінгі ғайридин ғалымдар тапқан жаңалықтар түсірілген?

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) неге: «Тал бесіктен, табытқа дейін ілім ізде», -деді? Себебі, өзге діндегілердің жетістігінен көріп отырғанымыздай, Ғылым тапқан адам, Кәлима келтірмегенімен Алланы табады. Алла – Ғылым.

Атом энергиясын зерттегеніне өкінген атақты академик А. Сахаров: «...Мен сопылардың кіші ойықтар теориясын зерттеуім керек екен. Оны меңгергендер ... бір мезетте әлемнің кез келген түкпірінен көріне алады...», -дейді. Біз білетін Қанарбай Айбасұлы, Бекет Мырзағұлұлы, Баһуадин Нахшбанди, Дәуіт Бердісүгірұлы, Құлақан ата т.б. әулиелер таң және Жұма намаздарын Меккеге барып оқып келеді екен. Бұл әулиелер Ғылым-Алламен бірге болғандықтан, осындай құдыретке жетті. Ал, жалғыз Аллаға Кәлима келтірмеген академик бұл сырды қайдан білді?

Әрине, «Ғалак» сүресін білмесе де (бәлкім, білетін шығар?!), Оның: **«Оқы!»**-деген үкіміне сай амал жасап – көп Оқып, Ғылым іздеп, осындай даңқ-дәрежеге ие болды.

Ал, ешқандай дәлелі болмаса да: «Оларға осы дүниесі ғана берілген...», -деген – Ғылым ізденбейтін кертартпалар ше?

Әрине, олар екі дүниенің де нығметіне жете алмайды...

Алла «Ағраф» сүресінің 7-аятында: **«Әрине, оларға біліп баян етеміз. Негізінде оларға жасырын емеспіз»**, -дейді. Ал, жасырын емес нәрсе, бізге көрінуі керек. Мұны үстінде Білушісі бар ілім иелерінің («Жүсіп» с. 76-а) – Алланың жер бетіндегі Исаак Ньютон тәрізді Халифаларының («Бақара» с. 30-а) тапқан

жетістіктерінен, табыстарынан көріп («Әнфал» с. 17-а), Алланың – Ғылым екенін танып отырмыз.

Алланың Ғылым екенін «Нұр» сүресінің 39-40-аяттарынан да ашық көреміз. Оларда: «Сондай қарсы болғандардың істері, шөлдегі сағым сияқты. Шөлдеген кісі оны су деп, ойлайды. Ақыр оған барған сәтте, еш нәрсе таба алмайды. **Жанында Алланы табады. Ол, оның есебін толық көреді. Алланың есебі жылдам.**» «Немесе олардың мысалы: Терең теңіздегі қараңғылық тәрізді. Толқын үстіне толқын, оның үстін бұлт қаптаған қараңғылықтар; бір-бірінің үстінде. Кісі қолын шығарса, оны көре алмайды. **Алла жарық қылмаған біреудің жарығы болмайды**», -деген.

39-аятта ойына сенгендер меңзеліп отыр («Фурқан» с. 43-а). Бұлар – Ғылым іздемей, құр: «Алла! Алла!...»-деумен Жәннаттан үміт етіп жүргендер. Олар Алла санап отырған Күн толғанда («Мәриям» с. 84-а) бір жамандыққа ұшырайды. Сонда құр сағымға алданғанын біледі – Алла білдіреді. Осы білдіру – Алланы тапқан.

Ал, 40-аяттағы қараңғылық, әрине, надандық. **«...Алла жарық қылмаған біреудің жарығы болмайды**», -дегені – жалғыз Аллаға, Елшісіне, Құранға Иман келтіріп, Ғылым іздемеген біреудің, өлгенде көктің есіктерінен өте алмай, жер бетіне қайта келіп, жүре беретіні.

Енді «Бақара» сүресінің 116-117-ші, «Жүніс» сүресінің 68-аяттарына көңіл бөлейік. Бұларда Алла Өзінің баласы жоғын ескертіп, Өзінің Ғылым екеніне сілтеме жасайды. Ал, «Әнбия» сүресінде қарсылардың жасанды құдайларын айтып, 24-аятында айтқандарына дәлел сұрайды.

Бірінші 116-117-аяттарды («Бақара» с.) оқиық: «Олар: «Алла бала иемденді»-деді. Ол баладан пәк. **Дегенмен, көктер мен жердегі нәрселер Оныкі. Олар түгел Оған бойұсынады.**» «**Ол – көктер мен жерді жоқтан бар Етуші. Егер бір істің болуын қаласа, сонда тек қана: «Бол!»-дейді, ол бола қалады**», -десе, 68-аятта да білмейтіндердің: **«...баласы бар...»**,-деп жала жабатынын, Өзінің **«...одан пәк...»** екенін, көктер мен жердегі нәрселердің Өзіне тәндігін ескертіп өтірікшілердің: **«Бұған байланысты қастарында бір дәлел жоқ. Аллаға қарсы білмейтін...»** нәрселерін айтатынын және олардың өтірік айтқаны үшін Алладан құтыла алмайтынынан хабар береді.

24-аятта: **«Немене олар Алладан өзге Тәңір жасап алды ма? (Мұхаммед с.ғ.с. сен оларға): «Дәлелдеріңді келтіріңдер. Міне, Менімен бірге болғандардың Кітабы және Менен бұрынғылардың Кітабы»-де. Олай емес, олардың көбі Шындықты білмейді...»**,-дейді. Сондай-ақ, біз де Алланың Ғылым екенін Өзінің Құранда түсірген және «Фуссилат» сүресінің 53-аятында Өзі білдіргендей, Өзінің әлемдерде көрсетіп отырған дәлелдеріне сүйеніп айттық.

Бүгінде Ғылым, Мұсаға (ғ.с.) көрінген («Ағраф» с. 143-а) Алланы тапты. Ол жала жабушылар айтып жүргендей, жаратылған нәрсе емес, «Нұр» сүресінің 35-аятында Өзі айтқандай, Ол – Нұр!

Біз күннің нұрын білеміз. Ол әлемді жарық қылады және барлық тірі жан, жәндіктер мен жануарлар, өсімдіктер одан қуат алады. Егер ол болмаса, тек жердің өзі ғана, айдың беті секілді бос жатар еді.

Бұл сөзімізге нақты дәлелді өсімдіктерден көреміз. Олардың барлығы, біздің көзімізде аспанға қарап өседі. Негізінде олар көк аспанға қарап емес, Аллаға ынтығып, Оның Рахымымен күнге, күннің нұрынан қуат алуға ұмтылады. Бұған нақты дәлелге алдымен күнбағысты тартсақ, екіншісі – еденнің астында өскен жантақ. Күн нұрына ынтық ол, іргетастың саңылауынан түскен күн сәулесіне қарап бой созады. Нұр бойына толық жетпегендіктен ол нәзік әрі сарғыш түсті болады.

Енді осы жантақтан бір пікірге келсек, даладағы жантақ, жап-жасыл болып, гүлдеп жетіледі де, ал, еденнің саңылауынан көрінген сарғыш жантақ әлсіз. Бұл да бізге, Алла Білім мен Хикмет берген пенде мен Ғылымнан күдер үзген, Ғылым ізденбейтін пендені көрсетеді.

Дәл осы сияқты, Алла – күнді және оның нұрын жаратқан Ғылым. Ол болмаса, ештеңе болмас еді.

Алланың Ғылым екеніне осынша дәлелдер келтіріп айтқандағы мақсат – қандастарымды, барлық адам баласын Ғылым Оқуға шақыру. Біз Оқығандардың Ғылым-Алланы табу арқылы дәрежелерге жеткенін айттық. Ал, жалғыз Аллаға, Елшісіне, Ол түсірген Нұрға – Құранға Иман келтірген Момын Ғылымшыл болса, бұл дүниенің де, Ақыретінің де қызығын көріп, Жәннатқа жетеріне Алла кепіл.

Оқыңыздар, ағайындар! Құранның қазақшасын көп оқыңыздар!

Құран – ертегі емес, кеше мен бүгіннің Шындығы

Құранның ғылым екенін ғалымдардың мойындағанына көп болды. Бірақ, олар Құранды жақсы білмейтін дүмшелердің – фанаттардың уағызының, амал-әрекетінің тұрпайылығынан ашық жариялап, әлемді Исламға шақырудан тартынып келеді.

Біз Құран Аяттарының күнделікті өмірімізде ауа мен судай араласып, өзімізбен бірге жасап жатқанын «Біз Тақуалық мектебіндеміз, бірақ, жақсы оқушы емеспіз», деген еңбегімізде әліміздің келгенінше дәлелдедік. Сол сияқты Аяттар мақал-мәтелдер мен философиялық тұжырымдарда ғана емес, Ғылымда да, отырған-тұрған тіршілігімізде де өзімізбен бірге.

Енді осыған Ғылымнан дәлел айтайық.

Бірінші. АҚШ-тың Солтүстік Каролина университетінің профессоры Роберт Ланц, жердің жұбы барын дәлелдеді. Бұл Құранның «Әли Ғымран» сүресінің 133-ші және «Хаид» сүресінің 21-аятында былай баяндалады: **«Раббыларыңның жарылқауына және Тақуалар үшін әзірленген, кеңдігі жер мен көктей Жәннатқа жарысындар».**

Аяттың: **«...кеңдігі жер мен көктей...»**, -дегені – Жәннаттың жаратылысы – ауқымы жермен бірдейлігі. Яғни, Оның да оңтүстік-солтүстігі, шығыс-батысы, жері мен көгі бар.

Мұны анығырақ зерттеп түсінуге «Фурқан» сүресінің 53-ші, «Рахман» сүресінің 19-20-аяттары жақсы көмектеседі. Бұларда: **«...екі теңізді қоя берді:мынау тәтті сүйкімді және анау тұзды ащы. Екі арасына бөгет жасады»** (53-а). **«Ағызған екі теңіз қосылады».** **«Екі арасында бөгет бар. Бір-біріне араласпайды»** (19-20-а), -дейді.

Біз «Иасин» сүресінің 36-аятынан Алланың әр нәрсені жұбынан жаратқанын білеміз. Құрлықтың жұбы – мұхиттар, теңіздер, өзендер мен көлдер жалпы – су әлемі. Бір арнадағы екі түрлі судың арасында, екеуін араластырмайтын перде жаратылғаны сияқты, көк пен жердің арасындағы кеңістікте де ғайып әлем мен бізді бөліп тұрған перде бар. Сол перденің бергі жағында біздер, арғы жағында, бізге Алланың рұқсатынсыз көрінбейтін Рухтар, Періштелер, Жан, нәпсі, жын, шайтандар өмір сүруде.

«Рахман» сүресінің 17-аятын оқысақ, дәлеліміз бұдан да

айқындала түседі. Онда: **«Ол – екі шығыстың Раббы әрі екі күнбатыстың Раббы»**-дейді. Бұл – күн, біз жасап жатқан жер мен бізге көрінбейтіндер жасап жатқан әлемді бөліп тұрған перденің үстінен екі жаққа бірдей сәулесін төгіп тұрады, деген сөз. Бізде күн шыққанда оларда да күн шығады, бізде батқанда, оларда да батады. Демек, ол – жердің жұбы. Роберт Ланц айтып отырған жерге параллель әлем – осы.

Енді өзімізге жақсы таныс, терезелері қараңғыланған мәшінді алайық. Оның ішінде отырғандар сырттағыларды анық көреді; ал, сырттағылар бұларды көрмейді. Ғайып әлемдегілер мен біздің арамыз да тап осындай.

Құранның «Ағраф» сүресінің 27-аятында: **«Әй, адам баласы! Шайтан ата-аналарыңның ұятты жерлерін көрсету үшін киімдерін шешіп, Жәннаттан шығарғаны сияқты сендерге де сұмдық жасамасын. Өйткені, ол және оның сыбайластары, сендерді, сендер оларды көрмейтін жерден көреді...»**,-деген. Демек, жерге параллель екінші әлем бар.

Келесі дәлелімізді айтайық. Ғылым бұрын көктер мен жердің тиіскенін, кейін ажыралғанын дәлелдеді. Мұны Құранның «Әнбия» сүресінің 30-аятында былай айтқан: **«Қарсы болғандар, негізінде көктер менен жер тиіскен еді. Екеуін ажыратқанымызды, әр жанды нәрсені судан жаратқанымызды көрмей ме?...»**-дейді. Бұл Аят та Құранның Ғылым екенін сипаттайды. Яғни, Алла білгендіктен, Ғылым болғандықтан екеуін ажыратты.

«Хаж» сүресінің 47-аятында: **«...Алланың қасындағы бір күн, сендер санайтын мың жылмен тең»**,-десе, ғылым көктегі уақыт пен жердегі уақыттың бірдей емес екенін айтып, жерде жүз жыл өмір сүрген адамның, Алланың алдында екі сағат оннан төрт минут қана жасайтынын дәлелдеді.

Және «Ісра» сүресінің 44-ші, «Нұр» сүресінің 41-аяттарында, көктегі, жердегінің барлығы Алланы зікір ететінін ескерткен. Бұл хабар әлемнің дыбыстардан, сөзден тұратынынан және америкалық ғалым-ғарышкер Нил Армстронгтің айға барғанда азанды есіткенінен дәлелденді.

Медицина ғылымы адамның аналыққа түсуі және дамуын бірнеше жыл жүріп сипаттаса, бұл Құранның «Мүминұн» сүресінің 14-ші және «Сәжде» сүресінің 5-аятында айтылған.

«Нахыл» сүресінің 15-аятында: **«Сендерді теңселтпеу үшін**

жер жүзінде тауларды тастап бекітті»,-десе, «Нәбә» сүресінде: **«Тауларды қазық...»** (7-а),-деген. Мұны тау-кен өндірісін зерттеген ғалым Окая дәлелдеді.

«Мәйда» сүресінің 112-115-аятына келейік. Аяттарда: **«...хауарилер: «Әй, Мәриямұлы Иса! Раббың бізге көктен бір дастарқан түсіре ала ма?...» «...біздің одан жегіміз келеді...».** **«Мәриямұлы Иса: «Уа, Алла! Раббымыз! Бізге аспаннан дастарқан түсір. Бұрынғы, соңғымызға мереке болсын... Бізді ризықтандыр!...».** **«Алла: «Күдіксіз Мен дастарқанды түсіремін...»**,-деген. Бұл дастарқан түскен. Оған дәлел біріншіден, Мәшһүр Жүсіп Көпеев бабамыздың Қарқаралыдан еліне қайтып бара жатып, айдалада немересін тамақтандырғаны болса, екіншісі, «Colog Food» компаниясының ауадан тамақ дайындайтыны. («Тақуалыққа бастар жол...» атты кітабымызда кеңірек айттық).

Құранның «Сад» сүресінің 87-88-аяттарында: **«Бұл – бүкіл әлем үшін бір насихат». «Әлбетте, Оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіңдер»**,-деген. Біз ғылым дамыған сайын көптеген Аяттардың өз өміріміздің негізі, Рухани азығы екенін түсініп келеміз.

Ғылым Алланы тапты. Алла «Ағраф» сүресінің 7-аятында, Өзінің жасырын емес екенін, біліп баян ететінін ескертсе, Мұсаның (ғ.с.) сұрауы бойынша Оған (ғ.с.) көрінген еді («Ағраф» с. 143-а). Бүгінгі инновациялық технологиямен қаруланған ғылым Алланы тапты. Ол жерден алты миллиард жарық жылы қашықтықтағы эллиптикалық галактикада екен...

«Һұд» сүресінің 100-аятында: **«(Мұхаммед ғ.с.) бұл – осы өлкелердің хабары. Олардың кейі тұр, кейі орылып жоғалған»**,-десе, бүгінгі археология, полеонтология ғылымы бірнеше мил-лиондаған жылдардың құпиясын ашып отыр.

Құран көшіріп алынған Лаухұл Махфуз – флешка, адамдардың Кітабы – адамдардың жады екені де дәлелденуде. (бұл да сол кітапта төртінші әдісте айтылған).

Алланың Нұр екені, Рухтың Сөз екені, өлген адамның қайта туылатыны дәлелін тапты. Сөйтіп Құранның Ғылым екені Аяттармен, ғылыммен, өмір Шындығымен дәлелденіп келеді.

Шынын айтқанда, Құран – дүмшелер (фанаттар) мен мұнафиқтар уағыздап жүргендей ертегі емес, Қияметті де, бүкіл жаратылыс пен өлгеннен кейін қайта тірілуді де дәлелімен

түсіндіріп отырған Ғылым; Ол – адамзатты пендешіліктен қайтарып, шынайы мәдениеттілік пен парасаттылыққа тәрбиелейтін Хикмет және жалғаншыда сауатты өмір сүру Философиясы!

Алла Тағала «Бақара» сүресінің 30-аятында, жерде Өзінің Орынбасарын жарататынын айтты. Жаратты, Оған сөз үйретіп, Періштелерді сәжде қылдырды. Сондықтан Адамзат – Алланың жердегі Орынбасары.

«Әнфал» сүресінің 17-аятында: **«Сонда оларды сендер өлтірмедіңдер, бірақ, оларды Алла өлтірді. (Әй, Мұхаммед с.ғ.с.) Атқан кезде сен атпадың, бірақ, Алла атты...»**,-десе, «Тәубе» сүресінің 14-аятында: **«Олармен соғысыңдар. Алла оларға сендердің қолдарыңмен азап етсін де қорласын...»**,-дейді. Бұл – біз не істесек, біздің қолымызбен Алла істейді, деген сөз. Демек, Алла да, Аяттар да әрқашан бізбен бірге. Біз істеген, ойлаған ештеңе Аллаға жасырын емес, керісінше, барлығы Алланың Өзінен.

Ал, шайтан кім? Рас, оны да Алла жаратқан. Бірақ, Алла оны Тақуалар мен мұнафықтарды айыру үшін жаратқан («Сәбә» с. 21-а). Сондықтан оны Өзін ескермейтіндерге ерікті етеді («Зұхрұф» с. 36-а); оған ерген күнәкар, Қияметке ұшырағанша оның әдемі көрсеткендеріне («Ғанқабұд» с. 38-а) елтіп жүре береді. Өзін өзі тура жолда келе жатырмын («Зұхрұф» с. 37-а), деп алдайды. «Бақара» сүресінің 83; 86-аяттарының хабары бойынша айтсақ, жер бетінде жақсылар аз, бұзықтардың саны әрқашан көп болады. Міне, осылар елдің ең ықпалды буынына айналғанда, Алладан келген Тура Жол бұрмаланып, түрлі табиғи апаттар, соғыс, төңкерістер жүз береді.

Алла Құранда бірнеше сүрелерде Өзін мойындап, әмірлерін жүректен орындамай, дүние байлығына құныққан талай қауымды жойғанын хабарлаған («Әнбия» с. 11-а). Тіпті, бір Аятта, Елші жіберілген елдерді ғана жойғанын айтса және бір Аятта солардан үлгі алмағандардың да жоқ қылынғаны ескертілген («Таһа» с. 128-а).

Ең соңғы айтып отырғаны – біздерміз, ХХІ ғасыр адамдары. Яғни, бір жойылудан кейін, ғылым-ілімі дамыған, мәдениеті өрлеп шегінен асып бара жатқан біздерге ескертуі. Біздің қолымызда Құранның қазақшасы бар, барлығымыз сауаттымыз, ғалымдарымыз да жеткілікті. Жердің астының, үстінің байлықтарын алып, бабаларымыздың заманынан мыңдаған есе бай және әлуетті ғұрмыр кешудеміз. Бірақ, қанағат пен шүкіршілік жоқ. Бабаларымыздың мыңыншы бабаларының осы

шүкірсіздігінен жер бетінен жойылғанын Құраннан оқи тұра, тарих пен археология ғылымы арқылы біле тұра, соларды жойған жолда келе жатқанымызға көңіл бөлмейміз.

«Рұм» сүресінің 9-аятында: «Олар жер жүзін кезіп, өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын көрмей ме? Негізінен олар, бұлардан күштірек еді де; олар, жерді қопарып, олар оны бұлардың дамытуынан гөрі көбірек дамытқан еді. Оларға ашық дәлелдер мен Елшілер де келген еді (*бізге келген дәлел – осы Аят, Елші – Құран*). Сонда оларға Алла зұлымдық еткен емес. Бірақ, олар өздеріне өздері зұлымдық етті», -десе, «Ахқаф» сүресінің 26-аятында: «Расында оларға сендерге берген мүмкіндікті берген едік. Сондай-ақ, оларға есіту, көру және ойлау қабілетін берген едік. Бірақ, олардың құлақтары, көздері және жүректері ешбір пайда бермеді. Өйткені, олар Алланың Аяттарына қарсы келетін еді (*Құранды ескінің ертегісі, деп түсінді*). Олардың мазақтаған нәрселері бастарына жетті», -деп нақтылап, «Ғафыр» сүресінің 82-83-аяттарында, адамдардың жер жүзін кезуін, өздерінен бұрынғылардың жойылғанын ескертіп: «...Олар бұлардан (*сендерден*) көп және күшті еді әрі жер жүзінде қалдырған деректері мықты еді. Сонда да табыстары олардың істеріне жарамады (*яғни, Алладан келген қаһарды қайтара алмады*)». «Өйткені, оларға Елшілер мұғжизалармен келгенде, өз қастарындағы білімге (*әскеріне, ғылымына, халқына, көрші елдермен достығына т.б.*) мардымсыды да әжуалаған нәрселері бастарына жетті», -деген. Аяттарды талдасақ, бұл Аяттар нақ біздер үшін түсірілген. Себебі, Құран түскен ғасырда ел жер асты байлығын алып бүгінгідей байыған жоқ еді.

Енді суреттерге көңіл бөлейік. Әрине, бұларды еріккен біреулер қашамаған (шекімеген). Бұл – Алланың жойылған қауымдар жәйлі білдірмек болған амалы. Бұлай топшылауымызға бірінші себеп, бұлардың әлемнің: Өзбекстан, Ресей, Армения, Латвия, Қытай, Испания, Италия, Норвегия, Скандинавия, Монголия, Австралия, Индия, Америка сияқты бірнеше елінде, Африка жерінде, Алтай, Тянь-Шань тауларында* бір-біріне ұқсас қалпында кездесетіні болса, екіншісін, Құраннан оқимыз. Алла Тағала «Кеһф» сүресінде: «(Мұхаммед с.ғ.с) үңгірдегілерді

* Ғаламтордан алынды.



Жойылған өркениеттер халқы да біздер сияқты той тойлаған.



Екі өркешті түйе

және жазуды таңырқарлық белгілерімізден, деп ойладың ба?» (9-а),– десе, «Ағраф» сүресінің 145-аятында: «Мұсаға (ғ.с.) тақтайларында әр нәрсені үгіт түрінде ашалап, жазған едік: «...оны мықты ұста және еліңе әмір ет, оның көркем нұсқаларын алсын...»,–деген. Осы екі Аяттағы: «...жазу...» мен:

«...тақтайларында әр нәрсені үгіт түрінде ашалап, жазған едік...»,-дегенінен пікірлеп, тастардағы таңбаларды құдыретті Алла Періштелер арқылы Өзі қашаған дегенге тоқталамыз*. Бұйдеуімізге дәлел жұмыртқаға, бұзауға, қауынға жазылған «Алла» жазуының да осы петроглифтерге ұқсайтыны. Екіншіден, тіршілігі бар жан өмірін зая етіп, тас қашап жүрмесі анық.

Таңбалы тастар туралы Ғылым: «...Қаратау шатқалдары мен сайларында (Қойбағар, Ариөзен, Майдамтал, Үлкентұра т.б.) көптеп ұшырасады. Мыс. Шымкент (қазіргі Түркістан) обл., Созақ ауд., Қойбағар сайында 3045, ал, Ариөзенде 2765 таңбалы тас бар» (ҚСЭ 6 т. 504-6),-деген.

Егер адамның қолымен қашалса, осынша көп болар ма еді?

Алла «Һұд» сүресінің 112-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) бұйырылғанындай Тура бол! Сенімен бірге тәубе еткен кісілер де. Және артық кетпендер! Өйткені Алла – не істегендеріңді толық Көруші»**,-десе, 117-аятында: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Раббың халқы түзу болған кенттерді орынсыз жоқ етпейді»**, (116-аятта:) **«...Зұлымдық істегендер, берілген жоғары тұрмыстың соңына түсіп күнәкар болды»**,-деп, адамдардың өздері өздеріне опасыздық ететінін ескертеді.



***Яжуж-мәжуждің хабары. Олар да теледидар мен
галамтордан пайдаланған.***

* Біз «Тақуалыққа бастар жол» атты кітабымызда Періштелердің әр нәрсені адам сияқты істей алатынына дәлел жазғанбыз.

Сөйтіп Ол, біздерге де: «Оларға да Салихтың хабарын берген едік. Салихтың қауымы, сынау үшін мұғжизаға жіберілген түйені өлтірген еді («Ағраф» с. 73-79-а). Соны Таураттан, Зәбурдан, Інжілден оқып отырғанымен олар: «Аяттарға сауатты амал жасамасақ, біз де солар тәрізді Алланың қаһарына ұшыраймыз. Байлығымызға, қолымыздағы ғылымымызға, әскеріміз бен көптігімізге, техникаларымызға сенбейік», -деп ойланбады.

Соңында Алланың санап отырған күні толғанда («Мәриям» с. 84-а), Нұдтың қауымына келген дауыл бұларға да келіп, оларға тірлік берген электр тоғын өндіріп тұрған: ГЭС, ГРЭС, АЭС-тер мен алып зауыттар, фабрикалар, адамдар жасаған көп қабатты тұрғын үйлер үгітіліп жоқ болды. Өздері қаңғып далада қалды. Сендерге белгі үшін солардың өміріндегі деректерді қашадық. Кітаптың Сөзі – Алланың Сөзі, Тура Жолы. Құранмен жүріндер. Олар жол қойған надандықты сендер істемендер...», -деген ескертуі болар.

Біз ғаламтордың әрі пайдалы, әрі зиянды дүние екенін біліп отырмыз. Зиянды жағын атап айтқанда: адамзат кітап оқып пікірлеуден, есептеуден қалатыны; ұятты амал-әрекеттердің барлығы көрсетіле беретіні; елдің саясаты мен Патшалар туралы және ел зиялылары хақында жалған деректер тарататыны; хаккерлер мен алаяқтардың біреулердің құжаттарын пайдаланып несие реттеп алатыны т.б. Мұны терең түсінген жақсылар қазірден-ақ, адамдарды ойлап-пікірлеуден тосатын ғаламтордың елдің келешегі үшін мүлде зиянды екенін айтуда... Мына суретте яжуж-мәжужден мезі болған елдің, оған қарсылықтар жасағаны бейнеленген.





Мына суретте, Маңғыстау жеріндегі қойтастар. Бұлар – таулардың булькандардан пайда болмағанына, оларды Алла жерді бекіту үшін көктен тастағанының дәлелі.



Мына тастар қолдан қалаған сияқты. Алла Тағала тауларды кесек-кесек алып тастардан тұрғызса, кейбір тастарды балшық күйінде тастап, Өз құдыретінің тағы бір қырын танытқанын түсінеміз. Бұған «Філ» сүресіндегі піл иелерін балшықтармен атқылағанын дәлелге тарта аламыз.



Алланың тауларды көктен тастағанына, әлемдегі жеке тастарды айтпағанда, өз жеріміздегі Маңғыстау қойтастарынан бөлек, осы көріп тұрған тастарыңыз, мына Бурабай көлі ортасындағы Оқжетпес, Өскемен жеріндегі Бөрітостақан, Есіктегі жеке жатқан дәу тас та дәлел.



Егер мына тастар булькандардан пайда болған десек, бұлардан қара, қызыл, ақ жолақтар көруіміз керек еді. Бұларда ондай жолақтар жоқ.



«Фатыр» сүресінің 27-аятында: «...Сондай-ақ таулардан да ақ, қызыл әрі қапқара түрлі-түсті жолақтарды көрмейсің бе?»-деп, жанартаудың дерегін берген. Бірақ, одан тау тұрғыздық деген.

Ал, зауыт-фабрикаға келсек, әрине, оларға керек шикізатты алудан сөз бастаймыз. Жаңағы «Рұм» (9-а) «Фатыр» (44-а),

Ғафыр» (82-а) сүрелерін еске аламыз. Аяттағы: «**Олар жер жүзін кезіп, өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын көрмей ме?...**», -деген сөйлемге амал жасап, жер жүзін кезсек, тауларды және қыраттарды (белестер), төбелерді көреміз. Тау-



ларды жер теңселмеу үшін Алла тастады («Нахыл» с. 15-а), ал, қыраттар қалай пайда болды? Құранда бұл туралы дерек жоқ, керісінше, Алла жерді тегіс қылып жайғанын ескерткен. Мұны біз жер жүзін кезіп жүріп: Үшкүдык, Мұрынтау, Белтау, Арқалық, Жезқазған, Рудный, Теміртау, Саран тағы басқа өндірісті елді мекендерде, жер асты байлығын алушылардың жұмыстарымен танысқанымызда көреміз.



1-сурет.

Олар қыраттарды қолдан үйіп жатыр (1-сурет). Бұл бізге жер бетінде қыраттардың қалай пайда болғанын түсіндіреді. Яғни, бізден бірнеше миллиондаған жылдар не миллиондаған ғасырлар бұрын ғұмыр кешкендер де біз сияқты ғылымын дамытып жасап, тіршілік етіп, жер асты байлығын алған («Ғафыр» с. 82-а);

сонда олар да бос топырақты мына суретте көрсетілгендей белес етіп үйген. Ол белестер ғасырлар бойы жауған жаңбыр-қардың, желдің әсерінен 2-3-суреттердегідей бейнеге келген.

Ал, «...өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын көрмей ме?...», - дегені – сол елдің, сол ғылымның, сол кеншілердің бүгінде жер бетінде жоқтығы; Олардан осындай белестер, қыраттар қалғаны.



2-сурет.

82-аяттың («Ғафыр» с.) екінші сөйлемінде: **Негізінен олар бұлардан күштірек еді де, олар жерді қопарып, олар оны бұлардың дамытуынан да көбірек дамытқан еді...»**, - дейді. Оны біз қанша ғасырлар өтсе де өздерін жоғалтпаған қыраттардың көлемінен және биіктігінен көріп отырмаймыз (2-3-суреттер).



3-сурет.

Ал, төбелерге келсек, мұны археологтардың жұмысынан көреміз. Олар обаларды, қорықтарды ашқанда жердің беткі қабатын алып, шоқалақ-шоқалақ етіп үйіп тастайды. Кеншілер тәрізді белес жасамайды.

Міне, бұл дәлелдерден кейін де біз Құранның біздің және замандастарымыздың өткен өмірі екеніне және мәңгілікке түскеніне әрі Ғылым екеніне көз жеткереміз.

Дүр Оңғар Дырқайұлы бабамыз:

Адам – керуен, өмір – жол,

Ешкімге жат із емес.

Бұл жолмен көшкен керуеннің,

Алды, арты біз емес, - деген. Сол айтпақшы, бізден

бұрында талай қауымдар жасап өтті. Алланы тілінде ғана айтып, Оның Хикметті Жолын дұрыс ұстанбай, «білімдеріне» сеніп («Ғафыр» с. 83-а), соңында Алланың қаһарына ұшырады. Біз сол қателікті қайталамайық, сақтанаыық!

Алла «Әли Ғымран» сүресінің 137-138-аяттарында: **«Сендерден бұрын түрлі оқиғалар өткен. Жер жүзін кезіңдер де Құранды жалғанға шығарушылардың (бұрынғылардың тарихы дегендердің) соңының не болғанын көріңдер».** **«Бұл Құран – адам баласы үшін ашық түсінік Тура Жол және Тақуалар үшін насихат»**,-деген.

Тарихында «Мен Құранды білемін...»,-дегендерге сеніп көп тақсыреттер тартқан біз, Құранның Сөзін бұрынғылардың тарихы демейік, Аяттардан **«...ашық түсініктен...»** дұрыс тағлым алайық, Тура Жолда жүрейік.

Және қайталайық, отарлаушылардың басынуына ызаланып, Алладан тілей-тілей Тәуелсіздікке жеттік. Енді тек Құранмен жүрейік. Сонда Алланың қамқорлығында болып, Тәуелсіздігімізді баянды етеміз.

Құранның «Мүжәдала» сүресінің 5-аятында: **«Расында, Аллаға, Елшісіне қасарысқандар, олар да бұрынғылар қорланғандай қорланады. Әлбетте, ашық Аяттарды түсірдік. Қарсы болушылар үшін қорлаушы азап бар»**,-деген. 1728-31 жылдардағы «Ақ табан шұбырынды, алқакөл сұламаны» қайтып келеді деп ойламаған – Алладан пана тілемеген, Құрани сауатсыз бабаларымыз 1932-33 жылдары сол шұбырындымен қайта жүздесті. Оны тарихтан білеміз, сол азапты шұбырындыны басынан өткергендермен сұхбаттасқанбыз. Бұл – осы 5-аяттың Шындығы. Өкінішті жері, осыны біле тұра Алланың Жолын талап дәрежесінде ұстамаймыз...

«Біз не үшін Ресейге отар болдық?»-деген сұраққа жауапты да тек Құраннан табамыз. Ресейге отар болуымызға басты себеп, Алланың әділдік жөніндегі Аяттарына («Бақара» с. 42; «Ниса» с. 135-а) сауатты амал жасамағандығымыз және: **«Түп-түгел Алланың жібіне жабысындар да бөлінбендер...»** («Әли Ғымран» с. 103-а),-деген Аятына қасарысып, жүзге, ақ-қара сүйекке бөлінуіміз.

Біз осы надандықты енді қайталамайық. Әділ болайық, бәріміз бір Аллаға сеніп, бір Алладан үміттеніп, Мейірім, Рахым тілеп, бізден несібесін ұлық еткен Президентімізді қолдап, Әділдіктің ақ туының астында жүрейік!

Бәлкім, палшылық пен тәуіпшілік – Алланың қалаған Құлына берген мәрхаматы болар

«Ей, Кітап иелері! Неге Ақиқатты жалғанмен шатастырып, біле тұра Шындықты жасырасындар?» (Әли Ғымран сүресінің 71-аяты).

Бұл тақырыпты тарқату үшін, «Бақара» сүресінің 30-аятынан (1) сөз бастағанымыз жөн болар. Аятта Алла Мен жерде Халифамды жаратамын, деді. Халифа – Орынбасар. Біздің түсінігімізше, орынбасар – бастықтың орнын басатын, бастық болмағанда оның қызметін атқаратын адам. Адамдар әкесі өлгеннен кейін туылған ұлға да, әкесінің орнын бассын, деген ниетпен Орынбасар деп есім береді.

Ал, Өзінің жаратқандарының ешбіріне ұқсамайтын Алланың орынбасарын қалай түсінеміз? Алла орынбасарымды жаратамын дегенде, Адамды (ғ.с.) жаратты. Алайда, Ол (ғ.с.) қалай, жоқтан бар етуші Алланың халифасы бола алады? Адам Алланың жаратқанындай жарата ала ма? Өлгенді Алласыз тірілте ме? Ғайыпты біле ме?...

Бұл сұраққа жауап табу үшін біз Алланың 99 есіміне сүйенеміз. «Біз кімбіз?»-деген тақырыбымызда, өзіміздің Рухпен ғана Толық адам екенімізді айтқан едік. Сол Рухты «Әнфал» сүресінің 17-аяты тұрғысынан қарап түсінсек, Алланың жердегі Халифасы – Алланың ілім-білімін жүзеге асырушы ерекше хислаттар берген Құлдары болып шығады. Мұның басы әрине, Пайғамбарлар. Ал, Пайғамбарлардың төңірегіне Халифалары жүздеп, мыңдап, миллиондап тұтасып жүріп өз-өзіне, яғни өздері құрған қоғамға қызмет қылады. Сондықтан Алланың бір есімі – Әл-Халику.

«Бақара» сүресінің 251-аяты («Хаж» с. 40-а) мен «Әнфал» сүресінің 17-аятына тоқталайық. Бірінші Аятта: **«...Алла Тағала адам баласының бірін бірі арқылы қорғамаса, жер жүзі бұзылар еді. Алла – бүкіл әлемге кеңшілік Иесі»**,-деген. Қорғау! Расында, жер бетінде адамдар «...бірін бірі арқылы ...» қорғалмаса, өмір – өмір болмас еді. Ата Заңға кепілдік етуші Патша; елді сыртқы жаудан қорғаушы әскер; ішкі тәртіпті ұстаушы полиция; ауру-сырқауға дәнекер тәуіптер мен дәрігерлер; Тура Жолға, Әділдікке тәрбиелеуші ата-ана, туыс, ағайын, көрші, мұғалім... Осы сияқты адамдар адамдар арқылы қорғалады.

Ал, екінші Аятта: **«Оларды сендер өлтірмедіңдер, Алла өлтірді. Атқан кезде сен атпадың, Алла атты...»**,-дейді. Демек, жаңағы атап өткен қорғаушылар да, өздерінше ештеңе істей алмайды, олар арқылы Алла Тағаланың Өзі бізді, елді қорғап отыр.

Мұны анығырақ түсіну үшін Алланың есімдерінен бір-нешеуіне зер салайық. Бірінші, Алланың Әл-Мәлику есімінен бастайық. **Әл-Мәлику – Патша. Ол қалай басқарамын десе, Өзі біледі. Кеңесшісі болмайды.** Ал, пенденің тірлігіне келсек, халық: «Патша – Алланың жердегі көлеңкесі», «Патшада қырық адамның Ақылы болады»-дейді. Патша да Алланың берген ықпалы мен Ақылынан пайдаланып, өзінің оқыған, есіткен білімі, тәжірибесі бойынша мемлекетті басқарады, бірақ, кеңесшілері, көмекшілері, уәзірлері бар. Және бір есімдері: **Әл-Муьмину, Әл-Мухаймину – Қорғаушы, Үстем мағынасында.** Пенделер арасында прокуратура, сот, министрлер, полиция дегенге тура келеді; Ал, **Әл-Халику есімі – Жаратушы екенін білдіреді.** Тірлікте еңбекшілер, дикандар, инженерлер, құрылысшылар т.б. Олар бау-бақшалар өсіреді, шаһарлар тіктейді, алып зауыттар құрып кемелер мен машиналар жасайды; Алланың **Әл-Раззақ есімі – Ризық, тамақ беруші деген мағынада.** Тірлікте миллиондаған адам мал бағады, егін егеді халыққа азық-түлік жеткеріп береді; **Әл-Фаттаху – Жақсылық жасаушы.** Тірлікте кәсіподақтар ұйымы, қайырымдылық қорлары; **Әл-Балиму – Бәрін Білуші, терең білім Иесі.** Жер бетінде ғалымдар; оқып, зерттеп, тәжірибе жасап Алланың білдіргенінің «Шура» с. 51-а) бәрін біліп халық игілігіне жаратады; **Әл-Базиму – Аса зор кеңшілік Иесі, Мәртебелі, Ең ұлы деген мағынада.** Халық арасында пейілі кең, пендешіліктен ада, білімді, парасатты, салихалы аталарымыз, ағаларымыз, замандастарымыз, ізіміздегі игі ниетті толқын; осындай есімдерінің бірі – **Әр-Рахману – Аса Қамқор, Әр-Рахиму – ерекше Мейірімді, Әс-Саламу – есендік Беруші.** Міне, тақырыбымызға тікелей қатысты бұлардың қамтитын қарымы өте кең әрі аса маңызды. Себебі, бұлар – Қамқоршы, Мейірім, Қайырым, денсаулық. Бұлар бізге медицина арқылы, тәуіптер мен әулие рәуішті («Мүмтахина» с. 13-а) шипалы орындардың шарапатымен келеді. Тақырыбымызға тірек болар екінші топ есімдері: **Әл-Муғиру – Қайтарушы,** түсінігінде жоғалған мал, мүлік немесе адам..., қайтарылатыны айтылған; **Әл-Уәжиду – Бай, Табушы,** түсінігінде нені тапқысы

келсе, сәтінде-ақ табады, өйткені, Ол жоғалтушы емес...; **Әл-Мұқтадиру – Құдыретті**, түсінігінде нені істегісі келсе, соны істейді..., деген.

Бұларды мәнілеп отырғанымыздың мәнісі – Алланың Әс-Саламу және Әл-Муғиру қатарындағы есімдерімен халыққа шипа жасап, шарапаттарын тигізіп отырған тәуіптер мен палшылар да Алланың ықыласы түскен Құлдары екенін айтпақ. Жасап жүрген амалдары Алланың есімімен байланысты болғандықтан бұлар Алладан алыс емес. Бұлар – Алланың жерде жаратқан Халифасының бір бөлшегі. Алайда, жүрегімізге: «Палшылық, тәуіпшілік – шайтанның істері», - деген, жалған қағида сіңіп қалғандықтан, Алланың: **«Оның рұхсатынсыз ешбір шапағатшы жоқ»**,- деген Аяттарына көзді жұмып, бұл Шындықты қабылдай алмаймыз. Сондықтан тіс-тырнағымызбен қарсы шығып, БАҚ-тарда оларды қаралап келеміз. Бірақ, Аяттар мен өмір Шындығы біздің қаралауымызды қостамайды.

Енді осыны дәлелдеуге тырысайық. Алдымен бүгінгі ортаны таныстырайық: қазіргі адамдар сауатты, олардың арасында дін, Имандылық хақында уағыз айтушылардан да білімді адамдар бар; бірақ, үлкендері кеше – 1991 жылы ғана атеистік құрсаудан шықса, жастары солар мен ғайридіндерге еліктеп, Исламға жүрдім-бардым қарайды. Оның үстіне қимылдасаң – «күнә» дейтін, сыйласаң – «ширік» дейтін дәлдүріштер, кәдуілгі Ата Жолға, салт-дәстүрге қарсы шықты да оларды, тіптен, діннен алыстатып жіберді. Осылардың бірі – ғайыптық құдыреттің барына халықтың сенімін ашып жүрген палшылық: пал аштыру, құмалақ салдыру және Құран бойынша Аюбтан (ғ.с.) басталып, ізі б. ж. с. екі мың жылдай бұрын өткен Хакім Лұқманнан бір бой көрсетіп, Иса (ғ.с.) арқылы жаңарып әрі толыққан, Мұхаммедке (с.ғ.с.) түгелденіп жеткен ілімдердің бірі – тәуіптік мәселелеріндегі түсінбеушіліктер.

Әңгімені кезкелген теолог пен намазханға, Имандыға жақсы таныс «Аятул күрсінен» бастайық (2). Мәңгі тірі, қалғымай, ұйықтамай меңгеріп Тұрушы, көктер мен жердегілердің барлығының Жаратушысы әрі Иесі жалғыз Алланың құдыретіне, Мұсылман біткеннің барлығы Сенеді және **«...Оның рұхсатынсыз...»** ешкім шапағат ете алмайтынына, көктердегілер мен жердегілер **«...Оның қалауынан басқа еш нәрсе...»**

білмейтініне де Сенеді. «Бақара» сүресінің 42-аятына және Шындықты айту хақындағы Аяттарға амал қылып, Шындығын айтқанда, осы «Аятүл курсінің» өзі-ақ бізге палшылар, тәуіптер туралы байқап сөйлеуді ескертетіндей. (Палшылар мен тәуіптерге қарсыларды, бұдан кейін тек «қарсылар» деп жаздық).

«Жүніс» сүресінің 3-аятында: «...көктер мен жерді алты күнде жаратты. Сосын ғарышты меңгеріп, істі басқарды. **Оның рұхсатынсыз ешбір шапағатшы жоқ...**», -десе, «Мәриям» сүресінде: «**Рахманның қасында уәде алғаннан басқа ешкім, шапағат ету күшіне ие бола алмайды**» (87-а), -дейді. Және «Нәжім» сүресінің 26-аятында: «Көктерде қаншалаған Періштелер бар. Алла қалап риза болған кісісіне **рұхсат бермейінше, олардың шапағаты ешнәрсеге жарамайды**» (3), -дейді. Құранда бұлармен мазмұндас бірнеше Аяттар бар. Бұлардың мақсаты, Алладан басқа ешқандай үкімдар, жарылқаушы, шапағатшы жоғын жеткеру мен не қимыл-әрекет, жетістік пен ұтылу, жоғалту мен табу, ауру мен ем қонуы – барлығы тек Алланың ғана қалауымен болатынын ұғындыру, Өзіне серік қосудан сақтандыру.

Біздегі қарсылар палды да, тәуіптікті де шайтанның ісі дейді. Сонда осы төрт Аят ескертіп отырған: Алланың рұхсатынсыз ешкім шапағат ете алмайтыны, басқалар Оның қалауынан өзге ешнәрсе білмейтіні, шапағаты ештеңеге жарамайтыны хақындағы хабарларының мәні не болды? Лағнеттелген шайтанның айтқаны да келе бере ме? Онда қарсылар оны Аллаға теңестіріп, серікке қосып отырған жоқ па?

Субханалла Тағала «Хаж» сүресінің 38-аятында Өзіне Кәлима келтірген Құлдарын қорғайтынын айтқан. Ал, ақылы бүтін палшы, тәуіптің көпшілігі намаз оқиды, оқымағаны да Кәлимасын біледі, дәретпен жүреді. Егер олар, осы амалдармен жүрмесе, олардың өздері қиналады. Ғылым тілімен айтқанда, бойындағы энергия – тылсым күш оларға жайсыздық әкеледі. Сол үшін олар Аллаға жиі жалынуға, таза жүруге мәжбүр. Демек, олар Алланың қамқорлығындағы Құлдарынан бір тобы.

Кітаптарда, «Иман» журналы мен «Ислам және өркениетте» палға қарсы мақала жазып жүргендердің дені «Мәида» сүресінің 90-аятын дәлелге келтіреді. Онда: «**Әй, Момындар! Арақ, құмар, тігілген тастар және бал ашатын оқтар лас, шайтанның**

істерінен. Олардан сақтанындар, құтыларсындар»,-деген. Пал ашпаңдар, демеген, **«...пал ашатын оқтар...»**,-деген. Осы сүренің 3-аятында: **«оқтар арқылы талай сынауларың...»**, деген. Жалпы атау емес, жалқы – оқты ғана атап отыр. Демек, кезінде адамдар, арнаулы бір оқты пал ашуға арнаған болар. Алла Мен жаратқан заттармен, демеген. Оқты айтқан.

Субханалла Тағала «Бақара» сүресінің 150-аятында: **«...Тура Жолда болуларың үшін Менен қорқындар»**, деген. Ал, «Ниса» сүресінің 135-аятында, кімнің зиянына болса да Шындықты айтуды парыз еткен. Демек, біз, өткендерге жалтақтаудан Аллаға ғана паналап, осы пал ашу, тәуіпшілік, өліп тірілу, Шындық пен кіріп-шығу тектес Аяттарды түсінуде және түсіндіруде, Құрани және ғылыми дәлелі бар, өзіміздің түсінігімізді айтқанымыз дұрыс болар. Себебі, біздің заманымыз – тәпсіршілердің заманынан көш ілгері дамыған заман.

Біз палға байланысты пікіріміздің дұрыстығын «Бақара» сүресінің 49-50-аяттарының (4) баянымен, түсінігімен дәлелдей аламыз. Халифа Алтай аудармасында келтірген риуаят бойынша Перғауынға палшылар: «Израил ұрпақтарынан бір ұл туылып, ықпалыңды жояды»,-деген екен. Перғауын сақтанған... Алла Тағала Өзінің құдыретімен нәресте Мұсаны құтқарып (5), оған Жол көрсетіп, Пайғамбар етіп (6), перғауынның өзіне үгіттеуге жібермеді ме? Текетірес соңында Алланың Өзі Мұсаны (ғ.с.) қауымымен құтқарып, перғауынды суға батырды (7) – палшылардың айтқаны келмеді ме?...

Тақырыбымызды айқындай түсу үшін «Бақара» сүресінің 109-аятына тоқталайық. Онда: «Кітап иелерінің көбі, оларға Шындық айқын болғаннан кейін, өз күншілдіктерінен сендерді Иманнан кейін қарсылыққа қайтаруды қалайды. **Алла бір әмірін келтіргенге дейін, оларды кешіріндер, елемендер. Күдіксіз, Алланың әр нәрсеге күші толық жетеді**»,-деген. Осындағы: «...Алла бір әмірін келтіргенге дейін...»,-деген Сөйлемді қалай түсінеміз? Пайғамбардың соңы Мұхаммедпен (с.ғ.с.) бітті. Құран ғасырлар бойы келіп-кете беретін барлық адамзатқа бола түскен. Алайда, бүгінгі бізге Жәбрейіл (ғ.с.) келмейді. Сонда біз Алланың әмірін қалай білеміз? Бізге мұны түсінуге әрине, «Шура» сүресінің 51-аяты көмектеседі. Аятта: **«Алла бір адам баласымен көкейіне салу түрінде...»**,-білдіретінін айтқан.

Уәдесіне берік Алла уақыты келіп, бір адам баласының көңіліне салып, сол арқылы бізді Имандылық Жолынан қайтарғысы келетіндерден қорғайды. Осы сияқты, айтқаны дәл келетін нағыз палшылар да Алланың көкейіне салғанын ғана айтады.

Перғауын оқиғасы мен мұны ескеріп түйіндесек, пал ашу да Алланың ілімінен. Біз оқтан шығарып құмалақпен, картамен, сумен, алақанға қарап пал ашқанның барлығын айыптап келеміз. Егер пал біткеннің барлығы өтірік болса, халық палшылармен байланысын үзер еді. Сәттілікке орай, көпшілік пал рас болып, Құранға сенетін халық олардан да Шындықты көріп жүр. Пал арқылы Алланың кереметтерін танып, Имандылық Жолына қайтып жатыр. Алайда, осы екі Шындықтың – Құран мен палдың ортасын «уағыз» ажыратып, нәтижеде күнәсіз халық кімге сенерін білмей, екіұдай ойда. Құранға күмәндануға Алладан қорқады. «Уағызға» сенейін десе, әулиеден де, палшыдан да, тәуіптен де Шындықты көріп отыр. Ортада «уағызшыға» күмәнданады. Расында да екі Шындықтың арасына жік салып сөйлеген қарсылар кінәлі.

Сондықтан олардың, Алладан бір үкім келмей тұрып, «Мәида» сүресінің: **«Әй, Момындар! Алла сендерге адал еткен жақсы нәрселерді арам етіп, шектен шықпандар. Шынында Алла шектен шығушыларды жақсы көрмейді»** (87-а),-деген Аятын ескеріп, райынан қайтқаны жөн шығар!

Бәлкім, оқтан басқамен пал ашуға қарсы келмесек, Аяттарды дұрыс түсінген болармыз. Бұлай деуімізге, сенімді дәйек, «Бақара» сүресінің 255-аяты мен «Жүніс сүресінің 3-аятында айтылғандай: **«...Оның рұхсатынсыз ешбір шапағатшы»** жоқтығы, «Текуир» сүресінің 29-аяты ескеркендей: **«Әлемдердің Раббы Алла қаламайынша...»** тілектердің орындалмайтыны. Біз «Әулие, әруақ жоқ!»-деме, олар тірі» деген тақырыбымызда палшының, құмалақшының айтуымен әулиелерге түнеп перзентті болғандар жайлы айттық. Бұл жерде де қайталайық, Алла қалап солардың тілегі орындалды ғой. Соны көре тұра біздің Шындықты айтпағанымыз, яғни, Ақиқат пен жалғанды шатастырғанымыз – «Әли Ғымран» сүресінің 71-аяты хабарлаған Кітап иелерінің надандығын қайталағанымыз, яғни, Аллаға қарсы амалымыз.

Өмірде палдың, әулиелерге тәуәссул етудің, тәуіптердің жақсылығын көрген дәлелдер көп. Алайда, қарсылар мен олар

оқыған ілгергі заманның ғалымдары, өздері қарсы болғандарға сол қасиеттерді Алла бергенін мойындап, олардың айтқанының келетіні де, емінің қонатыны да тек Алланың қалауымен екеніне неге келіспейтіні таң қалдырады.

Сонда олар Алланың құдыретіне, іліміне шек қоя ма?! «Шура» сүресінің 51-ші және Аятул курсі мен «Жүніс» (3-а), «Инсан» (30-а), «Текуир» (29-а) сүрелерінің Аяттарына қарсы барып, осыншалықты тиым салатындай, өздері Алладан білгіш пе? «Саффат» («Хыжыр» с. 16-18-а) сүресінде: «Рас, дүние көгін жұлдыздармен безедік», «**Бүкіл шектен шыққан шайтаннан қорғадық**», «**Олар жоғары әлемді тыңдай алмайды. Олар әр тараптан атылады**», ..., «Алайда, әлде біреу бір сөзді ұрлайтын болса, оны өткір бір жалын қуалайды» (6-10-а),-десе, «Шұғара» сүресінің 210-212-аяттарында: «**Бұл Құранды шайтандар түсірмеді**». «**Оларға лайық та емес. Шамалары да келмейді**». «**Рас, олар тындаудан мүлде ұзақтастырылған**», -деген болса, «Сәбә» сүресінің 14-аятында: «**...Егер жындыр ғайыпты білсе еді, олар ауыр машақатта қалмас еді**»-дейді. Сонда қайтіп палшыға не тәуіпке, қарсылар айта беретін, шайтан, жын келіп бірдеңе сыбырлайды? Әлде, Алланың осы сүрелеріндегі Сөздеріне олардың күмәні бар ма?

Жасыратыны жоқ, пал аштыруға, әулиелерге түнеп тәуэссул жасауға шет елде оқып келгендер тиым салғанды шығарды. Әйтпесе, қазақ діндарлары бұларға қарсы сөз айтпаған. Айтса, «Алпамыс батыр» жыры сияқты дастандарды жырауларға айтқызбаған болар еді. Тіпті, мұндай дастан өмірге келмес еді. Ол – Шындықтан туған, Шындықты насихаттаған дастан. Сондықтан ол кең таралған және оны тыңдағанда, Алланың құдыретін жүректерімен танып, жылап отырған. (Бұған куә болғандар әлі ортамызда бар).

Біз ата-бабаларымызда да Құранға қарсы жікшілдік – жүзшілдік сынды қателіктер болғанын ескере отырып, Құранда дәлелі бар тәуіптік пен пал ашуға жол қойғанын мойындайық. Палшы да, тәуіп те отты айналып, тәу етіп ойына келгенін айта беретін адасқан дін адамы емес. Бабаларымыз соны біліп қарсы болмаған.

Алла Тағала: «Бақара» сүресінің 212-аятында: «Сондай кәпір болғандарға дүние тіршілігі әдемі көрінеді де Мұсылмандарды

тәлкек қылады. **Негізінде Тақуалар Қиямет күнінде олардан үстем болады. Және Алла қалағанын есепсіз ризыққа бөлейді,-**десе, «Нұр» сүресінің 38-аятында: «...**Алла қалаған Құлын есепсіз несібеге бөлейді**», -деген. Бәлкім, палшылар мен тәуіптер де сол – Алланың қалағандарынан болар! Кезкелген адам палшы не тәуіп бола алмайды ғой! Бәлкім, палымен, тәуіптігімен бірнеше адамды қуантып, сауаптарға қалып жүрген олар, Қиямет күні бізден артық болып, оларды тәлкек етіп жүрген біздер де кәпірлер сияқты ұятқа қалармыз.

Біз Ислами ғылым үйренушілерге қарсы емеспіз. Бірақ, оны Құран Аяттарын толық жатқа біліп, қанық түсінген намазхан үйренсін. Себебі, ескі тәпсірлер – бір патшалықтың ыңғайына бейімдеп пәтуа шығарушы бір топтың шешімі. Күллі Мұсылман жұртына және бүгінгі, алдағы замандарда келе беретін барлық адам баласына емес. Тақырыбымыздың сегізінші бастауында сөз еткен «Бақара» сүресінің 49-50-аяттарындағы жағдай сияқты пәтуашылардың кейбір тоқтамдары Аяттарға сай келе бермейді. Олардың арасындағы Құран Аятын толық талдай алмаған – оқыған Аяттарына дәлел болар дәйектерді өмірінде кездестірмеген біреулері елді адастырып кеткен. Бәлкім, олар, Алланың қалаған Құлына артықшылықтар беретіні, құпияларды да тек Өзі қалаған Құлына ғана білдіретіні туралы Аяттарды дұрыс түсінбей, түсінсе де: «Осы қасиетті неге бізге бермей, оларға береді?» («Сад» с. 8-а)-дегендей пендешілікпен: «Көріп келдік, алдын ала білу, тек Пайғамбарларға ғана берілген қасиет», деп, қате пікірлеп, пендешілікпен сөйлеп, өздері де, өзгелерді де жаңылдырып отырғаны рас.

Алайда, сол замандағы ғалымдардың ішкі дүниесі туралы толық білмейтін біздер, тек олардың пікіріне ғана сүйеніп сөйлеп жүрміз. Бұл да силсиланы орынды қолданбай жүргеніміздің кесірі. (Әйтпесе, біз Мөңке бидің болжамын мойындап жүрміз ғой).

Ал, шынайы ғалымдар Иманына адал палшылардың палы өмірде Тура шыққанына сүйене отырып, Құрандағы Аяттарды ескеріп, палды: Рәббәни, шайтани деп екіге бөліп кеткен. Егер, Шындыққа кездеспесе, мұндай ой тумаған болар еді. Бұған кезкелген ғылым адамы келіседі. Сондықтан пал, құмалақ, тәуіпшілік туралы үзілді кесілді тиып сөйлеу – Алланың кереметі

мен іліміне шек қоюмен бірдей амал. Өкінішті жері, қарсылар палшылық пен тәуіпшіліктің Рәббәнилігін сірә, айырып айтпайды, жалпы тиым салып «уағыз» жүргізеді.

Өз атауынан айшықталып тұрғандай-ақ, Рәббәни пал – дәл келетін пал, шайтани – нәпсісі арманшыл көңіліне салып, бос қиялына сеніп (8), оңай жолмен нәпақа табу мақсатына көшкен жалқау, өтірікші, аяр, алаяқ нанқорлардың құйтырқылығы. Бұған Періштелердің түк әсері жоқ. Бұл – Шындық.

Орны келіп тұрғанда, Алла қасиет берген палшылардың, тәуіптердің атын бүлдіріп жүрген: жалқау, аяр, алаяқтардың амалына да дәлел айта кетейік. Алла – жүректердегіні Білуші. Бұлар – Алланың «Бақара» сүресіндегі: «(Мұхаммед с.ғ.с.) егер Құлдарым сенен Мен туралы сұраса, оларға өте жақынмын. Қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін. **Ендеше олар да әмірімді қабыл етсін. Және Маған сенсін. Әрине, Тура Жол тапқан болар еді**», -деген 186-аятынан хабарсыз пенделер; бұлар – Алланың: «**Намазды толық орындандар, зекет беріндер, сондай-ақ, иілушілермен бірге иіліндер**» (43-а), -деген үкімі ауырлық ететін «...**Расында, намаз ынталылардан басқаларға ауыр келеді**» (45-а), -дегеніндегі Аллаға ынтасыздар. Бұлар Алласыз өздері, өз ырыс-несібелерін тауып жемекші. Осы пейілін жақсы Білетін Алла, «Зұхрұф» сүресінің 36-37-аяттарында жеткергеніндей, оларға шайтанды ерікті етеді. Аяттарда: «**Әлде кім Рахманды еске алудан бастартса, оған шайтанды ерікті қыламыз да ол оның жолдасы болады**», «...**оларды Жолдан тосады. Олар өздерін тура жолға түсірілдік деп ойлайды**» -деген.

Өте түсінікті жай, шайтан араласқан жерде арамдық жүреді. Сол себепті де аярлардың палы – өтірік, емі – көбік болып, ел алданады. Ал, оны жолатпайтын – сол пал ашатын адамның биік парасаты мен кемел Имандылығы. Сөзіміздің басында «Хаж» сүресінің 38-аятынан шығарып Имандылық жайына ат шалдырып өтіп ек. Енді соны кеңірек айтайық.

Алла Тағала Құлдарының, соның ішінде әйелдердің жан-жақты таза болғанын жақсы көретінін (9) ескерткен. Бұлар: дәрет, ғұсыл, Кәлимаға адалдық, Рухани тазалық, құлшылық пен мәдениетті киіну. Бұлай таза болуды талап етуінің мағынасы – Алланың Өзі де, Оның әр пендені күзетуге, қорғауға бекіткен

Періштелері де мінсіз таза. Сондықтан олар тек әр тараптама таза үйлерге, іші-сырты бірдей таза пенделерге үстіндегі киіміндей жақын жүреді. Бәлкім, олар киімі ластан бір қарыс, денесі ластан бір құлаш, пейіл-ниеті ластан бір қозыкөш, жүрегі ластан ат шаптырым алыс жүретін болар. Егер палшы, тәуіп тілін өсек айтудан, балағат сөздер мен мақтанып сөйлеуден; көңілін тәкаппарлықтан; құлағын өсектер тыңдаудан, сыбырдан, арам музыкалардан; көзін арамдық туралы кинолар мен арам нәрселерден; пейілін дүниеқоңыздықтан сақтап, өзінің бойына осы қасиетті берген Аллаға мыңдаған мәртебелер шүкір ететін болса, ашқан палының дәл келетінін құпия ұстап, бес парызды мүлтіксіз орындап жүрсе, Иншалла, оларға Періштелері Тура хабар жеткеріп, олар қателеспейді.

Бұл амалдарымен олар Алланың ризашылығына жетеді. Себебі, оларға келіп шарапат көргендер, Алланың құдыретін жүрегімен біліп, Оған тәубе айтады әрі намаз оқып, ораза ұстап, Оған жақындауға тырысады. Бұлардың Аллаға жақындауға тырысуы, оған себепші болған, Иманына адал палшы мен тәуіптің дәрежесін көтереді. Мұны «Әнғам» сүресінің 132-аяты (10) мен Мұхаммедтің (с.ғ.с.):

2016 жылы 27-қаңтарда «Егемен Қазақстанда» «Рахи-ма» деген тамаша естелік жарық көрді. Онда: «...Шешеміздің мамандығы – мұғалім. Әкеміз мектеп директоры... Анамыз 40 жасында Ленин орденін таққан. Әкем дүниеден озғаннан кейін директорлық қызметті өзі жалғастырған...әкеміздің атында көше бар. Әлгі мектептің алдында анамызға мемориалдық тақта қойылды.

...Ол кісі сауатты, көзі ашық адам болған, бес уақыт намазын оқыған. Тұқымдары шетінен солай ілім құған жандар. ... Ауданның хатшысы орыс кісі еді. Соларға өзін мойындатқан марқұм анамыз шынымен де ішкі Рухы темірдей мығым адам еді. ... Шектен тыс **еркелетпейтін**. Бізге: «**Адал еңбек етіндер. Әр дайым арларында таза сақтай біліңдер**», -деп Ақыл-кеңес беретін. Үкіметтің жерде бос жатқан бір нәрсесін алғызбайтын...

...Ақ жаулығы жер сызып отырған сәті көз алдымнан кетпейді. Кейде әлде неге аландаса құмалақ салатын әдеті бар

еді. Бір ғажабы, құмалақ бойынша айтқандары дәл келеді. ... жоғалған малдың тарихын апамыздың құмалағы мінсіз баяндап беретін.... Өз анамыз депутат болды. Мәскеуге жиі сапар шегеді. Біз баламыз, сағынамыз. Сонда ана кісі (Рахима апай) құмалағын шашып жіберсе, құдды бір есіктен күлімдеп анамыз кіріп келетіндей, соған қатты сенеміз. ... Өйткені ол, ешқашан алдап көрмеген. Не айтса, сол аумай орындалады. «Мына күні келеді», дейді. Сол күні анамызбен қауышамыз. Ой, тоба-ай, десеңізші! Көріпкелдігі бар көркем мінезді жан еді.

...Шіркін біздің Рахима шешеміз байдың тұқымы болғанымен, сондай кішіпейіл жан еді. ... бізге де қарапайым болындар дейтін. ...Көпке қарайлассандар, қайырымды болсандар Құдай сендердің де қолдарыңды бос қалдырмайды, несібесін береді, дейтін...»...

Әрине, палшылардың осы Рахима анамыз сияқты өте мәдениетті болуы жеке басының пайдасы. Рухы мықты дегеннен шығады, әркімнің күзетуші Періштесі барын айттық. Сол Періштелер де қамқорлық етуде, пенденің тазалығына, парасаты мен ілім-біліміне қарай бірінен бірі анағұрлым айырмашылық қылады. Сондықтан пендешіліктен жоғары тұратын, парасаты мен мәдениеті кемел палшылар мен тәуіптер мәртебелі. Ал, нәпсісі үшін палшылардан үйренгенін істеп жүрген, мәдениетсіз «палшылар», алдына келіп отырған мұқтаждың Рухынан өз Рухының әлсіз екенін сезінбейді. Палына да ештеңе көрінбейді. Бірақ, ол ақша үшін аузына келгенін айтып, Аллаға да, пендеге де жазып қалады.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы бір естелігінде Сара апамыз мақтап қоймағансын бір палшыға пал аштырмақ болады. Палшы палын 2-3 мәрте қайталайды да, соңында, өзінен Нұрсұлтан Әбішұлының әруағы күшті екенін айтады. Бәлкім, ол Райымбек батыр бабамыздың Рухы болар.

Мен ауданда жұрт мақтай берген бір жас палшыға бардым. Ол да қартасын үш рет салды. Болмады. Сосын маған күші келмейтінін мойындап, кешірім сұрап, өзімнен күшті әруақтыларға баруыма кеңес берді. Міне, бұлар – мәрт, нағыз Алла үшін халыққа қызмет етуге ниеттенген палшылар.

Нұраталық ишандарды бала күнімнен есітіп өскенмін. Түбі бір атадан тарайтын олар, УІІ ғасырдан бері, Алланың Жолынан

ауытқымай келеді. 2000 жылы сол ишандардың бір ұрпағы Шарафитдин ишанға бардым. Келушілер көп. Есіктен кірген бөлмедегі үлкен дастарханның басында жан жақтан жиналғандар, шай ішіп, кезек күтіп отырдық.

Ішкі бөлмеден, ишанның алдынан бір топ адам шығып, біздің топ кірдік. Баласымен екеуі оқып отырды да, бір кезде ишан қамшысын қолына алып, орнынан тұрып, алдында отырған екі адамды қақты. Ортаға жылжи бере, тоқтап: «Кімнің ата тегінде құшнаш болған?»-деді. Екі әйел жауап берді. Мен «құшнаш» дегенді саздан түрлі бұйымдар жасаушы шебер деген мағынада түсініп, үндемедім. Бір шеттен қағып келіп-келіп, маған келгенде, қамшысын көтерген күйі: «Мен сұрадым ғой. Сіз неге айтпадыңыз?»-деді. Мен өз түсінігімді айттым. Қақпады. Менен кейінгілерге өтті. Орнына отырып және шамалы оқып бата жазады.

Осы сияқты дәйектер халқымыздың: «Хислатсыз адам болмайды», -деген даналығын еске салады. Расында, палшылар да, тәуіптер де жай адамдар емес. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, олардың арасындағы жалатайлары, бүкіл палшылардың атын бүлдіріп жүр.

Алла Тағала «Қасас» сүресінің 56-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) сен жақсы көргенінді Тура Жолға сала алмайсың. Алла кімді қаласа Тура Жолға салады. **Ол Тура Жол табатындарды жақсы Біледі**», десе, «Әли Ғымран» сүресінің 74-аятында: «**Ол қалаған Кісісіне мархаматын арнайды және Алла зор кеңшілік Иесі**», деген. Демек, тәуіптер мен палшылар Алланың, Өзі қалап, осы бір қасиеттерді берген Құлдары!

«Бақара» сүресінің 253-аятында Исаға (ғ.с.) ашық мұғжизалар беріп, Оны (ғ.с.) Жәбрейіл (ғ.с.) арқылы қуаттағанын ескерткен. Бәлкім, Алла Тағала, Өзінің құдыретін Құлдарына білдіру мақсатында осы Ілімін, біздер палшы, тәуіп атап жүрген, ұсынақты бір Құлдарына «**(Мұхаммед с.ғ.с.) атқан кезде сен атпадың, бірақ, Алла атты...**» («Әнфал» с. 17-а.), дегеніндей, Өзіндік сипатымен дарытқан болса;

бәлкім, Құранды шипа үшін түсірген Алла Тағала: «... адам баласының бірін-бірі арқылы қорғамаса, жер жүзі бұзылар еді. Алла – бүкіл әлемге кеңшілік Иесі» («Бақара» с. 251-аят), -деген Аятының екінші бір мағынасын осы палшылар мен тәуіптер

арқылы сипаттап тұрған болар. «...бүкіл әлемге кеңшілік иесі», - деп, отырғандағы әлемінің бірі осы пал мен тәуіпшілік шығар?! Себебі, Алладан басқа, Алланың ілім-білімінен бөгде өнер де, ілім де, білім де, шапағатшы да жоқ.

Адамзатты, соның ішінде әууелден Ислам үшін жаралған («Рұм» с. 30-а) Мұсылманды сорлатып келген және бүгіннен алдын алмаса, келешекте де құртатын тажал – жікшілдік пен мақтаншақтық. Бәлкім, палға қарсы пікір айтқан ғалымдардың заманындағы пал ашатындар, Алланы тілінде ғана айтып, іс жүзінде Алла берген несібеге асқынып, асылық сөйлеп, Құранның: басшыларды, ғалымдарды, имамдарды сыйлау туралы Аяттарын ескермей, Исламдағы басты әдептіліктерді аяқасты етіп, Алла берген қасиеттің, ілімнің атына кір келтіріп, көп ақымақтықтар істеген болар? Содан ілімнің кәпиетіне ұшырап, осыдан қорытып, бірсыпыра ғалымдар қарсы пікірлер қалдырған шығар. Оның анығын куәлікте Өзі жеткілікті болған Алла ғана біледі. Бізге анығы, Аяттар мен өмір Шындығының тұтасып тұрғаны, яғни, Аяттардың хабарының өмірде дәлелденуі.

Бұрынғы заман ғалымдары үкімін патша арқылы бекітіп, палшыларға қысым жасап, халықты оларға барудан тоқтата алған. Ал, бүгінгі дәуірдің адамдарына тек Шындықты ғана уағыздамаса, бұрынғыларға ұқсатып үкіммен, зорлықпен сендіре алмаймыз. Сондықтан тек Шындықты айту ләзім. Шындық өте қысқасын айтқанда үш-ақ, дәйектен тұрады:

– біріншісі, Аяттар айтып отырғандай, Алладан үкімсіз ешкім Шындықты көрсете алмайды;

– екіншісі, шайтанның айтқаны ешқашан тура келмейді; олар Періштелерден ұрлайтын болса, жалындаған оттар атып түсіреді («Саффат» с. 6-10-а);

– үшіншісі, өмірде халықтың өзі көзімен көріп, құлағымен есітіп нақты куә болып жүрген – біз баяндаған және бұлардан басқа талайлаған Шындықтар.

Тағдырды Алла жазады. Несібені Алла үлестіреді. Алла қалаған Құлына артықшылықтар береді. Алла қалаған Құлына Өзінің қалағанын білдіреді. Не болса, барлығы Алланың қалауымен болады. Осы айтқанымыздай, Алла қалап, бір адамдар әулиелерге түнеп аян алып, біреулер палшылар арқылы жоғалғанын тауып, аурулары дертінен айығып әулиенің де,

палдың да шарапатын көріп жүр. Бұған ел куә. Ел куә болып жүрген Шындықтар – «Фуссилат» сүресінің 53-аятының дәлелдері.

Енді осы пікірімізді майдалап, жіктеп айтайық. Алла біреуге несібелі болып өмір сүру үшін тәуіптік берді. Екінші бір Құлын емі тек осы тәуіптен ғана табылатын ауруға шалдықтырды. Яки, Алла Тағала Өзінің қалауымен бір Құлына құмалақшылық өнерін игертті. Ол бүгінгі несібесін табуы үшін, Алла кеше, Өзін есіне ала бермейтін («Зұхрұф» с. 36-а) бір мақтаншақ, лакуа, тәкаппар Құлының түйесін жоғалттырды. Түйеші қалай іздегенмен түйесін таппайды. Тек Құдай несібесін осы түйешінің қалтасындағы ақшадан жазған құмалақшыға келгенде ғана Алла оған айтқызып, ол түйесін табады.

Әрбір іс Алланың ғана қалауымен болатынына сенімі берік Құл, бұған таласа қоймасы анық. Ал, Құранды жіті түсінбеген, фанатизмге жақын жандар, әлбетте, бұл үшін үлкен дау көтереді. Себебі, олар әрбір іс Алланың қалауымен болатынын тілмен айтқанмен, мазмұнына терең мән бермейтіндер. Алладан үкімсіз бір жапырақ сабағынан үзілмейтініне (11), тал шөптің ұшы сынбайтынына сенімі күмәнділер.

«Бақара» сүресінің 33; «Ғалақ» сүресінің 4-5-аяттарына мән берсек, біз тек Алланың үйреткенін ғана айтамыз. Санап өтсек: Өзінен кешірім сұрауды да, Өзіне ғана құлшылық етуді де, ілім-білім үйрену мен насихаттауды да, адам жерлеуді де, түс жоруды да, уақытты есептеуді де, түнде жұлдыздарға қарап жол табуды да, шаруашылық пен диқаншылықты, сауыт және кеме жасауды да, пәтуа – билік үкім, бүгінгі сот және марқұмның өсиет қалдыруы, есік қағып кіру, элемент төлеу, садақа алғанда дұға жасау, саудада келісім хат жазу, өкіл туыс кірісу, сауын беру, ант беру, бодау төлеу, киіну мәдениеті, тазалық, шежірені, экономика, көрік басу – темір еріту, елші жіберу, хат жолдау бәрі-бәрін Елшілерінің үйретуінен және Құран мен Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) арқылы Өзінен үйрендік.

«Шура» сүресінің 51-аятына сүйеніп айтсақ, пал мен тәуіптікте Өзінің Елшілері немесе Өзінің жүрекке салуы я перде артынан Сөйлеу амалымен үйреткені. Мұның арғы басы Аюбтың (ғ.с.) Алланың айтуымен өзін өзі емдеуінен, Хакім Лұқманнан,

сосын Иса (ғ.с.) мен Пайғамбарымыз Мұхаммедтен (с.ғ.с.) екенін білеміз. Одан соңғы білетініміз – әлемге әйгілі Әбу Әли ибн-Сино. Осы аты аталған Ұлыларға Алла бермесе, олар қайсы ауруға қандай ем жасау керектігін қайдан біледі? Екіншіден, неге барлық адамға бірдей, тәуіптікті бере бермеген? Палшылық та осы рәуішті. Егер Алла білдірмесе, палшы жоғалған малдың қайдалығын немесе Қаныш атамыз бен Мұхтар атамыздың тағдырын қайдан біледі? Аяттармен бекітілгендей, барлығы тек Алладан ғана берілген қасиеттер*.

«Зұхрұф» сүресінің 86-аятында: «Олардың Алладан өзге құлшылық қылғандары шапағат ету күшіне ие емес. Бірақ, **Ақиқатты біліп, куә болғандар басқа**», -дейді. Аяттағы: «**...Ақиқатты...**» білу – Алланың барын білу; «**...куә болғандар...**» – Алланың кереметтері мен құдыреттерін өмірШындықтары және ғылым арқылы танып біліп, «Алладан басқа құлшылыққа лайықты Тәңір жоқ!» -деп Кәлима келтірген Тақуалар. Яғни, Алла белгілеген («Мәида» с. 48-а) Жолмен жүрген пендеге Алла мәрхамат етіп, олардың айтқаны келеді.

Сөз басындағы Аяттар мен өмір Шындығы кездеспегенде біз де бұл тақырыпқа қалам салып, сия сарып етпес ек. «Бақара» сүресінің 102-аятында сиқырды үйренгендерді ескертіп: «**...Олар Алладан бұйрықсыз ешкімге зиян бере алмайды...**», деп, 105-аятында, мүшріктердің Мұсылмандарға Алладан жақсылық келгенін қызғанатынын – жақсы көрмейтінін айта келе: «...Дегенмен, **Алла мархаматын қалаған кісісіне арнайды...**», деген. Сондай-ақ, кейіпкерлерімізге біз қарсы болғанымызбен, Алла мәрхаматын арнап отырса, олардан халық жақсылық көріп жатса, әлбетте, біздікі масқарашылық. Егер райдан қайтпасак, Аяттарға қарсы барған боламыз да, жаза ауырласа береді. Ақыретімізге ауырлық салуы әбден мүмкін (12).

Мына хадис те біз дәлелге тартқан Аяттарды толықтырады. Алла біреуді ұнатса, жарылқағысы келсе, Жәбрейілге (ғ.с.) айтады. Ол (ғ.с.) өзінен кейінгі Періштелерге, олар да, өздерінен кейінгілерге жеткеріп, соңында адамдардың жүрегіне түседі. Сонымен, Алла ұнатқан адам, жер басып жүргендердің ортасынданесібелі, беделді, абройлы болады.

*Алладан рұхсатсыз ешкім шапағат ете алмайтыны: «Бақара» сүресінің 255-ші, «Жүніс» сүресінің 3-ші, «Нәжім» сүресінің 26-аяты.

Әлем Хакім Лұқманды тәуіп ретінде жақсы таниды. Құранда оның атымен сүре түсірілген. Сүреде оның Хикметі, ұлына кеңесі жазылған. Егер оның амалдары «Бақара» сүресінің 251-аятына сай болмағанда, Алла оны мұншалықты абройлы етпеген болар еді.

Ел аузында: «Пайғамбар алдын болжамаған», - деген халықты шатастырып жүрген жалған мақал бар. Бұл – палшыларды тыю үшін ойсыз айтыла салған бос сөз. Пайғамбар (с.ғ.с.) Әбу Һурайраның құрмашарында отырып, шыбықпен жерді сызып, Өзінің (с.ғ.с.), Әзіреті Әбу Бәкір Сыддықтың (р.а.), Әзіреті Омардың (р.а.) мәңгілік орнын көрсетеді. Екі қызын берген, сүйікті күйеуі Әзіреті Оспан (р.а.) мен Әзіреті Әли (р.а.) – немере туысы, сүйікті інісі болса да олардың орнын көрсетпейді. Өмірде тап солай болған...

Және бір хадисінде: «Бір замандар келіп, Құран бір жақта, үмбеттерім бір жақта қалады», - деген. Сол заман – оныншы ғасырдан кейінгі ғасырлар. Оныншы ғасырдан бергі жердегі уағызшылар Аяттардан гөрі хадистерді көп пайдаланады. Бүгінгілер де солай.

Қияметтің белгілерін, Халифаттықтың Әзіреті Әлимен аяқталатынын нақты айтқан. Осы Алла беріп, алдын болжағандық емес пе? «Шура» сүресінің 51-аятын ескере отырып топшыласақ, бұл дүниеге алаңы аз, бар махаббатын Аллаға ғана арнаған, құлшылығы, зікірі көп Құлдарының, Алла нәсіп еткенінің барлығы алдын болжай алады. Мөңке бидің айтқаны осы заманда дәлме-дәл келіп тұрған жоқ па?

«Алла қалаған Құлын есепсіз несібеге бөлейді» («Нұр» с. 38-а), «Ол – дәрежелерді көтеруші ғаршының Иесі» («Ғафыр» с. 15-а), - дейді. Бұған Пайғамбарлар бірден бір дәлел. Бәрін Өзі оқытты... Ал, біздің соған сенімімізді арттыру үшін, жай Құлдарына да елде бола бермейтін сирек өнер нәсіп етті. Мәселен, күй аталары атанған: Құрманғазы, Тәттімбеттер қайда оқыды? Кімнен күй шығаруды үйренді? Дүр Оңғар, Балқы Базар, Жаяу Мұса, Біржан сал, Жамбыл, Кенен аталарымыз, Иса Байзақов, Шәмші Қалдыаяқов сияқты сандаған өнер саңлақтары, т.б. дәлелдер жеткілікті. Абай бабамызды айтайық. Осы күнде оқыған көп. Алайда, қайсы ақын не философ бабамыздың деңгейіне жете алды?...

Мұқағали ақын қайда оқыды? Кезінде АҚШ университеттерінің бірінде дәріс берген орыс ақыны Иосиф Бродский ешқандай жоғары оқу орнында оқымаған. Бірақ, Нобелдік сыйлықтың лауреаты. Осы сыйлықты армандамаған жазушы, ақын бар ма? Кезінде төрт күл дүниені тәнті еткен балуан Қажы Мұқан Мұңайтпасов қайсы спорт мектебінің түлегі еді?...

Жалғыз Алла ғана Өзінің қалағанына артықшылықтар береді. Бір жақсылардың ойына ғайридіндердің данқ-дәрежесі түсе қалып: «Олар Мұсылман емес қой?!»-дер. Мұның жауабы – «Мәида» сүресінің 48; «Бақара» сүресінің 200-аяттарымен астасып жатыр (12). Олар Аллаға Иман келтірмегенімен Алла белгілеген жолда («Маида» с. 48-а)...

Су мен алақанға қарап пал ашқанды аса түсінбейміз, бірақ, құмалақ пен қартаның салынуынан түйіндеп, бұл әбжат сандардан шығады-ау, дегенге тоқталдық.

Палшы 41 құмалақ алады. Тақ. Бұдан артық-кем болмайды. Осы 41-ді санамай, тәуекел тартып, үш топқа бөледі. Сосын сол үш бөліктің әр қайсысынан төрт құмалақтан алып тастап, соңында төртеуге толмаған қалдығын мәреге қояды. (Қалдық біреу не екеуі, үшеу, төртеу болуы да мүмкін). Сосын жаңағы төрт-төрттен жиналғандарды қосып (мәредегі емес), тағы үш топқа бөледі. Және төртеуден алады. Қалдықты мәреге орналастырады. Бөлек тасталғандарды тағы қосып, үшінші мәрте топқа бөледі. Төртеуден алып тастап, қалдығын мәреге шығарады. Мәре тігінен де, көлденеңінен де үшке бөлінген тоғыз топ болады. Осыған қарап отырып, құмалақшы Алла жүрегіне салған болжамды айтады. Көпшілігі тура келеді. Палы дәл келе беретіндер тек дүйсенбі, бейсенбі, Жұма күндері түске дейін ғана салады. Кейбіреуі мезгіл талғамайды, бірақ, түнде салмайды. Ешкінің құмалағымен пал ашпайды.

Бұлардың өзін күту тәртіптерін айттық.

Енді алматылық заңгер Амантай Рзашұлының «Сыр елінің сыры» кітабынан сыр айтайық. Құмалақ пен пал туралы айтқандарымызға, автордың осы кітабындағы, бірнеше атақтар мен кітаптардың иесі, 1992 жылдан Республикалық кәсіби халық емшілерінің, 2008 жылдан бері Халықаралық емшілер одағының төрағасы Әділхан Ерманұлы хақындағы ақпарлары бұлтарыссыз дәлел. Кітаптан үзінді келтірейік: «1975 жылы әкемнің бейітін са-

лып келген күні, жолдастарыммен бірге «еске алу» жоралғысын жасап отырғанда, есімнен айырылып, құлап қалыппын. Бұл сағат кешкі 10-ның кезі. Содан бастап, күнде сол уақытта жүрегім қысылып, есімнен айырылатын халге жеттім...». Екі жыл тынбай ізденген, ем таппаған. Балмағанбет бақсы, «...Төретам стансасынан бал аштыруға барған бір әйелге: «Арал қаласында 27 жастағы ауру бар, соны алып келсең ғана саған пал ашамын», - деп, өзі білмейтін мекенін көріпкелдік қасиетімен нақты сілтеп: «Ағайындары оны жазылмайтынға санап отыр. Ал, ол жігіт халыққа керек», - депті. «Қазалыға да, одан Мұратбаев совхозына да жеттік. Көріпкелге кірсек, ол 10-15 адамға құмалақ ашып отыр екен...», - деп, бұл кісі, аурунан айығу жолын айтады. Бәрін істейді. Әкесінің аяқ жағына түнеп, батасын алып, үйіне келіп жатқан түні әкесі қасына үш шалды ертіп келіп олармен таныстырады. «...бір өзі қалып, маған 41 құмалақ ұсынды. Міне, сол 41 құмалақты 33 жыл бой салып келемін...», - деп, тылсым дүниенің шарапатынан дерек берген.

Бұл – құдайсыздар қоғамында, тегі Мұсылман жақсылар жоғалып кетпеуі үшін Алланың Өз Жолын, Құдыретін көрсеткені...

Біз жаңа, сөз арасында ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтпаев пен атақты жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың тағдырын айтқанын тілге алып өткен едік. Енді осыған кезек берейік. Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шахановтың «Құз басындағы аңшының зары» кітабынан: «...**Шаханов.** «... Қаныш Сәтпаев екеуі Ленинградта оқып жүргенде, бір цыганға бал аштырған екен. Сәтпаевтың алақанына үңіліп қарап:

– Көптеген қиындыққа кезігесің. Кейіннен соның бәрін жеңіп, атағы алысқа кеткен ұлы ғалым боласың,-дейді...

Ал, Әуезовтың қолына келген кезде ұзақ ойланып тұрып қалыпты. Сосын:

– Сенен де өте үлкен адам шығады. Даңқың әлемді шарлайды. Бірақ, жолың өте ауыр, шиыр-шиыр. Талай рет өлімнен қалып, азап шеге жүріп, үлкен абройға жетесің. Үш рет үйленесің. Ажалыңды түбі пышақтан табасың,-депті.

Айналасында қаумалап отырғандарға Әуезов:

– Өмір жолымның өте қауіпті, шиырлы болғаны рас. Аласапыран жылдары «халық жауы» атанып, атылып кетуім мүмкін еді. Кездейсоқ жағдай сақтап қалды. Ал, атақты боласың

дегені де жарым-жартылай келіп тұр. Айтқанындай үлкен адам болмасақ та, бұл күнде есімімізді біраз жұрт біледі... Үш рет некелі боласың дегені де айна қатесіз тұп-тура келді. Ажалың пышақтан болады, дегені ғана соңғы кезде мені қатты аландатып жүр. Кеш қайтпауға, түнде жалғыз жүрмеуге тырысамын,-депті.

Шіке, Әуезовтың Кремль ауруханасында жатып, операция үстінде көз жұмғаны баршаға аян. Яғни, жарықтық ажалын пышақтан тапты ғой.

Айтматов. Тағдыр дегенді қойсаңшы, Мұхаңмен ақырғы рет 1961 жылы ауруханаға жатар алдында «Москва» қонақ үйінде жолықтым. Өзі аса көңілді екен. Елден алып келген қазы-қартасымен асықпай шай ішіп, әкелі-баладай емін-еркін сырласып, түнгі сағат 1-ге дейін отырдық.

– Кунцево ауруханасына жатқалы келдім. Полип деген залалсыз ісік көрінеді. Күш-қуатым бар, қонды кезімде құтылғаным жөн шығар,-деді.

Ұлы ұстаздың ыстық дидарын ақырғы мәрте көріп, қолынан дәм татып, лебізін соңғы рет естіп тұрғанымды білсемші!...» (58-59-бет).

Ел ауызында опасыз байлық туралы немесе қайырсыз бай хақында әңгіме бола қалса, жиі айтылатын мынадай бір аңыз бар. Оны ақиқат солай болған деушілер де кездесті. Ілгері заманда аты шулы Есеналы есімді бай өтіпті. Токсан мың жылқысы болған екен. Сол кісі қартайған шағында палшыға болашағының қалай боларын айтып беруін сұрапты, дейді. Сонда палшы палын ашып, аштан өлетінін жасыра алмапты. Бай: «Сандаласыңда! Осынша байлығым тұрып, мен аштан өлемін бе?!»-деп, сенбепті.

Арадан қанша уақыт өткенін Алла біледі, сол бай жаман тамақ ауруына тап болып, тамағынан су да өтпей аштан өлген екен. Мұхтар Әуезов ағамыз, аңызда да ақиқат барын айтқан. Мұндай аурудың елде бары рас...

Осы сияқты біреуге суға тұншығып өлетіні айтылған екен. Ол содан қорқып, дариясы, көлі жоқ, қызылқұмның арасына көшіп барып жасапты. Қартайған шағында, жанбырлы күні, тақыр жерде келе жатып, тайып құлап, құс тұмсығы ілмейтін көлшік суға етпетінен құлап тұншығып өліпті.

Бұлар есіткен болыптыларым. Ал, өзімізбен қатар жүрген, өз ортасына сыйлы журналист ағамыздың естелігі былай: «Ауыл-

да Әлібай Есжанов есімді қожа кісі болатын. Ұмытпасам, 1982 жылдары дүниеден қайтты. Иmandы болсын. Ол кісінің салған құмалағы дәлме-дәл келетінін ел әлі айтып отырады. Қожекен құмалақты бүгінгілер сияқты бөліп отырмай, шашып жіберіп айта беретін болыпты.

Шопандар қой туымы, жүн қырку науқандарында өз жағдайларын түзеу үшін, үкіметтен жасырып, жүн қырқып алады, төлдету науқанында қаракөл тері тығады. Бұл қылмысқа қарсы үкімет қанша үгіт жүргізгенімен іс өнбейді. Сонда милицияларды отарларды тексеруге жібереді екен. Олар осы Әлібай қожаны ертіп, отарма отар жүріп, жасырылған жүн, қаракөл терілерді тауып алатын болыпты...

Менің әкем өз алдына отау көтеріп, тұңғыш перзентін сүйгеннен кейін, бұл кісі әкемді әке болуымен құттықтап келген... Ертеңіне азанда әкем отбасына құмалақ ашуын өтінген. Ол құмалағын шашып жіберіп, қарқылдап күліпті де ізінен: «Жақында келін құрсақ көтереді. Бір ұлды боласың. Ол келешегінде үлкен адам болады!»-депті. Бірақ, ол кісінің не себепті қарқылдап күлгенін сұрамапты...», -дейді. Ағамыз құмалақшы айтқандай, барлық адамға бұйыра бермейтін аброй мен бақыттың адамы...

Өмірде осындай дәлелдер көп. Біздер ғана Құран Аяттарын жақсы білмегендігімізден бұларға мән бермей («Жүсіп» с. 105-а) және жиі-жиі бүлік шығып тұратын Мұсылман елдерінің уағызына сеніп шатасып сөйлеп жүрміз.

«Бақара» сүресінің 269-аятында: **«Алла Тағала Хикметті қалаған Құлына береді. Ал, кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Бұны ақыл иелері ғана түсіне алады»**,-деген. «Әли Ғымран» сүресінде: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) ешбір іс сенің еркінде емес. Алла немесе олардың тәубесін қабыл етеді әлде оларды қинайды...»** (128-а),-десе, «Сәбә» сүресінің 23-аятында: **«Алланың қасында рұхсат берілген біреуден басқаның шапағаты пайда бермейді...»**,-дейді. Демек, жоғалғанды дәл табу, ауруды емдеу тағы-тағылар да палшының не тәуіптің қолында емес, Алланың қалауындағы жұмыс. Олай болса, Алла осындай қабілет бергендерді ақ-қараға шығару да пенденің жұмысы емес!

Бірнеше діндарлармен сұхбаттас болдық. Оларға Қаныш, Мұхтар аталарымыздың тағдырын, малын жоғалтқан бірнеше

кісілердің палшылардың жоруымен малын тапқанын дәлелдермен айттық. Олардың қай-қайсысы да: «Олар шайтанның, кәпір жынның сыбырлағандарын айтады». «Неге онда айтқаны нақты келеді?»-деген сұраққа: «Ол уақытыншалық. Айтқаны қазір болғанмен кейін болмайды»,-деді.

Олардың айтуы жоғарыда дәлелдегеніміздей шайтан мен кәпір жын Аллаға серік болып тұр. Уақытыншалық болса да, малын жоғалтқан адам малын тапты. Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов тап сол палшы айтқан тағдырды көрді.

Бұдан шығаратын қорытынды да, біздің Құрандағы «...пал ашатын оқтар...» деген Аятты терең түсінбей, палшылар хақында бос сөз сөйлеп келе жатқанымызға келіп тіреледі. Мұның қоғам үшін ең ауыр жері – Кәлима келтірген қарсылардың байқамай шайтан мен кәпір жындарды Аллаға серік қосуы және Мұсылман атына нұқсан түсіріп жүргені.

Алла құмалақшы Балмағанбетке осы хислатты бермесе, Әділхан ағамыз ашылмай қалған болар еді. Ол адамнан бүгінде неше мыңдаған дерттілер шипа көріп, Аллаға сенімі артып отыр. Немесе, Алла Баламағанбет ағамыз бен Әділхан ағамыз арқылы талайлаған Құлдарын қорғады. Өзін естеріне алдырды.

Сәл шегініп, тәуіптік пен палға қарсылардың «уақытыншалық» дегеніне бір кідіріп өтейік. Бұл уақытыншалықтың өзегінде қуаныш пен өкініш қатар жатыр. Қуаныштысы, сол тәуіптік не палшылық уақытыншалық болса да талай пенденің мұқтажы өтеліп, олардың Алланың кереметіне деген сенімдерін арттырды. Уақытыншалық болса да, қысқа өмірінде лас көшенің шаңын жуып, қоқыстарын ағызып алып кеткен дүлей селдей, талай көңілдердегі күмәндарды жуып кетті – адамзат қоғамына пайдасын тигізді...

Ал, өкініші, сол тәуіптер мен палшылардың парасатсыздығы мен білімсіздігінің кесірінен, басына қонған бақыт құсынан айырылып қалатыны. Біз мұны өмір тәжірибесінен жақсы білеміз. Содан шығарып айтып отырмыз. Егер олар, тәуіптік, палшылық – Алланың өзіне берген сыйы екенін – яғни, күтімі болса тұрақтап, сыйламаса, ұша жөнелетін бақыт құсы екенін түсініп, біз ескерткендей және біз үлгіге ұсынған тәуіптер мен палшылардай Тақуалықпен өмір сүрсе, Иншалла, олардың бақыты өмірлік серігі болады.

Тауелбайдың Үшқұдық темір жол стансасында Қайрошов Шуақ есімді құмалақшы болды. Сол кісідегі қағида да жоғарыда айтқанымыздай еді. Ол кісі кезінде мұғалім болған. «Біреулердің маңдай тері», -деп, зейнетақы алудан бастартқан. Кеңестік саясатты сыйлағанымен ешкімге жарияламай үйінде, уақытымен намазын оқитын. Мен құмалақшымын, деп, есіктен адам күтіп отырмайтын – өзінің жеке меншік түйелері бар-тын. Соларды өріске жібереді, суарады. Жазымен соларға қыстық азық дайындайды. Үнемі еңбектеніп жүретін. Құмалақты күн көріс үшін емес, сауаптар жасау мақсатымен ғана ашатын.

Осы Кісінің айтуымен әулиелерге барып түнеп перзент сүйгендер бар. Және бір қызығы – жұрт ұмыта бастаған, айдалада жалғыз жатқан Түлкібаев Қожабай есімді марқұмды, елдің есіне салғаны. Бұл кісі Қожабайды көрмеген. Қонысы қайда? Тегі, руы кім? Білмейді. Құмалақ арқылы айтқан.

Осы жерде Алланың бір Құлдарын екінші Құлдары арқылықорғайтынын ескерсек, осы Қожабай әулиені де барлық нәрсеге күші жетуші Алла Тағала құмалақшы Шуақ ағамыз арқылы елге таныстырды.

Жаңағы «Әли Ғымран» сүресінің ешбір іс сенің еркінде емес, дегеніндей, ешкім өзінше ештеңе істей алмайды, ештеңе өзінше болмайды.

Ескендірдің тұтынған амалын білмеймін, ал, Шыңғыс хан бабамыздың бейнесі сызылмаған, мүсіні кескінделмеген, «Көк тәңірі», деп, аспанға қарап, әкесіне тәуәссул еткенін киносынан тамашаладық. Бәлкім, осынысымен ол Аллаға жаққан болар...

Әмір Темір бабамыздың тәуәссул еткені туралы оқымадым, алайда, Құранмен пал көргені «Әмір Темір аманаты» кітабында айтылған. Бәлкім, бұл амал – Алланың құзырында дұрысшығар. Сондықтан мәрхаматы кең Алла Тағала ол Кісіге екі дүниенің Хикметін берген болар. Бұл – әрбір Имандының Құдайдан күткен арманы!

Халық даналығы: «Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі әлемге», -деген. Нәпсісінің сыбырлауымен жалған амал жасайтын өтірік тәуіптердің кесірінен талай адамдар зиян да тапты. Мемлекет пен дін бөлінерде де, кеңес үкіметінің дінге қарсы саясат жүргізуінде де, оларға тілтұтқа болған осы өтірік палшы, өтірік тәуіп болып жүрген надандардың, алаяқтардың құйтырқылығы. Алла артықшылық берген нағыз тәуіптер емес...

Сонымен, бүгінгідей ғылымы дамыған заманда Аят Шындықтарын көріп отырып, біз діндарлар, келер толқынның алдында ұятқа қалмауымыз үшін, түптен өзгеруіміз ләзім болар. **Құран Аяттарының қазақшасын жатқа біліп**, бір-бірімен байланыстырып, БАҚ-тар мен кітаптардан оқығандарымызбен салыстырып отырып, тек Шындықтарды дәлелдеп уағыздасак, өзіміздің де, ұрпағымыздың да бақытты келешегі үшін өте құнды іс бітірген боламыз.

*Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): **«Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...».** («Бақара» с. 272-а) **«Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік.** («Фурқан» с. 56-а) **«Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың»**, («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: **«Сен оларды зорлаушы емессің»**,-деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.

Құранның «Әнғам» сүресінің 157-аятында: **«Аяттарымыздан бастартқандарды бастартулары себепті жаман қинаумен жазалаймыз»**,-деген...

1. «Бақара» сүресінің 30-аяты: **«(Мұғаммед с.ғ.с.) сол уақытта Раббың Періштелерге: «Әрине, Мен жерде бір орынбасар жаратамын!»**-деген еді. (Періштелер): **«Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінен біз Сені дәріштеп, мақтау мен пәктеудеміз»**-деді. Алла: **«Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін!»**- деді. (Алла, Адамды топырақтан жаратып оған жан салды)».

2. «Бақара» сүресінің 255-аяты: **«Алла (Т.), Одан басқа еш Тәңір жоқ.** Ол – Тірі, толық Меңгеріп Тұрушы, Ол қалғымайды да ұйықтамайды. **Көктердегі және жердегі нәрселер Оған тән. Оның құзырында Өзінің рұхсатынсыз ешкім шапағат ете алмайды.** Олардың алдарындағыны да арттарындағыны да біледі. Олар, Оның қалауынан басқа еш нәрсе білмейді. Оның Күрсісі (Білімі) көктер мен жерді сыйдырады. Оған, ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Және Ол – өте Биік, аса Зор».

3. «Әли Ғымран» сүресінің 13; 122-126; 129-аяттары: «(Бәдір соғысындағы) екі топтың қарсыласуында сендерге бір ғибрат бар. Бір топ Алла Жолында соғысады. Екінші жақ қарсы еді. Олар Мұсылмандарды, көздерімен, өздеріндей екі есе көруде еді. (Негізінде Мұсылмандар, үш жүз он үш, кәпірлер мыңдай еді) Алла кімді қаласа, **Өз жәрдемімен қолдайды**. Расында, бұнда қырағылар үшін әрине, ғибрат бар». «(Ұхыт соғысында мұнафықтар майданнан қасақана қайтып кеткендіктен, оң-сол екі қанаттағы топқа да қобалжу кірді.) Сол уақытта сендерден екі топ, уайымдап үрейленді. Сондай-ақ, **Алла (Т.) ол екеуінің жәрдемшісі еді**. Момындар, Аллаға тәуекел етсін». «Әрине, Алла сендерге Бәдірде де жәрдем етті. Онда сендер тағы нашар едіңдер. Алладан қорқындар, әлбетте, шүкір еткен боласындар». «(Мұхаммед с.ғ.с.) сол уақытта (Бәдірде) Момындарға: «Раббыларың сендерге Періштелерден үш мың түсіріп жәрдем етсе, жетпей ме?»-деуде едің». «Әрине, егер сабыр етсендер, сақсынсаңдар, сондай-ақ, жау дереу осы араға жетіп келетін болса, **Раббыларың сендерге бес мың белгілеулі Періштелермен жәрдем етеді**». «Алла (Т.) мұны сендер үшін қуаныш әрі онымен жүректерің орнықсын деп қана етеді. Нұсрат, өте Үстем, Хикмет Иесі – Алланың қасынан ғана болады». **«Көктер мен жердегілердің бәрі Аллаға тән**. Кімді қаласа, жарылқап, кімді қаласа, азап қылады. Сондай-ақ, Алла – аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді».

«Әнғам» сүресінің 61-аяты: «...Ол – Құлдарының үстіне Өктем, **Ол сендерге қорушылар жібереді. Біреулеріңе өлім келген сәтте, Періштелеріміз жанын алады** әрі еш кемістік етпейді».

«Мәриям» сүресінің 22-25-аяттары: «Мәрям; ол балаға жүкті болып, соныменен ұзақ бір жерге кетті». «Сонда оны толғақ қысып, құрма ағашының түбіне барды да: «Әттең-ай! Мен бұдан бұрын өліп қана мүлде ұмытылып кеткен болсам еді»-деді». «**(Періште) оның астыңғы жағынан: «Кейіме, Раббың астыңнан бір бұлақ жаратты»** деп дабыстады». «Құрманың бұтағын өзіңе қарай сілкі. Саған жас құрма түседі»-(деген үн келді)». «Әркімнің алды-артынан **Алланың әмірі бойынша, өкшелеп, қорғаушы (Періштелер) бар**. Расында, бір қаумы, өзін өзгертпейінше Алла, оны өзгертпейді. Сондай-ақ, егер Алла, бір қауымға бейнет тілесе, сонда оны ешбір қайтарушы жоқ. Әрі олар үшін Алладан өзге бір жәрдемші де жоқ».

«Фатх» сүресінің 4-аяты: «Ол – сондай Алла, Момындардың Иманын арттыра түсу үшін, олардың жүректеріне тоқтау салады. **Көктердегі және жердегі ләшкерлер Алланикі.** Сондай-ақ, Алла – толық Білуші, зор Хикмет Иесі». Және «Талақ» сүресінің 12-аяты...

4. «Бақара» сүресінің 49-50-аяттары: «Сендерді Перғауынның сыбайластырынан құтқардық. **Олар сендерді жаман қинаумен ұстап, ұлдарыңды бауыздап, әйелдеріңді тірі қоятын еді.** (Палшылардың: «Израил ұрпақтарынан бір ұл туылып, ықпалыңды жояды»-деуі бойынша Перғауын, олардан ұл туса, бауыздатып отыратын болған). Міне, мұнда сендерге Раббыларыңнан зор сынау бар». «Сендер үшін теңізді жарып, құтқардық та, перғауындықтарды суға батырдық. Сендер көріп тұрдыңдар».

5. «Қасас» сүресінің 7-13-аяттары: «Мұсаның анасына: «Оны еміз де оған бір нәрсе болады деп қорықсаң, онда оны дарияға салып жібер. Қорықпа да кейінбе! Расында, оны саған қайтарамыз да оны Пайғамбарлардан қыламыз»-деп, көкейіне салдық». «Сонда Перғауынның жанұясы өздеріне қастас әрі қайғы болатын баланы тауып алды. Расында, Перғауын мен Наман әрі әскерлері қателесті». «Перғауынның әйелі: «Менің де, сенің де көз қарашығымыз, оны өлтірмеңдер! Бәлкім бізге пайдасы тиер; немесе бала қып аламыз»-деді. Өйткені олар, сезбеді». «Мұсаның анасы бос ойларға батып, таң атырды. Егер жүрегін сенушілерден болуға бекемдемесек, оны білдіріп ала жаздады». «Анасы, Мұсаның апасына (*өзінің қызына*): «Оның соңына түс»-деді. Ол, олар сезбеген жақтан оны көздеді». «Бұрын емізушілерді оған арам еттік. (Бала бөтен омырауды ембей қойды.) Сонда оның апасы, Оларға: «Сендерге, оны сендер үшін бағатын, оған қамқор бір үйдің ішін көрсетейін бе?»-деді». «Сөйтіп оны, анасына көзайым болып, кейінбеуі, сондай-ақ, Алланың уәдесінің хақ екендігін білу үшін қайтардық. Бірақ, олардың көбі білмейді».

6. «Исра» сүресінің 2-аяты: «Мұсаға (с.ғ.) Кітап бердік те оны Израил ұрпақтарына: **«Менен өзгені Ие тұтпаңдар!»-деп жолбасшы қылдық».**

«Таһа» сүресінің 24; 43-44-аяттары: **«Перғауынға бар. Өйткені ол, шектен шыққан». «Екеуің Перғауынға барыңдар, өйткені ол шектен шыққан». «Оған сыпайы сөз сөйлендер, мүмкін үгіт алар немесе қорқар».**

«Шұғара» сүресінің 10-18-аяттары: «Сол уақытта **Раббың Мұса (ғ.с.) ға: «Залым елге бар»-деп, үндеді: «Перғауын еліне. Олар қорықпай ма?»** «(Мұса ғ.с.): «Раббым! Рас мен олардың мені жалғаншы атандыруынан қорқамын»-деді». «Көңлім тарайып, тілім жүрмейді. Сондықтан **Һарунға да Пайғамбарлық бер!»** «Мен оларға күнәкармын. Сондықтан олардың, мені өлтіруінен қорқамын!» «(Алла Т.): «**Әсте олай емес! Екеуің де мұғжизаларымызбен барындар. Расында, Біз сендермен бірге әр нәрсені естиміз»-деді.** «Дереу екеуің **Перғауынға баршы: «Біз бүкіл әлемнің Раббының елшісіміз»; «Израил ұрпақтарын бізбен бірге қоя бер!»-(дендер-деді)».** «**Перғауын: «Сені бала қып асырамадық па? Өміріңнен неше жыл арамызда болмадың ба?»**»

7. «Ісра» сүресінің 103-аяты: «**Ақыр (Перғауын) Израил ұрпақтарын мемлекеттен шығарғысы келді. Сонда оны, онымен бірге болғандарды суға батырып жібердік.**»

8. «Әнғам» с. 116; «Фурқан» с. 43; «Нәжім» с. 23-аяттары – ойға, қиялға сенудің дұрыс естігі. «...пара аламын, ешкім білмейді; ұрлап аламын, ешкім көріп тұрған жоқ», -дегендер қатты қателеседі.

9. «Бақара» сүресінің 222; 225-аяттары: «(Мұхаммед ғ.с.) ... Шәксіз, Алла **тәубе етушілерді жақсы көреді әрі таза болушыларды да жақсы көреді.** «Алла анттарыңды бос сөзді тергемейді. Алайда, жүректерің істегенді есепке алады. Алла – аса Жарылқаушы, ерекше Жұмсақ».

«Хұжрат» сүресінің 11-аяты: «Әй, Момындар! Бір ел, бір елді **тәлкек қылмасын.** Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. **Сондай-ақ, әйелдер, әйелдерді келемеждемесін.** Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Бір-біріңді міндемеңдер; жаман ат тағыспаңдар. Иман келтіргеннен кейін жексұрын атану нендей жаман. Ал, кім тәубе қылмаса, міне солар залымдар.

10. «Әнғам» сүресінің 132-аяты: «**Әр кімнің істегеніне қарай дәрежелері бар. Раббың істеген істеріңнен хабарсыз емес.**».

11. «Әнғам» сүресінің 59-аяты: «**Ғайыптың кілттері Оның жанында. Оны Ол, Өзі ғана біледі. Және құрылықтағы, теңіздегі**

нәрселерді біледі. Бір жапырақ түссе де, Алла оны біледі. Және жердің қараңғылықтарындағы құрғақ және жас ұрыққа дейін ашық Кітапта бар.

12. Аспан есіктерінен өте алмайтын дозақтықтар жәйлі: «Бақара» с. 39; «Ниса» с. 56; «Әнғам» с. 157; «Ағраф» с. 36-37; 40; «Нахыл» с. 23; «Таһа» с.100; «Бәлад» с. 19-а.

13. «Мәида» сүресінің 48-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) саған шынайы түрде Құранды өзінен бұрынғы кітаптарды растаушы және оларды қорғаушы түрінде түсірдік. Олардың араларына Алланың өзіңе түсіргенімен үкім қыл. Өзіңе келген Шындықтан айрылып, олардың ойларына еліктеме! Сендердің әрбіреулерің үшін бір жол-жоба қойдық. Егер Алла қаласа еді, барлығыңды бір-ақ үммет қылар еді. Алайда, (Алла) сендерге берген жол-жобаларыңда (сендерді) сынамақшы. Ендеше жақсылыққа жарысыңдар. Біртұтас барар жерлерің Алла жақ. Ол сендердің таласқан нәрселеріңді білдіреді».

«Бақара» сүресінің 200-аяты: «Қашан хаж ғамалдарыңды өтесендер, (Минада) Алланы ата-бабаларыңды зікір еткендей, тіпті, одан да артық зікір етіндер. Сонда адамдардан кім: «Раббымыз! Бізге дүниеде ғана жақсылық бер!»-десе оларға Ақыретте несібе жоқ».

14. «Бақара» сүресінің 43; 48; 186; 201-аяттары: «Намазды толық орындандар, зекет беріндер, сондай-ақ, иілушілермен бірге иіліндер». «Сабыр және намазбен жәрдем тілендер. Расында, намаз ынталылардан басқаларға ауыр келеді». «(Мұхаммед с.ғ.с.) егер Құлдарым, Мен туралы сенен сұраса, өте жақынмын, қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін. Ендеше олар да әмірімді қабыл етсін. Маған сенсін. Әрине, Тура Жол тапқан болар еді». «Ал, олардан кім: «Раббымыз! Бізге дүниеде де жақсылық бер әрі Ақыретте де жақсылық бер. Және дозақ отының азабынан сақта!»- дейді». «Міне, олар үшін амалдарынан үлес бар. Алла Тағала – есепті тезінен Көруші».

Табиғилық немесе халық медицинасы

Біздерде «табиғи» және «жасанды» деген тіркестер бар. «Табиғи» деген – Алладан, яғни, әуелде Алла қалай жаратса, сол күйі сақталған деген сөз. Ал, жасанды Алла жаратқаннан үлгі алып, оны ғылыммен дамытып не шамалы өзгертіп қолдан жасалған дүние.

Баяғыда ел ішіндегі бір қырағы жігіт, өз үйінен шамалы жер әріде, қалың жасыл шөп арасынан қызанақтарды көреді. Бір-екі жыл теріп алып жейді. Үшінші-төртінші жылдары қызанақ бұтасының айналасындағы бөтен шөптерді жұлып тастап, тек өзін қалдырады. Бұл жылғы қызанақтар алдыңғыларына қарағанда үлкендеу болып өнеді. Ол бұл жабайы шөптерді жұлғанының пайдасы екенін түсінді.

Енді қызанақтарды үй орнындай жерге өзі де егетінді әдетке айналдырды. Және бір жылдары оған ой түсті: «Неге қазнақтардың бірсыпырасы майда, біреулері ірі?» Мұны зерттеп жүріп, ірілер мен майдалар өскен жердің топырағының екі түрлілігін аңғарады. Күзде өнімін жинап алғасын, ол жерде кетпенмен қопсытып, құнарлы қара топырақты кеңінен жаяды. Келесі жазда өскен қызанақтар тегіс бір көлемде өнеді...

Міне, адамзат өстіп, көріп, көргенінен түйіп, түйгенінен табысқа жетеді. Осы қызанақ сияқты басқа көкөністер мен жеміс-жедектерді де дамытады.

Медицинада да тап осылай. Алланың Иса (ғ.с.), Хәкім Лұқпан, Әбу Әли ибн-Сино сияқты қалаған Құлына берген емдеу тәсілдерін, медицина ғылымы «мәдениелестіріп», кейбірінен үлгі алып, сәл басқашалау етіп, емдеу амалдарын дамытып келеді. Жаңадан ештеңе шығара алмайды. Абай бабамыздың 45-сөзінде: **«...Сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп»**, - дейді. Мұны уақытында Исаак Ньютон да айтқан екен.

Бірақ, медицина әлі Алланың ғылымына жеткен жоқ. Тек Алланың бергендерін ғана пайдалануда. Егер жетсе, біріншіден, жанды ауыртпай (ине шанышпай, ота жасамай) емдеу керек еді; екіншіден, көз тию, сұқ өту, суқұмар, қан қысымы сияқты «тұқым қуалайтын» ауруларды емдеген болар еді.

Біздің пайдаланып жүргеніміз Батыстың медицинасы. Олар 1870 жылдан кейін діннен мүлде қол үзді де дін мен емшілікті шатастырды, халықтық медицинаға қол сілтеді. Сол әлекпен әлі келе жатыр. Халықтық медицина туралы 1970 жылдардан кейін кітаптар жарық көргенмен, медицина ғылымы екі ғылымды ұштастыруды қолға алмай келеді. Бұл – халықтың обалына қалу деген сөз. Олардағы жаман қағида – «Біз эксперимент жасап бір ауруды өлтіргенімізбен мың ауруды жазамыз», - деген қағида....

Ал, халықтық медицинада олай емес. Емші алдымен ауруды Аллаға салады, яғни: «Алла қаласа, жақсы боласыз...», - деп, Алланың атымен емін бастайды. Қайсы бір ауруларды Құранмен емдейді. Кейбірін Алланың жүрегіне салуымен түрлі амалдармен: уқалау, қан алу, тілу, аластау т.б.

Ғылыми медицинадан да бет бұра алмаймыз. Бірақ, білу керек: ауру, **мидициналық және тәуіптік** болады.

Біз ғылыми медицинаға бірыңғай күнә таққалы отырған жоқпыз, тек ақ пен қараның арасындағы Шындықты көрсетпекпіз. Сол үшін айтқан сөзімізге бірнеше дәлелдер айтайық.

Надя келін генеколог дәрігер. Алматыда қызмет бабымен жүріп, сүрініп құлап, қолын сындырып алды. Сол мезетте-ақ емханаға барды, дәрігер тиісті шарасын көріп гипстеді. Бірақ, бірнеше ай азап көрді...

Қасиет апай да құлап қолын сындырған. Дәрігерлер гипстегенмен қолының ауруы қалмаған. Бір аптада шыдамай, сынықшыға барған. Ол гипсті алып тастап, қазақ емін жасайды, ауырғаны қойып, апайдың жаны тынышталады, айға жетпей жазылып кетті.

Сынықшы дәрігерлер гипстеген талай мүгедекті өстіп емдеген.

Халық медицинасында сынғанда тасбақаның жұмыртқасының қабығын ұнтап ішу бар. Тіпті, оның қураған сүйегін езіп ішсе, қисық біткен неше жылдық сынықты қайта қалпына келтіретінін есіттік.

Бір кісінің бес жасар баласы сөйлемейді екен. Бірақ, ширақ, сезімтал, қырағы. Анасы оның үш жыл бұрын басымен құлағанын содан осындай болып қалғанын, дәрігерге дер кезінде хабарласып, ауруханада жатып айлап емделгенмен еш пайда көрмегенін айтты. Мұны есітіп отырған бір дәрігер: «Мен он жастар шама-

сында едім. Інімді көтеріп жүріп, құлатып алдым. Басымен түсті. Сұлық жатты. Әкем Парда мама деген тәуіпті әкелді.

Күз бе, көктем бе? Дәл есімде жоқ. Әйтеуір жүзім ағаштары көмілген болатын. Тәуіп мама бір қой сойдырды. Сосын әкеме, кетпенмен жүзім ағашының бір тұсын аштырып, сұлқ жатқан інімді сол ашылған жерден өткеріп алды. Қойды, оның қанын не істегенін білмеймін. Содан інім дым ауырмағандай ойнап кетті.

Бірақ, ол кісі қазір бақилық. Бұл емдеу амалын көрген менің әке-шешем де жоқ...»,-деп, баласы мүгедек анаға сол тәуіп сияқты тәуіпке бару керектігіне кеңес берді...

Орынбетов Дастан ағам: «Ағам Бостанның әйелі перзентханада босанды. Бір аптада шақалағын құшақтап үйге келіп, бәрімізді қуантты. Арадан апта өтпей баласы ауырды. Жедел жәрдем шақырып ауруханаға барған. Дәрігер олай көріп-былай көріп екінші күні өлтіріп қолымызға берді.

Жеңгем келесі жылына және перзентті болды. Перзентханаға барып, аман-есен босанып келді. Бұл шақалақ та ауырды. Және ауруханаға барды. Баладан айырылды. Үшінші жылы да тап осы жағдайлар қайталанды. Ауруханаға түскенін есіткеннен кешке барып, баланы терезеден ұрлап, алып Парда мамаға апардық. Мама дереу емдеді. «Уақытылы әкелдіңдер. Рахмет!»-деп, сылады, сипады, түтетті.

Әкеп жеңешеме бердік. Дәрігер азанда анализдерін тексеріп, ауруханадан шығарды. Бала қазір үлкен азамат болып өмір сүріп жатыр...»,-деп, бір мұғжизаны айтты.

Бірде Таразда жасайтын Бекмахан құдамның үйіне бардым. Құдағайым Күміскүлге жөтел тиіпті. Екі-үш айдан бері емханаға барып, емдер алғанмен жазылмай жүр екен. Мен де білген емімді айттым.

Түннің бір мезгілінде құдағайым жөтелді. Демі шықпай шиқылдап қиналды. Қорқып кеттік. Жоқ, өмірі бар екен... Таң ертең тұра сала Көкталға Өмірбай деген інісіне барды. Ол жақсы қарсы алып, тамағын басыпты, қан мен ірің араласып, атылып шығыпты тамағынан. Содан «сен көр, мен көр» жазылып кетті.

Халықта: «Тамағына сүйек түскен»,-деген де ауру бар. 1975 жылы мамырда төрт жасар қарындасым ауырды. Фельшерге хабарластық. Шанышты, дәрі беріп кетті. Пайдасы болмады.

Мұрны таңырайып, көзі бақырайып, мүлде әлсіреп, үрей тудырды. Қорықтық. Түн ішінде, Мақсат мама деген тәуіпке алып бардым. Тамағынан көйлектің түймесіндей кемік сүйек алды. Сол мезетте-ақ, тыныс алуы қалыптасып, жаны тынышталды және он минөттерден кейін реңі кіріп, көзі нұрланды.

Немерем Шыңғыс 1995 жылы туылған. Бір жастан аса бере қатты ауырды. Облыстық, аудандық ауруханаларда емделіп, айлап жатты. Түк пайда көрген жоқ – денесінде сүйек пен тері ғана қалды. Еш шара істей алмай дағдарған дәрігерлер: «Ем мерзімі аяқталды. Енді он күннен кейін келесіз...», -деп, жауап берді. Дәрігерлерден көңілі қалған қызым, тәуіпке алып барды. Ол тамағынан шүмішке (шекілдек) алыпты. Сенсеңіз шүмішке ісініп, көгере бастапты.

Әдалат Жалғасбайқызы, медбике: «Зерафшанда ауруханада істеп жүргенімде, үш жасар бала ауырып келді. Дәрігер анализдерін алып, бір-екі күн ем шаралар қолданды нәтиже болмады. Сосын баланың анасына: «Мұның «Тамағына сүйек түскен. Тәуіпке апарыңыз», -деп, үйіне кетуіне жауап берді.

Баланың тері мен сүйегі ғана қалған. Қырсыққанда тәуіп табылмаса бола ма?! Бала өлді.

Мен Шындығын айтқан сол дәрігерге риза болдым. Ал, өзім ауруханада қанша жыл істесем де дәрігерлердің көп емдеулеріне көңілім толмайтын. Емдері – уақытшалық ем. Кейбірі емі басқа аурудың тудырады. Көптеген дәрілер асқазан мен бауырдың сорын қайнатады...».

Темірхан Жалғасбайұлы: «Жиенім Шахизат Әлібайқызы жүректен ауырды. Маусым, шілде айлары еді. Ғыждуандағы, ел мақтап жүрген кордеолог дәрігер Рөзиев Суанға апардық. Арадан екі күн өткенде, түнгі сағат 23 жарымда Ысмайыл деген таныс жігіт келді: «Сізді Рөзиев шақырып жатыр», -деді. Бірден бір көлік жалдап жеттік. Аурухана дәлізіне кіргенімде, медбикелер күте тұруды айтты. Шамалыдан соң, Рөзиев дәлізге шықты: «Шахизат осы демде ғана өзіне келді. Біздің еміміз бұл кісіге қонбайды. Бұл – тәуіптік ауру. Мұны медицина емдей алмайды...», -деп тәуіпке апаруымызға кеңес берді.

Ертеңіне ауруханадан шығарып, тәуіпке бардық. Ол кеселдің майымен сылап емдейді екен. Елден сұрастырып, кеселдің мекенін білдік. Андып жүріп бір кеселді ұстап, өлтіріп, кенеп-

ке салып асып қойдық. Майы ыдысқа тамып жиналғанда алып бардық. Тәуіп емдеп, ол ауруынан ада-жұда құтылды. Перзент сүйді.

Дәрігер жұртының аузынан: «Бұл – тәуіптік ауру. Мұны медицина емдей алмайды», - деген сөзді бірінші ісітуім. Таң қалумен бірге оған риза болдым», - деп, өзінің де халық емін тән алатынына бірнеше дәлелдер айтты.

Жалғасов Жаңбырбай: «1969 жылы Жолай апам ауырды. Отбасы бар, 27 жастағы кезі. Ауруханада бірнеше ай жатты. Дәрігерлер емдей алмай: «Осы ем болды. Енді тек өзіңізді күтіңіз...», - деп жауап беріпті.

Үйіне кұр сүлдесін сүреп келген. Анам Болымша есітті де арықтың бойынан көп үлби жинады. Барып апамды соған шомылдырып, аман алып қалды. Қазір өскен-өнген үлкен отбасы.

Мектепте шаруашылық істерін басқаратынмын. Волейбол ойнаймыз. Ұтылған жоқ «Кокакола» әкеп береді. Үнемі ұтамыз. Қызып жүріп «Кокаколаны» ішемін. Содан ангена ауру шықты. Қиналамын. Дәрігерге барып, дәрі ішіп, ине алып емделемін. Бірақ, келесі жылы және қайталайды. Үшінші жылы да осылай болды.

Содан мектеп директоры Шөлбай Бабақожаев: «Мектептің абройы үшін сен де керексің, волейбол ойынындағы ұтыс та керек. Бірақ, сенің ангенаға шалдыққаның ыңғайсыз. Сен мұны күтпесең, ізі жаман бола ма?! Кім біледі?

Біздің үйде бабаларымнан қалған қамшы бар. Оның сабы қатты ағаштан. Ол қырылмайды. Сонда да соны қолыңа алып, бір пиалаға қырып, әйтеуір ұсақ бірдеңе түсер, соны іш...», - деді. Айтқанын істедім. Сол сол екен қайтып ангенамен ауырмадым.

Киік оты деген шөп жүрек ауруға бірден бір ем екен. Мен соны ішіп жазылдым.

Жүрегім ауырып, жұмыстан босадым. 40-50 қойым бар. Соларды қырға апарып бағамын. Көктемнің аяғы. Бірде шынтақтап жатып, жап-жасыл бір шөпті жұлып алдым. Исі ұнады. Ауылға келгесін, түрлі ғылымға қызығып, ізденіп жүретін Мамарайым ағам көрсеттім. Ол мұның киікоты екенін Ибн-Синоның кітабынан көрсетіп, дәлелдеп берді.

Енді көз тиюді айтайын. 2003 жылы әкем, анам, ағам, бөпелерім – бәріміз қорада қой қырқып жаттық. Ауылдасымыз Ермахан ағам келіп, арма болсын айтты. Әкеме оңаша жолықты. Со-

сын анама: «Уа, құдағай! Әлі қуаттысыз, ширақсыз! Босамаңыз»-деп кетті. Ол кісі ұзай бере-ақ, анамның дәрмені кетіп, әлсіреп ауырды. Әкем маған: «Тез, Ермаханды шақырып келді!» – деді... Ол кісі де дереу жетіп келді. Келді де: «Әй, Құдағай! Мен әзілдеп едім ғой!»-деп, қолын тигізді. Анам кәдімгідей, күшке мініп, құлпыра қалды», -деп, өз басынан өткен, өзі куә болған халықтық ем шараларды әңгімеледі.

Ұлым Мәдидің төрт айлық кезі. Балпанақтай, сүп-сүйкімді. Бір жексенбіде, апамның үйіне қыдырып бардық. Апам тігінші. Бұйыртпа беруге келген бір әйел, менің әйелім Мәриямнан: «Ұлың неше айлық?»-деп сұрады. Бұл шынын айтты. Бала ойнап отыр.

Ісі біткен әйел кеткесін бес минөттерден кейін, Мәди тынышсызданып ауырды, аузы көпіріп қолға келді. Жездем Алдамұрат пышақты алды да, әлгі әйел тұрған жерді кескілеп есікке дейін кесті. Бала бірден қалпына келді.

Апам: «Мұндай да баланың жасын жасыру керек...», -деп, ескерту жасады.

Ал, ғылыми медицина бұлай емдей алмайды. Халық медицинасында көз тигенге, сойылған малдың көзін ойып алып жағады. Ол болмаса, шымшық ұстап өлтіріп көзін алады.

Ғылыми медицина сукұмар ауруына ем таба алған жоқ. Біз де «Бұл ауру қалай пайда болады? Емі не екен?»-деген сұрақтарға жауап іздеп, сол аурумен ауырған адамдарды біраз жылдар байқап жүрдік.

Өмірде зерттеп қарағанымызда мұндай аурулармен ішітар, қызғаншақ, өрескел мінезді адамдар ауыратынын білдік. Және балаларынан не немерелерінен бірінде қайталанатынын байқадық. Сөйттік те бұл аурудың тұқым қуалауы, мінезден екен, деген тұжырымға келдік.

Онда мұндай аурудан қорыққан пенде алдымен өз тектұқымын біле жүріп, ата-бабаларында кездескен ауру өз басына не балаларына келмеуі үшін, сол ата-бабасындағы мінезді өз бойына жолатпауы тиіс. Яғни, Құранға құлақ салып, дүние-байлыққа өлінбеу керек, Алланы жиі еске алып, әрқашан, әрқандай жағдайда сабырлы және қанағатшыл әрі шүкіршіл болу ләзім.

Халық медицинасы туралы соңғы кезде кітаптар шықты. Бұдан пайдаланып ауруынан құтылғандардың саны да жеткілікті.

«Құрт ауру» дейтін аурумен ауырған бір танысымның хәлін сұрауға ауруханаға бардым. Дәрігер үйіне кетуге жауап беріпті.

Ауруханадан бірге шықтық. Автобус аялдамасы 800 метр жерде. Жаяумыз. Бұл сол 800 метр жерге үш-төрт рет отырып, дем алып жетті.

Сонда ол менен саразбанның құмы жөнінде сұраған. Мен саразбан емес, бұзаубастың құмының ем болатынын ескертіп, білгенімді айтқанмын.

Кейін кездесудің сәті түспеді. Арадан бір жыл өткесін бір туысынан сұрадым. Ол оның ауруынан жазылып, таксистік етіп жүргенін айтты. Уақыт өтіп 2015 жылы шілде айында Приозерскіде кездестім. Арақ ішіпті. Ауруынан қалай жазылғанынан сұрадым. Ол бұзаубасты айтып, маған ризашылығын білдірді.

Ырым да – бір аурудың алдын алу шарасы. Қазақта 5-12-наурыз аралығында аяқ жумайды. Бұл – Аям кемпірдің шығатын кезі. Егер аяқ жуса, аяқ ауру болады. Жумаса, ауырмайды. Халықта ырым деген бар. Ырым да Құраннан. «Бақара» сүресінің 249-аятында: «Сонда Талұт әскерлерімен айырылғанда (жолға шыққанда) сәтте: **«Расында Алла сендерді бір өзенмен сынайды. Кім одан ішсе, менен емес. Және кім одан татпаса, әрине, ол менен. Бірақ, кім қолымен көсіп алып қана ішсе, ол менен»,-деді...»**,-деп, Талұттың ырым жасағанын, айтқанын істегендер аз болып, әскер құрамы кемеігенін, Жалұттың әскерін көргенде айбынғанын, бірақ, Аллаға сенгендер жеңетініне сеніп, Алладан жәрдем сұрап соғысқанда, олардың арасындағы Дәуіт Жалұтты өлтіріп жеңіске жеткені айтылады (250-251-а). Осы сияқты ырымның да халық емшілігінде, емделуде және аурудан, жамандықтардан сақтануда пайдасы үлкен. Батыр Бауыржан атамыз, ырымның адамдарға зиянсызынан пайдалану керектігін айтқан.

Негізінен халықтық медицинада ғылыми медицина үйретін ем шара көп. Екеуін ұштастыра білген дәрігердің білімі байып, ұтары көп болады, әрине. Мұны кейінгі толқын қолға алар – қолданар, бәлкім. Ал, менің білетінім, медицина ғылымының академигі дәрежесіне жеткен үлкен ғалым Яхуда Жүсіпұлы Өтепов және осы Кісі сияқты елде өскен дәрігерлер аурудың тәуіптік және медициналық түрі деген түрлерін білген. Алдына медицинада зерттеліп үлгірілмеген ауру келсе, тәуіптерге жіберген. Міне, бұлар нағыз білгір дәрігерлер.

Ал, Шындыққа жүгінсек, кезкелен аурудың емі Құранда. Алла Құранды шипа үшін түсіргенін ескерткен. Бірақ: «Ауы-

рып ем іздегенше, ауырмай тұрып жөн ізде», демекші, Құранның айтқанын ден саулықтың қайнап тұрған кезінен істеу керек. Сонда пенде ауырмайды. «Әнғам» сүресінің 158-аятында: **«Олар өздеріне Періштелердің келуін немесе Раббыңның келуін не Раббыңның кей белгілерінің келуін ғана күте ме? Раббыңның белгілерінен кейі келген күні, бұрыннан Иман келтірмеген немесе Сенімі бойынша бір қайыр істемеген біреудің Иманы пайда бермейді...»**,-деген. Демек, деннің сауында, бастың аманында «Бақара» сүресінің 3-ші, 21-ші, 42-43-ші, 45-ші, 110-шы, 177-ші, 186-аяттарына бас иіп, Олардың үкіміне сауатты амал жасап, Алламен бірге жүру керек. Сөйткенде пенде Алланың қамқорлығында болады («Хаж» с. 38-а).

Алла «Нахыл» сүресінің 61-аятында: **«Алла адам баласын, олардың кесірлері себепті қолға алатын болса, жер жүзінде ешбір жан қалмас еді. Бірақ, оларды белгілі мерзімге дейін кешіктіреді. Ал қашан олардың мерзімі жетсе, олар оны (жазаны) бір сәтке кейіндете де, ілгерілете де алмайды»**,-деген. Біз нашүкір пенделер басымызға ауру келгенше, яғни, Алланың кеңшілік мерзімі толғанша, Алланы тілімізде ғана айтып, Ол тиым салған надандықтың барлығын істей береміз ғой. Суық тию не орынсыз тамақтану ғана емес, Құран тиым салған: өсек пен өтірік те, мақтаншақтық пен тәкаппарлық та, уәдепаздық та, асылық сөйлеу мен дөрекілік және ұятсыз сөздерді жария айту да үлкен ауруларды тудырады.

Бір жиында сөз реті келіп Алла тиым салған: уәдесін орындамайтын, өтірік айтатын, мәдениетсіз сөйлейтін, өсекке құмар жандардың ауруға шалдыққанын әңгімеледік. Сонда біреулер: «Бұлардан қалай ауру туады? Логикаға симайды ғой?!»-деді. Біз бұлардан туатын аурулар, «Бақара» сүресінің 39-ші және 89-аяттарынан келетінін айттық. Аяттарда: **«Қарсы келіп, Аяттарымызды өтірік дегендер, солар, дозақтық болып, олар онда мәңгі қалады», «...Қарсы болушыларға Алланың лағнеті болсын»**,-деген. Алла Өзінің әмірлеріне құлақ салмағандарды жаман көреді («Хаж» с. 38-а), Мейірім, Рахым қылмайды, бұлардан бос қалған денеге ауру да, бәле де орналаса алады. Сондықтан ес білген күнінен Құраннан дұрыс пайдаланған пенде ауырмайды. Бірақ, Алла құлшылық ете тұра фанаттық жолда қалып, Аяттарды дұрыс түсінбегендер, әлбетте, ауырады. Мәселен, фанаттық жолды ұстанып, тәйеум дәретті пайдаланбайтындар...

Ата мен анаға құрмет, Алланың белгілері және марқұмдардың суреттері хақында

2015 жылы қаңтарда Астанадағы мешіттердің бірінде, жамағатпен бас имамға ұйып, екінті намазын өтедім. Намаздан соң ол: «Уақыттарыңыз болса отырыңыздар. Ұстаздар уағыз айтады»,-деді. Менің де тындағым келді. Ұстаз, жиырма бес жастың айналасындағы жас жігіт екен. Шүкіршілікке байланысты он бес минөттей насихат айтты. Уағыздан соң: «Кімде не түсінбеушілік бар? Сұрақтарыңыз болса, беріңіздер»,-деді. Бір намазхан: «Үйде ата-анамыздың суретін қабырғаға іліп қойғанбыз. Осынымыздың біздің Мұсылманшылық амалдарымызға зияны жоқ па?»-деп сұрады. Ұстаз Аллаға серік қоспау, әулие мен әруаққа сенбеу туралы айта келіп: «Ол суреттерді сандыққа ма, шкәптің суырмасына ма салып тастаңыз. Жатсын!»-деп, жымыды.

Түсініксіз! Айтарын айтып алып жымығаны несі? Өмірде білгенінен білмегені көп, шарасыз жас: «Ол туралы біз де терең білмейміз, тек оқығанымызды айттық»-дегені ме? Әлде: «Суреттер жоқ қылынбағасын, сандықта не суырмада сақталғаны қалай?»-деп өзінің айтқанына өзінің қысылғаны ма? Әйтеуір, осылай болды.

«Ісра» сүресінің 22-аятында: **«Алламен бірге басқа тәңір жасама, онда қорланған түрде отырып қаласың»**, -дейді. Иә, бүгінгі ақыл-есі түзу жан Алланың жалғыз екеніне шүбәсіз сенеді. Оған серік қосудан сақтанады.

Осы сүренің келесі Аяттарында (23-24-а) ата-ананы құрметтеуді мұқияттаған. «Бақара» сүресінің 200-аятында: «Қашан хаж амалдарыңды өтесеңдер (Минада), Алла Тағаланы **ата-аналарыңды зікір еткендей**, тіпті, одан да артық зікір етіндер...», -деген. Бұл ата мен ананы он мәрте зікір етсең, Алланы жүз, тіпті, одан да көп мақта-дәріпте дегені. Бұл түсінікті. Ерекше ескерер жайы – ата мен ананы зікір ету айтылғаны.

Егер мұны «Әнфал» сүресінің 17-аятында: **«Сонда оларды сендер өлтірмедіндер, ...Алла өлтірді. (Мұхаммед с.ғ.с.), атқан кезде сен атпадың, ...Алла атты...»**, -деген. Осы Аят бойынша пікірлесек, Алла Тағала бізді ата-анамыздың қолы, мейірім, ра-

хымы арқылы тәрбиеледі ғой. Сондықтан біз оларды төбемізге көтеріп құрметтеуге, құлы болып қызметін жасауға міндеттіміз. Яғни, 17-аят түсінігімен айтсақ, оларға қызмет ету – олардың қолымен бізді тәрбиелеген Аллаға қызмет ету, деген сөз.

Ендігі нәзік жағдай, Алла бар, бірақ, Оны көруге көз жетпейді – көре алмаймыз («Әнғам» с. 103-а). Сондай-ақ, ата мен ана да бар еді, Алладан үкім келген демінде, мәңгілікке көз жұмды – енді жоқ. Денесін өзіміз арулап жерледік. Жаны, Рухы көкке кеткенін білеміз. Демек, ол екеуі тірі. Абай бабамыз айтқандай, олардың «Мені» тірі. Олардың түсімізге кіруі де тірілігінің дәлелі. Демек, оларға құрмет керек. Көрінбейтін – бар Алланы зікір еткеніміздей, оларды да тірі кезінде жәнәкөрінбейтін әлемге өткеннен кейін де зікір етуге борыштармыз. Оларды ескермеу, ұмыту – ата-ананы зікір ету жайындағы «Бақара», «Ісра» сүрелеріндегі Аяттармен Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ата-ананы ұялтпау хақындағы хадисіне қарсы амал.

Үшіншіден, және де 17-аятқа сүйеніп айтсақ, суретті де пенденің қолымен Алланың Өзі салады. Сондықтан Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Өз жанынан ештеңе шығарып айтпайтынын ескерткен «Жүніс» (15-а), «Хаққа» (43-46-а) сүрелерін ескеріп, Құранда тиым салған нәрселерден басқаларға өзімізше білгішсініп, тиым салуымыз дұрыс емес.

«Ағраф» сүресінің 33-аятында: **«Күдіксіз Раббым, ... және білмейтін нәрселеріңді Аллаға қарсы (Құранда айтылмағанды) сөйлеулеріңді арам қылды»**, - деген. Демек, сурет жәйлі айтылған сөздер де арам, хадис те өтірік хадис.

Құранның «Інсан» (30-а), «Текуир» (29-а) сүрелерінде, адамзаттың қалағаны емес, Алла қалаған нәрсе ғана болатынын ескертілген. Суреттердің салынуы, түсірілуі, сақталуы – барлығы Алланың қалауымен ғана болған Шындықтар.

Біздер барлық ілім-білімнің, жаратылыстың, ғайыптың Жаратушысы, Қожасы – жалғыз Алла ғана екенін жақсы білеміз. Демек, сурет салу, суретке түсіру білімдері де Алладан. Бәлкім, сондықтан болар, Құранда суреттердің сақталуына тиым салған Аят жоқ. Екіншіден, ол да – Алла Тағаланың қалаған Құлына нәсіп еткен өнері. «Жоқ! Ол – шайтаннан», дейтін болсақ, онда оны ілім-білім әлеміне қолдан ие қылып, ол лағынды Аллаға серіктікке қосқан боламыз. Ондай адасушылықтан Құдайдың Өзі оңға қайтарсын!

Кітап оқу қабылетін де Құдай ұнатқанына берген. Барлық адамның бірдей кітап оқымайтыны белгілі. Алла сол кітап оқымайтындардың да жүрегін ашу үшін, осы сурет, кино өнерін, ғайридін болса да, ғылымшылдығына, ізгілікке құштарлығына Өзі риза болған бір Құлының жүрегіне салды. Түсірілген бейнелер пленкеде сурет күйі тұр. Осы киноның тарихқа, ұрпақ тәрбиесіне ықпалы орасан. Бұл – Алланың Өзін танытуының біз білмеген бір Жолы еді. Енді біліп отырмыз. Кинолардан алдыңғы ғасырлардың және құдайсыздар басқарған қоғамның адамдарын, олардың тіршілігін көріп, замандарды таныдық. Содан ой түйіп бүгүнімізге шүкір етіп жүрміз. Сурет те сол сияқты.

«Таңбалы тастағы», Шет ауданындағы Тесіктас үңгіріндегі суреттер мен жердің қойнауынан табылған «Алтын адамдар» және түрлі әшекейлер Алланың білдіруімен біздің түп тарихымыздан бағалы дәйектер беріп отырған жоқ па? Соларға қарап әлемге өзіміздің Ұлылығымызды, текті халық екенімізді көрсетіп, Ұлы дала елінің бірнеше мың жылдық өшпес тарихы бар ел екенін дәлелдеп отырған жоқпыз ба?

Әлбетте, танытып отырмыз. Егер бұлар болмаса, жазуы кенже дамыған, көшпелі елде, әлемді таң қалдырардай, лажсыз мойындатардай не тарих болар еді?

Осы жерде тау тастарындағы суреттерге (петроглифтерге) тоқталайық. Оларды кім сызды? Олар қалай сызылды? Бұған зайрлы ғылым да, атеистік ғылым да жауап бере алмайды. Қу тамағы үшін тынбай еңбектенетін ешбір адам, тіршілігін тастап тасқа сурет салып жүрмейді. Екіншіден, бұл суреттер әлемнің көптеген елдерінде бар және барлығының сызылуы ұқсас. Егер адамның қолымен сызылса, бір-бірінен бір айырмашылық болар еді...

Демек, тастардағы бұл таңбалардың өзі, Алланың бір замандарда дүмшелердің шығатынын, олардың суретке қарсы болатынын білгендігінен, сурет өнері де Өзінің ілімінен екенін білдіру үшін, Өзінің сызғандары деген пікірге тоқталамыз. Бұл сөзімізге біз, Кеһор үңгіріндегі жазу мен Алланың Мұсаға (ғ.с.) Таураатты тақтайшаларға жазып түсіргенін дәлел ете аламыз («Ағраф» с. 145-а).

Демек, суреттер де Алланың түс, елес, ой арқылы Өзін танытқанындай, Өзін танытуының бір амалы. Оны жатсыну – мықты Имандылықтан емес.

Алла Тағала «Рағыт» сүресінің 13-аятында: «Көктердегі және жердегі әркім әрі **көлеңкелері**, ерікті, еріксіз түрде, ертелі-кеш Аллаға сәжде қылады», -деген. «Нахыл» сүресінің 81-аятында: «Алла жаратқандарынан **көлеңкелер ...**» жасағанын айтқан, ал, «Фурқан» сүресінің 45-аятында: «Раббыңның **көлеңкені қалай ұзартқанын көрмедің бе? Егер қаласа, оны тұрақты қылар еді...**», -деп, тұрақты етпегенін ескерткен. Осыған ой бөлсек те, адамзат сурет салудың өзін және жердің күнді айналатынын осы көлеңкелер арқылы үйренгенін түсінуге болады.

Мына нақты фактілерге көңіл бөлейік: біз тұнық судан өзіміздің түрімізді айнада көргендей көреміз; екіншісі, қыстың күндері пешпен отыратын үйлердің терезелеріне мұздан гүлдер сызылады. Бұл екеуі де – Алланың Өз кереметімен жоқты бар етуі, өнер үйретуі. Яғни, Алла тұнық су арқылы сурет өнерін көрсетсе, терезеге мұзгүл түсіру арқылы сызу өнерін үйретті.

Алла ерекше қабылет берген бір зерек жандар қызығып осыларды сызып, сондайдан, сурет салу пайда болған болар. Алла көрсетпесе, Алла жүрекке салмаса, пенде бұл өнерлерді қайдан біледі?

Егер назар салып қарасақ, әріп те, соның ішінде араб әріптері де дыбыстың суреттері...

Түбі осындай болғасын біз сурет өнерін, суретке түсуді, суреттердің салынуын және сақталуын Алладан деп мойындауға міндеттіміз. «Бақара» сүресінің 138-аятында: «**Өң Алланикі...**», -деген. Біз Алланың Өзі жаратқан жандыларының қайсысына қандай өң – түр-түс бергенін, тіпті, адам баласының өзінің әр қайсысының түр-түсі әр басқа екенін көріп жүрміз. «Рұм» сүресінің 22-аятында: «**...түстеріңнің** әр алуандығы да Оның **белгілерінен...**», -деген. «Хаж» сүресінің 32-аятында: «**...Кім Алланың белгілерін ұлықтаса, күдіксіз ол, жүректің Тақуалығынан**», -деп басқа белгілері қатарлы түр-түсті де ұлықтауды ескертеді. Демек, суретке қатысты түсінігімізді түзеуіміз керек. Зерттеулерімізге сүйеніп топшыласақ, суретке түсу де, түсіру де, оларды Алла қалаған белгілі мерзімге дейін сақтау да – Тақуалық, яғни, Алланың белгілеріне құрмет.

Алла Тағала «Һұд» сүресінің 100-аятында: «(Мұхаммед с.ғ.с.) **Бұл – осы өлкелердің хабары. Саған оны баян етеміз. Олардың кейі тұр, кейі шіріп жоғалған**», деген. Демек, Алла

перғауынның хабарын Мұхаммедке жеткеру үшін, ол елдің хабарын жеткеруші белгілерді сақтады. Сол сияқты, біздің еліміздің де тарихын бүгінгілерге таныту үшін «Таңбалы тастағы» суреттерді де бізге Өзі қорғап жеткеріп отыр. Онда Шәкәрім Құдайбердиев атамыздың суретінің бізге жетуі де Алладан. Сол кезде НКВД қызметкері, атамыздың құжаттарын өртеуді қарауылға тапсырмай, өзі өртегенде; немесе, қарауыл пешке салып жатқанда, қасына келіп қарап тұрғанда; болмаса, қағаздардың арасынан сурет сытылып жерге түспегенде – сол сурет сақталар ма еді? Қарауыл үйге әкеп жасырғаннан кейін, немересі сырды ашып қойғанда не болар еді?...

Осының барлығының себебін келтіріп тұрған жалғыз әл-Бадила Субханалла емес пе?! Әлбетте, бәрін Білуші, тағдырларды жазушы жалғыз Алла ғана. «...**әр ілім иесінің үстінде бір білуші бар**» (1), -демекші, Ол қалаған Құлының (2) несібесін арттырып береді. Нені қаласа жоқ етпей (3) сақтайды. Мұсылман жанұясында туылып-өсіп, көз ашқан күнінен Кәлима жаттап, Алланың Сөзінің үстемдігі үшін күресіп өткен, Тақуалыққа жеткен Құлы – Шәкәрім қажыны да Алла осылай құрметке бөледі. Бұл – оның дидарының, түсінің қалай болғанын, бүгінгі және кейінгі ұрпаққа көрсетуді көздеген Алланың белгісі.

Дәл осы сияқты Мағжан Жұмабаевтың суретін, ағасы Аба-Мүслім сол кездегі «күн көсемнің» портретінің артына жасырған. Мағжанның туыстарын да жазалауға кіріскен НКВД қызметкерлері Аба-Мүслімнің үйін сонша тінткенімен тап сол портреттің артын қарамаған...

Бұл суреттердің осылай жолдармен аман сақталып бізге жетуі – Алланың қалауы мен құдыреті және **«Құранның мүлде Шын екендігі айқындалғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі белгілерімізді жедел көрсетеміз. Расында Раббының әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?»**-деген, «Фуссилат» сүресі 53-аятының Шындығының дәлелі.

1956 жылдан Еңбек Ері атанған, коммунистік партияның Мәскеудегі және Ташкендегі үлкен құрылтайларына бірнеше рет делегат болған Шәпек Күзембаев әкесінен жастай жетім қалып, анасының тәрбиесінде өседі. Осы Кісі әр күні таң ертең жұмысқа кетерінде және кешке жұмыстан келісімен, анасының суретінің алдында тұрып, Алланың атымен сөз бастап, Алланы мақтап,

өзінің бүгінгі істеген істері бойынша анасына ерінбей есеп береді екен. Ал, Мәскеуге, Ташкенге алыс сапарларға шыққанында және тіпті, фермалары мен отарларын аралауға жиналғанында да жол жүретінін айтып, қайтып келгеннен соң, шартты түрде сапары жайында баяндап, үкіметтен сыйлақ алғанда: «Құдай маған осындай аброй берді. Аллаға шүкір! Аллаға шексіз шүкір...», - деп жүректегісін айтатын болған. Соңында Аллаға әке-шешесін мақтап, Одан ол екеуіне Бейішті беруін сұрайды екен. Осы адам 44 жыл кеңшарға директорлық қызметте отырды.

Бұл – Абай бабамыз айтқандай, өз-өзіне есеп беру, бұл біреуді ренжітуден, жеке адамға, қоғамға қиянат жасаудан тиылу. Себебі, есеп беру үшін ұялмайтындай іс істеу керек. Ұялмайтындай іс істеуге ниеттеніп, тырысқан адам, Иманның шеңберінде жүреді. Иман шеңберінен шықпау – жақсылықтардан жақсылықтарға жетудің кепілі!

Біз де Алланың атын айтып, әке-шешеміздің суретіне сәлем беріп жүрсек жаман бола ма? Оларды өлді деп мүлде ескермегеннен гөрі бұл жақсы емес пе? Екіншіден, бұл бізге Ақыретті естетіп тұрмай ма? Кеше ғана бар еді! Бүгін...», -деп, өзіміздің де ертең мәңгілікке көшетінімізді ойлатып, бала-шағамызға мейірімімізді оятпай ма? Дүниеге құнығып, күнәлар арттырудан сақтандырмай ма? Иман-ұяттың шеңберінде өмір сүруге шақырмай ма?

Бір ұятты істі істеп келіп, әкеңнің не шешеннің суретіне қалай қарайсың? Ұжданың бара ма?!...

Және бір-екі дәлел келтірейік. Ислам Оспанның ұлы Бөбек үлкен шаңырақтан енші алып шықты. Жас жанұя. Бір бөлмелі жалдамалы үй. Асханасы да, қонақ бөлмесі де – бәрі осы-ақ. Әке-шешесінен енші аларда ұлы, өздеріне күнделікті қажет дүниелерімен бірге, бабасының да қалың шынылы, үлкен портретін ала шыққан. Оны төрге іліп қойған. Бір кеште келіншегі шомылмақшы болыпты. Бөбек оған, бабасының портретін көрсетіп, оның алдында шешіну ұят болатынын айтып, бетін жауып қоюды ескерткен. Әйелі мұны ескіліктей көріп: «Ол – өлген адамның суреті ғой!»-деп, көйлегін шешкенде, тарс еткен дыбыс шығады да, портрет жерге түседі. 1950-жылдардың өндірісінен шыққан қалың шынының быт-шыты шығады. Қабырғаға өзі жақсылап бекіткен портреттің бұлай түскеніне таң қалған келін, апыр-топыр киініп алып, шомылуды қалдырыпты. Атасы мен енесіне жылап барып кешірім сұрапты...

1995 жылдардан Аллаға құлшылығын үзбей жүрген Зиятай, күйеуімен бірнеше жыл отасқан. Екі ұлы бар. Күйеуі тосаттан қайтыс болды. Бұл балаларымен қалды. Оңашадағы мұң шағары да, сыр ашары да – күйеуімен екеуі түскен портрет қана. Оны өзі жататын екі адамдық төсегінің жоғарысына, бас жағына іліп қойған. Жиі есіне алып, қарайды...

Балалар да ер жетіп, өз жолдарын тапты. Зиятай жалғыздықты енді сезді. Суретке енді жиі және ұзақ қарайтын болды. Уақыт өте келе, Алла сабақтап, өзіне лайық бойдақ кездесіп, некелесті. Ойында бөтен ештеңе жоқ – Ислам тәртібімен істеген амалдарына риза. Сол күні кешке, жаңа күйеуімен әдеттегі төсегіне жатқан кезде, сурет тырс-тырс еткен дыбыс береді. Сызған бойда, секөнт өткізбей, орнынан тұрып, дәрет алып, екі рәкәт нәпіл намаз оқып, Алладан кешірім сұрап, күйеуінің атын атап, Рухы тыныш болуын тілеп, ұмытпайтынын айтып, дұға қылады. Сосын суретті екінші бөлмеге көшіреді....

Кеңістік бос емес. Рух Иманды отбасына оралып тұрады. Бәлкім, адамдар осыған қарап та өздерінің Иман қуатын байқар. Білімдісі сосын оны күшейтер, білмейтіні ізденер.

Мешіттегі ұстаздың жастығы – өмірлік мектептерден тағлым алып, өзін бекітіп болып сөйлемегені, оның бағасын кемітті. Егер ол осы біз айтып отырғандарды білгенде, өзіндік пікірі болып, көрген, білгенін талдағанда олай қате сөйлемес еді. Ол өзін осы қызметке бекіткен діни басқарманың құзырында «Иман» журналы мен «Ислам және өркениет» газетінің барын біледі. Сол журнал мен газет те тірілердің ғана емес, марқұмдардың да суреттерін басып, олар туралы халыққа тағлымдық деректер береді. Егер Ислам ұстаз айтқандай болатын болса, журнал мен газет неге бүйтеді? Бір басқарма құзырында бола тұра екеуі неге бір-біріне қарама-қайшы амал қылады? Бұл осы сала мамандарының кемелдікке жетпегенінің көрінісі.

Жазушы Эрнест Төреханов, қырыққа жетпей, проза жазу – прозаның обалуна қалу екенін айтыпты. Сол айтпақшы, «Ақыл жастан...», -дегенмен, өмірлік пайымы жетілмеген шаһадаттының барлығын ұстаздық, имамдық қызметтерге бекіте беру де, халықтың обалына қалуға себеп болар!...

«Бақара» сүресінің 154-аятында: «Алла Жолында өлтірілгендерді, олар өлі демендер. Олар тірі. Бірақ, сендер сезіп біле

алмайсындар»,-дейді. Аяттағы: **«...өлтірілгендерді...»**, деген сөз – Алланың Өзірейіл (ғ.с.) Періште арқылы жанын алғандар, деген сөз. Бірақ фанаттар бұл сөзді тек шаһиттер деп түсіндірген. Негізінде бейбіт өмірде Имандылық Жолында жүріп өлгендер де, «өлтірілгендер».

Өлгендерді өлді – жоқ, демейік, өлгеннен кейін де өмір барын ескерейік. Зерттеуімізде келтірілген Шәпек атаның және Зиятайдың амалдарынан, Бөбек көрген мұғжизадан нәтиже шығарып, оларды жиі еске алайық та, суретін жасырып не жоқ қылып ренжітіп алудан сақтанайық. Өзімізге тілегендей, оларға да Алладан Бейішті беруін тілейік («Ісра» с. 23-24-а).

*Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): **«Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...»**. («Бақара» с. 272-а) **«Негізінде сені куандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік. («Фурқан» с. 56-а) «Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың»**, («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: **«Сен оларды зорлаушы емессің»**,-деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.

Құранда: **«Біреу игілік үшін күрессе, сөзсіз өзі үшін күреседі...»** («Ғанкабұт» с. 6-а),-деген...

1. «Жүсіп» сүресінің 76-аяты: **«Өз туысының жүгінен бұрын, олардың жүгін тінте бастап, сонсоң оны туысының жүгінен шығарды. Осылайша Жүсіпке әдіс үйреттік. Өйткені, Алла қаламайынша патшаның заңында туысын алып қала алмас еді. Қалаған кісіміздің дәрежелерін көтереміз. Сондай-ақ әр ілім иесінің үстінде бір Білуші бар»**.

2. «Бақара» сүресінің 212; 269-аяттары: **«Сондай кәпір болғандарға дүние тіршілігі әдемі көрінеді де Мұсылмандарды тәлкек қылады. Негізінде Тақуалар Қиямет күнінде олардан үстем болады. Және Алла қалағанын есепсіз ризыққа бөлейді»**. «Алла (Т.) Хикметті (терең білімді) қалаған Құлына береді. Ал, кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Бұны Ақыл иелері ғана түсіне алады».

«Әулие, әруақ жоқ!»-деме, олар тірі

Қазақ пендешілік атаулыдан өзін қорғаған, Құдайдан шынымен қорқатын, әділетті, биік парасатты, жалғаншы мен Ақырет туралы түсінігі кең, қайырымды-қамқоршы таза Иманды зиялыларды: «Көңілі ашық, көзі тоқ, тірі әулие», дейді. «Көңілі ашық», дегені – көкрек көзі ашық, Алланы, Құранды өз ортасынан артық таныған, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) мінезін бойына сіңірген, Иманына садық адам дегені; «көзі тоқ», дегені бұл дүниенің қоқырсығына алаңдамайды – дүниеқоңыз емес дегені; «тірі әулие» дегені, мұндай адамдар бос сөз сөйлемейді, бос сөз тыңдамайды, тіршіліктен бос уақытын Ақыреттік пайдасы бар қайырлы жұмыстармен өткереді, сондықтан бұлардың батасы да, қарғысы да қате кетпейді, кеңесі жерде қалмайды. Осы қасиеттеріне тәнті ел, оларды осылай атайды.

Міне, осыған қарап-ақ, әулие хақында нақты, кең түсінік алуға болады.

Көзбен көруге болмайтын, көздерді көріп тұратын («Әнғам» с. 103-а) Алланың, барлығы мен құдыретін сипаттайтын («Фуссилат» с. 53-а) тылсымдардың бірі – әулиелер. Біз әулиелер мен әруақтың «тірілігін» дәлелдеуді, төмендегідей – дүйім халық куә болып жүрген дәйектерден бастасақ, түсінуге жеңіл болар еді, деп ойлаймыз. Алдыменен айтылатын Шындық – **кезкелген адамның марқұм болған, намазхан бабасы не әкесі әулие бола алмайтыны.** Екіншіден, әйелге Пайғамбарлық қонбайтыны сияқты әулиеліктің де әйел жұртына дарымайтыны. Егер әулиелік адамзаттың қалауымен қонатын болса, қазақстандық Мұсылдардың әрқайсысының бөлек-бөлек әулиесі болатын еді, яғни, Мұсылман жерленген мазар атаулының барлығы ғана емес, ондағы әрбір қабір-төмпешік әулие болар еді. Олай болмай отыр. Демек, әулиелік жай сөз емес және білместер айтып жүргендей – жоқ емес. Олар – бар! Олар – Алланың назары түсіп, әулиелік дәрежеге жеткен некен-саяқ марқұмдар. Сондықтан олардың саны да аз.

Мұны – бірінші дәлел деп тоқталайық та екінші дәлелге көшейік.

Алланың 99 есімінің бірі Әл-Уәлиі және бірі Әл-Уәлиі екенін, Тәуелсіздіктен бергі жердегі, Аллаға ықылас еткен, көзі ашық

ел жақсы біледі. Осы есімдерге түсінік берушілер, Алланың Әл-Уалии есімін – «Қорғаушы. Ол Тақуаларды (әулиелерді) жақсы көреді және оларға мықты қуат береді...», -деп түсіндіріпті. Әулиелер талайды ауруынан айықтырып, үрейден қорғап отырғаны рас. Перзентсіздерге тілегін беріп, мұңдылықтан (1) арашалағанына дәлел көп. Басына барып тасаттық беріп, Алладан тілегендерді құрғақшылықтан қорғағанына ел куә...

Демек, Олар бар, Олар – шын мәніндегі Қорғаушы!

Ал, Әл-Уәли есімін – Басқарушы...,-деп кеңірек талдаған. Мұндағы «Басқарушы» сөзінің өзі, өзіне тәу етіп келгеннің көңіліндегісін беріп, оны Аллаға сенімділікке бастайтынын – оныңжүрегіне Аллаға күмәнсіз сенуіне жол ашып, жалғыз Аллаға алып баратынын көрсетіп отыр. Бұл рас та ғой. Адамдар уағызға сене бермегенімен, әулиелерден Шындықты сезіп, біліп Аллаға лажсыз бас иеді. Артық бірдеңе деуге Одан қорқады. Осыған қарап кейде, өз іштерінен шыққан тірі Пайғамбарға (с.ғ.с.) иіле бермеген адамзатты жақсы Білетін Алла, олардың Пайғамбардан кейінгі ұрпағының уағызшыларға сене бермейтінін біліп, Өзін ұмыттырмау үшін, қалаған Құлын осы Уәлилік – әулиелік дәрежеге көтерген болар, дегенге келеміз.

Мен интернатта, қып-қызыл атеистердің ортасында өстім. Бисмилла десем бәлеге қалатынмын. Соларға еріп кетпеуіме бірден бір себеп, бала күнімнен әулие Бекет, Қанарбай бабаларымыздың, оттың басында ата-анам, айналамда – халқым жыр етіп айтып жүрген кереметтері. Жалғыз мен емес, талай – тегі таза Мұсылман отбасынан шыққан, лажсыз коммунистер (2) осылай еді. Бірақ, ішінен тынатын. 1987 жылы демократияға кең жол ашылғасын, олар да өздерінің ішкі сырларын ашық байқатты. Бұл да бізден білімі, танымы кең олардың, осы әулиелер арқылы Алланы танығанының әсері.

Үшінші дәлел, әлбетте, Алланың Кәламдары жинақталған – Ұлы Нұрдан. Мұнда Алла Тағала Өзінің Пайғамбарларын, әсіресе, Исаны (ғ.с.) Ұлы Рухпен қолдағанын айтады.

«Хаж» сүресінің 38-аятында Иман келтіргендерді қорғайтынын ұқтырса, «Мужәдала» сүресінің соңғы Аятында Иман келтіргендерді Рухпен қолдағанын, олар Алланың тобы, жамағаты, жақтастары екенін ескерткен* (3). «Әли Ғымран»

* Біз пайдаланған тоғыз аудармада осылай төрт түрлі аталған, алайда, бәрінің де мағынасы, олар – Алланың ең Сенімділері, ең жақындары деген сөз.

сүресінің 169-аятында: **«Алла Жолында өлтірілгендерді, өлі деп ойлама, әрине, олар тірі. Раббыңның жанында олар ризыққа бөлендіріледі»**,-дейді. Біз «Алла Жолында»,-деген сөзді үнемі шейіттермен шатастырамыз. Шейіт – соғыста және Алла Жолындағы бір қызметтер үстінде қапыда өлу. Ал, Алла Жолында өлтірілгендерге, Аллаға сенімі таза, Елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) үлгісін көрсеткен Жолмен құлшылықта жүріп, өмірін нәпсі бәлесімен күрес үстінде өткерген* кезкелген жеңіскер Мұсылман жатады. Бұлай деуімізге бірінші себеп, жаратқанын өлтіретін де Алланың Өзі. Бұл өлу екіге бөлінеді: біріншісі – өлтірілгендер, яғни, аман-аман күнінен-ақ, Аллаға Иман келтіріп, мерзімі келгенде Иманмен өлгендер, Алланың сыйлығына бөленетіндер. Бұл пікірімізді «Хадид» сүресінің 19-аяты бекітеді. Онда: **«...Аллаға, Елшісіне Иман келтіргендер – Раббыларының қасында Шыншылдар және шейіт болғандар.** Олар үшін сыйлықтар және Нұрлар бар...»,-деген. Ал, өлгендер, бұлар – кәпірлер мен мұнафықтар. Дозаққа лақтырылатындар.

Енді бұлардың **«...ризыққа бөлендірілетініне»** келсек, әуелі, Бейіштен мәңгі жасайтын құтты орын сыйланатыны; екіншісі, осы – халық жадынан ұмыттырылмай, үнемі, тірі жан сияқты, халықпен етене болатын әулиелік қасиеті, әрине.

Демек, әулиелер де, әруақтар да бар. Оларды еске алып, зиярат жасаудың, түнеудің, ол жерде отырып тілеудің артықтығы жоқ. Керісінше, оларды еске алу деген сөз – жерге адам болып келіп, тағдыры жеткенде, бақиға көшкен, әл-Мисақта өзіңнің Рухыңмен бірге Аллаға серт берген («Ағраф» с. 172-а), бір Рухты еске алу деген сөз. Рух деген жерде, әулие- әруақты ескерудің, оларға зиярат жасаудың маңызы зор. Біз мешітте де отырып тілейміз. Әулие де сол сияқты таза орын. Тек қана оларға атап Құрбандық шалмайық. Мал сойсақ та олардың атын араластырмай, жалғыз Алланың атымен мауыздайық.

* Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ең үлкен күрес – нәпсі бәлесімен күрес, деген хадисін ескерсек, Иман Жолында жүріп өлгендер де, Алланың ризашылығы үшін күрес үстінде өлген есептеледі. Бұлардың шәһидтерден айырмашылығы соңғы демінде Кәлимасын айтуға үлгереді...

Бәлкім, біз Аяттарды талдауда ашық сөйлесіп, бұрынғылардың байқамағанын байқармыз. Сөйтіп, Аяттарды дұрыс түсінерміз. Осы сөзімізге дәлел ретінде, келесі Аятқа тоқталайық.

Алла Тағала «Кеһф» сүресінде шайтанды айта келіп, 51-аятында: «...**ешқашан аздырушыларды көмекші еткен емеспін**», дейді. Құлдарымнан, пенделерден демеген, «...аздырушылардан...», деген. Демек, Алла Елшілерінен кейін Өзі қалаған Тауа Құлдарының біріне Өзі ықпал мен білім беріп, Өзіне көмекші етеді. Олардан тірілері: ишандар, шейхтар, палшылар мен тәуіптер; ал, марқұмдардан белгілісі – Алланың Өзін танытып, үнсіз насихаттап жатқан әулиелер.

Иман келтіріп, ізгіліктер істеген Құлына жер мен көктің берекесін ашатын Алла (4), осы жалғаншыға қайта жер бастырып, бедел мен мол несібе, мал-дәулет беріп жарылқар. «Жүніс» сүресінің 4-аятында: «Біртұтас барар жерлерің со тарап (*Алланың алды*). Сондай-ақ, Алланың уәдесі хақ. Күдіксіз, Ол бастап жаратады. Сонан соң, **Иман келтіріп, ізгі іс істегендерге Әділдікпен сыйлық беру үшін оны қайта тірілтеді**. Сондай-ақ, кәпірлер үшін, қарсы болғандықтары себепті, қайнап тұрған судан сусын әрі күйзелтуші азап бар», - деген. Осы жердегі, «...Әділдікпен сыйлық беру үшін қайта...» тірілтуі, бәлкім, осы әулиелік қасиет дарытып, халықпен тығыз байланыстырып қоюы болар. Біз қайта тірілуді ылғи Қияметтегі тірілу, деп және оны мезгілі белгісіз ұзақтағы Қиямет көргендігімізден тірілулер туралы да шатасып жүрміз.

Өмірдегі Шындықтарды салыстырып қарасақ, әулиелерден тілеуіміз дұрыс. Кітап жазудан бастап, барлық ілім-білім, тіршілік, жетістік – барлығы Алладан. Алла «Бақара» сүресінің 269-аятында: «**Алла Хикметті қалаған Құлына береді. Ал, кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Мұны ақыл иелері ғана түсіне алады**», - дейді. Хикмет те – білім. Ол білімді Алла ғана Құлының көңіліне салады («Шура» с. 51-а). Ал, Алла көкейіне салмаған Құл, Алла хикмет сыйламаған Құл әулие де, ақын да, палшы да, көріпкел де, батыр да, кәсіпкер де, өнерпаз да бола алмайды. Сондықтан ұлы Абай бабамыз:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һәммәси,

Мәдәт бер я шағири фәрияд» (Абай Құнанбаев. Шығармалар жинағы. 59-б.1961. Алматы),-деп, өзінен бұрын өткен ұлы ақын, философтардан медет тілейді.

Мемлекеттер ұстанатын Ата заңдардың түп-төркіні де, елді басқару жүйелері де Алланың Кітаптарынан – Алланың Елшілері арқылы көрсеткен Жолы.

Мына бір қарапайым дәйек те, біздің әулиелер туралы түсінігіміздің кеңеюіне жәрдем береді. Құран Аяттары Жәбрейіл (ғ.с.) арқылы жердегі Пайғамбар Мұхаммедке жетті – үйретілді. Ол (с.ғ.с.) арқылы халыққа жайылды. Дін толықтырылып, уахи тоқтағаннан кейін, Алланы танығандардың тілегі Аллаға жетуі үшін олар Мұхаммедке келді. Ол (с.ғ.с.) бақилық болған соң, Шадиярларға келетін... Кейін Аяттарды толық түсінігімен меңгеріп, Тақуалыққа жеткен – Тарихатты, Ақиқатты меңгерген Алланың достарына келетін болған. Ал, бұлардың тірі кезінде дұғасы Аллаға кедергісіз жеткеніне сенген халық, бұлар марқұм болған соң да, Рухы өздеріне қызмет ететініне сеніп, зиярат басына барып не үйінде отырып, олардан медет сұраған. Расында, олардың Рухы да халық сенімін ақтаған. Ол бүгінде жалғасып келеді.

Осы пікірімізді шейх Хафиз ибн Ахмад әл-Хәкамидің «Ислам ақидасы бойынша 200 сұрақ»,-деген кітабының 200-сұрағына жауабынан да кездестірдік*. «200-сұрақ: Алла Тағалаға жақын адамдардың кереметтері (кәраматул-әулия) туралы не айтуға болады? Жауабы: Мұндай кереметтер шынында бар нәрсе... және осындай көптеген кереметтер пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) кезінде де, оның сахабаларының және оларға таза жүрекпен ілескендердің заманында да орын алған және біз өмір сүріп жатқан күндерге дейін жалғасуда. Сондай-ақ, ол қияметке дейін бола береді. Мұның бәрі пайғамбарымыздың кереметтері болып табылады, өйткені, әулиелер мұндай кереметтер жасау мүмкіндігіне оның жолына ілескендігі себепті ие болады...»,-депті.

* Бұл кітап қолымызға 2018 жылдың тамызында тиді.

Иә, әулиелер бар, олар пендешіліктен жоғары тұратын, асқан Тақуа Момындар.

Бірсыпыра тәуіптер, ауруға қараудан бұрын, Аллаға жалынып, жәрдем сұрап Мұхаммедке (с.ғ.с.), тіпті, кейбірі Шадиярларға да салауаттар айтып, сосын: «Менің қолым емес...», -деп, өзі бата алған ұстаздарының бірінің есімін атап, қолымен ем-шара амалын бастайды. «Әнфал» сүресінің 17-аятын ескере отырып, силсила тұрғысынан зерделесек, бұл амалдың соңы да Аллаға барады, яғни, Алланың қолымен емдеу болады.

Алла рұхсат бермесе, ешкімнен ешкімге жәрдем, шапағат тимейді. Сондықтан бұны мойындауымыз ләзім.

Дүнияуи дәлелмен айтсақ, «Патша – Алланың жердегі көлеңкесі», -деген хадиске тоқталамыз. Кезкелген адам ризашылығын не датын сол патшаға тіке жеткере алмайды. Ол алдымен жергілікті әкімшіліктерге айтады. Олардан жәрдем ала алмаса, облыстық, сосын жайлап республикалық деңгейдегі жауапты орындарға шығады. Олардан шарапат көрмесе, патшаға... Сол сиятқы, бізге де сонау УІІ ғасырдан бастап, датымызды Аллаға жеткеру үшін, нәпсісі жоқ, пендеден дұғадан басқаны үміттенбейтін* әулиелерге баруды мұраға қалдырған болар.

Пайғамбарларға уахи жеткеруші – Жәбрейілді (ғ.с.), ризық-несібелер үлестіруші – Микаилді (ғ.с.), жауын-шашынның, желдің басқарушысы – Исрафилді (ғ.с.), жан алушы –Әзіреилді (ғ.с.), бұлардан тыс, сауаптар мен күнәларды жазушы, күзетуші, қорғаушы Періштелер барын білеміз. Сенеміз. Барлығына міндеттер жүктелген. Дәл осы рәуішті, Алланың бір есімі – Уәлиге де бір міндет белгіленген. Ол –көрер көзге бір төмпешік болып жатқанымен, оның Рухы Алланың рұхсатымен тілеушінің тілегін беріп, Алланың, Періштелердің бар екенін, көк әлемінің бос емес екенін білдіріп, халықтың ғайыпқа сенімін оятушы әулие.

Бұған қоса Алла ерекше хислат берген адамдар ғана әулие

* «Дәстүрлі Ислам жауһарлары» Махмұт Кердері. «Пайғамбардың (с.ғ.с.) дүниеден өтуі туралы баяндалады». 131-бет. Расулалланыңөткен сахабаларға дұға бағыштауы.

болатынын ескерсек, әулиеге де, палшыларға да қарсы шығып жүргеніміз орынсыз, әрине. Біздің міндетіміз халықты Алланың Жолына жұмылдыру болғандықтан, өмірдегі халық куә болып жүрген Шындықтарды мойындап, уәзипамызға сауаттылықпен жандасып, әл-Халику-Алламен бірге болу. Сонда, біз дінімізді күмәндардан арашалап, Құран мен Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) айтқан жетістіктерге жетеміз, Иншаллаһ!

«Дүние ісі мен Алланың ісін салыстыруға болмайды», - деушілер де кездесер. Онда адамзат ел басқару тәсілін қайдан алды? Алланың ілімі мен үкімінсіз де істер бола бере ме? Бұл дүние шайтаны жақындардың дүниесі, басқаруды да солар шығарған десек, әлем тітіліп кетпей, шайтаны жақындардың басқаруымен тұтас тұрғаны қалай?

Алладан өзге басқарушы жоқ. Бар десек, Аллаға серік қосқан боламыз. Олай болса, жоғарыдағы әлем мен елдің басқарылу тәсілдері ұқсастығына шүбәлануға, тіпті, қарсы келуге тұтқа болар негіз жоқ.

Құранда Алла (5) Өзі несібесін ұлық еткен басшыларды, ғалымдарды, имамдарды және әрқайсымыздың тағдырымызға Өзі жазған ата-анамызды сыйлауды тапсырған. Осылардың арасындағы ғалымдар, ғалымдық дәрежеге Алланың ғана нәсіп етуімен жетті. Ол Аллаға басқа Құлдарынан бөлек, орасан ықыластылығынан, нәпсісіне үстемдік етіп, тек Оның Сөзін сыйлап, Нұрлы Жолдың тәртібімен жүрді. Бұл дүниенің жалтырағаны мен жылтырағанына («Кеһф» с. 7; «Таһа» с. 131-а.), лауазымы мен дәрежесіне қызықпады. Сөйтіп, Алланың бір есімінің – Уәлиі дәрежесіне жетті.

Ал, әулиелерден елдің пайда көріп отырғаны – тірісінде Алланың сыйына жеткен Құлының, бақилықта да Алланың сыйында болатынына дәлел. Сондықтан, халықтық сенім мен түсінікке көңіл бөліп, Ислам ғалымдары айтып кеткен кейбір негізсіз тұжырымдардан бет бұрғанымыз – Тақуалыққа жеткерер.

«Бақара» сүресінің 201-аятының мағынасы да дәл осы болар. Қазақтың Алладан екі дүниенің бақытын тілеп: «Екі дүниең абад болсын, Екі тойың қабат болсын», - деп, бата жасайтыны – осы екі дүние болар, яғни, тірісінде де, бақилықта да халық

жадында өмір сүру шығар. «Ісра» сүресінің 19-аятында: **«Кім Момын болған түрде Ақыретті қалап, сол үшін тырысса міне, солардың тырысулары шүкірге* лайық»**,-деген. Бәлкім, ғалым діндарлардан гөрі, осы әулиелік дәрежеге көтерілгендер, жалғанда жүргенінде-ақ, 201-аятты және «Ісра» сүресінің 80-аяты мен Ақыретке тиесілі Аяттарды терең түсініп, тек Ақыреті үшін күресіп өткендер шығар.

Бәлкім, әулие мен әруаққа қарсы шығу – күнә деп сақтансақ, Аллаға ұнармыз. Екі дүниенің жақсылығын көру бақытына жетерміз. Олар күні-түні Алланы зікір етіп, өмірін Алланың Жолына арнаған асылдар деп танысақ қателеспеспіз. Сондықтан әл-Ғадилу Алла олардың атын елдің жүрегіне салды. Алла бір Құлын жақсы көрсе, Жәбрейілге (ғ.с.) айтады. Ол (ғ.с.) барлық Періштелерге хабарлайды. Періштелер Имандылардың, халықтың жүрегіне салады,-деген хадис те осы Шындықтан туған болар. Әйтпесе, мәйіт көмілген төмпешік атаулыға халық, соншалықты құламас еді ғой.

Құдси хадисте, Мұхаммед (с.ғ.с.): «Алла Тағала айтады: «Құлым Мен жайлы қалай ойласа, Мен солаймын...»,-деген»,-дейді. Мұның астарынан да: «Құлым Мені қай жерден іздесе, Мен сол жердемін»,-деген Шындық көрінеді. Демек, кім: «Тілегімді әулиенің басында отырып Алладан сұраймын», десе, «Әнфал» сүресінің 17-аятына, «Бақара» сүресінің 115-аятына сүйеніп айтсақ, Алла сол адамның жүрегінде солай және сол жерде. «Әнбия» сүресінің 28-аятында: **«...Олар Алланың риза болған кісісіне ғана шапағат ете алады...»** («Жүніс» с. 3-а),-деген. Осындағы: «Олар...» дегені әулиелер мен палшылар, тәуіптер әрине. «...Алланың риза болған кісісі...» – белгіленген жаза мерзімі біткен; шарапат, игілік көруге тиесілі, Аллаға ерекше ықыласты бір Құл шығар.

Қазір Қарағандының Майқұдығында жасап жатқан Шәрипа апай ұзақ ауырады. Аудандық, облыстық, Республикалық ауруханаларда айлап емделіп шипа көрмейді. Бір күні әруақтары аян

*Аудармаларда: шүкірге лайық; қабылдауға лайық; алғысқа ие болады; еткен істері сауапқа жазылады; еңбектері міндетті түрде ақталады, - деп аударған.

беріп, әулиеден су алдырып ішіп, шомылып содан жазылады. Демек, жаза мерзімі бітті. Алладан үмітін үзбеген апайға Алла әулие арқылы шипасын берді («Бақара» с. 147; «Хаж» с. 40-а).

Алла оған, халық түсінігімен айтқанда, сол әулиенің жәрдемін, яғни, сол әулие арқылы Өзінің шапағатын тигізеді. Егер пенде Аллаға әулиені серікке қосса, бәрін Көріп, Есітіп тұрушы, жүректердегіні Білуші Алла оған әулиеден шапағат тигізбейді, Оның ең жаман көретін амалы – Өзіне серік қосқан. Мұндайда Ол сол әулие арқылы жазалайды.

Тағдырынан азап көргендер де әулиеге барғанда, Аллаға шын ықыластанып: «Алла қаласа, осы әулие мүшкілімнен құтқарады!»-деп, әл-Уәлииге сиынып барады. «Мәида» сүресінің 116-117-аяттарында Алла: **«Әй, Мәриямұлы Иса! Адамдарға Алланы қойып мені әрі анамды екі тәңір етіпалындар», деп сен айттың ба?»**-дейді... Иса (ғ.с.): **«...Аллаға құлшылық қылындар! Менің әрі сендердің Раббыларың дегеннен басқаны айтпадым. Олардың арасында болғанымда, оларға куә болдым. Сен мені алған шақта, оларға Өзің бақылаушысың. Негізінде Сен – әр нәрсені толық Білушісің»**,-дейді.

Расында, біздің бақылаушымыз – жалғыз Алла Тағала ғана. Басқа бақылаушы да, жарылқаушы да жоқ. Бірақ, шайтан мен нәпсісіне алданып қала беретін, нашүкір адамзаттың барлығы бірдей Тақуа емес. Тақуа болуға ұмтылушыларының өзі ақша мен байлыққа алаңдап тұрады. Осы олақтығынан олар Аллаға тілегін жеткере алмайды. Сол үшін, жоғарыда айтқанымыздай, Алла Өзінің кереметімен осы әулиелерге ықпал берген.

«Ғафыр» сүресінде Алла Тағала: **«...: «Маған жалбарыныңдар, тілектеріңді қабылдаймын...»** (60-а),-деген. Тағы да қайталайық, екінің бірі дұғасын Аллаға жеткере алмайды. Мұқтаждықтан қиналған Жанға жүрегі немесе Аллаға жүрегі ашық Ақсақалдар әулиеге баруға кеңес береді. Дұға жасап, тілейді, Алла жауап береді, яғни, не мақсатпен барған болса, сол бойынша нақты не астарлы аян береді.

Бұған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың туылуы бұлтартпас дәлел. Бізден бұрынғыны және біздің алдымыздағыны («Бақара» с. 255; «Хаж» с. 76; «Таһа» с. 110-а) толық Білуші құдыретті Иеміз, Әбіш атамыз бен Әлжан анамыз дүниеге келмесінен бұрын, бұл екеуінің тағдырларын мөлшерлеп жазғанда: «Қазақ деген халық

Құран Аяттары мен Мұхаммед көрсеткен Жолымды бұрмалады. Жүзге, ақсүйек пен қараға бөлінді, Мен ықпал мен мол несібе бергендер ынсаптан ауды. Әділетсіздік жайлады. Бұлардың билігін ғайридіндерге беремін. Олардың арасынан құдайсыздар деген топ шығып, олар Мені ескермейді. Бірақ, Мен кедейлерді теңдікке жеткергені үшін және кедейлердің ықыласы үшін оларға көмектесемін, олар көп қан төгіспен КСРО деген үлкен мемлекет құрады. Сонда да Мені естеріне алып, Маған шүкір етпей: «Бұл қоғамды құдайсыз, өзіміз құрдық!»-деп, Мен ықпал берген Ленині мен Сталинін мақтап, құдайсыздықты насихаттайды. Адамдар оларға сенеді. Олар Мені халықтың санасынан өшіре алмайтынын да біледі. Бірақ, шайтан басымдық қылып райларынан қайтпайды. Кейінгі ұрпақтар да соларға алданып, күнәларға батады. Мен жас ұрпақты сақтандыруым үшін ол қоғамды 74 жыл ғана жасаттырып, 1991 жылы жер бетінен жоямын. Сол кезде діндарлар қаптап кетеді. Олар бұрынғы бабалары ұстанып келген Менің Жолымды місе тұтпай: «Әулие, әруақ жоқ!»-деп халықты Шындықтан қайтарады. Сондықтан Мен оларға нақты дәлел келтіремін, яғни, Үшқоңырдағы Назарбайдың ұлы Әбіш Әлжанға үйленеді. Бірақ, перзент бермей, Маған Жол табуын күтемін. Қашан Менің Әл-Уәли есімімді ескеріп, өздеріне жақын жердегі Райымбек батыр жерленген әулиеге барып, түнеп тілесе, замандастарының бәрінен несібесі ұлық, мәртебе-мерейі үстем, өмірлі перзент беремін. Ол келешекте елінің Патшасы болады...», -деп 1870-80 жылдары, бәлкім, Әл-Мисақта жоспарлаған болар. Бұл бізге «Фуссилат» сүресінің 53-аятындағы: **«Құранның мүлде шын екендігі айқындалғанға дейін, әлемдегі және өздеріндегі белгілерімізді жедел көрсетеміз. Расында, Раббыңның әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?»**-деген ескертуінің Шындығын дәлелдейді.

Егер біздің түсінігімізбен келіспесеңіз, «Жүсіп» сүресінің 69-76-аяттарын жадқа алыңыз. Онда Жүсіп (ғ.с.) ағаларымен бірге келген інісі – Бінямынды жанына алып қалу үшін, оның астық жайланған жүгінің арасына патшаның су құятын ыдысын қоса салады. Ағалары астық алғанына мәз болып, жолға дайындалған шақта, қызметкерлерден бірі патшаның су ыдысы жоғалғанын бұлардан көріп, айқай салады. Бұлар алмағанын айтады. Шарттасқанда су ыдыс кімнің жүгінен табылса, сол жаза-

ланатын болады. Келісім бойынша жүктерін ақтарады. Ақтаруды Бинямынның жүгінен емес, басқалардың жүгінен бастайды. Соңында Бинямынның жүгінен ыдысты шығарады. Сөйтіп оны алып қалады. Алла: **«Осылайша Жүсіпке әдіс үйреттік. Өйткені, Алла қаламайынша, патшаның заңында туысын алып қала алмас еді...»**,-дейді. Сондай-ақ, біздер де Алла қаламаса, Тәуелсіздікке жетпес едік, дініміз қайта бұйырмас еді, әулие, әруақты ұмытып, соңында адасқандар тобымен дозаққа бейім жасап өтер едік.

Осы сияқты Алла қаламаса, Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болмас еді, әулиелер мен палшылар, тәуіптер пенделерге көмектесе алмаған болар еді.

Енді тақырыбымызға байланысты бірнеше Аяттарды талдайық. «Бақара» сүресінің 154-аяты: **«Алла Жолында өлтірілгендерді олар өлі демендер, олар тірі, бірақ, сендер сезіп біле алмайсындар»**,-десе, «Әнфал» сүресінің 17-аятында: **«Сонда оларды сендер өлтірмедіндер, бірақ, оларды Алла өлтірді. (Әй, Мұхаммед с.ғ.с.), атқан кезде сен атпадың, бірақ, Алла атты. Бұл Момындарды жақсы бір сынақпен сынау үшін. Расында, Алла – толық Есітуші, өте Білуші»**,-дейді.

Аяттарға түсініктеме берушілер 154-аяттағы: **«Алла Жолында өлтірілгендерді...»** дегенді жақша ішінде шейіттер деп көрсеткен. Осы **«...өлтірілгендерді...»** деген сөзді еске ала отырып, **«...оларды сендер өлтірмедіндер, бірақ, ... Алла өлтірді. атқан кезде сен атпадың, бірақ, Алла атты...»**,-деген сөйлемдерге мән берсек, шейтті де, жауды да, намазханды да Әзрейіл (с.ғ.) Періште арқылы Алла өлтіреді. Бұдан қорытынды шығарып, біз бұл Аятты (154-а) жоғарыда айтқанымыздай, Алланың Жолында жүріп өлгендер, деп түсінгеніміз мақұл болар.

Ал, «Нәміл» сүресінің 80-аяты бұған қарама қарсы. Әулие мен әруаққа қарсы уағыз айтушы көп діндарлар осы Аятқа жүгінеді. Аятта: **«Шынында, өліктерге естірте алмайсың. Әрі бұрылып қашқан саңырауларға да дауыс естірте алмайсың»**,-дейді. Мұндағы саңыраулар кімдер? Біз есіттіре алмайтын өлілер кімдер? Әрине, бұлар: **«...Олардың жүректері бар, алайда, олар онымен түсінбейді. Көздері бар, онымен көрмейді. Және олардың құлақтары бар, ол арқылы естімейді. Олар хайуан тәрізді, тіпті одан да әрі адасуда. Міне, солар, мүлде**

каперсіздер»,-деп, «Ағраф» сүресінің 179-аятында Алланың Өзі сипаттаған, Аллаға құлықсыздар. «Һұд» сүресінің 24-аятында: **«Екі топтың (Мұсылмандар мен кәпірлердің) мысалы: саққұлақтар мен саңыраулар және көрушілер мен соқырлар тәрізді. Мысалда олар тең бе? (Сонда да) түсінбейсіңдер ме?»**-дейді. Бұлардан біз екі топтың бірінің тірі кезіндегі Иманмен жасап, Иманмен өлгенін, екінші топтың Аллаға қарсы пейілде жасап, Имансыз өлгенін айырып түсініп, әулиенің құрметін орнына қоюымыз керек.

Бұл Аяттарды «Зұхрұф» сүресінің 86-шы, «Мұмтахина» сүресінің 13-аяттары толықтырып қостайды. 86-аятта: «Олардың Алладан өзге құлшылық қылғандары шапағат ету күшіне ие емес. **Бірақ, Ақиқатты біліп, куә болғандар басқа»**,-десе, 13-аятта: **«Әй, Момындар!** Алланың ашуына ұшыраған елді дос тұтпандар. Олар кәпірлердің **қабырдағылардан күдер үзгеніндей**, Ақыреттен үміт үзген»,-дейді. Біріншісінде (86-а): **«...құлшылық қылғандары...»**,-деп, жаратылғандарды меңзесе, мұның астарында, Мұсылман жұрты зиярат жасайтын әулие, яғни, Алланың барлығын, тумаған, туылмаған жалғыздығын мойындап Кәлима келтірген Такуа Момынның шапағат ету күшіне ие екенін жасырынып жатыр; екіншісінде (13-а), кәпірлердің қабырдағылардан күдер үзгенін айтып, Момын-Мұсылман халқына әулиелерден – қабырдағылардан үміт үзбеді ишаралап ұқтырмаған.

Демек, әулие де, әруақ та бар.

Ал, **«...Алланың Нұрын ауыздарымен өшіруді қалаушылар...»** («Тәубе» с. 32-а), **«...бос нәрселер арқылы Шындықты төмендетуге жағаласып...»** («Кеһф» с. 56-а) жүрген кәпірлер мен мұнафиқтар, дүмшелер бұл Аяттарды білмегендіктен әулие, әруақты жоққа шығарады.

Әрине, Құранды жақсы білмей, өз ойына сеніп не нәпсісінің қалауымен әулие, әруақты жоққа шығарушылар «Әли Ғымран» сүресінің 4-ші және 86-88-аяттарын білмейтін дозақтықтар.

«Мұтаффифин» сүресінің 18-21-аяттары: **«Жоқ олай емес. Негізінен ізгілердің дәптері, әрине, жоғарғы орында болады». «Жоғарғы орынның не екенін қайдан білесің?» «Ол – жазулы бір Кітап». «Оны Аллаға жақын Періштелер бақылайды»**,-дейді. Біз Құраннан әркімнің үстінде бақылаушы Періште ба-

рын, жазушы, күзетуші Періште барын білеміз. Ал, олардың Рух екенін «Қияметтегі қайта тірілу, бәлкім, қайта туылу» атты тақырыптың бірінші дәлелінде кеңірек айттық.

Сонда да қайта пысықтайық. «Әнбия» сүресінің 26-аятында: «...Алла одан пәк. Олай емес, Періштелер – Ардақты Құлдары..», -десе, «Хұжрат» сүресінің 13-аятында Алланың алдындағы Ардақты жан – Такуа Құл ғана екенін ескерткен. Демек, Ардақтылар, Кереметтілер, бұлар – Періштелер мен Такуалар. Бұлар – Рух.

«Ісра» сүресінің 23-аятында ата-ананы сыйлауды – ренжітпеуді мұқият тапсырған (6). Тіпті, «Лұқман» сүресінде (15-а): «Егер екеуі де білмеген нәрсеңді Маған ортақ қосуға зорласа, оларға бағынба! Олармен дұрыс жолдас бол...», -деп, қарсы болса да ата-ананы сыйлауды ескерткен. Қайбір ата мен ана өз баласының екі дүниеде де бақытты болғанын тілейді. Оларды ренжітпе, дейтіні, сол бақытты күндерге жетуге олардың реніші жол байлау болатын шығар. Қазақтың: «Ата-анаң жынды болса, байлап бак», -дегені де, осы – оларды налытпауға шақыру. Ал, перзентінің қызметіне, құрметіне ризашылықпен бақилыққа көшкен көңіл, риза еткен перзенттеріне сол дүниеде де тілектес болып жасар. «Ахзап» (43-а), «Ғафыр» (7-9-а) сүрелерін оқып отырып та осындай түсінікке таяламыз. Онда Періштелердің Иман келтіргендерді Алланың жарылқауын және Бейіштен орын беруін тілейтіні айтылған (7).

Және бір сүйеніш – «Шура» сүресінің 4-5-аяттары. Адам өлгеннен соң, біз денесіне ғана ие болып, оны жерлейміз, еске алып, қабырына зиярат жасаймыз. Ал, Жаны мен Рухы көкке көтеріліп кетеді. Мына Аяттарда: «Көктердегі, жердегі барлық нәрсе Онікі. Ол – тым Жоғары, өте Зор», «...Періштелер Раббыларын дәріптей мақтап, жердегілерге жарылқау тілейді. Көңіл бөліндер, күдіксіз, Алла – тым Жарылқаушы, аса Мейірімді», -деген. Жердегілерге жарылқау тілейтін Періштелер, біз білмей жүрген осы әулиелер мен ізінде ізгі ұрпақ қалдырған әруақтар, әрине.

Қысқасын айтқанда, біздің әулие-әруаққа зиярат жасауымыз – Алла нұсқаған, бабаларымыз дұрыс үлгісін көрсеткен, Такуалыққа тән орынды амал.

Біз әулие, әруақ сөздерін түсіну үшін тақырыптың басында айтқандарымыздан бөлек және бір нәрсеге мән берейік.

Әулиелердің, әруақтардың туысы бар, тіпті, немере, шөбере, шөпшек ұрпағы да ортамызда жүр. Бірақ, олардың тіршіліктерінің біздерден артықшылығы жоқ. Олар да пендешілікпен, кейбірі байқамай қылмыс жасап, түрмеге түсіп жатыр. Мән беретін жері, қанша жалынғанмен әулие, әруақ бабалары оларға түк көмек бере алмайды. Егер Алласыз шапағат ете алатын болса, туыстарын, бауырларын қорғап жүрер еді. Ол кезде жердің беті де бұзылар еді. Сол үшін әулие деп жүргеніміз әл-Уәли, әл-Уәли Алланың Өзі екеніне келіскеніміз дұрыс түсінік болып, бізді жақсылыққа жеткерер.

Осы тақырыпта көбірек айтылған «Әнфал» сүресінің 17-аятын осы жерде кеңірек талдайық. Аятта: **«...оларды сендер өлтірмедіңдер, оларды Алла өлтірді. (Әй, Мұхаммед!) атқан кезде сен атпадың, Алла атты. Бұл Момындарды жақсы бір сынақпен сынау үшін...»**, деген. Осындағы бірінші, екінші сөйлемге мән берсек және Алланың жаратқандарының барлығы Оның Иелігінде екенін ескерсек, бір мұқтаждың әулиеден тілегенін де беріп отырған Алла болып шықпай ма?

Демек, әулие, әруақ бар. Оларға зиярат жасау дұрыс. Негізінде әулие мен әруақты шынайы ғалымдар жоққа шығармаған, олар халықты Аллаға серік қосудан сақтандыру үшін тәуәссұлді айтқан. Тек кейінгі дүмшелер ғана «Нәміл» сүресінің 80-аятын алға тартып, өзіне ергендерді алдап, халықты екі ұдай күйде қалдырып, олардың Алла туралы, Құран туралы түсініктеріне күмән араластырып келеді.

Әулиелерді жақтаған пікірімізге Амантай Рзашұлының «Сыр елінің сыры» кітабындағы ишандар мен әулиелердің өмірі де толық дәлел. Бәрімізге танымал, ортамызда жүрген Әділхан Ерманұлының, заман ағымымен жүріп, шегіне жеткенде тағдырға ұшырап, сол тағдыры себепші болып, Балмағанбет ағамызбен кездесуі, ағамыздың: «...Ә-ә! Келдің бе?... Е-е, сенің Мәскеуің не? Бір шелек қаның не? Екі жылдан бері емші, ем іздеп жүрсің. Сенің емің есігіңнің алдында ғой!... Әкең мен нағашыларың кім екенін білесің бе? Үйіңе бар да ақ-еден малыңнан бір жандық сойып садақа тарат. Екі шалды ертіп алып, әкеңнің аяқ жағына барып түнеп шық...».

Әділхан: «Таң сәріде әкем келіп, қолымнан ұстап батасын беріп: «Балам, қайт енді»,-деді. Қуанғаннан айқайлап тұрдым...

Қайтып үйге келіп қонған түні әкем қасына үш кісі ертіп, төртеу болып келді. Жанындағы кісілерді таныстырды. Қас-қабағы қалың, сақалы омырауына түскен адамды, «Төлебай деген үлкен атаң», деп, ал, шоқша сақалды, сары шалды, «Нағашың – Өтеген молда»,-деп, үшіншісі, Тоқмақтағы өзім барған дүнген шал еді. Олар бір мезетте ғайып болып, әкем бір өзі қалып, маған 41 құмалақ ұсынды...».

Нұрсұлтан Әбішұлының өмірге келуі секілді, бұл да Шындық екенін көзімізбен көріп отырмыз. «Фуссилат» сүресінің 53-аятының дәлелі. Егер осыларды біле тұра әулие, әруақтың барына сенбесек, ғайыпқа сенбегеніміз, 53-аятты жалғанға шығарғанымыз.

Бірде теледидардың «KAZAKH TV» арнасында атақты Қоңыр әулие туралы көрсетті. Зертеушілер: Павел Жуков, Александр, Сергейлер әулиенің кереметтері туралы да айтты. Соның ішінде Александр: «Біз ішке кіргенде аппараттар өшіп қалды. Аккумуляторлар қуатты еді. Олар да қуатсыз. Шарасыз қалғаннан дұға жасап Қоңыр атаға жалындық: «Біздің бөтен ойымыз жоқ. Біз жұмыс істеп жүрміз...»,-деп жалындық. Содан аппараттар қайта іске түсіп,...»,-деп жұмыстарының сәттілікпен біткенін әңгімеледі.

Бұндай оқиға 1996 жылы Киелі әулие – Қанарбай Айбасұлының 160 жылдық тойында да жүз берген еді. Тойдың алғашқы күнінен іске кіріскен үштөбелік Сұлтанов камерасына Қанарбай атамның кесенесін, қабырын түсіреді. Сол күні кешке біз бір құрым үй толы тойшылар тамашаладық. Бәрі анық, жақсы еді.

Ертеңіне республикалық, облыстық телерадио компаниялардан операторлар, журналистер келді. Бірақ, олар кесенеге кірген кезде камерада жарық пайда болып, қабырды суретке алуға мүмкіндік бермейді. Бұлар Сұлтановқа айтады. Ол бұған келіспей, камерасындағы түсірілімді көрсетеді. Сөйтсе, барлық түсірілім бар да тек, атамның қабыры жоқ – өшірілген...

Бұл – Алла Тағаланың Өзінің кереметін жарылай Мұсылман – Шындыққа күмәнділерге, жарылай атеистерге көрсеткен кереметі еді.

Біз Пайғамбарлардың уәзипасын, өмірін Құран арқылы жақсы білеміз. Адамнан (ғ.с.) бастап, барлық Пайғамбаларды әулиелермен салыстыруға, теңестіруге болмайды. Олар-

ды кемсітуге де ешбір пенденің хақы жоқ. Олар Алланың ең ардақты, ең сүйікті Құлдары, ең сенімді Елшілері. Солай болғанымен Алланың Уәлиі-әулие деген есімі бар да Пайғамбар деген есімі жоқ. Пайғамбарлар Құранда атымен аталып толық таныстырылған. Олардан Ібраһим, Мұсаның (ғ.с.) Алланың досы екенін және Өзі адал Имандылардың досы екенін ескерткен. Міне, Алла маңызды мәселелерді осы достарының жүректеріне салып сездіреді, оны көріпкел деп те атайды; түсінде нақты аян береді («Шура» с. 51-а). Олар халыққа осы жолдармен таныстырылады. Әрине, бұлар – әулиелер.

Сондай-ақ, өмірде әулиелерге түнеп перзент сүйіп жатқандарды көріп жүрміз, бірақ, Меккеге Пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) басына түнеп, біреу ауруына шипа тауыпты не біреу перзент сүйіпті дегенді қазірше естіген не оқыған жоқпыз. Алайда, тағы да бір қайталайтын жағдай, Пайғамбарларды тірі кезінде, әулиелерді бақилыққа өткесін халыққа қызмет еттіруі – Алланың Өз қалауындағы кереметтерінен: бұл – бір Құлдары арқылы басқаларын қорғайтынын ескерткен («Хаж» с. 40-а) Алланың әулиелердің шарапатымен бір топ Құлдарының Иманын орнықтырып, Тақуалыққа бастап, екінші топ Құлдарын үрейлендіріп, тәртіптің Жолына салып келе жатқаны. Сондықтан біздің әулие, әруаққа қарсы сөйлеуіміз орынсыз болар («Мүмтахина» с. 13-а) – адамдардың оларға деген махаббатына шек қоюымыз, әулиелер мен халықтың байланысын үзуіміз – «Бақара» (251-а), «Хаж» (40-а) сүрелерінің Аяттарына қарсы амал, тегінде бұлжақсылыққа апармас!

«Ғафыр» сүресінің 35-аятында: **«Олар өздеріне келген ешбір дәлел болмаса да Алланың Аяттары жайында тартысады. Бұл Алланың қасында да, Момындардың қасында да зор кейіс. Өстіп Алла әрбір тәкаппар зорлықшылардың жүрегіне мөр басады»**,-деген. Ал, біздің осынша дәлеліміз негізсіз, ойдан түзген сандырағымыз емес. Не жазсақ, Аяттар мен хадистерден тастығын тапқандарды жаздық, «Фуссилат» сүресінің 53-аяты көрсеткен, өмір де дәлелденген Шындықты жаздық, қисынға сыйымды пікірге сөз сабақтадық. Бұған да келіспесек, бәлкім, Алла келіспеген жүректерге мөр басар, «Бақара» сүресінің 159-аятының үкіміне ұшыармыз.

Ресейдің Кемеров облысының губернаторы – Амангелді Төлеев: «Қазақта: «Өлі риза болмай, тірі байымайды»,-деген сөз

бар. Осы сөзге балама болар анықтаманы мен өзге халықтан таба алмадым. **Ата-бабаның әруағына құрметпен қарамасаң, шыққан тегінің жалауын желбірете алмасаң** Нағыз адам, Нағыз саясаткер бола алмайсың», - дейді. Бұл жай адамның пікірі емес, Алла Тағала ерекше қасиет, ықпал мен несібе, ақыл мен білім берген («Бақара» с. 269-а), Ресейдей үлкен империяның бір губерниясын үздіксіз отыз жылдай басқарған бірегей Тұлғаның сөзі. Бұдан тағлым алып, ата-бабамыз иіліп келген Әл-Уәлииге, Әл-Уәлиге – әулие-әруаққа иілейік.

*Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): **«Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...».** («Бақара» с. 272-а) **«Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік.** («Фурқан» с. 56-а) **«Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың»,** («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: **«Сен оларды зорлаушы емессің»,**-деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.

Құранда: **«Шын мәнінде солай, Аяттарымызда бұрмалаушылық жасағандар, Бізге жасырын емес...»** («Фұссилат» с. 40-а),-деген...

1. «Шура» сүресінің 49-50-аяттары: **«Көктер мен жердің иелігі Аллаға тән. Қалағанын жаратады. Кімге қаласа қыздар, кімге қаласа ұлдар береді». «Немесе ұлдар мен қыздарды жұп-жұбымен береді. Сондай-ақ, қалағанын бедеу қылады.** Күдіксіз Ол – толық Білуші, аса Күшті».

2. «Нахыл» сүресінің 106-аяты: **«Жүрегі Иманмен орныққаннан кейін зорлық көрген біреу емес, (еркіндіктегі біреу) Иман келтіргеннен кейін (зорлық көрмей-ақ) Аллаға қарсы келсе, сондай-ақ, біреу көңілін имансыздыққа берсе, оған Алланың ашуы және оларға зор азап бар».**

3. «Мүжәдала» сүресінің 22-аяты: **«Аллаға, Ақырет күніне Иман келтірген бір елдің; аталары не балалары яки туыстары немесе ағайындары болса да Аллаға, Елшісіне қарсы келгендерді сүйгенін көрмейсің. Міне, солардың жүректеріне Алла Иман жазған әрі оларды Өз жағынан бір Нұрмен қолдаған. Және оларды астарынан өзендер ағатын әрі онда мәңгі қалатын**

Бейіштерге кіргізеді. Алла, олардан разы, олар да Алладан разы. Міне, бұлар, **Алланың жамағаты. Жақсы біліндер. Дау жоқ, Алланың жамағаты, олар –құтылушылар».**

4. «Ағраф» сүресінің 96-аяты: **«Егер ол өлкелердің елі Иман келтіріп, сақтанса еді, әрине, оларға көк пен жердің берекеттерін ашып жіберер едік. Бірақ, олар жалғанға шығарды. Сондықтан қылмыстары себепті оларды қолға алдық».**

5. Алла қалағанының ризық-несібесін, дәрежесін көтеретіні туралы: «Бақара» с. 212; 269-а; «Ниса» с. 96-а; «Әнғам» с. 132; 165-а; «Жүсіп» с. 76-а; «Нахыл» с. 71-а; «Зұхруф» 32-аяты.

6. «Ісра» сүресінің 23-25-аяттары: «Раббың, Өзіне ғана ғибадат етулерінді, әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе: «Түһ!» деме. (Кейіс білдірме.) Сондай-ақ, ол екеуін зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле». «Ол екеуіне кішірейіп мәрхамет құшағын жай да: «Раббым! Ол екеуі мені кішкентайда тәрбиелегендей Сен де оларды мәрхаметіңе бөлей көр!»-де». «Раббыларың іштеріңдегі нәрселерді жақсы біледі. Егер игілерден болсаңдар, негізінде Алла, бойсұнушыларды жарылқайды».

7. «Ағраф» сүресінің 206-аяты: **«Расында Раббыңның қасындағылар (Періштелер) Оған құлшылық қылудан менменсімейді де Оны дәріптеп, Оған сәжде қылады».**

«Ахзап» сүресінің 43-аяты: «Ол сондай Алла сендерді қараңғылықтардан жарыққа шығару үшін **Өзі Рахмет қылып, Періштелері дұға қылады. Сондай-ақ, Момындарға ерекше Мейірімді».**

«Ғафыр» сүресінің 7-9-аяттары: «Сондай ғаршыны көтерген және оның маңындағы Періштелер, Раббыларын мақтаумен дәріптейді, Оған сенеді. Сондай-ақ, Иман келтіргендер үшін: **«Раббымыз! Мәрхаметің, Білімің әр нәрсені сидырып, ішіне алған. Сондықтан тәубе етіп, Жолыңа түскендерді жарылқа! Әрі оларды дозақтан сақтай көр!»-** (деп тілейді). **«Раббымыз! Оларды әрі аталарынан, жұбайларынан және ұрпақтарынан кім түзу болса, оларды Өзің уәде еткен Ғадын Жаннаттарына кіргізе көр. Күдіксіз Сен Өзің –тым Үстем, аса Данасың...».** «Оларды жамандықтардан қорға. Ол Күні кімді жамандықтан қорғасаң, сөз жоқ, оны мәрхаметіңе бөлеген боласың. Міне, сол – зор қолы жеткендік».

Саусақтан сақтан

Намазда әттәхиятқа отырған біреулердің саусақ шошайтқандарына көзіміз түсіп, кәдімгідей таң қалдық. Кемшілігімізді түземек мақсатымызбен сұрадық. Олар: «Алла біреу»,-деген сөз»,-деді, бәрі бірдей жабырлап. Біз сонау 1960 жылдардан аталарымыз бен әжелеріміздің намаз оқығанын қызық көріп, тамашалап өстік. Ойын арасында аталарымыздың құлағына бас бармағын тигізіп, Азан айтатынын қайталайтынбыз. Кейін білсек, сол кісілердің бірсыпырасы Бұхара Көкәлташ медресесін бітірген Тақуалар екен. Сол кісілердің шәкірттері: Пардаев Әбдірейім, Оспанов Айдар аталарымыздан үлгі көріп жүрдік те, 1996 жылдан Әбдіхалықұлы Бақа, Аманбайұлы Дос ағаларымызға жығылып намаз оқыдық. Олардың бірде бірінің саусақ шошайтқанын көрген емеспіз.

Ал, оқып білу жағынан, Құраннан: намаздың мәнін (1), дәретті, тік тұруды, отыруды, рукуды, сәждені оқып жүрміз. Мұсылманшылық хақында жазылған: Халифа Алтайдың «Құран әліппесі және Иманның шарттары», Орынбай Оралбеков дайындаған «Мың сұрақ» т.б. кітаптардан Алланың серігі, теңі жоқтығы тілмен айтылады, жүрекпен бекітіледі дегенді оқығанбыз. «Мың сұрақта»: «Саусақты қозғайтын парыз қайсы?»-деген сұраққа: «Парыз ғұсылда, таһаратта...»,-деп жауап берген. Бірақ, ешбірінен: көрген үлгімізден де, оқығандарымыздан да әттәхиятта саусақ көтеру амалын кездестірмедік. Біздің оларға іштей қарсы пікірде тұрғанымызды сезген біреуі:

– Әттәхиятта Кәлима шаһадат оқылған кезде: «Ләә Илләһа Иллаллаһ»,-дегенде саусақты шошайтып, Алланың біреу екенін, көрсету керек. Сіз көтермесеңіз де Кәлима айтылған кезде саусақтың өзі көтеріліп кетеді,-деп жағамызды ұстатты. Біз:

– Кімге көрсету керек?-дедік. Ол:

– Аллаға. Біз:

– Алла – жүректің ішіндегіні де Көруші ғой. Саусақпен көрсетпей-ақ, сенің жүрегіңнің не деп, қайсы бағытта лүпілдеп тұрғанын жақсы біледі емес пе? «Бақара» сүресінің 225-аятын-

да, жүрекпен айтылғанды қабылдайтынын ескерткен. Саусақпен емес,-деп едік, басын қисайтып:

– Білмесем, бізге ұстаз осылай көрсетіп, түсіндірген,-деді. Біз:

– Ұстазыңнан: «Бұл Аллаға серік қосқандық болмай ма?»-деп сұрамадың ба? «Хұжрат» сүресінің 6-аятын ескеріп, мұның дұрыс-бұрыстығын басқа кітаптардан іздеп анықтап алмадың ба? Аллаға серік қосудың үлкен күнә екенін білесің бе?-дегенде, ол:

– Білемін. Бірақ, саусақ шошайтқан серік қосқан емес қой, Алланы біреу деген, мағынада. Аллаға серік қосу деген, басқа. Саусаққа құлшылық қылсаңыз, оған атап Құрбандық шалсаңыз, Аллаға серік қосқан боласыз. Саусақтан сұрамайсыз, тілемейсіз. Тек Алла біреу деген мағынада көтересіз-деді.

– Саусаққа құлшылық етпейсің, тілемейсің, Құрбандық шалмайсың, бірақ, бейнесін, затын, тұлғасын көрсетесің. «Зүмәр» сүресінің 3-аятын білесің бе?

– Жоқ. Онда не деген?

– Онда: «Көңіл бөліңдер! Дін нағыз Аллаға тән. Алладан өзгені дос тұтқандар: «Біз бұларға, Аллаға жақындастырсын, деп қана табынамыз» (дейді)...», -деген. Сендердікі де сол сияқты екен.

– Қалай?...

– Сен айтқан Кәлимаи шаһадатта әуәл, уахид, ахад деген – бір деген сан бар ма? (Ол үндемей, өзімізден жауап күтті). Жоқ. Кәлиманың мағынасы: «Алладан басқа құлшылыққа лайықты Тәңір жоқ», -деген. Сан айтылмаған, Алланың жалғыздығы, сөйлемнің мағынасында ғана қалып тұр. Сендер саусақты қайдан алдыңдар? Алланың ақиқат барлығы, серігі жоқтығы тілмен айтылып, жүрекпен бекітілмей ме?

Ол тағы да басын қисайтып, екі иығын көтеріп, екі қолын жайып, бұл туралы білмейтінін байқатты. Қасындағылар да тым-тырыс. Біз:

– Алланың серіксіздігін тастықтау сенің ұстазың айтқандай болса, тәкбір, қомат айтқанда неге саусақты шошайтып тұрмаймыз, оларда да Кәлимаи шаһадат айтылады ғой? «Фати-

ха» сүресін оқығанда: «Әлхамду Лиллаһи Роббил ғааламин...» дегенде, неге саусақ көтермейміз? «Бақара» сүресінің 163-аятында: **«Тәңірлерің – бір-ақ Тәңір. Одан басқа ешбір Тәңір жоқ...»**,-десе, 255-аятында: **«Алла Тағала! Одан басқа еш Тәңір жоқ...»**,-деген. Осы ескерту«Әли Ғымран» сүресінің 2-ші, 6-шы, 62-ші; «Ниса» сүресінің 87-ші; «Саффат» сүресінің 4-аяттарында және бірнеше Аяттарда қайталанатын. Ал, «Ықылас» сүресінде: «Құлһу Аллаһу ахад» деп, Алланың жалғыздығын нақты Сөзбен айтады. Оны оқығанда неге саусақ шошайтпаймыз?

Сонымен олар біздің сұрақтарымызға жауап бере алмай кетті. Даң болып біз қалдық.

«Ұстаз солай көрсетті, түсіндірді»,-дейді. Ұстаз Құраннан білгіш болғаны ма? Құранда ұстаз үйретеді, деген Аят жоқ. Алла ұстаздардың да пенде екенін, жаңыланынын білгендіктен, Өзі үйреткенін және Өзі үйрететінін Аятпен бекіткен.

Осы ұстаздардың кесірінен Ислам бірнеше мәзһабқа бөлінген...»,-деп, өзімізді жинап, саусақ мәселесіне қайта келіп: «Біз, егер саусақты шошайтпай кемшілік жіберіп жүрген болсақ, күнәларға баттық па? Расында, Алланың жалғыздығы солай тастықтала ма?...»-деп, өзімізге сұрақтар бердік. Және соларға жауаптар іздедік. Жүрегімізден, Құраннан, хадис-сүндеттерден, намаз, ақида туралы түсінік берген кітаптардан...

Алдымен, Кәлиманың қазақша мағына және түсінігін тарқатып көрейік. Ләә Иләәһә Иллаллаһ деген – Алладан басқа құлшылыққа лайықты Тәңір жоқ, деген сөз. Бұл жерде Алладан басқа Тәңір жоқтығы «бір» деген санмен айтылмайды, «Алладан басқа...»,-дейді. «Бір» деген сан айтылса, ол Христиандардың үшеу деген саны сияқты (2) болады. Алла жалғыз. Ол «біреу» деген санға симайды.

«Ықылас» сүресінде Өзін төрт сөйлеммен таныстырған және Оның есімі біреу емес, 99; сипаты – сегіз. Мұны Абай бабам да 38-қарасөзінде айтқан.

Бір деген санды айтар болсақ, қалайда күн, ай іспеттес зат не бір тұлға, не нүкте ойға келеді, көзге елестейді. Алланы ойға сиғызу, көзге елестету мүмкін емес. Ол Өзіндік сипатымен Жалғыз. Одан басқа Тәңір жоқ. Кәлимада Алладан басқа Тәңір жоқ деген.

Имам Ағзам Әбу Ханифа патшаға сүттің ішінде май барын айтып, Алланың барын түсіндіреді. Сол сияқты Алла бар, серігі – теңі жоқ. Мекені де біздің ұғымымыздағыдай емес...; жалғыз екендігі де біздің түсінігіміздегіден бөлек.

Бәрін білуші Алла, бір замандар келіп, саусақ шошайтатындар шығатынын білген, сол үшін Ол Кәлимань: **«Алладан басқа кұлшылыққа лайықты Тәңір жоқ»**,-деп түсірген. Олай болса, Құрандағы «Ұнзұрна» мен «Рағинаны» (3) шатастырып алмау керек сияқты, белгілі бейнені санаға беретін «бір» мен «Алладан басқа Тәңір жоқты», сондай-ақ, «жалғызды» байқапайдалану, яғни, байқап айту керек шығар.

Мұны бір, деп қойдық та солар айтқан «біреуге – саусаққа» көңіл бөлдік. Бәлкім, біздікі жөн емес шығар. Келісе тұрып, сенімді бекіту үшін «біреудің» жеке мағынасына тоқталдық. Біріншіден, Кәлимада «бір» деген сан – **әуәл, уахид, ахад** айтылмайды. Екіншіден, нанды білмейтін біреу: «Нан деген не? Қандай зат? Көрсетші!»-дейді. Білетін кісі нанды көрсетіп, шығу «тегін» айтады. Сол сияқты «бірді» білмейтін біреу де: «Бір» деген не? Қандай нәрсе? Тамақ па? Сан ба?...»-десе, білетін кісі, саусағын шошайтып: «Міне, мынау «бір». Тағы бір саусақ қоссақ екі...»,-деп түсіндіреді. Осы сұрау-жауап тұрғысынан қарағанда, Алланы бірінші есіткен біреу: «Алла деген не? Қандай нәрсе? Көрсетші, түсіндірші»,-деп сұраса, Тақуа жауап беруші: «Алла деген мынау», деп, саусағын көрсете алмайды. Құрани танымы бойынша және «Ықылас» сүресін оқып, талдап түсіндіреді. Саусақ көрсетсе, серік қосқан болады.

Сонда, Алланың жалғыздығын дәлелдеуде саусақ шошайтудың, Аллаға серік қосқаннан басқа қызметі не? Демек, намазда саусақты көтеру – Алла мынау дегенді меңзегендей болып тұрады.

Құранда «Мәида» сүресінің 6-аятында, «Ниса» сүресінің 43-аятында дәрет алуды ескертіп, су табылмаса не ауру болса, тәйемүммен тазаруға кеңшілік берген. Ғұсыл құйынуды ескерткен. Пәтуа шығарушылар, осы ғұсылды тілтұтқа қылып, дәретте екі аяқтың арасын жууды шарифатқа енгізген. Осы сияқты, намаз амалдарында я Кәлималарда саусақ шошайтуға негіз болатын титімдей бірдеңе бар ма? Біздіңше, жоқ.

Біз Аяттардан үйренгеніміздей, намаздың түрлерінде ғайып жаназа оқылатынын, намазды көліктегі жолаушы отырған қалпында, ауру адамдар жатқан жерінде ишарамен оқитынын білеміз. Бұлар Алланың құзырында қабыл болады. Ал, саусақтық тағдырды қалай түсінеміз? Негіз жоқ.

Бір намазхан: «Құранда намазда отыруды, сәлем беруді айтпаған. Оны Мұхаммед (с.ғ.с.) көрсеткен», -деп, ізінен саусағын қосты. Біз, соғыс кезіндегі намаз оқу жайындағы «Ниса» сүресінің 101-103-аяттарын дәлелге ұсынып, отырыстың мәні: Алла Тағаланың Мұсылмандарға жасаған жеңілдігі екенін түсіндірдік. Ал, сәлем – Жәннатта көп айтылатын сөз және «Қаф» сүресінің 17-аятында таныстырылған: оң жақта және сол жақта отыратын екі Періштеге берілетінін айттық. Ол келісті...

Сонымен, осы соңғы дәлелдерді түйіп айтсақ, әттахиятта саусақ шошайту – негізсіз амал. Бұл – Алла – мынау, деп серік қосқанға келеді. Бір санын көрсеткенде – мынау, деп, саусақты көтереді, Алланы айтқанда да – мынау, деп, саусақ көрсетіледі. Сондықтан Алланың серіксіздігіне куәлік етерде саусақ көтеру амалына жанаспаған жақсы. Жалғыз дегіңіз келмесе, біреу деңіз, бірақ, оны саусақпен тастықтамаңыз. Тілмен айтып, жүрекпен бекітіңіз.

Күнәнің үлкені – Аллаға серік қосу. Оны ескермеген жағдайда барлық құлшылық зая кетеді. Жалғыз – бірдің синонимі, саусақпен көрсеткенде, ол тұлғаға, бейнеге айналады. Демек, Әттахиятта Кәлимада бұлай көрсету – қай жағынан алғанда да Мұсылманшылық шарттарына да, әдебіне де теріс амал.

«Бақара» сүресінің 93-аятында, «...қарсылықтарының салдарынан жүректеріне бұзау сіңіп қалған...», -деп бекіткеніндей, жүрегіне саусақ сіңіп қалғандар қалай болмасын саусақты шошайтқанды қорғағысы келеді. Солардан бірі: «Намазда отырғанда, Алладан үкім беріліп, Әзірейіл (ғ.с.) келіп Жанымызды алса, Кәлима айта алмай қалсақ, саусақ куә болады», -дегенді айтты. Біз: «Алла жанымызды қай жерде, қандай жағдайда алатынын білмейміз. Сондықтан үнемі саусақ шошайтып жүреміз бе?» -дейміз. Ол: «Осылай, деп есіткенбіз», -деп, дәлелсіз амал айтқанына ыңғайсызданып күлді.

Расында, бұл да дым қисынға келмейді. Есіткені мен оқығанын терең талдап, мазмұнын шағып отырып түсіну – Тақуалықтың

Жолы. Ал, ізденбегендер адасады. Адасып жүрген ағымдар да сол ізденбейтіндерден...

Исламда да ғылымдағы сияқты қисыны, дәлелі болмаған ешбір амал қабылданбайды. Ислам – нағыз ғылым, Бейішке дайындық Жолы, мазмұнды өмір сүру пәлсапасы. Басқа діндердей Кітабы бұрмаланбаған дін. Мұны жақсы білмейтіндер Исламды Христиан, Идуда, Будда діндері сияқты түсінеді. Бұл – үлкен қателік.

Айтпақшы, жоғарыда пікірлескен топтардың арасынан бірі: «Құранда намаз парыз болған. Бірақ, рәкаттар саны айтылмаған. Мына дұғаларды оқындар, деп нұсқалмаған. Бұларды Мұхаммед саллаллаһу ыәлейһи уә сәллам, көрсеткен. Саусақ та сондай...», - деген еді. Мұны да «Мың сұрақтың» 8-9-беттерінен дәлелдегенімізбен, рәкаттар саны, соның ішінде ақшам намазының үш рәкат парызына келгенде мүдірдік.

Ойымызға Намаздың тарихын алдық. Расулалланың (с.ғ.с) Миғраж сапарына тоқталып, үш рәкат уитір-уәжіптің жайын еске түсірдік. «Фурқан» сүресінің: **«Олар саған бір мысал келтірсе, әрине, саған Шындықты және көркем түсінікті әкелеміз»**, - деген 33-аятын ескеріп, Құраннан дәлел іздедік. Құлдарының өткен өмірі мен бүгінгіне куә және алдағы өміріне («Таһа» с. 110; «Әнбия» с. 28; «Хаж» с. 76;) сенімді кепіл Алла, ХХІ ғасырда Қазақ еліне адасқандардың әттахиятта саусақ көтеретін арам үлгісі жайылып, оларға ергендер бұл үшін тартысатынын, рәкаттар санын сылтау ететінін біліп, «Фатыр» сүресін: **«Көктерді, жерді жасаған, сондай-ақ, екі, үш және төрт қанатты Періштелерді Елші қылған Алла Тағалаға барлық мақтаулар лайық. Ол жаратуда қалағанын арттырады. Күдіксіз, Алла – әр нәрсеге толық Күші Жетуші»** (1-а), - деп бастапты. Осындағы: **«...Періштелерді Елші қылған...»**, - дегенінен рәкаттар санына байланысты сұрағымызға жауап аламыз. Елшінің қызметі – Алла нұсқаған, тапсырған амалдарды үйрету, Жол көрсету емес пе? Демек, намаздағы тұру, отыру, иілу, сәжде, бұлардың саны, барлығы – Періштелер келіп үйреткен Жол. Пайғамбарлар сол әдіспен оқыған*.

Бұл Қабылдың Әбілді өлтіріп, мәйітін қалай жасыра-рын білмей, әбіржіп тұрғанында, Алланың екі қарға арқылы

* «Дәстүрлі Ислам жауһарлары» Махмұт Кердері. «Жұмақтардың ашық жолы» 125-бет.

не істейтінін көрсеткені («Мәида» с. 31-а) сияқты. Және Алла осы үйретулерін, «Бақара» сүресінің 239-аятында: **«...сендерге білмегендерінді үйреткеніндей, Алланы зікір етіндер»**,-деп Өзі тастықтайды. Атап айтқанда: таң намазының екі рәкат парызын – екі қанатты Періштенің Өзі келіп, қиямын, рукуғын, сәждесін, қадғасын – отыруын үйреткен; бесін мен екіндінін, құптанның төрт рәкат парыздарын – төрт қанатты Періште келіп, ақшамның үш рәкат парызын – үш қанатты Періште келіп үйретіп, рәкаттар саны да сонда олардың қанат сандары арқылы белгіленіп, бекітілген, әрине.

Егер Алла бір қанатты не бес қанатты Періштелерді айтқанда не қанатты мүлде ескертпегенді, біз лажсыз қалар едік.

Рәкаттар санына қосымша мынандай дәйектерді де айта кеткенді жөн көрдік. «Бақара» сүресінің 238-аятында ғана: **«Намазға тұрыңдар. Орта намаздарға мойынсұнып, Алла үшін мән беріңдер»** және бір аудармада: **«Намаздарға, сондай-ақ, орта намазға сақтақ істендер. Аллаға бой ұсынған түрде тұрыңдар»**,-деген. Мұны аудармашылар бес мезгілдік намаздың ортасын алып, екінті деп шамалапты. Бірақ, бесінде төрт рәкат парыздың алдынан төрт рәкат сүндет және кейінінен екі рәкат сүндет оқылады. Бұл сүндет намаздар екіндіге емес, Жұма намазға және бесіннің уақытына қойылған. Демек, бұл Мұхаммедтің (с.ғ.с.) **«орта намазға сақтық істегені»**. Мұнан кейінгі келетін пікір, бәлкім, намаздардың рәкаттар санын да осы орта намаздан шығарған болар: таң намаздың екі рәкат сүндет, екі рәкат парыз болатыны, құлшылықтан кейін Алла берген ырзық-несібені іздеу (4) – тіршілік бар; бесінде уақыт кең, бұл кезде қолы бос пендеге ұйқы да жағаласады, мұндағы сүндеттердің саны көп болуы, ұйқы нәпсісін өлтіруге жол; екіндіден кейінгі уақыт та – тіршілікке кірісетін уақыт; шамның кезі – балаларды үйге кіргізіп (хадис), қора-қопсыны бекітіп, дастарханның айналасына отыратын шақ; құптан – сүндетпен алты рәкат қана, уитір-уәжіпті қосқанда тоғыз рәкат. Әйтпесе, ол да қысқа. Есептеп қарасаңыз, осы 238-аятта: **«...Алла үшін мән беріңдер»**,-деп, рәкаттар санын белгілеуге ишара бар. Осы орта намаздағы – бесіндегі негізгі парыз намаз төрт рәкат.

Құптанда да парыз төрт рәкат. Демек, бес мезгілдік намаздың үшеуінде парыз төрт рәкаттан. Бұл – Алладан келген төрт Кітап; бұл – бізге арнайы таныстырылған төрт Періште және

төрт қанатты Періштеден; бұл – «Тәубе» сүресінің 36-аятында айтылған қасиетті төрт ай; бұл – адамның Толық адамдық құрылысы: дене, Жан, нәпсі, Рух; бұл – оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс – төрт тарап; бұл – жылдың төрт мезгілі.

Таңның екі рәкат паразы екі қанатты, ақшамның үш рәкат паразы үш қанатты Періштелерден. Сүндеттер саны осы парыздарға қарап белгіленген. Издесек, намаз рәкаттарын анықтауға негіз бар.

Ал, әтәхиатта саусақ көтеруге осындай ишара бар ма? Бұл әзірге табылған жоқ. Біреулер мұны хадиспен келтіріп, сүндет, деп мақұлдатығы келеді. Хадистің Аятпен бекітілгені ғана ең сенімді хадис.

Намазда оқылатын дұғалар, салауаттар, әтәхиат Құраннан және Құранға негізделген. Мұны Құран ілімімен жақсы сусындаған намазхан жалғанға шығара алмайды.

Саусақ мәселесін анықтай түсу үшін мазһабтарды зерттедік. Әтәхиатта саусақ шошайту амалын ешбір мазһаб салушы шығарды дегенге жүрек те көнбейді. Себебі, Имам Мәліктің (717-795) де, Имам Шафиғидің (767-820) да, Имам Ханбалидың (780-855) да тағлым алған ұстазы, олардан бұрын өмір сүрген Имам Ағзам Әбу Ханифа (699-767) Бұған имам Шафиғидің: «Фикһ саласында барлық адамдар Әбу Ханифаныңшәкірті болып саналады», -деген, Әділ сөзі мен имам Мәліктің: «Мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахих хадистерін толық білуде және оны түсіндіруде имам Ағзамнан артық адамды көрген жоқпын», -деген, ризашылық сезімінен туған таңданысы дәлел. Имам Ағзамға осындай баға беріп отырған олар, ұстазының мазһабында болмаған амалды қоспайтыны белгілі. Қосса, біріншіден, ұстазына сатқындығы (мунафиқтық), екіншіден, олар өмір сүрген ғасырдағы Мұсылман ғалымдар мақұлдас еді. Себебі, Имам Ағзамның өзі «әл-Уәсия» атты еңбегінде: «Иман – тілмен айту, жүрекпен бекіту», -деген. Осыларға қарап ой түйсек, саусақ – қашан шықса да кейін шыққан – қырт біреудің ойдан қосқан амалы. Бәлкім, Исламды мазәк еткісі келген біреулер, Мұсылмандарды жік-жікке бөліп, басын біріктірмей, өзара қырылдыру мақсатында шығарған амалы.

Ғаламтордан, «Мұнара» газетінен Алла Тағала Адамнан (ғ.с.) бұрын да адам жаратып, осындай өмір болған, дегенді оқыдық*. Бұл – Құдайдан қорықпайтын, Құран сөзін бекерге

* Бұл жөнінде 417-бетте толығырақ айтылған.

шығарып, Құран ілімін игергендерден өзін білімді көрсеткісі келген, дозақтықтың ойдан шығарғаны, әрине. Құранда айтпағанды айтуға кәпір мен құдайсыздан, мұнафиқ пен ғайридінен басқа адамның ұжданы бармайды. Сол тәрізді, саусақ та елдің тыныш өмір сүруін қызғанатын қара жүрек біреулердің «білгішсінген» амалы. Бұған қосылғандар қателеседі. Жоқ, саусақ шошайту дұрыс десе, Құраннан біз айтқандай дәлелдерін тапсын.

Мұнан да кейінгі дәлел іздеген жеріміз, ең бірінші хадис топтаған, соңғы сахабаларды көрген, көптеген табағиндерге жолыққан әл-Бұхаридің сахих хадистері болды. Намаз туралы Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) әйелі Айша (р.а.) анамыздың айтқандарында саусақ жоқ. Расулалланың (с.ғ.с.) қасында жүрген, өгей ұлы Зайдтің (р.а.), немере туысатын бауыры әрі күйеуі Әлидің (р.а.), достары: Әбу Бәкір Сыддықтың (р.а.), Омардың (р.а.), үнемі бірге жүріп, хадистерін жаттаған Әбу Һурайраның (р.а.) және Абдулла ибн Омардың (р.а.), ең көп хадис айтқан – Жәбир ибн Абдулланың (р.а.) тағы осылардай белгілі, сенімді сахабалардың ешбірі саусақ жөнінде айтпаған. Егер Расулалла саусақ шошайтса, алдымен осылар жария еткен болар еді. Ол жүрекке де сенімді...

Мұндай нәзік нәрселерде кезкелген адамның айтқаны деп, халықты адастыру Иманнан болмас. Біз оқыған кітаптар мен жүрегіміз осылай деп бізді қанағаттандырды. Бірақ, «ұстаздары» берген кітаптан басқа кітап, газет-жорналды оқымайтындар бұндай пікірлерге келіспейтіні белгілі.

Саусаққа байланысты және бір қызыққа дұш келгенбіз. Мешітте онбір намазхан бесінді оқыдық. Осы он бірдің ішінде, бұрын көрмеген, сақал қойған, жастары 20 мен 30-дың аралығындағы төрт намазхан болды. Солардан маған жақын тұрғаны эттахиатта саусағын шошайтты да көтеріп-түсіріп, ойнатып отырды. Намаз біткесін: «Інім, саусақ көтергенге аса түсінбеймін. Сенен басқалары саусағын шошайтып қана қоюшы еді. Сен көтеріп-түсіріп ойнатып отырдың ғой?...»-дегенімнен: «Соны да білмейсің бе?»-дегендей, салқын қарап: «Шайтанды қуып отырдым!»-деп, жақтырмай сөйледі. Суық қарағасын фитнаға себепші болмайын, деп үндемедім. Бірақ, саусақ Алланың жалғыздығын көрсетеді, дегенді түсіне алмай

жүргенімде, саусақпен шайтанды қууды көріп, тағы ойда қалдым: «Аналардың айтқаны анау еді, мынаның сөзі мынау, сонда саусақ шошайтатын «маһзаб» та екіге бөліне ме? Әлде бұлар өздерін-өздері түсінбей ме?...

Шайтанды солай қуатын болса, жүріп бара жатып та, оңаша отырып қалғанымызда да, жатқанымызда да: «Аъузу биллаһи минәш-шойтонир раджиим. Бисмиллаһ-ир...», -деп Аллаға сыйнамыз. Сонда оны айтпай-ақ, саусағымызды көтеріп айналамызды «тазалап» аламыз ба? Алланың Өзі үйреткен Аъузу биллаһиден... саусақтың әлуеті күшті болғаны ма? Алла Тағала «Нахыл» сүресінің 98-аятында: **«Қашан Құран оқысаң, қуылған шайтаннан Аллаға сиын»**, -деген. Саусағыңмен, әлде қандай затпен айналаңды тазалап ал, деген.

Мұсаның (ғ.с.) қауымының жүрегіне бұзау сіңіп қалғандықтан («Бақара» с. 93-а), олар Шындықты мойындай алмаған еді. Сол сияқты қазақта: «Келіншектің бетін кім ашса, сол ыстық», -дегендей, бірінші «ұстазынан» – «үйретушісінен» нені көрген, есіткен болса, сонысымен қатып қалғандар, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) нәпіл намазына шайтан жағаласқан екен, саусағымен қуған, деген, кейін Әлиге де (р.а.) кездескен екен, ол қазанға бастырып қойған, деген жүрекке сіңімсіз дәлелдерді айтады. Бұл айтқандары өтірік болса да, өтірігіне дәлел айтайық. Біріншіден, Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) намазда жолықса, бұл нәпіл намазда деген. Демек, парыз, сүндеттерде жоқ. Екіншіден, шайтан жағаласқан жағдайда Мұхаммед (с.ғ.с.) «Ағраф» сүресінің 200-201-аяттары бойынша амал қылады; үшіншіден, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) ең соңғы құтпасында шайтанның Момындарға амал етуден қалғанын айтқан. Бұл, лағынның Аллаға құлшылық үстінде амалсыздығын меңзейді. Ал, ортамыздағы шайтан жағаласып, мазасын алатын намазхан, «Бақара» сүресінің 225-аятынан хабарсыз, әйтеуір намаз оқушы біреу!... Ол әйтеуір біреу болғандықтан Алла, «Зұхрұф» сүресінің 36-аятында Өзі ескерткендей, оған шайтанды ерікті еткен. Құранда ескертілгендей дәретін шын ықыласымен таза алып, көңілін дүниеден Аллаға бұрып құлшылыққа алаңсыз кіріскен Құлға, шайтан түк әсер ете алмайды. Жоқ, олай емес, десек, онда Алланың барлық нәрсені жаратқандығы туралы, әр нәрсеге күші Жетуші екендігі хақындағы Аяттарға қарсы шыққан боламыз.

Шайтаннан бізді арашалайтын саусақ емес, «Аъуузубилләһи минәәш-шойтонир-раджиим» дұғасы мен «Аятул курсі», «Мүминүн» сүресінің 97-98-ші және осылармен мағыналас Аяттары ғана. Құранда Тақуа Құлдарын шайтан түртсе, («Ағраф» с. 200-201-а) Алланы есіне алатыны айтылады және оның өзін шынайы Иман келтірген Құлдарын сынау үшін («Сәбә» с. 21-а) еркіне қойған. «Нахыл» сүресінің 99-аятында:«**Шын мәнінде Иман келтіріп, Раббыларына тәуекел еткендерге шайтанның бір үстемдігі болмайды**», -деп, Иманды жанға шайтанның шарасыздығын анық ескерткен. Сонда әттахиятта өзіне шайтан жағаласа беретін намазхан кім болғаны – оның Иман дәрежесі қалай болғаны?

Осы саусақ туралы хадисті мақұлдап жүргендерге қосылғым келіп те іздендім, бірақ, Құраннан оған жақындататын бір Аяттың тіке не жанама, не астарлы ишарасын таппадым. Егер Алла Тағала әлде немен Өзінің жалғыздығын дәлелдеу туралы айтқанда, онда келісуге болар еді. Керісінше, Алла Өзінің туылмаған, тумаған, серігі жоқ – жалғыздығын ескерткен; куәлікте Өзінің жеткілікті екенін және Өзінен ғана жәрдем сұрап, Өзінен ғана қорқуды мұқияттап тапсырған.

Оқуы көп бір намазханға сөзіміздің дұрыс, бұрыстығын сынатып, осы дәлелдерімізді айтқанбыз, ол бізді қостап отырып: «Не қыласыз бұған басыңызды қатырып?! Сізді бәрібір ешкім тыңдамайды...»-деді. Біз онымен келіспедік. Алдымен, ел амандығы, жұрт тыныштығы үшін, Құранға Иман келтіргеніміз үшін «Мәида» сүресінің 79-аятына жүректен амал ету мақсатында еңбектендік; екіншіден, қапыда алданып, Аллаға серік қосып, Оныңқаһарына ұшыраудан қорықтық; үшіншіден, қабатымызға қосылып келе жатқан намазхандарды сақтандырмақты ойладық; төртіншіден, отандастарымыздың, жалпы ұрпақтың обалына қалғымыз келмеді.

Алла Елшілерін жіберіп, Кітаптарын түсіріп, әрқашан Өзінен басқа құлшылыққа лайықты Тәңір жоқтығын, Өзінің серігі, баламасы, теңдесі болмағанын, болмайтынын ескертті және ескертіп отыр. Соны оқи тұра, Өзіне серік қосқандарды Ол кешірмейді. Ондайларға тез қаһарланады.

Бәлкім, алдыңғы тақырыптарымызда айтқанымыздай, Ауғанстан, Ирак, Ливан, Сирия, Йемен сияқты Ислам мемлекеттерінің

Алланың қамқорлығына жете алмай («Бақара», «Хаж» с. 38-а), іштерінен іріткі шығып, өз-өзінен бүлініп жатқаны, көршілерімен келісе алмайтыны Аллаға серік болып келе жатқан осы саусақтан. Бұл жалған амалды, олардағы намаз оқушылардың үлкен пайыздайы жасайтыны белгілі. Олардың күнәсі Алланың кеңшілік-кешірім мөлшерінен көбейіп кеткен. Біздегі саусақшылар да солардан үйреніп келгендерден есітіп, көргендерін істеуде. Алайда, онысының дұрыс-бұрыстығына мән беріп те жүрген жоқ.

Осы жерде, тақырыпты толықтыру үшін, бір топ Момындарға жақпасақ та «Ниса» сүресінің 135-аятын басшылыққа ала отырып, бір Шындықты айта кетейік. Біздің көптеген теологтарымыздың кітаптарының соңындағы пайдаланған әдебиеттеріне көз салсаңыз, біразы түрік теологтарының еңбектері. Соған қарап түріктерді Алланың Жолындағы ұлт деп түсінеміз. Ал, теледидарда беріліп жатқан олардың киноларына қарап, бұл сеніміңізге күмән қаласыз...

Кино дегеніміз, қайсы салада болсын, нөмірі бірінше және белсенді насихатшы. Әсіресе, жастар үшін өте маңызды.

Біз кешегі құдайсыздардың зорлығымен Ата Жолдан ауытқып, 1991 жылы Тәуелсіздікке жетіп, Қасиетті Жолымызды қайта тауып, бүгінгі хәліміздеміз. Олардың ата-бабасы – Исламның құдыретімен, меккеліктер мен мәдинеліктер сақтай алмаған Тура Жолды алты ғасыр бойы сақтап, әлем тарихында ешбір империя қол жеткере алмаған биікке жеткен ел еді. Сондай тегеурінді тектің бүгінгі ұрпағына не болды? Олар «Бақара» сүресінің 108; 120-121; 145-аяттарын (5) және Құранның Имандылық пен Бейішке, дозаққа байланысты Аяттарын бізден жақсы біледі ғой.

Кино – өнер дегенімізбен, ұлттың айнасы! Жұртты тілімен Имандылыққа шақырып, оңашасында шайтанмен (6) болатындарды дініміз қалай бағалайтын?.. (мунафиқ).

Оларға еріп, саусақ шошайтып біз не қылып жүрміз?...

Саусаққа байланысты мына бір хабар – тіпті, ой саларлық жағдай. Бұрын саусақ шошайту амалымен жүріп, білімін байыту мақсатында Құраннан бастап Ислам дініне байланысты кітап біткеннен ілім іздеп, соңында өзінің қате ағымда жүргенін біліп, таза Ханафи Жолына түскен бір намазхан: «Олар саусақтарын көтеру арқылы біріне-бірі: **«Мен сененмін!»-деп, белгі береді...»**,-деп, олардың ортамызда арам пейілмен жүретінінен ақпар

берді. Демек, саусақ көтерушілер Отанымызға адал адамдар емес. Мұны білмей істеп жүргендер, алданып Сирияға кеткен қандастарымыз сияқты бір пәлекетке ұшырамай тұрып, райынан қайтқаны өзінің пайдасы.

Бұл намазханның айтқанының Шындыққа жанасатын тағы бір жері, сол саусақ шошайтатындарға өз амалдарының қате екенін түсіндіре алмайтыныңыз; оларға қанша дәлел айтсаңыз да райынан қайтпайтыны; өзінікін ғана дұрыс, деген пікірінде сіресіп қалатыны; төртіншіден, жанының Иманға мүздайлығы – бойында Имани жылудың жоқтығы; бесіншіден, әрқашан өздерін бөлек ұстайтыны...

Қалай айтсақ та саусақ шошайтып, балақ шелтендетіп, ешкі сақал қойып бөліну жақсы емес – Құранның бөлінбеу жөніндегі («Әли Ғыман» с. 102-103-а), жіктелмеу хақындағы («Хұжрат» с. 10-11-а) Аяттарына қарсы амал.

2013 жылы, Шымкенттің «Азиат» баспасынан Мұхамеджан Естеміров пен Айдар Құлжанов құрастырған «Бесін уағызы» атты кітап жарық көрді. Кітаптың «Жетінші бесін уағызында» Қайрат Жолдыбайұлының «Намазда сұқ саусақты үздіксіз қимылдату – шайтанның басына ұрылған темір тоқпақ па?»-деген мақаласы берілген. Онда: «Намазда әтәхият дұғасының «иллаллаһ», деген тұсында сұқ саусақты көтеріп Алланың бір, дараекендігін ишара ету, барлық мәзһабтарда мұстахаб амал, яғни, істесең, сауап, істемесең күнә емес...», -депті.

Және ол Шафиғи мәзһабының ғалымы имам Әл-Науауидің кітабынан: «Оң қолдың сұқ саусағы бар болса да, жоқ болса да, сол қолдың сұқ саусағымен ишарат жасалмайды. Ал, егер жасайтын болса, намаз бұзылмағанмен мәкруһ болады...», -деген пәтуаны келтіріп, біраз салыстырулардан кейін Хафиз Әбу Бәкір Ибнул – Араби әл-Мәликидің түсіндірмесін келтіріп мақаласын аяқтаған. Онда: «Тәшәһүдта саусақтарыңды үздіксіз қимылдатудан сақ болыңдар! ...Сұқ саусақты үздіксіз қимылдатсаң, шайтанға ол тоқпақ болады, дейтіндерге таң қаламын. Біліп қойыңдар! Сендер ...сөйтіп, бір рет ұрсаңдар, ол сендерге қарсы он рет қимылдатады. Яғни, намазда көңілдеріңді қажетсіз бос нәрсеге бұру арқылы сендерге он рет ұрған болады. Шын мәнінде, шайтанды саусақтарыңды үздіксіз қимылдатумен емес, оны өздеріңнің ықыластарыңмен, Алланың алдында шы-

найы берілулеріңмен, зікір-дұғаларыңмен, шайтаннан сақтану үшін Аллаға сыйынуларың арқылы тоқпақтайсындар», - деген. Саусақ көтеруді айтпаған.

Бұл кеңес дұрыс. Шынында, шайтаннан қорғану да, Алланың біреу – жалғыз екеніне куәлік беру де саусақ көтеру не оны үздіксіз қимылдату арқылы емес, керісінше, Аллаға жүректен берілген қимылсыз Иман Жолымен дәлденеді.

Қайрат осы соңғы дұрыс тағлымды айтып отырғанымен, «...әтәхият дұғасының «иллаллаһ», деген тұсында сұқ саусақты көтеріп Алланың бір, дара екендігін ишара ету, барлық мәзһабтарда мұстахаб амал, яғни, істесең, сауап, істемесең күнә емес...», - деген...

Кімнің кеңесі дұрыс? Кімге сенеміз? Алла Құранда Менің жалғыздығымды саусақпен не бір затпен көрсетіңдер, деген*. Әл-Мәлики саусақ көтеруді мүлде тіліне алмаған. Себебі, ол біздіңше, «Нахыл» сүресінің 25-аятының үкімінен қорыққан. Аятта: «Өстіп олар Қиямет күні өз күнәларын тұтас және надандықпен адастырғандарының күнәларының кейбірін көтереді. Байқандар!...», - деген. Расында, Құранда тастығы жоқ амалды айтып, біреулердің обалына қалудан, күнә арқалаудан сақтанған дұрыс амал.

Көреген Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Бір заман келіп, Құран бір жақта, үмбеттерім бір жақта қалады», - деген. Сол айтқан үмбет – соңғы ғасырлардағы, осы Қайраттар ұстаз тұтып жүрген үмбет. Олар айтып отырған пікірін не ұстазынан естігенін Құранмен салыстырып, оң-терісін зерттейтіндер. Зерттесе, саусақ жайын айтпас еді, айтса, Аяттармен тастықтап берер еді. Ол – Шындық болар еді.

Саусақтың және бір жаманы – намазды үйреніп жүргендерге артық тәшпінш қиындық алып келеді. Олардан сақ бірі: «Қой, құрсын! Саусақты орынсыз бір жерде көтеріп күнә арттырып алармын. Оданда намазсыз-ақ, Аллаға жалынып, садақа, зекет беріп, ораза ұстап қана тыныш жүрейін!» - деп, ауырсынуы әбден мүмкін.

Расында, Шымкент жерінде бір намазханмен сөйлескенімде: «Мұны имам мешітте, әдейі мәселе қылып ортаға салды. Сонда үлкен Ақсақалдар, бұрын мұндай амалдың болмағанын айтумен бірге, намазда ойдың бөлінетінін және жаңылысып, басқа дұға

* «Алла – Ғылым, Алла – Ғалым» деген тақырыбымызда айттық.

тұсында көтеріп күнә арттыратын амал,-деп шешті. Сонымен жамағат бұл амалды ұстанбайтын болды», -деді. Бала күнінен ата-әжелерінің намаз оқығанын көріп өскен Ақылды жамағат екен. Дұрыс шешіпті. Бізді құрттып жүрген, шетелде оқып келгендердің арасындағы әйтеуірлер.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Исламды қиындатпауды, ең оңай Жолын үйретуді насихаттаған. Ал, Құранның «Бақара» сүресінің 185-аятында: **«...Алла сендерге жеңілдікті қалайды, ауырлықты қаламайды...»**, **«...Сендерге дінде қиындық қылған емес (ауыртпалық артқан емес)...»** («Хаж» с. 78-а)-дейді. Мұндағы ауырлық азапты өмір деп түсінсек, азап та Алланыкі. Алла сүйген Құлын азапқа салмайды. Демек, азапқа «Ниса» сүресінің 14-аятында ескертілгендей, шекарадан өтіп, Аллаға серік қосқан жан барады...

Алғашқы ғасырлардан-ақ қолдан жазылып келген Құран еш өзгермеген. Оған кепіл –Құранның «Хижра» сүресінің 9-аяты, әлбетте, ал, дәлел – амеркалықтардың компьютерге, Алланың Кітаптарының әр ғасырлардағы нұсқаларын енгізіп, салыстырғанда Құраннан басқа үш Кітаптың үлкен өзгерістерге ұшырағаны, ал, Құранның түк өзгермегені анықталғаны; сондай-ақ, он жетінші ғасырлардан-ақ, Исламды барын салып зерттеген Еуропа ғалымдарының тастықтаулары.

Ал, хадистер де өзгерістер болғанына, оның Құдси, сахих, хасан, әлсіз... болып бөлінуінің өзі-ақ дәлел. Себебі, Алланың ең сүйікті Құлы әрі Елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.): «...Мен Өзіме уахи етілгенге ғана еремін...» («Жүніс» с. 15-а,-деп, ешбір жағдайда негізсіз, бос және әлсіз сөз айтпайды және айтпаған-да! Ол (с.ғ.с.) Құранға негіздеп, Алла жүрегіне салғанды ғана сахабаларына жеткеріп отырған. Осы дәйектерге сүйеніп айтсақ, саусақ көтеру де – бос сөз.

Сахихтан бір дәлел келтірейік. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Әбу Һурайраның құрмазарында отырып, қолындағы шыбықпен жерді сызып, Өзінің (с.ғ.с.), Өзіреті Әбу Бәкірдің (р.а.), Өзіреті Омардың (р.а.) бақилық орнын көрсетеді, яғни үшеуі қатар жерленетінін айтады. Оспан (р.а.) мен Әлидің (р.а.) орнын тілге алмайды.

Ташкеннен шыққан «Сирли олам» деген журналдың 1990 жылғы бір санында, Оспан (р.а.) Халифа кезінде, оның

жуастығынан пайдаланып, шариғат жолын бұрмалаушылар көп болғанын, бұған Момындар шыдамай Оспанды бірнеше мәрте Меккеге шақырғанмен ол келмегесін, бір түнде бала-шағасымен өртеп жібергенін жазған болатын. Бұл әлгі Әбу Нурайранның құрмазарындағы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көрегендігіне бірме-бір тура келеді.

Ал, Мұсылман тарихшылары мұны басқаша түсіндірген. Яғни, Оспан (р.а.) Құран оқып отырғанда аңдып жүрген дұшпандарынан бірі арқасынан келіп, пышақ салған. Содан аққан қан Құранға тамған, деп, ол Құран әлі сақтаулы тұрғанын айтады.

«Хаж» сүресінің 38-аятында, Алла Иман келтірген Құлдарын Өзі қорғайтынын айтқан. Исламға төрт Шадиярдай, солардың бірі – Мұхаммедтің (с.ғ.с.) екі қызына үйленудей бақытқа ие болған Оспандай берілген жан болмаған. Оның Иманында тырнақтай кінәрат болса, Мұхаммед (с.ғ.с.) соншалықты сыйла-мас еді!

Екіншіден, қалайша, Мұсылмандар Халифасын жалғыз қалдырған? Үшіншіден, пышақты жауырынынан ұрса, қан қалай алдында тұрған Құранға тамады? Төртіншіден, Аллаға жүрегімен шын берілген Оспандай ұлы жанды Алла дұшпанға бермейді! Дұшпан төнгенде Мұхаммед (с.ғ.с.) тешапағат етеді...

Міне, сол ғасырларда, осыған ұқсаған жүрекке қона бермейтін хадистер пайда болды. Солардың бірі осы саусақ жайлы афсана.

Біздің саусақсыз да Алланың алдында күнәміз жеткілікті. Пендешілігімізбен өзімізге ғана кесірі бар күнәларымызды айтпағанда, жалпы елге кесапаты тиетін, әлі Санамызды сасытып жатқан – «Бақара» сүресінің 247-аятындағы Алланың әкімшілікті Өзі қалаған Құлына беретіні туралы ескертуіне құлақ аспай, күншілдік ететініміз және «Ниса» сүресінің бірінші, «Хұжрат» сүресінің 13-аяттарын ескермей, жүзшілдік, ақсүйекшілдік, рушылдық ететініміз бар; «Нахыл» сүресінің 71-аяты мен «Зұхрұф» сүресінің 32-аятын құлдық қылмай, несібелілер мен дәрежелілердің бақытын қызғанамыз. Осылардың өзі үлкен күнә. Бұған саусақты қосып алсақ (7), елдің алдағы өміріне тағы да қауіп төнбесіне кепілдік жоқ. Ұрпақтың обалына қаларымыз да даусыз. Сондықтан Құранда, өмір Шындығында («Фурқан» с. 33; «Фуссилат» 53-а), ғылымда дәлелі жоқ хадистер мен амалдарға ермейік.

«Ісра» сүресінің 84-аяты мен «Әнғам» сүресінің 153-аятын келтіріп, тағы айтайық. 84-аятта: **«Әркім өз жөн көргенін**

істейді. Раббың кімнің Тура Жолда екенін жақсы біледі», - деген. Аятпен бекітілмеген хадистерге алданып, саусақ шошайтатындар да, **«Аллаға бойұсынып, Одан қорқа отырып (талтайып тұрып емес), намазды орындандар»** («Рұм» с. 31-а), - деген, Аятты білмей, екі қолын көкрегіне қойып, талтайып тұратындар да өздерін тура жолдамыз, деп ойлайды. Бірақ, бұл амалдары Аятпен көрсетілмеген, керісінше: **«Аллаға бойұсынып, қорқа отырып...»**, - деген.

Біреулер талтайып тұрғандағы мақсат, ортаға шайтан кірмеу үшін, дейді. Ал, Алла «Нахыл» (99-а), «Сәбә» (21-а) сүрелерінде шайтанның шынайы Имандыларға ешқандай үстемдігі жүрмейтінін ескерткен. «Әнғам» сүресінің 153-аятында: **«Күдіксіз Менің Тура Жолым – осы. Енді осыған еріндер. Басқа жолдарға түспеңдер, ол сендерді Алланың Жолынан айырады. Сендерге осыны Алла нұсқады. Сақтанарсындар»**, - дейді. Саусақ шошайтқандарға, талтайып тұратындарға, әр рукуғ сайын екі қолын ербендете беретіндерге ермейік. Тура Жолда болайық.

Мұқағали Мақатаев: «Кетпесін тіле мұхиттар көлге қарсы ағып», деген. Сол айтпақшы, елімізде саусақ көтеретіндердің саны мөлшерден көбейіп кетсе, жоғарыда атаған мемлекеттердегі секілді, біздің бейбіт елімізінде ынтымақты, ырысты берекесі шайқалуы мүмкін. Құран Аяттарына алдын ала дұрыс амал істемеген бабаларымыз өзара біріге алмай, Ресейге қосылып еді. Бүгінгі Сирия да сол кейіпті киіп отыр. «Фатыр» сүресінің 41-аятында: **«...Алла көктер мен жерді бұлжытпай ұстайды. Мүбәда екеуіне бір зауал болса, одан кейін оны ешкім ұстап тұра алмайды...»**, - дейді. Сирияның патшасы Башар Асад еліндегі тепе теңдікті – әділдікті ұстап тұра алмады. Ресейден көмек сұрады. Міне, осындай тағдыр басымызға келмесін. Сондықтан кім Отанын сүйсе, Алла Тағалаға ақиқат Иман келтірген болса, саусақ шошайтпасын, өркендеген заманның мәдениетті, білімді адамына сай дұрыс киінсін. Кім Мұхаммедке (с.ғ.с.) Иман келтірген болса, Алланың жалғыздығын саусақ шошайтып көрсетпесін, тілімен айтып, жүрегімен бекітсін. Саусақпен шайтан қумасын, Алланың Өзі үйреткен, саусақтан да, жұдырықтан да күшті, Аъузу биллаһимен..., Аятул курсімен қусын. Кім Ана-Отанын сүйсе, елінің тыныштығына тілектес болса, Құдайдың берген бақытты заманына шүкірлігі болса, Аллаға серік қоспасын, үкіміне қарсы келмесін.

Саусақ шошайту – этика бойынша да тұрпайылық саналады. Соны біле тұра неге Аллаға байланысты амалда саусақ көтереміз? Алланың мұрсат («Әли Ғымран» с. 178-а) берген сәттерін бос өткеріп алмай, райдан қайтайық. Әйтпесе, бұл «Кеһф» сүресінің 55-аятында ескертілгендей, Алланың апатын күткеніміз болар.

Саусақ шошайтқан бет алыста кетудің өзі – бір елде, бір Ата заң аясында, бір мазһабта, бір ниетте жасап жатқан елдегі Мұсылмандардың жікке бөлінуі деген сөз. Құранның бөлінбеу туралы Аяттары мен хадистерге қарсы амал жасау дегенге келеді. Мұның арты жақсылыққа соқпасы саңырау мен соқырға да белгілі. Сондықтан Құраннан тастығы табылмаған амалдардан сақтанайық. Еліміздің Тәуелсіздігі баянды болсын!

*Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): **«Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...».** («Бақара» с. 272-а) **«Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік.** («Фурқан» с. 56-а) **«Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың»**, («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: **«Сен оларды зорлаушы емессің»**,-деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.

Құранды толық түсінген дана халық: **«Әркім қылса, өзіне»**,- деген...

1. **Намазға тиесілі бірнеше Аяттар:** «Бақара» сүресінен: 43-45-аяттар: **«Намазды толық орындандар, зекет беріңдер, сондай-ақ, (Алланың хұзырына) иілушілермен бірге иіліңдер»**, **«Елді игілікке бұйырып, өздерінді ұмытасындар ма? Кітапты оқисындар, ойламайсындар ма?...»**, **«Сабыр және намазбен жәрдем тілендер. Расында, намаз ынталылардан басқаларға ауыр келеді»**;

110-115-аяттар: **«Намазды толық орындандар, зекет беріңдер. Өздерің үшін ілгері бір жақсылық жолдасаңдар, оны Алланың қасында табасындар. Шынында Алла – не істегендеріңді толық Көруші»**, **«Олар: «Жұмаққа Яһуди немесе Христиан ғана кіреді» деді. Бұл олардың өз ойлары ғана. (Мұхаммед с.ғ.с.) : «Егер сөздерің шын болса, дәлел келтіріңдер»-де», «Олай емес,**

кім жүзін Аллаға жөнелтіп, өзі жақсылық істейтін болса, сонда оған Раббыңның қасында сыйлық бар, оларға қорқыныш жоқ әрі олар қайғырмайды», «Кітапты оқи отырып, Яһудилер: «Христиандар еш нәрсе емес»-деді. Христиандар да: «Яһудилер дәнеңе емес»-деді. Сондай-ақ, білмегендер де олардың айтқанындай айтты. Сонда Алла (Т.) олардың таласқандарына Қиямет күні билік айтады», «Алланың мешіттерінде Оның аты зікір етілуіне тыйым салғаннан әрі мешітті бұзуға тырысқаннан кім залымырақ? Олардың мешітке қорыққан түрде ғана кірулері керек еді. Олар үшін дүниеде қорлық, Ақыретте зор азап бар», «Шығыс, батыс әр тарап Аллаға тән. Сондықтан қай жаққа бет қаратсаңдар да Алланың жүзі сол жақта. Расында, Алла – өте Кең, толық Білуші»;

238-239-аяттар: **«Намаздарға, сондай-ақ, орта намазға сақтық істендер. Аллаға бой ұсынған түрде тұрындар», «Ал, егер қауіп- қатер де болсаңдар, жаяу немесе көлікте (бет алған жаққа ишарамен оқындар.) Қашан бейбіт болсаңдар, сендерге білмегендерінді үйреткеніндей Алланы зікір етіндер»;**

277-аят: «Негізінен Иман келтіріп ізгі іс істегендер, **намазды толық орындап**, зекет бергендер, олар үшін Раббыларының қасында сыйлық бар. Оларға қорқу жоқ әрі олар қайғырмайды».

«Ниса» сүресі 43-аят: «Әй, Момындар! Сендер мас болып, не айтқандарыңды білгенге шейін **намазға жақындамаңдар**. Сондай-ақ жүніп күйінде шомылмайынша, (оқымандар) Бірақ, жол жүргенде болады. Егер ауру немесе сапарда болсаңдар не сендерден біреу түзге отырып келсе, яки әйелдерге жақындассаңдар да су таба алмасаңдар, сонда таза жер жынысына (екі алақандарыңды соғып) беттеріңді, қолдарыңды сипаңдар. Расында, Алла аса кешірімді, тым жарылқаушы», 101-103-аяттары: «Қашан жер жүзінде сапарда болсаңдар, кәпірлердің өздеріңе бір қастандық істеуінен қорықсаңдар, сендерге **намаздан қысқартуларыңда күнә жоқ**. Негізінен сендерге кәпірлер ашық қаскүнем», «(Мұхаммед с.ғ.с.) Сен олардың ішінде (соғыс майданында имам болып) тұрған кезде, **олардан бір бөлегі сенімен бірге намазға тұрсын**, барлығы құралдарын алсын. Сонда қашан олар сәжде қылса, (саған ұйып бір рәкғат оқыса,) олар арт жақтарында (жау жақта) болсын. **Екінші намаз оқымаған топ келіп, сенімен бірге намаз оқысын**, қорғаныстарын, құралдарын да алсын. Өйткені, кәпірлер құралдарыңнан,

нәрселерінен кәперсіз болуларыңды, үстеріңе бір-ақ шабыуыл жасауды ойлар. Егер сендерге жаңбырдан бір қиналыс немесе ауру болсаңдар, сендерге құралдарыңды қойып қоюларыңның оқасы жоқ. Сондай-ақ, сақтық шарасын қолданыңдар. Негізінен Алла кәпірлер үшін қорлаушы азап әзірлеген», **«Қашан намаз өтеп болсаңдар, Алланы; тұрып, отырып және жатқан бойда еске алыңдар. Қашан тынышталсаңдар, онда намазды толық орындаңдар. Өйткені, намаз Момындарға белгілі уақытта парыз қылынды.**

«Мәида» сүресінің 6-аяты толық жазылған, бұл 55-аяты: **«Шынайы түрде сендердің достарың Алла және Елшісі және де намазды толық орындайтын, зекет беретін әрі рүкүф қылушы Момындар».**

«Әнғам» сүресінің 72 және 162-аяттары: **«Намазды толық орындауға, Алладан қорқуға (бұйырылдық.)»** Ол сондай Алла, хұзырына барып жиналасыңдар», **«Намазым, құлшылығым, тіршілігім және өлімім бүкіл әлемнің Раббы Алла үшін»-де.**

«Ағраф» сүресінің 170-аяты: **«Сондай Кітапқа мықты жабысып, намазды толық орындайды; дау жоқ, біз игілік істегендердің сауабын зая қылмаймыз».**

«Тәубе» сүресінің 71-аяты: **«Момын ерлер мен Момын әйелдер, бір-біріне көмекші. Олар дұрыстыққа қосып, бұрыстықтан тосады. Сондай-ақ, олар намаздарын толық орындап, зекет беріп, Аллаға, Елшісіне бой ұсынады. Соларды Алла, мәрхаметіне бөлейді. Расында, Алла – тым Үстем, аса Дана».**

«Ібраһим» сүресінің 40-аяты: **«Раббым! Мені әрі ұрпақтарымды намазды толық орындаушы қыл! Раббымыз! Тілегімді қабыл айла!»**

«Ісра» сүресінің 78-79-аяттары: **«Түс ауғаннан, түннің қараңғылығына дейін намаз оқы. (Бесін, екінті, ақшам және күптан намаздары.) Әрі таң намазын оқы. Күдіксіз таң намазына Періштелер де қатынасады».**«(Мұхаммед с.ғ.с) Түннен оянып (Құранмен) өзіңе тән нәпіл оқы. Раббыңның сені бір мақтаулы орынға жеткізуінен үміт етіледі.

«Таһа» сүресінің 14 және 132-аяттары: **«Рас, Мен – Алламын. Менен басқа Тәңір жоқ. Сондықтан Маған құлшылық қыл. Сондай-ақ, Мені еске алу үшін намазды толық орында», «Үй-ішінді намазға бұйыр және өзің де оған көңіл бөл. Біз сенен**

ризық тілемейміз. Сені Біз ризықтандырамыз. Соңғы табыс Тауаға тән».

«Хаж» сүресінің 77-78-аяттары: **«Әй, Иман келтіргендер! Рүкүғ, сәжде қылып, Раббыларыңа ғибадат қылыңдар. Және қайыр қылыңдар. Әрине, құтыласыңдар», «Алла Жолында шынайы түрде күресіңдер. Сендерді Ол таңдады. Сендерге дінде қиындық қылған емес. Аталарың Ібраһимнің (ғ.с.) Жолы. Алла бұрын да, осы Құранда да Пайғамбардың сендерге куә болуы, сендердің де адамдарға куә болуларың үшін, «Мұсылман» деп атады. Енді намазды толық орындандар, зекет беріңдер де Аллаға жабысыңдар. Иелерің Сол; нендей жақсы Ие, нендей жақсы Жәрдемші!»**

«Моминұн» сүресінің 1-2-аяттары: **«Шынында Иман келтіргендер құтылды». «Олар, сондай Момындар, намаздарында іштей жалбарынады».**

«Ғанкабұд» сүресінің 45-аяты: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) Кітаптан саған уахи етілгенді ғана оқы да намазды орында. Күдіксіз намаз; арсыздықтан, жамандықтан тыяды. Әрине, Алланы еске алу, аса ірі нәрсе. Сондай-ақ, Алла (Т.) не жасағандарыңды біледі».**

«Рұм» сүресінің 17-18; 31-аяттары: **«Ендеше түнеген мезгілде әрі таң атырған уақытта Алланы пәктендер». «Көктер мен жерде, кешке және түскі уақыт кіргенде, барлық мақтау Аллаға лайық». «Аллаға бой ұсынған түрде Одан қорқа отырып, намазды орындандар. Әрі ортақ қосушылардан болмаңдар».**

«Лұқман» сүресінің 17-аяты: **«Әй, ұлым! Намазды толық орында. Дұрыстыққа бұйырып, бұрыстықтан тый. Басыңа келген ауыршылыққа сабыр ет. Рас, бұлар маңызды істерден».**

«Сәжде» сүресінің 15-16-аяттары: **«Шын мәнінде (Аллаға ықыластыларға) Аяттарымыз арқылы өздеріне үгіт берілген кезде, сәждеге жығылып; Раббыларын мақтап, пәктейді. Сондай-ақ, тәкаппарланбай Иман келтіреді». «Олар түн жарымында, түнде тәтті ұйқысын Алла үшін бұзып Раббыларына қорқа-дәм ете жалбарынады. Сондай-ақ, олар берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды».**

«Фатх» сүресінің 29-аяты: **«Мұхаммед (с.ғ.с.) – Алланың Елшісі. Онымен бірге болғандар, кәпірлерге қатаңырақ, өзара**

тым мейірімді. **Оларды рүкүґда, сәждеде көресін. Олар Алладан мәрхамет әрі ризалық тілейді. Олардың жүздерінде сәжделердің ізінің дерегі бар.** Олардың Тәуратта да сипаттары, Інжілде де сипаттары бар; бұл бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік тұрған егін сияқты. Бұл (мысал) егіншілерді таңырқатып, онымен кәпірлерді ызаландыру үшін. Алла, олардан Иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау, зор сыйлық уәде етті».

«Қаф» сүресінің 39-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) олардың **айтқандарына сабыр ет. Раббыңды күн шығудан бұрын әрі батудан бұрын мақтай дәріпте**».

«Тұр» сүресінің 48-49-аяттары: «(Мұхаммед с.ғ.с.) Раббыңның үкіміне сабыр ет. Өйткені, сен көз алдымыздасың. **Орныңнан тұрған шақта, Раббыңды мақтай дәріпте**». «Түннің бір бөлімінде және жұлдыздар батар кезде де дәріпте».

«Мүзәммил» сүресінің 20-аяты: «(Мұхаммед с.ғ.с.) сөз жоқ, Раббың, сенің әрі сенімен бірге болғандардан **бір топтың, түннің үштен екісіне жақынырақ, жартысында, үштен бір шамасында намазға тұрғанын біледі**. Сондай-ақ, Алла, түн мен күндізді шамалайды. Оған сендердің есептей алмайтындықтарың мәлім. Сондықтан, сендерге Рахым қылды. Ал, енді, Құраннан жеңіл келгенін оқыңдар. Сендерден науқас болғандар, басқалай Алланың мәрхаметінен несібе іздеп, жер жүзінде кезгендер, тағы басқа Алла Жолында соғысқандар Аллаға мәлім. Ендеше Құраннан оңай келгенін оқыңдар. Және **намазды толық орындаңдар** да зекет беріндер. Алла үшін көркем қарыз беріндер. Және өздерің үшін алдын ала қайыр істесендер, оны Алланың қасында жақсы, зор сыйлық түрінде табасыңдар. Алладан жарылқау тілеңдер. Шын мәнінде, Алла – тым Жарылқаушы, ерекше Мейірімді».

«Бәййнә» сүресінің 5-аяты: «Олар ғибадатты нағыз Аллаға шынайы ынтамен бір беткей түрде орындаулары, **намаз оқулары, зекет берулері үшін әмір етілген. Міне, осы – Түп-Тура дін**».

2. «Ниса» сүресінің 171-аяты: «Әй, Кітап иелері! Діндерінде артық кетпендер. Аллаға байланысты Шындықты айтыңдар. Шынайы түрде **Мәриямұлы Мәсих Иса (ғ.с.), Алланың Елшісі әрі Мәриямға жалғастырған Сөзі және Алла тарапынан бір Рух**. Ендеше, Аллаға және Елшілеріне сеніндер. Әрі (Алланы) «үшеу» **демендер**, (одан) тыйылыңдар. Сендер үшін жақсы. Шынайы

түрде Алла – бір-ақ Тәңір. Ол баласы болудан пәк. Көктердегі және жердегі нәрселер Оған тән. Алла өкілдікте жетік».

3. «Бақара» сүресінің 104-аяты: «Әй, Момындар! «Рағина» деп айтпаңдар. **«Үнзұрна» дендер.** Әрі тыңдаңдар, кәпірлер үшін күйзелтуші азап бар».

4. «Ісра» сүресінің 12-аяты: «Күн мен түнді екі белгі жасадық. Сонда түн белгісін кетіріп, **күндізді; Раббыларыңның кеңшілігінен несібе іздеулерің** және жылдардың санын; заманның есебін білулерің үшін жарық қылдық. Сондай-ақ, әр нәрсені ашық баян еттік».

5. «Бақара» сүресінің 108; 120-121; 145-аяттары: «Немесе Пайғамбарларыңнан, бұрынғы Мұсадан (ғ.с.) сұралған тәрізді (жоқтан өзгені) сұрағыларың келе ме? Кім **Иманын қарсылыққа ауыстырса, расында, ол Тура Жолдан адасқан болады»,** «(Мұхаммед с.ғ.с.) олардың діндеріне ермейінше, Яһуди де, Христиан да сірә, сенен разы болмайды. Оларға: «Әрине, Алланың Жолы – Тура Жол»-де. Өзіңе мәлімет келгеннен кейін егер олардың көңілдері тартқанына еліктесең, Алла тарапынан саған не дос не жәрдемші болмас», «Біз өздеріне Кітап бергендер, оны шынайы оқиды, міне, солар Иман келтіргендер. Кім Кітапқа қарсы келсе, сонда олар зиян етушілер», «(Мұхаммед с.ғ.с.) Кітап берілгендерге әр түрлі мұғжизаны келтірсең де олар сенің Құблаңа жүзін бұрмайды. Ал, сен де олардың құбласына қосылушы емессің. Сондай-ақ, олар да бір-біреулерінің құблаларына қарамайды. Өзіңе мұншалық мәлімет келгеннен кейін, олардың ойларына еліктесең, әлбетте сен анық залымдардан боласың».

6. «Бақара» сүресінің 8; 11; 14-аяттары: «**Адамдардың кейбіреулері екіжүзді: «Аллаға, Ақырет күніне сендік»-дейді. Бірақ, олар сенбейді,** «Оларға: **«Жер жүзінде бұзақылық қылмаңдар!»** – делінсе, олар: **«Біздер түзеуші ғанамыз»-дейді,**«Ал және олар Момындарға кездесе: «Біз де Иман келтірдік» – дер. **Әрқашан олар шайтандарымен (бастықтарымен) оңашалана қалса: «Расында, біз сендермен біргеміз, біз оларды тәлкек қылып қана жүрміз» – дер».**

7. «Әнфал» сүресінің 25-аяты: «**Және сендерден жеке залым болғандарға ғана кесірі тиіп қалмайтын пітнеден сақтаныңдар.** Сондай-ақ, Алланың қатты азап Иесі екенін біліңдер».

Айта беретіндер, айта берсе...

«Уа, Иман келтіргендер! Егер сендерге әлде біреу бөтен хабар жеткізсе, оның анығын-қанығын анықтап біліңдер. Әйтпесе, білместікпен әлде бір қауымның обалына қалып, артынан істеген істеріңе өкінесіңдер».

Хұжрат сүресі 6-аят.

Діни баспасөздерде де Құранға жүгінбей, өз түсінігін жазушылар мен бұрынғылардан оқығанына сүйеніп Ислам сөзін сөйлеушілер кездеседі. Бұл автордың ғана кінәсі емес, редакторға датиесілі. Редакция авторлардың жазғанына жауап бермегенімен, Ислам жолындағы газет, Алланың Тура Жол насихаттаушы басты құрал болғандықтан, редактордың әрбір мақалаға көңіл бөлгені өзіне сауап болар еді... «Ислам және өркениеттің» 2019 жылғы 16-саның 5-бетінде «Ұлтымыздың жоғалтқан қазынасы», деген мақала жарияланыпты. Тақырыбы назар аударарлық болғасын, көз салдық. Мұнда «Илмул Фироса», замана ғылымында – «Физиогномика ілімі» деген ілім жәйін айтыпты. Арасында: *«...Бұл қабілет адам баласына не Алла Тағаладан сыйлық ретінде беріліп не көп жылғы тәжірибе арқылы қалыптасады...»*, -депті. Алланың адамзат өмірінде, дем алатын ауадай бірге екенін және барлық ілім-білімді Алланың Өзі үйреткенін ескермей, Оны өз алдына, адамзаттың тірлігін өз жөніне меңзеген.

Алла мен адамзатты бөліп сөйлеу – Алланың жүректердегіні Білуші, барлық барлықты, қимыл-әрекеттерді Көруші, сыбырларды да Есітуші сипаттары мен «Әнфәл» сүресінің 17-аятын білмегендік, болмаса, осы Аятты тән алмаушылық. Мұндай жағдайда пенде күнәға қалып, Алланың ашуына ұшырайды («Әли Ғыман» с. 4-а).

Алла Тағала Құранның «Инсан» (30-а), «Текуир» (29-а) сүрелерінде Алла қаламай, ешкімнің қалауы болмайтынын айтса, «Жүсіп» сүресінде: **«...Қалаған кісіміздің дәрежесін көтереміз. Сондай-ақ, әр ілім иесінің үстінде бір Білуші бар»** (76-а), -деген. Бұл Аяттардың түсінігі – дүниенің Иесіз емес екені. Алла пендені де, оған берілген білім мен ілімді де, қабілет пен сезімді де – бәрі-бәрін Өзі жаратқан және барлығын Өзі басқарып отыр. Алласыз пенде ештеңеге ие емес.

Сондай екен, еңбектеніп ізденген Құлын да Алланың Өзі жарылқайды. Мұны «Әнғам» сүресінің 132-аятында: **«Және әркімнің істегеніне қарай дәрежелері бар. Раббың олардың істегенінен хабарсыз емес»**,-деген. Сондықтан *«...не көп жылғы тәжірибе арқылы қалыптасады...»*,-деген атеистік түсініктен қашу керек. Бұл – Алладан үміті бар, Ақыретін ойлаған әрбір саналы пендеге жат сөз. Егер осы көп тәжірибе сөзін 132-аяттың нақты дәлелі екенін жазғанда өте орынды болар еді. Ал, мына тұрысында пенде Алласыз-ақ, өзінің көп жылдық ізденісімен жеткен болып, «Шура» сүресінің 51-аятын және адамзаттың Алланың жердегі Орынбасары екенін («Бақара» с. 30-а) жоққа шығарып тұр.

Қабілет тәжірибеден емес, қабілетті Алла береді («Нахыл» с. 78-а). Пенде өз жүрегіндегі қабілетін өзі сезсе («Мәида» с. 105-а), ізденеді. Ізденген талабына, еткен еңбегіне қарай Алла береді.

«Мұнара» Республикалық Рухани-танымдық газеті – «Ислам және өркениет» газетінің орнына шығып отырған, дін мамандарының газеті. Ислам діні мамандарының газеті болғасын, бұнда жарияланған мақала, зерттеулер, әрбір дүние назарымызда жүреді...

2020 жылғы 15-санында (11. 08.) «Алып адамдар өмірде болған ба?»-деген, дүние жарияланыпты. Зерттеушілер таза-лап жатқан алып адамның қаңқасының суретін берген. Сөз басын: «Ғалымдардың айтуынша, біздің заманымыздан бірнеше миллион жыл бұрын, жер шарының барлық аймағында алып адамдар, динозавр секілді үлкен жануарлар өмір сүрген. Бүгінгі таңда ғаламның түкпір-түкпірінен табылып жатқан үлкен көлемдегі бас сүйектер мен қаңқалар оған дәлел. Бірақ, әлі де бұл мақлұқтардың ғылыми мәселесі таусылар емес...»,-деп, бастап «Нахыл» сүресінің 8-аятын келтіріпті.

Сосын: *«Ислам тарихында Адам ата жаратылмастан бұрын басқа да жаратылыстардың болғаны баяндалады. «Кезінде Раббың Періштелерге: «Мен жер бетінде (үкім жүргізетін) Халифа жаратамын»,-дегенде, Періштелер (таңырқап): «Сонда жер бетінде бүлік шығарып, бұзақылық жасайтын және нақақтан-нақақ қан төгетін біреуді жаратасың ба?»-деп жауап қайырды» делінген Құранда («Бақара» с. 30-а). Демек, періштелер адам баласынан бұрын, қан төккен басқа бір*

мақлұқтардың дүниеде өмір сүргенін білген...»,-деп, ізінен Адам ата туралы хадисті жазған. Сосын «Ғафыр» сүресінің 82-аятын келтіріп, ізінен жазған қорытындысын: *«Ал, мұсылман адам мұндай нәрсеге қадалып алып, уақытын зая кетірмеуі керек»*,-деп, аяқтапты.

Мұны оқып болып, соңғы сөйлемге сабыр ете тұрғанымызбен, Ислам тарихындағы, Адам атадан бұрын жаралған *«...жаратылыстардың болғаны...»* мен *«...періштелер адам баласынан бұрын, қан төккен басқа бір мақлұқтардың дүниеде өмір сүргенін білген...»*,-деген тұжырымына ренжідік.

Құранда жоқ нәрсені «Жүніс» сүресінің 15-аятын ескермей, «Хакқа» сүресінің 43-46-аяттарының үкімінен қорықпай, қалай айтқанына таң қалдық!

Адамнан (ғ.с.) бұрынғы жаратылыс – «Бақара» сүресінің 29-аяты хабарлаған: **«Ол сондай Алла, жер жүзіндегі барлық нәрселерді сендер үшін жаратты...»**,-деген, жаратылыс. Бірақ, **қан төгетін адам не мақлұқ** емес. Адамнан бұрын жаратылғандар: жер, тау, орман, жел, жеміс ағаштары; мал азығындық, отындық өсімдіктер; мұхит, теңіз, өзен, көл, гүлдер; жер бетіндегі және қойнауындағы қазба байлықтар – жалпы, адамзат игілігіне керектілер. Мұны Періштелердің **«...жер бетінде бүлік шығарып, бұзақылық жасайтын және ...қан төгетін»**, деген сөзіне тірек етуге болмайды.

«Әнбия» сүресінің 30-аятында: **«Қарсы болғандар, негізінен көктер менен жердің түйіскенін білмейді. Екеуін ажыратқанымызды, ... көрмей ме? Сондай-ақ сенбей ме?»**,-десе, «Фуссилат» сүресінің 10-аятында: **«Жерге үстінен асқар таулар жаратты да құт-береке қойып, жер жүзіндегілердің ризықтарын төрт күнде шамалады. Бұл – сұраушылар үшін Тура жауап»**,-дейді. Осы үш Аятта Адамнан (ғ.с.) бұрын жерде нелер болғанын айтып отыр. Бірақ, қан төгетін мақұлықтар сөз болмайды. Бүкіл Құранда олар туралы сөз жоқ.

Енді осы мақаланы талқылауға мәжбүр еткен: *«Демек, періштелер адам баласынан бұрын, қан төккен басқа бір мақлұқтардың дүниеде өмір сүргенін білген...»*,-деген сөйлемге келейік. Әсілінде, бұл – Құран сөзін бекерге шығарушылар мен Құран ілімін терең меңгермегендер тарапынан айтыла салған бос сөз. Алла Тағала Құранды осындай жалғандар мен «...

қайшылыққа түскен нәрселерді анықтау» үшін («Нахыл» с. 64-а) ашық Аяттармен және бірін-бірі қайталап толықтыратын Аяттармен түгелдеп, толықтырып түсірген («Тәубе» с. 32-33-а). Мұнда Алла адам баласын қызықтырған барлық сұрақтардың жауабын берген. Сондықтан Исламда Құраннан, ғылымнан, өмір Шындығынан дәлелі болмаған нәрсе айтылмайды («Нәжім» с. 23; «Ахқаф» с. 4-а). Адамнан (ғ.с.) бұрын қан төгетін ешкім жаратылмаған. Ал, дозақ үшін жаралғандардың («Ағраф» с. 179-а) сөзін мақұлдап, «жаратылған» десек, біз Құраннан өзімізді жоғары ұстаған болып («Ағраф» с. 40-а), жазаға ұшыраймыз («Әли Ғыман» с. 4-а).

Алла Халифамды жаратамын, дегенде Періштелер жер бетінде бұзақылық істеп, қан төгетін сөзін қайдан шығарып айтты? Бұған осы сүренің: «... «Мен сендерге көктер мен жердің құпиясын, **сендердің де ашық, жасырын істегендерінді білемін, деп айтпадым ба?...**», -деген 33-аяты нақты жауап.

Мұның нақты жауап екенін айтайық. Алла Періштелерді Адамға сәжде еттірерде: «Әй, Періштелер!...», «Әй, Рух!», «Әй, жан...», «Әй, жындар!...», «Әй, нәфс!...», «Әй, шайтан!...» деп, ешбірін бөліп атаған жоқ. Жалпы Періштелерге үкім берді (34-а). Олардың ішінде: Періштелер, Рух, жан, жын, шайтан, нәфс бар еді. Бұл үкімді бәрі орындады да тек шайтан қарсы шықты. Сондықтан ол қуылды, қуылған атанды – шайтан атанды («Ағраф» с. 13-а).

Біз Періштелерді, жын мен шайтанды көп айтамыз. Құран да Періштелер мен шайтанды жиірек еске салады. Ал, жынға арнаулы сүре түсірген, нәфс жәйлі «Ниса» (128; 135-а), «Жүсіп» (18; 83-а), «Қаф» (16-а), «Фәжір» (27-а), «Қиямет» (2-а), «Назиғат» (40-41-а) сүрелерінен ғана оқимыз. Алайда, осы нәфссіз тіршілік, өмір жоқ.

Міне, жаңағы 33-аяттың («Бақара» с.) мағынасын осы жерден терең түсінеміз. Яғни, Алланың: «**...сендердің ашық, жасырын істегендерінді білемін...**», -дегені – осы Періштелер тобындағы нәфстің қылығы.

Былайша айтқанда, шайтан мен нәпсі бірігіп, үнемі бұзықтық жасайтын. Оны Алла білетін. Бұлар Алланың білетінін білмейтін. Алланың бәрін Білуші екеніне күмәнді еді.

Бұған Құраннан дәлел айтсақ, алдымен «Мүминұн» сүресінің 14-аятынан сөз бастаймыз. Онда: **«Сосын тамшыны ұйыған қан жасадық. Ұйыған қанды кесек ет жасап, кесек етті, сүйек қылдық та сүйекке ет қаптадық...»**,-деген.

Енді «Бақара» (44-а), «Мүминұн» (68-а) сүрелерінің Аяттарына амал жасап ойланамыз, сөзді зерттейміз. Бұл нәфс қайдан шықты? Ол Алланың әмірімен бел сүйек пен кеуде сүйектің ортасынан атылып шығып, Жанмен бірге жатырға түсті («Инсан» с. 2; «Тарық» с. 6-а). Сосын сол жатырдан өзіне керекті жұта-жұта қанға, одан етке, еттен сүйекке айналды; сүйек біткесін жегенінен пайда болған етпен сүйек қапталды; және осы жұта беруінің нәтижесінде өсіп, өсу мерзімі толғанда, Алланың бұйрығымен жалғанға келді...*

Өмір сүру үшін оған тамақ керек, киім керек, үй керек, білім мен кәсіп-өнер керек, жанұя керек... Сол керектермен тәмінделуі үшін еңбек етіледі. Осы керек пен еңбек үстінде, Періштелер айтқан бүлік, бұзықтық, қан төгу – күнәлар жасалады. Осыны жақсы түсінген Абай бабамыз: **«Адам – нәпсі...»**,-деген («Алланың Өзі де рас, Сөзі де рас»). Жүсіп Баласағұн бабамыз: **«Жан мен тәнді бүлдіреді әуестік, Нәпсі өлсе, түзеледі әбестік», «Мықты болғын, тұтқын болма нәпсіге, Нәпсі құрғыр ұрындырар әр іске...»** («Құтадғу білік»), дегеніндей, сол нәпсі күнаға, қылмысқа алып барады.

Яғни, пендені бұзықтыққа алып баратын, қан төгуді жүзеге асыратын осы нәфс. Бұған кезекті сүрелердегі Аяттарды оқығанда нақты көз жеткереміз.

«Ниса» сүресінің 128-аятында: **«...Нәпсілер қытымырлыққа бейім жаратылған...»**,-десе, 135-аятында: **«...әділдік істеуде нәпсіге ермендер...»**,-деп, «Жүсіп» сүресінің 18-аятында Жүсіптің (ғ.с.) ағаларының қылмысын баяндап: «Сондай-ақ, олар оның жейдесіне қан жағып әкелді. Әкелері: «Олай емес! Сендерге нәпсілерің осы істі жақсы көрсеткен екен...»,-дегенін айтады. Алдында нәпсінің қытымыр екенін ескертіп: **«нәпсіге ермендер...»**,- десе, енді бұл істі – бұзықтықты жақсы көрсеткен:

* Бұл Аятты Алла бізге жібек құрты арқылы оқытады («Фуссилат» с. 53-а). Жатырға түсуін Ш. Құдайбердиев «Иманым» өлеңімен тастықтайды.

«**нәпсілерің**», -деп отыр, Періштелерің не шайтандарың, демейді. Демек, Періштелер айтқан, жер бетінде бүлік шығарып, бұзақылық жасайтын, қан төгетін осы – нәфс.

«Ахзап» сүресінде: «Рас, Аманатты көктер мен жерге, тауларға ұсындық, олар Оны жүктелуден қорқып, бастартты. **Ол адам баласына жүктелді. Өйткені, ол өте залым, тым білімсіз**» (72-а), -дейді. Білімсіз болатынымыз, бізге тіршілік еттіріп отырған біздегі нәпсі білімсіз. Сондықтан Алла «Қиямет» сүресінде нәпсіні, сөгіс беруші (2-а), деп атаған.

«Қаф» сүресінің 16-аятында: «**...Оған (адамзатқа) нәпсісінің не сыбырлағанын білеміз**», -дейді. Нәпсісінің сыбырлайтыны Аяттарға қарсы амалдарды істеу, сөздерді айту. Соны жақсы білетін Алла сақтандыру үшін: «**Ал, кім Раббының алдында тұрудан қорқып, нәпсісін соққан нәрседен тежеген болса**», «**негізінен оның барар жері – Жәннат**» («Назифат» с. 40-41-а), -деп, осы Құранды ашық Аяттарымен түсірді және шайтанға ермей, нәпсісін тазартқан Құлына Алла Ақыретінде: «**Әй, орныққан нәпсі! Раббыңа Ол сенен, сен Одан разы болған түрде қайт!**» («Фажыр» с. 27-а), - дейді.

Міне өстіп, «Бақара» (44-а), «Мүминұн» (68-а) сүрелерінің ескертуі бойынша, Аяттарға ой жүгіртіп зерттесек, Адамнан бұрын бұзықтық ететін, қан төгетін ешкім, ештеңе жаралмағанына көз жеткереміз де нәпсіміздің: «*...періштелер адам баласынан бұрын қан төккен басқа бір мақлұқтардың дүниедө өмір сүргенін білген...*», -деген, Құранда хабары берілмеген жалған ақпаратқа алданудан сақтанамыз.

Құранда Алла Құранды Өзі үйрететінін ескерткен. Мұхаммедке (с.ғ.с.) ең бірінші келген «Ғалақ» сүресінің 3-5-аяттарында: «**Оқы! Ол Раббың – аса Ардақты**», «**Сондай! Қаламмен үйреткен**», «**Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен**», -десе, «Бақара» сүресінің 31-аятынан, Адамға (ғ.с.) бір тұтас атауларды үйреткенін оқып отырмыз; ал, «Нахыл» сүресінің 9-аятында, Тура Жолды түсіндіру Өзіне ғана тән екенін айтса, «Қиямет» сүресінің 17; 19-аяттарында: «**Шын мәнінде Оны жинау, оқу Бізге міндет**», ... «**Сосын Оны түсіндіру Бізге міндет**», -деп, «Фатыр» сүресінің 14-аятында: «**...Толық хабар беруші Алладай саған ешкім түсіндірмейді**», -дейді. Демек, Аяттар тәпсірін,

ғылымды Құраннан басқадан (Ислам тарихшыларынан) іздеуіміз – өз аяғымызбен күнәға – дозаққа барғанмызбен тең. Адамзатқа о бастан Өзі үйреткен Алла, әрқашанда Өзі ғана үйрете береді. Біздің міндетіміз, Құранды қайта-қайта оқып, әрбір Аятқа көңіл қойып, мағынасын Алладан сұрау. Осы амал бізді Тура Жолдан адастырмайды.

Ал, Құранды жақсы білмейтін, айтқан дерегін Аяттармен, ғылым не Өмір Шындығымен дәлелдеп бере алмайтын пенделерді, шейх Мұхаммед Юсуф: «Айта беретіндер», - деген. Бұл айта беретіндер – бұзушылар. Құранда Алла дәлелі жоқ, Кітабы жоқ («Хаж» с. 8-а) айта беретіндерді қаралаған. Сондықтан, пікірсіз «Айта беретіндер» айта беруден сақтансын, тыңдарман оларға ермесін!

Шынында «Айта беретіндер» айта берсе, есіткенін анықтамай («Хұжрат» с. 6-а) емпілдей беретіндер, оларға еріп едірейе берсе, ел бұзылады. Бұл, Құранда ескертілген жаман нәрсені – Қияметті әкеледі!

Қазір жастар Исламға өте ықыласты. Мешіттерге жиі барады. Бірсыпырасы діни оқу орындарында тағлым алуда. Бірақ, Құранды түсіндіру өз деңгейіне көтерілмесе, уақыт өте келе бұл жастар да Құраннан дұрыс пайдалана алмай, Қияметке, Ақыретке жүректен сенбей бір тобы дүдәмал Имандарымен жасай береді де, бір тобы ықыластарынан қайтады. Исламды жаназа шығару, неке қию, садақа мен зекет жинау ғана деп түсінеді. Содан келіп, шайтан оларға: «Өмір бір-ақ рет беріледі, жасап қал», «Сол жаққа барып, көріп келген кім бар екен?!» «Алпысқа дейінгі күнәлар кешіріледі», «Алла бәрін кешіреді», «Діндар да болма, дінсіз де болма», «Бала-шағасын бағу жолындағы амал-әрекеттер үшін Алла барлық күнәні кешеді»-деген сияқты надандықтарды сыбырлайды. Құранды өз мағынасында түсінбей, қаһарға ұшырағандар мен адасқандардың тірлігіне көз салып жүргендер («Таһа» с. 131-а), бұл азғыруларға құлай кетеді. Бұларға қарап үлгі алып жүргендер де осылардың түсінігімен өмір кеше береді. Барып-барып бұндайлардың саны, таза Имандылардың санынан артып кетеді де, соңында Алланың қаһары келеді. Сонда елдің обалы «Алдыңғы толқын – ағалар...» – біздерге жүктеледі («Нахыл» с. 25-а). Сондықтан бүгіннен елдігімізді ойлап, дін бесігімізді түзеуіміз ләзім.

* Тақырыптың басында айтқандай: Алланың «... Сөздерін ешбір ауыстырушы ...» («Кеһф» с. 27-а) жоғын ескеріп, «Ақиқатты бұзықтыққа араластырмандар да, ...біле тұра Шындықты жасырмандар», «...Алланың Аяттарын мазақ қылмандар...» («Бақара» с. 42; 231-а),-деген Аяттарына сауатты амал қылайық; «Нахыл» сүресінің: «... олар Қиямет күні өз күнәларын тұтас және надандықпен адастырғандарының күнәларының кейбірін көтереді. Байқандар! Үстеріне алған нәрселері нендей жаман?!» «...Шынында Аллаға өтірік жала жапсырғандар құтылмайды» (25; 116-а) деген, ескертуінен қорқайық!

Және Алла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): «Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес...» («Бақара» с. 272-а). «Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік. («Фурқан» с. 56-а) «Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың», «... зорлаушы емессің» («Ғашия» с. 21-22-а),-деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді зорлай алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік. Құп алсаңыз, өз пайдаңыз!

Құранда, Аяттардан өзін жоғары ұстағандардың, түйенің көзінен өткенше Жәннатқа кіре алмайтыны айтылған. Құдайдан үміті бар пенде тәпсірін дәлелмен жазсын, аудармасын анық жасасын!

Сүйек пен иіснанға Құран оқудың қателігі және құрбандықтың сүйегі жәйлі жалған ырым

Алла Тағала Құранның «Ниса» сүресінің 171-аятында Исаны (ғ.с.) Рух, Сөз, Елші деген. Пайғамбарымыз Мұхаммедтен (с.ғ.с.): «Сөзде сиқыр бар», - деген өсиет қалған. Бұл екеуінің де мағынасы әрбір сөзді байқап айтуды меңзесе, елдің Ақсақалдары: «Достың көңілі бір атым насыбайдан қалады», - депті. Ғалымдар суға, гүлге мақтау айтса – жадырып, кейісе – тырысып қалатынын дәлелдеп жазып жүр. Бұлар сөздің бос нәрсе еместігіне, ондасиқыр барлығына дәлелдер десек, халық түстің сынап сияқты балқып тұратынын, қалай жорылса, солай қарай ауа салатынын айтып, жақсылыққа жоруға шақырады. Сөз де солай.

Өмір тәжірибесінен көріп жүргеніміздей, адамның көңілі де бір ауыз сөздің мағынасына қарап құбыласын табады. Өзіңізге біреу «Сіз», деп сөйлесе, ретінде еңбегіңізді бағалап отырса, сол адамға ішіңіз жылып, сол адаммен жиі кездескіңіз келіп, тіпті, құлы болуға даяр тұрасыз. Ал, керісінше әрекетпен кездесетін адамды көргіңіз келмейді...

Күнә да бірауыз сөздің үстінде тұрады. Адамзат тарихында бірауыз сөзден бақытын тауып, бірауыз сөзден дарға асылғандарды білеміз.

Әқрам деген адамның жасы елуге келгенде Құдайдан тілеп алған ұлы Ислам соғысқа алынатын болғанда, ауыл молдасына келіп дұға жазып беруін өтініпті.

Молда дұғаны жазып, бүітеп қолына ұстатып жатып: «Мынаны мойнына асып жүрсін», - десе, Әқрам: «Енді оқ тимей ме?» - депті. Сонда молда: «Ей, бәдбақыт! Оқ тимейтін еді, енді тиетін болды!» - деп күмәнданғаны үшін кейіпті...

Сөйтіп Әқрам бірауыз сөзден жаңылды.

Біздің арамызда да бірауыз сөзбен күнәға батыратын жаман ырым пайда болған. Ол – дастарханда иіснан мен сүйек болғанда ғана Құран оқылады деген түсінік.

Осы ырымды өз басым 1970 жылдардан кейін байқадым. 1965 жылы қараша айында Сатыпалдыұлы Дүйсен деген құдамыз қайтыс болды. Мен он бір жаста болғаныммен сол отбасында, келген кісілердің қолына су құйып, қарттардың аяқ киімін оңғарып қойып, кісілерге шай тасып – қызметте жүрдім.

Сонда талай мәрте ет асылып, бата беріліп, Құран оқылды. Бірақ, бүгінгілер сияқты сүйекті үйіп қойып Құран оқымайтын.

Өзімнің отымның басында да, мен ес білген жылдардан бері, қаншалаған кісі күтіліп, сыбаға беріліп, бата жасалып, шартты түрде Құран оқылды. Сірә-сірә сүйекті ортаға үйіп қоймайтын.

1973 жылы әкем, коммунистік партияның мүддесі үшін жүріп, қапыда дүниеден қайтты. Иманды болсын! Садақаларға алыстан ағайындар, құда-анда, дос-жаран, таныс-тамырлар келді. Солардан бірі осы сүйекті үйретіп кетіпті. Оны бірде дастарханда қалдырсақ, кейде ұмытып кетіп жинап алып жүрдік....

1986 жылы Жолдасбек ағамның үйінде садақа болды. Кезінде медресе бітірген Тақуа діндарлар, көне көз қарттар: Бұрхан Әбдірахманов, Әбдірейім Пардаев, Нұрлыбек Нұржаубаевтар және бірнеше зиялылар шақырылған. Сонда Әбдіжан Досжанов: «Әбдірейім аға, Бұрхан аға!»-деп, тамақтан соң дастархандағы табақты, кеселерді жинап алып, сүйекті үйіп қоятынын, оны тек Құран оқылып болғасын ғана алып кететінін сөз етті. Ол кісіні қостаған Жұмағали Қаржаубаев: «Сүйекті біреу жинап алып кеткелі жатса: «Сүйекке тиме! Құран оқылсын, сосын алып кетесіндер!»-деп, ортаға қойдырады. Расында, осыны қалай түсінеміз?»-деді. Сонда Бұрхан атам, мұның дінге қатысы жоқтығын, адамдардың ойдан шығарып жүрген негізсіз амалдары екенін, тіпті, Аллаға серік қосудай жарамсыз әрекет екенін айтты.

1987 жылдан діни наным-сенімге жол ашылғасын Ислам дініне байланысты біраз дүниелерді оқыдық. Кейін Құран Кәрім Аяттарын оқудың сәті түсті. Сонда білгеніміз, ең кешірілмейтін үлкен күнәлар: Аллаға серік қосқан мен Аллаға жала жапқан, кінә таққан, Алланың барлығына және тумаған-туылмаған жалғыздығына, Құранның Алладан түскеніне күмәнданған екен.

Аллаға серік қосу да, жала жабу да, күмәндану да бірауыз сөзбен бітеді. «Иіс нанды әкел, Құран оқысын!» немесе «Сүйек тұрсын, Құран оқысын, сосын әкетесің» я «Құран оқып болғанша сүйек тұрсын»-деу – сүйекті Алла орнына ұстағанның белгісі. Яғни, Құран Алла үшін емес, тек сүйек үшін оқылатындай түсінік береді.

Осы пікірімізді айтқанда, біреулер:

– Сүйек Қияметте осы садақаның берілгеніне куә болады екен,-деді.

– Құраннан дәлеліңіз бар ма?-деген сұраққа:

– Жоқ!-деп, түсін суытып: -Бұл – бұрыннан ата-бабамыз жасап келе жатқан жол. Немене сендер оны жоқ қылмақшысыңдар ма?!-деді. Біз:

– «Бақара» сүресінің 38-аятында: **«...Менен сендерге бір Туралық келсе, сонда кім сол Тура Жолыма ерсе, оларға қорқу жоқ әрі олар қайғырмайды»**,-деді. Біздің бабаларымыз Кәлима келтіріп, Алланың Тура Жолына ерді. Бірақ, Алла неге орысқа тәуелді қылып қойды?»-дегенімізде:

– Мен ол жағын білмеймін. Бабаларымыздың жолын білемін. Осы жол – дұрыс. Сендер әрқайссың әр нәрсе айтып, Иmandылықтың бәрін бүлдірдіңдер,-деп қасарысты. Біз:

– Иmandылық сүйекке байланысты емес. Сөзге қонақ беріңіз. Жаңағы айтқан – «Бақара» сүресінің 170-аятында және бірнеше Аяттарда, ата-бабалары Тура Жолда болмаған болса да ұрпағы сол жолда, соларға еретінін айтады. Біздің бабаларымыз жүзге, ақсүйек пен қараға бөлінген жерден және осы сүйекке Құран оқығаннан күнәлі болды. Сосын Алла оларды орыстың қол астына берді.

Екіншіден, Сіз: «Сүйек Қияметте куә болады»,-дедіңіз. Оған Құраннан дәлел айта алмадыңыз. Демек, сүйек куә болады, деген сөз, ойдан тоқылған амал. Құранның «Фурқан» сүресінің 43-аятында: **«(Мұхаммед (с.ғ.с.) Ойын тәңір жасап алғанды көрдің бе? Сонда Сен оларға кепіл боласың ба?»**-деп, келесі Аятта ойына сенгендердің сипатын айтады. Біз жаңағы «Бақара» сүресінің 170-аятынан және осы 43-аяттан нәтиже шығарып, сүйекті үйіп қойып Құран оқудан сақтануымыз керек»,-дедік. Аяттармен дәлел айтылғасын ол кісі шегінді. Бәшәр есімді кісі:

– Сүйекті үйіп қойып Құран оқыған кейінгі кезде пайда болды. Менің білетінім, 1968 жылдары ауылда Ешбай деген бір қомағай молда болды. Оразаның ауыз ашарына шақырылады. Ол дастархандағының барлығын тың қиғанша жей беретін.

Бір күні мен де бір қой сойып, оразашыларды ауызашарға шақырдым. Ауылда Ешбайдан басқа молда жоқ. Алдымен шай ішілді. «Бүгін шөлдедім»,-деп, қаймақпен екі шәйнек шәй ішті. Кейін бесбармақ әкелінді. Молда, деп алдына басты және оның қасына жамбасты қосып қойдық. Бұл басты бір өзі жеді. Жамбасты, ізінен қамыр, сосын сорпа...

Сорпа ішіліп жатқан кезде мұның мазасы кетті. «Әй, сораптап отыра бермей, тез-тез ішсеңдерші!»-деп, былай аударылып, бір кезде тізерлеп отырып, қипақтай берді.

Дастарханнан табақтар алынды, пышақтар, ізінен кеселер әкетілді. Сүйектерді жинап ала бастағанда, ол: «Әй, сүйек тұрсын!»-деді де, қызметтегі бала-шағаның батаға келуін күтпей, бата жасады. Ізінен «Ықылас» сүресін оқып тағы дұға қылып, бетін сипай сала, ұшып тұрды да есікке беттеді...

Отырғандардың барлығы таң қалды. Бұрын асықпай, батадан соң, «Фатиханы», сосын «Ықыласты» үш қайталып, ізінен «Фәлақ» пен «Нәсті» оқып, сосын біраз дұға оқитын. Бүгін олай болмады. Сөйтсек, күні бойы аш жүрген сорлы, есепсіз жепті да..., -деп күліп алып: -Міне, менің «Сүйек тұрсын», дегенді, бірінші есітуім сол болды. Кейін осы салтқа айналды, -деп, бұл «салттың» бір қомағайдан қалған бұлдіргі екенін әңгімеледі.

Алла Тағала Құранда Өзінің куәлікте жеткілікті екенін бірнеше Аятпен ескерткен. Сонда біздегілер Аллаға сенбей, сүйектің «куәлігіне» сеніп, Аллаға серік қосумен бірге Оның куәлігіне кінә таққандай болып отыр.

Негізінде Құран Алланың ризашылығы үшін оқылады. Сауабы әруақтарға бағышталады. Ал, иіснанды не сүйекті араластыру, – Құраннан дәлелі болмағандығы үшін мүлде қате амал.

Бұл амалдардың халқымызды масқара ететін жері – не амал істеп жатқандарына ақылмен мән бермейтіндігі. Бір күні Әзіреті Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) жылап, арасында күліп отыр екен. Мұны Мұхаммед (с.ғ.с.) көріп қойып сұрайды. Сонда ол разиаллаһу: «Жәһилиет дәуірінде торттан Құдай жасайтынбыз. Оған жалынып, тілектер тілейтінбіз. Ал, қарнымыз ашқалғанда, оны жеп қоятынбыз. Жылайтыным, Исламның келгеніне, Алланың Мейіріміне жеткеніме қуанышымнан», -деген екен. Сондай-ақ, бұл халық иіс нанды ортаға қойып, Құранды оқып болып, оны жеп қояды. Сүйекті Құраннан кейін қоқысқа тастайды не итке береді. Сонда оның абройы не болды?

Бұл – бір!

Екіншіден адамдардың біреуден естіген амалын Ақылында зерттеп, анығына жетпей («Хұжрат» с. 6-а) қолдана салатыны, Алланың алдында күнәкар етіп, Ақылдылардың мазағына ұшыратпай ма?

Және қайталап айтайық, Құран Аяттары – Алланың Сөзі. Оны көп қайталап оқып, жүрекке сіңдіріп, саңылауы бар жүректің ашылуына себепші болу керек. Бұл – Алланың Өзін және Сөзін құрмет ету деген сөз. Ал, Өзін, Сөзін сыйлаған Құлын Алла өте жоғары дәрежелерге жеткереді.

«Білмей істеген кешіріледі», - дегенімізбен, әр нәрсенің шегі бары да рас. Қазақта майға малынып пісірілген нанды «майнан», «иіснан», деп айтады. Осыны соңғы 30 жылдың төңірегінде «шелпек», деп атап және аппақ қылып пісіріп жүрміз. Ал, өзбек, тәжік ағайындарда иіснан пісіру бар, бірақ, «шелпек» тіпті басқа. Шелпек – марқұмның сүйегі үйден шығарылып әкетілгеннен кейін бірінші пісірілетін нан. Ол басқа уақытта пісірілмейді. Тек өлімде ғана. Сондықтан олар қатты ренжісіп қалса, қарсыласын: «Шелпегінді жейін!» - деп қарғайды...

Алла Құранда оң істерді істеуді, яғни, әрбір істі оңынан істеуді тапсырған. Иіснан деп қастерленіп келген майнанымызды, қарғалғандардың «Хытта» сөзін «Хынта» сөзіне ауыстырғанындай («Бақара» с. 58–59-а) шелпекпен шатастырмайық. Аллаға оң істер істейік.

Бұл амалдарды 1992 жылдан шет елдерге барып, Ислами білімін «арттырып» келгендер әкелді. Олар қазақта «иіснан» деген барын білмеді, иіснан мен шелпектің айырмашылығына көңіл бөлген жоқ. Керісінше, қазақта бұрын Мұсылманшылық болмағандай, ұлттың атына сөз келтіретін амалды кең жайды. Қазір қайда барсаңыз «шелпек» деп сөйлейді. Бұл бұрыннан Имандылыққа сай ұстанып келе жатқан, ешбір ұлттың алдында ұятқа қалдырмайтын иіснаны бар қазақ үшін дұрыс емес.

Сол шет елден келген және бір тұрпайылық – тамақты дастарханға әкеп қойып бата жасап, Құран оқу. Бұрыннан келе жатқан жол бойынша Құран мен бата тамақ желініп болғасын орындалады. Біреу піскен ет толы табақты дастарханға әкеп қойғасын, Тұрмағанбет Ізтелеуовке: «Бұл табақ не деп тұр?» - деп сұрапты. Тұрмағанбет: «Мұның бетінде – бисмилла, ортасында – береке, астында – бата мен шүкіршілік, Алла үшін оқылатын Құран тұр», - депті. Сондай-ақ, біз бисмилламен тамақты бастап, жеп болғасын, ақ тілекбата жасап, Құран оқуымыз керек. Бұл Ақылға қонымды амал.

Ал, тамақты дастарханға қойып Құран оқу – біріншіден, Құранның тамақ үшін оқылатынына ишара болса, екіншіден,

тым жарасымсыз. Мұны да қазақы жолды білмейтіндер шет елден әкелген. Олардың сылтауы, тамақтанып отырғанда жау келіп қалса, Құран оқып үлгірмейді екен. Сол үшін алдымен Құран оқып, сосын тамақтанады екен. Неткен ұят сылтау?

Алла Тағала бірнеше сүреде, Өзіне серік қосушыларды айта отырып, дәлелі болмаған амалдардынасихаттаушыларға наразылық білдірген. «Хаж» сүресінің 38-аятында Кәлима келтірген Құлдарын қорғайтынын айтса, «Ғанкабуд» сүресінің 69-аятында, Жолында күрескендерді Тура Жолына салатынын және жақсылық жасаушылармен бірге екенін ескерткен. Сөзіне берік Алла: «Тамақтанайық, сосын Құран оқиық!»-деп ниеттеніп отырған Құлдарын қорғап, Құран оқылып болғанша жауды тоқтатуға күші жетпей ме?

Міне, осылай дәлелдері бар амалдар ғана Алланың алдында қабыл болады. Ал, шет елде оқып шелпекті, тамтанудан бұрын Құран оқуды әкелгендердің өз амалдарын Аяттармен бекітетін дәлелі жоқ.

Түйін. Алла тәубесіне келген Құлының бірсыпыра күнәларын кешіретінін ескерткен, бірақ, білмегенін білгеннен кейін қайталағандарды, есіткенінен нәтиже шығармаған парықсыздарды дос тұтпайтыны анық. Иіснан мен сүйекті ортаға қойып қана Құран оқудың Тақуалыққа қатынасы туралы бұрын білмесеңіз, енді білдіңіз. Иіснан мен шелпектің парқын түсіндіңіз. Енді тек оң істер – ақылға сыйымды және өзіңіз мәнін толық білген амалдарды ғана істеңіз. Бұл өзіңіз үшін жақсы.

«Мүминүн» сүресінің 63-70-аяттарында, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) уағызын тыңдамағандарды айтып, 71-аятында: **«Егер Шындық олардың көңілі тартқан жаққа кетсе, әрине, көктер мен жер, онда болған әркім бұзылып кетер еді...»**,-деп, Мұхаммед (с.ғ.с.) үгітін тегін айтқанын, сонда да олардың сенбегенін, сондықтан оларды азапқа алғанын ескерткен. Сондай-ақ, сүйек пен иіснанды ортаға үйіп қойып, Құран оқуды жақтағандар да, мұнысын дұрыс амал деп, оны ұрпаққа үлгі етіп, бұл амалы үшін, келешекте өздері азапқа қалмасын. Ұрпағын адастырмасын. Алланың кешірмейтін күнәсі – Өзіне серік қосқан күнә.

Тақырыбымыздың соңғы айтпағы – құрбандықтың сүйегі жәйлі. Елдегі кейбіреулерде Құрбан айтқа атап сойылған малдың еті желініп болғасын, сүйегін итке де бермей, қоқысқа да тастамай, аяқ баспайтын жерге көметін әдет бар. Бұл күнә, күнә

емес, деп айта алмаймыз. Бірақ, қоқыстағы сүйек те иесіз иттің, құстың, құрт-құмырсқаның, жынныңнесібесі. Бұлар арқылы да құрбандық иесіне сауап келері анық. «Хаж» сүресінде құрбандық жәйлі, одан тиісті орынға үлес берілетіні айтылып, 37-аятында: **«Ешқашан құрбанның еттері, қандары Аллаға үлгермейді, сендердің Тақуалықтарың үлгереді. Сендерге Тура Жол көрсеткен Алланы ұлықтауларың үшін, малды еріктеріне бердік...»**,-деген. Тақуалықтың бір нышаны табиғатқа, жалпы тірі жандыға мейірім, қайырым жасау десек, ит пен құс та, жын да Құдайға өз таспихын айтады («Нұр» с. 41-а), оларға да Алла біз арқылы несібе бөлген. Осыларды ойлап Ақылға салғанда, құрбандықтың сүйегін көміп тастағаннан қоқысқа тастаған не итке берген көп абзал.

*Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): **«Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...»**. («Бақара» с. 272-а) **«Негізінде сені қуандырушы, қорқытушы ғана қылып жібердік.»**(«Фурқан» с. 56-а) **«Ал енді насихат ет. Негізінен Сен бір насихатшысың»**, («Ғашия» с. 21-а)-деп, келесі Аятта: **«Сен оларды зорлаушы емессің»**,-деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлай да алмаймыз. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін, келтірген Кәлимамызға адалдық жасап, сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.

Бабаларымыз: **«Аққа Құдай жақ»**,-деген, Алламен бірге болыңыз...

Түйін

Ауыр-ауыр бірнеше тақырыпты қозғадық. Тарихта өткен ұлылардың да еңбектеріндегі қателіктерін білеміз. Сол сияқты біз де барлық ойларымыз бойынша болмаса да, бірлі-жарымында қателескен болармыз. Қам сүт емген пендеміз ғой! Сол үшін алдымен, жүреkteгiнi Бiлушi, куәлiкте Өзi жеткiлiктi болған жалғыз, Субхан Алла Тағаладан кешiрiм сұраймыз. Сосын ғалымдардан, соның iшiнде, дiн ғылымын игерген, Иманы мықты жақсылардың кешiруiн өтiнеміз.

Бәлкiм, бiз қателеспей, дұрыс айтқан болармыз. Онда тiршiлiгiмiздi жасай жүрiп, әр сәт сайын iзгiлiктер, қайырымдар мен жақсылықтар iстеуге тырысайық. Мәртебеге, атақ-даңқ пен дәрежеге жету үшiн емес, Алланың ризашылығына жету Жолында жарысайық.

Осы күндерде оқырман аз да, айта беретiн «ойшыл» көп. Кейде: «Дiндар болу шарт емес...», -деген – Құранға қарсы айтылған, ойсыз түйiндi, Мұсылманшылық жолында жүргендердiң мақалаларынан оқып, кейбiр жиындардағы сөзiнен есiтiп таң қаламыз. Әрине, бұл – күллi жаратылысты, өмiрдi атеистерше түсiнетiн дiндардың сөзi. Бұл сөздiң түбiн зерттеп келгенде бұл түйiн: «Адамның адам болуы шарт емес, екi аяғында жүрсе болды», -дегенге әкеп таяйды. Неге дейсiз ғой? «Дiндар болуы шарт емес», деген сөз, өз-өзiнен: Әдiлдiк пен қиянатты түсiну, адал мен арамды айыра бiлу, жақсы мен жаманды түсiну, Алламен, Құранға сену, Оның насихаттары мен талаптарын орындау, Бейiш пен дозақтың барын сезiну мiндет емес, деген мағына бередi. Яғни, Алла берген нығметтер мен ғанибеттердiң сұрауы жоқ. Өлдiң – бiттiң. Сондықтан, жасап қал, көрген жақсы-жаманына шүкiрлiк ету шарт емес, әйтеуiр, екi аяғында жүрiп, өлiмiң жеткенше қу тамағың үшiн, қарсы келгеннiң қанын iшiп, жақтырмағаныңның жанын жаралып, жалғанның – бүгiн жинап, ертең тастап кететiн қоқырсығы үшiн барыңды сал, дегенiндей.

Сонда Құранның әр хабардың (нығметтiң) нәтижеленетiн уақыты барын («Әнғам» с. 67-а) ескерткен, Құдайшыл болу туралы айтқан («Әли Ғымран» с. 79-а) Аяттарын бұлар қайда қояр

екен?! «Діндар болу шарт емес», -деп жүргендердің түсінігі бойынша, тек осы Аяттарды білген діндарлар ғана дұрыс жүріп, қалғаны арам-алас жүре беруі керек пе?

Әсіліне келгенде, әлемді ұстап тұрған дін. Соның ішінде Мұсылманшылық Жолы... Кезкелген қоғам салауатты қоғам болуы үшін, әрбір ұжданы бар Жан, Ислам Жолында болуы шарт. Сонда адамдар Әділетті қоғамда бақытты жасайды. Кезкелген мәдениетті елдің Ата заңын, кодекстерін талдасақ, олардағы қағидалардың барлығы Құдайдың Кітаптарынан және соңғы Кітабы – Құраннан алынған. Бұл туралы айттық.

Бізді бүлдіріп келе жатқан: «Өмір бір мәрте ғана беріледі, жасап қалу керек», -деген («Әнғам» с. 29-а), «Алпыс жасқа дейінгі күнәлардың барлығы кешіріледі» («Ниса» с. 18-а), «Діндар болу шарт емес» пен «Дінде орта жолды ұстау» немесе «Діндар да болма, дінсіз де болма» деген, негізсіз айтылған шайтани түсініктер («Бақара» с. 168-169-а). Құдайдан үміті бар жанға бұдан қашпақ керек! Себебі, жер бетінде Алланың адамзат баласының алдына қойған талаптары орындалуы керек. Баста Бейіш үшін жаралған адамзат, соған қайта жетуі үшін, қас дұшпаны – шайтанмен, нәпсісімен табанды күресуі ләзім. Олай болмаған жағдайда, Алланың қаһары түседі. Біз бүгінгі ойнап-күліп жүрген күнімізге дандайсымайық. Бұл «Әли Ғыман» сүресінің 178-аятында Алланың Өзі айтқандай, Алланың мұрса беруі болар. «Мәриям» сүресінің 84-аятында: **«...олар үшін асықпа ...олардың күнін санаудамыз»**, -десе, «Рағыз» сүресінің 32; 38; «Нахыл» сүресінің 61; «Ісра» сүресінің 99; «Таһа» сүресінің 129; «Фатыр» сүресінің 45; «Фуссилат» сүресінің 45; «Шура» сүресінің 14; «Нұх» сүресінің 4-аяттарында мұрсаның да шегі барын ескерткен.

Бұл – қарама-қайшы дүние. Дана қазақ: «Тоқтықтың да бір аштығы бар...», -деген. Сондықтан, бүгінгі күнімізге шүкіршілікті өте көп айтып, ертеңге – берері жұмбақ күндерге дайындалайық.

Алланың Сөзіне құлақ салған пендеге, Алланың: «...олардан әлде кім өзіне **кесір тигізеді** де **кейі ортада** болады. Ал, тағы **біреулері, Алланың бұйрығынша жақсылықтарға ұмтылады. Міне, осы – Ұлы Мәрхамет»** («Фатыр» с. 32-а), -деген ескертуі барынан хабар берейік. Аяттың ізінен жақсылыққа ұмтылушылардың Ғадн Жаннатынан орын алатынын айтады.

Сонда қайсысы жақсы: Аяттарға теріс жүріп, **кесір тигізу ме?** Әлде, я санға қосылмай, я санатқа ілінбей делбе болып **ортада жүрген** бе? Әлде Алланың айтқанын қылып, **бұл дүниеде Иманмен жүріп, келешекте Бейіштен орын алған ба?**

Расын айтқанда, Бейіште жасағанды әркімде армандайды. Рухы мықтылар Оған жетеді де. Бірақ, Рухани әлсіздер: «Діндар болу шарт емес», деп, не: «Мен орта жолды ұстаймын», деп Тура Жолмен жүруге бойындағы шайтанынан қорқады, айналасындағы шайтанға ергендерден «ұялады». Бұл – өзін өзі алдау екеніне мән бермейді (1).

Мұсылманшылыққа ықылассыз, бірақ, Алладан лаж жоқ қорқатын екі жүзді біреулер, осы Аяттың: **«...кейі ортада болады...»**,-дегенін, осы дүниеде орта жолмен жүру керек, деп өзіне оңайына аударып алған. Алла барлық Құлдарының амалдарын таразыға салып, әркімнің құлшылығын, ізгілігін, қайыр-сауабын – бәрі-бәрін анықтайды:

– сонда біреулердің зиянда болғандығы;

– біреулердің орта жолда қалғандығы көрінеді.

Бұл дүниедегі біз: «Алланың Жолында жүр...»,-деп бағалайтындарымыздың («Ісра» с. 84-а) өзі Алланың алдындағы есепте ортада (орта жолда) болуы ықтимал. Сондықтан ортада болуды емес, **«...Алланың бұйрығынша жақсылықтарға ұмтылып»** жасауға күш салу – ақылдылық әрі Тақуалық болады. «Ісра» сүресінің 19; 21-аяттарында: **«Ал, кім Момын болған түрде Ақыретті қалап, сол үшін тырысса, міне солардың тырысулары шүкірге (қабылдануға) лайық»**, **«...Әрине Ақырет, дәрежелер тұрғысынан тағы ірі, артықшылық жағынан да тағы зор»**,-деген. Орта жолда емес, керісінше, Алланың ризашылығына жетуге тырысу керек.

«Уақиға» сүресінде: «Қиямет оқиғасы болған кезде», «Оның болуын өтірік деуші табылмас». **«(Ол) төмендетеді, жоғарылатады»**. «Сол уақытта жер тұтас сілкіндіріледі». «Таулар мүлде үгітіледі». «Ұшқан тозаңдай болады». **«Сол уақытта сендер үш бөлімге бөлінесіңдер»; «Оңшылдар, нендей жақсы Оңшылдар»; солшылдар, нендей жаман сол солшылдар; «Озаттар, Озаттар алдыңғы қатарда болады»**. **«Міне, солар Аллаға жақын болғандар»**. **«Жұмақта нығметке бөленеді»**

(1-26-а),-деген. Осы Озаттар жәйлі 88-89-шы, оңшылдар туралы 27-37-ші және 90-91-аяттарда да айтқан. Бірақ, Алла айтып отырған – Оңшылдар, әлсіздер айтып жүрген – орта жолды ұстаушылар емес!..

Үшінші Аяттағы: «төмендетеді, жоғарылатады»,-деген. Төмендетедісі – бұл кәпірлер мен мұнафиқтардың және Мұсылманмын дегендердің арасындағы, адамдарға өзін Аллаға жүректен берілген адам қылып көрсететіндердің («Зұхрұф» с. 17-а) соңының хабары; ал, жоғарылатадысы – бұл өзін көрсету үшін емес, керісінше, адамдарға елеусіз болып көрініп, Аллаға елеулі болып көрінуге малымен, жанымен тырысып амал қылатындар. Бұлар озаттар және оңшылдар...

Бұл Аяттың екінші мағынасы: «Күшсізбін, кедеймін»,-деп Алладан үмітіңді үзбе, бүгін Алла сені сынамаққа өзгелерден кедей қылып қойды; осыған сабыр етіп, Алламен бірге жүрсең, Алла ертең жоғарылатады»,-деген сөз.

Әр қандай қоғамда да діндар болу деген сәлде орап, сақал өсіріп, шапан мен мәс кию емес. Діндар болу деген: Құранның Алладан келгеніне жүректен сеніп, Оны жақсы меңгеру («Жұма» с. 5-а) – Аяттарға сауатты амал жасау; Ғылымшы болу; Алланың сені не үшін жаратқанын білу («Рұм» с. 30-а); Кәлима білу, білген Кәлимана жүректен амал қылу («Бақара» с. 225; «Зұхрұф» с. 43-44;-а); сосын әрбір ойынды, пейілінді, жүректегіні Білуші Алланың Біліп отырғанына («Қаф» с. 16-а); қимылыңды, істеген ісінді Көруші Алланың Көріп тұрғанына («Хадид» с. 2-6-а); әрбір ауыз сөзіңді, діни уағызың мен насихатыңды, өтірігің мен өсегінді, сыбырыңды Есітуші Алланың Есітіп отырғанына («Ниса» с. 108; «Зұхрұф» с. 80; «Мүжәдала» с. 7-а); әрбір құйтырқылығыңның, қылмысыңның, күнәнің шартты түрде сұрауы болатынына жүректен сену («Бақара» с. 284; «Мәриям» с. 71-а); Алланың қаһарына ұшыраудан қорқу («Мәида» с. 3; «Әнғам» с. 157-а); пасықтыққа үндеген оңаша ойың мен ісің үшін Одан ұялу («Әнғам» с. 116; «Фурқан» с. 43; «Нәжім» с. 23-24; «Сад» с. 26-а).

Таратыңқырап айтқанда діндар болу деген сөз, өзіңді тәрбиелеген отбасыңды, сен үшін түнде ұйқы, күндіз күлкі

көрмей жұмыс істеген әкенді, сен үшін түн ұйқысын төрт бөлген анады, үлкен-кіші жастағы тілектесің болған туыстарың мен ағайындарыңды ұялтпау, өзіңнің Адам деген, Азамат деген Ардақты атыңа дақ салмау; өзіңнің әу баста Алланың Халифасы етіп, Жәннат үшін жаралғаныңды ойлап, сол Жәннатқа қайта көрілуге ар-намыспен ұмтылу;

– діндар болу деген – Әділ болу, Әділдік үшін күресу («Бақара» с. 42; «Мәида» с. 8-а);

– діндар болу деген – кімнің зиянына болса да Құдай үшін Шындықты айту және куәлікте Әділ болу («Ниса» с. 135; «Әнғам» с. 152-а);

– діндар болу деген – жазықсыз кісіні өлтіру – барлық адамды өлтіргенмен; ал, бір адамды тірілту – барлық өлгенді тірілтумен бірдей, деп, жалпы кісі өлтіруден аулақ болып, «Мәида» сүресінің 35-аятының үкімімен жүру;

– діндар болу деген – «Бақара» сүресінің 44-ші, «Мүминұн» сүресінің 68-аятына амал жасап, Құранның қазақшасын кемінде он мәрте көңіл қойып оқып шығу, ілім мен білім іздену, күнделікті БАҚ-тар мен қажетті – мәнді әдебиеттерді көп оқу, оқып білгенің мен көрген есіткеніңді салыстырып ақ – қараны ажырата білу;

– діндар болу деген сыпайы сөйлеп («Фатыр» с. 10-а), сыпайы жүріп-тұру («Ниса» с. 148; «Ісра» с. 53; «Фурқан» с. 63-а);

– діндар болу деген – Отанды сүю, қайырымдылық, қамқорлық жасау, кішіпейіл болу, отбасын сүю, өзгелерді өзіңдей көру, жаман көрген адамыңды Алла үшін жақсы көру («Бақара» с. 3; 177-а);

– діндар болу деген – Құдайдан шынымен қорқып, ел алдында берген, жеке адамға берген уәдеде (антта, сертте) тұру, яғни, Құранның «Бақара» (177-а); «Әли Ғымран» (76-а); «Мәида» (1-а); «Рағыт» (19-20; 25-а); «Нахыл» (91; 95-а); «Ісра» (34-а); «Фатх» (10-а) сүрелерінің ескертулеріне сауатты амал жасау;

– діндар болу деген – өзіңе берілген қызметтің, лауазымның Алла тарапынан сынақ үшін («Әнғам» с. 165-а) сыйланғанын Имани тұрғыдан түсініп (пәленшенің арқасында осыған жеттім демей), міндетті адал атқару;

– діндар болу деген – Алланың жүрегіңдегі ойыңды-пейіліңді

өзіңнен де жақсы Білуші екенін мойындап, Есеп Күні берілетін азапты ойлап, төрелікте, саудада Әділ болу – кісі ақысына қиянат жасауды шайтан-нәпсі сыбырлағанда («Қаф» с. 16-а) Құдайды еске алу («Ағраф» с. 200-201; «Фуссилат» с. 36-а), Оның Көріп тұрғанына, саған сыбырлаған шайтанның сыбырын Есітіп отырғанына күмәнсіз сену («Әнғам» с. 13-а);

– діндарлық – ішкі-сыртқы мәдениетің – «Фурқан» сүресінің 63-аятын, «Хұжрат» сүресі үкімдерін жақсы меңгеру және жан жақты тазалығың;

– діндар болу деген – мақтанудан, ысыраптан, тәкаппарлықтан кашу (2);

– діндар болу деген – күнделік пайдаланатын жарықты, суды үнемдеу, қоғам мүлкін – барлық адам пайдаланатын әрбір ортақ нәрсені қорғау;

– діндар болу деген – Яһудилердің, Христиандардың тіршілігіне – оларға Алланың берген жалтыраған-жылтырағанына қиялық қызықтырғанда, Алланың Мұхаммедке (с.ғ.с.), оларға қызығып көзіңді сүзбе (3), деген мағынадағы Аяттарын ескеріп, Ислам Жолыңдалығына – Алланың қалаған Құлына берген Жолыңдалығыңды ескеріп шүкір ету;

– діндар болу деген – балағын шелтендетіп, сақалын сабалақтатып, әуім-сәуім – жындыларша киініп жүру емес, сақал-мұртты Абайша, Ыбырай Алтынсаринше, Ахмет Байтұрсыновша, Сәдуақас Ғылманиша басып – сәндеп, замана мәдениетімен киіну;

– әйелдер үшін діндар болу деген – осы айтқандарымыздай болу және Исламды – Құран Сөзін теріске шығаруды көздеген, құдайсыздар мен ғайридіндердің: «Еркек пен әйел тең құқықты», - деген, тұжырымын Ислами тұрғыдан сауатты түсіну, яғни, «Бақара» сүресінің 228-аятын, «Ниса» сүресінің 34-аятын, тағы аяқты тапылдатып я қылымсып (4) ерлердің назарын өзіне аудармау хақындағы әйелдерге арналған Аяттарды және «Нұр» сүресі мен «Зұхрұф», «Ахзап» сүрелерінің үкімдерін ескеріп, иба-ұятты сақтау және не қынтанып, не жалаңаштанып маскара болмай, мәдениетті киіну;

– діндар ана болу деген – Алла сені Мұсылманның санын көбейтсін, деп, жалғанға Мұсылманның отбасында келтіргенін

пәмдеп, жалғыз Аллаға, Періштелері мен Кітаптарына, Елшілеріне... Кәлима келтіргенге («Бақара» с. 221-а) ғана неке-лесу, ері мен перзенттерін Алла үшін жанынан артық сүю;

– діндар ана болу деген – Исаның (ғ.с.) анасы Мәриямның анасының үлгісін ұстану («Әли Ғыман» с. 35-37-а).

– діндар болу деген – Алланың дозақ үшін де адамдар жаратқанына («Ағраф» с. 179-а) жүректен сеніп, Аяттарға қарсы амал істейтін адамдар мен ғайридіндерден, кәпірлерден алыс жүру және қазақша айтқанда, ұзақтан сыйласу;

– діндар болу деген – біреулерді дінге зорлау емес, өз отбасыңа бұйырумен өзің оларға үлгі болу («Таһа» с. 132; «Тахрим» с. 6-а) және қашанда әркім өзі үшін жауап беретінін түсіну («Әнғам» с. 164; «Ісра» с. 15-а);

– діндар болу деген – ешкім Алладан қашып құтыла алмай-тынын білу, яғни, байлық, лауазым, даңқ-дәреже, көп балалылық пен көп ағайындылық, дос-жарандылық Әл-Қаһардан құтқара алмайтындығына және әркімнің де ең соңында баратын орны Алланың алды екеніне жүректен сену;

– діндар болу деген – кешірімділік, кең пейілділік, сабырлылық пен байсалдылық... («Әли Ғыман» с. 134-а);

– діндар болу деген – «Бақара» сүресінің 1-5; 42; 82; 136; 177; 215; 254; 256; 261-274-аяттарымен, «Әли Ғыман» сүресінің 102-103-аяттарымен, «Ниса» сүресінің 36; 135-аяттарымен, «Мәида» сүресінің 8-аятымен, «Әнғам» сүресінің 82-90 және «Әнфал» сүресінің 2-3-інші, «Тәубе» сүресінің 71-72; 112-інші, «Таһа» сүресінің 131-132-інші, «Сәжде» сүресінің 15-16-ыншы, «Фатыр» сүресінің 29, «Мағарыж» сүресінің 22-35-інші; «Бәлад» сүресінің 13-20-аяттарымен жүру;

– діндар болу деген – өзіңнің жалғыз Аллаға Иман келтіргеніңді, имам болғаныңды, өзгелерге міндет етпеу («Хұжрат» с. 17-а) – кішіпейіл болу;

– діндар болу деген – «Бақара» сүресінің: **«...олардың діндеріне ермейінше Яһуди де, Христиан да сенен риза болмайды...»** (120-а), **«...Өзіңе мұншалық мәлімет келгеннен кейін олардың ойларына еліктесең (үлгісін ұстансаң), әлбетте, сен анық залымдардан боласың»** (145-а), **«...Кім өзіне Алланың нығметі келгеннен кейін, өзгертсе, күдіксіз**

Алла – қатты азап Иесі» (211-а), «...кәпір болғандарға дүние тіршілігі әдемі көрінді де, Мұсылмандарды тәлкек қылады. Негізінде Тақуалар Қиямет күнінде олардан үстем болады...» (212-а) деген Аяттарының мазмұнын терең түсініп, ғайридіндер мен кәпірлерден қорықпай («Мәида» с. 12-а), ықпай,үлгісін әлдеқандай көріп ізіне ермей, бірақ, елдің бірлігі мен тыныштығын сақтау үшін сыйласып өмір сүру деген сөз («Әнфал» с. 61; «Тәубе» с. 7-а).

Осылар қиын ба? Мұсылман болғаныңа, қазақ болғаныңа өзгелерден қысылатындай не сөкеттігі бар? Керісінше, өзгелер саған қызықсын!

Даңқты жазушы Лев Толстойдың тілімен айтқанда, Ақыл иесінің де соңғы табан тірейтін жері – Алланың алды. Міне, осындай Жолмен жүрген адам – Аллаға сенген ішкі мәдениеті бай адам, Одан қорыққан Нағыз адам, Иман-ұяты мықты, сөзіне берік табанды Толық адам! Алланың Мұхаммедті (с.ғ.с.) жіберіп, Құранды түсіргендегі мақсаты да осы – Құлдарын Бейішке алып баратын осы Жолға салу.

Бірде теледидарда «Ашығын айтқанда» деген көрсетілімде, медицина саласының екі ғалымы уринотерапияға үзілді-кесілді қарсы сөйлеп отыр. «Ілім – шексіз дүние, біз не біле қойдық!»-деп тәубеге келу түйсігінде жоқ. Олардың біреуі Алланың Жолына түскен намазхан, қажы.

Мен журналист ретінде, әрбір жаңалықты және саясаттардың кесепатымен көнере бастаған және жойылып кеткен жақсылықтарды ел есіне салуға тырысамын. Бір Кісінің үйіне қоныққа жиналды. Түрлі тақырыпта өріс алған әңгімелердің бірінде уринотерапия сөз болды. Біреу бұл хақында, медицина ғылымының ғалымы жазған кітапша да барын айтты. Мұны бірінші есітуім. Таңырқаушылар мен күмәнданушылар дабыры көбейді..

Арамыздағы тарих пәнінің мұғалімі сөз кезегін алды. Ол: «1977 жылы ауданға сари – бауыр ауруы жайылды. Аурухана, кино клуб осы – сари ауруымен ауырғандарға толды. Бір күні ол маған да жұғыпты. Оны білмей, мазам болмай, ауырдым. Дәрігеріме бардым. Көп аурудың арасынан орын тиді. 40 күн емделуім керек екен.

Ауырмай тұрып, осы аурумен баласы ауырған көршімнің елден бит іздеп жүргенін есіткем. Миізге бит қосып жесе жазылады екен. Әйелім миіз әкеледі жемеймін, жиіркенемін. Бір күні екі досым көңілімді сұрап келді. Уақытында арақ ішіп, көңіл көтеруші ек. Олар бауырдың жайын сөз етіп отырып, адамның өзінің зәрі, кезкелген ауруға, жараға ем екенін әңгімелейді. Тіпті, дәлелдеді. Маған да кеңес берді. Мен осыны үш күн қолдандым, сол күнгі анализдерім өте жақсы шықты да, дәрігерлер бұған таң қала отырып, маған жауап берді. Мен өте сергекпін, тамақ талғамаймын, бейне жастығым қайта оралғандай көңілдімін.

Арадан екі-үш күн өткенде әлгі достарым үйге келді. Бірге арақ іштік. Сол сол екен, мен қайтып, ол аурумен ауырған емеспін. Ал, мұны қолданбағандар, жылда, болмаса екі-үш жылда, осы аурулары қайта қозып, ауруханаға жатып шығады...».

Мұны екінші біреуі қостады: «1992 жылы осыған байланысты кітапша оқыдым. Сол күндерде апамның ауылына барсам, қазықтың түбінде, тұмсығын жерге тіреп, сиыры жатыр. Қу сүйегі қалыпты. Апам оның бауыры ауырғанын, мал дәрігерлері біраз ем-шара көргенмен мұның жазылмағанын, соңында олар, өледіге шығарғанын айтты. Мен әлгі кітапта оқығанымды әңгімеледім. Келесі аптада хабарын білуге барсам, сиыр шөп жеп тұр, аурудан тұрған малға ұқсамайды, денесіне қан жүгірген. Сөйтсем, бұлар үй ішімен жеңіл дәреттерін үлкен ыдысқа сындырып, сиырдың ауызына құя беріпті...».

Мұны мен сияқты бірінші есітіп отырғандар жиіркенішті екенін айтып күбірлесті. Арамызда тау-кен басқармасының автогаражында істейтін фельдшер де бар еді. Ол кісі: «Одан неге жиіркенесіңдер? Ол – қанның суы. Ол еркектен болсын, әйелден болсын, адам шығатын мүшеден шығады.

Менің білуімше, бұл ем ежел-ежелден ел арасында бар. Бірақ, кешегі коммунистік қоғам, халық емшілігінетийым салғасын, бұл тек жасырын қолданылатын. Гаражда күз, қыс айларында шопырлар мәшіндерін оңдайды. Суық күнде бір болтын бұрап жатқанда, кілт болттан тайып кетеді де, қолын темірге ұрып алады, жараланады. Аптекесінен пайдаланады... Бәрібір су ұрттап жара болады. Жұмысты қойып бір апта емделеді. Мен олардың талайын емдегем, өз зәрімен жууды айтуға, біреуінің ауызынан

елге жайыла қойса, жазаға тартылармын, деп сақтанамын. Келесі бір жылдары шопырлар мұндай жарамен маған келмейтін болды. Сөйтсем, бұлар бірінен-бірі үйреніп осы тәсілді тегіс қолданатын болыпты ғой!...»-деп, бұл тақырыпқа қорытынды жасады.

Соңғы үш дәлел бізді күмәннан айырды. Бірі – өз басынан өткерген, екеуі жеке өздері куә болған. Сөйтіп уринотерапияға сендік.

Екіншіден бұл, медицинасы жоқ заманда, соғыста кең қолданылған амал. Әйтпесе, жаудың уға батырылған найзасының түйрелген жерінің жарақаты мен алмастай қылышы кескен қолды, аяқты т.б. мүшелерді аман сақтап қалу оңай болмаған. Олар жараланған жерді лезде дәретпен жуып тазартып, сосын майлап таңған...

Құранда Шындықты мойындайтындар мен тән алмайтындар тең («Рағыд» с. 19; «Һұд» с. 24-а...) еместігі ескертілген. Және арам («Бақара» с. 173; «Әнғам» с. 145-а) нәрселер нақтылап көрсетілген. Ал, халық қолданып жүрген мына амал да (урино-терапия) Алланың «Фуссилат» сүресінің 53-аяты айтқан, Өзінің ілімінің бір тармағын білдіруі. Әлгі екі ғалым – ғалым! Оларды сауат жағынан кеміте алмаймыз. Бірақ, кітапшаларда түсіндіріліп, халық тұтынып отырған Шындықты олардың білмеуі, кешірімді жағдай болғанымен, білмейтін нәрсесін айтуы – ғалым атына сай емес. Сондықтан олар Алланың іліміне шек қояды. Білсе де атеистік ұстаныммен халықтық емшіліктен елді қашырмақ. Олардың бұл әрекеттері – ол екеуінің халыққа білім мөлшерінің деңгейін, іздену қарымының қуатын көрсетті. Сол сияқты, бүгінгі заманда, дін саласында да қаншалықты оқығанмен, халық тәжірибеде көріп, куә болып отырған Шындыққа қарсы келу бар («Бақара» с. 159-а). Бұл да – дін мен діндарлардың құрметін төмендетуде. О баста, мемлекет пен діннің бөлінуіне де діндарлардың сауатсыздығы мен мәдениетінің төмендігі, жаңашылдыққа қарсылығы басты себепші болған еді. Сол ХУ ғасырдан бері Исламда қайталануда. Бүгінгі заман басқа. Көптеген ақылды ғалымдар, Құранның ғылымның Жол басшысы екенін мойындап отыр. Сондықтан Иманға жығылған әрбір Құл, Құранның қазақша мағынасын жатқа біліп, өмірде көріп жүргені мен оқығанын салыстырып, Иләһи Шындықтарды тауып, өзінің

Иманын кемелдендіруге міндетті. Сонда ол шын мәніндегі Мұсылман болады.

Қырағатын түзеп, 40 сүре мен 100 хадис жаттап, мен болдым, толдым деген пақыр жаңылады. Нағыз Мұсылман – ілім-білімі кемел, өз Кәлимасына адал Мұсылман.

Бұдан жинақталатын түйін, сөз басында айтылғандай, «... діндар болуы шарт емес» емес, керісінше, дін мәдениетінсіз, дін ілімінсіз ештеңе болмайды – барлық адам діндар болуы керек.

Ашығырақ айтайық. Кезкелген пенде, түбінде баратын жері Алланың алды екенін саналы түрде түсініп, Құдайдан шынымен қорқып, шынайы Мұсылман болып, таза тіршілік етуішарт. Егер ол Құранды білмесе – діндар болмаса, мына бүлік пен бәле-жалаға толы дүниеде, Алла алдына ұялмай баратындай таза Иманды бола алмайды. Сондықтан әрбір Мұсылман журналистер сияқты барлық ғылымнан хабардар болып, Құран Аяттарын, Исламның мәдениетін дұрыс насихаттау мен өздері әдемі үлгі көрсетуі керек. Сонда ғана әрқандай қоғам, ұрпақтарына жақсы үлгі-өнеге қалдырып, Алланың құзырында, биік мәртебелер мен сауаптарға ие болады. Мұндай қуатты Имандылық Еліміздің Мәңгіліктігіне кепіл болып қалады.

Құранның «Бақара» сүресінің 159-аятында: **«Негізінен Біз ап-ашық үкімдерді әрі Тура Жолды Кітапта адамдарға баян еткеннен кейін (оларды) жасырғандарды Алла лағнет етеді әрі барлық лағнет етушілер лағнет етеді»**,-деген, біз осы үкімнен қорқып, Алланың үкімдерін, Тура Жолын жасырмай насихаттап жаздық. Келесі – 161-аятта: **«...қарсы келгендер мен қарсы келген күйде өлгендерге Алланың лағнеті әрі Періштелердің және біртұтас адамдардың лағнеті болады»**,-дейді. Байқаңыздар! Қарсы келу – өз аяғыңызбен Алланың қаһарын іздеп барып ұрылу деген сөз. Біз қарсы келмедік, Құранды жүрегімізбен беріліп оқыдық, үкімдеріне иілдік. Аяттарды – Шындықты **жасырмай** Сіздерге айттық. Сіз де отбасыңызға, туыс-ағайын, дос-жарандарыңызға, айналаңызға **жасырмай** айтыңыз. Сауапқа кенелесіз.

Осыекі Аяттың ортасындағы 160-аятта: **«(Бұрын білмей не аса мән бермей келіп, бүгін түсіне сала) тәубе еткендер, жағдайын**

түзелткендер (*атеистіктен, гайридіндегілерге еліктеуден қайтып, Имандылыққа келгендер – өз түсінігі мен мәдениетін түзегендер...*) және **Шындықты баян еткендер басқа. Мен солардың тәубесін Қабыл Етушімін, ерекше Мейірімдімін**», - деп Сізге үлкен мүмкіндік беріп отырғанын да ескерткен. Құран айтқан Жолға түсіңіз де ең болмаса, осы тақырыптағы Аяттарды – Шындықты жақсыларғанасихаттаңыз. Алла «Әнфал» сүресінің 29-аятында Өзі хабарлағандай, осы күнге дейінгі күнәларыңызды жойып, сыйлықтар жазады.

Қорыта келе айтпағымыз, еліміздің амандығы мен балаларымыздың, жалпы ұрпағымыздың бақытының кепілі – Алла берген Тәуелсіздігімізді сақтау үшін ауызбіршілікті болайық, Иманды болайық – Аяттармен және Аяттармен мағыналас сахих хадистермен жасайық. Президенттің айналасына топталайық, көпшілікке қосылайық, үй ішінен үй тігіп астамсымайық («Бақара» с. 111; 113-а) (5). **Құранға және бұл ұсыныстарға қарсы келгендерді Алланың, Періштелердің және бүкіл әулие бабаларымыз бен әруақтардың және пәк сәбилер мен бейбітшілікті сүйетін күллі қазақстандықтардың қарғысы атсын!**

Біздің ұлтымызды жүзге, ақсүйек пен қараға бөлетіндерді және бір ту астындағы көп ұлтты қазақстандықтардың арасына іріткі салып, бірінен бірін алалап кемсітетіндерге «Бақара» сүресінің 89-аяты (6) және Дәуіт пен Исалардың (ғ.с.) атынан («Мәида» с. 78-а) (7) және тыныштықтың тілектесі болған күллі қазақстандықтардың атынан қарғыс айтамыз!

Әумин! Әлхамдулиллаһи Робил ыаламин!

*Субханалла Тағала Мұхаммедке (с.ғ.с.): «Олар Иман келтірмеді, деп өзінді жоя жаздайсың» («Шұғара» с. 3-а), «Оларды Тура Жолға салу саған міндет емес. Бірақ, Алла кімді қаласа, Тура Жолға салады...» («Бақара» с. 272-а) «Сен бір ескертуші ғанасың». «Сөз жоқ. Сені Шындықпен қуантушы, қорқытушы етіп жібердік. Негізінде бір ескертушісі болмаған бір үмбет жоқ» («Фатыр» с. 23-24-а). «Ал енді насихат ет. Негізінен сен бір насихатшысың», («Ғашия» с. 21-а)-деп,

келесі Аятта: **«Сен оларды зорлаушы емессің»**,-деген. (Сен оларға:) **«Әй, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан Хақ дін – Шындық келді. Енді кім Тура Жолға түссе, өзі үшін Тура Жолда болады. Ал, енді біреу адасса, өз зиянына ғана адасады. Мен сендерге кепіл емеспін»...**(«Жүніс» с. 108-а. және) **«... әркім өзінің жөн көргенін істейді. Сонда да Раббың кімнің Тура Жолда екенін жақсы біледі»**-де («Ісра» с. 84-а).

(Мұхаммед с.ғ.с) **«Сен қанша ынтызар болсаң да – тырыссаң да адамдардың көбі Иман келтірмейді»** («Жүсіп» с. 103-а. (және де) **«Сен жақсы көргеніңді Тура Жолға сала алмайсың. Алла кімді қаласа Тура Жолға салады. Ол Тура Жол табатындарды жақсы біледі»** («Қасас» с. 56-а). (Сондықтан Сен оларға:) **«Мен шын мәнінде сендерге ашық ескертушімін»**-де («Хыжыр» с. 89-а),-деген. Сол айтпақшы, біз де ешкімді жиып-тия алмаймыз, зорлауға да хақымыз жоқ. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті болғандығымыз үшін сүндетті орындау мақсатында насихаттадық, ескерттік.

Құранды толық түсінген дана халық: **«Сақтықта қорлық жоқ»**,-деген. Алла ешкімнің құлшылығына да, түзелгеніне де мұқтаж емес. Кім Оның айтқанымен жүрсе, рахатын өзі көреді; қарсы келсе, азабын, тақсыретін өзі тартады.

Абай болыңыз! Алла ізгілер мен сақтанушыларды жақсы көреді. Барлық мақтау әлемдерді мінсіз жаратқан, бізді Өзінің Халфасы етіп жаратқан, бізге Бейішке баратын Тура Жолды көрсеткен, ризық-несібемізді жеткеріп беріп отырған, тыныш заман мен Құран Аяттарын оқып түсінуге мүмкіндік берген жалғыз Аллаға ғана лайық!

Әлхамду Лиллаһи Роббил ʿаламиин!

1. «Бақара» сүресінің 9-аяты: **«Олар өздерінше Алланы және Иман келтіргендерді алдайды. Бірақ, олар өздерін ғана алдағандарын сезбейді»**.

2. «Хадид» сүресінің 23-аяты: **«Бұл өткенге өкінбеулерің, өздеріңе берілгенге сүйінбеулерің үшін. Алла бүкіл тәкаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді»**.

3. «Кеһф» сүресінің 28-аяты: **«(Мұхаммед с.ғ.с.) таңертең, кешке Раббыларына, Оның дидарын іздеп, жалбарынғандармен**

бірге өзін де сабыр ет. **Дүние тіршілігінің сәнін қалап көзінді басқаға аударма.** Сондай-ақ, Біз, жүрегін Бізді еске алу-дан кәперсіздендірген, әуесіне ерген және ісі шектен асқан біреулерге бағынба». («Хыжыр» с. 88; «Таһа» с. 131-а).

4. «Бақара» сүресінің 228-аяты: «Талақ болған әйелдер, үш етеккір мерзімі күтеді. Оларға жатырларындағы Алланың жаратқанын жасырулары дұрыс емес. Егер олар Аллаға, Ақырет күніне сенетін болса, бұл жерде егер жарасуды қаласа, әйелдерін қайта алуға өз ерлері лайығырақ. Ерлердің әйелдердегі хақтары сияқты, әйелдердің де ерлерде белгілі хақтары бар. **Әйелдерден гөрі ерлердің дәрежесі артық.** Алла (Т.) – өте Үстем, Хикмет Иесі».

«Ниса» сүресінің 34-аяты: **Еркектер; әйелдерді билеуші.** Өйткені, Алла, бірін-бірінен артық қылды. Сондай-ақ олар; малдарынан да пайдаландырады. (Әйелдерге мәһер, нафақа береді.) Ал, енді жақсы әйелдер; бой ұсынушылар, Алла қоруға бұйырған көмескі нәрселерді (абыройын) қорғаушылар. Ал, сондай-ақ, әйелдердің бас тартуларынан сезіктенсеңдер, сонда оларды насихаттандар және оларды төсектерінде тастап қойындар.

(Одан болмаса) **оларды сабаңдар.** Ал, егер олар сендерге бой ұсынса, онда олардың зиянына бір жол іздемендер. Расында, Алла – өте Жоғары, тым Ірі.

«Нұр» сүресінің 31-аяты: «Момын әйелдерге де айт: «(Бөгде ерлерден) көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Сондай-ақ зейнеттерін көрсетпесін. Бірақ, олардың өзіндігінен көрінгендері басқа. Және бүркеншіктерін омырауларына түсірсін. Зейнеттерін керсетпесін. Бірақ: Ерлеріне, әкелеріне, қайын аталарына, өз ұлдарына, өгей ұлдарына, аға-бауырларына, олардың ұлдарына, апа-сіңлілерінің ұлдарына, Мұсылман әйелдерге, қолдарындағы күндеріне, әйел керек қылмайтын қызметшілерге немесе әйелдердің ұятты жерлерін білмейтін балаларға көрсетулеріне болады. Және де көмескі зейнеттерін басқаларға **білдіру үшін аяқтарын ұрып жүрмесін.** Әй, Момындар! Түгел Аллаға тәубе қылындар! Әрине құтыларсындар.

«Ахзаб» сүресінің 32-33-аяттары: «Әй, Пайғамбардың әйелдері! Сендер әйелдерден әлде біреу сияқты емессіндер.

Егер Тақуалық қылсаңдар қылымсып сөйлемендер. Онда жүрегінде дерті бар әлде кім дәмеленеді. Әдеттегі сөзді сөйлеңдер». «Үйлерінде отырыңдар. Кәдімге надандық дәуіріндегіше ашылмаңдар. Сондай-ақ, намазды орындап, зекет беріп, Аллаға, Пайғамбарына бағыныңдар».

«Әй, Пайғамбардың үй іші! Шын мәнінде Алла сендерден арамдықты аулақ қылып, өздеріңді тап-таза қылуды қалайды».

5. «Бақара» сүресінің 111-113-аяттары: «Олар: «Жұмаққа Яһуди немесе Христиан ғана кіреді» деді. **Бұл олардың өз ойлары ғана.** (Мұхаммед с.ғ.с.) : «Егер сөздерің шын болса, дәлел келтіріндер»-де». **«Олай емес, кім жүзін Аллаға жөнелтіп, өзі жақсылық істейтін болса, сонда оған Раббынның қасында сыйлық бар, оларға қорқыныш жоқ әрі олар Қайғырмайды».** «Кітапты оқи отырып, Яһудилер: «Христиандар еш нәрсе емес» деді. Христиандар да: «Яһудилер дәнене емес»-деді. Сондай-ақ, білмегендер де олардың айтқанындай айтты. Олардың таласқандарына Алла Тағала Қиямет күні билік айтады.

6. «Бақара» сүресінің 89-аяты: Олардың қолындағы Тәуратты растаушы Құран келген шақта, олар бұрын (Ақыр заман Пайғамбары арқылы кәпірлерге) үстемдік тілеген бола тұра, өздерінің Тәуратта танығаны (Мұхаммед с.ғ.с.) келген заманда, қарсы шықты. **Қарсы болушыларға Алланың лағынеті болсын.**

7. «Мәида» сүресінің 78-аяты: «Сондай Израил ұрпақтарынан **қарсы болғандарға Дәуіт пен Мәриямұлы Исаның (ғ.с.) тілі арқылы лағнет етілген. Ол қарсы келулері, шектен шығулары салдарынан».**

Құран мен «Сахих әл-Бұхариден» және төмендегі әдебиеттерден пайдаландым:

1. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. «Әділеттің ақ жолы», БАҚ-та жарық көрген естеліктер.
2. Әбсаттар қажы Дербісәлі «Ислам және заман», «Ұлық имам-имам ағзам Әбу Ханифа».
3. Қожа Ахмет Яссауи. «Қырық хикмет». 1991 ж.
4. Шейх Мухаммад Садық Мухаммад Юсуф «Хадис уә хаят» 1; 8-бөлімдері.
5. Қайрат Жолдыбай «Имани гүл», «Дін мен діл» 1-кітап.
6. Мұхитдин Исаұлы, Қайрат Жолдыбай «Ислам ғылымхалы»
7. Мұхитдин Исаұлы «Мәңгі мұғжиза»,
8. Ата әс-Сынбати, Мұхитдин Исаұлы «Отбасы ғылымхалы».
9. Ершат Оңғаров «Қазақ мәдениеті және Ислам құндылықтары».
10. Алау Әділбаев, Шәмшат Әділбаева «Әбу Ханифа және Ханафи мәһабы».
11. Шәмшат Әділбаева «Хадис-ғұрпымыз, сүннет-салтымыз».
12. Алау Әділбаев «Саңлақ сахабалар», «Кемелдік кілті».
13. Имам ибн Касирдің «Пайғамбарлар қиссасы». (А. Қадыров, Ж. Жакипов, Қ. Қыдыралыұлдары құрастырған).
14. Махмұтұлы Нәжіметдін «Хақ дін – Ислам діні».
15. Смайыл Сейтбеков «Иман негіздері».
16. Құдайберді Бағашар «Тағлым таразысы», «Тағлым тамшылары», «Ислам және өнеге», «Исламдағы тазалық».
17. Нұртай Ерназар «Ұлы тұлғалар Ислам жөнінде».
18. Амантай Рзашұлы «Сыр елінің сырлары».
19. Мұхаммед Юсуф Кандахлауи «Сахабалар салған сара жол».
20. «Егемен Қазақстан» газеті мен «Иман», «Мұсылман» жорналдары, «Ислам және өркениет», «Мұнара» газеттері.

Нарбай Тағайұлы Қожахмет немересі, Қарағанды облысы Саран қаласы Горняк ықшам ауданы 84-үй 3-пәтер.

Көкүн: 8-777-649-39-26.

Нарбай Тағайұлы Қожахмет немересі

**ИСЛАМДАҒЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
НЕМЕСЕ ҚҰРАНДЫ КҮМӘНДАРДАН
АРАШАЛАУ**

Бірінші кітап

Редакторы *Нарбай Тағайұлы Қожахметов*
Корректор *Нарбай Тағайұлы Қожахметов*
Компьютерде беттеген *Анархан Чагимқұлова*

Басуға 14.06.2023 қол қойылды. Пішімі 60×90^{1/16}.
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 28.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №7452.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41

Бұл тапсырыстың мазмұнына баспахана жауап бермейді.

ISBN 978-601-211-630-4



9 786012 116304



Тастанов
Ерик Баймаханұлы



Болатбеков
Азамат Болатбекұлы

Ерик 1981 жылы 14 сәуірде Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қайрат ауылында дүниеге келген.

Әкесі Тастанұлы Баймахан 40 жыл орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген, құрметті ұстаз.

Анасы Бегалықызы Балакүл Ленин атындағы ұжымшарда картоп өсірумен шұғылданған.

Баймахан мен Балакүл он бала тәрбиелеп өсірген. Ерик солардың оныншысы.

Ол орта мектепті 1998 жылы бітіріп, Тараз мемлекеттік университетінің мұнай-газ факультетіне түсіп үздік бітіреді. Сөйтіп Атырау қаласында мамандығы бойынша жұмыс бастайды. Кейінгі кезде құрылыс және сауда бизнесімен айналысты.

Жол-тапқыр, жөнді білетін Жігіт алғашқы жиналған табысының есебінен өзінің туған ауылы – Қайратқа барлық жағдайы жаратылған тамаша мешіт салып берді. Бұдан да басқа көп қайырымдар істеді. Мұны бағалаған халқы оған «Жуалы ауданының құрметті Азаматы» атағын берді.

Ерик жанұялы. Жұбайы Жадырамен бірге төрт ұл, бір қыз өсіріп отыр.

Азамат 1985 жылы 15 наурызда, Жамбыл облысының Байзақ ауданы Сарыкемер ауылында дүниеге келген.

2002 жылы онжылдық мектепті бітіріп, Тараз мемлекеттік университетінің ауылшаруашылық бөлімі стандарттау және сертификаттау саласын бітіреді. Сол жылы бизнеспен айналысты, арада заң саласын оқып бітірді.

2021–23 жылдары Байзақ аудандық мәслихатының депутаты болды.

«Байзақ ауданына еңбегі сіңген» деген медальмен марапатталды. Жанұялы. Екі қыз, екі ұл тәрбиелеп отыр.

Бұл Азаматтарға үлкен рахмет, бізге жасаған қайырын Алла сауапқажазсын!